

1 2010  
27361к


АЛДАН СМАЙЫЛ



# АСТАНА ҒАСЫРЛАРЫ







А 2010/2736.1к

Алдан СМАЙЫЛ

# АСТАНА ҒАСЫРЛАРЫ

*Педагогика*  
ПРЕСС

Астана

2010



- Ғұн тілінде «Ақ» – Батыс, «Мола» - Қамал ұғымын білдіреді. Ақмола – «Батыстағы қамал» деген атпен ұлы даланың даңқты ұландары – ғұндар салған қала.
- Ақмола өңірі туралы алғашқы жазба деректі 1253-1255 жылдары француз королі Людовик ІХ-ыншының тапсырмасымен осы өлкеде болған Фламанд саяхатшысы Рубрук Виилем қалдырған.
- Қала маңындағы Бытығай шаһары 1375 жылы Италияда шығарылған «Каталон картасына» түсірілді.
- Қытай ғалымы Ма Юн: «Ескі Жібек жолы Алтай тауының шығысын өрлей келіп Альпі тауына қарай жөнкілген. Сол ұзақ жолда жүргінші Ақжолға (Бозоқ) сәл-пәл тыныстайтын» - деп жазады.
- Ақмола аймағының алғашқы билеушілері мен сұлтандары - Әз Тәукеден тараған Сәмек, Есім, Құдайменде, Қоңырқұлжа.
- 1832 жылғы 22 тамызда Ақмола бекінісі салынып бітті, сол күні ресми түрде округ болып жарияланды.
- 1838 жылғы 25 мамырда Кенесары бекіністі талқандады.
- 1862 жылғы 7 тамызда Ақмолаға қала дәрежесі берілді.
- 1909 жылы Ақмола уезі құрылды.
- 1997 жылы 10 желтоқсанда Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы болып жарияланды.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7  
С52

*Қазақстан Республикасы*  
*Байланыс және ақпарат министрлігі*  
*Ақпарат және мұрағат комитеті*  
*«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»*  
*бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Смайыл Алдан.**

**С 52 «АСТАНА ҒАСЫРЛАРЫ».** Тарихи танымдық әдебиет. – Астана, «Педагогика-Пресс Баспа үйі», 2010. – 416 бет. Қазақ тілінде.


**ISBN 978-601-7208-31-8**

«Астана ғасырлары» еңбегі – жазушы, публицист, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Алдан Смайылдың ежелгі Ақмола-Қараөткел өңірінің тарихын ұзақ уақыт зерттеудің нәтижесінде жазылған тарихи деректемелік туынды. Шығармада осы аймақтың және өңірдің саяси-әлеуметтік орталығы болған қаланың бірнеше ғасырғы тарихы нақты мұрағаттық деректермен баяндалады. Кітапта Батыс Еуропа, Араб-Иран, Қытай және Ресей тарихшылары мен саяхатшыларының мәліметтері кеңінен пайдаланылған.

Еңбектің ерекшелігі ретінде аталған өңірде билік құрған тарихи тұлғалар туралы мол мағлұматтар берілгендігін айтуға болады. Өз Тәуке және оның хан тағына отырған ұрпақтары, Құдайменде, Қоңырқұлжа, Ыбырай Жайықпаев секілді аға сұлтандар жайлы тартымды әңгімеленеді.

XIX ғасырдағы патшалық Ресейдің өңірде жүргізген отарлау саясатына байланысты болған саяси-әлеуметтік өзгерістер, кеңес Одағының алғашқы жылдарындағы дүмпулер шынайы суреттеліп, қаланың Астана атанған кезеңі қамтылады. Еңбекте Ақмола – Қараөткел аймағының байырғы елі туралы да тарихи деректерге кең орын берілген.

Шығарма публицистикалық бейнелі тілде жазылып, қалың оқырманға арналған.



УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7

**ISBN 978-601-7208-31-8**

© **Смайыл Алдан, 2010**  
© «Педагогика-Пресс Баспа үйі», 2010

## **АЛҒЫ СӨЗ**

### **немесе Астана ғасырларының бүгінгі тәлімі**

Астана ғасырларына әуелі бүгінгі күннің көзімен қарағымыз келді. Алыс тарих – шежіре, шежіре соңы – ұлағат. Көне Қараөткел, Ақмола ғұмырбаянының ақиқатын Арқадағы ардақты Астана баян етсе дегенбіз. Сол ақиқаттың сыры тым терең-ді. Қария қала, бағзы шаһарды төсіне қондырған ұлы дала сөйлеп бір кетсе, ұзақ та ұзақ жылдардың баянын ағыл да тегіл ақтарар еді.

Еркін де айбынды астана жайлы армандаған, сол жүрекжарды арманына жете алмай кеткен елдер қанша дер еді.

Астаналарға замандар да, заманына жарасқан тұлғалар да ғұмыр бергенін айтар еді.

Астана тәлімі – елінен, елінің тәлімі – ерінен екенін сездіруге асығар еді.

Ғасырлар құпиясына қанғың келсе, Астананың бүгінгі тағылымынан сусында дер еді.

Ұлы дала ұлағатымен тарихқа ұзақ сапарды Елорда баянынан бастадық.

## 1. ЕЛБАСЫНЫҢ ТАРИХИ ЕРЛІГІ

Тарих! Заман! Қоғам! Халық! Төрт құдірет! Адамзатқа, оның бүгіні мен ертеңіне үкім айтуға бәрінің де құзыры жетеді. Тарих-төреші, заман-сыншы, қоғам-мінші, халық-таразы. Тамыры тереңге кететін шешімін осы төртеуінен сауып алған ел адаспақ емес. Жадында өткен дәуірлер жаңғырығып, көкірегінде уақыттың тәлімі күмбірлеген ұрпақтың темірқазық бағытын табатыны да анық.

Қазақстан, оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев жаңа мыңжылдықтың табалдырығында өткеннің есесі, бүгіннің есендігі үшін қазіргінің де, таяу және алыс келешектің де тағдыры тебіреніп, түн ұйқысын төрт бөлгені әмбеге аян. Ғаламның жағасынан алған азуы алты қарыс державаның шаңырағы ортасына түсіп, мәңгілік делінген идеялардың астан-кестені шыққанда, қоғамдық сананың безбенінде үміттер мен күдіктер кезек теңселді. Дәл осы тұста, қазақ есімді қарабайыр халыққа сын сағаты туғанда – ұлттық даналық пен қаһармандықтың асқақ рухы сол халықтың тағдырына жауапты азаматының ерік-жігерінде қайта жаңғырықты.

Елбасының сол кездегі ой-тұжырымдарына үңілсеңіз, ата жұрты үшін қабырғасы қайысқан, туған жері үшін жанын шүберекке түйген ұлдың жүрек лүпіліне тебіренесіз.

*Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды,*

*тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат – қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.*

Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі ұлттың баласының басын қосып басшылығына жүру тұрмақ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жаныңды тербейтін бақыт емес пе?!

Артымда асқар Алатаудай, алып Арқадай, айдынды Атыраудай айналайын Алашым тұрғанда.... қандай қиындықтан қайтармын.

Қазақстанның бүгінгі төрткүл дүниені өзіне қаратқан жеңістерінің негізінде ел Президентінің туған топырағына қылаусыз арналған осынау перзенттік махаббаты жатқандығы күн мен айдай ақиқат. Өтпелі жылдардың қатпарлы қиындықтары мен азаматтар санасындағы толқуларды сарапқа салар болсаңыз, халықтың тағдырына жауапты тұлғаның қайратына-қайрат, жігеріне – жігер қосқан да сол сүйіспеншілік екендігіне көз жеткізе түсесіз.

Жаратылыстың тылсымы көп, адамның өзгелер түгілі өзін өзі түсінуі қиынның қиыны. Қазанат көңіл қанатты ойларға кез келгенде бауырын жазбай жатып барлығады. Бүгінді-ертеңге, ертеңді-болашаққа адастырмай, жақсылықта жалғастыратын терең пайымдар көптің көкейіне қонғанша уақыт та, төзім де керек. Мезгілінен жылдар бойы озық кеткен кең тынысты, заманалық идеялар өзіне күрес үстінде жол ашады. Президенттің астананы Алматыдан Ақмолаға көшіру жөніндегі ұсынысы нақ осындай халді басынан кешірді.

Елбасының бұл идеяны алғаш рет көпшілікке Жоғарғы Кеңестің 1994 жылғы 6-шы шілдеде өткен танертеңгілік пленарлық мәжілісінде жариялағаны белгілі. Сол жылы түрлі басылымдарда тар шеңбердегі, жергілікті мүдделерді күйттеген пікірлер шыға бастады. Бірі астананы ауысты-

ру елді экономикалық тұралату деп даурықты, екіншілері оның астарынан республика басшылығының сол кездегі әлеуметтік-шаруашылық қиындықтардан халықтың назарын аударып әкету амалын іздеп әуреленді. Қайсыбір саяси топтар ашық қарсылыққа көшіп, жекелеген ұлт өкілдерінің этникалық жөнсіз талаптарын ұлардай шулатты. Кереге-уығы шашылып қалған одақтың қайта тірілетіндігінен үміттілер Ақмоланың бас қала болуы сол үміттің отын біржола өшіреді деп үрейленді. Әсіре ұлтшылдардың шаһарды астана көшіп келмей тұрғанда славян тектестердің ордасы етіп үлгерейік деген айғайын да естідік. Осы ниеттегі тағы бір шоғыр қаланы тың игерушілердің меншігі деп жариялап, оның тағдырын солар шешеді деп ұрандады.

Ақмоланың байырғы тұрғыны ретінде мен осы көп шуылдың бәріне куәмін. Сол тұста шаһар тұрғындарының 17 пайызын ғана құрайтын ағайынның өтпелі кезеңде қалжырай бастаған қаланың қоңыртөбел кейпіне қарап күрсініп қоятыны да есімде. Олар архитектуралық жағынан жүдеу облыс орталығын астанаға айналдыру үшін көп тер төгу керек екенін ойлап, Президент алған бетінен қайтып қалмас па екен деп әредік күдіктенуші еді.

Зерделі ел астананы Алматыдан Арқаға көшірудің мақсат-мұратын Президент түгелдей жайып салмаса да сезді, сондықтан да кейбір қазақ зиялыларының бұл идеяға қарсы пікірлері қатты қынжылтатын. Қашанда тас түскен жеріне ауыр, ұлттық мүдделердің ауыздықталуынан тоқсаныншы жылдарға дейін арыла алмаған жұрт өз төлінің қайсыбірі халықтың рухына араша болатын қадамды қателік деп жатса, қалай қажымасын. Ал мұндай қаракеттер төл ойының тарихи ұтқырлығы мен өміршеңдігіне түбегейлі көз жеткізген жанды сілкіндірмей тұра алмас еді. Президент 1994 жылы 2-ші қыркүйекте «Егемен Қазақстан» газетіне берген сұхбатында астананы елдің орталығына көшіру «салмақты саяси маңызы зор, бүкіл қазақ халқы мен күллі Қазақстанның түпкілікті

мүддесін қорғай отырып, асықпай атқарылатын келелі мәселе» дей келіп, ширығып сала бергенді. «Кейбір тұмсығының астынан әрідегіні көрмей, байбалам салуға асығатын саясатшыларға, мұны келесі ғасырға қалдыру керек деп теріс пікір таратушыларға, ел қамынан гөрі қоғамдағы «өз мені» мен келесі болатын сайлаудың жай-күйінен әрі аспайтындарға халықтың өзі тойтарыс береді деп ойлаймын».

Халық өзінің Президентін, оның алдағы таяу болашақты ғана емес, ғасырларды ойлаған кемеңгерлігін құптады. Тегінде халықтың төл атауы – даналық. Даналықтың синонимі – халықтың көрегендігі дарыған тұлға. Екеуі де мәңгілік тарихтың еншісіне айналатын кие. Осы қос қасиет тоғысқанда, заманалық жасампаздық қайнарланады, қиындық жігерді жаниды, қайшылықтар қайрап салады. Бұған кеше мен бүгіннен дәйек көп. Қазақ ғұмырнамасы, шүкір, елді ел еткен, етек-жеңін кең еткен дәуірлік кемеңгерлерге кенде емес. Сар даланы Ұлы Далаға айналдырған Мөде, «Төбеннен тәңірі баспаса, астыңнан жер айырылмаса, Түркі халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды» – деп елжіреп өткен Күлтегін, Үш Жүздің басын қосып, бір тудың астында ажарландырған Әз Тәуке, айбынды Абылай... Осы ұлылар дәстүрінің көш-керуенін азаттық сапарында сағын сындырмай соза тартқан: «Жаратқан ием бізге бәрін қазақтың пейіліне сай етіп берген. Жер де берген, кен де берген, сол жерге, сол кенге ие бола алар ел де берген, сол елдің еңсесін түсірмейтін ер де берген. Тек тіл – көзден сақтасын, көп көрсетпесін» – деп тілеген, «Азаматтық жолы – азапты, тәуелсіздік жолы – тәуекел» – деп тастүлектей түйілген Нұрсұлтан...

Қазақ асылдарының қай-қайсысы да астаналық рухты ұлттық рухтың байрағы етіпті. Күлтегін үшін Өтүкен бүкіл түркі ұлысының темірқазығы еді. Қыпшақ билеушілері Сығанақты қасиет тұтты. Ақ Орда хандары Сауранның қақпасынан енерде аттан түсіп, тізе бүккен деседі. Хазрет – и – Түркістан деп дәріптелген әулие қала салтанатты астана-

дан рухани ордаға айналды. 1243 жылы ту көтерген Сарай-Беркенің даңқы өткенді құрметтей білетіндердің жүрегін әлі күнге жылытады. Бұлардың бәрі өз дәуірінің алтын шаңырағы болатын.

Өз Тәуке ордасын ел кіндігі деп Арқаға, Ақмоланың жанына, Есіл мен Нұра қос арнаны бұрып келіп, сыңғыр-сыңғыр тілдесетін тұсқа тігіпті. Содан бері төрт ғасыр өтіп, бесінші ғасыр көк дөненін көлденең тартып отыр. Осынау ғасырда Ұлы Даланың өз таңдауы өз қолында болған, көсегесі көгерген дәуірлері кезек алайын деген шығар, абыздар үні, асылдар қайраты жаңа ерік-жігермен қайта жаңғырықты.

*«XXI ғасырдың табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадыр-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас-жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қолжасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайық болайық»!*

Президент Арқадағы астананы ресми жариялаған бұл күн қазақ ғасырларының дәстүрлі ұлағатын, тарихы тар жолды тайғақ кешкен елдің арман-аңсауын төрткүл дүниеге осылай паш етті.

1997 жыл, 10 желтоқсан – Алты Алаш атанған ежелгі халықтың ғұмырнамасына ұлттық мақтанышпен жазылған еңселі күн.

Сол күні Қазақстан телеарнасында осы салтанатты оқиға туралы хабар жасадық. Телеоператорлар қаладан түсіріп әкелген бейне көріністер ажарлы еді. Бір-бірін құттықтаған елдің жүзінен қуаныш нұры есетін. Орталық алаңдағы сол шат-

шадыман көпке көз салған қарияның жанарында мөлтілдеген жас. Талайды көрген, ұлттық ар-намысы көкірегінде талай қыз-қыз қайнаған, үміті мен күдігі сан жылдар итжығысқан қарт атажұртының өз қолы аузына жеткенін көруге жазған Хаққа, туған елінің көсегесін көгерте алған ұлға елжіреп тұрып егілген шығар.

Әлем мемлекеттерінің тарихына үңілсек, астаналар идеясы мен ұлттық идеяның бітеқайнасып жатқанын көреміз. Ататүріктің тұғырлы екі идеясы болғаны белгілі, олар – бүкілхалықтық бірлік және халықты жетілдіру. Бұрынғы империялықкүдіреттен айырылып, рухани және экономикалық тоқырауға ұшыраған, өркениеттің жалғыз діңгегі дін ғана болып қалған, елді анархиялық дәрекілік жайлай бастаған кезеңде осы екі мұратты жүзеге асыру ауадай қажет еді. Ататүрік оларды астананы Анкараға көшіру идеясының өзегіне айналдыра білді, жаңа орталық ұлттық өрлеу мен бірлік ұранын асқақтатты, кіндік шаһар түрік жасампаздығының символы ретінде насихатталды. Қазақстанда да астаналар ауысуы дәл осындай бүкілхалықтық жаңғыру мен ұлттық серпіліс үшін жүзеге асырылды. Алыс-жақын елдердің бәріне бас шайқатқан бұл жойқын қадамның мәнін Президенттің шым-шымдап ашуының басты себебі сонда еді, ол ұлттық стратегиялық идеяның түп қазығы болатын.

*«Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар, – деген еді Елбасы осы байлам алғаш жария етілгеннен кейін төрт жыл өткен соң республиканың шығармашылық, ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде. -Мыңдаған жылдар бойы ата-бабаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.*

*Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай».*

Иә, тарих, қазақтың үмітке толы, жанарында жақсылық боталатқан жаңа жайсаң тарихы елдің тұңғыш Президентіне дәуірлік талаптар қойып, шұғыл шеш деген, көсемдік те күткен, көрегендік те күткен. Сол талаптың бірін, бірі болса да бірегейін Елбасы осылай орындады. Орындап тұрып: *«Ұлттың беделін қалпына келтірдік. Қазақ баласы жердің негізгі иесі, сайын даладағы ұлы тарихтың мұрагері екенін, осы елдегі жақсыға да, жаманға да жауапкер екенін толық сезінетін болды. Біз ұлттық рухты қастер тұтатын халықтық қалпымызға оралдық»* – деп мәлімдеді.

\* \* \*

Ақсақ Темірден қалған бір сөз бар: «Ақиқатында біздің жайымыз ісімізден танылады. Сендер біздің құдіретімізге күдіктенсеңдер, зәулім ғимараттарымызға қарандар».

Өлемді ашса-алақанында, жұмса-жұдырығында ұстамақ болған әмір шаһарлар салтанатын ұлылықтың нышаны депті. Ол тұс Ұлы Далада қалалар көктемгі жауқазындай құлпырған кез еді. Испиджаб, Фараб, Тараз, Аскент, Арал, Сауран, Баба-Ата, Көкмардан, Манкент, Тарбанд, Кедер, Қарнак, Қызқала, Аснас, Янги, Аспара болып өріле беретін, өне беретін. Шаһарлар сәулетін әмірлер анықтайтын, әрқайсы өз құдіретіне сай көсілуші еді. Аңызға сенсек, Ақсақ Темір түсінде көрген ертегі сарайлар мен ғажайып шаһарлардың кескінін ояна сала қағазға түсіріп отырады екен. Ахмед Яссауи мазарын тұрғызарда солай болмағанына кім кепіл?!

Астаналар сәулеті күндіз күлкіні, түнде ұйқыны ұмыттырған билеушілер Еуропа мен Азиядан мол табылады. Шумер патшасы Шульга тәуліктің әр сәтінде күн сәулесінің құбылуымен бірге түрлі реңде құлпыратын сарайлар

салудың жолын іздеумен өмірден өтіпті. Египет фараоны Эхнатон пирамидалардың архитектуралық ерекшеліктері бізді мәңгілік даңқа бөлейді деуді ұнатады екен. Көзі тірісінде салынған ғимараттардың бәрінде қолтанбасы қалыпты. Рим императоры Адриан сәулетшілерді жинап алып, білім жарыстырудан жалықпаса керек. «Қала келбеті – елдің сұлулықты қаншалықты бағалайтындығының белгісі» деген сөз осы билеушіге телінеді. Грек архитектурасы қызықтырғаны соншалық, Байронның сонда тұрып, сонда өлгісі келгеніне қарағанда, Адрианның сәулет өнеріне жақындығы зая кетпеген.

Осының бәрінен астаналар сәулетін мемлекеттер басшыларының талғамы айқындайды деген түйін түйе болады. Бұған, ең алдымен қазақ астанасының тұрғындары, біздер куәміз. Қалыптасып қалған, негізгі архитектуралық бағытын айқындаған, қазірдің өзінде эстетикалық талабы жоғары алыс-жақын меймандарға «бәрекелді» дегізе алған Елорда сәулетінің бас идеологы Нұрсұлтан Әбішұлы екендігіне де кепілміз.

Ғылыми-теориялық тұрғыдан келгенде, Астананың сәулет үлгісі өмірге жаңа стильді әкеліп отыр. Бұл – архитекторлардың Мәскеу қаласында 2002 жылы өткен халықаралық байқауында жасалған тұжырым. Еуропа-Азия сәулетшілері бас қосқан осы алқалы жиында Астана қаласының бас жобасы архитектура ілімінің оқулығына енетін жаңалық делінді.

Сонда бұл қандай тың шешім? Оның дем берушілері кімдер?

Жапонның әлемге әйгілі архитекторы Кисе Куракава 2001 жылы «Известия» газетіне берген қысқа сұхбатында қазақ астанасы сәулетінің философиялық идеясын республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың айқындағанын айтады.

Бұл идеяның мәні мынада: қала жан-жағына қисапсыз жайылатын мегаполиске айналмауы керек. Кезінде грек архитекторы Доксиадис болжаған, манайындағы шағын

шаһарларды жұтып алатын, кеңістікке еркін құлаш жаятын, ұдайы ұлғаю үстінде болатын экумегополистік сыйпаттан да аулақ тұруы қажет. Әлем астаналары мен өндірісті қалалары басынан кешіріп жатқан тұрғындар тығыздығының салқыны да еспегені жөн. Статистикалық деректерге қарасақ, бұл ХХІ ғасырда тізгінсіз кеткен құбылысқа айналып отыр. 1800 жылы жұмыр жерде халқының саны 100 мыңға жететін 50 қала болыпты. 1900 жылы жүздеген шаһар осындай деңгейге көтерілген. Ал 2000 жылы планета халқының 60 пайызы қалаларға шоғырланды. Қазіргі күнде Стамбул, Токио, Мехико секілді алыптар миллиондаған тұрғынға ауыз су тауып бере алмай, құжынаған көліктің түтініне қақалып, әр сүйем сайын үй салып алқынумен отыр. Олармен салыстырғанда киіктің құралайындай ғана Алматының өзі экологиялық киындықтарды әуірімдеп бастан кешіруде.

Президент идеясы осы қолайсыздықтарды айналып өтудің жолдарын тауып, қаланы архитектуралық өнердің құрылыс арқылы өмірге келетін жансыз нысаны емес, адаммен, қоршаған ортамен қас қағым сайын байланыста болатын тірі организм деп қарауды талап етті. Бұл қалалар тарихында бұрын-соңды болмаған күрделі міндет еді. Астананың бас жоспарына жарияланған халықаралық байқауға қатысқан әлемнің үздік қырық сәулетші тұйыққа тірелді. Римнің атакты архитекторы Витрувийдің үш қасиеті – беріктік, қолайлылық пен әдемілікке сүйенген бірқатар жобаға алғашқы беттен көңіл толмады. 1993 жылы сәулетшілердің халықаралық конгресінде қабылданған «Афина хартиясы» жариялаған негізгі шарттар: еңбек, тұрғын үй, демалыс және көлік мәселелері шешімін табатын жобалар лайықты бағасын алғанымен, экологиялық талапқа келгенде тоқырай берді. Жобалар авторлары Оскар Нимейер салған Бразилиа, Ле Корбюзье тұрғызған Чандигарх қалаларын көлденең тартумен тоқталды.

Сәулетшілер осылай сан тарау ағымдарды ұсынумен болды. XX ғасырдың ірі табысы деп есептелетін О. Перренің қаңқалық құрылымдарды, темір мен құйма тас, стандартқа бейілділік секілді тәсілдерін арқау еткен еңбектерге ілтифат білдірілді, бірақ оны тұтастай пайдалануға болмайтын еді. XXI ғасырда құрылыс материалдарының жаңа түрлері көбейетіні ескеріліп, қала жобасының уақыт барысында соларға сай өзгерісте болатындығы айтылды. Әлемдік сәулет өнері осылай талданып, талай ой-идея талғам таразысында бағын сынады. Америка білгірі Ф. Райттың органикалық архитектура атанған жаңалығына дейін назардан тыс қалған жоқ. Оның осы әдісімен салынған Пенсильваниядағы «Су үстіндегі үйі» мен Нью-Йорктегі «Гуггенхейм музейі» жаһан кереметі саналатын.

Президент идеясының шешімін тапқан Кисе Куракава болды. Ол қала құрылысын экологияландыру бағытын ұстана отырып, оған табиғи философиялық астар бере алды. Атақты сәулетшінің өз сөзімен айтсақ, шаһар мен табиғат тірі организмдер ретінде бірі екіншісіне үстемдік етпей, өзара үйлесімділікте болуы қарастырылды. Тіпті бірін бірі толықтыруына қол жеткізуі де ойда тұрды. Куракава «Өмір принципі» деген ат берген бұл жоба Елбасының көңілінен шықты, сөйтіп архитектура әлемінде XXI ғасыр жаңалығы болып табылған тың шешімнің ғұмыры басталды.

Сәулет өнерінен хабары бар адамның Астана келбетінен танытын өзгешелігі жалғыз бұл емес. Президент жаһан астаналарында болып жүріп байқаған, ой елегінен өткізіп, ұлттық талғаммен байытқан архитектуралық үлгілер зерделі көзге жиі түсер еді. Соның бірі «Думан» океанариумы болса, екіншісі – кондоминиум тұрғын кешендері.

Алғашқы осындай құрылыс Нью-Йорктегі Дакота ықшам ауданында XX ғасырдың бас кезінде салыныпты. Оны ә дегеннен-ақ іскерлер жайлап алған. Содан бері мұнда

«уақытты бағалайтындар бірге тұруы керек» деген қағида қалыптасқан.

Сонда қазіргі елдің талғамынан шыққан «кондоминиум» дегеніміз не?

Ол – ірі қалалардың архитектуралық және әлеуметтік-тұрмыстық мүмкіндіктерін молынан игерген сәулет өнерінің туындысы. Сыртай қарағанда, таңдап салынған зәулім отельдерге ұқсас. Күзеті, ресторандары мен бассейндері, спорт залдары, сервис қызметі түгелдей қарастырылған қазіргі заманғы әмбебап ғимарат.

Ресей астанасы – Мәскеудегі «Көгілдір желкен» кондоминиумында әр пәтердің 50 шаршы метр тұрғын емес кеңістігі бар. Оны еркін дем алуға жарата аласың. Ал пәтеріңнен шықсаң, аквабақ пен боулингтің қызығы күтіп тұрады. Ресторан мен спорт залының есігі де ашық. Қонақ келсе, кешеннің құрамындағы отель, автотұрақ, сауда галереясы, шағын кафелердің қызметі дайын.

Астана Президенттің ықпалымен қалалар тұрмысы мен сәулетінің осы жетістігін игеруге батыл кірісті, елорданың алғашқы кондоминиумы – «Солтүстік тәжі» шаңырақ көтерді. Енді, міне, көрген көзді таң қалдырып – «Триумф» тұрғын кешені бой түзеді.

Батыстағы әлеуметтік статистиканың зерттемейтіні жоқ. Іскерлер мен мемлекеттік қызметкерлердің арасында жүргізілген зерттеу олардың жеке коттеждерден гөрі кондоминиумдерді қалайтынын көрсеткен. Мұның себебі түсінікті. Ақпарат тасқыны таудан құлаған селдей ағындаған заманда уақыт тапшы. Мемлекеттік жұмыстың немесе бизнестің қат-қабатында басқа шаруаға – коммуналдық төлемдерге жүгіруге, банкке баруға, бір мезгіл спортпен шұғылдануға, баланы мектепке не бақшаға жетелеуге үлгеру қиынның қиыны. Ал кондоминиумда бұлар түгелдей иегіңнің астында.

Осының бәрі Батыс қалаларының мэриаттарына кондоминиум – жаңа мыңжылдықтың таңдауы дегізіп отыр. Астана болса, оны күннен күнге еркін игеруде.

Елорда жайлы, Президенттің қазақтың алтын шаңырағына сіңірген теңдессіз еңбегі жайлы әңгімені әрі қарай да ұзақ шерте алар едік. Халықтың даналығын, туған топырағының кемеңгерлігі мен көрегендігін, тарихи тұлғалардың қаһармандығы мен табандылығын бойына мол сіңірген дәуірлік қайраткер туралы, оның төл перзенті – Астана туралы бүгінгі толқын да, ертеңгі буын да сан толғанары хақ. Халық – Президент – Астана бір бірінен ажырағысыз егіз ұғымдар. Халықтың мәңгіліктігі қаншалық айқын болса, сол халықтың тәуелсіздігін баянды еткен асылы мен елдің еңсесін көтерген, әлемге олжа салдырған, ұлттық мақтанына айналған Астананың да тарих төрінен табылатыны соншалық аян.

\* \* \*

Әуежайдан түскен жолаушы қалаға бет алғанда кеңістікке тап болады. Шығысында Майбалыққа қарай созылатын, батысында атақты Бес шалқарға талпынатын ең жазық – атақты Сарыарқа осы екен-ау деп бір толғанып қалуға жарайды.

Осыдан соң жолаушы көңіл қазақтың шаңырақ қаласын көргенше асығады. Ғасырлар тоғысында жұлдызы жанған шаһар қарсы алдында қол бұлғап баурап бара жатады. Даңғыл жол ұшқыр көліктің бауырында жазылып, көсіліп сала береді. Кенет, ертегі келбеттеніп ұшар биігі күн сәулесінде жүз құбылған заңғар жанарында жадырайды. Даңқы алысқа кеткен «Астана – Бәйтерек» жақындаған сайын ажарланады. «XXI ғасырдың жаһандық аламанына ат қосқан жампоз елдің еңсесі биік, мерейі үстем болғай!» – дейді тебіреніп.

Президент қиялынан қанаттанған Бәйтерек – Рух ғарышқа талпынады.

Тегеуріні қатты заманға рухы асқақтар жарасады ғой.

## 2. ЕЛОРДАНЫҢ ДАМУ ФИЛОСОФИЯСЫ

Елордалар ғұмырнамасының аңсары адамзат тарихының философиясымен үндес. Аладамзат тарихы әлемге ол жасалған талай айбындылар мен қаһарлы да құдіретті империялардың астаналарды атақ-даңқ пен жаһанды жалпағынан басуды көздейтін жойқын идеялардың сесті ошағы етуге ұмтылған небір ғажайып қарекеттерге толы.

Сәулетші Стасикрат Александр Македонскийдің әмірімен Афон тауын заңғар мүсінге айналдырмақ болыпты. Оның қиялындағы мүсін сол қолының алақанына тұтас қаланы сыйғызуға, оң қолының алақанынан тау суы күркірей құлап, етектегі шалқар теңізді шулатып жатуға тиіс еді. Иерусалимді көркейткендер шаһардың даңқын асырудың камымен қаланың жанындағы тауда «Жер кіндігі бар» – деп жар салды. Каирге ғұмыр берген билеушілердің оны кастерлегені соншалық, жер бетінен қалаға лайық ат таба алмай сарсылды. Күнәһар пенделер мекендеген жалғанда кіршіксіз, тәңір дидарлы қасиет қалмаған секілденді, қиялмен шарқ ұрып көкті кезіп кетті, ақыр соңында «Марс» деп әспеттеп тынды. Каир (әл-Қаһира) – сол заманғы тілде осы аспан денесінің аты.

Қаланың алғашқы сәулетшілері күн сымбатты фараондар еді. Олар шаһардың тылсымында он сегіз мың ғаламның сыр-құпиясы өрілуін қалады. Осындағы ең зор пирамиданың биіктігін миллиардқа көбейтсең, Жер мен Күннің арақашықтығын білесің. Сол заңғардың параметрі арқылы жаһанда болған барлық соғыстар мен табиғат апаттарының жыл мерзімін анықтайсың. Төс табанының әр қырын екі еселенген биіктік өлшеміне бөлсең, атақты лудольф саны шығады.

Ал мына ғажайыпқа не дейсіз? Ең асқақ пирамиданы салуға жұмсалған тас плиталар Жерорта теңізін айналдыра ені бір метр, биіктігі екі жарым метр бөген тұрғызуға молынан

жетеді. Алты пирамиданың тас кесінділерінен ұзындығы 12 мың шақырым, ені 6 метр жол сала алар едің. Бұл кашықтық Вашингтон мен Мәскеудің арасы.

Аталған ғаламаттар – пирамидалар сәулетшілерінің сүбелісі Джосер Имхотеп фараондар пәрменімен мәңгіліктің мәңгілігі етпек болған алыптардың мыңдаған таңғажайыптарының кейбірі ғана.

Қалалар даңқы жайлы ежелгі дүние талғамы өзгергенімен, талай да талай аңсатқан еркіндікке кенелген ел жаңа астанасын таңдаған тұста ұлттық құдірет күші ғасырлар бойғы қысылтаяндардан соң да сарқылмағанын, тыңнан тынысы кең, сәулетті де дәулетті шаһар тұрғыза алатынын әлемге паш етуге құштарланды. Тағдырлы шақта толағай сынды ұланы оны соған қайрап салды.

Сарыарқаның төсіндегі қазақ астанасы философиясының түпкі аңсары да осы еді, жүздеген жылдар қалғыған халық қайнарының жанар тауын қайтадан дүр сілкіндірді. Елорда ұлтты тегінде бар буырқанған қайратымен тастүйін табыстырды, Алаш әлемін айбын кернеді.

Тарих даналығының тәлімі шексіз. Өткенді жатырмамай, алаламай шежірелеп келіп, жалғанның келмеске кеткен ғасырларынан керегінді ал деп ақыл-пайымыңа жайып тастайды.

Қалалар даңқын әміршілер даңқына балаған талай-талай билеушілер шаһарлар арқылы мәңгіліктен дәметті. Содан шығар, ежелгі Русьтің киелісі – Киев те ардақталу мен асқақтатудан кенде емес еді. «Планеталар үшін Күн қандай айбынды болса, жаһандағы жағалай қалалар үшін Киев сондай құдіретті» деген сенім осы шаһардағы шіркеулерде жиі оқытылатын дұғаға айналған. Спарта әміршілері қаланың беделін қас қақпай қадағалады. Сенат астана тұрғындарының шамадан тыс семіруіне тыйым салды. Ебедейсіздер мен етженділерге жұрт көзінше дүре соғылды. Көрікті де қайраттылар мадақталды. Император Константин кейін

Ыстамбұл атанған қаланың шексіз көрікті болуы үшін шыбын жанынан басқаның бәрін сарп етті. Тас қалаушылар мен сәулетшілерді салық атаулының бәрінен босатты. Шіркеулер мен салтанатты ғимараттарды ажарландыруға 60 тонна алтын жұмсалды.

Ғұламатарих, міне, осылай, ежелгі дүние қалаларына даңғаза даңқ сыйлаған елдердің шаңырақ қалаларды ұлттық рухтың киелі байрағы, халық құдіреттілігі мен жасампаздығының жойқындығы ретінде қарап, айбынын асыруға барын салғанын тамсана баяндайды. Астаналар адам баласының аңсауы мен күш-қуаты тең түскен талай алтын ғасыры болғандығының жарқын айғағы дейді. Елордалар адамзат жадында мәңгі қалған сол жауһар ғасырлардың алмас тұғыры еді дейді. Кіндік шаһарлар мемлекеттер қалыптасуы мен өрлеуінің түп қазық идеяларын шыңдаған алмас тұғырлар екенін тамсана айтады. Ұлыстардың ақыл-ой қуаты мен рухани талғам-танымын астаналар айқындайды деп қайырады.

Қазақ астанасы қайтадан таңдалған шақтың ел мен ел тізгінін ұстаған тұлғаға қандай салмақ салғанын таразыласақ, шаһарлар тарихынан өрілген арман-аңсаулардың Алты Алашқа киелі болған Сарыарқадағы байтақтың ақиқатында шымырлап жатқанын байқай алар едік.

Астана – халық пен халық сенген тұлғаның байламы қылаусыз тоғысқан тұста алынбайтын асу жоқ екендігінің айғағы.

Елорда – ұлыстар мен мемлекеттердің тағдырлы сәттерінде көне халықтың дәуірлерден дәуір оздырып жайнаған даналығы мен кемеңгерлігінің орайлы тұста қайта жаңғыра алатындығының жаһан мойындаған дәлелі.

\* \* \*

Астаналар ұлағаты түркі – қазақ ғұмырнамасында да Құс жолындай сайрап жатыр. Бесінші ғасырда Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ астанасы болған Суяб осы дала империя-

ларының айбыны да, айбаты да еді. VI-VII ғасырда Тараз ат тұяғы жеткен жердің бәріне даңқын асырды. Күлтегін тас ескерткіштерінде Тарбанд, жазба деректерде Испиджаб атымен белгілі Сайрам заманында бірінші қала атанып, айдарынан жел есті. Қыпшақ гаваны атанған Сығанақ көрген көзді сымбатымен сиқырлайтын. 1243 жылы бой көтерген Сарай-Берке бұлардың қай-қайсымен де сәулет жарыстыра алатын. Бәрі де өз дәуірінің тандауы еді, көшпенділер өркениетінің шырқау шыңындай асқақтайтын. Олар Ұлы Далада толағайланып тұрып, исі түркінің түгелдігін көкседі. Қарлық әулеті Суябтан соң Таласты (көне Тараз) билеген тұста Алтай мен Жетісудың арасында бытыраған өзара дұрдараз ұлыстардың басын қосуға талпынды. Ат үстінде арпалысып жүріп солай жасады да. Ел түбі бірлігіне басып жұмылып жұдырық болғанда, көкжалданып шыға келді.

Мен қарлұқпын, қарлұқпын,

Аспаннан келген жарлықпын! – деп атойлады. Солай бір дәуірлеп, қауымды уақытқа, уақытты қауымға икемдей алғанына айбаттанды.

Содан бері сан ғасыр сарсылды. Содан бергі астаналар ансары мен қалауын төл жұрт емес, «төре» жұрт таңдады. Ұлт төрден, ұлан өрден дәметпейтін дүрегей дәуір жоталанды.

Сондай да сондай кезеңнен соң кезек алған Астана тәлімі қандай еді?

Бүгінгі қазақ ордасы Алты Алаштың баласына ғасырлар бойы жоғалтқан ұлттық беделін қайтарып берді. Астана бізді осынау ұлы дәуренмен табыстырды. Сақтардан сабақтанған саңлақ ел, Ғұндардан құрақталған құбылалы ел, Көк Түріктен көркем өнген көрікті ел бар ғаламға: «Мен бармын!» – деп жар салды.

\* \* \*

Египет мұраларын зерттеушілердің бірі – француз Доминик Денон Менкаура пирамидасынан табылған жазбалардың тілін тауып, мына жолдарды оқиды:

«Пирамидалар тәлімін фараондар белгілейді, пирамидалар египеттіктерді тәрбиелейді».

Ықылым заманнан жеткен осы пайымнан қазақ Астанасының да мән-мазмұны танылады.

Орда қаланың тағылымын Елбасы анықтады, орда қала елді баталы игіліктерге жұмылдырды.

Астана тұғырлы кезеңде халықты – заманға, заманды халыққа бейімдеді.

Еуразияның кіндігі аласапыранданып жатқан, үміт пен күдік итжығысқан шытырман шақта елім деген тұлға нартәуекелмен осылай дәуір биігінен табылды.

\* \* \*

Астана ауысуы арқылы жүзеге асырылатын мұраттар осындай күрделі де шұғыл еді. Сол көп күрделінің бірі қазақ отанының геосаяси қауіпсіздігі болатын. Президент мұны 1998 жылғы наурызда республиканың шығармашылық, ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде жасаған баяндамасында қадап айтты.

«Мыңдаған жылдар бойы ата-бабамыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала Алматыда тыныш отыра алмас едік».

Мен осы қаланың байырғы тұрғыны және сол тұста Целиноград деген атпен белгілі шаһарда өтіп кеткен ғасырдың 90-шы жылдарында болған саяси ағымдардың куәсі ретінде Президент байламының астарында қандай салмақ жатқанын терең пайымдай аламын.

Кеңестер одағы күзгі кәрі теректің қураған жапырағындай ыдыраған тұста қала мен өңір теңіздей толқыды. Қазақ ұлтының тәуелсіздік алуы осыған дейінгі ұзақ ғасырлар ұлттық астамшылықта болған, төл жұртты этностық негізі

мен рухын аңсаудан кеткен, аты бар да заты жоқ, тегі бар да тегеуріні жоқ тұғырсыздар деп санаған қауымның шамына тиді. Саны жағынан басымдардың (сол тұста қазақтардың үлес салмағы қалада – 17, облыста – 22 пайыз ғана еді) дүмпуімен құрылған қоғамдық-саяси ұйымдар Ақмола топырағында ұлттық автономияға ие болуды ойлап жанталасты. Целиноград қаласын сол автономияның орталығы етуді көкседі. Осы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін аймақта және қалада референдум ұйымдастырудың қамына кірісті.

«Жау жағадан алғанда, бөрі етектен» дегеннің керімен сол дүрмекке Степногор қаласының «бетке ұстарлары» жапыр-жұпыр қосылды. Қалалық совет депутаттары арнайы шақырылған кеңесінде КСРО шеңберіндегі азаматтардың еркін ұлттық дамуы туралы заңына сүйеніп, шаһар аймағында ұлттық-территориялық әкімшілік жүйесін құру жөнінде шешім қабылдады.

Саяси бірлік ретінде танылған сәтінен бастап Қазақстанның Ресеймен конфедерациялық одақта болуын көздеген тағы бір ұйым «Қалалар одағы» дегенді ойлап тапты. Елдің Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Теміртау, Өскемен, Павлодар, Петропавл және Екібастұз секілді ірі өндірістік қалаларын штаб-пәтері Екатеринбургтегі сол одақтың билігіне басы бүтін бермек болды. Ұйым белсенділері шаһарда ығы-жығы өтіп жататын түрлі жиындардың бәріне тіленіп келіп: «Қазақстан мемлекет құрып, жаңа астана салмақ түгілі индустриялық қалаларына ие бола алмайды. Республиканың тауы шағылып, бей-берекеті шығатын күн алыс емес», – деп жар салып жатты.

Сол бір алмағайып кезеңде: «Ақмоланы тыңгерлер түлетті, оның тағдырын да солар шешеді», – деген суыт сөздер де жиі естілетін. Ресей мен Қазақстанның арасында жер дауының өршуін аңсап, сынықтан сылтау іздегендер де аз болған жоқ. Ондайлар іште де, сыртта да баршылық еді. Осы ниеттегілер: «Егер көкейдегіміз жүзеге аспаса, біздің сойылымызды

соғатын, шекарада сақадай сай тұрған он бір казак армиясы Қазақстанға лап қоюға дайын» деген листовкаларды үсті-үстіне таратты.

Ақмоланың, саяси ағымдардың салқын желі үйіре соққан алаң көңіл қаланың байырғы халқы осы дау-дамайда ұлттық биіктен табылды. Күн өткен сайын өршеленген, қоғамдар алмасуының табиғи заңдылығымен қолдан сусып бара жатқан үстемдікті әрекеттердің қандайынан болса да бас тартпай ұстап қалуға ұмтылған топтың айқай-сүреңі жүректі қасқағым сайын жараласа да сабыр сақтады. Сол ұлы сабырға елдің бағзы парасат-пайымы, талай да талай тар кезеңді бастан кешірген күрмеуі қиын қаланың астаналық мәртебеге ие болатындығы жайлы сүйінші хабар тұғыр болды. Есіл-Нұра атырабын сол ақпар бір үміт, бір күдікпен тебіrentіп жатқан.

Осынау толғанысқа толы шақтардың дауылынан көктей өтіп, тарихи 1997 жыл да жетті. Ақмола жерінде, ел төрінде Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті төрткүл дүниеге атажұртының атынан мәлім етті: «Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында, ұлан байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады».

Шаңырақ көтергеніне он үш жыл толған жаңа астананың ұлттық, мемлекеттік саяси аңсары осынау жүрекжарды лебіздің аясында жаңғырып жатыр.

Халық тың дәуірдің заңғарына талпынды.

Елорда елдік пен ерлікті тұғыр етті.

Астана ұлт тәуелсіздігінің алмас тұғырына айналып, Ұлы Далада Хантәңіріндей асқақтады.

\* \* \*

«Астана дегеніміз мемлекеттің орталығы ғана емес, орталық биліктің шоғырлануы да емес. Ол ең алдымен мемлекет дамуының векторларын айқындайтын және қоғамды

жаһандық үрдістерге сәйкес құрылымдауға мүмкіндік беретін геосаяси түзілім».

Елбасы «Еуразия жүрегінде» атты кең тынысты еңбегінде кіндік қаланың мән-мазмұнын осылай түйіндейді. Орда қала аталған мақсат-мұраттарға сай бола отырып, елді өтпелі кезеңнің тар көпірінен тарықтырмай алып шығуға тиіс еді. Астана Арқаға бет түзейді деген сәттен жамырай жөнелген күдіктер мен сан алуан болжам-долбарлардың негізсіз екендігін дәлелдеп, бұл шешімнің Қазақстанды қауырт экономикалық өрлеу жолына бастайтындығын нақтылы нәтижелермен дәйектеуі қажет-ті.

XXI алаөкпе ғасыр қаншалықты ұшқыр болса, кіндік шаһарда айлар мен жылдар желмен жарысатын. Ақыл-ой бауырынан жарады, жаңа елорданың хабары жаһанға тарады, жаһан қазақ даласына таңырқай қарады.

Астананы шартарапқа мәлімдеуге берілген қас-қағым уақыт ағып өте шықты. Күрмеуге келмейтін сол келте уақыт қазақ қоғамын жаңарта да алды, жұмыр жерге жаңғырта да алды.

Тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті: «Бұл – шексіз таусылмас сапардың, Қазақстан Республикасының үздіксіз прогресс пен даму жолының бастауы», – деп жариялады. Астанада қабылданған Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы экономиканың барлық саласын қала аумағында ғана емес, бүкіл республика бойынша қалыптастыруға жол ашты. Елорданы республика орталығына көшіру туралы шешім барша Қазақстанды қауырт өрлеу жолына түсірді. «Астананың өркендеуі – Қазақстанның өркендеуіне» айналды.

Астана – мемлекеттің бюджетіне салмақ салмай, қанат жайған әлемдегі елордалардың тұңғышы. Аңыз сынды алыпты ғайыптан жаһандандырған тұлғаның тарихи ерлігі, бас қаласын қайсарлықпен қалыптастырған қазақтың қаһармандығы. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жампоз ғасырдағы ұлттық ұмтылысының сындарлы жеңісі.

пет фараоны Эхнатон, Рим императоры Адриан, шығыс көкжалы Әмір Темір талғамының жоғарылығымен атақты архитекторлардың өзін сүріндірген. Патшалар аңсауында шек жоқ еді. Әмірші Бидун Жеті қарақшының реңінде жеті қала салмақ болды. Ұлы моғолдардың бірегейі Акбар Үндістанда Аспан қаласын тұрғызсам деп армандады. Алып сарай түрінде тұтас қала сомдауға ұмтылғандар да бар. Император Август кірпіш Римді даңқты империяның атағына сай емес деп мәрмәрмен көмкерген.

Астаналар мен астаналарға бергісіз жоталы қалалар осылайша тек өздеріне ғана тән дара қасиеттерге ие болып жатты. Хэмингуэй Парижді: «Сенімен мәңгі бірге мейрам!», – деп қадірледі. Вена сарқылмайтын әуезді музыка атанды. Нью-Йоркті бүгінгі дүние іскерлік қаласы ретінде таниды.

Көріктілігімен, бай тарихымен, басқа да беделімен адамзатқа ортақ болып кеткен қалалар аз ба? Ал бір ұлттың сәулет өнерімен ғана өрілген шаһарлар жоқтың қасы. Мемлекет атаулының бәрі қалалар арқылы ұлттық архитектураны жаһандық озық үлгілермен байытып отырды. Осындай мүмкіндікті қазақ елі жаңа астанасын салу кезінде молынан пайдалана алды.

Елорданың ықтимал жобасын жасауға әлемнің 40 үздік сәулетшісі қатысты. Сол жүзден жүйріктердің ішінен жапондық шебер Кисе Курокава тұлпар шықты. Ол өз жобасын «Әмір қағидаты» деп атады.

Курокаваның шешімі қарапайым әрі өміршең еді. Қала өзін қоршаған ортамен биологиялық үйлесім табуға тиіс. Мұны бәлкім, архитектуралық-экологиялық үндестік дей аламыз. Анығырақ айтсақ, шаһардың құрылысы мен инфрақұрылымы дами келе елеулі экологиялық қиындықтарға кезікпеуі керек.

Атақты сәулетші «Астана» журналына берген сұхбатында осы қағидатты Жапонияның астанасы Токиода жүзеге асыра алмайтындығына қынжылады. Қазіргі заманғы қалаларда әр ғимараттың айтар ойы мен тәлімі болуы керек екендігіне

назар аударады. Олар елдің өткенімен бірге бүгінгі мұрат-мүддесін аңғартып тұрса, ғанибет дейді. Жаһан Астананы, Астана жаһанды жатырқамай, еділ-жайық тілдесе дейді.

Елорда он жылдың ішінде сәтті жүзеге асырылған архитектуралық шешімдер арқылы Батыспен бауырласып, Шығыспен тамырласып үлгерді. Есілдің сол жағалауындағы бітімі бөлек заңғарлар – қазақ елінің Еуропа өркениетін талғаммен тани алатындығының, танып қана қоймай, байырғы түркі мәдениетіне тән сырбаздықпен байыта да алатынының баяны.

Адамзаттың түбі бірлігі ақиқат болса, адам атаулының дәуірлердің сынынан сүрінбей өткен игіліктері баршаға ортақ екені анық қой. Баяғы бағзы ғасырларда Ұлы Далада гүлдеген өркениеттің жаһанға жайылып кеткен ғажайыптарын Астана жаңа заманда, қазақ ұлысының басына бақ конған шырайлы шағында төрінде түгендесе, бәрекелді десек жарасар.

Елордадағы Пирамиданың төркінін індете іздеген кім бар? Осынау ғаламаттың тамырын ежелгі Египеттен емес, көненің көнесі – Ацтектер әлемінен таратқан археологтар аталған елдің пирамида пішінді құрылыстарды фараондардан бұрын тұрғызғанын дәлелдейді. Адам есімді жаратылыс Еуропада қалғып жатқан кезде Ұлы Даладан Америка құрлығына мұхит кешіп өткен тектестеріміз ғарышпен жұмыр жердің құпияларын алып пирамидаларда тоғыстырды. Ацтек – Астлан-Өстек аталатын осы қария жұртты ғалымдардың бірі моңғолдардың түп атасы десе, бірі түркі тобына жатқызады. Ұзақ жылдар жүргізілген лингвистикалық зерттеулер ацтектер тілі түркі тіліне мейлінше жақын екенін айғақтап отыр.

Солай болса, осылай екендігіне көзіміз жетсе, пирамида бейнелі құрылыстың Астана топырағында көктеуі көненің жаңғырғаны, өшкеннің жанғаны. Біз елорда Пирамидасын ең алдымен осы ұғымда қабылдап, тек содан соң жаһанға жағалай мәлім Египет алыптарының кейпінде көре алар едік.

Дәстүрлер жалғастығы Астананың бірқатар ғимараттарында бар. Оны, әсіресе, Ақордадан анық танысың.

Осынау айшықты атпен қазақ тарихын бүгінмен ұштастырып тұрған еңселі шаңырақ – елорда сәулетінің шыны. Ресми тілде Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы делінетін ғимарат, архитекторлардың тілімен айтқанда, жана әкімшілік орталығының жинақтаушы тұғыры. Ол осындағы барлық құрылыс ансамблін ортақ идеяға бағындырып, мемлекеттік маңыз береді. Композициялық ауқымдылығы мен сыр-сипатының әмбебаптығы (шығыс пен батыс архитектураларының озық үлгілерін бойына молынан сіңіру) жағынан ел аумағында теңдесі жоқ. Ұлттық мәні мен сән-салтанаты тұрғысынан Бәйтерек заңғарымен әдемі үйлескен. Бірі – халықтың жүзеге асқан аңызындай, бірі – сабырлы салқын ақылындай.

Ақордамен осындай ұлттық мемлекеттік ренде Жоғарғы Сот пен Сыртқы істер, Қорғаныс министрліктерінің ғимараттары да жарасым тапқан. Бұлардың бәрін біріктіретін ортақ қасиет – Ұлы Даланың көнерсе де көмескіленбеген сәулет сарыны. Арқа кешінің жайма шуағында, дүние-ғалам байсал тартқан шағында, осы бір шырайлы шаңырақтардан бағзы әуеннің қоңыр сазы еседі.

Ақорда осындай ұлттық етенелігімен, рухани жылылығымен қымбат. Оның кескін-келбетінде дала даналығы мен ел мәңгілігі сабырмен жазылған. Өткенге қайырылып қарасақ, айшықты құрылыстар арқылы халықтың ішкі бұлқынысын, ерік-жігерін, бүгіні мен ертенін аңғарту қазақ жерінде көнеден бар дәстүр. Белгілі бір наным-сенімдер мен ой-аңсарларды тұспалдап өретін тәңірлік сипаттағы құрылыстар көшпенділер ат басын тіреген жердің бәрінде қалған. Ал Шыңғысханға дейінгі калалардың төрінде айбынды сарайлар тәкаппарланатын. Байырғы сәулетшілер мағынаны ауқым арқылы емес, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндей шымырлықпен беруге ұмтылған.

Ақорда сәулетінде осының бәрі ескерілгендей. Ол әрі байырғы, әрі барынша осы заманғы ғимарат. Көрген көзге дара, ең таяу деген құрылыстан 300 метр оқшау тұр. Негізгі кескін ретінде классикалық текшелік форма таңдалған. Мандай алды колонналар арқылы салтанатты да байсалды. Ата-бабаларымыздан санаға сінген ғарыш бейнесі – еңселі күмбез көксеңгірленіп, Арқа аспанымен астасқан.

Күмбездің ұшар биігінде жер шары дөңгеленіп, одан әріде дала қыраны қалықтайды. Жұмыр жерді сұр жебе демеп тұр. Жебе – тарихтың ұзына бойында талайды көрген – тозбаған, талай да талай тау суындай тасыған, сабырынан озбаған елдің сұңқар сесі.

Жер-Ана бәрінен жоғары тұрса, адамзаттың алтын бесігін қадірлегеніміз. Көгілдір күмбез көксеңгірленіп көркейсе, жаратқан жар болсын дегеніміз. Сұр жебе сұңқар сестенсе, кеңістік үшін керіскен, телегей үшін тебіскен алмағайыпта айбындана алатынымызды айтқанымыз.

Астана Ақорданы осылай абыздандыра отырып, Алты Алаш пен жаһанға солай дейді. «Астананы армандау бар да, оны іске асыру бар» деген Елбасының орда қаланы жер төрі мен ел көңілінің төріне орнықтыру арқылы қазақ халқының мұңлы ғасырларын жұбатып, дәуренді дәуірлерін жамыратқанын жыр етеді.

«Астана сөзінің өзінде киелі ұғым бар. Ол біздің арман-тілегіміздің нақты жүзеге асуының белгісі. Бұл даланың көгінде талай ондаған жылдар бойы бостандық пен тәуелсіздік идеясы қалықтап жүрген, ол өз жеріне шексіз берілген адамдардан күш-қуат алған», – деп тамырын тереннен тартқан жанның тебіренісімен тербеледі.




«Біз астананы мүлде жаңадан салдық. Оны көшіруге байланысты болған қиындықтарды жүрегімізден өткіздік», – деген толғаныс жүректен жүрекке жеткеніне арайланады.

**«Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осын-**

дай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бір де бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын», – деген, сол асыл елдің жайсаң ордасын заманның аламанында оздырған тұлғаның бейнесі Астанамен, осынау киелі байтақпен бірге биіктей беретініне сүйінеді.

Ұлт беделін асқақтатқан жанның ұлтпен бірге жасайтынын мәлімдейді.

Алматыда, Александр-Невская церковь.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
СІРІ АҚПАРАТ ҚОРНАМАСЫ

00240715

# I

## ҒҰН ҚОРҒАНЫ ЖӘНЕ КОРОЛЬ ШОЛҒЫНШЫСЫ

Ұлы даланың кіндігінде орын тепкен Ақмоланың, қазіргі астананың тарихы көне өркениет пен ірі саяси оқиғалардың, дәуірлік өзгерістердің тарихы деуге дәлел жеткілікті. Деректерге сүйене отырып, астана шежіресі біздің заманымызға дейінгі III мыңжылдықтан басталады деп кәміл айта аламыз. Шаһардың шаңырағын алғаш көтергендер нақ осы мыңжылдықта ұлы далада ұлы империя құрған ғұндар болатын. Бұл берік байламды шетелдердің саяхатшылары XVIII-XIX ғасырда емеурінмен аңғартып кетсе, қазіргі қазақ зерттеушілері ашық мәлімдеп отыр. Оларға дәл осындай батыл пікір айтқызған тарихи орын – Астанадан небәрі он бес шақырымдай жердегі Тайтөбе белінің үстінен табылған ескі камал.

Дәуірінде айбыны асып, қуаты тасып тұрған ғұн көсемдері Сарыарқаның төсіне, төрт құбыланы тоғыстырған жер ортасына, Нұра мен Есіл өзендерінің арасында жатқан Тайтөбенің үстіне камал салыпты. Кеңдігінен бас айналатын, қараған көз сүрінбейтін ұлан даланы сол камал күндіз-түні қалт еткізбей қарауылдаған. *Ғұн тілінде «Ақ»- Батыс, «Мола»- Камал ұғымын білдірген. Сонда Ақмола атауы «Батыстағы камал» деген сөз болып шығады.*

Осы тұжырымның тарихи дәлдігіне Қостанай облысының жерінен Ақсекент қаласының орыны табылғаны, шаһардың аты Батыстағы қала делініп аударылғаны да нақты дәлел.

Тағы бір айғақ – Жезқазған өңіріндегі Ақмола тауы. Осы дала тауында да көне қорғанның сілемі әлі күнге айқын танылады. Соған қарап ғұн империясының Сарыарқадағы әскери камалдарының жалғыз болмағанын аңғарасың. Ал мұндай қорғандардың маңы елсіз болмайтыны және белгілі. Тайтөбедегі камалдың бойы бағзы заманнан малшылар мен

егіншілердің, қолөнер шеберлерінің құтты мекеніне айналған. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан «Ежелгі жыр-аңыздар» атты зерттеу еңбегінде: «Есіл, Нұраның арасындағы үлкен айдын – Тоғаныстың тоқсан екі көлі ноғайлы-қазақтардың жойқын егін салған жерлері. Қызыл мола, Сұлу там, Сырлы там, Хан сүйегі солардың жәдігерлері» – деп жазады.

Осындағы Қызыл моланы әйгілі Қарауыл ақын да жырға қосқан.

Кенжебай жайлау қайда Бозайғырдай,

Шыға тоқтап жатады мал қайырмай.

Ақмола – Қызылмола арасында,

Қонады керей-қыпшақ ірге айырмай, – деп басталатын ұзақ жыр бертінге дейін осы өңірде айтылып келеді.

Қызыл мола атауындағы «мола» сөзі ғұн тілінде қамал-қорған мағынасын бергенін еске алсақ, сол империяның Астана маңындағы бекінісі екеу болғанын болжай аламыз.

Ертеден осылай әскери стратегиялық ерекше маңызға ие болған өңірде қанша рет майдан ашылып, қанша рет жан алысып, жан беріскен ұлы шайқастар өтті екен десеңізші. Сол ұрыстардың өтінде батырлық, қаһармандық дәстүрдің қалыптасқаны және анық. Өзіміз жоғарыда сілтеме жасаған кемеңгер ғалым Әлкей Марғұлан халық шежіресінде Ер Көкше мен Ер Қосай бір туысқан кісі болып көрсетілетінін, олардың арғы атасы «Манас» жырында – Қамбар делінетінін, Атбасар мен Есіл даласын қоныстайтын уақ тайпасы сол екеуін түп атасы етіп дәріптейтінін айтып кеткен. Олай болса, эпостық батырлар Қамбар, Ер Көкше мен Ер Қосай Астана топырағының ту ұстап жауға шапқан жойқын ерлері.

Осы жерде тарихи аңыз-әпсаналарда Қамбар батырдың арғын елінің түп қазығы ретінде де дәріптелетінін айта кеткеніміз жөн. Енді Ақмола атауын ғұн дәуірінен тарқатуымыздың ғылыми деректеріне нақтылы тоқталып өтейік.

Менің қолымда ғалым Қайрат Ғабитханұлының «Ақмола ғұндардан қалған атау» деп тақырып қойылған мақаласы бар.

Қайрат 1965 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжан өлкесінде дүниеге келген. 1987 жылы Пекиндегі Орталық ұлттар университеті филология факультетінің қазақ тілі мен әдебиет бөлімін бітіріп, осы университеттің өзінде 1992 жылға дейін қазақ тілі кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарған.

1992 жылдың күзінде Қазақстанға, байырғы атақонысына оралады. Ұлттық ғылым академиясының Ахмет Байтұрсынов атындағы тіл білімі институтының аспирантурасына түсіп, 1996 жылы академик Ә.Қайдаровтың жетекшілігімен «Наным-сенімге байланысты қазақ тіліндегі тұрақты тіркестер» атты қазақ тілінің рухани лексикасын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми диссертация қорғап, түркі тілдер мамандығы бойынша филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алған.

Ғалым көне ғұн тілі мен қазіргі қазақ тілінің лингвистикалық және басқа ортақ белгілерін тарқата келіп, *Ақмола* атауы сонау әріден, ғұндар заманынан қалған тарихи атау, сондықтан оны бүгінгі күнгі тілдік ұғыммен түсіндіруге келмейді деген байлам жасайды. Бұл түйін біз үшін құнды, тарих үшін мәнді болғандықтан Қайрат Ғабитханұлының өз дәйегін қаз-қалпында келтірейік.

«*Ақмола*» сөзі «*ақ*» және «*мола*» деген екі сөзден жасалғаны белгілі (бұл сөздердің қазіргі қазақ және басқа түркі тілдеріндегі мағынасына тоқталмай-ақ қоялық). «*Ақ*» сөзі ертеде рең-түс ұғымымен қатар «*Басы*» деген геосимволикалық мәнді де білдірген, әрі солай қолданылған. Сол сияқты «*қара*» сөзі – солтүстікті, «*көк*» сөзі – шығысты, «*қызыл*» сөзі оңтүстікті, «*сары*» – орталықты білдірген. Және мұның бәрі күнге табынуға байланысты қалыптасқан. Қазақ халқының этникалық құрамына кірген ертедегі ғұндар, сақтар, көне

түрік ру тайпалары күнді тәңірі санап, оған табынып келгені белгілі. Осы негізде олар күндік бағдар тәсілін қолданған, атап айтқанда, күншығыс, күнбатыс, терістік, түстік – әлемнің төртбұрышты горизонтальдық моделін пайдаланған. Рамстед алтай тілдеріне ортақ сан есім деп тек қана «*төрт*» сөзін көрсетеді (М. Томанов. «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы». Алматы, 1988, 200 бет). «Төрт» сөзінің мұндай ұқсап кетуі, кең жайылуы кездейсоқ құбылыс емес. Бұл сөздің бір кезде ортақ танымнан туған, өте байырғы көне сөз екенін дәлелдейді.

*Төрттің* дүниетанымдық сан екенін ауызекі тіліміздегі «*төрт төңірек*» (айнала), «*төрткүл дүние*», (жер жүзі, бар әлем), «*төртеу, түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса ауыздағы кетеді*» (бүкіл ел болып біріксек, бәріне қол жетеді, алты алаш болып бөлінсек, бәрінен айырыламыз), тағы басқа толып жатқан тұрақты сөз тіркестерімен қоса ертедегі көне түрік жазба мұраларымыздан да байқаймыз. Мәселен: «.. тоғыз оғыз бектері, халқы, бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ, ілгері -күншығыста, оң жақта – күн ортасында, кейін – күн батысында, сол жақта – түн ортасында оның ішіндегі халықтың бәрі маған қарайды, халықты осынша көп еттім...» (Күлтегін жыры), «...Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім Бумын қаған, Істеми қаған отырған. Отырып түрік халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. *Төрт бұрыштың* бәрі дұшпан екен, сарбаздарымен аттанып, *төрт бұрыштағы* халықты көп алған, бәрін бейбіт еткен, бастыны еңкейткен, тізеліні бүктірген...», ... Оғыз қаған төрт тарапқа жарлық жүргізді, «*жердің төрт бұрышының* қағаны болсам керек-ті» (Оғызнама жыры) дейді. Әрине, ата-бабаларымыздың дүние – төрт бұрыш деген түсінігі осы кездерде ғана қалыптаспаған, бұдан көп ілгері, яғни біздің жыл санауымыздан бұрын мәлім болған ғұн тайпаларында қалыптасып болғанын Қытай жазбаларынан көреміз. Қытайдың «Ханнама. Ғұндар тарауы»

94-ші бөлімінде: «Ғұндар өз қосындарын төрт түрлі түстегі аттарға мінгізіп, төртке бөлініп, қарсы жақты қоршайды екен де, шығыс жағынан – көк аттылар, батыс жағынан – ақбоз аттылар, түстік жағынан қара аттылар шабуылға өтеді екен», – деп жазылған. Ханнамадағы «жазылған деректен ғұндарда сол кезде дүние – төрт бұрыш деген ұғыммен бірге әр бұрыштың (бағыттың) рәміздік рең-түсі болғанын байқауға болады. Атап айтқанда, көк түс – күн шығысты, ақ түс – күнбатысты, қызыл түс – оңтүстікті, қара түс – солтүстікті білдірген». (Қ. Ғабидханұлы. «Күннен туған таным» ҰҒА-ның «Хабарлары», 1996, № 1). Бұдан басқа Қытайдың «Тарихнама. Ғұндар тарауында «Ғұндардың арғы ата-бабалары Ди-лер өз ішінен «Ақ Ди», «Қызыл Ди» болып бөлінетіндігі айтылған. («Көк Ди», «Қара Ди»-лер де болуы мүмкін – Қ.Ғ.). Бұл бізше «Батыстағы Ди», «Оңтүстіктегі Ди» – деген ұғымды білдіреді. Ғұндар мен көне түріктерден (мүмкін олардан да бұрын) калыптасқан жоғарыдағы дәстүр кейінгі кездегі қазақ хандықтарында жалғасын тапқан. Мәселен, тарихшылардың айтуына қарағанда, Көк Орда о баста Қазақстанның шығыс аймағы Алакөл мен Ертіс бойларында болады да, кейін Сырдария жағасындағы Сығанак қаласына ауысады, ал Орда Көк орданың бастысында, яғни Жайықтың Сарай қаласының маңында болады. Сөйтіп, өз кезінде – Ақ Орда, кейін Алтын Орда Жошы ұлысының сол қанатындағы шығыс орталығы болып есептелінеді. Бұл арада ақ түстің «шығыс» мағынасындағы геосимволикалық қызметі айқын көрініп отыр. (Т. Сүлейменов, «О терминах Ақ Орда, Көк Орда и Куз-Орда». Изв. АН КазССР, Серия общ, наук 1972, вып. 3, стр. 71-74). Мұндай дәстүр қазақтың ру-тайпалық атауларымен бірге өзен, су, тау, жер атауларында бүгінге дейін жақсы сақталған. Академик Ә. Қайдаров казак шежіресіндегі қаңлыларды *қара қаңлы*, *сары қаңлы*, *ақ қаңлы*, *қызыл қаңлы* деп бөлуі олардың бір орталыққа сәйкес батыс, шығыс, оңтүстік, солтүстік аймақтарды мекен

етуіне байланысты аталған болуы керек дейді (Ә. Қайдаров «Түр-түстердің тілдегі көрінісі». Алматы, 1992, 11 2-11 3-беттер).

Қазіргі Қазақстан территориясы тұрғысынан «Ақмола» Солтүстік астана аталғанымен, сонау ғұндар заманында олар ат басын тіреп, неше жүз жыл өмір сүрген, қан, ұрпақ, мұра, сөз қалдырған өңір – Ақмола өңірі олар үшін «батыс» болғаны белгілі. Ғұндардың шығыстан батысқа аууы «Ұлы көш» деген атпен тарихта қалғаны шындық. Сондықтан, сөздің қысқасы, «Ақмола» дегендегі «ақ» сөзі батыс деген ұғымды білдіреді демекпіз.

Ал енді «мола» сөзіне келейік. «Мола» деген сөз ғұн тілінде де кездеседі. Византия жазушысы Прокопийдің айтуынша, мола ғұндарда «биік, қорған, қамал» деген ұғымдарда жұмсалған (Прокопий. о постройках, пер. с лат. «Вестник древней истории», 1939 ж. № 4, Каз. энц). Академик Радловтың еңбегі мұны тіпті де айқындай түседі. Ғалым өзінің «Опыт словаря тюркских наречий» деп аталатын түрікше-орысша, немісше сөздігінде (Санкт-Петербург, 1911 ж. IV том, 2126 бет) «мола» деген сөздің екінші бір мағынасы түрік тілдерінде «тас» деген ұғымды, тас болғанда кәдімгі *диірменнің тасын* (жернова) білдіретіндігін айтады. Бізше өз кезінде мола деп аталған, ғұндардан қалған тас қорған, тас қамалдардың кейінгі тілдерде тек «тас» деген ұғымда қалып қойғанын байқау қиын емес. Оның үстіне ертедегі молалардың қайсысы таспен қаланып, қоршалып жиналмаған? Демек, «мола» сөзі о баста ғұндардан бізге мұра болып қалғанымен, оның әуелгі мағынасы «қамал», «қорған» деген ұғымды білдірген.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні: «Ақмола» – ғұндардан қалған атау. Оның мәні – «батыстағы қамал, батыстағы қорған». Өз кезінде осы күнгі Ақмола тұрған орын ғұндардың батыстағы бір ордасы болғаны сөзсіз.

Қайрат Ғабитханұлының бұл тұжырымы ешқандай дау туғызбайтындығына Византия зерттеушісі Прокопийдің 1939 жылы «Вестник древних историй» басылымының 4-санында жарияланған ғылыми еңбегі де айқын дәлел бола алатынын көрдік.

Ғылымда Прокопий Кесарийский деген атпен белгілі осы Византия ғұламасының біз сілтеме жасап отырған туындысын «Византийские историки» топтамасының I томынан да таба аласыз.

Сонымен ол не дейді. «Эфталиттер ғұн еліне жатса да, өздері солай деп аталса да, бірақ өзге ғұндармен араластығы, ауыс-түйісі жоқ. Біз білетін ғұндармен олардың ортасында ортақ шекара жоқ, қоныстары бір-бірінен алыс. Олар көшпелі емес, басқа ғұндар сияқты. Ерте заманнан бері құнарлы жерлерге қоныс тепкен. Ғұндардың ішінде өңі-түсі ағы да, түрі келістісі де ақ ғұндар. Тұрмыс салты жабайы көшпелі тірліктен оқшау, заңды мемлекеті, елді басқаратын жалғыз патшасы бар. Өз ішіндегі қарымқатынасы, көршілерімен арадағы сыйластық пен әділдік жолы мығым, осы жағынан келгенде, олар парсы немесе Рим жұртынан бір де кем емес».

Прокопий Кесарийский ақ ғұндарды осылай ақиқат суреттеп беріп, одан әріде «Мола» деген сөз ғұн тілінде биік қорған, қамал деген ұғым беретініне тоқталады.

Осы тұста айта кетелік, тарих білгірлерінің талайы Эфталитерді, яғни Ақ ғұндарды Арғын елімен байланыстырады.

Сонымен «Ақмола» атауының түп-төркіні ғұндардың «Батыстағы қорған», «Батыстағы қамал» сөзіне тірелетіні осыдан кейін дау туғызбайды деп ойлаймыз.

Ғұн империясы берік орныққан ұлы дала одан бергі ұзақ заманда Дешті-Қыпшақтың қасиетті мекені болды. Ресей мен Орта Азияға, одан асып бүкіл Шығыс Еуропаға сол дәуірдегі әскери-тұрмыстық және қалалық мәдениетті мо-

лынан таратқан қыпшақтар Астана маңында небір тамаша шаһарларға ғұмыр берген. Солардың бірі Елордадан қол созым жердегі Нұраның бойындағы Бытығай қаласы.

Аталған қала Ресей картасына алғаш рет 1694 жылы түсірілген. Бұл картаның авторлары Ресейден сол жылы Әз Тәуке ханға келген елшілер Ф. Скибин мен М. Трошин болатын. Карта 20 парақтан тұрады, «*Казачья орда*» деген ат берілген.

Біз үшін аса құнды осы мұрағатта Әз Тәукенің Нұра өзенінің бойында орда тігіп отырғаны, оған бару үшін Есілден өтуге тура келгені баяндалады. Сол жерден Қорғалжын көлі алыс емес делініп, орда мен көлдің аралығында, Нұраның жағасында Бытығай атты қала бар екені әңгімеленеді. Әз Тәукенің қаланы ерекше қамқорлықпен күтіп ұстап отырғанын айта келіп, елшілер шаһарда салтанатты діни орындардың көп екендігіне таң қалады. Бытығайдың елсіз еместігін, Жібек жолын пайдаланған керуендер тоғысып жататынын, бірақ бұл тұста дала саудасының біршама саябырсығанын хабарлайды.

Осыдан ғасырға жуық уақыт өткенде, атап айтқанда 1762 жылы орыс ғалымы П. Рычаковтың Петербургте «Сочинение коллежского советника имперской Академии наук Петра Рычкова» деген кітабы жарияланды. Қазақ жерін ұзақ уақыт шарлаған ғалым Бытығай қаласынан біраз мағлұматтар береді. «Бытығай-развалины великого города в киргиз-кайсацкой средней орде на реке Нуре, впадающей в озеро Кургальджино от устья оной реки верст в тридцать. По признакам был сей город положением верстках на десятки, и еще видны тут четверугольные палаты наподобие замка так велики, что вокруг сажен на триста. Тут же одна мечеть и весьма много развалившегося каменного строения», – деп сипаттайды. Соған қарағанда Бытығай Әз Тәуке дүние салған соң қараусыз қалған, қирап бітуге айналған.

Көне шаһар туралы бұдан кейін мәліметтер қалдырған адам тау-кен инженері И.П. Шангин. 1816-1820 жылда-

ры ол «Вестник Европы», «Сибирский вестник» және «Горный журнал» басылымдарында Ақмола өңірінің көне ескерткіштері, соның ішінде Бытығай қаласы туралы бірнеше зерттеу мақалаларын жариялаған. Қазақ даласын бес ай бойы шарлап үш мың шақырымдай жол жүрген инженердің сол жазбалары «Дневные записки путешествия в степи киргиз-кайсаков Средней орды стата Колывановоскресенских заводов ерг-гешворена Ивана Шангина 1816 г.» деген еңбегіне енген.

Бытығай қаласы оған қатты әсер етсе керек, жанында бірге болған топограф Ретивихке көрінісін сыздырып алады, өзі де жазбаша нақты суреттейді. «Из горько соленых озер оз. Кургал-Джин имеа до 300 верст окружности есть величайшее. В него изливается ныне р. Нура, текущая прежде в р. Ишим. Но в дальнейшем расстоянии от сего озера видны обширные поля древних пашен, свидетельствующие о плодородии страны сей, а холмы кирпичей более 15 верст окружности занимающие и из развалин древнего города, составившиеся, как остатки древнего храма, весьма порядочной архитектуры, доказывают, что страна сия населена была не блуждающими народами, а народам образованным, просвященным».

И.П.Шангиннің сәл жоғарыда атап өткен еңбегінде «Древности Сибири. Развалины Татогая» деген ықшам бөлім бар. Татогай (Бытығай) қаласының сол тұстағы көрінісін автордың көзімен дәл беру үшін өз әсерін сөзбе сөз аударып ұсынайық.

«Қорғалжын көліне құятын Нұраның қос жағасында көрікті, әрі берік бірнеше ғимараттар күні бүгінге дейін сақталған. Олар сан жылдар бойы қараусыз қалса да мүжілмеген, керісінше қирап, үйіндіге айналған талай құрылыстардың арасында мізбақпай тұр. Орта жүздің осында тұрып жатқан қырғыздарының (қазақтардың ред.) айтуынша оларды ноғайлылар (нагайцы) тұрғызса керек,

солардың ішінде Нұраның сол жағасында, өзеннің көлге құятын жерінен 27 шақырымда кездесетіндері Татағай қаласынан қалған белгілер, алып жатқан аумағы тоғыз шақырымға жуық. Бізге дейін сақталған біреуі күйген кірпіштен өрілген, сыртынан және ішінен қарағанда дұрыс төртбұрышты құрайды. Бүйір қабырғалары сегіз, ішкі қабырғалары бес метрден асады. Төбесі күмбезденіп жабылған. Күмбез қабырғаларының қалыңдығы екі метрден астам, биіктігі алты метрге жуық. Оңтүстік жағында есігі бар, биіктігі екі, ені біржарым метр. Оның екі жағында қабырғаның жартысын алып жатқан терезе қуыстары жасалған. Дәл осындай қуыс шығаберісте де тұр.

Аталған ғимарат қабырғаларының іші-тысы тас табанынан біржарым метр сыртқарырақ, кесілген қайың сырықтармен айналдыра байланыстырылған, олар жоғары жағында да, төменде де қамыспен оралған секілді. Ғимараттың ішіндегі осы сырықтардың бет жағына жазуға ұқсас таңбалар ойылған. Құрылыстың ішкі бұрыштарынан біржарым метрде тең сегізбұрыштар тұр, бәрінің карама-қарсы төрт тесігі бар, олар дүниенің төрт қиырына қаратылған ...

Барлық ішкі төменгі қабырғаларда тереңдігі бір аршын (0,71 метр ред.) есікше қуыстар жасалыпты, биіктіктері үш метрге жуық, ені екі метрден асады. Әр сегізбұрышта да осындай бір-бір қуыс ойылған, олардың арасында төрт қабырғаны доғалдандыра кірпіш аркалық жүргізіліпті... Қабырғалар жоғарғы жағында бірде доғал, бірде име бұрыштармен қосылған жиектер арқылы өзара байланыстырылады.

Ғимараттың ішкі қабырғалары алебастрмен ұқыпты сыланған. Кейбіреулер бұл құрылысты мешіт деп есептейді, басқаларын да солай қабылдайды. Алайда ішіндегі қабырға қуыстарына қарағанда моголстандық мешіттерден гөрі әлгіндей қуыстар белгілі рәсімдерге арналған ертедегі басқа діни сенім орынына көбірек ұқсатады.

Нұраның оң жағасындағы ғимараттар мен қираған құрылыстар көлден 55 шақырым жерде. Соның бірі доғалдау

төртбұрыш түрінде, екіншісі тең төртбұрыш үлгісінде. Ішкі кейпінде өзара ұқсас. Екеуі де кірпіштен салынған. Түрлі түсті кірпіштен өрілген қабырға жиектері бар...

Осы ғимараттардан онша қашықта емес, Қорғалжын көліне құятын Жақсы көң өзенінің оң жағасынан тағы екі көне құрылыс табылды. Көлден 30 шақырымда тұрған біреуі шикі известь кірпішінен талғамсыз салынған. Екіншісінің біраз жері құлаған, күйдірілген кірпіштен қаланыпты, көлден 190 шақырым қашықтықта».

И.П.Шангин жазбаларындағы көне археологиялық ескерткіштердің сілемдері мұнымен шектелмейді. Ол Жалғыз тау жағындағы Иманкөлде кездестірген гранит жалдың қолдан не үшін тұрғызылғанын болжап қана айтады.

Тас жал көлге сұғынатын жарты аралды құрлықтан бөліп, суға еміне тоқтаған. И.П.Шангин көрген кезде биіктігі көкжиекпен деңгейлес келсе, бастапқыда әжептеуір еңселі болғаны аңғарылады. Төрт қырлы парфир тастар осында көлдің шығыс жағынан жеткізілген Сол жерде шағын тау бар.

Зіл батпан тастардың қалай әкелінгеніне бас қатырмай аралды дәл осылай мықты қорғау не үшін қажет болғанына саяхатшымен бірге жауап іздесек, ол мұны қазақ даласына жіберілген орыс әскері салған болу керек деген түйінге тіреледі. «Бегичев әскерінің қалдықтары қазақтардан қорғану үшін жасаса керек» деп ұйғарады.

Аты аталған Бегичев кім, ол осында әскерді не үшін бастап келген, жауынгерлері неге селдіреп қалған? Бұған И.П.Шангин түсінік бермейді.

Біздің пайымдауымызша олай емес, орыс әскерін талқандай алған қазақтар оның селдіреп қалғандарына аралда бекініс салдырсын ба?! Тас жал басқа мақсатта байырғы ел тұрғызылған құрылыс болуға тиіс. Бәлкім қар көп жылдары көл суы айдалаға босқа жайылып кетпеуі үшін соғылған тоған шығар. Әлде тым ертеде аң қамап

аулауға арналды ма?! Жаугершілік заманның тозығы жеткен қамал-қорғандарының бірі ме?!

1816 жылғы 16-мамырда экспедиция көне кен орынының үстінен түседі. Аққайрақ – су өзенінің бойындағы бұл жерден тым ертеде мыс тасы алынып, қорытылғаны анықталады. Даланың көне мекендеушілері қазған жыраның сол кездегі ұзындығы 220, ені 156 метр. Сыртқа шығарылған тас үйінділері жоталанып қалған. Екінші жыра алдыңғысынан да ауқымды, ұзындығы 600 метр, көміле-көміле 1 метр тереңдікке саязданған шұңқырлар бар. И.П.Шангин осы жерде әр пұт кен тастарынан 2 фунт таза мыс алуға болатынын есептеп шығарыпты.

Жалпы аталған жазбада мұндай кен орындарының талайы суреттелген. Бізді көбірек қызықтырғаны ондағы тарихи ескерткіштер болғандықтан соларды түгендеп алайық.

Экспедиция келесі күні осы арадан тай шаптырым жерден ежелгі дала бекінісінің қабырғаларына ат басын тірейді. Олардың төртеуінің бір-бірінен арақашықтығы 200 метр, солтүстіктен оңтүстікке қарай қиғаш орналасқан. Бесіншісі өзен жағасынан екі шақырымнан астам жерде әлгі төртеуінің өкпе тұсынан салынған. Алтыншысы ширек шақырым тұста, шығыс шетіндегісіне қарсы тұр.

Әрқайсысының алғаш қарағанның өзінде эллипс формасында салынғанын аңғару қиын емес. Сыртқы қоршаудың жартылай доға түрінде иілген қабырғалары қосылмайды, бұрыш тұстары ашық. Бір-бірінен батысында 50, шығысында 120 метрдей алшақ. Қабырғалардың батыс-шығыс жағындағы төрт қырлы мұнаралар әжептеуір бүлінген. Батыс жақтағы мұнараның ішінде төрт қырлы тағы бір құрылыс байқалады.

Аталған көне қорғанның И.П.Шангин көрген жылғы қалпы осындай.

Сол қамал-қорған белгілі зерттеуші – саяхатшы А.И.Левшиннің де назарына ілігеді. Оның 1832 жылы жарық көрген «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и

степей» деген еңбегі қазақ жерінің табиғи ерекшеліктері жайында көптеген құнды деректерге толы. Саяхатшы-ғалым Есіл өңірін Ор, Ембі, Ырғыз, Тобыл, Торғай аймақтарымен бірге егін өсіруге қолайлы деп көрсетеді. Өзен жағалауы талды болатынын, кейбір алқаптарда қалындап, ені елу шақырымдай жайылатынын да атап өткен. Қорғалжын көлі туралы берген мәліметтеріне қарасақ, оның сол кезеңдегі шеңбері 200 шақырымды алып жатқан екен, суы мол әрі терең, қақ ортасында көсілген жіңішке ұзын арал бар, Нұра өзені кесіп өтіп Теңізге қарай қайқаяды.

Ғалым Теңіз көлін сипаттағанда, қалай жаңылысқаны түсініксіз, оған Сілеті өзені құяды дейді. Ал аталған өзен әлімсақтан Есілге жетіп тоқтаған.

Астананы қақ жарып аққан Есіл жайлы деректен осы ежелгі арнаның дала тауынан басталып, ұлан даланы 400 шақырым кезген соң солтүстікке кілт бұрылатынын, орыс жері арқылы Ертіске қарай жөнкілетінін білесің. Оған әр тұстан қосылатын Құлаайғыр, Қайрақты, Колутон, Жабай өзендері көктемде күркіреп тасиды да, жазда қарасуларға бөлініп қалады.

А.И. Левшиннің Нұраны екіге бөліп атайтыны бізге жұмбақ көрінеді. Неге десеңіз, ол негізгі Нұра екі саладан: Кіші Нұра мен Есіл-Нұрадан тұрады деп жазған. Есіл-Нұра әдетте әдеби бейнелеп айтылатын көркемдік атау, қос өзен тек Қозыкөш өзеншесі арқылы ғана су тасығанда қосылған, ортақ арна болмаған. Сол секілді Кіші Нұра жайында да естімеппіз, тек Қарағандының Қарамұрын жағында Шерубай Нұра деп аталатынын білеміз. Сірә, И.П.Шангин де, көбіне соған сүйенген А.И.Левшин де сол Шерубай Нұраны Кіші Нұра деп жаңылысқан.

Ғалымның мына бір дерегіне де назар аудармай кете алмадық. Ол И.П.Шангинге сілтеме жасай отырып Аққайрақ өзенінің Есілге құятын тұсында мыс кенінің екі желісі бар екенін атап көрсетеді. Алғашқысының ұзындығы 220, екіншісі – 320 метр, әр пұт рудадан 2 фунт таза мыс алуға болады.

Бұл мәліметке ат шалдырған себебіміз – Аққайрақ Астанадан қашық емес, сол мыс желісі Сілетінің жоғары ағысына қарай уранға айналса, ол қаламыздың маңынан да табылады. Яғни Астана төңірегінде сирек металдар баршылық, құрылыс жұмыстары кезінде ескерілетін жағдай.

Ғалымның Нұрааңғарындағы көне құрылыс ескерткіштері жөніндегі деректері – қазіргі археологтар үшін баға жетпес мәліметтер. Өз сөзімен айтсақ: «Нұра төңірегі тарихқа бай. Қорғалжын көлінен 55 шақырымдай жерде, өзеннің оң жағасында екі камалдың орыны бар, Қант тауына қарайғы сағасында құлаған мұнаның үйіндісі жатыр, соған таяу жерден мыс өндірген. Ал осы араға таяу ағатын Жақсы Көң өзенінің бойында бір-бірінен 30 шақырым алшақтықта екі ғимарат тұр. Бірі кірпіштен, екіншісі тастан қаланған, екеуі де күмбезді, оңтүстік пен солтүстікке қаратылған терезе ойықтары бар. Қазақтар оларды қалмақ немесе монғолдардан қалған дейді, әулиелік мән беріп, осы күнге дейін дұға оқиды.

Аққайрақ өзеніне жақын жатқан бекіністердің қалдықтары да көз тартады. И. Шангин олардың жетеуін тапқан. Төртеуінің бір-бірінен ара қашықтығы 200 кадамдай, бесіншісі орта тұсын ала өзенге қарай салынған, алтыншысы шеткісінен 2,5 шақырымдай жерде, бәрі эллипс түрінде иіліп келеді, бірақ тоғыспайды, шығыс жағынан қарағанда аралары 60, батысында 25 кадам. Осы ашық жерлер төрт қырлы мұнаралармен қорғалған.»

Осы көне қорғандардың бір де біреуі әлі күнге дейін зерттелмей келеді. Ал олар қаншама құпия сырды бауырына басып жатыр десенізші. Аққайрақ бекіністерінің әлгіндей үлгіде орналасуының өзі ертедегі ата-бабаларымыздың әскери-стратегиялық айла-тәсілдерінен талай мәлімет бере алар еді. Сол қорғандарды жалпы қазақтың және бүкіл еуразияның камалдар сәулетімен салыстыру арқылы дала өркениеті жайлы түсінігіміз тереңдей түсетіндігі даусыз. Олар көне сак,

әлде мық, бәлкім ғұн дәуірінен сыр сауар, мүмкін Орталық Қазақстанның тек өзіне тән бағзы мәдениетінен хабар берер, қалай болғанда да Астана археологтарын тағатсыз күтіп жатқаны анық. Қала тарихшыларының бір парызы – осы көне ескерткіштерді «Мәдени мұра» бағдарламасына енгізіп, қорғауға алу және жүйелі зерттелуіне қол жеткізу.

И.П.Шангин мен А.И.Левшин сипаттаған археологиялық ескерткіштер тағы бір тарихқа құмар адамның – генерал С.Б. Броневскийдің «О казахах средней орды» еңбегінде де келтіріледі.

«Нұра өзеніне жақын жерлерде эллипс үлгісіндегі тас қорғандар көп, – деп жазады ол. – Олардың бәрі қираған, бірі үлкен, бірі шағын. Сау қалған қабырғалардың ішінде екі жұмыр мұнаралар тұрды, ал аулада қалың тас плиталар бар, олар шабуылдаған жауға тасалап оқ атуға арналған».

С.Броневский ешқандай дәлелсіз осы қорғандарды жоңғарларға тели салады. Қазақтардан қорғану үшін салған дейді. Біз бұған келісе алмаймыз.

Біріншіден И.П.Шангин осындай камал-қорғандарды қазақтардың ноғайлылар салды деген уәжіне тоқтайды. Екіншіден, әлгі қорған қазақ-жоңғар шапқыншылығында салынса, дәл Броневский көрген кездегідей тоз-тозы шығуы қиын. Сол кезден генерал ел кезген уақытқа дейін соншалықты көп уақыт өткен жоқ. Оның үстіне жау талқандаған күнде де зеңбірексіз заманда қолдан қаусатып бітіру қиын.

С.Броневский Көң өзенінің бойынан көрген көрікті діни ғимаратты жан-жақты сипаттап жатпайды, күйдірілген кірпіштен салғанын айтумен шектеледі. Дәл сол жерде болған қорған туралы да, Нұра өзенінің бас жағындағы күйдірілген жасыл кірпіштен өрілген діни орын жөнінде де сараң сөйлейді.

Генералдың Татағай (Бытығай) жайындағы жазғандары да қысқа. «Ұлы қала Татағайдың немесе Батақайдың қалдығы Нұра өзенінің Қорғалжын көліне құятын жерінен 30

шақырымда, – дейді ол. – Қаланың аумағы он шақырымнан астам. Орынбор губерниясының топографиялық жазбасынан білетініміз – 1745 жылы осы қалада болған қамал пішіндес, айнала орамы 600 метр төртбұрышты Палата, бір мешіт, әлде одан да көне діни ғимарат қаз-қалпында екен».

Ақмола-Қараөткелдің Ресей саяхатшылары мен Батыс зерттеушілері қалдырған мәліметтері бұлармен сарқылмайды. Әсіресе көрші ел тарихшыларының мұралары деректерінің молдығымен құнды. Орыс зерттеушілерінің осы тарихи еңбектерін біздер жоғары бағалай отырып, солардағы тағы бір құнды дерекке, жоғарыда өзіміз тілге тиек еткен Ресей елшілері Ф.Скибин мен М.Трошиннің мәліметіне тағы бір мәрте назар аударуымыз керек. Ол атакты Әз Тәукенің, қазақ мемлекеттігінің керегесін кеңейтіп, алғашқы конституциясы – «Жеті Жарғыны» өмірге әкелген кемеңгер ханның жазғы ордасы астананың түбінде болғандығы. Осыдан Елорданың Ақмолаға көшірілуінің тарихи сабақтастығы келіп шығады. Үш жүздің билігі қолында тұрған хан бұл дүниенің жұмағы көгілдір Көкшеге немесе жер жәннәты Жетісу мен Алатауға, яки ару Алтайға коныс теуіп, еділжайық күн-кешіп жатар болса, кім қой деген. Алдияр ханға алты алаштың қамы қазақ отанының кіндігі Сарыарқаға, Есіл мен Нұраның аясына жазда орда тіктіргенін аңғару қиын емес шығар. Арада төрт ғасыр өткен соң сол даналық қайталанды, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың көрегендігімен жаңғырды.

Жадымызда дәл осылай қайта түлейтін қасиеттер сірә да аз емес. Астананың тарихын асқақтататын сондай ізгіліктің бірі – данышпан бабамыз Әз Тәукенің Елорданың іргесіндегі жазғы ордасын қастерлеп, ел баратын, айбын көретін белгі орнату. Бұл әсем жалғасқан ұрпақ сабақтастығы, тарихтың көркем тоғысуы болар еді.

Жазғы орда дегенді біреулер ордалы құрылыс деп түсінуі мүмкін. Олай емес, хандардың жазғы ордасы арнайы жасалған киіз үйлер болған. Келіп тігеді, кеткенде жинап әкетеді.

Сол атакты хан көзі тірісінде аялап күткен Бытығай қаласын уақыттың шаңынан аршып, көптің көз алдында қайта тірілтсе, көне ғасырлардың алдындағы парызымызды орындар едік. Бүгінде ежелгі шаһарды ағыны қатты Нұра жыл санап шайып, жұқартып барады.

Қазіргі шағыңнан жаңылғың, келешегіңнен адасқың келмесе, өткен тарихыңмен әлсін-әлсін сырласып тұр. Ал қартаң тартқан алдияр уақыт Астананы бауырына басқан Ақмола аймағы бергісі Ресей, арғысы Франция, Италия, Испанияны әлімсақтан қызықтырғанын айтады. Қызықтыратыны – осынау өңір арқылы бүкіл Дешті-Қыпшаққа ықпал етуге болатындығы.

Француз королі Людвик ІХ-ыншының тапсырмасымен 1253-1255 жылдары Фламанд саяхатшысы Рубрук Виллем қазақ даласына аттанады. Саяхатшының корольден алған нақты нұсқауы – осы елге алда-жалда жорық жасалар болса, стратегиялық маңызды аймақтарды анықтау, жауынгерлігімен аты шыққан арғын, найман, қыпшақ, керейлерді христиан дініне үгіттеу, сол ниет жүзеге аса қалса, крест жорығына қосып алу.

Рубрук Виллем ұлы даланы әбден шарлап қайтқан соң Людвик ІХ-ыншыға есеп жазады. Әккі саяхатшы корольге көрген-білгенін әскери барлаушы секілді тактикалық тұжырымдар түрінде баяндайды. Ертіс, Есіл, Нұра, Кенгір, Сарысу, Қорғалжын, Балқаш секілді өзен-көлдердің дала халқы үшін аса маңызды екенін мәлімдейді. Ұлытауды жан-жақты сипаттайды. Анжа-там, Болған-ана, Жұбан-ана қалаларын суреттеп береді.

Дәл осындай деректерді Испан короліне 1271-1295 жылдары қазақ жері арқылы Қытайға өткен атакты Марко Поло да жеткізеді.

Аталған саяхатшылардың көрген-білгендері Италияға да белгілі болған шығар, 1375 жылы осы елде құрастырылған «Каталон картасында» молынан пайдаланылған. Карта Италиядан Дешті-қыпшақ жеріне саудамен келген көпестердің

құнды мүлкі болған еді. Сол көпестер әр сапардан оралған сайын карта жаңа жер аттарымен толығып отырады. Бірте-бірте Еуропаға кеңінен таралады. 1459 жылы Венецияда Фра-Маура деген атпен жарық көреді. 1742 жылы Францияда өңделіп, тың деректермен байытылып шығарылады. Соның бәрінде Солтүстік және Орталық Қазақстан назарға алынған. Сарай, Сүзген-тұра, Бесік-тұра, Қашлық, Ақтоғай, Іскер, Қайнақ, Ханыкей, Бытығай қалаларының географиялық орналасу реті, халқы туралы мәліметтерге бай.

Сарыарқа мен Ақмола-Қараөткел өңірін осынша зерттеген Франция мен Италияның, қала берді Испанияның қазақ даласына қарумен келмеуі оларға жеткен мәліметтерде бұл елдің күш-қуаты туралы жақсы айтылғандығынан шығар. Жолындағысының бәрін жайпаған крест жорықшылары Людовик ІХ-ыншының тұсында да, одан кейін де арғын-найман, керейлермен нығайған Дешті-Қыпшақ даласына беттей алмаған.

Иә, ежелгі Қараөткел-Ақмола дүниенің төрт бұрышына осылай мәлім болыпты. Стратегиялық-географиялық ыңғайлылығымен, гүлденген мәдениетімен, еңселі қалаларымен әйгілі еді. Сол ерекшелік іргедегі Ресейдің де назарын аударды. Держава Қытайға өтетін төте жолды іздеді, империяны кеңейтудің, Ресейден сыртқары жерлерді игеріп, бекіністер салудың амалын қарастырды. Тобыл картографы С.У. Ремезов қазақ даласын зерттеуге аттандырылды. Ол Әз Тәукеге барған елшілер Ф. Скибин мен М. Трошиннің деректерін зерттеп шығып, бірден Сарыарқаға бет бұрған. Негізгі мақсаты әскери жолды сызу, қажет жағдайда орнығатын ұрымтал жерлерді дәл анықтау, кен шығатын аймақтарды белгілеу болған.

Картографтың Сарыарқаны қанша уақыт кезгені белгісіз, ал патшаның тапсырмасын ерекше ыждаһаттылықпен орындағаны анық. Оның осы сапардың деректері бойынша жазған «Чертежная книга Сибири» кітабында Арқа аймағының географиялық бедері дәл түсірілген, табиғаты, жер асты байлығы туралы мол мәліметтер келтірілген. Тағы бір

ерекшелігі – көне мәдениет ескерткіштеріне де тыңғылықты сипаттама жасалады. «Чертеж земли всей безводной и мало-проходной каменной степи» деген бөлімінен Тобыл, Ертіс, Есіл, Қорғалжын атауларын табасыз, Нұраның сағасындағы Бытығай қаласының орыны туралы нақты мәліметке қанасыз. Қаланың қирай бастағаны, әуелден қорғанысқа өте қолайлы жерге орналасқаны айтылады. Құдайға құлшылық ететін әулие орындардың жиі ұшырасатыны атап көрсетіледі. Шангин оларды мешітке ұқсатса, Ремезовтен ондай анықтаманы кездестірмейсіз. Белгісіз діндердің ресми орындарына ұқсас үйлердің бірі жартылай, бірі түгелге жуық қирағанын айтады. Соған қарап Бытығайда Тәңірге де, христиан дініне де, исламға да иланушылар уақыттың әр кезеңінде болғанын, қаланың тым көнеден келе жатқан шаһар екенін болжауға мүмкіндік туатындай. Бәлкім Бытығайды да ғұндар салған шығар.

Қаланы саяхатшы-зерттеушілердің бірі Ботағай, бірі Татоғай деп атаған. Бұл сөздің алғашқы мағынасы қандай болғаны жұмбақ. Оны шешуді жеңілдету үшін қазақтың «Батагөй» деген әсерлі сөзіне тели салар едік. Бірақ мұндай үстірт байламға барғымыз келмейді.

Ремезов сапарының бізге тағы бір құндылығы – Есіл-Нұра ескерткіштерінен жан-жақты хабар беретіндігі. Ол осы өңірдегі Көктам, Сұлутам, Сырлытам мазарларының көркіне тандай қаққан, Ұлытаудағы Домбауыл кесенесіне ұқсатқан. Ал, Домбауыл кесенесінің осы күнге дейін мұрты да сынбай сол қалпында тұрғанын білеміз. Ендеше Ремезов құмартқан мазарлар да ұзақ сақталуға тиіс еді, сірә қолдан қиратылған болуы керек.

Мұндай тұжырымға келуімізге XVII ғасырда Тобыл, Ақмола өңірлерінде арнайы тапсырмамен болған поляк Юрий Крижаничтің дала ескерткіштерінің қатыгездікпен тоналып жатқандығы жөнінде қаққан дабылы себеп. Ол көне тамдар мен қорымдарды, мазарларды тіміскілеп, алтын бұйымдар іздеушілердің көбейіп кеткенін, бұлай жалғаса берсе,

даланың ежелгі мәдениеті тып-типыл болатынын айтып, билік орындарынан араша сұрайды. Бірақ бұл әрекетінен нәтиже шығара алмаған.

Дәл осындай себеппен швед ғалымы Страленберг 1740 жылдары Қараөткел-Ақмола маңынан көрген, архитектуралық даралығына таң қалған құрылыстар да құрып кетті.

Сарыарқа өркениетіне жасалған осы жойқын шабуылды әуелде көр қазушылар дүниекоңыздықпен бастаса, кейін дала мәдениетін жою жөнінде арнайы тапсырмалар берілгені тарихта белгілі. Осындай мақсатпен ұйымдастырылған арнаулы экспедициялар ХІХ ғасырдың ортасына дейін Қазақстанның әр түкпірін тінтумен болды. Аталған ғасырда бұл іске әскери экспедициялардың офицерлері белсене араласты. Академик Әлкей Марғұлан «Бегазы-Дандыбаевская культура Центрального Казахстана» еңбегінде: «В первый половине ХІХ в. в Центральный Казахстан устремились десятки кладоискателей, которые хищнически грабили древние курганы и гробницы эпохи бронзы, уничтожая сотни уникальных памятников»- дей келіп, офицер С.Б. Броневскийдің «Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды» деген жазбасынан деректер келтіреді.

С.Б.Броневский көптеген көне қорғандарды қопарғанын, олардан талай құнды бұйымдар тапқанын жасырмайды. Сол бұйымдардың көбі музейлерге тапсырылмаған, қайта қорытылып алтын-күміс құймаларға айналдырылған. Әйтеуір сәтін салып, осындай тіміскі офицерлердің ішінен А. Бахирев пен Дартоның қазып алған заттарының кейбірі Румянцев музейіне беріліпті. Осы жерде әлі күнге сақтаулы.

Есіл-Нұра, Қараөткел-Ақмола өңірінің тарихи архитектуралық ескерткіштерге бай болғаны соншалық, ғасырлар бойы оңды-солды киратылса да таусылмаған. Оған нақты дәлеліміз бар.

Петербургте 1911 жылы тау-кен инженері Козыревтің «Гидрологическое описание южной-части Акмолинской области»

деген еңбегі жарық көреді. Ол осы аймақтың су қорын зерттей жүріп, өзендерге таяу жерлерден, далалық алаңқайлардан бал-бал тастардың жиі кездесетінін жазған. Сондай-ақ түрлі формадағы сынтастарды да көргенін, олардың қайсыбірінде көне жазбаға ұқсас таңбалар бар екенін айтады.

Өкінішке орай бұлар да бізге жетпеді. Басқаны былай қойғанда Ақмола қаласының шеңберіндегі көне қорымдар да құрылыс жұмыстарының барысында ғайып болды. Бүгінгі Астана шаһарының астында жиырмадан астам ежелгі қоныс орындары тұншығып жатыр. Астана тарихы, арқа тарихы «Дат тақсыр!» деп сауға сұрап жатыр. Бәлкім соңғы рет.

Иә, тарихқа жасалған және жасалып жатқан қиянатты сезсе, қорланбаған, арланбаған ғасырлар қалмас еді. Ал өңір тарихы тым әріге кетеді.

Археологтардың дәлелдеуінше Астана өңірін ежелгі адамдар есте жоқ ескі заманда, ғылыми тілмен айтсақ, ашель-мустьер дәуірінде мекендей бастаған. Есіл өзенінің бойында әр жылдары жүргізілген қазба жұмыстары кезінде сол дәуірге жататын тас құралдары табылды. Сол құралдарға карағанда арғы аталарымыз аңшылықпен айналысып, балық аулаған. Келе-келе жабайы хайуанаттарды қолға үйретіп, мал өсіре бастаған. Тіршілікті осылай ұйымдастырған тұс неолит заманына сәйкес келеді.

Бұдан кейінгі даму кезеңі ғылыми тілде шартты түрде «андронов кезеңі» аталады. Осы кезеңде Есіл-Нұра бойында кен балқыту қолға алынғандығына да дәлел көп. Академик Әлкей Марғұланның еңбектері арқылы Ұлытау мен Алтайға дейінгі ұлан-байтақ аралықта қола, жез, кейінірек темір қорытқан өркениеттің іздері сайрап жатқанын білеміз. Қазіргі Астана төңірегі, атап айтқанда, Дамса, Ащысай, Сілеті, Нұра бойы түрлі металдарды кәдеге жаратқан, олардан соғыс қаруларынан бастап зергерлік бұйымдарға дейін жасаған шағын қалашықтардың мекені болған еді. Аққайрақ және Жалғыз көл маңынан табылған камал-қорғандар солардың бірі ғана.

Тарихтан б.з.д. екінші мыңжылдықта ауа райының өзгергені белгілі, нөсер-жауындар күрт азайып, өзен-көлдердің арнасы тартылды, өңірлерді құрғақшылық үрейі кезіп жүрді. Адамдар ескі мекенін тастап, малдың ыңғаймен жаңа су көздері мен жайылымдар іздеді. Енді алыс шалғайларды игеру керек болды, қашықтықты бағындырудың мүмкін жолдары қарастырылды, Ұлы Далада жылқы ныспылы күдірет дәуірледі. Қазіргі Астана өңірі VI-VII ғасырларда Түрік қағанатының қоластында болған кезеңде табын-табын жылқыдан Сарыарқаның белі қайысқан. Енді адам тайпаға, ұлысқа, одан руға бөлінетін болды. Грек тарихшысы Геродоттан сақтар жайлы білсек, парсы және араб саяхатшыларының жазбаларынан Есіл-Нұра маңын карлұқтар мен кимақтар, ғұндар мен қыпшақтар мекендегеніне көз жеткіземіз. Өңірдің әскери және мәдени өмірінде, әсіресе ғұн (арғын) мен қыпшақ мемлекеттерінің орны ерекше еді. Астанаға жақын жерлердегі тарихи атаулар көбіне осы екі қуатты бірліктердің тіліне етене жақын. Ғалымдар Ақмоланы ғұн тіліне жатқызса, Кемел Ақышев Бұзұқ көлінің атауын қыпшақ сөзі деп дәлелдейді. Нұра, Бытағай, Дамса атауларының да осы екі тілдік бұтаққа тән екендігі дау туғызбаса керек.

Бізге орындары ғана жеткен қамал-қалашықтардың архитектуралық жағынан біркелкі болуы құрылыс өркениетінің нақ осы екі мемлекеттік құрылыстардың тұсында дамығандығын аңғартады. Академик Кемел Ақышев ашқан Ақжол мен Жақсы көлінің жарты аралынан табылған қамалдың сәулет жағынан ұқсастығы олардың Дешті-Қыпшақ дәуірінде бой көтергендігін дәлелдейді. Ал Нұра өзенінің бойындағы Қант тауының төңірегінен И.П.Шангин кездестірген қорғандар Ғұн заманын елестететіндей. Қыпшақ заманындағы қалашықтарда діни рәсім орындары міндетті түрде ұшырасса, Ғұн кезеңіндегі құрылыстарда олар байқала қоймайды. Ал ортақ белгілері – сыртқы қоршаудың екі метрге дейін қалың болып келетіндігі және қамалдардың тас табаны эллипс формасында қаланатындығы.

И.П.Шангин еңбектерінен біз Астана өңірінде дәурендеген камал-қалашықтардың тек қорғаныс қызметін ғана атқармай, сауда және мәдени байланыс орталықтары болғанын да аңғарамыз. Ол 1816 жылы жүргізген зерттеу жұмыстарының қорытындысында былай деп жазды: «Ерте замандарда Азияның алыс қалаларымен сауда-саттық жасалған. Белен-Ана, Жұбан-Ана, Ботогай қалаларының қалдықтары сол сауда жолында бір-бірімен жалғасып жатқанын көрсетеді». Мұндағы Ботогай Нұраның Қорғалжын жақ бойындағы Бытығай қаласы.

Осы деректерден Ғұн және Қыпшақ сәулетшілерінің төл архитектуралық қолтаңба қалыптастыруға ұмтылғанын көреміз. Олардың Қытай, Грек, Русь, Монғол сәулет өнерімен таныс бола тұрса да (ал бұған ешқандай күмән жоқ) таза далалық құрылыс мәдениетін жасауға ниеттенуі ұлттық болмыстың дербес өркениетке талпынғанына айғақ. Бүгінгі сәулетшілердің аса бір маңызды міндеті ата-бабаларымыздың сол өнерін зерттеп, стильдік, ұлттық және әлемдік ерекшеліктерін ғылыми саралау болса керек. Осы ойымызды әрі қарай тереңдетсек, Астанада сол заман сәулетшілерінің үлгісінде тарихи-танымдық ғимарат салу борышымыз секілді емес пе?! Елорда мұражайының құрылыс жобасын жасаған кезде де көне ұлттық сәулет өнері ескерілгені жөн-ау дейсін. Ал қазіргі Астанада халықтық төл таңба аңғарыла қоймайды, ұлттық нышанды Бәйтеректен ғана аңғарасың. Бұл-барды зерттеудің, игеруге талпыныстың жоқтығының және бағаламаудың көрінісі.

Астана өңірінің тарихына қайта оралсақ, оны зерттеу XV ғасырда қатты қолға алынғаны байқалады. Осы кезеңде Ресей казак даласына сұғанак жанарын қадаған. Орыс кезбелері, нақтырақ айтсақ, қарақшылар Волга мен Жайық, Каспий бойын шарлауға мықтап кіріскен. Тарихтан Михаил Федорович патшаның Жайық өңірін казактарға сырттай бөліп бергенін білеміз. Оның құлашты осылай кеңге сермеуіне әр

кезенде ұйымдастырылған экспедициялар мен зерттеулердің қорытындылары себеп болды.

Өңірдің жалпы зерттелу тарихы біз өмір сүріп жатқан топырақтың географиялық және этнографиялық жай-жапсары туралы көзбен көріп, қолға ұстарлықтай етіп жазған алғашқы саяхатшы – Фламанд сапаршысы В. Рубруктің есімімен тығыз байланысты. Орыс зерттеушілері көбіне соның карталары мен жазбаларын пайдаланған. XVI ғасырда Ресейде басылып шыққан «Книга к чертежу», 1701 жылы жарық көрген «Чертежная книга Сибири» және «Чертеж земли всей безводной и малопроездной каменной степи» еңбектерінің бәрінде Рубруктің пайымдары байқалып тұрады. Бұл жазбалар бізге Ақмола-Қараөткел аймағындағы өзен-көлдердің табиғи ерекшеліктерін және археологиялық ескерткіштерін сыйпаттап бергендігімен құнды.

Астана тарихына қанамын деген адамға «Общая географическая описания всей Сибири» ғылыми хаттамасы да мейлінше бағалы. Онда Есіл бойының жағрафиялық келбеті жалпы Сібір табиғатымен байланыстырыла баяндалады, көп ретте жалпылама сипатта.

1736 жылы Петербургте орыс ғалымы, география маманы П.И. Рычковтың зерттеу еңбегі жарық көрді. Біз оны Нұра бойын, әсіресе Астанаға қарайғы алқабын алғаш тыңғылықты зерттеген адам десек, қателеспейміз. Нұрадағы Ботоғай (Бытығай) қаласы жайлы толық мәлімет берген де осы саяхатшы. Кейінірек, 1771 жылы Орскіден Ұлытауға дейін сүзіп шыққан генерал-майор Траубенбергтің отрядына еріп, оның баласы Н.П. Рычков жолға шыққан. 1772 жылы Ресей Ғылым Академиясы арқылы жолжазбаларын жариялап үлгереді, Ақмола-Қараөткел өңірінде мыс қоры бар екендігіне, игеру көп күшке түспейтіндігіне ерекше назар аударады, Ресейдің Есіл-Нұра аймағына бұрынғыдан да қатты қызығуына түрткі болады, қос өзен маңын жаулап

алып игеру мемлекеттік саясатқа айналады. Бұған мынандай дәлел келтіре аламыз.

Тарих ғылымының кандидаты Б. Қашқынбаев «Жер атауы, ел атауы не дейді?» деген мақаласында колледж кеңесшісі Демидовтың әкелі-балалы Рычковтардың зерттеулері бойынша Александр біріншіге құжат әзірлегенін айта келіп, одан үзінді келтіреді.

«Маған табиғаттың өзі Ресей державасының әскери қуатын қырғыз даласына қарай бұруды қалайтындай болып көрінеді, – деп жазады ол. – Онда да байлардың ойындағы бағыттарға емес, нақты тиімді жерлерге, атап айтқанда, Нұра бойына, талайғы экспедициялар анықтаған алтын мен күміс және басқа да қымбат кен өндіруге болатын өңірге.

...Нұра, Есіл және Қараторғай өзендерінің жоғарғы ағыстарындағы алтын, күміс, мыс, қорғасын және қола түрінде кездесетін түрлі металдарды Есіл арқылы Ресейге, оларды қорытып-балқытуға ыңғайлы жерлерге еркін жеткізе алар едік».

Осы үзіндіден Ресейдің Ақмола өңіріне бағзыдан қызығуының және оны неге ұлан-байтақ елді бағындырудағы орталыққа айналдыруды көздегендігінің сыры біршама ашылады. 1752 жылы генерал Киндерман салған Петропавл бекінісінің әскери желілер арқылы Омбымен және Орынбормен қауырт жалғасуының себебі де белгілі бола түседі. Мұның бәрі Ақмола-Қараөткелге неғұрлым тез енудің төте жолы, соған жасалған дайындық еді.

Осы әзірліктің соншалықты мұқият болғандығына П.С. Паллас, Фальк, Георги секілді зерттеушілердің қазақ тұрмысына арнайы барлау жасағаны да айғақ. Генерал-майор Траубенберг отрядының құрамында болған академик Паллас осы сапар материалдарының № 1 жинағында дала мал шаруашылығы туралы тәмпіштеп жазады. Оның деректері қазіргі кезең үшін де құнды болғандықтан, өз сөзімен көлемдірек үзінді келтірейік.

*«Киргизские овцы очень велики и при том весьма безобразны. Они ростом выше родившегося теленка и так толсты, что старые в хорошее время года, весом бывают по четыре и по пяти пудов. Они видимо несколько подобны индейским овцам: у них кривые, горбатые носы, нижняя губа более передней, большие повыслые уши и на шее по одной или по две мочки. Вместе хвоста носят курдюки, который у больших баранов бывает весом от 30 до 40 фунтов, и от 29 до 30 фунтов вынимают сала из курдюка.*

*Хотя некладенные бараны ходят в стаде во все лето, но с апреля до октября месяца подвязывают им войлок под брюхо, дабы они овец не оплаживали. В октябре им дают волюю, и потому овцы всегда ягнятся весною. То же употребляют средство и у быков. Во всю зиму овцы сами ищут себе корм под снегом, и снег служит им вместе воды, отчего они бывают тощи, но весною скоро опять становятся тучны.*

*В овечьих стадах держат они и коз для собирания молока и шкур. Козы так же, как и овцы имеют удивительный вид: ибо они по больше части без рог.*

*Мясо этих овец слаще, нежели обыкновенных: и имеющие чистый вкус люди примечают, что оно от благовенных полны родов бальзамом отзывается. Ягненки так вкусны, что ежегодно посылаются некоторые число оных из Оренбурга в Санкт-Петербург для придворного стола. Киргизские мерлушки всех прочих, кроме бухарских, славнее, дешевле, больше расходятся и почитаются первым товаром в киргизских торгах».*

П.С. Паллас бұдан әріде казактардың қойдың жүні мен терісін қалай іске жарататынын баяндай келіп, малдың санын анықтау мүмкін еместігін, мейлінше көп екенін әңгімелейді. Онысына дәлел ретінде Орынбордан Ресейге 1769-1770 жылдары ұзын саны 180000 қой саудаланғанын атап көрсетеді.

Академик осы жазбаларының астарында Ұлытау мен Есіл-Қараөткел аймағына құрық салынса, алынатын малдың еселене түсетінін жеткізумен болады.

Сонымен Александр біріншіге дейін қазақ даласының, оның ішінде Ақмола өңірінің тағдыры кесі-пішіліп қойылған еді. Екатерина екіншінің тұсында-ақ күш қолдану арқылы отарлау әскери саясаттың өзегіне айналған. Әйел патша экономикалық жағынан әлсіз Ресейдің еңсесін көтерудің төте жолы осы ең даланың байлығын тезірек игеру деп білгендіктен, қарулы жорықтарға ерекше мән берген. Мұны О.Ф. Игельстромның ақталу хаты да растайды. Хат 1786 жылы жазылған.

Орынбор, Петропавл бекіністерінен Ақмолаға қарай желі тарту тапсырмасына жауапты полковник Д.А. Гранкин Игельстромды қазақтарға жаймашуақ қарайды, аталған бекіністерді нығайту әрі кеңейту жөніндегі міндетін дұрыс атқармай отыр деп Екатеринаға шағым түсірген. Игельстром мұны жала деп дәлелдемек болып, патшайымға қолдан келгенін жасауда екенін, Чувалов басқарған экспедицияның Есіл-Нұра маңындағы бекініс салатын жерлерді әлі күнге анықтамағанын мәлімдейді. Жұмысты жеделдетудің бірден-бір жолы ретінде құпия кеңесші И.И. Неплюевтің Сенатқа 1774 жылы жолдаған ұсынысын қолдауды өтінеді. Жолма жол келтірейік.

«Вообще сказать, вся цепь которого тогда судили установить тишину в травленного отчаяния в злобу и мщение киргиз-кайсацкого народа, состояло в том, чтоб делать колико возможно чаще и свирепее баранты, обеими руками держась системы покойного г. тайного советника Ивана Ивановича Неплюева, который утверждал, что нет другого способа управиться с киргиз-кайсаками, как резать их. Мнение сие изъясляет запасный ево план о мерах и образе, как и чем отмстить киргизскому народу, поднесенный им на утверждение Правительствующему Сенату 1774 г.»

Игельстром бұдан әрі қазақ-орыс шекарасында ұзақ уақыт қызмет еткен Чуваловтың да осындай пікірде екенін еске салады. Оның қазақты өлтіру даладағы аңды өлтіру секілді күнәсіз әрекет деп қарайтынын айта келіп, сондай қаталдық қана қазақ халқын отарлауды жеделдетеді деген емсүрін та-

нытады, өзінің осалдығын қатыгездікке бармай келгендігімен түсіндірмек болады.

Екатерина II мұндай кеңесті қолдағаны, қазақ жерін ойрандау үшін казактарға еркіндік бергені белгілі. Бірақ Ресей отарлаушылары қалай жанталасса да, Есіл-Нұра бойын 1830 жылға дейін құрықтай алған жоқ. Ақмола қаласының іргесі осы жылы қаланып, округ 1832 жылы құрылды.

Осы алғашқы бөлімде Ақмола-Қараөткел өңірінің көне тарихи ескерткіштері жайлы қазып айтқандықтан, әңгімені Бозоқ (Бұзық) қалашығымен дәйектейік. Қалашықты академик Кемел Ақышев тауып, қазба жұмыстарын жүргізді. «Ақ жол» деген ат берді. Қаланың осы көрнекті ғалым анықтаған археологиялық ерекшеліктері кімді болса да қызықтырмай қоймайды.

Енді қалашық жайлы академиктің өз аузынан жазылып алынған әңгімеге назар аударайық.

«Көне Ақжол қалашығы Есіл өзенінің сол жақ жағалауында. Астанадан бес шақырым жерде Бұзұқ көліне жақын орналасқан. Тарихи деректерге сүйене отырып қалашық орта ғасырдағы керуен жолының бойында стратегиялық маңызға ие болған деп тұжырымдай аламыз. Бұл керуен жолы Омбы-Қызылжар-Көкшетау-Бурабай-Қараөзен-Шортанды арқылы Сілеті өзенінің жоғарғы тұсына көтеріліп, Нұраны бойлайды да ежелгі Бытығай қаласына қарай бұрылады. Осы жерден Сарысуға күрт бұрылып, Созақ-Сығанак-Сауранды көктей өтеді, тірелетін соңғы нысанасы – Түркістан. Ұланғайыр өңірді шиырлайтын, мыңдаған шақырымға созылатын мұндай ұзақ жолдың әр тұсында керуен сарайлары болғаны анық. Сондай керуен сарайлардың бірі авиациялық түсірімдер арқылы Бұзық көлінің жанынан табылды. Ол, өкінішке орай, Целиноград-Қорғалжын тас жолын салу кезінде қазылып тасталған.

Біздің пікірімізше Ақжол қалашығы осындай керуен сарайлардың орталығы және сауда-қорғаныс бекеті ретінде салынған. Ол негізгі үш бөліктен тұрады: орталық, солтүстік

және оңтүстік. Соңғы екі бөлігінің әрқайсы 350x200 метр аумақты алып жатыр. Орталық бөлігі төртбұрышты үш орамды құрайды, жалпы көлемі 120x110 метр, жоғарыдан қарағанда гүлдің бір-бірімен сабақтасқан үш жапырағына ұқсас.

Қалашықтың бас орамы – солтүстік бөлігі, оның шығыс және оңтүстік жаққа шығатын ерекше дәліздері бар, ішкеректе көлемі 63x60 метр екі кеңістікке тарамдалады, сыртынан биік дуалмен қоршалған. Орталық бөлікте ертеде тіктөртбұрышты алаң болғанын аңғару қиын емес. Соны айнала діни рәсімдерге арналған орындар орналасқан.

Осы жерден солтүстікке қарай 70 метрдей аралықта ерекше назар аударатын тағы бір құрылыс бар, аумағы 45x30 метрдей. Археологиялық қазбалар оның мерекелік шараларды өткізуге арналып салынғанын аңғартты. Сондай-ақ қалашықтың солтүстік бөлігі өндірістік мақсатта салынғаны дәлелденді. Бұл жерде кірпіш илейтін және күйдіретін құралдар орналасқан. Қажетті су Бұзық көлінен шығыр арқылы жеткізілген.

Атап айтуға тұрарлық тағы бір кешен оңтүстік орамнан 27 метр жерде. Ол – қабырхана. Әуелде порталды мавзолей түрінде болғаны аңғарылады, адамдар қабырғалары алебастрмен сыланып, хром арқылы әрлендірілген, оюлармен безендірілген сағаналарда жерленіпті. Бұл дала сәулет өнерінде сирек кездесетін құбылыс. Жалпы Ақжол қалашығының құрылыс ерекшелігі де өзіндік даралығымен ойға қалдырады, өйткені Ұлы Даладан Монғолияға, одан Болгарияға дейін созылатын ежелгі мәдениетте дәл осындай сәулет үлгісі кездеспейді.

Осындай айырмашылықтаңдандырумен бірге толғандырды да, қала сәулеті даралығының сырын қайдан іздестіру керек деген сауалға жауап табу оңай емес еді. Барлық ғылыми деректер мен болжамдарды қорыта келіп, Ақжол Дала әміршілерінің мезгілдің нақты бір кезеңінде ғана аялдайтын «кіші» ордасы деген тұжырымға тоқтадық. Мұндай орындар Еуразия кеңістігінде орта ғасырда аз болмағаны жай-

лы мәліметтер табылды. Жалпы «Орда» салу және «Орда» ұғымы сюнну-хунну тайпаларының еншісіне тиеді. Олар Орда түріндегі құрылыстарды б.з.д. II ғасырда сала бастаған. Хандар әулеттерінің шежірелерінде бұл сөз «волудо» немесе «оуто» түрінде кездеседі. Түркітанушы Де Горт «оуто» көне түркілік «орду» сөзінің көне қытайлық атауы деп есептейді. Ол мағыналық жағынан «қоныс» ұғымын білдірген. 313 жылы Тоба-Вэй (Солтүстік Қытай) мемлекетінде ел солтүстік және төменгі ордаларға бөлінген. «Орда» сөзі әміршінің сарайы, ал кең мағынасында «аймақ» түрінде қолданылды.

IV-VIII ғасырларда Монғолияның Хангай және Гоби аймақтарын иеленген Қидан мемлекеті «Орда-Ньюгу» яғни Алтын Орда деп аталған. Қидандар – ертеде Манчжуриядағы Шара-Мурэн өзенінің өңірінде көшпелі өмір сүрген түркі-монғол тайпасы.

Орхон руникалық жазба ескерткіштерінде «Орда» термині 745 жылы Шығыс Түрік қағанатын талқандаған ұйғыр қағаны Мойын-Шорға қойылған ескерткіште кездеседі. Мойын-Шор ішінде биік тақ орналасқан ақ орда (оргун) салып, айнала бекініспен нығайту жөнінде бұйрық береді.

Осы деректерге қарағанда «Орда» ұғымы б.з.д. II ғасырда пайда болып, біздің заманымыздың VIII ғасырына дейін түрлі мағына беріп келген: қоныс, қаған сарайы, әскери лагерь, бекініс, аймақ. Кейін Алтын Орда, Ақ Орда және Көк Орда түрінде мемлекетті айқындағаны белгілі.

Далалық Еуразияның X-XIV ғасырлардағы сәулет дәстүрі қоршалған қоныстардың билеушілер ордалары мен әулие мекендердің жанына салынып келгенін дәлелдейді. Бізге сонымен бірге мемлекет басшыларының лауазымдарына қарай жеке-жеке ордалары болғаны да мәлім. Мәселен, Үйсін ұлысында б.з.д. III-II ғасырларда мемлекет үш бөліктен тұрған: Ұлы Күнбидің ордасы салынған аймақ және оң қолы мен сол қолындағы өңірлер. Соңғы екі бөлікті Күнбидің нұсқауымен басқаратын Кіші Күнбилер

де өздерінің шағын ордаларын тұрғызатын еді. Оларды ішкі және сыртқы жаулардан қорғайтын шағын қамал қалашықтар салу да сол ертеден бар үрдіс. Кейін бұл дәстүрді оғыздар мен түркілер де кеңінен қолданды.

Қараханидтер мемлекеті мен оғыз, қыпшақ ұлыстарының ел билеу дәстүрінде осы үштік бірлік ұзақ уақыт сақталды. Бұл үштік іс жүзінде орталық орда – шығыс бөліктегі «бузук» – батыстағы «үшук» болып сараланды. Оғыз аңыз бойынша Ұлығ Түрк түсінде шығысқа қаратылған алтын садақ пен батысқа шаншылған үш күміс жебені көреді. Ояна келе мұны тегін емес деп ойлап, мемлекеттің құрылымын соған лайықтайды, яғни үш қанатқа бөліп басқару жүйесіне көшеді.

Егер осы үштікті әскери стратегиялық мағынада алып қарасақ, елді үш тұсынан қорғау соғыс жағдайында өте қолайлы екендігіне көз жеткізуге болады. Аталған үштікті зерттеушілер экономикалық жағынан да тиімді деп жүр.

Ақжол қалашығы – біздің пайымдауымызша сондай ордалардың бірінің жанына салынған қамал. Алайда ол тек бекініс қызметін ғана атқармай, кіші орда ретінде де пайдаланылған болуы керек. Оның үш бөліктен тұруы – мемлекеттегі үштік ұғымын сақтағандығы және қорғануға солай бейімделгендігінің белгісі.

Жазба және археологиялық ескерткіштер бүкіл Ұлы даладағы бекіністердің үш құрамнан тұратынын дәлелдеп береді. Осы дәстүрді оғыз түріктері XIV-XV ғасырларға дейін сақтаған. Осман түріктерінің соғыс қимылдарына қатысқан адамның мына жазба дерегіне зер салайық. Ол: «Әскери лагерь үш бөліктен тұратын еді, – деп атап көрсетеді. – Орталық, оңтүстік және солтүстік. Үшеуінің де сыртынан ор қазылған. Орданың сыртына биік топырақ үйіліп, атқыштар орындары жасалған».

Ақжол қалашығының сыртынан үйінділердің кездесуі оның да үштік жүйедегі бекіністердің үлгісінде тұрғызылғандығынан

хабар береді. Үйінді алғашқы қорғаныс орны ретінде ұдайы биіктетіліп, тапталып отырылғандықтан жермен жексен болып кетпей осы күнге дейін негізгі желісін сақтап қалған.

Сонымен Есіл-Нұра бойындағы археологиялық қазбалар және Акжол деректері бізге Ұлы далада өзара үндестірілген, көне елдің бай әскери-тұрмыстық тәжірибесіне негізделген құрылыс мәдениетінің болғанын көрсетеді. Акжол арқылы мұны тағы да дәлелдей аламыз. Осыдан соң оның салынған кезеңін анықтауға да мүмкіндік туады. Біздің ойымызша қалашық X-XII ғасырлар аралығында салынған. Бұл Шығыс Түркістан мен Орта Азияда оғыз, қыпшақ, ұйғыр, карлұқ, қаңлы тайпаларының дәуірлеген шағы. Барлық тарихи деректер Акжолда қыпшақтың қолтаңбасы басым екендігін көрсетеді. Бүкіл ғұмырын Алтай халықтарының тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған ғалым Л.П. Потапов қыпшақтардың қазіргі Арқа төсінде ұзақ билік құрғанын дәлелдей келіп, Мойын-Шор қағанның ескерткішінде: «түркі – қыпшақтар түркі елін биледі» деп жазылғандығын тілге тиек еткен. Ал қазақ ғалымы С.М. Ақынжанов IX-X ғасырларда қыпшақтардың Сарыарқаға қоныстанғанын, соған орай бұл аймақтың «Андар аз-Кипчак», яғни ішкі қыпшақ аталғанын айтқан еді.

Осындай деректер Акжол дәуірі қыпшақ дәуірі екендігіне күмән келтірмейтіндей. Екінші жағынан, қалашық орналасқан жердің топономикалық атауларынан да қыпшақ белгілері байқалады. VIII-X ғасырларда осылай қарай ағылған қыпшақтар Акжол бой көтерген жердегі көлге «Бұзық» деп ат берсе, бұл сөз олардың байырғы тілінен табылады. Біздің ойымызша Сарыарқаға қоныс аударған ел осылайша өздерінің келген жерін есте сақтауды ұйғарған. Қыпшақ елі Арқаға шығыстан ағылған-ды. Жалпы осы жұрт жайлаған өңірлерден бұл атауды сирек те болса кездестіре аласыз. Кезінде қыпшақтар біраз аялдаған Сырдария бойында «Бұзық» атты екі қалашықтың орыны бар.

Осы арада Ұлығ Түрктің түсіне кірген күміс жебелер ойға оралады. Бұзұқ шығысты көздеген сол жебеге де байланысты аталуы кәдік-ау. Бұл қайта-қайта дәлелдеуді қажет ететін болжам ғана.

Ақжол қалашығына алғаш мән берген адам И.П. Шангин. Ол 1816 жылы Есіл өзеніне таяу көл жағасында көне қаланың орыны бар екенін жазып кеткен. Содан бері ол өзіне ел билегендердің де, археологтардың да назарын аудармай келді. Енді, міне Ақмолаға астананың көшірілуіне байланысты өңір тарихына нақты маңыз беріліп отыр.

Ал қаланың өзіне келсек, ол – ірі діни және өндірістік орталық. Қалашықты он саусағынан өнер тамған шеберлер салған. Оларды мынандай мамандықтарға бөлуге болады:

- халық және ислам сәулетіне қанық құрылысшылар
- шикі қышқа барельевті өрнек салуға машықтанған суретшілер мен керамика өнерінің иелері
- төрт қырлы кірпіш жасау технологиясын меңгерген мамандар
- кірпіш күйдіру пештерін салатын және от қызуының тылсымын білетін шеберлер.

Орта ғасырдағы барлық дала қалалары секілді Ақжолдың діни-мәдени маңызы зор болғаны даусыз. Осы жерде ел тәңірге ұйып, діни рәсімдерін атқарған, түрлі дәстүрлі мейрамдар өткізілген. Ерсілі-қарсылы ағылған керуендер әр елдің мәдениетінен хабардар етіп, дастархан басында әңгіме-дүкен қызған. Солтүстіктен оңтүстікке Есіл – Нұра – Қорғалжын – Сарысу – Сырдария асқан саудагерлер жолшыбай Ақжол жайлы тамсана айтқан. Шығыстан батысқа – Монғолия–Алтай–Дешті Қыпшақ–Хорезм–Бұлғар–Русь сапарына бет алған керуен Ақжолмен қайта қауышқанша асыққан.

Қытай ғалымы Ма Юн: – Ескі Жібек жолы Алтай тауының шығыс және солтүстік қапталын кезек сүйкеп, Қазақ даласында таспадай тартылып, Ресейдің оңтүстік еуропалық бөлігін жанап Альпі тауына қарай қайқайған. Сол ұзақ сапарында ұлы жол Ақжолда сәл-пәл тыныстайтын, – деп жазған.

Жібек жолы жөніндегі маман Е.И. Лубо-Лесниченко қытай ғалымының деректерін жаңа бағыттармен байытты. Оның дәлелдеуінше Танайсу (Дон) – Волга – Орынбор – Оңтүстік Орал – Ырғыз – Үстірт – Тобыл – Есіл – Зайсан – Қытай бағыты негізгісі болса керек. Ал Ақжол қалашығы Есілдің бойында.

Мен қалашықтың орынын үш жыл зерттедім. Көзім жеткен ғылыми тұжырымдарым мыналар:

- Ақжол – ордакент түріндегі қала, билеушінің кезеңдік резиденциясы.
- Ақжол – әскери стратегиялық маңызға ие кент.
- Ақжол – әулие мекен, үш мавзолей тұрғызған киелі орын, ата-бабалар денесі жатқан көне қорым.

Қазба жұмыстары кезінде арабтың күміс теңгесі мен қытай айнасы табылды, ендеше қалашық ірі сауда орталығы да болған. Қытай – Русь – Византия жолы осы жер арқылы өтетіндіктен түрлі мәдениеттер тоғысқан өркениет шаңырағы.

Түйіп айтсақ, Ақжол X-XI ғасырларда Қыпшақ елі қалыптасып, нығайған кезеңде бой көтерді. Ол – Астана тарихының мыңжылдан астам тарихы бар екендігінің дәлелі».

\* \* \*

Қазақ даласы, оның ішінде Арқа жері іздегенге сан ғасырдан сыр айтып, әлі де талай жайға қандырар еді. Сарыарқаның біраз құпиясын кезінде атақты Әлкей Марғұлан ашып берді.

Көрнекті ғалым, археолог, ғұлама тарихшы Әлекең «Ұлытау өңіріндегі тас мүсіндер» деген белгілі еңбегінде Орталық Қазақстандағы тас мүсіндер VI-VIII ғасырлардағы түрік қағанаты кезеңіндегі жұртшылық салтымен байланысты болса, екінші тобы VIII-XIII ғасырлардағы қыпшақ тайпаларынан қалған ескерткіштер дейді (Шығармалар жинағы. 3-4 том. Алматы, 23-33 беттер). Олардың ішінде өлген адамдарға қойылған құрмет мүсіндер, дене бітімі айқын суреттелген батырлардың бейне тастары да кездеседі. Сол мүсіндердің

қос қанатында салтанатты нөкерлер сап түзеп тұрады. Ондай балбалдардың саны кей ретте 200-ге жетеді.

Қайсыбір мүсіндерде жас қыздар мен кемпірлер бейнеленген. Әредікте оларға жақын ер адам мүсін тасын көруге болады.

Осындай мүсіндер Ұлытау қойнаулары мен сол жерден Атбасарға қарай жөңкілетін үлкен қара жолдың бойында жиі ұшырасады. Одан кейінгі ұлан жазықта жоғалса, Ақмола қаласына жақын Шұбар жазығында қайта қара танытып, Ерейментаудың арғы бетіне дейінгі жерде әредікте көзге түседі. Сілеті, Кедей және Торғай өзендерінің бойында топ-тобымен қойылған.

Бұл балбалдарды кезінде ғалым, археолог А.Машанов зерттеген. Ол Кедей өзенінің бас жағындағы Жаушоқы төбесінің етегінде солтүстіктен оңтүстікке қарай созылған көлемі 3,5x3,5 тас шарбақ тапқан. Шарбақтың шығыс жағында шығысқа қаратылған тас мүсіндер болыпты. Олардың бәрі сұр граниттен қашалған.

«Ерейментаудың мүсіндері Арғанаты мүсіндеріне ұқсас, – деп жазады Ә.Марғұлан (сонда, 30 бет). – Жұмыр скульптура түрінде, қадағалап безелген. Бұлардың біреуінің биіктігі 1,60, ені 0,25-0,40, қалыңдығы 0,23 метр. Мүсіндердің екеуі де оң қолына дөңгелек тостаған ұстап, сол қолдарымен қайқы қылыштың сабына сүйеніп тұрған мұрты бар ер адамдарды кескіндейді. А.Машановтың айтуынша мүсіндердің екі бүйірінде орхон жазуларына ұқсас көрінер-көрінбес таңбалар бар, бірақ өшіп кеткендіктен, оларды шығарып оқу мүмкін емес».

Осындай мүсіндер Жаңаарқаның Оғызтау, Дарат, Айдаһарлы, Саңғыру таулары мен сол тауларды қуалай ағатын Атасу өзенінің бойында, Қарқаралы, Баянауыл, Тайатқан, Шұнақ тауларының маңында аз емес екенін айта келіп, ғалым ертедегі абыздардың зираттары туралы талай құпияны ашады. Бағзы бабаларымыз бақсы-абызды ерекше

құрметтепті. Жер астынан дөңгелек айға ұқсатып диаметрі 2,15 метр үйшік жасаған, жан-жағын таспен қалаған. Бұл үйшік киіз үйдің іргесіне ұқсайды. Күншығыс жағына кіретін ауыз жасап, оны ұсақ тастармен өрген.

Осындай оба зираттар Ерейментаудың сыртында да кездеседі.



Өкінішке орай Ұлытау – Ақмола – Атбасар – Нұра – Ерейментау – Сілеті болып жалғасқан осы ғаламат мәдениеттің аса құнды ескерткіштері Тың игеру кезінде сырттан ағылған талғамсыз көптің қолымен қиратылды. Бірқатарын сол жылдарда жаз айларында қора-қопсы салуға Армениядан келетін науқандық жалданушылар құрылыстардың тастабанына салып жіберген. Бүгінгі күнге дейін сақталғандарын есепке алып түгендеп жүрген арнайы орындар жоқ.

\* \* \*


Көзге түскен тарихи еңбектерден Ақмола жайлы мәліметтерді іздеп жүріп, мына бір дерекке назарымыз ауды. «1616 г., между октября 20 и декабря 29. – Отписка тобольского воеводы Ивана Куракина в Посольский приказ отношениях с калмыками и выборе места на р. Ишим для постройки острога» делінетін Ресей архивіндегі құжатта Есіл де, оның маңы да сипатталады.

Воеводаның бұл өлкеге кісі жіберуіне Михаил Федорович патшаның арнайы тапсырмасы себеп болған. Сауран ханы Аблахан Имамқұлдан жеңіліп, осылай қарай ығысқан соң Ресей билеушісінің көмегіне сүйенуді жөн көрсе керек. Сауда жолдарын бірлесіп қорғау, бір бүйірден шаншудай қадалған қалмақтарды да тізе қоса ықтыру жайлы келіссөз жүргізіп, патша осы мәселелерді зерттеуді Иван Куракинге жүктеген. Олар бояр балалары Максим Трубчанинов пен Дмитрий Черкасовты жұмсайды.

Воеводаның солар жеткізген мәліметтері бойынша Михайл Федоровичке жіберілген хабар хатта Аблахан орыс




Шоқан Уәлиханов салған Тотағай мавзолейінің  
жоспары мен жалпы көрінісі




Шоқан Уәлиханов салған Жұбан-ана мавзолейі




Болған – ана мавзолейі



**Талды-Нұра өзенінің бойындағы мүсін**



**Атасу өзенінің бойындағы Түрік мемориалы**



Ерейментау өңірі, Сілеті,  
Торғай өзендерінің бойындағы мүсіндері

шолғыншыларын жылы қабылдап, Ресей саудагерлерін қорғап-қолдағаны, Сібір қалаларына кедергісіз жібергені, бұдан былай да осылай болатындығына сендіргені айтылады. Хан сонымен бірге орыс адамдарын қалмақтардан қорғауға да дайын екенін аңғартады, олар тым еркінсіп кетпес үшін Есіл бойынан қарауылдап тұратын қала салуды ұсынады.

Міне, осы ұсынысты жүзеге асыру үшін өзен маңы зерттелген. Ұлан жазықты ерсілі – қарсылы кезген екеу ақыр аяғында Белая городища деп аталатын алқапқа таяу жер қолайлы деп шешеді. Өзеннің суы мол, аң-құсы көп, осы араға таяу шалқып жатқан көл де өзекті жанның өзегін талдырмайды, балығы жыртылып айырылады.

Біз Есіл бойындағы жерлерді түгендей келіп, бояр ұлдары келтіріп отырған «Белая городище» – Ақмола, ал шалқар көл – Қорғалжын болар дедік. «Ақмола» сөзін олар осылай аударып айтуы әбден мүмкін. Екіншіден, Есіл бойына жақын Қорғалжын секілді үлкен көл бұдан басқа жерде кездеспейді.

Егер осы байламымыз ақиқатқа айналса, Ақмолада қала салу туралы ең алғашқы ұсынысты Иван Куракиннің адамдары айтқан болып шығады.

## II

### АЛТЫ АРЫСТЫҢ АТА ҚОНЫСЫ

Ресей тарихшылары мен саяхатшылары Сарыарканы ерсілі-қарсылы емін-еркін аралағанда елдің этникалық тегіне, шежіресі мен әлеуметтік құрылымына, дәстүрлері мен ішкі қарым-қатынасты реттейтін заң-қағидаттарына айрықша назар аударған. Ел аузынан көптеген аңыз-әңгімелерді жазып алған. Сондай шежіре сөздің бірі И.Шангинде де бар. Ол «Дневные записки путешествия в степи киргиз-кайсаков Средней Орды» жазбаларында Ақмола қазақтарының тарихи эпсанасын бастан-аяқ келтіреді.

Сол баянға сенсек, Орта Жүздің алты арысы Сібір халқынан бөлінген, өздерін еркінбіз, қайсақпыз деп даралаған қалың елдің бір саласы. Бас араздықтың кесірінен осылай жіктелген жұрт Қазан қаласы мен оның маңайына шоғырланады. Дербес хан сайлайды, ел тізгінін Алаша есімді өжет жігіт қолына алады.

Табиғатынан қызба, жаужанды Алаша қол астындағы халықты топтастырып алған соң байлықтан көше алмай отырған Бұхарға аттанады. Қиянкескі соғыста тас-талқан жеңіліп, қолға түседі, Әзірет Сұлтанға зынданға лақтырылады. Елі таланады, жері тоналады. Бұхар сұлтандарының езгісінен есеңгіреген жұрттың өзіне қараған пұшпағын ертіп, елдің Алашадан кейінгі сүйенері болған Дайырқожа жырыла көшеді. Сол кеткеннен мол кетіп, Орда өзенінің бойына жетіп тоқтайды.

Бұл қай жер екенін көзге елестету үшін Орда өзенінің қазіргі Орск қаласы тұрған тұсы екенін Шангинге сүйене отырып айта кетейік.

Дайырқожаның парасаттылығы, маңайдағы мұңғол, торғауыттармен тіл табыса білуі елдің тыныш өмір сүруіне, әлденіп нығайуына жағдай туғызды. Ол дүние салған соң хан тағына үлкені Қарақожа отырды.

Тумысынан көшелі, әр қадамын тоқсан толғанып елестейтін ұстамды хан да халыққа жайлы болды. Ел атысшабыссыз өсіп-өнді. Орда маңы тарлық ете бастады.

Осыны ойлаған Қарақожа қол астындағы жұртты бөліп, бес ұлына енші беріп еркіне жіберді. Олар – Арғын, Найман, Қыпшақ, Уак, Керей еді.

Қарақожа қайтыс болған соң Арғын Бұхар, мұңғол, хива, торғауыт жайлаған өңірлермен тиімді байланыс орнатады, әрі әскери қуатымен да сескендіре алады. Қанатын кеңге жайып Арғын елін құрады. Одан кері серпіліп, Сарыарқаның кең даласына көсіле қоныстанады.

Бұл ауыз-екі әңгіменің ақиқаты қайсы, аңыз қайсы екенін айыру оңай емес. Қайткен күнде де бір қисыны барлығына

күмән жоқ. Ал Ақмола-Қараөткелге Орта жүз руларының қашан келіп орныға бастағаны жайлы ғылыми негізі бар зерттеулер 1896, 1897, 1848 және 1900 жылдары дүркін-дүркін жүргізілген. Осы зерттеулердің қорытындысы 1909 жылы Черняев қаласында «История заселения уезда и современные его населения» деген атпен басылып шыққан. Сол алғашқы жариялымына шағын кіріспе жазған Е.Добровольский зерттеуге Әлихан Бөкейхановтың да қатысқанын атап көрсетеді.

Патшалық Ресейдің елді отарлау саясаты үшін аса қажетті бұл шаруаға орыстың көптеген тәжірибелі ғалым-сарапшыларымен бірге қазақ оқығандары да ішінара тартылыпты. Я.Ақпаев, Құдайқұлов, Д.Сатыбалдин, С.Сәтбаев, Тілекиев, М.Шомбалов секілді азаматтар регистраторлар ретінде араласқан.

Е.Добровольскийдің баяндауынша зерттеу жұмыстары әуелі Ақмола уезінің жартысын қамтиды. 1896 және 1847 жылдары оның солтүстік қапталында әскери – топографиялық түсіру шаралары жүзеге асырылады. Қалған бөлігі рекогносциралық жолмен түсірілген. Бұл жетімсіз болғандықтан екінші Ақмола жер бөлу партиясының күшімен тағы да арнайы түсіру жұмыстары жүргізілген. Осы дайындық шараларынан соң ғылыми топ білек сыбанып іске кіріскен.

Е.Добровольский кіріспе сөзінде аталған қам-қаракеттің де жетімсіз болғанын, зерттеу кезінде асығыстық байқалғанын, уезд аймағы бәрі бір толық қамтылмағанын ескертеді.

Экспедицияны Ф.А.Щербина басқарған. Зерттеу қорытындысын соның жетекшілігімен Л.К.Чермак, Н.Ф. Дмитриев, В.А. Владимирский есімді мамандар қырғаған.

Зерттеушілер өңір халқының тарихын түркі тайпаларының тұсынан таратады. Бұл кезді христиандық жыл санауға дейінгі екінші ғасыр деп белгілеген. Одан ертеде уездің оңтүстік – шығыс қапталында шалқып жатқан Балқаш көлінің маңында Үйсін тайпасы көшіп-қонып жүріпті.

Осышамада батысқа қарайлықсыған Ғұндароны ығыстырып, қазіргі Ақмола жеріне ілігеді. Сол ұлы көштен кімдер бөлініп

қалғаны нақты анық емес. *Өңір елінен жазба деректерде ең алдымен ауызға алынатындары – Қарақыпшақтар мен Алшындар. Арғындар мен Наймандардың аймақта қара таныта бастаған кезі ХІҮ ғасыр. Олар әуелі ат басын Нұра өзенінің оңтүстік-шығысына тіреген.*

1465 жылы Түркістан өлкесінде Өзбек ханның қарамағында жүрген елдің үлкен бөлігі суырылып шығып, Қазақ ұлысын құрады. Ұлыстың құрамына енген жұрттың біразы Нұра мен Есілді төңіректейді.

Жоңғарлар мен қалмақтардың ХҮІ ғасырдағы қазақ жеріне жорығы Ақмола аймағындағы Арғын-Найманға қаншалықты зардапты болғаны белгісіз. Ал шапқыншылар ХҮІІ ғасырда қайта қаптағанда Есіл мен Тобылға дейін жеткен. Ақмоланың сар даласына бойлап енген.

Осындай жағдайда қалың Арғын-Найманның теңіздей толқымауы, қоныстарында қозғалыссыз отырып қалуы екіталай.

Арада ғасыр өткенде, 1723 жылы жоңғар-қалмақтардың тағы бір шабуылы аласапырандатады. Бұл кез Жоңғар мемлекетінің барынша күшейген шағы еді. Бір жағынан осы қуат, екінші жағынан өзінен әлдеқайда әлді Қытайдың дүмпүй шыдатпай қазақ топырағына лап қойды.

Сұрапыл алдында Ақмола елі Есіл мен Нұра, Сарысу өзендерін жағалай көшіп-қонып жүретін. Тұтқиылдан тап берген күшті жаудың қысымымен олар Тобылға, қайсыбірі Оралға қарай ығысады. Осы жөңкілу 1756 жылға дейін жалғасады. Сол жылы қазақтар іштен, Қытай сырттан соққы берген жоңғарлар біржола күйреп, ел ата қонысына қайта ойысады.

Алайда қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын бейбіт күннің ауылы алыс еді. Арқа қазақтарына ХҮІІ ғасырда Қытай оңтүстік-шығыстан, Қоқан хандығы оңтүстік-батыстан, Ресей солтүстік-шығыстан сес көрсетіп тұрды. Үш жақтан айқын сезілген, түбінде тыныш қоймайтын қауіп түбегейлі тұрақты заманға жетелейтін нық шешімге келуге итермелеумен болды.

Қазақтар, оның ішінде Орта Жүздің естілері ХҮІІ ғасырда Петр біріншіден сауға сұраған. Алайда бұл емеурін қабылданған жоқ. Осы бағыттағы кам-қаракеттер 1734 жылы ғана нәтиже берді, Орта Жүз Ресеймен тіл табысып, оның карамағына өз еркімен енді.

Бұл қосылудың соңы немен тынғаны белгілі. Қазақ қауымы Қытай мен Қоканнан сескенбейтін болғанымен, орыстың отарлау саясаты аранын ашты, Ертіс, Есіл бойына қарашекпендер қаптады, казак бекіністерінің тұтас жүйесі жасалды. Қараөткелде Ақмола бекінісі тұрғызылып, ол 1832 жылы округтік қала атанды.

Біз бұл кезеңнің тарихына кейінірек арнайы тоқталамыз. Қазір әңгіме желісін үзбей, Ақмолаға қоныстанған елдің жай-жапсарын әрі қарай баян етейік.

*Дерек көзіне айналдырып отырған зерттеу бойынша Ақмола – Қараөткелде ХІҮ ғасырдан бері іргесі сөгілмей келе жатқан елдің қалыңы – Арғын. Оның ішінде Арғынның Мейрам бұтағы.*

ХІХ ғасырдың бас кезінде осы құтты өңірге тамыр жайған Мейрам ұрпағының тарихы он төрт атаны құрап үлгерген екен. Бұл шамамен үшжарым ғасырға тең.

Мейрам балаларының кіндік қонысы Ақмола – Қараөткел болғанымен, жаз бен күзде Есіл, Нұраны молынан жайлап, Ертіске бойлап енген. 1600 жылдары әлді жоңғар қысымымен, әлде басқа себеппен, Алатаудан бір шоғыр қырғыз ауып келген демесек, Мейрам жұрты тұтастығын бұзбай сақтаған. Сол шамада Қарпық руының бір қоныс елі жер сұрай келеді. Мейрамның Қуандық буыны өсіп-өніп, халықтың басым бөлігін құрайды.

*Қолдағы деректі жинаушылар Керейдің Абыз руы осында ХҮІІІ ғасырда белгілі бола бастаған деп түюеді. Олар Моншақты тауының қос қапталындағы қалың қарағайды сағалаған. Сырдан құлаған Қанжығалылар Ерейменнің етегін таңдайды, бір бөлігі Сілеті өзенін жағалай жайғасады. Тағы*

бір саласы Моншақты жоталарына қарай бет алғанымен, ол жақтан қатары ұдайы молайып отырған Керейлер қайта ығыстырады.

*Зерттеу қорытындыларынан Ереймен ертеден Қыпшақ жұртының байырғы мекені болғанын да білдік.* Оның Нұра мен Торғайға қарай лықсуы қанжығалылардың осында қоныс аударуымен байланысты. Ежелден жаугер, бірбеткей Қанжығалы қыпшақтарға дамыл таптырмаса керек. Екінші себебі Арғынның Тобықты және Сүйіндік руларының Ерейменді жаз жайлап, малдың өрісін солай қарай кеңейте бергендігі.

Арғын ішіндегі Мейрам, Қуандық бұтағының Арқаға, оның ішінде Ақмола – Қараөткел төңірегіне қай жақтан бет бұрғаны туралы негізінен жалғыз жорамал айтылады. Оңтүстіктен ағылды делінеді. Осы ата бұған дейін Қаратау маңын мекен еткен дейтін дәйек те кездеседі.

Тағы бір болжам Арғын елінің оңтүстікпен қатар Ұлытау өңірін ежелден жайлағанынан хабар береді. Мейрам балаларының оңтүстіктен Арқаға, нақты айтқанда Есіл мен Нұра аймағына жетуі осы қалың жұрттың Сарыарқаны тұтас иемденуіне мүмкіндік туғызды.

Осы жылдары оңтүстіктен қозғалған қуандықтардың қомақты бір бөлігі Ертіс пен Қарқаралы аймағына тарала қонса, Кенесары көтерілісінің қарсаңында Ақмола – Қараөткелге бет түзеген. Қалың легі Қорғалжын көлі мен Тенізді қаумалай орнығады.

Қыпшақтардың Торғайға өтпеген бөлігі Есілдің батыс жағына, әсіресе Дамса, Калутон өзендерінің бойына біржола тұрақтаған. Кейін заты естек, өзін құлан қыпшақ санаған Ыбырай Жайықбаев сұлтанның пәрменімен Ақмола уезіне қайта тартылады.

Орта Жүздің негізгі аталарының ішінде Найман және Уақ саны жағынан бұл жақта тым аз. Наймандар Есіл мен Қарағаш, ал Уақ Қызылтопырақ болыстарында оқшауланған.

Арғын, Найман, Қыпшақ т.б. елдің ХІХ ғасырдың басында қанша ауылдардан тұрғаны туралы зерттеу мәліметтері төмендегідей:

Ру	Ауыл саны	Шаруашылық саны
Арғын	1626	11194
Керей, Уақ	335	2789
Қыпшақ	189	1764
Төре, Төлеңгіт	107	928
Қара қырғыз	43	359
Басқалары	203	1593

А.Н.Седельников, А.Н. Бөкейханов және С.Д.Чадов әзірлеген уезд халқының тарихы туралы тағы бір ғылыми-зерттеу еңбегінде жоғарыда келтірілген деректер тарқатыла келіп, Орталық Қазақстандағы ел саны нақты көрсетіледі.

ХҮІІІ ғасырдың соңында Ақмола, Семей және Торғай облыстарында 875000 адам болған. Мұның ішінде Орал губерниясындағы Орта жүз рулары да бар.

Дала губернаторлықтары берген 1890 жылғы есепте де осы сан қайталанады. Атап айтарлығы – бұл көрсеткіш барлық қазақтардың 58 пайызын құрайды делінген. Соған қарап күмән келтірдік. ХІХ ғасырдың басында барша қазақтың 3 миллионға жетпеуі күдіктендіреді. Егер губернаторлар қол қойған құжатта Қытай, Хиуа, Бұхар қазақтары қоса есептелді делінсе, тіпті сенімсіз. Тәрізі Ресей қазақ санын сонау ХҮІІІ ғасырдан бері қасақана азайтып көрсетуді мақсат етсе керек.

Әлгінде кестеде берілгеніндей тек Ақмола – Қараөткелдегі Орта Жүз қазақтары жалпы алғанда 2353 ауылды құраған. Әр ауылда кемі 200 жан бар дегеннің өзінде осы өңірдегі Арғын, Қыпшақ, Керей мен Уақтың саны 600 мыңға жетіп жығылады. Ал оған Семей, Торғай, Орал елін қоссаңыз, 875 мыңның мүлде кем соғатыны сөзсіз.

Рас, жоңғаршапқыншылығы әбігерге салды, халықшығынға ұшырады, ауды, көшті. Алайда Арқа қазақтарының, оның

ішінде Ақмола, Торғай, Есіл – Нұра өңірінің елі соншалықты қырғынға душар болмағаны тарихтан мәлім. Ауған ел жаудың беті қайтысымен іле-шала кері оралып отырды.

Тілге тиек еткен зерттеудің осындай олқы жағы бар. Одан отарлау саясатының салқынын сеземіз. Байырғы жұртты әдейі кемітіп көрсету патшалық Ресейдің кезінде де, коммунистік режимнің тұсында да дағдыға айналғанына дәлел жеткілікті.

Зерттеуден іздеп таба алмаған дәйегіміздің бірі – Ақмола жеріне Арғыннан бұрын келген Алшынның бұл аймақтан қашан және қандай себеппен кеткендігі.

Бөлімді қорытындыласақ, Ақмола – Қараөткелдегі Арғын елі осы өңірге қай жақтан келгендігі жөнінде әртүрлі жорамал айтуға болады. Соның ішінде Қаратау мен Талас бойынан бері жылжыған деген пікір бәрінен салмақты.

«Тараз ғасырлар куәсі» тарихи еңбекте Тараздың ҮІІІ ғасырда Арғу – Талас, Алтын – Арғу, Талас – Ұлыс атауларымен белгілі болғаны дәлелді айтылады. Арғындардың осы қалаға қатысы бар екендігін айғақтайтын дәйектер Махмұд Қашқаридің «Түрік сөздігінде» (Алматы «Хант» баспасы. 1997 ж.) де жеткілікті.

Біз үшін, қазақ халқы үшін аса құнды осы сөздікте «Арғу» екі таудың арасы деп аударылса, келесіде Тараз бен Баласағұн ортасындағы шаһарлардың «Арғу» деп аталатыны баяндалады. (157 бет) «Қапұш» сөзі Арғу еліндегі жердің аты дейді. Бұл жер Тараздан қашық емес.

Атақты Зұлқарнайын (Александр Македонский) Арғу еліне жеткенде қатты сел болып, жолдар езіліп батпаққа айналған. Осы жерге кейін қорған, бекеттер салыныпты. Сол қорғандарды «Шігіл» атаған, кейін бұл ат бүтін бір тайпаға берілген. Махмұд Қашқари осылай тарата келіп «Шігіл» Тараз-Талас қаласының жанындағы қалашық деп тоқтайды.

«Арғу» қазіргі Арғын екені бүгінде қайта-қайта дәлелденген. Олай болса, Арғын елінің атажұрты Талас пен Тараз болғанына иланамыз және осы әулеттің Ақмола-

Қараөткелге сол жақтан келгеніне күмәнданбаймыз. Қаратау мен Ұлытаудан бері құлаған легі де қомақты болған.

Акмола-Қараөткел өңіріндегі Арғын елі туралы қозғалған әңгіменің желісінде айтылуға тиісті бір мәселе – осы қалың жұрттың ежелгі тарихы Қытай, Еуропа, Шығыс және Ресей жылнамалары негізінде зерделі зерттелмей келе жатқандығы. Біздің қолымызда Арғын әулетінің сонау Ғұн империясын құраған тайпалардың үлкен шоғырына барып тірелетіні жайлы сенімді деректер жетекілікті. Оларды саралау осы еңбектің мақсаты болмағандықтан мына бір тарихи дәйекпен шектелмекпіз.

Филология ғылымының кандидаты, Оңтүстік Қазақстан университеті Түркістан филиалының кафедра меңгерушісі Орынбай Бекжан «Көне Арғын мемлекеті және оның жазуы» мақаласында («Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер». Алматы «Ғылым» баспасы. 2001 ж.) Енисей ескерткіштерінде Е-49 болып белгіленген көне жазуларды өзінің алдында зерттеген С.Аманжолов секілді ғалымдардың ізімен тарқатып, қазақ тілінде аударып берген. Сол жазулар бізбен былай тілдеседі:

1. Жүз ағайын-туғанымнан, алты халқымнан (тайпамнан) айырылдым (ажырадым).
2. Ер атым Қылыштық Ынал өге мен жетпіс жасымда.
3. Ердің ерлік данқына сай (соғыста) қырық екі атты соғысқа жықтым. Жаудың отыз ерін өлтірдім. Еске алындар.
4. Алты тайпалы халқымның күштілігі, күшеюі үшін (Өзі) Арқырт елінде (жасады). Тасын мұнда тұрғызды.

Мақала авторы «арқырт» сөзі жанындағы «ел» сөзімен тіркескеніне қарағанда мемлекет аты екендігі дау туғызбайды деп түйеді. «Арқырт» екі сөзден құралады: арқы – М.Қашқари сөздігінде Арғу елі мен жерінің аты. Қазақ тілінде Арғын тайпасының атымен, Арқа, Сарыарқа жер атауларымен кеңінен танымал сөз. Ал «ырт» – жұрт сөзінің мағынасын береді. Яғни Арқырт арқу/арқы/арғұн/ арғын елінің, Арқы мемлекетінің екінші атауы.

Ғалым белгілі түрколог Д.Василевтің еңбегіне сүйене отырып «ер ерім үчүн: інім: ерт мек: егім: ұйыр: арқұн/арғұн: ел үчүн: бең: күмін: тіке: берті» сөйлемін. «Ер (дің) ерім үшім, інім, інімді ертетін ағам ұйыр, ұйысар, ұйытар Арғын елі үшін мәңгі тасымды тұрғыза берді» деп аударған.

Біз мақаланың транскрипцияға қатысты нақты ғылыми дәйектеріне тереңдеп кетпей, мақала иесінің Енисей ескерткіштерінде «Арқы йері» тіркесі кездесіп тұратынын, оның сол жазбаларда үнемі Арғұларға (Арғындарға) қатысты келтірілетіні жайлы пікірін айтумен шектелейік.

«Арғұлардың өздерін арқұн/арғұн деп шамамен ІХ-ХІІ ғасырлардан атай бастағаны жоғарыда келтірілген ескерткіштерден байқалады, – деп қорытындылайды О.Бекжан. – Ал монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде басқа түркі тайпаларымен қоян-қолтық араласқан соң Арғын атына толық ауысқаны күмән келтірмейді» (Аталған еңбек 482 бет.).

## **Бөгенбай – Арқаның Ақмола қапталында елін жаудан талай-талай қорғаған батырлардың аруақтысы, исі қазақтың нар тұлғасы**

- 1710 жылы Үш Жүздің Қарақұмда өткен құрылтайында қазақ әскерінің бас қолбасшысы болып сайланады.
- 1723 жылы батыр басқарған қазақ қолы Бұланты мен Бөленті өзендерінің бойында жоңғарларды ойсырата жеңеді.
- 1730 жылы Төле бимен тізе қосып, Алты Алашқа «Арғанатыға жинал!» деп ұран тастайды. Үш Жүз Ұлытауда тізе қосады.
- 1733 жылы Кәрітауда (Ерейментауда) Уса Серен әскеріне күйрете соққы береді.
- 1756-58 жылдары Шығыс Түркістанның Талқы асуында Қытай жасағымен ұрыс жүргізіп, Үрімші мен Тұрпан қалаларынан асыра қуады.
- 1761 жылы Абылайдың Әділ деген баласын ертіп, Қытайға келіссөз жүргізуге барады.
- Батыр елу жыл қол басқарып, майданға 103 рет кірген.



### III ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ

Әңгіме желісін ендігі кезекте Қанжығалы қарт Бөгенбай тұсындағы жоталы оқиғалар және батырдың қаһармандық жолы арқылы байытайық. Бұл баянымызға қазақтың қамал қорғаны атанған Қанжығалы қарт Бөгенбай мен оның өз кіндігінен тараған, ұлт тарихында есімдері мәңгі қалған ұрпақтарының өмір жолы жайлы баяндауға тырыстық. Бөкеңнің ерлігі туралы шамырқана жырлаған Бұқар мен Үмбетей сынды дүлдүлдердің бізге жеткен толғаулары, тарихшы-зерттеушілердің нақты деректерге құрылған ғылыми талдауларын негізге алдық.

Тарихтың тәлкегі алауыздықтан туындап отырғанына арғы-бергі заманда дәлел көп. Соның бірі бұдан үш жүз жылдай бұрын болған қазақ-жоңғар соғысында халықтың әуелден басы бірікпегені, жойқын ұрыстың алдында үш жүздің үш жақта шашырап жатқандығы еді. Көрнекті тарихшы, төңкерістен бұрын Петербордағы I Александр атындағы жол қатынасы инженерін дайындайтын институтты үздік бітірген қазақ оқығаны Мұхамеджан Тынышбайұлының дерегіне сүйенсек, қалмақтармен арадағы соғыс жеңіске ұласар тұсында ел екіге бөлініп, бір тобы (Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігі) орыс шекарасына қарай ығысса, екінші легі жаудың ауыр соққысына ұшырап, қытайлар жоңғарларды жойып жібергенге дейінгі 30 жыл ішінде қансыраумен болды.

Жалпы қазақ жұртының тұтасуын қалайтын замани оқиғалар тарихта аз кездескен жоқ-ты. Қалмақ атауымен мәлім монғол рулары 1399-1408 жылдарда-ақ бас көтеріп, манайын ұлардай шулата бастаған болатын. Олар алғаш керейлерге түре тиісті, 1430 жылы үйсіндер мен қырғыздар жайлаған Ыстықкөлге ат басын тіреді, 1447 жылы Сырдария өңірін қанқақсатты.

Арада оншақты жыл өткенде қалмақ жұртының айбы-

ны басылып, қазақтар еңсе көтере бастайды. Үйсіндер мен қырғыздар қосылған Шағатайлық Сейіт ханның ұлы Рашид хан 1522-1524 жылдары қалмақтарды ойсырата жеңсе, Тәуекел екіге бөліп тастайды.

Қазақ әулеті жаудың тауы шағылды, осымен іс бітті деп, артынша бейғам жатқанға ұқсайды. Олай дейтініміз қалмақтар 1600-1610 жылдары қайта дәуірлеп, Тары, Түмен аймағын шауып, кейін Еділ өзенінің бойын өрлей шабуылдаған. Қазақтар қуғын-сүргінге ұшырап, Ұлытауға асады. Осы тұста тарих төріне Тәуекел ханның інісі Есім шығады. Ол Ыстықкөлдің шығыс жағындағы қалмақтарға жорық жасап, бірде жеңген, бірде шегінген.

Қалмақ сойқандары XVIII ғасырдың бас кезінде ел тізгінін ұстаған Тәуке ханға да маза бермеген. Ол жігерлі, әскери іске жетік текті адам еді. Дұшпанға қарсы қайратты кимыл ұйымдастыра алды. Қалмақтарды Тәуекел секілді екіге жарып тастап, күшін әлсіретті. Бірақ бұл жеңіс ұзағынан сүйіндірген жоқ. Тәукенің ынжық мұрагері Болат ханның тұсында қалмақтар қазақ даласында еркін жортып жүрді.

Тарихшылар қалмақ әскерінің осы кездегі көп жеңісінің бір себебі – оларда зеңбірек болған еді деп жорамалдайды. 1709 жылғы Полтава түбіндегі ұрыста тұтқынға түскен швед артиллериясының сержанты Иоганн Густав Ренат қалмақтарға осындай қаһарлы қаруды құюды үйреткен. Ренат олардың арасында 1733 жылға дейін жүрген.

Осы арада қазақ-қалмақ қонысының шекарасын ажыратып алғанымыз жөн. Олар Ертіс өзені мен Балқаш көлін, Шу мен Таласты бойлай отырды. Тарихи деректерде қалмақтардың 1723 жылы басталған, қазақтарды ақтабан-шұбырындыға ұшыратқан жойқын шабуылына алғаш ұшыраған Талас пен Арыс өзендерінің орта ағысына дейін жайылған садыр наймандар екені айтылады. Олар басқыншылардың тегеурініне шыдай алмай жеңіледі. Садырдан шыққан Жомарт батырдың тоғыз ұлымен ұрыс үстінде өлетіні де осы тұс.

Қалмақтар салған беттен қатты қарсылық көрмей, қазақ жеріне сұғына енді. Ел басы ауған жаққа сенделді. Ұлы жүз бен Орта жүздің шағын бөлігі Ходжентке кетсе, Орта жүздің көбі Самарқанға, Кіші жүз Хиуа мен Бұхараға ығысты. Ал бұл жаққа жол таппай торықан арғындардың бір бөлігі жер жағдайына қарай Қаратаудан солтүстік Батысқа, Торғай дала-сына ағылды. Ал Бетпақдала мен Ұлытауды мекендеген қалың арғын қалмақтардың зардабына көп ұшырай қоймаған.

Босқын елдің ендігі бір легі Жиделі-Байсынға иек артады. Бұл жерде Жиделі деп отырғанымыз – тау, Байсын – шығыс Бұхарадағы қала. Белгілі тарихшы Левшин шұбырған осы елдің жайы туралы былай деп жазады: «Шұбырындының айрылмас серігі – қайыршылану мен аштан қырылу еді. Күн сайын олардың отарлары мен үйірлері азая берді. Сондықтан айырбас сауда мүлде тоқтады. Қайыршылық пен қайғы қасірет бүкіл халықты қамтыған болатын. Біреулері аштан өліп жатса, енді біреулері әйелін, бала-шағасын тастай қашты. Ақырында қашқындар бір жерге тоқтады. Қай жерге дейсіз ғой, көшпелі халыққа мүлде қолайсыз тап-такыр қу далаға. Мұндай бақытсыздық жағдайда, әрине қазақтар ұзаққа шыдамас еді. Оларға алдарында тұрған екі жамандықтың жеңілдеуін таңдау керек болды. Азып-тозу, ашынғандық өздерінің бұрынғы отанын қайтарып алуды ойлауға, сол үшін күш-қайрат жинауға жұмылдырды. Бастарына төнген қауіп-қатер оларды татуластырып біріктірді де, мақсатты ортақ шешімге келтірді».

Бұл қылаусыз шындық еді, басы сірә да біріге қосылмайтын қазақтың енді тас түйін жұмылудан, елді жаудан тізе қосып қорғаудан, алалықты ұмытудан басқа амалы қалған жоқ. Дулат жұртында сақталған әңгімеге сенсек, сол тұста Ұлы жүздің қолы Сырдариядан өтіп, Қазықұрт тауының батысындағы Келес Бадам асуынан асады. Орта жүздің әскері солтүстіктен көтеріледі. Кіші жүз Қаратаудың батысынан құйылады. Сөйтіп қалмақтарды ойсырата жеңеді. Соғыс болған жер

қалмақтар аңырай қашқандықтан «Аңырақай» атанған. Ол Диваевтың айтуынша Арал теңізінің солтүстігіндегі таудың Алакөл жағы, Итішпес деп аталатын көлдің жаны. Енді бір аңыз бойынша Аңырақай бұл маңда емес, Балқаштың оңтүстік жақтағы айдынынан 12 шақырым жердегі Итішпес көлінің қасындағы жер. Осы жерде де Алакөл делінетін шығанақ бар. Соның оңтүстігінде «Әбілқайыр», «Сұңғайты» таулары, «Ақсүйексай», «Хантау» көзге ұрынады. Осы тауларда болған адам «Үлкенордақонған», «Кішіордақонған» шатқалдарын табар еді. Бұл хандар шатырлары тігілген жерлер. Ендеше шындыққа әбден жанасымды.

Тарихшы М. Тынышбайұлы «Ақтабан-шұбырынды» атты мақаласында Шымкенттен 30 шақырым жердегі Ордабасы тауына назар аударады. «Боралдай және Қошқарата өзендерінің бас жағындағы Арқалы тауда «Үлкенордақонған», «Кішіордақонған» деген екі шатқал бар, – дейді ғалым. – Әулиеатаның шығысындағы Ақыртөбе және Подгорный станцияларының қарсы алдында «Сұңғайты», «Әбілқайыр» деген екі сай бар. Шабуылға шыққан үш топтың кездесуі біздіңше Ордабасы тауында өтті. Алатау мен Қаратау қоршаған, Арыс пен Бадам өзендері өтетін түйетайлы жазық, тау-тасы кезектескен, жоталы өңір бірте-бірте ойлы-қырлы далаға айналады. Аса биік болмаса да, Ордабасы тауынан сол маңайдың бәрі алақанға салғандай көрініп тұрады. Арыстанды және Шаян ойпаттарынан көтерілгенде, көзге бірден осы Ордабасы шоқысы шалынады. Енді бұған Ордабасының қасынан Бадам өзені ағып өтетінін, сол жерлердің қалың шөбін, көгалдай кілемін, Ордабасының артындағы көп сайларға қазақтардың қалың қолы жасырылуы мүмкіндігін қоссақ – бұл жерде қазақтардың негізгі күші жиылған бас қосыны болғаны өзінен өзі түсінікті. Осы жерде қазақтардың өзара ант берісіп бас қолбасы етіп Әбілқайыр ханды сайлағанына, халық дәстүрі бойынша іс оңға басу үшін құрбандыққа ақбозаттың шалынғанына біз тіпті сенімдіміз».

Ғалым бұл сенімін Левшиннің деректерімен дәйектейді. Ал академик Манаш Қозыбаев «Ел – ебелек емес, ер кебенек емес» деген мақаласында «1730 жылы тамыз айының аяғында Іле өзенінің Аңырақай ағысының тұсында қазақ жасағы жауды жеңіп, ұлы жеңіске жетеді», – деп жазады. Осы мақалада XVIII ғасырдың 20 жылдарының басында (1723 ж.) жоңғарлардың бір қолы Тарбағатай, Сауыр жоталарын асып, екіншісі Тұрпаннан шығып, Жоңғар – қақпасынан өтіп, Итішпес-Алакөл маңында соғысты» деген жолдар бар. Мәкене сенсек, Аңырақай Іленің ертеден бар бір ағысы. Итішпесте жоңғарлармен Қабанбай шайқасқан.

Енді бір мәліметтерде, атап айтқанда Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлиханның «Абылай» атты мақаласында үш жүздің өкілі Ордабасы тауында бас қосып, жаумен тізе қоса соғысуға бел байлайды. 1726 жылы қазақ қолы Бұланты өзенінің бойында, Қара сиыр деген жерде қалмақтарды бірінші рет жеңеді. 1729 жылы Балқаш көлінің оңтүстік шығысындағы Итішпес көлінің жанында жауды екінші рет талқандайды.

Бұл кезде қазақтардың ханы Болат болатын. Ал қалың қолдың қолбасшысы Әбілқайыр еді. Әлде ханның осалдығы, әлде қазақтың ескі алауыздығының жеңгендігі ме, осы керемет маңызы бар жеңіс әрі қарай дамытылмай, үш жүз бет-бетімен кетеді. Тарихи әңгімелерде бұған Әбілқайыр, Сәмеке және Әбілмәмбеттің өзара келісе алмауы себеп болған делінеді. Тегінде ақиқаты да сол болса керек.

Осының бәрін бір ретке түсіріп, ғалымдардың кейінгі деректеріне ден қойғанда, Ақырақай Балқаш көлінің маңында болған шайқастан қалған ат екеніне тоқтаған дұрыс сияқты. Ал жалпы қазақ-жоңғар қақтығыстарына келсек, екі арадағы ұрыстар 1711-12, 1714-1718, 1723-25, 1742-жылдары болған. Солардың ең негізгісі – 1730 жылғы Аңырақай, 1733 жылғы Ереймен шайқасы.

Енді соңғысына қысқаша тоқтала кетелік.

1733 жылы Уса-Серен бастаған жоңғар қолы Қара Ертіс жақтан Зайсанға ілігіп, одан Аякөзге тұяқ тіреп, Қарқаралы,

Баянауыл тауларын асып, Ерейменге топтанады. Жаудың беталысын күні бұрын бақылап, қам жасап отырған қос батыр – Бөгенбай мен Қабанбай Орта жүз қолын ұрысқа әзірлейді. Өлеңті өзені мен Ерейментау аралығында қан майдан басталады да кетеді. Шайқас алдында Галдан-Сереннің үлкен баласы Сары-манжа жекпе-жекте қазақтың екі адамын өлтіріп, мысы басады. Сонда жас Абылай топтан суырылып шығып, Сарының түбіне жеткен екен. Болашақ ханның «Абылайлап» ұран тастап, жауға түре тиетін, аңызға айналған алғашқы ерлігі, атын шығарған қаһармандығы осы жолы еді.

Жоңғарлар бұл ұрыста қатты соққы алады, қирай жеңіліп, кері серпіледі. Өкінішке орай тарихшылар мен зерттеушілер, әдебиетшілер осы тарихи ұрыс туралы не айтпайды, айтса екі ауыз сөзбен тәмәмдай салады. Біздің парызымыз – сол ұрыстың жай-жапсарын барынша терең білу, шайқас өткен жерге белгі салу, оны тарихтың мәңгілік жадына сіңіру.

Сөз орайы келгенде айта кетейік, Ерейментаудың аты осы ұрысқа әкеліп телінеді. Сары-манжаның аты иесі өлгенде ерімен қаша жөнелсе керек. Содан ерімен ат қашқан тау деген тіркес туып, бара-бара Ерейментау аталса керек. Мұның қаншалықты дұрыс-бұрыс екені қазіргі ұрпаққа анық емес. Тек Ерейменнің одан ертеде Кәрітау аталғаны белгілі. Бәлкім Ерейментау атауы әуелде шайқас өткен жердегі бір биік шоқыға беріліп, келе-келе бүкіл тауға ортақ болды ма?!

Бөгенбай батыр тұсындағы зар заман 1742 жылға дейін созылды дейміз. Осы ұзақ айқас, ел болып сақталып қалу жолындағы қанды шайқас өз кезеңінің ұлы адамдарын тарих сахнасына шығарды. Олар: айбатты да данышпан Абылай, Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ ұлы Жәнібек, Серкеқара, Тілеуке, Шапырашты Наурызбай, Құдаменді Жібекбай, Сеңгібай мен Шүйкебай, Таңсықожа, Мамыт, Қасқараұлы Молдабай, Айнақұлы Батый, Атан, Жантай, Досай, Олжабай батырлар, Бура, Ақпантай, арғыннан шыққан Аралбай, Байғазы, ақын-жыраулар Бұқар, Үмбетей, кеменгер билер – Төле, Қаздауысты Қазыбек пен Әйтеке.

Осы тарихи ұрыстардың бәріне қатысқан және қолбасшы болған, ерен ерлік көрсеткен Бөгенбай батырдың ғұмырна-масына дербес тоқталайық. Ұлы тұлғаға арналған перзенттік құрмет, аруағына бағыштаған дұғамыз болсын.

**Қанжығалы қарт Бөгенбай.** Бөгенбай батыр Орта Жүздің бел баласы, руы-қанжығалы, осы үлкен атаның Жапар буыны-нан. Кеңес кезінде оны қарадан шыққан еді деп, сол заманғы идеологияға жұғыстырғамыз кеп, шыққан тегін кедейлендіріп те көрдік. Анығында Бөкең әуелден әлді болған батырлар әулетінен. Ұлы атасы Әлдеуік Енсегей бойлы ер Есімнің даңқы шыққан батыры екен. Ғұмырының дені ат үстіндегі жорықтарда өткен. Ел аузындағы, кейбір жазба деректердегі мәліметтерге сенсек, көбіне өзбек Қатаған ханмен алысқан. Одан 12 қаланы қайтарып алғаны үшін Түркістан шаһарының әміршісі болыпты.

Әлдеуіктен Ақша туған. Бұл да заманында бет қаратпаған қаһарман, әйгілі баһадүр. Тәуке ханның сеніміне ие болған жырынды сардар. Ханның 80 мың сарбаздан тұратын қалың қолын басқарған. Үмбетей жырау:

*Уа, Алатаудай Ақшадан,  
Асып тудың Бөгенбай,  
Болмашыдай анадан.*

*Болат тудың Бөгенбай,* – дегенде сол Ақша батырды айтып отыр. Осыдан кейін Бөкеңді қарадан шыққан дегенге кім сенер. Бабалары Тәуке мен Есімнің атақты батырлары болса, қол басқарса, хандармен бірге ел басқарса, тегіндігінен бе, кесек біткен ерекше жаратылысынан да. Бөгенбайдың аталары да оның өзі де тектілерге-тек, бектерге-бек болған.

Бөкең-Ақшаның үшінші баласы. Сырдария өзенінің орта тұсындағы Бөген өзенінің бойында дүниеге келіпті. Анасы-Сандық. Батырдың туған жылы туралы әлі күнге дау көп. Академик М. Қозыбаев 1680 жыл деп кесіп айтады. Өз

ұрпақтары, оның ішінде Қ. Нұралин 1678 жылға аяқ тірейді. Қайсысы бұрыс, қайсысы дұрыс, ол зерттеушілердің үлесі. Алғашқысына сенсек, Бөкең биыл – 330 жаста.

Батыр үш әйел алған екен. Бәйбішесі – Баяу, тарақты Байғозы батырдың әпкесі. Одан – Тұраналы, Тұрымбет, Батырбек, Тастыбек есімді төрт ұл, Қырғи ныспылы бір қыз туған.

Екінші әйелі – Қамырқан калмақ қызы. Қамырқаннан – Жылқыбай, Қайназар, Айназар, Жаназар туады.

Үшінші әйелі – Лаба. Уса-Серен қонтайшының қызы дейтін сөз бар, бірақ нақты дәлелі жоқ. Лабадан – Арғынбай, Шілдебай, Нарбай.

Батырдың ұрпағы өсіп-өніп, өз алдына ақарлы-шақарлы ел болған. 1926 жылғы санақта 526 шаңыраққа жеткен екен. Қоржынкөлдің маңында 32 ауыл құрап отырыпты. Ал кейінгі саны белгісіз.

Бөгенбайдың біз білетін алғашқы ерлігі – жоңғарға да қалмаққа да емес, өзіміз осы күнге дейін жерге таласып, жауласып жүрген казак-орыстарға қарсы күресі. Батыр Еділден бері өтіп, қазақтың құнарлы жеріне тіміскілене берген казактардың бетін қайтармай тыныштық жоқ екенін сезеді. Сезіп қана қоймай, қайратты азаматтың қалпымен бетпе-бет шайқасқа қамданады. 1708 жылы 28 жасында 30 мың қолды басқарып, казак-орысты дүркірете қуады, Еділден әрі айдап тастайды.

Осы арада тағы да Үмбетейге жүгінейік:

*Балдырғаны білектей,*

*Бүлдіргені бүйректей,*

*Бөденесі үйректей,*

*Шортаны тайдай тулаған*

*Маралы қойдай шулаған*

*Ұзыны шексіз, ені алыс,*

*Еділден өттің Бөгенбай!* – дейді жырау.

Бөкеңнің, сол кездегі жас батырдың Ресей патшасының шекарадағы айбыны казактарды тықсыруы – қазақтың орыс отаршылдығына қарсы жасаған алғашқы қарулы қимылы ретінде ресми аталып жүрсе де артық емес.

Қаһарман бабамыздың ел тарихындағы тағы бір шоқтығы биік тұсы – Қарақұмда 1710 жылы Үш жүздің құрылтайы өткен кез. Бұл уақыт – Жоңғар қалмақтарының қазақ даласына әлсін-әлсін шабуылдап, ішке қарай сұғынып, күшейіп тұрған мазасыз да қатерлі дәуір еді. 1678 жылы олар Шығыс Түркістан жерін басып алса, 1684 жылы елдің оңтүстік аймағына құрық салды. 1698 жылы шығыстан қару кезеніп, сұстана төнді. Содан екі арадағы қарулы қақтығыс толастаған жоқ, ақыры жоңғар жұртының қазақ елін түгел таптап өтпей тыншымайтыны анық болды.

Үш Жүздің құрылтайында екі мәселе қыл үстінде тұрды: не алысып өлу керек, не бас сауғалау керек. Осы бас қосу жөнінде орыс тарихшысы Р.Н. Витебский былай деген екен: «XVIII ғасырдың басында қазақтардың арасында алауыздық таластар басталды. Бұл алауыздықты пайдаланған көршілес елдер, оның ішінде Галдан-серен бастаған қалмақ қолы тыным бермеді. Қазақ хандары ішкі тынышсыздық пен сыртқы қысымның салдарынан 1710 жылдың шама-сында орыс патшасын сағалауға мәжбүр болды. Алайда Қарақұмда болған жиында қазақтың атақты батыры Бөгенбай халықты қалмаққа қарсы көтерілуге көндірді. Бас көтерген қазақтардың қолбасы болып Бөгенбай сайланды, ал хан билігі Әбілқайырға тапсырылды. Әйгілі батырдың тапқырлығының, шапшандығының, икемділігінің арқасында қалмақтар шын мәнісінде тас-талқаны шығып жеңіліп еді» («Петр I-нің Азиядағы саясаты»).

Бұл тұжырымды тарихшы П.Н. Рычков та қолдайды: «Но известный киргизский батыр и старшина Букенбай не сейме в Каракумак склонил народ к нападению на калмыков», – дейді жоғарыдағы мән-жайды айта келіп.

Бөгенбайдың осыдан кейінгі жорығы жоңғарлардың 1718 жылы Жетісуға кіруіне байланысты. Осы арада болған соғыс үш күнге созылған. Ұрыс үстінде бәсентіін руының бас батыры Малайсары қаза табады. Әбілқайыр өз батырларының кеңесін тындамай, арада дау туады. Ақыры қазақ қолы екіге бөлініп кетеді. Амалы құрыған Бөгенбай соңғы әрекетке көшіп, жаудың бетін қазақтың сол кездегі астанасы Түркістаннан бұрып жіберу үшін жасақты Балқаш көліне қарай бастайды. Бірақ Жоңғарлар өкшелей қумаған, Түркістанға ауыз салып, ондағы Қабанбай батырдың қолын талқандайды, шаһарды басып алады.

Бұл жоңғарлардың дәуірлеген шағы еді. 1713 жылы олардың қалың қолы Тарбағатай, Сауыр жоталарынан асып, тағы бірі Тұрпаннан ағылып, Жоңғар қақпасын көктей өтіп, Итішпес-Алакөл маңына шоғырланады. Бұл «енді бүкіл қазақ жерін қан сасытамын» деген қаһарлы сес еді. Дәл осы ылаңды кезде елдік танытып, аттандап атқа қонбаса, халықтың қойдай қырылатыны анық-ты.

Бөгенбай тағы да түн қатты, түсі қашты. Үйсін Төле биге жетіп, Үш Жүздің қалың қолын жинау, тұрысатын жерді белгілеу жөнінде кеңесті. 1730 жылдың көктемінде Ұлытауда (Арғанаты) бас қосуға пәтуаласты. Соның алдында Бұланты және Бөлекті өзендерінің бойында жоңғарлармен бетпе бет келіп, қалың дұшпанды ойсырата жеңді. Сарысу маңынан түре қуды.

Би мен батырдың пәтуасы Үш Жүзге кесім болды. Көктемде бүкіл қазақ әулетінен 40 мың сарбаз жиналды. Алдағы шешуші шайқасқа қызу әзірлік жасалды. Төле, Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке билер ақылымен дем берді, ұрыстың әдіс-тәсілін белгілесті.

1730 жылы тамыз айының аяқ шенінде Іле өзенінің төменгі ағысында қазақ жасағы жоңғарларға зор майдан ашты. Жауды торғайдай тоздырып, ұлы жеңіске жетті. Осы ұрыста Бөгенбайдың қолбасшылық кемеңгерлігі жарқырай көрінген

еді. Батыр кейін қытайларды Торфонға (Тұрпан) дейін қуғанда да ұлы стратег екеніне Абылайдың да, өзге игі жақсылардың да көзін жеткізген.

Бөкеңнің мерейтойына арналып Ақмола қаласында 1991 жылы маусымның 10-күні өткен ғылыми-теориялық конференцияда мынандай пікір айтылған еді:

*Малайсары – дипломат*

*Олжабай – көзсіз батыр*

*Бөгенбай – стратег, ержүрек, шешен.*

Бұған біздің қосып-аларымыз шамалы, тек Бөкеңнің осы қасиеттерімен бірге дипломат та екендігі. Оған дәлел Абылайдың тапсыруымен қытайға барып, Хина империясының Түркістан мен Самарқанды басып аламын деген шешімін өзгертуі, осы сапарда ханның аманатқа Пекинге жіберген Әділ атты ұлын аман-есен кері алып қайтуы. Бұдан бұрын Орта Жүз қазақтарының елшісі ретінде Орынбор генерал-губернаторына барғаны тарихта белгілі.

Қазыбек би Бөкеңнің Қытайға сапарына дән риза болған, дәріптеп айтып жүрген. Ал хан Абылай батырларын еске түсірген бір сәтте Бұқар жырауға:

*Бәрін айт та, бірін айт.*

*Қанжығалы Бөгенбайды айт –*

*Ақылдың жатқан үйін табушы еді, – деген екен.*

Сол Абылай да Жоңғарда тұтқында болған ғой. Бұл оқиға туралы екі жорамал бар. Бірінде – жау оны аңдып жүріп қолға түсіреді, Галдан-Серен баласы Сары-манжаны жекпе-жекте өлтіргені үшін кек алмақ болады. Екінші сөз бұдан мүлде басқа. Жоңғарлар сар даланы өрлеп отырып, Есіл-Нұрадан өтеді, Құсмұрын көлін жайлап отырған хан ордасын шауып, Абылайды тұтқындайды. Оның бұл қорлықтан құтылуы

орыс патшасының оқиғаға араласуына байланысты болған. Ресей елшісі Миллер жоңғарларға арнайы барып, ханды босаттырған.

Біздіңше осының алғашқысы жөн секілді, жаугершілік заманда жаудың хан ордасын шабуы мүмкін еместей. Абылай өз ауылын қарауылсыз, қорғаусыз қалдыруы ақылға сия ма? Ал жоңғарлардың Нұра мен Есілден өтіп, Ерейменге жеткені басы ашық нәрсе. Қазақ қолы оларды осы жерде тосып алады. Қолды Бөгенбай мен Қабанбай, Әбілмәмбет хан басқарған. Бөкеннің жанында сол топырақтың қырандары Жантай, Жадай, Уақ, Баян, Олжабай, Қаракесек Жарылғап батырлар болған. Осыған дейін көзге түспеген жас Абылай сол ұрыста жекпе-жекте Сары-манжаны өлтіреді. Жантай жаудың Қырыс есімді батырын найзамен шаншып түсірген. Ақыр соңында Бөгенбай, Қабанбайлар бас болып, қазақ жасағы жоңғарларды Қара Ертістен асыра қуады. Үмбетей жырау осы жеңісті дәріптей келіп, Бөкеңе арнап сөйлейді:

*Баянаула, Қызылтау,  
Абыралы, Шыңғыстау,  
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ,  
Арасы толған көп қалмақ  
Қалмақты қуып қашырдың  
Қара Ертістен өткізіп,  
Алтай таудан асырдың, – дейді.*

Қанжығалы қарт Бөгенбайдың өмірі, қаһармандығы туралы қозғалатын әңгімелердің бәрінде адамгершілік қасиеті қоса өріліп отырады. Батыр жоңғарларға қарсы жорықтың бірінде астындағы атын жаяу қалған серігіне беріпті. Ғұмырының көп бөлігі ұрыс үстінде өткен. Жоңғарларға қарсы 103 рет аттанған екен.

Осы күні кейбір «зиялылар» қазақтың ескі жікшілдігіне салынып, Бөгенбай мен Қабанбайды алалай бастаған секілді.

«Қайсысы мықты» деген одағай да өрескел сауал қойып, соған жауап беруге тырысып жүр. Бұл, біздіңше, аруақтан аттанғандық, кешірілмейтін даңғойлық. Абылай тұсында қолбасы болған батырлар аз емес. Еспенбет, Шөңкей, Жәнібек, Бура, Аралбай батырлар да әскербасы атанған. Ал Бөгенбай мен Қабанбай Жоңғар соғысында сол көп батырдың арасынан суырылып шықты. Қабанбайдан 11 жас үлкен Бөкең ақылдың кені, ұрыс тәсілінің шебері болса, Қабанбай бет қаратпас бәһадүр еді. Ол екеуін бөліп жару ессіздің ісі.

Бөкең жасы ұлғая келе елшілікке, елдің бітіміне көп жүреді. Қаз дауысты Қазыбекпен тізе қосып Бұқар жырауды Бұхара әмірінің қолынан Абылай ордасына жеткізеді. Қазақтар іргелес қырғыз елімен қақтығысып қалған дүдәмал күндердің бірінде Абылай кесімді пікірді Бөгенбайға айтқызса керек. Сонда батыр: «Қазақ, қырғыз туысқан халықпыз. Бізге қалмақ жақтан қатер төніп тұр. Араздықты қойып, бірігейік. Көмекке келіндер, ат-тұрман, қару-жарағымен жігіт беріндер. Жеңістен соң азаматтарың қазақтан қыз алып оралсын», – деген екен. Осылай бітімге келген екен.

Бөгенбай бабамыз көсем болмаса, көреген болмаса, өзге би-батырларға қосылып, Абылайды таққа отырғызуға қатыспас еді. Бұқар жырауды алдырмас еді. Төле бидің түйесін бағып жүрген жас Әбілмансұрды көргенде, қалмаққа барлауға баруға қолқа салмас еді, Нарқызыл атын сыйға тартпас еді. Ел әулие көріп, хан жарлығымен денесін Ахмет Яссауидің мазарына жеткізбес еді.

Сөйткен батыр қанжығалы елі Сілеті өзенінің жағасында шалқып жататын кең жайлауға көшкен жолда көз жұмады. Бұл кезде Абылай елде жоқ екен. Келгеннен соңғы ісі жұртқа біз айтпай-ақ мәлім. Түркістанға апарып жерлеуге тоқтам жасайды. Батырдың денесін сөреге іліп сақтайды да, Адай батыр бастаған 40 кісі Есілді, Сарысу бойын жағалап отырып Түркістанға жетеді.

\*\*\*

Бөгенбай заманынан бері аттай үш ғасыр өткенде кейінгі ұрпақ сол дәуірге қатысты шындықты тамырынан аршып ала алмай, кейбір жаңсақтықтарға да ұрынып жүр. Қанжығалыдан шыққан батырдың ерлігін басқаларға теліген кездеріміз де жоқ емес. Бөгенбай кейде екеу, кейде үшеу болып та кетеді. Біздіңше осының бәрі бұрынғы орыс, Европа ғалымдарының қателіктерін қайталау, бүгінгі тарихшыларымыздың архив көздерімен жұмыс істеу мәдениетінің төмендігі, ақиқатты әбден тазартпай тұрып пікір айтуға асығатынымыздың салдары. Бөгенбай туралы зерттеулерді оқығанда академиктерімізден бастап, бәлен ғалым бүй депті, түген ғұлама сүй депті деген сілтемелерден әрі бара қоймайтынын көріп жүрміз. «Архивтен осындай тың дерек, бұлтартпас айғақ табылды» дейтін біреуі жоқ.

1935 жылы көрнекті ғалым, қазақ тілінің тағдыры үшін Хрущевтің тұсында-ақ арпалысқан ұлтжанды қайраткер Сәрсен Аманжолов құрастырған «Бөгенбай батыр» атты жинақтағы поэманың ол кісіге арналмағаны айқындалып отыр. Көзі ашық ізденгіш жұрттың табынатын түп қазығындай Қазақ ССР Энциклопедиясында да жаңсақтықтар аз емес. Ал жұрттың бәрі әл-қуатына қарамай тарихшы бола бастаған бүгінгі күнде кейбір орыс «зиялылары» тисе терекке, тимесе бұтаққа деп бүйректен сирақ шығарып жүр. Павлодарлық журналист Д.Приймак «Скалы и легенды Баянаула» деген еңбегінде Олжабай батырға Бөкеннің ерлігінен енші беріп, өзінше сауабын алған.

Тегінде тарихтан хабардар болдым екен деп, көрінген жерде төрелік айту ғылыми мәдениетсіздіктің белгісі. Өмірде Қанжығалы қарт Бөгенбай бар және кіші жүзден шыққан Бөкенбай бар. Үшінші Бөгенбай жоқ.

Жалпы алғанда Бөкеннің ерлік жолы, дипломатиялық өнегесі, қолбасылық өнері әлі зерттеліп болған жоқ. Басқаны былай қойғанда, атақты батырдың ақындық өнерден де құралақан болмағанын кім біледі? Облыстық «Тіл және

мәдениет» қоғамының үні – «Қараөткел» газетінде аруақты бабамыздың екі толғауы жарияланды. Бұл осы төңіректегі алғашқы ізденіс. Енді ел болып ойға-қырға құлақ түріп, іздестіру керек. Бөкеңнің ақындықтан хабары болмаса одан өрбіген Тұраналы, Бапан, Саққұлақ би атанар ма еді, шешендігімен аты шығар ма еді. Атадан дарыған ділмәрлық оларды да тарихта қалдырды.

Батырдың сөзге ұсталығы жөнінде айтқан соң, бізге жеткен бір-екі толғауын осы жинаққа енгіздік.

*Амал не келсе жау басым,  
Қалдырғандай жолдасын.  
Кішкентай елдер топтаспай  
Қорғалайды-ау өз басын.  
Сондықтан ұсақ елдерді  
Күшті дұшпан басынған.  
Естісе-ақ әне жау келді  
Тарыдай бәрі шашылған.  
Келешекті болжасам  
Қамыңды халқым ойласам  
Қызықтан саған дұшпан көп.  
Терістіктегі көршіңе  
Достыққа қолың созбасаң.  
Дәстүріңмен, салтыңмен  
Көршінің адал парқымен  
Маңыңнан халқым жау жүрмес  
Дос болсаң орыс халқымен.*

\* \* \*

*Осы бір заман азап та  
Тарихтан орын алат та.  
Бөгенбайдан мың сәлем  
Жауынгер батыр Бараққа.  
Басқынишылар қаптады,  
Аш қасқырдай жатпады,  
Шайқастарда бірнеше*

Қазақтар сенім ақтады.  
Шабуыл өте көп болды  
Шекара жанған от болды.  
Тогышарлар мен тоқтардың  
Намысы мүлде жоқ болды.  
Барымен базар қазағым,  
Бейбітім, бейғам гажабым,  
Береке, бақыт, қазынам,  
Күш-қуатым ажарым  
Жау келді халқым не етейін  
Садағаң болып кетейін.  
Кеудемді төсеп қол бастап  
Өзіңе қызмет етейін.

\* \* \*

Төбе бидей баптанып,  
Сөз сөйлемен мақтанып.  
Шер толқытқан ойымды,  
Ағынан айтам ақтарып.  
Көпті көрген басым бар,  
Тоқсаннан асқан жасым бар.  
Көріп тұрсың халымды,  
Сөзге құлақ салыңдар.  
Еркін өскен ел едік,  
Көңілі түссе көл едік,  
Көз алартқан жауларға,  
Етектей жерді бермедік.  
Қалың елмен қол бастап,  
Тұлпар мініп, ту ұстап,  
Қырғидай тиген дұшпанға,  
Жылдарым өтті жылыстап.  
Арқаның саумал желі ескен,  
Ат жалында күн кешкен  
Күндерім еске түседі,  
Ата жаумен егескен.

Жауыр болған жабыдай.  
 Саяқсып жүрген халқым-ай.  
 Руға, жүзге бөлініп,  
 Шашырап кеттің тарыдай.  
 Қамшының қысқа сабындай,  
 Мерзімі шолақ зұмыр-ай.  
 Баладай аңқау халқыма  
 Жар бола гөр, уа Құдай!  
 Тумақ бар да, өлмек бар,  
 Бір күнде сынар шөлмек бар.  
 Баянсыз мынау жалғанда,  
 Шырақтай жанып сөнбек бар.  
 Атан, Жантай, Үмбетей,  
 Қу дауысты Қошқарбай.  
 Хан сұраса дегейсің  
 Өкініп өтті Бөгенбай.  
 Ботадай боздап егілген,  
 Өгей ұлың мен емес,  
 Қазақтың басын қоса алмай,  
 Кәрілік дерттен аса алмай  
 Батырың өтті дегейсің  
 Қанжығалы Бөгенбай!

\* \* \*

Бөгенбай бабамыздың кім екенін, жүрегі не деп соққанын осы жолдардан аңғара беріңіз. Халқына «Садаған болып кетейін» деп шыбын жаны шырқыраған асыл ер антына берік болып өтті.

\* \* \*

Сөз басында жонғар қолының Ақмола – Қараөткелге тізе батыра алмағанын айттық. Жау жасағы Түркістаннан Арқаға қарай 1726-1727 жылдарда ойысқан. Сарыарқаның Атасу жағын кемерлеп Торғайға өтеді. Соның оңтүстік шығысында,

Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында қазақ қолымен бетпе-бет кездеседі. Орта Жүздің әскері жоңғарларға күйрете соққы береді. Дұшпан Балқаш көліне қарай жөңкіледі.

Арқа елінің жоңғарлармен Ақмола өңіріндегі атакты шайқасы 1733 жылы болған. Уса-Серен желіктірген жау жасағы бұл ұрысқа мұқият дайындалған. Жетісу мен Түркістанды еңсерген ол Орта Жүзді тойтармай дегеніне жете алмайтынын жете түсінген еді. Сарыарқа, оның ішінде Ақмола –Ереймен бойы оның жүрегіне қанжардай қадалып тұрған.

Уса Серен Қара Ертісті жағалап Зайсаннан асады, одан Аягөзді ұлардай шулатып, Қарқаралы арқылы Баянауылға ілігеді. Осы жерден Ерейменге бет түзейді.

Екі жақ Өлеңті өзені мен Ерейментаудың аралығындағы жалпақ жазықта «сен тұр, мен атайынға» салады. Дәстүр бойынша қазақ пен жоңғар батырлары «Жекпе-жек!» деп ойқастайды. Алғашқы екі сайыста жоңғар жағы жеңіп, Бөгенбай жағы іштен тынады. Сол кезде, маңдай тасқа соғылғанда, Бөкеннің жанында Анырақай соғысынан бері қара үзбей жүрген Сабалақ саптан суырылып шығады. Жау жағынан Галдан-Цереннің үлкен ұлы Сары – Манжа жұтына ұмтылған. Сабалақ жекпе-жекте қан сорпа етпей, оны салған бетте ықтырып, басын шауып түсіргенде, қарама-қарсы егескен қос әскер Кәрітаудың бауырын айқай-сүреңмен қалтыратып араласады. Ұзақ шайқастың соңында жоңғарлар майдан даласын тастап кері шегінеді.

Сабалақ жауға «Абылайлап!» шапқандықтан сол кезден Абылай атанған.

Жоңғарлардың бұдан кейін Ақмола –Қараөткел өңіріне келуі 1741-1742 жылдардың тұсы. Осы жолы жоңғар қолы Абылайханды қолға түсіруді ойлаған. Сарыарқаның қалтарысы көп киік жондары мен құлан жалды қыраттарын сағалап, Есіл мен Нұраға жетеді. Бұл арадан соғыссыз, шусыз өтіп, Құсмұрын көлінде жаз жайлауда қамсыз отырған Абылай ауылын шабады, оның өзін байлап әкетеді.

Ханның бұдан былайғы тағдыры тарихта талай айтылып, сан мәрте жазылғандықтан оны жіліктемей-ақ қоялық. Осыдан кейін Кәрітауда жоңғарлармен болған тағы бір шайқас жайлы баяндайық.

Бұл жолғы соғыста жауға Бөгенбай батырмен бірге қанжығалы руының айбаттылары Жантай мен оның інісі Жадай батыр, айдабол Толыбай, сүйіндік Олжабай және қаракесек Жарылғап батырлар қатысады. Дәстүрлі жекпе-жекте Жантай Галдан-Цереннің баласы кара қасқа атты Қырыс батырды аттан шауып түсіреді.

Осы шайқастың тарихи тағы бір астары бар. Қырыстың мінген аты иесі ерден бассыз ауып түскен соң шұрқырай шауып тау бөктерлеп кетеді. Соңынан қуғандардың ешқайсына шалдырмай көзден ғайып болады. Осыдан соң Кәрітау «ат ерімен кеткен тау» – Ермен тау – Ерейментау аталыпты деседі.

Ерейментау бағзыдан киелі тау, қанжығалылардың Сырдан ірге аударып келгеннен бері тапжылмай тұрақтаған құтты қонысы. Ауыз-екі әңгімеде Абылай оны ерлігіне сүйініп Бөгенбайға сыйлапты деген сөз айтылады. Хан Бөкең секілді өзіне қысылтаянда пана болған, ақ жолға салып аға болған аруақты батырдың өзіне өз жерін қалай сыйламақ. Екеуінің бір-біріне құрметі үшін жөн-жоба орайында тілге тиек етілген де.

\* \* \*

**Жантай батыр.** Жоңғар соғысында Ақмола – Қараөткелден суырылып шыққан еренғайып батырлардың бірі – Жантай.

Шоқан Уәлиханов «Исторические предания о батырах ХУІІІ в.» мақаласында Жантайға қатысты мына оқиғаны келтіреді.

«Абылайхан жоңғарлармен кезекті бір шайқасының алдында қанжығалы қарабұжыр Жантай батыр мен Бөгенбай батырды екі тарапқа жібереді. Олар жуық маңда орала қоймайды. Төзімі таусылған, қауып ойлаған Абылай: «Япыр-ай, не болды?! – деп киналады, Бұқарға қарап елеңдейді.

Әулие жырау сәуегейлікпен басу айтады.

– Жантай Талқы арқылы оралады, одан өтетін жол қысаң әрі қатерлі. Бірақ жолы оңғарылар, жай келмей, жауын мұқата келер. Бөгенбай Құлжадан асады.

Жыраудың айтқаны келіп, батырларымен аман-есен қауышқанда, Абылай ерекше қуанған екен».

Жантай көзсіз батырлығымен бірге елшілікте де жүрген көшелі адам болса керек. 1738 жылы Орынбор генерал-губернаторы Татищев ұйымдастырған қазақ бетке ұстарларының құрылтайына Бөгенбаймен бірге қатысқан. Осы жиынға Қаздауысты Қазыбек би де келіпті.

Батырлар елге оралған соң Абылай мен Әбілмәмбетті Ресейге пейіл беруге үгіттепті.

Жантайдың ерлік шежіресі мен өмірінің соңындағы шайқасы жайлы атақты Үмбетей көркем жырлайды. Қанжығалыдан шыққан әрі ақын, әрі батыр Үмбетейдің «Жантай батыр» дастанында Ерейменнен лықсыған жоңғарлардың соңына батырдың неге түскені, қанды шайқас, әкелі-балалы қаһармандардың жан азабы, сар даланың қабырғасы қайысқан қасірет тебірене суреттелген.

Қасым төре қолға түскен жоңғар қызына ғашық болып, ол кетері болмайды. Төренің еміреніп тұрған баласын ата-анамның алдынан өт деп көндіреді. Екеуі Ерейменнің етегінде тыныш жатқан, ата қонысына қайтуға қам жасау үстіндегі жоңғарларға келеді. Бұларға Жантайдың інісі Арқандар серік болып ереді.

Қыз оларды арандатып жоңғар батырларының намысына тиеді. Қақтығыста Арқандар қаза табады. Суық хабар елге тез жетеді.

*Атанған жас жолбарыс батыр Жантай,  
Төсектен атып тұрды абжыландай.  
Тор көзді, тоқсан зерлі, оқ өтпейтін  
Кіреуке киді әуелі қапы қалмай ...*

*Таудағы жетірудан Толыбайлап,  
Жөнелді бес жүз жігіт қару сайлап.  
Абылай қонақ еді Қоржынкөлде  
Ер Жантай сырттан үйге кірді айғайлап.*

Жантай болған оқиғаны ашынып айтып, дереу жолға жиналуды талап етеді. Хан мен Бөгенбай ақылдасып, әзірлікпен аттануды ұйғарады. Жұрт батырларын түгендеп, қару-жарағын сайлағанша, тұлан тұтқан Жантай жоңғарларға жалғыз шауып жөнелді.

*Туғалы көріп не едім жаудан қорқып,  
Ерлік не құр кіжіну сырттан сомсып.  
«Не қырылып, не қырып келемін» деп  
Ер Жантай еміренбей кетті жортып.*

Оған бес жүз жігіт ереді, арасында өзінің ат жалын тартып мінуге жараған ұлдары да бар. Ықшам ызалы топ жоңғарларға жете араласады.

*Қазақтар аздығын еш білгізбеді,  
Араға дұшпанды бір кіргізбеді.  
Қапелім жау шогыры үрейленіп  
Жанталас қорғанып құр кірбіңдеді.*

*Қонтайшы Уса Серен, Қоске лама,  
Құбылай, Құтан қарсы ұмтылса да,  
Жарқылдап долы қолда қайқы қылыш  
Ер Жантай тартты тура ақ ордаға ...*

*Жантайдың үлкен ұлы Мырзакелді,  
Бір топты беттетпей тұр қырда бергі.  
Ортанышы Тоңашы да қарулы екен  
Қылыштап өшіккенін турай берді.*

Алайда селдіремей қалың отырған жоңғарлар еңсере бастайды. Аттары болдырған, өздері қажыған Жантайдың жігіттері арпалысып жүріп, енді не істеу керектігін ақылдасады. Елге

хабар жеткізіп, тез көмек келтірмей түгел қырылатыны белгілі болады.

*Дауыстап сонда Жантай бір ұлына:  
«Қаш!»- деді кие жарып көпті мына.  
Өзім-ақ жан шыққанша соғысамын  
Сен өлсең кек алады кім кеп мұнда?!»*

*Құптамай әке әмірін Мырзакелді:  
«Мен өлсем Жанболатым бар үйдегі.  
Бойдақ қой жұрағатсыз кетіп жүрер,  
Көк атпен Тоңашың-ақ қайтсын»- деді.*

*Жантекең жаны қимай туған елді,  
Мінгізіп Көк тұйғынға Тоңаш ерді.  
«Сәлем де Қанжығалы баласына,  
Ұмытпас!» – деп қоршауда қала берді.*

Жантай батыр мен оның Тоңаштан өзге ұлдары, бес жүз серігі осылай қаза болған. Жоңғарларға қазақтың қалың легі кеш келеді. Негізгі жасақ оларды орынынан таппай бөгелгенде, Орта Жүздің хас батырлары: керей ер Жабай, бәсентиін Олжабай, бағаналы, балталыдан Елшібек, Оразымбет, Жаулыбай, қанжығалы Атан мен Досай, аты мәлім Баян бастаған сұрыпталған мың сарбаз сытыла қашқан Уса –Сереннің жұртын қуып кетіп, Балқаш көліне жеткізбей талқандайды.

Қазақ-жоңғар соғысының Ақмола-Қараөткелдегі жаңғырығы осындай.

#### IV

### ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ

Арқада жоңғар шапқыншылығы біржола тойтарылған соң Ресей отарлау әрекеттерін ашық жүргізуге көшті. Біз бүгінде оның осы айла-шарғыларына Үш Жүздің өзі ұмтылды деп жүрміз. Тау сыртындағы қалың қытайдың ұзын құрығынан

бас сауғалаудың жалғыз жолы орыс империясының ығына жығылу болды дейміз.

Асылында Ресей қазақты отарлауға ерте, сонау Иван Грозныйдың тұсында кіріскен. Дала билеушілері сол заманда да орыс жұртымен тіл табысып көрмек болған. Оның соңы немен тынғанын Ресей патшаларының хатшылары үзбей жазып келген тарихи жылнамадан айқын аңғарылады. Бұл жылнама *«Историческая справка о выдающихся событиях и правительственных актах относящихся к истории как в Акмолинской области, так и других смежных областей и губерний Западной Сибири»* деп аталады.

Сонымен бізге тікелей қатысты орыс-қазақ тарихи оқиғалары мынадай:

1555 жыл – Иоанн ІҮ патшаға Сібір жұртының ханы Тайбұғы руынан Едігер (Едигер) келді.

1557 жыл – Едігер Москваға сыйлық жіберді.

1563 жыл – Сібір жұртын Едігер мен оның інісі Бекболатты өлтірген руы Шайбани Көшім хан биледі.

1570 жылы – Көшім Иоанн ІҮ патшаға сөз салып, өзіне елші жіберуге өтінді.

1571 жыл – Көшім Иоанн ІҮ патшаға сыйлық төлеймін деп келісіп, соңынан айнып кетті, Москвадан жіберілген боярдың ұлы Третьяк Суравцев-Чубуковты өлтірді және Москваға қарайтын осяктар мен вогулдарды өзіне бағындырды.

– Көшім сонымен бір мезетте Бұхар ханы Абдолламен жалғасып, Сібір еліне мұсылмандықты тарата бастады.

1574 жыл – Строгоновтар Орал тауларының арғы жағынан, Тобыл өзенінің бойынан жер алып, Көшімнен бөлінген жат жұрттықтардан салық жинауға міндеттенді.

1578 жыл – Строгоновтарға атаман Василий Тимофеевич Ермак келіп, Орал тауының сыртына жорық жасады, Силва өзенін қыстап шықты.

1580 жыл – Ермактың татарлармен алғашқы шайқасы Үсен (Усенина) мекенінде болды, содан кейін Енаншы қаласын, қазіргі Туринск, басып алды.

1580 жыл, 1-тамыз. Татардың Чинги-Бура, қазіргі Түмен қаласын ұрыссыз алып, сонда қыстады.

1581 жыл, 9-мамыр. Түменнен шыққан Ермак Тұра өзенінің аяғында татар князьдері Қашқарды, Варвар мен Майтмасты күйретті.

Тобылда, Қайыңдыда, Қарауыл тоғайында, Бабасан жұртында, Тұрбы өзенінде ұрыстар болып, Қарашын қаласы берілді.

1581 жыл, 23-қазан. Ермак Көшім ханды, Чуваш мүйісінде оның жиені Мәметқұлды тізе бүктірді.

1581 жыл, 25-қазан. Көшім өзінің қаласы Сібірден немесе Искерден қашып кетті. Бұл қаланың үйіндісін Тобольскіден 16 шақырым жерден әлі күнге көруге болады.

1581 жыл, 26-қазан. Ермак Сібір қаласын бағындырды.

1582 жыл – Ермактың жасағы Вага өзенінде Мәметқұлды қолға түсірді.

1582 жыл, 3-наурыз. Атаман Богдан Брязга Ертіспен төмен түсіп, жолшыбай Аремян, Төртас (Тұртас), Демьяновск, Рачевик, Цингалы т.б қалаларды алды.

1582 жыл, 20-мамыр. Самар қалашығын бағындырған ұрыста Самар князі өлтірілді. Брязга Обь өзенін бойлай жүзіп Соева өзеніне өтті, Сумгуйташ (қазіргі Березов) қалашығын алып, Березовадан Самарға дейінгі өлкені қолында ұстады, остяк князі Алачоға (Алаша) беттеді.

Вогулдар Чардын қаласына шабуыл жасады. Воевода Василий Пелепелицын Москваға Ермактың талап-тонауы жатжұрттықтарды ашындырғанын хабарлады. Ионн ІҮ Строгоновтарға оны жазалау туралы грамота жолдады, алайда Москваға оралған Иван Кольцодан Сібірдің бағындырылғанын естіп, Ермакты кешірді, оған ішік пен сауыт-сайман беріп жіберді.

1583 жыл – Ермак Обь өзеніне аттанды. Қоңды және Қазым ұлысын басып алды. Кейін қайтып, Табды өзенінің жоғарғы жағындағы Лабуту қаласын бағындырды, вогулдармен Паген

өзенінде майдандасып, Қошықты, Қондырбайды және Табарды өзіне қаратты.

Қараша мырза Ермактан Қазақ ордасын қорғауды сұрап, Иван Кольцоны өлтірді.

1583 жыл, 21-қараша. Мәметқұл ханзада Москваға жөнелтілді.

1584 жыл, 12-наурыз. Қараша мырза Сібір қаласын қоршады. 9-мамырда оны Ермак талқандады да Ертісті жоғары өрлеп, Бегіш, Шомшы, Рянчин, Залу, Қауырдақ, Сауырғай, Тебенді, Құллар, Тасатқан қалаларын алды. Есіл даласында жүрген Көшімге Бұқар керуені бара жатқанын естіп кері қайтты.

1584 жыл, 5-тамыз. Түнде татарлар Вагай өзенінде Ермактың жасағына шабуыл жасады. Ермак қайығына қарай жүзіп бара жатып, Ертіске батып кетті.

Ермактың өлгенін естіген әскері Сібір қаласын тастап, барлық қосынымен Ертіспен төмен жүзіп өтті. Обь пен Орал тауы арқылы Москваға оралды.

Көшімнің ұлы Әли Сібірді өзіне қаратты. Бірақ кешікпей Едігердің жиені Сейдектен жеңіліп, бас сауғалауға мәжбүр болды.

\* \* \*

Иван Грозный кезінде басталған Ертіс пен Есіл бағытындағы қанды жорық Федор Иоаннович патшаның тұсында одан әрі жалғасты. 1585 жылы воевода Иван Мансуров Ермактың әскерін күшейтіп, Сарыарқаға қарай сұғынған казактарды қолдау үшін аттанады. Бірақ Ермакты да, қосынын да таба алмай Ресейге кері оралады.

1587 жылы Тобыл (Тобольск) воеводасы құрылып, жаулап алынған жерлерге бақылау күшейтілді. Ресей енді қарудың күшіне ғана емес, айла-шарғыға да сүйенді. Осы воеводаның әскербасы Д. Чулков Сібір мен Арқада беделі бар Сейдекті, сол арқылы Оразмұхамед пен Мырза-Қарашаны қонаққа шақырады да, тұтқындап Москваға айдайды. Сол тұста егескен дұшпанына қаны қатқан Көшім Тобылдың

маңайындағы Ресей жасақтарын шауып, қырып салады. Оған қарсы қалың қол шығып, кері шегінуге мәжбүр етеді. Көшімнің ұлы Әбілхайырды қолға түсіреді. Енді Сібір, Тобыл, Ертіс пен Есіл өңірінде қалашық-қамалдар салына бастайды. Березов, Сургут, Пелым, Учлич бекіністері сап түзейді.

Ресейдің жасанған қалың қолына түбінде төтеп бері алмайтындықтарын білген қала бекзадалары орыс патшасымен келіссөз жүргізуге талпынған. Мұның дәлелі – 1594 жылы Онжа Алашұлы мен Тәуекелдің елшісі Москвада болуы. Алғашқысы Федор Иоаннович патшамен бетпе-бет сөйлескен. Бұл кездесуде не айтылып, қандай пәтуа жасалғаны белгісіз. Ал Тәуекелдің елшісі Сібірде ұсталған Оразмұхамедті қайтаруды өтінген.

Осындай байланыстар барлық уақытта Ресейдің пайдасына қарай бағытталғанына дерек көп. Патша Мәметқұл мен Мырза Қарашаны босату жөніндегі талап – тілектерге де құлақ аспаған. Керісінше 1595 жылы Князь Г.Долгоруковқа Мәметқұлдың шешесін 38 ағайын-туысымен қосып алып келуге жарлық береді.

Осы жылы алған бетінен қайтпаған Көшім Тунус қаласын басып алады. Көкірегін кек кернеген ханды тоқтатудың амалын таппаған патша оған қолындағы Әбілхайыр арқылы сөз салып, Москваға қайта-қайта шақырады. Көшім Бұқар ханы Абдоламен кеңеседі, ол бармауға көндіреді.

1597 жылы Абдолла дүниеден озады. Сүйенері қалмаған Көшім Тары қаласының воеводасымен бейбіт қарым-қатынас орнатуға әрекеттенеді. Оған: – «Егер Ертіс бойын еркіме беріп, жаулық ойламасаң, сен де тыныш, мен де тыныш» – деп қолқа салады. Алайда воевода ығына жығылмайды.

1598 жылы Ресей тағына Борис Федорович Годунов отырды. Нәсілі татар патша тегіне тартпағанның қары сынсын дегендей Көшімге жылы қабақ танытты. Көшімнің орыс тұтқынындағы үй-ішін қабылдап құрмет көрсетті, балалары-

на ханзада атағын берді, Сібірдің заты басқа халқының бәрін салықтан босатты.

Еркіндікті сезген Көшімнің үй-іші Братош ауылына келіп, ағайын-туғандарын іздестіреді, бірақ таба алмайды. Олар баяғыда тоз-тоз болып кеткен-ді. Көшіммен хабарласуға да мүмкіндік болған жоқ. Ақыр аяғында бәрінен күдерін үзіп, Москваға қайта оралады.

Борис Годунов бұл кезде, дәл сол 1599 жылы Қасым жұртының ханы етіп Оразмұхамедті бекіткен болатын. Көшімнің үй-іші Москваға келген соң екіге бөлініп, бірі Оразмұхамедтің, бірі Бижецкіні билеу мүмкіндігі берілген Мәметқұлдың қолында тұрды.

Ертіс, Тобыл, Есіл өңірінің байырғы халқы орыс әскері ішке бойлап енген сайын қарсылықты күшейтті. Василий Иванович Шуйский патшаның тұсында Березов, Тара, Түмен, Томск қалаларына дүркін-дүркін шабуыл жасаған. Көшімнің ержүрек ұлы Есім де қарап жатпады. Оны ағайын-бауырларынан түгелдей айырылып, жалғыз қалуы жасыта алған жоқ. 1616 жылы ағасы Әли тұтқынға түскен соң өзін Сібір ханы деп жариялады. Торғауыт тайшысы Хо-Орлектің қызына үйленіп, қалмақтардың демеуімен орыс селоларына тыныштық бермеді.

1626 жылы Әлиді Ярославльге жер аударды. Есімнің беделін түсіру мақсатымен Әлиді босатқан болып бүкіл Сібір ханы деп мәлімдейді. Ал Есімге ержеткен батыр ұлы Абылай қосыла қимылдап, орыс жасақтарына тұтқиылдан соққы беруін бір сәтке де тоқтатпайды.

Дала билеушілерінің бірі келіп, бірі кетіп жатты. 1630 жылы Қазақ ордасының билігі Сығай ханның ұлы Есімнің қолына көшті. Оның астанасы Түркістан қаласына орнықты.

Арада он бір жыл өткенде Көшімнің немересі Абылай ұсталып, Белеозеров қаласына айдалды. Енді атқа Көшімнің тағы бір тұяғы Дәулеткерей қонды, Тобыл маңында ойнақ салды.

Көшім ханды кейбір тарихшылар мен журналистер Ақмола облысының Қорғалжын өңірінде аялдап, одан әрі Ноғай ордасына өткен деп жазады. Иә, жерінен, елінен түгелдей айырылған хан Сарыарқаны бірер жыл сағалауы әбден мүмкін. Ноғай жаққа сытылып шығу үшін сол бір аласапыранда осы кең дала ғана қолайлы болатын.

Көшім жайлы біз жалпы не білеміз? Орыс тарихында ол туралы көп айтылмайды, оның өзінде жағымсыз жағынан. Ал өз тарихшыларымыздың зерттеулерінен білетініміз мыналар:

Сібір ханы, Шайбани әулетінен болса керек. Шоқан Уәлиханов Н.Карамзин т.б. тарихшылардың деректеріне сүйеніп, қазақ дейді.

Бүкіл ғұмырын атыс-шабыспен өткізеді, Сібір астанасы Искерді жаулап алып, осы алып өңірге билігін жүргізді. Хандығын барынша кеңейтуге ұмтылды. Ертіс пен Тобыл бойына сұғына енді. Ресей жағындағы шекарасын Пермьге дейін ұлғайтты.

Көшімнің тағын шайқалтқан адам – Строгоновтар айдап салған қарақшы Ермак. Ол ханды астанасынан да, елі мен жерінен де айырды. Бірақ жазасын алмай қалмады. Тұтқиылдан жасалған шабуылдан қашпақ болып, Ертіске батып кетті. Ал Көшім болса, Ноғай ордасында кісі қолынан өлді.

Біздің мұндай ұйғарым жасауымызға қолымыздағы мына тарихи дерек негіз болып отыр: «Ремезовская летопись по Мировичему списку» деп аталатын Ресей тарихшысы және саяхатшысы Ремезовтың жолжазбасында Көшім ханның Сібір жері үшін қалай арпалысқанын тізіп келіп, өмірінің соңғы күндері туралы да баяндайды: «Көшім мал-мүлкінен, жерінен, үй-жайынан, елінен түгел айырылып, біраз адаммен Ертіс өзенінің жоғарғы ағысындағы жерге, Зайсан көліне барды. Сол мандағы қалмақтардың көп жылқысын қуып әкетіп, басқа жаққа бет алды. Қалмақтар соңынан қуып, Нор – Ишимнің (Есілдің ред.) алқабындағы Қорғалжын көлінде қуып жетті, адамдарын қырып, жылқыны түгел

қайтарды. Көшім аз ғана тобымен Ноғай өлкесіне өтті, сонда кедейшілікпен күндерін өткізді.

Ноғайлар бүкіл руларын жинап Көшімді өлгірді, адамдарын ұрып-соқты. «Ей, әйгілі ұры, Мұртазаның ұлы, әкең бізге талай зорлық жасап еді, сен қазір байғұс болып қалсаң да тыныш жүрмессің, лаң саларсың. Саған ергендердің көбі өлді, қалғандары азып-тозды, ашынды!» – десті (История Казахстана в русских источниках ХҮІ-ХХ веков. II том. 265 бет).

Ремезов Көшім жайлы жазған бұл әңгіме өмірінің соңы ит-қорлықпен өткен Сібір ханының қалай өлгені жайлы алғашқы дерек болып есептеледі.

Атақты Петр біріншінің дәурен құрған жылдарында осы тайталас өршімесе бәсеңдеген жоқ.

Тағы да деректерді сөйлетейік.

1698 жыл – Қазақтар Томскінің маңында шоғырланып, орыс ауылдарына шабады.

1700 жыл – Кузнецкіні қоршайды.

1704 жыл – Петр бірінші қол жеткен жердегі қазақ елінен түгел салық алу туралы жарлық шығарады.

1708 жыл – Орта Жүз қазақтарына бұғауды біржола салу үшін Сібір губерниясы құрылады. Орталығы Тобыл қаласы болады.

1713 жыл – Сібір губернаторы князь Гагарин император Петр біріншіге Ертіс бойын өрлеп бірнеше бекініс салу туралы ұсыныс жасайды. Оның жоспары осы бекіністер жүйесін Жоңғария арқылы Жаркентке дейін созу еді.

1716 жыл – Сырдария өлкесін бағындыру ойластырылады.

Осы жылы Каспий маңы зерттеліп, Индияға шығатын жол іздестіріледі.

Жоңғар шабуылы күшейіп бара жатқан соң Орта Жүз қазақтарының елшілері Сібір губернаторы Гагаринге тізе қосып қорғану жөнінде ұсыныс айта келеді.

Петр біріншінің әмірімен Омбы қамалы салынады.

1718 жыл – атақты Тәуке хан өмірден өтті. Ол Ресеймен оңтайлы байланыс орнатып, жоңғарларды тойтара алған еді. Өзінен кейінгі елге әйгілі «Жеті Жарғыны» аманат етіп кетті.

Сол жылы Семей бекінісі салынды.

1720 жыл – орыс әскері Өскеменге мықтап бекінді, қамал тұрғызды.

1737 жыл – Орта Жүз ханы Семеке Ресейге адалдығы жөнінде ант берді. Арадан екі жыл өткенде көз жұмды.

1738 жыл – Ұлы Жүздің ханы Жолбарыс Ресейдің қоластына енуге әрекет жасайды. Келесі жылы Жоңғарлардың боданына айналады.

1739 жыл – Сырдарияның Аралға құятын тұсынан қала салуға орын таңдай барған Ресей экспедициясы қазақтардың қуғынынан зорға қашып құтылады.

1740 жыл – Барақ хан, Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан Орынборда Ресейге адалмыз деп ант берді.

1748 жыл – Барақ хан Әбілхайырды өлтіріп, Түркістанға қуылды.

Осы жылы Ресей қазақ хандарына жалақы тағайындады.

1752 жыл – Петропавл бекінісі салынып, Сібір қорғаныс жүйесі Ертіс жүйесімен жалғастырылды.

1756 жыл – Қытай бір миллионға жуық жоңғарды қырып салып, қазақтарға қарсы жорықтың жоспарын жасады.

Орта Жүзден Абылай Қытай боғдыханына адалдығын мәлімдеді.

1757 жыл – Абылай мен Әбілфайыз Пекинге келді, екеуіне де князь мәртебесі берілді.

1762 жыл – Абылай сұлтан мен Әбілфайыз Екатерина екіншіге Ресейдің билігін мойындап ант берді.

1763 жыл – Орта Жүз қазақтарына салынатын салық мөлшері белгіленді. Есеп бойынша 180 мың ер адам бар делініп, солардың бәрінен 165 мың рубль алынатын болды.

1778 жыл – Екатерина екінші Абылайды Орта Жүздің ханы деп жариялауды ұйғарды. Бірақ Абылай одан бас

тартты. Бірінші себебі – хан дәрежесінде ант беруге арланды. Екіншіден, Қытай боғдыханының күдігін оятып алудан сақтанды.

1779 жыл – Абылай қырғызға жасаған жорықтан олжалы оралды.

Осы жылы Орынбор губернаторы Рейнедорфтың бұйрығымен Сібір желісінің бастығы генерал Огарев Абылайдан басқа сұлтандардың бірін хан көтеру мәселесімен айналысады. Сірә Абылайдың Екатерина екіншіге хан дәрежесінде ант беруден бас тартуы себеп болса керек.

1781 жыл – Абылай Түркістан маңында көшіп-қонып жүргенде дүние салды.

1782 жыл – генерал-поручик Якобич Петропавлда Абылайдың баласы Уәлиді хан деп жариялады.

1783 жыл – Әбілмәмбеттің ұлы Әбілфайыз хан қайтыс болды. Қытай императорының пәрменімен Шыңғыстауда Барак ханның баласы Ханқожа Орта Жүздің ханы атанды.

1792 жыл – Қазақ хандарын сайлау және олардың салтанаты туралы жарлық шықты.

1794 жыл – Уәли хан Пекинге елші жіберіп, боғдыханға бағынатынын мәлімдеді.

1795 жыл – Орта Жүздің үлкен бөлігі Уәлиді хан тағынан тайдыру туралы талап қойды, бірақ Ресей билігі оны аяқсыз қалдырды.

1798 жыл – Абылайдың билігінде болған Орта Жүз қазақтарының Сібірге өтуіне рұқсат берілді.

Ресей бодандығын мойындаған қазақтарға кеден салығы салынбайтын болды.

1800 жыл – Христиан дінін қабылдаған қазақ сұлтандары мен былайғы азаматтарының Ресей патшасына жазған хаттары лақтырылып тасталмай, жолданған жеріне жеткізу туралы шешім қабылданды.

Ресейлік отарлау саясатының қандай сұңғылалықпен қаншалықты табанды жүргізілгеніне *«Хронологический пере-*

*чень с кратким изложением сущности Высочайших грамот, указов и узаконений, изданных с 1731 по 1896 год по отношению к киргизам и населяемым Акмолинской, Семипалатинской, Семиречинской, Уральской и Тургайской»* топтамасы да кепіл.

1830-шы жылдарға қарай Ресей ұланбайтақ қазақ даласын түгелдей иеленді. Оның ішінде егінге қолайлы Арқа жері тұзаққа ерте түсті. Саяси және экономикалық стратегиялық маңызы ерекше Ақмола – Қараөткелге қолды мол салды. Енді елді түрлі әкімшілік аймақтарға бөліп тастап, әскериленген сұсты биліктің ықпалын күшейту ғана қалды.

1822 жылғы жарғы бойынша Орталық және Шығыс Қазақстанда сегіз округ ашылуы керек еді. 1824 жылы Қарқаралы, Көкшетау, 1831 жылы Аягөз, 1832 жылы Ақмола округтері құрылды. Соңғысы Есіл мен Нұра өңірін түгелдей қамтыды.

## V

### АҚМОЛА ӨҢІРІНІҢ СҰЛТАНДАРЫ

Ақмола-Қараөткел аймағының бұдан арғы қиын тарихы осы ұланбайтақ өңірді ашса алақанында, жұмса – жұдырығында ұстаған дала көкжалдарына тікелей қатысты болғандықтан солар туралы нақтылы деректерді жамыратайық.

Жаңадан құрылған округке тамыры Әз Тәукеден тарайтын Қоңырқұлжа аға сұлтан болды. Бізге осы жердің қарияларынан жеткен ауызша шежіре бойынша Әз Тәукеден – Сәмек (Сәмеке), одан Есім, Есімнен – Құдайменде туады. Құдайменденің бес ұлы болған: Бек, Бөрі, Арыстан, Сәнияз, Қоңырқұлжа.

Өңір тарихын қай қырынан алсаң да **Әз Тәуке** әулетінің ғұмыр-деректері Ақмола топырағына айналып соғады да

тұрады. Атақты хан алты ай жазда осы жерді жайлайтынын жоғарыда айттық. Жәңгірден туған осы кеменгер орыс деректерінде жай ғана хан емес, аға хан деп дәріптеледі. Билікке жоңғарларға қарсы жасалған шабуылдардағы ерекше ерлігі арқылы жеткен. Заманында аузымен құс тістеген шешен болыпты. Данышпандығы мен адамгершілігі, айбыны мен әділдігі жарасқан, қараны алаламаған, ақсүйекті дараламаған. Соған орай қоластындағы ел түгел мойындаған.

Көп деректің бірінде Кіші Жүздің саны аз кіші руларын өз елінде теперіш көре берген соң Орта Жүзге қосып алыпты. Олар кейін Жетіру аталып, әлденіп өз алдына қалың жұрт болған. Уақ пен керейді де осылай топтастырып, білекті бүгілдіре, жүректі жүгіндіре алмайтын әулетті елге айналдырған.

Тәуке алғаш рет қазақтың Үш Жүзін бір биліктің астына топтастырды, тұрақты армия құрды, алғашқы ата заңымыз – Жеті Жарғыны қабылдады. Елдің малдысын емес, ақылымен алымдысын атқа қондырған. Ұлы Жүзде – Төле, Орта Жүзде – Қаздауысты Қазыбек, Кіші Жүзде – Әйтеке хан атаулыдан биік тұрды.

Аға ханның тұсында қалың жоңғар ел шетінен де сығалай алған жоқ, еліріп жетіп, егіліп кетті. Іргедегі Ресей де көз аларта алмады, елшілері елгезек болды.

Сөйткен алдияр да өмірден өтті, 1715 жылы Түркістанда жерленді. Оның тарихта табан ізі қалған ұлдары – Семеке, Болат пен Есім.

**Семеке** – Орта Жүздің хан тағына Болаттан соң отырған. 1723-1725 жылдардағы қазақ-ойрат соғысында Орта Жүздің рубасылары билікті қолына береді. 1730 жылға дейін осы шайқастың бел ортасында жүрген. Сол жылдары Торғай өзені мен Ерейментаудың бірін жаз жайлады, бірін қыс қыстады. Оның алдында, 1720 жылы Түркістанда отырды. 1731 жылы 19 желтоқсанда Әбілхайыр ханның жолымен Ресейдің қарамағына кірді. Алайда кейінірек бұл қадамның кереғар

тұстарын сезіп, сол келісімді бұзуға әрекеттенеді. 1732-1733 жылдары орыстың қорғауындағы башқұрларға дүркін-дүркін соқтығады. Бірақ башқұрдың Таймас батыры алдырмайды, қайта еңсеріп әкетеді. 1734 жылы ойланып-толғанған Семеке Ресейге екінші мәрте бет бұрған. Әйел патша «алдыңа келсе, атаңның құнын кеш» деген жобамен сол жылы 10 сәуірде арнайы Жарлықпен Орта Жүзге хан етіп бекітеді.

**Есім хан** – Семекенің кіші ұлы, Әз Тәукенің немересі. ХУІІІ ғасырдың елуінші жылдары Түркістан маңындағы және Әбілмәмбет ханға наразы көшпелілердің ұйғарымымен хан көтеріледі. Осы кезден бастап Әбілмәмбетпен арада Түркістанға талас өршиді. 1758 жылы Есім оны қуып тынады. Бірақ екеуара өштесу тоқтамайды, бұл текетірес халықты тұралататын болған соң Абылай сұлтан мен Қаздауысты Қазыбек ара ағайындыққа келеді. Ұзақ айтыс-тартыстан соң ортақ пәтуа жасалған: – Түркістан мен оның өңірі екеуіне де ортақ, тең басқарасыңдар. Алайда тең билік ету мүмкін емес еді, екі қошқардың басы бір қазанға қалай да сыймайтын. Ақырында қала да, дала да қақ бөлінеді.

Әбілмәмбет өлген соң оның орнына келген баласы Болат та билікті Есіммен бөліскен. Бұлар осылай алакөңіл болып жүргенде, Ташкент әмірі Жүніс қожа Оңтүстікті Түркістанмен бірге басып алып, екеуін де ысырып шығарады.

Кейбір тарихшылар Қайып ханның Кіші Жүз сұлтаны болған баласы Батырдың немересі Жұма Құдаймендинді Тәуке тұқымынан деп жаңылысып жүр. Бәлкім бұған Жұманың ХУІІІ ғасырдың соңында Арғынның шақшақ руын басқарғаны себеп болса керек. Кейін қол астындағы ел хан сайлаған. 1824-1830 жылдары, хандық басқару жүйесі жойылған соң, Орынбордың Шығыс жағындағы қазақтардың сұлтаны болады.

Тәукенің ел аузында аталатын жаз жайлауы Астана қаласының Нұра өзені жағасындағы Күйгенжар алқабы. Қоңырқұлжа осы жерді атақонысы еткен. Үрім-бұтағы сол маңды кеңес үкіметіне дейін мекендеді.

Халық Қоңыртөре деп кеткен Қоңыркұлжаның Абылайынан туған Сұлтан сол шұрайлы, өзен-көлді өңірде емін-еркін дәурен сүрсе керек. Өз тұсындағы зиялы қауымға жақын жүрген. 1916 жылы Омбы қаласында Сәкен Сейфуллинге кездеседі. Осындағы оқытушылар семинариясын бітірген келісті жігітке қолқа салып, ауылына алып келеді. Төңіректегі елдің балаларына мектеп ашады. Сәкен сонда мұғалім болады.

Оның бұл ұстаздығы ұзаққа созылмаған, Сұлтанның сұлу жиені Рахимаға көзі түсіп сөз шыға бастайды. Қызға арнаған өлеңі ауыздан ауызға тарап кетеді. Соны намыс көрген ел Сәкеннің кетуін өтінсе керек.

Қоңыркұлжа сұлтанның зираты осы Күйгенжардан қол созым жердегі бұрынғы Энтузиаст кеңшарында. Текті әулеттің тұяғы жасы келген шағында дінге бет бұрып, Ақмола қаласында өз қаражатына мешіт салдырған.

Тарихи зерттеулерде сұлтанның әкесі Құдайменде жайында деректер сирек те болса кездеседі.

Ел ішінде қаһарлы атанған, сұлтан лауазымын төре тұқымы болғандығы үшін бұрынғы ескі дәстүр бойынша иеленген осы дала шонжары жайлы алғашқы мәліметті И.П.Шангиннің «Дневные записки ...» жолжазбасынан кездестіргем.

Саяхатшының экспедициясы алдын ала жасалған жол сапары бағытымен Нұра өзенінің Қорғалжын көліне құятын жерінен Қараөткелге қарай бет түзеді. Өзен кейін қалып, тау-төбесіз жалпақ жазықпен бие сауым жүрген соң Омбыдан кері қайтып келе жатқан Қоқан хандығының елшілеріне жолығады. Омбы корпусы командирінің өтінішімен оларға Құдайменде сұлтан жолбасшы болған екен. И.П.Шангин сұлтан туралы елдің үрке айтатынын жазады. Ол барымта мен талау-тонауға келгенде алдына жан салмайтын көрінеді.

Құдаймендеге И.П.Шангин бірден жолыға алмаған. Сұлтан қарулы экспедицияны көрген соң жанындағы нөкерін ертіп ауылына жөнеледі. Саяхатшының тілімен айтсақ, қырда

осындай бейбіт орыс адамдары жүргенінен хабардар бола тұра қашып кетеді.

Қоқан хандығының елшілері сұлтансыз қорғалмай қалатынын ойлаған экспедиция басшылары оның соңынан кісі жібереді. Құдайменденің Омбы корпусы командирінің өтінішін орындауға тиіс екенін ескертіп, қайта оралыңыз деген сәлем жолдайды. Дала шонжары осыдан кейін ғана ырғалып-жырғалып зорға келіпті.

Сол екі арада тосыннан аттылы үш қазақ сап ете қалады. Елшілер керуенінің көлігін қуып әкетпек болып қиқулап жүріп қолға түседі. Экспедиция басшылары оларды қайта оралған Құдаймендеге тапсырады.

Аяқ астынан мүсәпір болған үшеудің кінәсін естіген сұлтан қаһарланып шыға келеді. Қылышын қынабынан суырып алып, біреуінің басын шауып түсіреді. Қалған екеуіне ұмтылғанда жанына ерген қазақтар ұстап қалады. Солардың қайта-қайта өтінуімен аяусыз дүре соғып босатып жібереді.

«Құдайменденің бұл әрекеті мені қазақтардың заңдарымен танысуға итермеледі, – дейді И.П.Шангин. – Ел арасында заң да, хан да беделді емес».

Алайда Құдайменденің әлгі ызбарына қарағанда сұлтан мен ханды қазақтардың арасында беделсіз деуге дәтің бармайды. Рас, дала ханы осыған дейін елді жеке-дара басқарып, бәрін өзі билеп-төстеп келсе, енді ол құдіретінен айырылатын заң-жобалар шыға бастаған еді. Ресей билігі ел тізгінін өз қолына біржола алуға көшкен.

«Ескі дәстүр бойынша хан белгілі сұлтандардың тегінен сайланады. Қазіргі ханның елге ұнамсыз жақтары бар, ол сұлтандар әулетінен болғанымен шешесі қарақалпақ қызы. Ал бұл елді қазақтар әлімсақтан жек көреді» – деп жазады одан әрі И.П.Шангин. Бұдан әрі дала заңын тізеді. Сол заңның негізгі баптары төмендегідей:

1. Хан мына қағидаттардың сақталуына және орындалуына жауапты:

2. Қазылардың ескі жөн-жоралғыларды ұстануына
3. Барымтаны жоюына
4. Себепсіз ұрлық жасағандарды өлім жазасына кесуге
5. Ақсақалдар мен дәулеттілердің ықпалына қарамастан барлық жағдайда әділдікті сақтауға
6. Егер ел ішінен хан жарлығын орындамайтындар табылса, құн кесуге
7. Хан ордасынан шалғайдағы жерлерде сұлтандар мен билер, ақсақалдар ұсақ-түйек қылмыс жасағандарды, оларды ханның қатысуынсыз жазаға тартуға
8. Сұлтандардың хан үкімінсіз адамды өлім жазасына кесуіне жол бермеуге
9. Егер біреу ханға қол жұмсаса, әлгі қолын ел алдында шауып тастауға
10. Егер біреу адам өлтірсе, қылмыскер мен оның жеті ер ағайынын өлім жазасына кесуге
11. Елден ханның мұң-мұқтажы үшін белгілі мөлшерде мал жинауға.

Осы заң тармақтарындағы кісі өлтіргені үшін жазалы да, оның жеті ағайыны да өлтіріледі деген үкімді И.Шангиннің қайдан естігені айтылмайды. Мұндай жазаны қазақтың ескі заңдарымен таныса жүріп біз де осыған дейін кездестірген жоқпыз.

Негізгі әңгімемізге орайлайық. Тарихқа ықыластыларға «Записки о некоторых народах и землях средней части Азии» еңбегімен белгілі Филипп Назаровтың Құдайменде туралы пікірі И.Шангнге қарағанда иманжүзділеу.

Ф.Назаров Корпус командирі генерал-лейтенант Глазенаптың тапсырмасымен арнайы ұйымдастырылған экспедицияны бастап шығады. Мақсат белгілі – қазақтарды зерттеу, бекіністер салатын жерлерді анықтау, сұлтан-билердің Ресейге көзқарасын білу т.б.

Қарулы казактардан құралған экспедиция Ақмола-Қараөткел өңіріне іліккен соң қазақтардың кез-келген уақытта

шабуылдауы мүмкін екенін аңғара бастайды. Далаға аса беделді біреудің қамқорлығы қажет болады. Ондай адам осы ұлан аймақта жалғыз-ды. Құдайменде сұлтаннан басқа ешкім бұларды қорғай алмайды.

Сұраған ел сұлтанның Есіл мен Нұра өзендерінің аралығындағы Ақмола жазығында көшіп-қонып жүгенін айтады. Экспедиция Есілге аялдап, Құдаймендеге хабаршы жібереді.

Кеткен адамдар алты күнге дейін оралмаған. Амалы таусылған Назаров өзеннен өтіп, Нұраға құятын Қозыкөштің жағасында ат шалдырады. Осы жерде жолыққан қыр қазақтары орыстардың Нұраға қарай бет алғанын естіген Қарпық болысы мен Қаракесектегі қойаныштыағай елі оларды қолға түсіруге қамданып жатқанын айтқан.

Ақмола өңірі сұстанып алғандай еді. Ат басын кері бұрған экспедицияны мылтықпен, найза, қылышпен қаруланған қазақтар торуылдап үрейін ұшырған. Қазақтардың дүркін-дүркін атқан мылтығынан қаймықпай, сескендірмек болған сайын өршелене түседі.

Филипп Назаров бұл өшпенділіктің сырын кейін білген. Хан-сұлтандар Ресейдің қолтығына кіргенмен, Орта Жүздің орыстарға бодан болуын қалың ел құптамаған еді. Далаға бойлап енген экспедицияларға әредік шабуыл жасалып жатты.

Торуылдаған қазақтардың қатары толыға береді. Экспедиция ығыса-ығыса Қорғалжынға жетіп, одан әрідегі Құланөтпес өзеніне ілігеді. Айнала елсіз, майдан ашуға ыңғайлы. Назаров қапталдаса ерген ызғарлы топтың енді аянбайтынын түсінеді. Осындай қысылтаянда тағатсыз күткен хабаршылар зарықтырып жетеді. Сойылды, найзалы қазақтарды қақ жарып желіп шыққан аттылылар Құдайменде сұлтанның адамдары еді.

Сұлтан Назаровқа Жақсы көң өзенінде кездесуді ұсынған. Көп адам ертпеуі, қажет нәрседен басқаны алмауы керек. Қауіптенбеуіне әбден болады.

Құдайменде үш офицер мен екі урядниктен тұратын нөкерімен келген оған он шатыр тігеді, барлық жағдайды жасайды.

– Сұлтанның шатырын үш жүздей қарулы сарбаз күзетіп тұрды, – деп жазады бұдан әрі Ф.Назаров. – олардың бәрі сауыт киген, қолдарында найза, белдерінде қылыш.

Сұлтан 60 жас шамасында, орта бойлы, сұсты. Екі жағында тізіліп билер жайғасқан. Олардың бәрі бізді торуылдаған қазақтардың руларынан екенін білдік.

Құдайменде шарт қойды.

– Сендерді елден шыққанша қорғаймын. Тек кері қайтасындар, Ресейге. Осындай жағдайда ғана мына отырған билер өздеріне тиесілі руларды тыныштандыра алады.

Бізкелістік. Сұлтаншаймен сыйлап, екі сағаттай әңгімелесті. Содан кейін бірге ере келіп, экспедиция керуенін қарап шықты. Жолбасшылыққа он алты жастағы ұлы Қоңырқұлжаны, Бұлқайыр сұлтанның жиенін белгілеп төлеңгіттерді қоса берді.»

Назаровтың жазбаларынан Құдайменде сұлтанның неге айға жуық хабар салмағанын түсіну қиын емес. Сондай-ақ қарулы қазақтардың осынша уақыт шабуылдамай сырттан торуылдауының себебін де аңғара аласың. Мұның бәрі дала көкжалының айла-амалы. Мылтықты қазақтар қорғаған Ресей экспедициясын әбден ықтырып барып қантөгіссіз кері қайтару үшін осылай жасау керек еді. Отарлаудың салқынын сезген елдің қолдан келген қаракеті болатын бұл.

Сұлтан жөніндегі тағы бір дерек Петропавл гарнизонында капитан шенінде қызмет атқарған, өмірінің соңын Семейде өткізген әскери инженер Иван Григорьевич Андреевтің «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» еңбегінде жүр.

1779 жылы Сібір линиясының командирі генерал-майор Огаревке Абылайға хан мәртебесін беру рәсімін орындау тапсырылған. Огарев Абылайды тауып әкелуге Петропавл шекара батальонының капитаны Лилиенгрейнді жібереді. Жанына тілмаш ретінде коллеж регистраторы Бичуринді және он екі адамды қосады.

Лилиенгрейн Абылайға Нұраның жағасындағы жайлауда жолығады. Сұлтан Ресейдің хан дәрежесіне көтерген құрметінен бас тартады.

– Мұныңыз болмайды, – дейді капитан.

– Сіз маған бұйыра алмайсыз, – дейді Абылай. – Мен Қытай тарапының да дәл осындай қошеметін қабылдаған жоқпын.

Лилиенгрейн осы жерде Абылайдың Қытайға бодан болуға келіскен найманға Дайыр сұлтанды аттандырып, осыған мұрындық болғандардың бәрін дарға астырғанын естиді. Тауы шағылып кері оралады. Жолшыбай Құдайменде сұлтанның Уфа уезінің Орынборға бара жатқан башқұрларын тұтқында ұстап отырғанын біледі. Ресейдің атынан оларды босатуды талап етпек болады, бірақ батылы бармайды.

\* \* \*

Сұлтан балаларының ішінде Ақмола өңірінің тарихында елеулі орын алатыны Қоңырқұлжа. Сондықтан оның Ресей құжаттарындағы ғұмырнамалық деректерін түгел келтірейік.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген «История Казахстана в русских источниках ХVI-XX веков» дестесінің YIII томында (бірінші кітап) сұлтанға тікелей қатысты бірнеше мәлімет бар. Аталған еңбектің «Аса құрметті және ерекше ықпалды ордалықтар» тарауындағы №40 құжат «1848 г. – Формулярный список о службе старшего султана Акмолинского высшего окружного приказа полковника султана Конуркульджи Худаймендина» деп аталады. Қаз қалпында тәржімалауды жөн көрдік:

«Шені, аты-жөні, қызметі, жасы және діні?

*Полковник Қоңырқұлжа Құдаймендин, Ақмола округтік приказының аға сұлтаны, 54 жаста, мұсылман дінінде.*

Шыққан тегі?

*Сұлтан балаларынан*

Жылдық жалақысы?

*Жалақысы 342 ру. 85 тиын күміспен.*

Ата-анасының, өзінің, әйелінің жылжымайтын мүлкі бар ма?

*Жоқ.*

Қызметке қандай шенде, қандай іс атқарып жүргенде, қай жерде кірісті? Шенінен басқа марапаттары қандай?

*Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант де Сент-Лоран мырза Шекара әскери отряды бастығының ұсынуымен және қазақтар сайлаған соң 1832 жылғы қыркүйекте Ақмола округі приказының аға сұлтаны етіп бекітті.*

*Ресейге адалдығы және жан-тәнімен қызмет еткені үшін аса мейірімді ағзам 1833 жылғы 2 сәуірде подполковник шенін берді.*

*Ішкі істер министрінің таныстыруымен мәртебелі сарайда 1834 жылғы 18 сәуірде қабылданғанда, Ресей тағына жақындығы және мызғымас адалдығы үшін аса мейірімді ағзам Анна лентасына тағылған, алмаспен көмкерілген алтын медальмен марапаттады және сыйлы шекпен мен қайтар жолына 5000 рубль тарту етті.*

*1836 жылғы 16 мамырда аса мейірімді ағзам қызметіне ерекше берілгені және табандылығы үшін Ресей империясының мәңгілік текті дворяны мәртебесіне жоғарылатты.*

*1840 жылғы 5 ақпанда аса мейірімді ағзам полковник шенін берді.*

*1842 жылғы 18 қарашада халықтың аға сұлтан етіп басқа адамды сайлағанына байланысты бұл қызметтен босатылды.*

*1845 жылы 27 тамызда халықтың сайлауымен тағы да Ақмола округінің аға сұлтаны болып анықталды.*

Дұшпанға қарсы жорықтар мен шайқастарға қатысты ма?

*Қатысқан жоқ.*

Сотқа немесе айыпқа тартылған ба? Тартылса не үшін?

*Тартылған жоқ.*

Үкімет қызметін жалғастыруға қабілетті ме? Шенін жоғарылатуға лайық па?

*Қабілетті және лайық.*

Демалысқа шыққан ба? Шықса қашан және қанша уақытқа?  
Одан мезгілінде оралды ма?

*Демалыста болмаған.*

Шені көтерілуіне байланысты немесе онсыз қызметтен кеткен бе?

*Жоқ*

Үйленген бе? Қанша баласы бар? Олар қанша жастарда және қайда тұрып жатыр? Қандай дінді ұстанады?

*Үйленген, балалары бар. Ұлдары: Бегәлі – 29 жаста, Жанәлі – 27 жаста, Шыңғыс – 27 жаста, Әділ – 26 жаста, Абдол – 23 жаста, Төке – 22 жаста, Мәмбетәлі – 20 жаста, Абылай – 17 жаста, Әбілғазы – 15 жаста, Әпсәлам (Абдусәлям) – 7 жаста. Қыздары: Шәке – 13, Қанәпия – 7, Хәдиша – 5, Хәлифа – 3 жаста, Бәрі өзінің жанында, діні – мұсылман.*

*Төраға үшін – советник Климовский.*

*Советник үшін – Советник Чигиринцов.*

*Стол бастығы үшін – Зудилов».*

Осы еңбектің 381 бетінде Қоңыркұлжа сұлтан хақында тағы да өмірбаяндық қысқа шолу берілген.

«Қоңыркұлжа Құдаймендин – делінеді онда, – 54 жаста. Алғыр, қарапайым. Аса дәулетті. Тама болысынан, Есім ханның руынан. 1832 жылы 3-қыркүйекте Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант де Сент-Лоран халық сайлауының қорытындысы бойынша Ақмола округінің аға сұлтаны етіп бекітті. 1842 жылы 18 қарашада халық сайлауында басқа адамның аға сұлтан болуына байланысты ол қызметтен босатылды. Ал 1845 жылғы 27 тамыздан – 1849 жылға дейін халық қалауымен тағы да осы қызметке оралды. 1849 жылдың 18 қарашасында шығарылды. 1833 жылғы 2 сәуірде Ресейге берілгендігі және жан-тәнімен еңбек сіңіргені үшін подполковник әскери шені берілді. 1834 жылы 18 сәуірде мәртебелі сарайда ішкі істер министрінің ұсынуымен қабылданып, Ре-

сей тағына кінәратсыз жақындығы және шынайы адалдығы үшін аса мейірімді ағзам Анна лентасына тағылған, алмаспен көмкерілген алтын медальмен марапаттады және сыйлы шекпен мен қайтар жолына 5000 рубль тарту етті. 1836 жылы 16-мамырда аса мейірімді ағзам күш-жігері және қызметіне барынша берілгендігі үшін Ресей империясының мәңгі текті дворяны деп жариялады. 1840 жылғы 5-ақпанда аса мейірімді ағзам полковник шеніне көтерді. Жаз жайлауы Қозыкөш, Есіл, Нұра, Көкпектам, Құндызды өзендерінің, Майбалық көлінің атырабын, Ақтасты өзенінің бойын алып жатыр. Солтүстігінде 130 шақырымнан астам. Қыстауы – Бұғылы, Таматау, Құсмұрын, Тек-Тұрмас тауларында, приказдың шығысына қарай 300 шақырымға созылады».

Тағы бір деректе: «Қоңырқұлжа Құдаймендин. Киіз үйі саны белгісіз. Әкесі Құдайменде Есімханов қайтыс болған соң екі ірі болысты – Алтай және Қарпық болыстарын күш-жігерін аямай басқарып келеді, саудагерлерді қырағы қорғауда. Алтын медаль мен оқалы киімге ұсынылады» – делінген.

Сұлтанға Ресейдің лауазымды үкімет адамдары берген осыншалық зор баға Қоңырқұлжаның заманындағы ірі қоғам қайраткері болғанын көреміз. Ол Орта Жүздің белді хан-сұлтандары ант берген патша тағына бүкіл ар-ожданымен адал болған және қылаусыз қызмет еткен. Сұлтанды осы қасиеті үшін кінәлаймыз ба, жоқ па, ол жағын кесіп айта алмаймыз. Егер өз кезінің билігі мен саясатына еңбек сіңіргендерді тарихтың күресініне лақтыра берсек, арғы-бергі ғасырлардағы казак білімдарлары мен тізгін ұстағандарының көпшілігінен бас тартар едік. Бұл тарих үшін әділдік болып шыға ала ма? Ата-бабалардың, әке-ағалардың бәрінен ерлік пен елдікті дәмету тегінде дұрыс па? Заманның теперіші сесті ме, әлде ұлттың азаматынан күткені пәрменді ме? Өткір сауалдар, жағадан алатын жандарал сұрақтар.

Құдайменденің тарихта дәл Қоңырқұлжадай атақ-даңқы атойламағанымен, ел тегіне орай сұлтан деп бетке ұстаған басқа ұлдары да болған. Олар – Бек пен Бөрі, Арыстан.

«История Казахстана в русских источниках XIV-XV веков» дестесі YIII томының бірінші кітабында (156 бет) Бөрі туралы мынандай жолдар бар:

«Бөрі Құдаймендин, сұлтан, 34 жаста. Тұйық және қарапайым. Дөңгелек дәулеті бар. Тоқа-Қарпық болысында. Жаз жайлауы Бұлқайыр Сарин сұлтанмен бірге, қыста Ортауда отырады, жылжып Қалыбек, Көктің көлі маңына барады. Приказдан 130 шақырым жерде алты ай қысты өткереді».

Бек жайындағы мәліметтер де жұтаң:

«Бек Құдаймендин, сұлтан, 30 жаста. Ақылды, сөзге сараң, қарапайым. Дәулетті. Тоқа – Қарпық болысында. 1832 жылдан 1839 жылға дейін болыс болған. 1832 жылы мәртебелі сарайда болғанда коллеж ассессоры шенімен ардақталып, Александр лентасына тағылатын алтын медальмен марапатталды және сыйлы шекпен жабылды.

1833 жылы 2-маусымда аса мейірімді ағзам ерекше көзге түскені және ықыласты еңбегі үшін Андреев лентасына тағылған алтын медальмен марапаттады. 1840 жылы есауыл Панковтың бүлікшіл қазақтарға қарсы аттанған отрядындағы елеулі іс-әрекеті бағаланып, сарай (надворный) советнигі шені берілді».

Есімнен туған Құдайменденің балалары әкеден қалған билікті ұзақ уақыт қолдан шығармаған. Ақмола округіне әуелі Қоңырқұлжа, одан кейін Арыстан аға сұлтан болды.

Арыстан заманында көштен қалмаған, көп жағдайда үзеңгілестерінен мойны озық жүрген. Ол жайындағы Ресей кеңсесінің мәліметі «История Казахстана в русских источниках XVI-XV веков» дестесі YIII томының бірінші кітабында 464-бетте беріліпті.

Мәлімет 1851 жылы әзірленген. Арыстан (Арыслан делінген) Құдаймендин, майор, Ақмола округтік приказының аға сұлтаны, 41 жаста. Мұхамед дінін ұстанады. Анна және Владимир ленталарына тағылған екі алтын медалінің иегері. Жалақысы күміспен 343 рубль 10 тиын.

Сұлтан балаларының бірі, сауатсыз. 1832 жылы Тінәлі-Қарпық елінің қолдауымен осы болысты басқарады.

1833 жылы 3-сәуірде Анна лентасына тағылған алтын медальмен, 1840 жылы 23-шілдеде Владимир лентасына тағылған алтын медальмен марапатталды. 1838 жылы майор шені берілді.

1844 жылы өзінің өтініші бойынша Шекара басқармасы бастығының жарлығымен отставкаға жіберілді.

1849 жылы 18-қарашада қазақтардың сайлауымен және Ақмола округтік приказының ұсынуымен Арыстан Құдаймендинді Батыс Сібір генерал – губернаторы Ақмола округі приказының аға сұлтаны етіп бекітті.

Патшалық ресейдің жауларына қарсы жорықтарға қатыспаған. Өртүрлі жағымсыз әрекетімен сотта болмаған. Үкіметке адалдардың ішіндегі ең сенімдісі».

Құдайменде бұл ұлын Онбай сұлтанның қызы Нұржанға үйлендіріпті.

Ұлдары – Сейіт, Рүстем, Нүрпейіс, Ескендір. Қыздары – Айза, Рабиға, Загоря (бұл есімді қазақша ыңғайға келтіре алмай жазылған қалпында бердік).

Арыстан Ақмола-Қараөткел тарихында көрнекті тұлға емес. Аты ел ішінде айтыла бермейді. Тәрізі дау-дамайдан, елдің өзекті шаруаларынан аулақ жүріп, губерния басшылығының тапсырмаларын айғай-шусыз атқарумен өмірін өткізген секілді.

Қоңырқұлжа өзі аға сұлтандықтан кеткен соң кіндігінен тараған ұлдары босаңдау болып, билікті осы інісіне жатпайтұрмай ұстатқан шығар. Әлде патша ағзамның сеніміндегі осы әулеттің беделін әрі қарай сарқа пайдаланғысы келген үкіметтің қалауы ма, әйтеуір Арыстанға бақ қонғаны анық.

Қоңырқұлжаның бел балаларынан Бегәлі аталады. Оған дерек 24 жасында жиналыпты. Ақылды, ақкөңіл делінеді. Дәулетті. 1832-1834 жылдары Қареке – Алтайға болыс болады. Бірақ ұзақ басқара алмаған. Ру ақсақалдарының наразылығымен жылы орнын босатады.

Тағы бір деректе 1847-1850 жылдары Айтқожа-Қарпыққа болыс сайланғаны айтылған.

Қоңырқұлжаның Абылай есімді ұлы жайлы дерек тіпті мардымсыз. Ресми бекітілмеген сұлтан, дәулетті, қызба, бірбеткей, Тама болысында деумен тоқталады.

Әділ ныспылы ұлы әкесі Қоңырқұлжамен бірге Кенесарыға қарсы күресіп-ақ бағыпты. Сұлтан деген биресми даңқы бар. Елмен тез тіл табысатын елгезек болғанымен екіжүзді, уәдесінен тез таяды деген мінездеме берілген. Жері Тама болысында. 1844 жылы хан Кенеге майдан ашқан Сотников пен Рыбиннің отрядына қосылып, Кенесарының ауылдарын шабуға қатысады. Сол қызметі үшін Хорунжий шенін иеленген.

Құдайменде мен Қоңырқұлжа әулетінің ықшам тарихы осындай.

\* \* \*

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысында Қоңырқұлжамен бірге оған айрықша қарсы болған билердің бірі Аққошқар Кішкентаев. Соған орай қысқаша таныстырайық.

Ресей шенеуніктері оны ақылды әрі ку деп суреттейді. Малды болыпты, Әлеке – Байдалы болысын аузына қаратқан ділмар. Алтай ішінде Өмірқұл бұтағынан. 1846-1847 жылдары болыс билігіне қолы жетіпті. 1844 жылы Сотниковтың жазалаушыларымен бірге Кенесарының ауылдарын талап-тонағаны үшін Батыс Сібір генерал-губернаторы алтынмен дәріптелген барқыт шапан кигізеді.

Аққошқар осының алдында Кенесарыны қолдаған еді. Ақмола округінде сұлтанға қосылып бірқатар ереуілдерге қатысқан. Кім білсін, бұл арпалыс түбінде сәтсіз аяқталатынын сезді ме, әлде басқа себептері бар ма, беделді би содан кейін азаттық деп атқа қонғандардың бәріне теріс қараған.

\* \* \*

1868 жылы қабылданған «Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы уақытша ереже» бойынша осы би-сұлтандар басқарған өңірлер Ресейдің билік жүйесіне толық қосылды. Осы ереженің мәні жайында белгілі тарихшы, саясаткер П.П.Румянцев: – Енді қырғыз (қазақ) халқының тарихы жоқ, ауыл тұрғындарының ғана тарихы бар» – деп жазды. Г.И. Спасский ешқандай заңдық негіз жоқ анархиямен теңестірді.

Бұған дейін, атап айтқанда 1831 жылдың өзінде Ресейдің әскери құрсауы Арқаның тынысын тарылтып үлгерген еді. Осы жылы Орта Жүз жерінде -20, батыста -8, шығыста -28 дистанция құрылды.

Осы қыруар әскери құрылымды ұстап тұру үшін қомақты қаржы керек болатын. Ақмола облысының экономикалық жағдайына сол кезден бері жыл сайын жасалып келген шолулардан елге салынатын салық көбейгенін көреміз.

Сол салықтың түрлері:

1. Ішкі шараларға
2. Әскери шараларға
3. Сот қажетіне
4. Дін ісіне
5. Сұлтандардың қажетіне (мал, соғым)
6. Шаңырақ яғни түтін салығы

Мұның бәрін ұдайы төлеп тұру оңайға түскен жоқ. Ақмола облысында дүркін-дүркін жүргізілген мал санағына қатысқан есепшілердің бірі Г.Колмогоровтың анықтауы бойынша әр қазақ шаңырағында осы салықтарға төтеп беріп, тарықпай өмір сүруі үшін 20 жылқы, 30 ірі қара, 100 қой болуы керек екен. Мұндай дәулет екінің біріне бітпегені белгілі. Ел тарыға бастады.

Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендин осыған байланысты 1837 жылғы 5-сәуірде халықты мал түрінде алынатын салықтан босатуды сұрайды. Оған екі себепті көлденең тартады. Біріншісі – 1836 жылы қыс қатты

болып, елдің жұтқа ұшырағандығы, 139 мың мал қырылған. Екіншісі – Ташкент жағынан келген қаракшылардың көптеген ауылдарды тонап кетуі.

Аға сұлтанның бұл өтініші ескеріледі, Ақмола жұрты 1840 жылға дейін салықтың әлгі түрінен босатылады.

Қоңыркұлжаның осыдан үш жыл бұрын Петербургке арнайы барып, қазақтарды әскерге алмау және әскери жұмыстарға жалдамау жөніндегі талабы да қанағаттандырылған. Оған Сібір қазақтары қазір де, бұдан алдағы уақыттың бәрінде де әскерге алынбайды деген жауап берілген.

Осыдан аға сұлтанның қамсыз, қаракетсіз жатпағанын көреміз.

Қоңыркұлжа туралы бертінгі тарихшылар, әсіресе өз тарихшыларымыз салқын сөйлейді. Бұған аға сұлтанның Ақмола бекінісі мен Кенесары көтерілісіне байланысты қадамдары себеп. Енді осы кезеңді қысқаша шолып өтейік.

## VI

### АЛҒАШҚЫ АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІ

Бұл дүние шіркін жалған, бірде масайратып арқадан қақса, бірде аһ ұрғызып жағадан алады. Бетіне жан қаратпаған айбынды ғұндардан, кемеңгер Әз Тәукеден соң күмәнді күндер туады десе, кім сенген.

*Еркін өскен ел едік,  
Көңілі түссе көл едік.  
Көз алартқан жауларға,  
Етектей жерді бермедік.  
Арқаның саумал желі ескен,  
Ат жалында күн кешкен,  
Күндерім еске түседі.  
Ата жаумен егескен,*

*Жауыр болған жабыдай,  
Саяқсып жүрген халқым-ай,  
Руга, жүзге бөлініп,  
Шашырап кеттің тарыдай,  
Қамшының қысқа сабындай,  
Мерзімі шолақ зұмыр-ай,  
Баладай аңқау халқыма.  
Жар бола гөр, уа Құдай! –*

деп тілеп кеткен, «қазақтың басын қоса алмай, кәрілік дерттен аса алмай» өткен Қанжығалы қарт Бөгенбайдан соң жылмиған жылымшы жылдар жылжып жетеді десе, кім иланған.

Сол солғын заманның сарыны 1830 жылы Қараөткел бойын салқын кезіп кетті. Осы жылы патшалық Ресейдің қазақ даласындағы ықпалын біржола күшейту мақсатымен арнайы әскери экспедиция әзірленіп, подполковник Федор Шубиннің басшылығымен Ақмолаға аттандырылады.

Ақмолалық журналист А. Дубицкий «Город на Ишиме» атты кітапшасында бұған Алтай-Қарпық және Қуандық болыстарының әлділері Батыс-Сібір губернаторы Вельяминовқа жазған өтініш хат себеп болды деген дәйек келтіреді. Олар Қоқан жақтан қарақшылық шабуылдың жиілеп кеткенін, содан қорғану үшін осы өңірде округ құрудың қажеттігін дәлелдесе керек (Мұндай дерек 1979 жылы жарық көрген «Қазақ ССР тарихында»да бар).

Губернатор бұл тілекті қабыл алады, аталған аймақта Ақмола деп аталатын төртінші округ құру жөнінде патша келісіміне қол жеткізеді. Осы саяси маңызы зор шаруаның мұқтажына 31 мың рубль бөлініп, «іске сәт» деп алақандарына түкіреді.

Солокругтің орталығына орын Шубиннен бұрын белгіленген деген ақпар бар. Ол тұс – Тайтөбенің етегінен көсілетін ұлан жазық болатын. Қыр арқасында ғұн империясы қамал салған Тайтөбе белі, сол қапталын орай ағып Нұра сарқырап жатыр, ал қарсы маңдайда Есіл ен көсілген. Әскери бекініс пен дала

шаһарына бұдан артық қандай қолайлы орын бола қойсын. Осы жерге қақыратып қазық қағылады. Тандалған мекеннің сызбасы Батыс-Сібір губернаторы Вельяминовқа жеткізіліп, ол мақұлдайды.

Осы шаруаны тындырушылар кеткен соң ел ақсақалдары жиналып кеңес құрады.

Қоқанның қарақшылығынан араша сұрап жүргенде, мынандай күйге душар боламыз деп ойлап па едік. Арғысы Сарысу, бергісі Қараөткел, Қорғалжын елі алты ай жаз арқа-жарқа қатар қонатын ен жайлаудан біржола айырылғанмыз осы шығар. Түбінде солай болмасын десек, бір амалын табайық, – деседі.

Кеңесе келе «нартәуекел» деп қазықты суырып алып, Есілдің арғы бетіне, қаланың қазіргі орыны тұрған суы ащы, топырағы сор жерге әкеліп қағады. Тайтөбе маңы туралы, «өте қолайсыз қойнау, қыста қар қалың түседі, көктемде екі өзен жарыса тасығанда су жайылып, тасқынның астында қалады» деген лақап таратады. Бұған губернатордың айналасындағыларды әбден сендіреді.

Осылай кесіп айтуымызға А. Дубицкийдің жоғарыда аталған кітапшасында мемлекеттік архивке сүйене отырып келтірілген нақты дәйек бар.

*«Судья по всему, губернатор Вельяминов мыслил строить приказ в глубине урочища Акмола на Нуре, примерно в двадцати верстах от Кара-Уткуля, но впоследствии место сочли неудачным, стоянка была перенесена в другой, более северный пункт, о чем 7 сентября 1830 года Чириков сообщил в канцелярию Сибирского казачьего воиска: «Постоянное пребывание отряда, состоящего под командою... полковника Шубина, приискано при урочище Кара-Уткуль, где и устраивается ныне помещение людей и лошадей».*

Есіл өңірімен таныс емес ел үшін айта кетейік, Акмола Тайтөбе маңының, Нұра мен Есіл аралығының атауы, ал қазіргі Астана тұрған жер ежелден Қараөткел делінген.

Сонымен жер біржола таңдалып, дені Сібір казактарынан тұратын мұздай қарауланған топ арнайы жіберілген мамандардың басшылығымен әскери бекініс пен қаланы салуға бел шешіп кірісіп кетеді. Құрылыс жұмысы екі жылға созылады да 1832 жылғы 22 тамызда аяқталады. Сол күні Ақмола округі де ресми жарияланып, осы екі оқиғаға арналған азан-қазан той өткізіледі. Казактар жүздеген мылтықтан оқ атып, зеңбіректер отыз бір рет жер-көкті солқылдатады. Осы жылы Қоңыркұлжа Құдаймендин округтің аға сұлтаны болып сайланады.

Қараөткелде әскери бекіністің салынуы, оның алдында қабылданған «Сібір қазақтарының уставы» бойынша хандықтың жойылуы, елдің ішін болыс және сұлтан сайлауларының жікке бөліп, қырық пышақ етуі халықтың наразылығын күшейтіп жіберді. Мұның үстіне Ресейден тақыр кедейлер Ақмоланың құнарлы жеріне ағылып, байырғы тұрғындар ата қонысынан ысырыла бастады. Ұлан далада бекіністер мен әскери дистанциялар қаптап, қарулы казактардың зорлық-зомбылығы көбейді. 1831 жылы ғана Қазақстанның батысында 8, орта аймақта – 20, шығыста 28 дистанция ұйымдастырылды. Бейсауат жүрген адам, шығып кеткен малдың сау қайтуы азайды. Ашынған, қорланған елдің намыстылары мен арлылары Көкшедегі Кенесарыны төңіректеді. Жерін талатып тақ, елін тонатып бақ тапқан талай ездін тексіздігі Кененің көкірегін қақ айырды. Жүрегі сыздаған хан тұқымы:

*Сенгеніміз – жансыз,*

*Көсеміміз – қансыз,*

*Шешеніміз – мәнсіз,*

*Сатқынымыз – сансыз,*

*Ұрпағымыз – тұлдыр,*

*Болашағымыз – бұлдыр,*

*Заманымыз – сұм,*

*Жігеріміз құм болды-ау, – деп күйзеледі.*

Тақсыреті талайға кеткен, талайлардың түбіне жеткен, хан тағынан тайған, шарасыз ел көрінген көк аттыға алақан жайған кезең Кенесарыны ақыры атқа қондырды. Қараөткел қайдасың деп тебіренді. 1838 жылдың 25-ші мамырында Ақмоладағы әскери бекіністі тікелей шабуылмен тас-талқан етті. Бекіністен Қоңырқұлжа мен осындағы казак әскерінің басшысы Карбышев, бірді-екілі солдат қана түн жамылып қашып шықты.

Көкжал туған хан Кененің осынау ерен ерлігі, ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы жеңісі казак даласының талай саңлақ батырларын атқа қондырғаны белгілі. Сол қарулы қозғалыстың дйттеген жеріне жетпегені де мәлім. Ақмоладан кейін Жезқазғанның жалпақ даласындағы Ақтау бекінісін жермен жексен еткен, алты алашқа бостандықтан жол салсам деп көксеген, елі үшін арыстанша алысқан есіл ер өмірінің соңында:

*Қош-аман бол, Сарыарқа өскен жерім,  
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.  
Тізе қосып бар қазақ ел бола алмай,  
Ит пен құсқа жем болып өшкен жерім, -*

деп күңіреніп өтіпті.

Шерлі сөз шерменде жүректен өріледі. Көсем сөз көшелі көкіректен талпынады. Ұран болар ұлағатқа тұмар болар құрмет жарасады. Астана хан Кенені құрметтеуден кенде емес. Есілдің жағасында аскақтап ескерткіші тұр. Қаланы қақ жарып Кенесары даңғылы өтеді. Тек осы қаһарманмен бірге Ақмола бекінісін талқандаған аруакты батырлар ұмытылмаса дейміз. Патша бекінісі болған жерге салынған орталық стадионға сол жаужүрек ерлердің есімдері жазылған ескерткіш тақта қойылса. Азаттық деп жанын шүберекке түйген баһадүрлер мыналар: шұбыртпалы Ағыбай, сүйіндік Жанайдар, қыпшақтан шыққан Иман, Басығара, арғын Жеке батыр, табын Жоламан, дулат Жәуке, Сұраншы, Бәйсейіт, Бұғыбай, атығай Аңғал.

Кенесарының дауылынан соң қазақ даласы іштен тынды. Есіл мен Нұра өңірінде арасалмақ күрт өзгерді. 1850 жылдары сол кезде Қазақстанға ағылған Ресей мен Украина шаруаларының 56 процентінен астамы Ақмола облысына келіпті. Ал қала бірте-бірте ауқымын кеңейткен. 1862 жылғы 23 қазанда оған қала дәрежесі берілді. Сол тұста шаһарда 4777 дворян, үй-жанымен 1320 солдат, 1487 қарулы казак, 130 татар, 1319 ортаазиялық, 11 дін иелері, 300-ге жуық қазақ болыпты. 1880 жылы алғашқы өндіріс ошақтары қара танытады. Екі май балқытатын, бір сабын қорытатын, тері илейтін зауыт жұмыс істеген. Бір класты үш училище, мешіттің жанынан татар мектебі ашылған.

Қаланың негізгі кәсібі ұзақ уақыт сауда болды. 1865 жылы сауда айналымы біржарым миллион сомға жетеді.

Ташкент саудагерлері 1864 жылы ғана осында мал айдап келетін қазақ байларынан 30 мың қой сатып алған. Осындай алыс-беріс Ақмола 1868 жылы уезд орталығы болған кезде тіпті жандана түсті. Константин және Дмитриев жәрмеңкелері ашылды. Алғашқысы 21 мамыр – 10 маусым, екіншісі 22 қазан-22 қараша аралығында өткізілген. Сарыарқаның малдылары мен қалталылары түгелге жуық жиналып, атақты балуан, әнші-күйші думанын асыратын сол жәрмеңкелер үшін қазіргі Шұбар шағын ауданының жері таңдалыпты.

Осыдан бір ғасырға жуық уақыт өткенде, 1961 жылғы 20 наурызда Ақмола Целиноград қаласы болып өзгертілді. Бес облыс құрамына енген Тың өлкесінің орталығына айналды. Қаланың бұдан кейінгі тағдыры елге белгілі.

\* \* \*

Сол кейінгі тағдыр да, Хан Кененің кезіндегі тағдыр да арнайы зерттеуді қажет етеді. Біз Ақмола бекінісінің тарихына да лайықта баға берген жоқпыз. Қазақ тарихшыларының ішінде Кенесарының осы қамалға шабуылы жөнінде екіұдай пікір айтылады. Бірі талқандады десе, екіншісі күйрете

алмаған деп дәлелдемек болады. Бұлар негізінен Ресей саяхатшылары мен зерттеушілерінің дәйектемелеріне сүйенеді. Оларды жинақтап айтсақ, Кенесары бекіністі өртеген, қорғанған казактардың көбі окка ұшқан, бірақ хан әскері ішке енбеген дейтін байламға саяды.

Осы және басқа да архив деректерін мұқият талдаған көрнекті ғалым Ермұхан Бекмаханов «Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қоғалысы» атты тарихи монографиялық еңбегінде көтерілісшілердің бекіністі басып алғанын айқын жазады. Жазушы Естай Мырзахметов «Сардаланың сардары» көлемді мақаласында: «Оның (Кенесарының. Ред.) қолбасылық көрегендігін, түкті жүрек батырлығын жарқырата көрсеткен аса бір ірі жеңісі – Ақмола қамалын алуы. Бұл Арқаның дәл кіндік тұсына қадалған көк сүңгі іспетті, зеңбірекпен, карабин мылтықпен қаруланған мықты гарнизон Қоңырқұлжаның жасағымен бірлесе қорғап тұрған мықты қамал тұғын. Жан-жақтан келетін жолдарға да мықты күзет қойылған-ды. Сөйтсе де, Кенесары 1838 жылдың 25 мамыр күні тіке шабуылмен қамалдың қақпасын қақырата ашты», – деп жазады.

Хан Кененің Ақмола бекінісіне шабуыл жасаған кезде әскері сан жағынан да, қару-жарақ жағынан да осал емес еді.

Дала көтерілісінің саяси, ұлттық және басқа қырларын тәп-тәуір зерттегендердің бірі Н.Н.Середаның мына бір бағамына зер салайық: «Кенесары өз жасағының ықыласына лайық билеуші бола білді. Оның жасағының рухы жоғарылығына еуропалық әскердің қайсысының болсын қолбасшысы қызғана қарайтындай еді. Шабуылдары кезінде сондай жылдам, бейне бір жолындағының бәрін күйрететін дала дауылы сияқты, Кенесары қандай бір кедергі болса да тоқтамайтын. Қайта, қандай бір кедергі болмасын оның еркін өрлендіре түсіп, өзінің ойлаған мақсатына жету жолында кездескен барлық тосқауылдар, оның топан суындай қуатының алдында күйремейінше, оны екпіндетіп, өз ісінде өжеттендіре түсетін. Кенесарының

бойындағы осы қасиеттерін біздің көшпелілер жоғары санайтын және оның серіктерінің жүректері өз қолбасшыларына шексіз, жанқиярлық сеніммен соғатын!» (Е.Бекмаханов. Қазақ халқының Кенесары бастаған азаттық қозғалысы»). Осындай қуатты рухани жігер Кенесарыны Ақмола бекінісін күйретпей тоқтатпайтыны хақ.

Хан атқа қонбастан бұрын Ресейден елді өз еркінде қалдыруды өтініп-ақ баққан. Е.Бекмаханов монографиясында сондай тілекке толы талай хаттарынан үзінділер келтіреді:

*«Аталарымыз мұра еткен Есіл, Нұра, Ақтау, Қарқаралы, Қазылық, Жарқайың, Обаған, Тобыл, Құсмұрын, Оқият, Тоғызак, Оралға дейінгі жер қазіргі патша тұсында бізден тартып алынып, ол жерлерде бекіністер салынды, – деп жазады хан Кене. – Қазір күн сайын біздің жерлерімізді тартып ала отырып, ол жерлерге бекіністер салып, сонысымен халықты өте қиын жағдайға жеткізуде. Бұл тек біздің болашағымыз үшін ғана емес, сонымен бірге өмір сүруімізге де қауіпті».*

Кенесарының осы, тағы басқа хаттарына берілген жауаптар оның ар-намысын қорлаумен болды. Ондай жауаптың бірінің мазмұны мынандай:

«1. Орынбор мекемесінің қырғыз-қайсақ даласын мекеңдеген барлық қырғыздар Россия империясының ажырамас меншігі болып табылады және жылына әр шаңырақтан күмістей 1 сом 50 тиын салық алынады.

2. Орынбор қырғыздарынан зекет жинауға сізге тиым салынады, себебі олар қазынаға үй басы салығын төлейді.

3. Ұрлық және ауыр қылмысты істер Ресей империясының заңдарымен сотталады.

4. Қашқан орыстарды, татар, башқұрттарды жасыруға рұқсат етілмейді. Қазіргі күнде қарамағыңызда жүрген мұндай адамдар тезірек Ресейге қайтарылуға тиіс.

5. Орыс патшасының бағынышты адамы ретінде Кенесарының «Ресей дұшпаны» саналатын елдермен және адамдармен қарым-қатынас жасауға қақысы жоқ.

6. Сұлтан мырза, сізге, сіздің туыстарыңызға, серіктеріңізге, ордалықтардың ешқайсысына да үкімет берген атақтан басқа ешқандай атақты, дәрежені өз беттеріңізбен иемденуге рұқсат етілмейді».

Кенесары қонысқа сұраған жерлер де берілмеді. Ол Ырғыз, Ұлытау, Торғай, Сарысу, Есіл мен Нұраны еркін жайламақ еді. Орынбор шекара комиссиясының төрағасы генерал Ладыженский осы ең өлкенің орынына Қара қоға бойын ал деп жауап берген.

Әбден қорланған Кенесары Долговқа былай деп хат жөнелтеді: «Орыстар неге бізге жер сыйлауда, ол жерлер онсыз да бізге тиісті ғой».

Қорлық-зорлықта шек жоқ еді. 1842 жылы Сотников басқарған Сібір отряды Кенесарының әйелі Күнімжанның ауылын шауып, оны мал-жанымен алып кетеді. Арада аз уақыт өткенде отряд хан Кененің Ақсақал төбедегі ауылын талайды. Жүзге жуық адамды өлтіріп, үш мың жылқы, 10 мың қойды айдап әкетеді. Жиырма бес адамды тұтқындайды.

Осындай қатыгездіктер туралы Кененің князь Горчаковқа хат жазып жіберген адамдарын Орынбор әскери губернаторы өз үкімімен жазалайды. Сап түзеген әскердің алдынан өткізіп дүре соқтырады. Содан аман қалғандарын қызметке беру, ал кемтар болғандарын Шығыс Сібірге жер аудару жөнінде шешім қабылдайды.

Хан Кене осылардан соң ештеңеден тайынбайтын еді, Ақмола бекінісін талқандамай тоқтамайтын. Оның жанындағы Ақмола батырлары да қамалды қансыратпай кері шегінбейтін. Бұлар да шетінен кекті еді.

1838 жылы қаңтарда құрамында 800 солдатты бар патша отряды Қарпық пен темеш руларын шауып, 400 адамды өлтіреді, 100 адамды айдап әкетеді.

Осы жылы Қоңырқұлжа Құдаймендин мен старшина Карбышев бастаған 300 солдаттан тұратын отряд Құшақ Қасымов пен Сайдақ дейтін адамның ауылына түре тиісіп, 21 қыз, 8 әйел, 25 еркекті атып кетеді. 80 кісі тұтқындалады.

Мұндай жауыздықтан соң Кенесарымен бірге Ақмола бекінісін шабуылдаған арғын Жәуке секілді батырлар дегеніне жетпей іркіле ме?! Сестенген, бірақ сескендіре алмаған қамал тізе бүкті.

Осы байламға біржола нүкте қою үшін Е.Бекмахановтың аталған еңбегіндегі мына жолдарды айнақатесіз берейік.

«1838 жылдың күзіне қарай Кенесарының жазалаушы отрядтарымен қарулы қақтығыстары ұзаққа созылып, табан тірескен сипатқа ие бола бастады. Әсіресе, Ақмола приказы үшін шайқас өте қиянкескі болды.

Ақмола приказы күшті бекіністі аудан болды. Оның айналасы қазылған ормен қоршалып, жақын жолдардың бәріне тосқауыл қойылды. Ақмоланың аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендиннің отряды және әскери старшина Карбышев басқарған қамал гарнизоны қорғады.

Кенесарының шабуылы 1838 жылы 7-тамыз күні таңертең басталды. Оның садақшылары қамалды садақ оғының ұшына тез тұтанатын шүберекті жағып атқылады. Қамалдың көптеген жерлерінде өрт шықты. Гарнизондағы солдаттардың бір бөлігі өртті өшіруге ұмтылғанда, Басықара батыр бастаған Кенесары отрядының бірі қалаға басып кірді. Қамалды шабуылдау кезінде Басықара батыр ерлікпен қаза тапты. Оның отряды гарнизонның тегеурінімен шегіне бастаған кезде Кенесары Басықараның денесін тастамауды және алынған шептен шегінбеуді бұйырды. Кенесарының шақыруына қанаттанған Ағыбай, Иман және Наурызбай батырлардың отрядтары қамалға қайтадан басып кірді.

Қантөгіс, көше шайқасы басталып, ол табан тірескен түрде кеш батқанша созылды. Түнде әскери старшина Карбышев және Қоңырқұлжа кішігірім отрядтарымен қамалдан қашып шықты. Келесі таңда үйінділерге айналған қамал әлі де өрт құшағында жатты. Кенесары әскери олжалар мен тұтқындарды қолға түсірді».

Ақмола қамалы жайлы келтірілген тарихи деректерді осы жерде тағы бір сараласақ, шабуыл жасалған күн көбіне 25-

мамыр деп көрсетілетінін, ал Е.Бекмаханов 7-тамызды атайтынын көреміз. Біздің ойымызша алғашқысы дұрыс. «7-тамыз» дерегі туралы тек бір ғана жерде айтылатындығына қарап осылай ұйғардық.

\* \* \*

Хан елім деп ереуілдеп жүргенде, сұлтан-төрелер оған сан рет сатқындық жасады. Қоңырқұлжа Құдаймендинге зерттеушілердің іші жылымайтыны осыдан. Сұлтандардың ұлт-азаттық көтеріліске, алғаш рет Ақмола-Арқа елі бастаған майданға қосылмауы, қосылмақ тұрмақ, қарсы шығуы, қадам басқан сайын сатқындық жасауы түңілдіретін еді.

Сібір шекаралық қазақтарының бастығы подполковник Талызин 1838 жылы жазған мәліметінде былай дейді: «Жыртқыштыққа Ақмола округі сұлтандарының көпшілігі қосылған жоқ, сонымен бірге Баянауыл, Қарқаралы және Көкшетау округтерінің қосылғаны анық».

Сұлтандардың кейбірі Кенесарыны ашық қолдаса, кейбірі сырттай қолдаған сияқтанды, анығында Ресей генерал-губернаторларына қызмет етті, кейбірі анық қарсы шықты. Солардың тарихи деректерде аты аталатындары: Маман Абылаев, Қоңырқұлжа Құдаймендин, Күшік Айшуақов, Дайыр Көбеков.

Қоңырқұлжа туралы әңгімені аяқтар алдында оның аға сұлтандыққа хан тұқымы Саржан Қасымовпен таласқанын айтып өтейік. Саржан осы егесте жеңіп шығу үшін 1830 жылы Ресей азаматтығын алған. Алайда оның Кенесарымен ағайындығы патша үкіметін күдіктендірсе керек, аға сұлтандық бұйырмаған, Қоңырқұлжа жеңіп шыққан.

\* \* \*

Ақмола-Қараөткелде болған ұлт-азаттық көтерілісін жалғыз Кенесарыға байланыстырсақ, осы өңірдің сол кездегі отарлауға қарсы үздіксіз күрескен намысты елінің қаһармандығын

төмендеткендей болмаймыз ба деп те ойлайсың. Қалың жұрт Ақмолаға Хан Кене 1837 жылы алғаш келіп, ереуілді елді ширықтырып кеткенге дейін де ат үстінен түспеген.

Орынбор және Сібір Шекара комиссияларының мәліметтерінде Ақмола, Ақтау және Нұра бойы қазақтарының 1825, 1827, 1830, 1831, 1832, 1836 жылдары казак отрядтарына шабуыл жасап, олардың біржола кетуін талап еткендері көрсетіледі. Осындай шабуыл 1837 жылы екі рет, 1838 жылы төрт рет жасалған.

1837 жылы Арғын, Қыпшақ және Керей руларының көптеген ауылдары дүр сілкінгендей еді. Еркек біткен топ-топ болып ат ойнатып Ақмола маңын торуылдады. Оларға қазіргі Жаңаарқа жеріндегі Ақтаудың арлы азаматтары қосылды. Осы дала тауында да әскери бекініс салынған болатын.

Сібір генерал-губернаторлығы соғыспай тоқтамауға бекінген осы елді сабасына түсіру үшін Қоңыркұлжа сұлтан мен титулды советник Менковичке барып сөйлесіңдер деген тапсырма береді. Сол тұста Қоңыркұлжа тізгінін ұстаған округте Орта Жүздің Алтай, Бөрші, Қарауыл, Қаржас, Қыпшақ, Тарақты, Тоқа, Төртруыл, Шұбыртпалы, Уақ, Қояныштыағай рулары топтасқан еді.

Сұлтан мен советниктің елге сапары сәтсіз болады. Ат үстіндегі жұрт Ақмола мен Ақтаудағы приказ жойылғанша тоқтамаймыз деп табан тіреп тұрып алады.

Менкович 1837 жылы берген рапортында: «Қырғыздардың (қазақтардың) ойы қатты бөлінген, себебі, мен осы округтегі қырғыздарды тыныштандыруға тырысқаныма қарамастан ештеңе істей алмадым. Бұрыннан қоныстанған жерлеріне қайта қояр ма екен?!» – деп шынын айтады.

Осы жылы Омбы облысының бастығы Талызинге жазған хатында да ақиқатты айнақатесіз жеткізген. «Оларды ауыздықтау үшін отрядтар арқылы қатаң шаралар қолдану қажет, егер олай болмаса, табысқа жету мүмкін емес. Себебі аталған

болыстардың қазақтары ерте уақыттан бері тәуелсіздікке үйреніп қалған, ал бағынуды ауыр езгі деп санайды».

Ереуілшілердің қатары уақыт өткен сайын көбейе түскен соң Омбы және Сібір шекара комиссияларының басшылары Қоңыркұлжа Құдаймендинді тағы да мазалайды. Ол өзі елмен тіл табыса алмаған соң Омбы облысының басшылығы балалары Жанәлі мен Шыңғысты жібер деп бұйырады. Екі ұлының қауіпсіздігіне қанша қорықса да амалсыз көнеді.

Жанәлі мен Шыңғыс та ештеңе өндіре алмаған. Қорғалжындағы Тінәлі мен Темеш, Қозыкөш өзені мен Нұра аралығындағы Қарпық руларын нәтижесіз кезіп қайтып келеді. «Елдің беті жаман, атыспай беріспейтін түрі бар» – деп оралады.

Қоңыркұлжа енді округ үшін емес, өзінің амандығы үшін алаңдайды. Талызинге сол күндері жазған хаты мынау: «Кенесары Қасымов менің Ресей үкіметіне берілгенім үшін маған елеулі зиян келтірудің жолын іздестіріп жүр. Оған, Қасымовқа берілген осы округтегі қырғыздар да жағдай жасауда».

Осыдан соң Ақмолаға қарулы отряд жіберілген. Отряд командиріне қыр қазақтары мылтық атылысымен-ақ тұра кашады деп сендіреді. Көшпелі далалықтарды патша тыныштыққа шақырған үндеуді беріп шығарып салады.

Бірақ қазақтар қаһармандықпен шайқасты. Отряд бірнеше ұрыстардан соң көп адамынан айырылып кері қайтты.

Кенесары бостандық ансаған осы елдің бұқаралық буырқанысына ұйымдасқан сипат берді, оны бір қолбасшының төңірегінде топтастырды. Кекті сұлтанның соңына Ақмола-Арқа халқы алғаш 1837 жылы 27 қарашада ерді деуге болады. Осы жылы Хан кене қалың қолмен Ақтау бекінісіне шабуыл жасауға кіріскен еді.

Бұл қандай бекініс еді?

Сарыарқаның Сарысуға қарайғы алқабындағы дала тауына салынған осы қамал туралы «Хронологический перечень с кратким изложением сущности Высочайших грамот, указов

и узаконений, изданных с 1731 по 1896 год по отношению к киргизам и населяемым ими степными областями Акмолинской, Семипалатинской, Семиречинской, Уральской и Тургайской» жылнамасында бөлек атап көрсетілген.

Деректі қаз-қалпында берейік.

«15 сәуір 1837 жыл. Омбы облысының Ақтау қойнауында полковник немесе подполковник шенінде басқарылатын тұрақты бекініс салу шешілді. Бекініс комендантына мына міндеттер жүктеледі:

1. Ақмола, Қарқаралы және Аягөз шекаралық үш округіндегі ішкі тыныштықтың сақталуын қадағалау.

2. Облыс ішінде және Бетпақдала төңірегінде қырғыздарды (қазақтарды) көшіп-қонуы кезінде қорғау.

3. Шекараның бұзылмауын, облыс қазақтарының сырт өңірлерге, ондағылардың ішке өтпеуін бақылау.

4. Бейбіт керуендерді шабуылдардан қорғау.

Осы міндеттерге сәйкес Ақтау бекінісі комендантына аталған үш округ пен олардағы әскер түгелдей бағындырылды. Сонымен Аркада тағы бір қадағалаушы және жазалаушы қарулы қамал пайда болды. Оған ерекше маңыз берілгені соншалық, мол қаражат бөлінді, тек қана аттардың күтіміне алғашқы жылы 17 мың рубль жұмсалды. Айлық ақысы 100 рубль болатын священник қызметі тағайындалды.

Мына бір дерек бізге тосын болып көрінді. Бекіністе офицерлер мен солдаттарға қызмет көрсету үшін 38 кемтар қатардағы жауынгерлер, оларға басшылық жасайтын бір обер-офицер, үш унтер-офицер жіберілген.

1837 жылдың 27-қарашасында Ақтау бекінісінен елуге жуық солдаты бар отряд шығады. Оның міндеті Петропавлдан Тәшкенге баратын керуенді қорғау. Отряд командирі біраз жер ұзаған соң, қандай себеппен екені белгісіз, 20-шақты солдатты Қойлыбай деген жерде қалдырады да өзі қалған жауынгерлермен кері қайтады.

Отрядты торуылдап жүрген Кенесары жасағы Қойлыбайдағы әскерді түгел жойып, кеткен бөлігінің соңынан

қуады. Кешікпей жетіп, толық талқандайды, отряд командирі де оққа ұшады.

Бекініске шын қатер төнгенін сезген Ақмола округінің басшылары Ақтау өңірін жайлаған Қуандық руының қазақтарына Күшік Айшуақов сұлтанды жұмсаған. Қуандықтар оған нақты талаптарын кесіп айтады: «Ақтау бекінісін жойсын және орыстарға тартып әперген жерлерді түгел қайтарсын».

Ел бұдан басқа тағы бір жоталы талап қойған. «Ақтау мен Ақмола орталығында басқа да бекіністер салмақ екен, – дейді көтерілген жұрт. – Мына бекіністің солдаттарынан көрген жәбіріміз аз емес. Егер қамалдар қаптаса, өрістегі мал түгілі аяқ басатын жер қалмас. Патша үкіметі ол ойын да доғарсын».

Бұдан әрі Ақтау бекінісі мен Аягөзге қарайғы жерлерде бекеттер салуға қажет деп елден ат пен түйе алынып, кейін қайтарылмағаны айтылады. Елде мал санағы басталғанын, мұның соңы салықты көбейтумен тынатынын да сөз етеді.

Күшік сұлтанның салы суға кетеді, түк өндірмей қайтады.

Бағзыдан хандар жайлаған, аң-құсы қойдай өрген, Ата-су мен Сарысу, Қоңырөлең, Манақа өзендері көсіле аққан, тауы даласына, даласы қазақтың баласына жарасқан өңірге кісен салу құдіретті империяның қолынан да келмеді. Ақтау бекінісін Кенесарының жасағы тас-талқан етті. Бұл атақты сұлтанның Арқадағы тағы бір ерен ерлігі еді. Ел еңсесін тіктеді, құйындай ұйтқып, құландай құлдырады.

\* \* \*

Ақтаудағы шайқас жайында мен бала жасымнан естігем. Атам Смайыл әкесі Жұмағұлдың сол оқиға туралы әңгімесін әлсін-әлі айтып отыратын.

– Жұмағұл жарықтық елге аты жайылған күйші болған, – деуші еді атамыз. – Ақтау бекінісіне маңайдағы жұрт барып тұрыпты. Бірі наразылығын айтады, бірі сауда-саттық жасайды. Сондай алыс-берісте Жүмекең қамалдағы бір солдаттың

қолынан домбыраға ұқсас аспап көреді. Тартқызады, өзі де шертіп көреді.

Күндердің бір күнінде әлгі солдат тосын ұсыныс айтады.

– Сен домбырада, мен балалайкада тартып сынасайық.

– Жарайды, – дейді Жүмекең. – Шарт мынадай болсын.

Менің тартқанымды сен айнақатесіз орындайсың. Сенің шерткеніңді сол сәтте домбыраға мен саламын.

Екі жақ осылай келісіп, әскердің басшылары мен ауыл ақсақалдары ыңғайлы бір сәтте алқақотан жиналады. Жарыс кешке басталғаннан таңға дейін қызады. Жүмекеңнің небір қиын күйлерін анау сым шекті аспабында мүдірмей шерткен де отырған. Оның бұрын естімеген әуендерін Жүмекең де айнытпай салған.

Сонымен таң ата екі жақ та болдыруға айналады. Домбыраны қаға-қаға әкейдің ақтырнағы көбесінен сөгіле бастайды. Қос шекті енді жонған ағашпен сөйлетеді.

Қазақтың иірімі көп, бояуы қалың, қағысы қиын қай күйін көкірегінде сайрата берсін, қарсыласы қанша шебер болса да бір мезет мүдіріп, іркіле бергенде, ел бітті десіп шу ете қалады.

– Жүмекең әулие адам еді, – деп сабақтайтын әңгімесін атам. – Кенесары бекіністі алғанда әлгі солдатты және аман қалған орыс жауынгерлерінің бәрін жолбасшы беріп ұзатып салуын сұрапты.

– Сен кетесің, соңыннан жеткен патша әскері бізге өшігеді, – дейді.

Хан Кене қарсы болмайды, түгел еркіне жібереді. Әккі сұлтанның бұлай тез келісуінің сырын ел кейін түсінген. Манақа өзенінің талды арнасында сайдың тасындай іріктелген сарбаздар жасырынып тұрып, қарусыз солдаттар жеткенде қырып салған.

\* \* \*

Ақмола және Ақтау бекінісін Кенесарының қалай алғаны жөнінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресінде» (Астана. Алтын кітап. 2007 жыл. 134 бет) де баяндалған. Осы

оқиғаға арналған тарау «Кенесары – Наурызбай хақындағы әңгімелер» деп аталады.

...«Қараөткелде Қоңырқұлжа деген аға сұлтан дуан басы болған. Кенесары Қараөткелге өрт саламын деп қамағанда, Қоңырқұлжа қарсы тұрып ұрыс-соғыс салған,- деп жазады Мәшһүр. – Ақтау, Ортауда Кенесары мен Қоңырқұлжа тағы қарсыласып соғысқан. Қараөткелді қамағанда Кенесары күлдірмамай деген мылтығымен Тайтөбенің басында тұрып, орыстың қарауылшы баласәйкесін (полицейскийін. Ред.) атып мұрттай ұшырған екен. Тама-Танаш батыр бір шапанды майға бұлғап-бұлғап, бір шетін отқа жандырып найзаның ұшымен көтеріп, атып тұрған оқты керек қылмай апарып тастай берген екен. Басқа шапқан батырлардан Қыпшақ Басықара батырға оқ тиіп, қан майданда қала берген екен. Тама-Танаш батыр Басықарамен құшақтасқан дос екен. Өлсем өлейін, Басықарамен сүйегім бір жерде болсын деп, қайта шауып барып Басықараның сүйегін алдына алып өңгеріп келгенде, Кенесары хан айтқан екен: «Дос болсаң Тама-Танашпен дос бол» деп.

Орыс Ақтау, Ортауға қала салып, солдат тұрғызып, казак, орыс қыстатып, сол жерге соғыс сайманын жинаған. Кенесары мұнда да қамап соғысқан. Жүз солдат қатар тұрып мылтық атып, маңайына жан жуытпаған. Сонда Кенесары да жүз кісімен келген. Қосшы-қолаңшы салықтарын кейінге тастап. Сонда бұл жүз кісі баялыш деген отынды шылбырға буып алып, ер басына бір арқа отынды салып домалатып, соның тасасымен еңбектеп, атқан оққа қарсы келе жатады».

Мәшһүр Жүсіптің бұдан арғы әңгімесінде арғын ішіндегі қырғыз Толыбай батырдың камалға жұрттан бұрын қарғып түскені, одан басқалары енгені, Қоңырқұлжа бастаған казак-орыс солдаттарымен қоян-қолтық араласқаны баяндалады.

Осы әңгімеде бізге бұлыңғыр көрінгені – Ақтау бекінісінде Қоңырқұлжа сұлтанның болғандығы. Мұндай дерек осы шайқас жөніндегі ешбір құжатта жоқ. Сірә Мәшекен ауызекі сөзге жүгінген.

Екінші анықтайтын дерек – Ортауда да бекініс салынуы. Бұл да сол кездің ресми мәліметтерінде жоқ дәйек. Ақтаудан Аягөзге дейін талай қамал тұрғызу жоспарланғанымен, Кенесары көтерілісі оған мүмкіндік бермеді.

Қазақ халқының Орта Жүзде, Ақмола-Қараөткелде басталған алғашқы ұлт-азаттық көтерілісінің қиын тарихы осындай.

\* \* \*

Елдің еркіндікке ұмтылған күресі жеңіліспен аяқталды. Қазақ естілері отарлау саясатынан қарудың күшімен қашып құтыла алмаған соң оны жеңілдетудің жолдарын көз ілмей қарастырды. Қарудың күшімен қорғана алмаған ел енді ой мен сөз жарыстырып есе жібермеуге тырысты. Айтылған ұсыныс, келімсектер мен жалаңтөс казактардың болмай тұрмайтын қысымы туралы шағым, Госдума шығарып жатқан қолайсыз заңдарға наразылық империяның зәрдесіне жетсе деп талпынды.

1842 жылы Ертіс бойындағы «барлық адал берілген казактардың басқарушысы» (осылай жазылған) Ханқожа Татенов пропорщик Тоқпан Айтуаров, Семен Танатбаев секілді рубасыларымен бірге Дала Думасын құруды ұсынған. Бұған 1846 жылғы «Сібір казак әскері туралы ереже» де себеп болған еді. Аталған заң қазақ елін осы әскерге түгелдей жығып берді, бар билік соның қолына көшті.

Қазақ әлділері бұл Думаның қандай мақсат көздейтіндігін барынша айқын көрсеткен.

«... Бүгінде игі қарым-қатынастың, Ресей державасы билігіне берілгендік пен ықыластың, шаңырағын түзеп, егін өсіріп, мал басын көбейтудің үлгісі болып отырған қазақтарымыз азаматтық тұрмысы мен өмірін үйлестіру үшін Үкіметтің ерекше ықыласын аудару құқына ие болса игі. Олар өздері сайлағандар арқылы осындағы жоғарғы басшылықтан айрықша Дала Думасын құруды көптен бері сұрауда ...»

(Павлодарское Прииртышие в новое время» «Қазақстан мұрағаттары» 16 бет).

Орыс тілінде барынша сауатты жазылған бұл ұсыныс-талапқа аталған Думаның елді басқаруға ауадай қажет екені дәлелденіп баққан. Бірақ патша үкіметі көптің тілегін күресінге лақтыра салды. Егер бұған жол берсе, Дала Думасы қазақтардың өзін өзі басқаруына қол жеткізуге арналған алғашқы ұмтылысының орындалуына әкеліп соғар еді. Одан кейін Дума генерал – губернатордың, казак әскерінің, толып жатқан әкімшілік құрылымдардың құрсауынан құтылудың басқа да жолдарын ұдайы іздестірумен болар еді.

Дума туралы осы талаптың Алаш қайраткерлерінің азаттық идеясымен үндесетінін байқаймыз. Дала Думасы – қазақтың өз билігін өз қолына алу бағытындағы алғашқы саяси талап.

## VII

### АҚМОЛА ОКРУГ ОРТАЛЫҒЫ

Қазақ даласына, жіктеп айтқанда Ақмола аймағына арнайы тапсырмамен шыққан Ресей экспедициялары осы ұланғайыр өңірді әскери және экономикалық жағынан қалай еңсеріп, игеруге болатынын егжей-тегжейлі зерттейді. Ремезов, әкелі-балалы Рычков, Шангин және басқа экспедициялар жетекшілерінің жазбалары иен даланы саяси-әлеуметтік отарлаудың жолдары туралы ұсыныстарға толы.

И.П.Шангиннің жанында болған майор Набоковтың Сібір корпусының командирі генерал-лейтенант Глазенаптқа жазған рапорты бұлардың ешқайсынан кем түспейді. Ол генералға бірнеше ұсыныс айтқан.

Бірінші. Қырғыз-қайсақтар сабырлы, қызба қанды емес, оның үстіне қонақжай әрі аңқау. Олар біздің не мақсатпен жүргенімізді сұраған емес. Кен орындарын көрсету жөніндегі өтінішімізді себебін білместен болымсыз сый-сияпат үшін орындап жүрді.

Бұлар өзара дұрдараздық пен барымтадан шаршаған. «Егер біз келіп қала салсақ, тәртіп орнатсақ, қалай қарайсындар?» – деген сауалымызға ойланбастан келісе салған ру ағаларын жиі кездестірдік.

– Бұл тыныштық үшін дұрыс болар еді, – дейді олар. – Алыс-жұлыстан ел қажыды.

Қырғыз-қайсақтардың арасында ұзақ жүргенде бір де бір қақтығыс болған жоқ. Оларды аз ғана қарулы жасақпен билеп алуға болады. Сондықтан бұл жерге алаңсыз ене аламыз. Сізден осындай қадам жөнінде ойланып, нақты әрекетімізді қарастыруды өтінемін.

Екінші. Бұл далада байлық тұнып тұр. Петропавл камалынан 50 шақырым шығысымен кен орындарына кездесе бастадық. Одан әрі ұзаған сайын мұндай жерлер көбейе түсті. Есіл мен Нұра, Дамса және Колутон өзендерінің қос қапталынан сирек металдар өндіруге болатынын анықтадық. Бәрінде завод салып игере алар едік. Ол үшін жағдай жеткілікті. Кен орындары өзендерден алыс емес.

Үшінші. Қырғыз-қайсақдаласын осылай өндірістік мақсатта игеру қорғаныс шараларын ойластыруды қажет етеді. Біз жүріп өткен аймақта үш қамал салынғаны дұрыс. Бірін Жақсы Еңістау көлінің жанынан, екіншісін Ақмоладан, үшіншісін Нұра өзенінің басталар тұсынан тұрғыза аламыз. Әр қамалға бір жаяу батальон мен 200 казак, екі зеңбірек жеткілікті.

Оларды азық-түлікпен қамтамасыз ету де аса қиын емес. Мен суреттеп отырған өңірде астық егуге болатын құнарлы жерлер баршылық. Өзен алқаптары шалғынға бай, малға қолайлы. Осындай аймақтарға орыс шаруаларын қоныстандырсақ, қамалдар азықтан тарықпайды. Әр қамалдың төңірегіне 300-ден 500 шаруа отбасын орнықтыруға болады.

Маңызды ұсыныс ретінде Ақмоладан қамалды алдымен салу жөніндегі ойымды бөліп айтқым келеді. Даладағы керуен жолдарының бәрі дерлік осы арада тоғысады. Есіл мен Нұра өзендері бір-біріне жақын ағатын болғандықтан

маңайы құнарлы. Осындай қолайлылығына орай ел басқа өңірлерге қарағанда тығыз орналасқан.

Біз жүздескен Керей, Уақ, Атығай руларының ақсақалдары Тоқымбет, Дербіт, Бимырзалар орыстардың келуіне соншалық қарсы емес. Басқалары да осындай пікірде.

Набоков рапортында өңір жұртымен санасуды артық деп есептеген. Оны үркек, батымсыз етіп суреттейді. Сол пікіріне дәлел ретінде Қорғалжыннан әрідегі Жақсы көң өзенінің бойында болған мына оқиғаны әңгімелеп береді.

«Алдыңғы отряд жолда көлденең созылған қыраттың үстіне шыға келгенде, етектегі ауыл шу етіп көтерілді. Қарулы жатжұртықтар үрейлендіргені соншалық, ерсілі-қарсылы жүгіріп, қайда қашарын білмеген ел бірін-бірі қағып-соғып жатты. Әйелдер аңырап, бала жылап азан-қазан. Біреулер үйдің киізін сыпырып, біреулер атқа жүгіріп жанталасып жүр.

Мына аласапыранды көрген біз таңырқап тұрдық та, мән-жайды білуге жолбасшы қазақ Баймырза мен Биболды жібердік. Олар ұзақ бөгеліп, Бибол жанына ауылдың бір адамын ерте келді.

– Бұл ауыл ағасы Торғай батыр, – деп таныстырды.

– Баймырза қайда? – дедік.

– Оны ел аманатқа алып қалды, – деді Бибол. – Егер Торғай батыр оралмаса, өледі.

Торғай өзін Кіші Жүзбін, оның ішінде тама руынанмын деп таныстырды. Қарауында мыңға жуық жан бар екен. Бұғылы маңындағы Дария өзенінен осында жаз жайлауға көшіп келген.

– Ауыл неге дүрлікті? – дедік.

– Аяқ астынан мылтық асынған белгісіз салтаттылар шыға келген соң дүрлікпегенде қайтеді, – деді ол. – Мына иен өңірде шауып кету, қуып кету болып тұратын жәйт.

Торғай кетерінде ауылға сокпауымызды қайта-қайта өтінді. «Онсыз да өректіген елді одан әрі үркітпендер» – деді».

Осындай рапорттардан соң Ресей жағы несіне тартынсын. Набоков ұсыныстары айтылған 1816 жылдан соң көп ұзамай, атап айтқанда сегіз жылдан соң Қарқаралы, Көкшетау, ал 1832 жылы Ақмола бекінісі салынды.

1845 жылы Ақтау қамалы мен әкімшілік басқару нүктесіне айналған Атбасардың арасында почта байланысы орнатылды. Осында сол жылдың 31 шілдесінде Ақтау, Көкшетау, Ұлытау, Баянауыл, Қарқаралы, Аягөз, Коряков, Көкпекті, Өскемен және Пресногорьковск бекіністері мен шекара бекеттеріндегі священниктердің жиыны өтеді. Діндарлар бекіністердегі казактарды және солардың маңайына қоныстана бастаған орыс шаруаларын Ресейдің мүддесін қорғауға жұмылдырудың жай-жапсарын талқылайды. Қазақтарды шоқындырудың жолдарын ойластырады.

1850 жылғы 12 сәуірде Атбасар жеке округ болып бөлініп шығады. Оның құрамына Таракты, Қуандық пен Сүйіндік, Байдалы руларының сол төңіректегі ауылдары түгел енген.

1860 жылы 30 наурызда Ақмола қалашығында да почта байланысы қалпына келтірілсе, арада екі жыл өткенде Ұлытаудағы әскери станица ол жерде маңызын жойғандықтан Сандықтауға көшіріледі. Бұл, екінші жағынан Ақмола мен Көкшетаудың арасын қарумен қорғауды жақсарту үшін де жасалған еді.

*Осы жылы (1862) 7 мамырда Ақмоланың дәрежесі көтерілді. Ресей ішкі істер министрі Сібір комитетіне Ақмола елдімекенін Ақмола қаласына айналдыру жөнінде ұсыныс түсірді.*

Аталған ұсынысқа сәйкес Батыс Сібір генерал-губернаторы ішкі істер министрлігіне мынандай хабарлама жолдайды:

«Ақмола округтік приказындағы Сібір қазақтарының өңіріне казактармен бірге саудагерлер, бакалшылар көптеп топтануда. Соңғы он жылда олардың осында ағылуы айқын байқалып отыр. Себебі Ақмолада сауда жақсы дамып келеді, тауарлары тез өтеді. Қалашық қазақ облысының кіндігінде

орналасқан, Ташкент пен Қоқан жағынан Петропавлға өтетін керуен жолдарының бәрі осы жерде тоғысады. Саудагерлермен бірге тұрмыс бұйымдарын іздеген қазақтар да үздіксіз келіп жатады. Көптеген керуендер әкелген заттары Ақмолада толық сатылатын болғандықтан, сапарларын әрі қарай жалғастырмай кері қайтады.

Келіп-кетіп жататын елге арналған қонақжай, 70-тен астам лавка бар.

Ақмола елдімекенінің таяу мерзімде Батыс Сібірдегі тамаша сауда ошағына айналатындығына күмән жоқ. Соған байланысты онда полицейлік бақылауды күшейту қажет. Қыруар елді және көптің мүлкін қорғау осындай шарасыз мүмкін емес.

Осының бәрі Ақмоланы Семей облысындағы Сергиполь, Көкпекті, Қапал қалаларындағыдай полицейлік басқармасы бар округтік қалаға айналдыратын кез жеткенін білдіреді. Мұнда құрылатын полиция басқармасының шығынын болыстардан түсетін 17181 рубльден алуға болады, осы қаржының аз ғана бөлігі приказға қажетті кеңсе үйлерін салуға бөлінеді. Атбасарда мұндай құрылыстарға 6 мың рубль жұмсалған болатын. Кейін полиция шығындары қалада жиналатын қаржы есебінен жабылады. Ірі сауда орыны ретінде қалыптасуға мүмкіндігі бар, Сібір мен Ресейден көпестер келіп құйылып жатқан Ақмола келешекте қаражаттан тарықпайды, қала шаруашылығы дамиды деңгейге тез жетеді.»

Осыдан соң Әскери министр мен Қаржы министрлігінің басқарушысы аталған министрліктердің тарапынан Ақмоланы округтік қалаға айналдыруға және оған қажетті қаржыны хабарламада көрсетілген жолмен жабуға қарсылық болмайтынын мәлімдейді. Семей облысындағы Сергиполь, Көкпекті және Қапал қалаларына берілген артықшылықтар қарастырылатыны қоса айтылды.

Есеп-қисапқа аса ұқыпты министрліктер осы қалалардағы полицей басқармаларының шығынын көрсете кетуді де

ұмытпаған. Аягөз (Сергиполь), Көкпекті, Қапалда ерекше штаттағы әскери обер-офицер шеніндегі городничий -150, хатшысы-18, қызмет киіміне -30, кеңсе шығындарына – 30 рубль алады.

Сол кезеңде ақшаның құнды екенін ескерсек, бұл аз қаржы емес. Патша үкіметі мүддесін қорғайтындарға жомарт болғанын көреміз. Сауданы қыздырғандардың жағдайын да естен шығармаған. 2000; 1000; 400 рубльдің саудасын жасауға қабілетті, бірінші, екінші және үшінші гильдия көпестеріне арнайы үй, басқа да қажетті құрылыстарды қазына есебінен салған. Мал саудалаған қазақтар 100 жылқы, 100 бұқа, 100 қой сатса, «жасак» салығынан, яғни қолма-қол заттай төлейтін салықтан босатылған. Округтен тыс жерлерден келген байырғы ел саудасын арнайы куәлік алмай жасаған.

Енді осының бәрі Ақмолада жүзеге асырылады.

Батыс Сібір басқармасының Ақмола елді мекені округтік қала дәрежесіне көтеру қажеттігі жөніндегі ұсынысын негізге ала отырып, ішкі істер министрлігі мен қаржы министрлігінің басқарушысы төмендегідей шешімге келді:

1. Сібір қырғыздары (қазақтары. Ред.) облысындағы Ақмола елді мекені Сергиполь, Көкпекті және Қапал қалаларына берілген құқықтарды иеленетін қала дәрежесіне көтерілсін.

2. Онда полиция басқармасы әлгі қалалардағы үлгіде және штатта құралып, әскери губернаторға, облыстық басқарма мен Ақмола округтік приказына бағындырылсын.

3. Полиция басқармасының шығыны жергілікті қаржы көздері қалыптасқанша болыстардан жиналатын ақшадан, ал қала қоры толыққанда, соның қаржысынан өтелетін болсын.

«Ішкі істер министрі осы шешімді Сібір комитетінің қарауына ұсынады (Материалы по киргизскому землепользованию собранные и подписанные экспедицией по исследованию степных областей. Ақмолинская область. Ақмолинский уезд. Том II-й. Часть II-ая. Чернигов 1900 г. 484, 485, 486, 487 стр.).

Ақмола осылай қала атанды, Есілдегі шаһардың жаңа дәуірі басталды. Оның маңызды жол торабында тұруы және сауданың дамуы болашағын айқындап берді. Маңайындағы жоталанудан дәмелі елдімекендерге тиісті мәртебенің бәрін өзіне бұйыртып, тұлғаланып келе жатты.

Ақмоланың 1850 жылы жеке округ ретінде бөлініп шыққаннан бергі ірі оқиғасы осы еді. Сол округқа 1852 жылдың 8-қазанында Ыбырай Жайықбаев аға сұлтан болып сайланды.

**Ыбырай Жайықбаев.** Қоңыркұлжадан кейін өңірдің «тағына» отырған бұл шонжар жайлы алғашқы ресми дерек «История Казахстана в русских источниках ХУІ-ХХ веков» дестесінің сегізінші томының бірінші кітабында берілген (380-381 беттер).

«Ыбырай Жайықпаев, старшина, 51 жаста, – делінген онда, – Ақылды, әділ. Аса дәулетті. Құланып қыпшақ болысынан, руы – құлан. 1827 жылы 20 сәуірде облыс бастығы қызметін атқарушы полковник Броневский мырза старшина дәрежесіне көтерді. Ол мұндай құрметке үлгілі тәртібі, татарша және орысша сауаттылығы үшін ие болды. Жаз жайлауы Колутон және Дамса өзендерінің бойында. Қыста Есіл өзеніндегі Сартерек жазығында отырады, приказдың батыс жағында 150 шақырым жерде».

Аталған дестенің YIII томының екінші кітабында жаңа аға сұлтан туралы тағы бір мәлімет бар. Ол «Ақмола облысы әскери губернаторының айрықша тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунігі Ыбырай Жайықпаевтың қызмет тізімі. 1869 жыл» деп аталады (340, 341, 342, 344, 345 беттер).

Сол тұста жергілікті билік құрамындағылардың іскерлік қабілеті мен жеке адам ретіндегі қасиеттеріне қаншалықты мән берілгендігін көрсету үшін осы ресми мәліметті қазқалпында берейік:

«Шені, аты-жөні, қызметі, жасы, діні, марапаттары ...

*Полковник Ыбырай Жайықбаев, Ақмола облысы әскери губернаторының айрықша тапсырмалар жөніндегі кіші шенеунігі, 68 жаста, мұсылман дінінде. Мұсылмандар үшін белгіленген 3-ші дәрежелі Станислав орденінің иегері, сонымен бірге Анна лентасына тағылған алтын және 1853-1856 жылдардағы соғысты есте қалдыруға арналған Владимир лентасына тағылған қола медальдарымен марапатталған. Жылдық қажетіне 800 рубль алады.*

Шыққан тегі?

*Қырғыз (қазақ. Ред.) балаларынан.*

Әулеттік үй-жайы бар ма?

*Жоқ.*

Қай жерде тәрбиеленген, оқу орынында ғылымның толық курсын бітірген бе, қызметке қандай шенде қай жерде кірген, жұмысында айрықша көзге түсті ме, қандай наградалары бар, сотта болған ба?

*1827 жылғы 2-сәуірде облыс бастығының қызметін атқарушы, Дербес Сібір корпусы штабының бастығы гвардия подполковнигі Броневский үлгілі тәртібі, татарша және орысша сауаттылығы, Ресей тағына адалдығы мен жұмсаған күш-жігері үшін старшина дәрежесіне көтерген.*

*Омбы облысының бастығы генерал-лейтенант де Сент-Лоранның тапсырмасымен Баянауылға қазақтарды осында округ ашуға дайындауға және Шоң мен Шорман билердің арасындағы алауыздықты тоқтатуға жіберілген. Бұл тапсырманы ойдағыдай орындап шықты.*

*Батыс Сібір генерал-губернаторының 1836 жылдың 5-желтоқсанындағы № 130 бұйрығы бойынша Омбы облысының бастығы 1837 жылғы 17-наурызда Қыпшақ болысының басқарушысы етіп бекітті және осы болыстағы өзара араздықты тоқтату жүктелді.*

*Батыс Сібір генерал-губернаторы шынайы берілгендігі үшін құрмет шапанын жапқан.*

*Шекара бастығы полковник Вишневский 1842 жылғы 25 сәуірде Шекара басқармасына Ақмола және Күшік руларын Баянауыл округіне дау-дамайсыз орналастыруға көмектескені үшін ризалық білдірді.*

*1842 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы, айрықша тапсырмалар шенеунігі Кривоноговтың сол кезде Ресей Үкіметінен тәуелсіз Ұлы Жүз қырғыздарымен (қазақтарымен. Ред.) байланыс жасауына ықпал етті.*

*1845 жылы 23 сәуірде Сібір қазақтары Шекара бастығының қызметін атқарушыдан күміс темекі құтыны сыйға алды.*

*1851 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторы алтын жалатқан күміс темекі құты тарту етті.*

*1851 жылы жоғары мәртебелі үкіммен Іле өзенінің сыртындағы Ташкент бекінісін талқандауда көрсеткен көмегі және осы оқиға үстінде танытқан күш-жігері үшін пропорцик шені берілді.*

*1852 жылы Шекара бастығының қызметін атқарушы генерал-майор Клейст қылыш пен құрмет шапанын сыйлады.*

*1852 жылы әскери старшина Мединскиймен бірге біздің қазақтарымыз бен еркін Байжігіт тайпасының арасындағы қақтығысты тоқтатуға жіберілді. Бұл міндетті тамаша атқарып, Дербес Сібір корпусының командирі, инфантерии генералы Гасфорт алғыс жариялады.*

*1852 жылғы 31 қазанда халықтың сайлауымен Батыс Сібір генерал-губернаторы Ақмола округтік приказының аға сұлтаны етіп бекітті.*

*1855 жылы патша сарайында болып, ұлы мәртебелі императорға қырғыз (қазақ) халқына мейірімділігі мен қамқорлығы үшін шын берілгендікпен алғыс айтты.*

*1855 жылғы 30 шілдеде әскери губернатордың қызметін атқарушы табанды және адал қызметі үшін алғыс жариялады.*

1856 жылдың 30 тамызында Үкіметке Орта Жүздегі қырғыз (қазақ) халқының депутаты ретінде сіңірген ерекше қызметі мен адалдығы үшін есаул дәрежесіне көтеріліп, Анна лентасына тағылған медальмен марапатталды.

1856 жылғы 27 қыркүйекте әскери губернатордың қызметін атқарушы қырғыздардың (қазақтардың) еркінсіп кетуіне жол бермей ұзақ уақыт күрескені үшін ризалық білдірді.

Батыс Сібір генерал-губернаторы және Дербес Сібір корпусының командирі Қаратау қырғыздарының (қазақтарының) шапқыншылығын болдырмай, алдын ала жасаған шараларын жоғары бағалап, 1856 жылғы 29 желтоқсанда Сібір қырғыздары (қазақтары) облысының әскери губернаторына хат жолдады.

1858 жылы 30 сәуірде Дербес Сібір корпусы командирінің ұсынысымен Сібір комитетінің ережесіне сәйкес аса мейірімді ағзамның монархиялық ықыласы білдірілді.

1859 жылы 30 сәуірде майор шеніне ие болды.

Халық тағы да үш жылға аға сұлтан етіп сайлап, осы қызметке бекітілді.

1860 жылғы 14 қыркүйекте Дербес Сібір корпусы командирінің атынан ерекше еңбегі үшін алтын сағат тапсырылды.

Халық алдағы үш жылға аға сұлтандыққа сайлады. (сірә, бұл сайлау мерзімінен ерте өткен. Ред.)

Сібір қырғыздары (қазақтары) облысы әскери губернаторының қызметін атқарушы 1852 жылғы 12 қазандағы № 1762 жазбасында далада талан-таражды тоқтатқаны, Ресей тағы мен Үкіметіне берілгені үшін басқа сұлтандармен бірге алғыс жариялады.

Сібір қырғыздары (қазақтары) облыстық басқармасының 1864 жылғы 3 қыркүйектегі № 4784 жарлығымен подполковник шеніне көтерілді.

*Атбасар қырғыздарының (қазақтарының) талаптарын тыңдап шешкені үшін генерал-губернатордың 1864 жылғы 1 қыркүйектегі № 29 бұйрығымен алғыс жарияланды.*

*Сібір қырғыздары (қазақтары) облысының генерал-губернаторы генерал-лейтенант Фон Фридрихс 1864 жылғы 11 мамырда № 1163 бұйрығымен қажырлы еңбегін ескеріп, шын жүректен ризашылығын білдірді.*

*Бестаңбалы қырғыздарының (қазақтарының) Ақмола және қарақалпақ барымташылары айдап кеткен жылқысын тез қайтарып, тапсырманы жедел орындауына байланысты Сібір қырғыздары (қазақтары) облысының әскери губернаторы полковник Майдель 1864 жылғы 11 қарашада Жайықбаевтың атына алғыс хат жолдады.*

*1865 жылы 19 қарашада Ақмола округі халқы тағы да үш жылға сұлтандыққа сайлады, осы қызметке бекітілді.*

*Мұсылмандар үшін белгіленген 3-інші дәрежелі Станислав орденімен марапатталды.*

*1868 жылы 12 шілдеде Омбыда ұлы князь Владимир Александровичтің қабылдауында болғанда мәртебелінің аты-жөнінің алғашқы әріптерімен өрнектеліп, гауһармен безендірілген жүзік тарту етілді.*

*1869 жылғы 1 қаңтарда Сібір қазақтары облысы қайта құрылып, аға сұлтандық жойылғанда штатта қалдырылды.*

*1869 жылғы наурызда ішкі істер министрінің ұсынуымен полковник шені беріліп, қазақ даласындағы әкімшілік өзгерістерге сәйкес қызметінен босатылды, мемлекеттік мүлік министрі мүмкін деген көлемде жеке меншігіне жер телімі бөлінді.*

*1869 жылы 29 сәуірде Ақмола облысы губернаторының бұйрығымен өзінің жанындағы айрықша тапсырмалар шенеуінегі болып тағайындалды.*

*Жауға қарсы жорықтарда болып, шайқастарға қатысты ма?*

*Жоқ.*

Бойдақ па, әлде үйленген бе? Балалары бар ма? Бар болса қанша және қандай жастарда? Олар қайда тұрады, қай дінді ұстанады?

*Үш әйелі бар. Бәйбішесі – Ұлдай, одан туған балалары: Теңіз (Тенис) 1879 жылы 10 сәуірде, Омар – 1851 жылғы 5 тамызда, Мұхаммед – 1825 жылғы 3 қыркүйекте, Бите – 1821 жылғы 4 сәуірде, Айғожа -1827 жылғы 2 наурызда, Байғожа- 1830 жылғы 4 ақпанда, қызы Жібек (Джипике) -1840 жылғы 7 ақпанда дүниеге келген.*

*Екінші әйелі Көркемнен – Мұхамедияр (1836 жылғы 20 желтоқсан), Ахметше (1839 жылғы 7 ақпан), Рахымжан (1855 жылғы 10 желтоқсан), қызы Фатима (1849 жылғы 10 желтоқсан).*

*Үшінші әйелі Ұмсыннан – Мұхаметжан (1838 жылғы 5 қазан), Ғалижан (1840 жылғы 5 наурыз), қыздары Алтын (1837 жылғы 12 сәуір), Заура (1852 жылғы 10 мамыр).*

*Әйелдері мен балалары өзімен бірге тұрады. Бәрі мұсылман дінін ұстанады».*

\* \* \*

Ресей деректерінде Ыбырай Жайықбаев осылай таныстырылады. Нақты деректерден аға сұлтанның ақылды әрі алымды, мұсылманша және орысша сауатты, ел арасында беделді болғанын көреміз. Ру мен руды, би мен шонжарды табыстыруда ұдайы жолы болуы қазақ арасының жөн-жобасына жетік, сөзге ұста екендігін де аңғартады. Оған мұндай қасиеттер бітпесе, Баянауыл жұртын сонда округ ашуға көндіріп, осы мәселеде бірі қостап, бірі қарсы шығып текетірескен Шон би мен азулы Шорманды пәтуаластыра алмас еді. Батыс Сібір генерал-губернаторы Кривоноговты патша билігіне мойынсұнбай жүрген Ұлы Жүз қазақтарына бастап келіп, екі жақтың тіл табысуына ықпал етер ме еді. Қайта-қайта аға сұлтан болар ма еді.

Ыбырай Жайықбаев туралы ел аузындағы әңгімелер де баршылық. Соның бірін маған сұлтанның әкесі Жайықбайдан туған Басарға шөбере болып келетін Ғазиза Мұхамедкәрім қызы айтып берген еді.

\* \* \*

Ыбырайымның (Ыбырайдың шын аты осындай) арғы аталары бір заманда Қазанда хан болған екен. Ұлы әкесінің есімі – Әмен. Одан туған Жақып тағдырдың тәлкегін көп көрген.

Баланың есін білер-білмес шағында Әбен қайтыс болады да хан билігін уәзірі жүргізеді. Даңқы шығып, дәулеті шалқып тұрған қала мен төңіректі жекедара иеленеді. Елге ызбарлы болғанымен Әбеннен қалған жалғыз тұяққа жылы қараса керек. Бала он сегізге толғанша емін-еркін өсіп, хан ұлына тән білім алады. Ақылдылығымен, зеректігімен көзге түседі. Ел тақ мұрагері мәртебесіне лайық деседі.

Хан билігінің құдіретін кимаған уәзір мазасыздана бастайды, Жақыптан бұғанасы бекімей тұрғанда құтылмағанына өкініп, оның көзін жоймақ болады. Әбенге кезінде жақын жүрген сарай адамдарының бірі соны сезіп, Жақыпты сақтандырады: «Қарағым, мына уәзірдің не ойлап жүргенін білемісің?! Есебін тауып жазым қылмақ. Хан тағынан айырылғысы келмей аласұрып жүр. Бас сауғала» -дейді.

Жақып осылай туып-өскен қаласынан, атажұртынан кеткен. Жалғыз сабылып елден ел кезген. Ұзақ сенделіп қазақ жеріне ілігеді, күндердің бір күнінде Керекуге жетіп тоқтайды. Қанша арып-ашса да хан тұқымына тән кісілігін сақтап қалған әрі құранға жетік, өзгеше бітімді жігітті ел жатсынбайды. Жұрт бас қосқан жерде төрге шығарып, дін исламнан қозғаған әңгімесін ұйып тыңдайды. Алыс-жақынға ғұлама атанады, шалғайдағы жұрт ат жібертіп алдырады.

Сондай күндердің бірінде Кереку өңіріне беделді Қошқарбай батырдың көзіне түсіп, сол ауылда тұрақтап қалады.

Жаугершілік заман жортуылсыз болған ба, батыр жорыққа камданады. Ат үстінде тұрып Жақыпты шақыртады.

– Шырағым жөнің де, сөзің де бөлек еді, қатерлі сапарға бара жатырмыз, батаңды бер, – дейді.

Жақып жүгініп отыра қалып, ақ жол тілейді.

– Жолым болып олжалы оралсам, қалағаның сенікі, – деп атын тебінеді Қошқарбай.

Талай қиын-қыстауда шашасына шаң жұкпаған ақжолтай батыр бұл сапарда да жауын жапырып, елге мол қазынамен қайтыпты. Тоқ көңілмен ырғалып-жырғалып келе жатқанда, сонынан желмая мінген әйел қуып жетеді. Сұрай жүріп Қошқарбайды табады. Қарсы тұра қалып:

– Бәрекелді даңқына,

Өлім келсін сиқына, – дейді.

Бақыр өте өңсіз адам болыпты.

– Бар айтарың осы ма? – дейді Қошқарбай.

Бұл шабылған ел төресінің әйелі екен.

– Елді шауып малын алдың. Малмен бірге жанын алдың. Қолында әлпештеген қызым кетіп барады. Босат, – дейді.

Батыр келіспейді.

– Ендеше, – деп таялады әйел. – Текті қызды қор етпе, не өзің ал, не өзіндей жақсыға қос. Одан туған ұрпақ үшін өкінбейсіңдер.

Соны айтып, желмаясын боздатып байғұс ана кері қайтыпты.

Қошқарбай елге жеткен соң Жақыпқа берген уәдесі есіне түсіп өкінеді. Уылжыған аруға көзі түскен сайын іші қан жылайды. Бірақ уәде – құдай сөзі, батырдың екі айтқаны-өлгені.

– Қалағаныңды ал, – дейді жігітке.

Алдынан үйірлеп жылқы, отарлап қой өткізеді. Жақып үндемейді. Алтын-күміс жасауымен небір көрікті қыз-келіншекті ерсілі-қарсылы жүргізеді. Селт етпейді. Ең

соңында төренің текті қызы көрінгенде, орнынан тұрып Қошқарбайдың алдына ертіп әкеледі.

– Ризалығыңды бер! – деп шарт жүгінеді.

– Қосағыңмен қоса ағар! – дейді сөзінен тая алмаған ба-  
тыр.

Ел аузында Жақыптың Қошқарбайға кезігуін басқаша та-  
рататын екінші әңгіме де бар. Соған құлақ түрсек, оны Абы-  
лайхан Қазандағы Әменнен сұрап алып, елге мұсылман дінін  
таратуды тапсырған екен. Қошқарбайға бас-көз боласың,  
қорғайсың, – депті.

Бұл әңгіме сендіре қоймайды. Қазанды билеп тұрған хан  
жалғыз ұлын қазаққа дін үйретуге жіберсін бе.

Тағы бір сөзде Жақыптың әкесі хан емес, ғұлама болған  
деп айтылады.

Руы Алтай Қоғабай ақынның Ыбырай сұлтанның немересі  
Ғаббас Омарұлына өлеңмен жазған мына хатын «Қараөткел»  
газетіне 1992 жылы Шайхы Ілиясұлы ақсақал әкеліп  
тапсырған еді.

*Әуелі сөз сөйлейін ағузі биллә,  
Бір қарпы ағузінің мың бір ділдә.  
Өрбіген Ақкөбектен күллі қыпшақ  
Баласы Қошқарбайдың Жақып молда.*

*Молданың жеті ұлы бар ерке туған,  
Бәрі де көкке қолын серпе туған.  
Алтауын, жетеуін не қылайын  
Жайықпай ортасында серке туған.*

*Одан туған Басар, Сасар, Ыбырай-ды,  
Бегілік, билік құрса қуы ұнайды.  
Отыз жыл сұлтан болып билеп тұрған.  
Тең қылған құбыласын бір құдай-ды.*

*Он екен Ыбырайдан туған бала,  
Құдайым көкірегіне берген сана.*

*Өзгесі немеренің былай тұрсын  
Ғаббасжан мына сөзді тыңдап қара.*

*Омар мен Жар екеуі егізімсің,  
Қол жетпес қабырғаға семізімсің.  
Айгожса, Байгожса мен Бигожалар  
Оқыған араб-парсы теңізімсің.*

*Билеген үш софыны ағаңыз Жар,  
Кең көше Жарды көрсе оязға тар.  
Билеген бес мың үйді Рахымжан  
Осылай сөз сөйлейін, ой бағылан.*

*Молданың ұрпағына берген екен,  
Ұрпағы жән мен жоба көрген екен.  
Баласы Омекеңнің Ғаббас мырза.  
Ерекше жарық жұлдыз ол бір тұлға.*

Әңгіме – қауесет калай құбылса да, Ыбырай сұлтанның тегі Қазаннан екені анық.

Жақып Қошқарбай қимай берген қыздан бес ұл сүйген. Олар – Есілбай, Еркебай, Жайықбай, Жаңабатыр, Кенжекей. Екінші әйелінен Қосарал туады.

Жайықбайдың балалары – Басар, Мұхамедсадық, Ыбырайым.

Шайқы ақсақалдың айтуынша Ыбырай сұлтанды ағайын жұрт Тағайекең дейді екен. Ол Омбы облысында Ертіс бойындағы Шарлақ ауданында 1801 жылы дүниеге келеді. Орыс мектебінде оқыған. Жасынан өткір, ширақ, сөзге жүйрік болыпты. Ат жалын тартып мінген соң әкімдердің шаруасына жүріп ысылады, тындырылымдығымен көзге түседі.

Кенесары шабуылынан кейін округтің берекесі кетіп, Қоңырқұлжа сұлтанның беделі түседі. Көтерілген елге қарсы шығып, ауыл-ауылды кезек-кезек шапқанын жұрт кек тұтады, үстінен жазылған арыз қарша борайды.

Осындай жағдайда Сібір қазақтарының генерал-губернаторы оның орынына қолайлы адам іздесе керек. Тандау епті, сауатты әрі пысық Ыбырайым Жайықбаевқа түседі.

Сұлтан Омбы жақтағы елінен жалғыз келмей, өзіне қараған жұртты ерте шыққан. Жолаба, Сағал, Құлан қыпшақтан бір қауым ел Ақмолаға қоныс аударған.

Бірде мерейі тасып, болып-толып келе жатқан Ыбырайға Шауыпкел ақын қарсы жолығады.

– Ақын екенінді көрейін, мені мықтап жамандашы, – дейді аға сұлтан.

Сонда Шауыпкел:

*Батыр балпаң болғанда, жоқта жалпаң,  
Ата-бабаң шығып ед сыбай-сылпаң.  
Жолда жатқан қыдырдың ізін басып  
Алтын менен күміске толды-ау қалпаң, –*

дей бергенде Ыбырай қаһарлана ақырады.

– Тілің кесілсін! Әкел қылышты, басын шабамын, – деп түтігеді.

Шауыпкел: – Дат, тақсыр! – дейді.

*Дәулетің төрт бұрышы дөп-дөңгелек  
Дария ортасында сіз бәйтерек,  
Бұтағы жалғыз мені көтермесе,  
Болғаны неге керек бұл бәйтерек.*

Сұлтан райынан қайтып, ақынды ауылында қонақ қылады, құрметтеп күтеді.

Ыбырайдың ұрпағы өзіндей билік құрмаса да сыйлы адамдар болған. Басардан тарағандар дін жолын ұстап, адал ғұмыр кешіпті. Батыр, Мұхамедкәрім мен Құрман Меккеге барып қажы атанған. Мұхамедсадық болса, дәулетімен танылыпты, Сабыр Білалұлы Ниязбековтың нағашы атасы.

Сұлтанның Жар атанып кеткен баласы Мұхамедияр Омбы кадет корпусында оқып, қызметке ерте кіреді, полковник шеніне дейін көтерілген, Шоқанмен араласқан. Ол ағасы Рахымжанға қайта-қайта айтып жүріп 1915 жылы ауылда мектеп аштыртады.

Рахымжанның тұсында Ыбырайға қонған бақ оралғандай болады, баласы Нұрмұхамед болыс сайланады.

Қошқарбай батырға өзі шапқан ел төресінің әйелі айтқан сөз тура келген. Жақып қалап алған текті қыздан тараған ұрпақ өкіндірмейді, өркенін өсіреді.

Ақмола өңірінде қалың елге белгілі болған алғашқы дәрігер де Ыбырай тұқымы, Рахымжанның баласы Дэнду. Әкесі 1920 жылы Ақмоладағы бастауыш мектепке береді. Оны бітірген соң Омбыға аттанған, осында оқып жүрген Қаныш Сәтпаевқа кезігіп, соның көмегімен медицина институтына түседі. 1930 жылы дәрігер-терапевт мамандығы бойынша бітіріп шыққан соң Көкшетау облысындағы Степняк кенішіне жұмысқа жіберілген. 1943 жылы майданға аттанып Варшава, Берлин бағытындағы талай қиян-кескі шайқастарға қатысады. Қызыл жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен наградталған.

Соғыстан 1948 жылы оралып, Қарағанды теміржолына қарайтын Ақмола станциясында мамандығы бойынша еңбек етеді. 1956 жылы поезд апатынан қаза болады. Үлкен ұлы Ерік шахтаның бас инженері, кіші баласы Анатолий Целиноград аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, қызы Фәрида облыстық аурухананың бас дәрігері қызметтерін атқарады.

Ел іші құнарлы, шежірелі әңгімелерге толы ғой. Ыбырай мен әкесі Жайықбай, олардан тараған ұрпақ жайындағы естелік сөздер әлі күнге айтылады.

Кереку мен Қараөткел атырабына аты мол жайылған жезтаңдай шешен Байсерке абыз Қошқарбай батырдың көп балаларының біріне тұрмысқа шыққан қызының шақыртуымен дәм жазып келіп қалады. Батыр абызбен әңгімелесіп отырсын

деп Жайықбайды алдыртады. Ол екпіндеп жетіп, қарияға тізе түйістіре жайғасады. Амандық-саулықтан соң суырылып сөйлей жөнеледі. Баласының аға сұлтандығын тілге жиі тиек етіп ұзаққа сілтейді. Реті келген бір тұста Байсерке тамағын қырнапты.

– Айтыңыз, – дейді әнгіме-дүкеннің билігін өз қолына біржола алған Жайықбай. Абыз жорғалата жөнеледі.

*Нақ бедеу мен қазанат,  
Шабына түртсең теппейді.  
Нәсілі жақсы азамат  
Шамдандырсаң сөкпейді.  
Негізі жаман адамдар  
«Сен» дегенді кектейді.  
Іс түскенде басыңа  
Туысың келер қасыңа  
Түбі бірге кетпейді,  
Туысқа ешкім жетпейді.  
Байлауы жоқ шешеннен,  
Үндемеген есті артық.  
Параға алған түйеден  
Адалдан жиган ешкі артық, –*

деп Жайықбайдың сұйылтып көп сөйлегенін, Ыбырайдың ызбарымен ықтырып біреуден параға түйе алғанын бетіне басыпты. Сөз төркінін түсінген Жайықбай тым-тырыс отырып қалыпты.

\* \* \*

Дүние шіркін бір орнында тұра ма, заманның ыңғайымен шырайналарын, аға сұлтандықтың ғұмыры ұзақ еместігін Ыбырай ертерек ойлаған. Сауатты сұлтан патша үкіметінің алдағы күндерде межелеген саясатынан хабардар болып отырған. Қазақ даласын әр аймаққа бөліп, қалауынша

басқарған генерал-губернаторлар аға сұлтан институты тиімсіз дегенді айта бастайды. Бұл бұрынғы хандық биліктің аты өзгерген жаңа түрі екенін, қазақ халқын болыстар арқылы ұстап отыру әлдеқайда тиімді болатынын дәлелдеуге кіріседі. Бодан елдің билік құрылымы барынша тәуелді және ықпалсыз болуға, өзінен жоғарыдағыларға шыбындап тұруға тиіс.

Ыбырай Жайықбаев мұнан хабардар еді, сондықтан қарамағындағы елді алдағы өзгерістерге бейімдемек болды. Заман өзгеріп, билік жаттың қолында кеткенде, ел боламын десең басым жұрттың өмір сүру тәсілдерін меңгеруің керек.

Осы оймен білім беретін ошағы бар ауылдар салуды қарастырады. Сібір қазақтарының әскери губернаторына он бес үйден тұратын қонысқа жер бекітіп беру жөнінде өтініш жазады.

Әскери губернатор оның бұл өтінішін аяқсыз қалдырмаған. 1864 жылғы 1 шілдеде Батыс Сібір генерал-губернаторына мынандай мазмұнда ұсыныс түсіреді: «Ақмола округінің аға сұлтаны Ыбырай Жайықбаев балаларымен қазіргі күнде отырған жерін басы бүтін меншікке беріп, он бес тұрғын үй және училищесімен мешіт салуды сұрайды. Біз осы жерді зерттеп, мынаны анықтадық:

1. Ы.Жайықбаевтың қалап отырған жері Есіл өзенінің бойында, Қараменде бекетінен Колутон бекетіне баратын жолдың бас жағында. Сұлтанның төл жұрты болып табылатын Құлан қыпшақ болысына («Кулан Катаковской волости» деп жазылған, біз «құлан қыпшақ» дедік. Ред.) қарайды.

2. Ақпан деп аталатын осы жерде тұрғын үйлер мен мешіт салуға көрші үш болыстың жұртшылығы келісімін беріп, үкім шығарылды.

3. Мешіт пен училищенің бүкіл қаражатын Жайықбаевтың өзі және балалары көтереді.

4. Орынбор діни жиналысы осында мешіт салуға қарсы емес, тек Құрылыс жарғысының XII томындағы 261, 264 және 265 беттеріндегі ережелердің сақталуын талап етеді.

5. Мешіт қызметіндегі адамдардың саны әлгі Жарғыдағы белгіленген мөлшерден аспауға тиіс.

Аға сұлтан Жайықбаевтың өтінішімен бірге Сіздің қарауыңызға ауыл мешітінің құрылыс жобасын жіберіп отырмын.» (Казاخско-русские отношения в XVIII-XIX веках. 499 бет.).

Ыбырай осылай салған ауыл кезінде төңіректегі елдің мәдени ошағына айналған. Ел талапты балаларын оқытқан. Бірақ бұл жаңа сипаттағы шаңырақ даланың басқа әлді-ауқаттыларына ой сала алмады.

Жұрт ескі салт-дәстүрмен көшіп-қонып жүре берді.

\* \* \*

Ақмола қаласы мен өңірдің бұдан арғы тарихын мұрағаттарда сақталған ресми деректер арқылы нақты тарау үшін тағы да «Хронологический перечень с кратким изложением сущности Высочайших грамот, указов и узаконение изданных с 1731 по 1896 год, по отношению к киргизам и населяемым ими степными областями Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской» құжатына жүгінейік.

1868 жылы 21 қазанда Ресей патшасының кезекті жарлығы шықты. Орынбор және Сібір қазақтарын басқарудағы олқылықтар мен қиындықтарды жою мақсатымен облыстарға бөлу жүйесі қайта қаралып, императорлық шешім қабылданды.

1. Орынбор, Сібір және Семей қазақтары облыстары мен Орал, Сібір казак әскерлеріне қарайтын жерлерде Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстары құрылсын.

2. Ақмола облысы Сібір қазақтарының Көкшетау, Атбасар, Ақмола округтерінен және Сібір казак әскері алты полк округтерінің 1, 2, 3, 4, 5 бөліктерінен ұйымдастырылсын, Омбы мен Петропавл қалалары енгізілсін.

3. Облыстық қалалар болып: Ақмола облысы үшін Облыстық Басқарманың кеңсесі орналасқан соң Ақмола қаласы, Семей облысы үшін Семей қаласы болып табылады.

4. Сібір казак әскері бұрынғы тәртіппен Сібір казак әскерінің пәрменді атаманы лауазымы берілген Батыс Сібір генерал-губернаторы қызметін қатар атқаратын Батыс Сібір әскери округі қолбасшысының басқаруында болады және Ақмола, Семей облыстарындағы әскерлердің бәріне жетекшілік етеді.

Патша жарлығының соңғы тармағынан қайта ұйымдас-тырылған облыстардың казак әскерлерімен мықтап қорғалғанын көреміз. Енді даладағы мал баққан ел түгілі ұшқан құс, жүгірген аңның бәрі қарауылда тұрды.

*1869 жылғы 13 наурызда Батыс Сібір генерал-губернаторы ішкі істер министріне Ақмола және Семей облыстарының ашылғаны туралы мәлімет берді.*

Осы территориялық әкімшілік бөліністерге байланысты Ақмола облысының оңтүстігін басқару үшін жедел түрде Сарысу уезі құрылған.

Мына бір дерек те тарих үшін мәнсіз емес деп ойлаймыз. Ақмола облысы басқармасының қаржы шығыны 11 650 рубль болып бекітілді. Ал облыс полициясының құрылымы уақытша мерзімге есептеліп, Ақмола уезінің бастығына бағындырылды. Полицияның приставы мен надзирателіне, хат тасушысы мен кеңсе шығындарына 1800 рубль жеткілікті болды.

Осы ресми мәліметтермен танысқанда патша үкіметінің ойламаған, ескермеген нәрсесі сірә да жоқ шығар дейсін. 1877 жылдың 19 қарашасында Ақмола облыстық басқармасының штатына VII класты облыс архитекторы қызметі енгізіліпті. Оның зейнетақысы V разрядқа жатқызылып, 630 рубль жалақы белгіленген. Осы жылғы 14 желтоқсанда облыстық статистика комитеті жұмысқа кіріскен.

1878 жылы 7 ақпанда, сірә облыстың басқару жүйесін қаржыландыру қиынға түскен шығар, Тайынша және Константинов жәрменкелеріне мал дәрігерлік-полициялық бақылау жасау, Ақмола өңірінің сауда-өндірістік мұқтажын өтеуді қамтамасыз ету үшін аталған жәрменкелерден ел сатып алған

әр малдан айрықша ақшалай салық жинау жөнінде бұйрық беріліпті. Бұл салықты жәрмеңкелер комитеттері құрылғанша арнайы іс-сапарға жіберілген адамдар жинаған.

Мына бір жаңалық біздің назарымызды ерекше аударды.

1880 жылғы 2 қазанда облыстың басқарма бастығы бұрын болмаған жарғы қабылдайды. Соның кейбір баптарын қаз қалпында келтірейік.

1. Ақмола облысының қазақтарына көмек ретінде, атап айтқанда олар табиғи ауыр жағдайларға душар болғанда және үй шаруашылығы мен өндірісін сақтап дамыту үшін облыстық басқарманың жанынан несие кассасы ашылсын.

Ескерту. Несие тек қана Ақмола облысының қазақтарына, оның ішінде шын мұқтаж болғандарға беріледі.

2. Несие кассасының айналым қаржысы 28777 рубльден тұрады. Қазақтардан олардың қоғамдары жинаған қайтарым төлемдері генерал-губернатордың нұсқауымен несие қорына жіберіледі.

3. Несие меншік жөніндегі кітапта тіркелген құны 10 рубльден 300 рубльге дейін бағаланатын киіз үйі атына жазылған шаңырақ иесінің қолына беріледі.

Ескерту. Несиенің мөлшері кассада бар ақшаның мөлшеріне сәйкес анықталады және несие алушыға тиесілі мүлік құнының оннан бір бөлігінен аспайды.

Осындай өзгерістер әр салада болып жатты. 1881 жылы 27 ақпанда Ақмоладағы приход училищесіне Халық ағарту министрлігінің ұйғарымымен қалалық училище мәртебесі берілді. Сол жылдың 11 шілдесінде Орынбор генерал-губернаторлығы таратылды. Бір жылдан кейін 18 мамырда Батыс Сібір генерал-губернаторлығы мен Батыс Сібір Бас басқармасының Кеңесі де жұмысын тоқтатты. Оның орнына Дала генерал-губернаторы қызметі енгізілді, штаб-пәтері Омбы қаласына орналастырылды. Жаңа губернияға Ақмола, Семей және Түркістан генерал-губернаторлығынан бөлінген Жетісу облыстары қаратылды.

1886 жылы 17 ақпанда Ақмола, Петропавл, Қарқаралы қалаларында уездік қазыналық мекемелер ашылды. Соның салдары ма, іле-шала әр шаңырақтан алынатын салық 4 рубльге көбейтілді.

Жаңа облыстар, қалалар елдің әлеуметтік өмірінде елеулі өзгерістер туғызды. Орталық шаһарларға көпес-саудагерлермен бірге сенімді-сенімсіз жұрт жан-жақтан ағылды. Алыс-жақыннан ұрланған мал-мүлік те осы жерлерге тоғытылды. Жоқ іздегендермен бірге баукеспелер сапырылысып жүрді. Жәрмеңке сайын қызынып алған елдің топ-топ болып қырқысуы дәстүрге айналып кетті.

Осының бәрі Ақмолада 1890 жылдың 17 сәуірінде түрменің ашылуына әкеліп соқты. Оны басқаратын уақытша штат белгіленді.

Әрқайсы жарты Еуропаның жеріне тең аймақты алып жатқан облыстарды тиімді басқару оңай емес еді. Олардың билік жүйесі мен құрылымы әредік өзгеріп отырды. 1891 жылы 25 наурызда Дала генерал-губернаторының штаты қайта қаралды, оған қосымша азаматтық және қылмыстық сот пен прокурорлық бақылау палатасы пайда болды.

Жаңа ереже бойынша облыстар уездерге бөлінді. Ақмола уезіне Омбы, Ақмола, Атбасар, Петропавл, Көкшетау өңірлері енді. Бұл өзгеріс шаруашылық және халық ағарту салаларына тың көзқарасын ала келді. 1895 жылы 15 ақпанда бұрын жабылып қалған қазақ мектептері қайтадан ашылды. 1897 жылдың 29 мамырында Ақмола, Семей және Жетісу уездері бірнеше учаскелерге бөлініп, әрқайсына дәрігер, фельдшер, фельдшер-акушерка әйел тағайындалды. Оларды дәрігерлік инспекторлар іріктеп, әскери губернаторлардың бекітуіне ұсынатын.

Халық денсаулығын қадағалауға тағайындалғандар өздеріне белгіленген аумақтардағы ауылдар мен қалалар тұрғындарына тегін дәрігерлік қызмет көрсетіп, дәрі-дәрмекті тегін таратты. Осы шараларға қажетті қаржы дәрігерлік инспекторлардың

иелігіне түсіп, солар бөлетін. Олардың жалақысы 300 рубль болуы осы қызметке елеулі мән берілгенін көрсетеді. Мұның сыртында кеңсе шығынына қосымша 250 рубль және бөлінді.

Ақмола облысындағы денсаулық сақтау қызметінің штаты қандай болғандығы жөнінде де мәлімет бар. Бекітілген ереже бойынша әрқайсы жылына 1200 рубль еңбекақы алатын 15 учаскелік дәрігер, 15 фельдшер (жылдық еңбекақысы 200 рубль), 15 фельдшер-акушер әйел (жылдық еңбекақысы 360 рубль) жұмысқа қабылданған. Мұнымен бірге іссапарларда жүретін дәрігерлік дайындығы бар 19 адам және бар.

1897 жылы 19 желтоқсанда Ақмола облысы Сібір әскери округіне қаратылды. Өңірдегі әкімшілік басқару реформасы осымен аяқталды.

**Ақмола уезі.** Орталығы Ақмола қаласы. 1909 жылы қалада 6939 ер адам, 7304 әйел есепке алынған. Олардың 94-і дворян, 11-і православия, 5-еуі мұсылман дін басылары, 33-і құрметті азаматтар, 93-і – көпестер, 3201-і мешан, 1655-і крестьяндар, әскерилер -442, шетелдіктер -7491, калғандары – 227. Православия дінін ұстанатындар 6064, еврейлер -152, мұсылмандар -7532. Тұрғын үйлердің саны – 1221, 1080 –аула, сауда лавкалары – 185.

Қалада сол кезде жалғыз шіркеу болыпты, синагога да жалғыз, мешіт екеу. 104 зауыт-фабрика жұмыс істеген.

Константин-Еленинская жәрмеңкесі 21 мамыр мен 10 маусым аралығында қызса, осы жерге жан-жақтан 1 миллион 300 мың рубльдің мал-мүлкі жеткізіліп, 2 миллион 600 мың рубльге саудаланған.

Сол кездегі уезд бастығы сарай советнигі Александр Григорьевич Нехорошков. Оның көмекшісі, хат таратушысы және аудармашылары болған.

Мемлекеттік мекемелер:

1. Крестьян бастықтарының Ақмола съезі
2. Ақмола қазыналық кеңсесі

3. Почта-телеграф кеңсесі
4. Сот
5. Салық инспекторы кеңсесі
6. Акциздік бақылау кеңсесі
7. Қоныс аударушылар басқармасының Ақмола ауыл шаруашылық қоймасы
8. Дәрігерлер тобы: Ақмола жергілікті лазаретінің аға дәрігері, Ақмола қоныс аударушылар пунктiнiң меңгерушiсi және қаладағы 15-інші учаскенің дәрігері.
9. Мал дәрігерлері кеңсесі
10. Қала басқармасы

Бастығы – Ақмоладағы ірі кәсіп иесі Степан Андреевич Курин.

Басқарма мүшесі – Петр Гаврилович Ярушин. Қала думасының хатшысы – Василий Иванович Кошкин.

11. Оқу-мәдениет орындары:

- 3 кластық қалалық училище
- Ақмола ауыл шаруашылық мектебі
- Ақмола қалалық қоғамдық кітапханасы

12. Почта бөлімшесі

Уезд бен қаланың басқару жүйесі мен мемлекеттік мекемелері осы құрамда ұзақ уақыт жұмыс істеді.

Сол жылы Көкшетау қаласында 3523 адам тұрыпты. Оның 2058-і мещан, 655-і крестьян, 393-і шетелдіктер. Православия дініндегілер -2856, 647 адам мұсылман дінін ұстанған. Шіркеу біреу, мешіт жоқ. 45 зауыт-фабрика болыпты.

Көкшетауға қарағанда Атбасардың салмағы басымдау. Үш шіркеу, екі мешіт салынған. Жәрмеңкелер саны бойынша Ақмоладан да асып түседі. 10 маусымнан 5 шілдеге дейін ашылатын Петровская, 27 қарашадан 6 желтоқсанға дейін жұмыс істейтін Знаменская, 3-15 қыркүйекте ел жиналатын Воздвиженская жәрмеңкелері заманында бүкіл қазақ даласына белгілі еді.

**Сауда.** Жәрмеңке қазақ даласында бірнеше мән-мазмұнға ие болғаны белгілі. Ол алыс-берістің ыңғайлы орыны болуымен қатар мереке-думанның да ошағы еді. Әнші-күйші, ақын, палуан, бай-манап жиналып, мал соңындағы күйбең-күйбең тірліктен қажыған ел емін-еркін көңіл көтеретін. Әр рудың әлділері жәрмеңкелерге алдын-ала дайындалған, ақынын баптаған, палуанын шыңдаған, жігіттерін қайраған, жүйрігін бауырынан жаратқан. Алыс-жақын андыздап жететін думан кімнің кім екенін айқындап беретін. Ақыны жеңген, палуаны жыққан жақ айдарынан жел есіп, ауыздыға сөз бермесе, белдескені бүгіліп, егескені еңкейіп еңсесі түскендері басынан бағы тайғандай теңселетін. Жәрмеңкеде айтылған әр сөз алты айшылық жерде жаңғырығып, шырқалған ән алты алашқа шығандап кететін.

Жәрмеңкелерге үйір-үйір жылқы, отар-отар қой, табынтабын сиыр барлық аймақтардан айдалатын. Саба-саба қымыз бен қазы-қарта, жал-жая жесең де арман, жемесең де арман еді. Дала халқы өндірмейтін ыдыс-аяк, шай-қантты қала көпестері бұлдап бағатын. Азиядан жеткізілген кездеме, киім-кешек пен жеміс-жидек алушысын таппай қалмайтын. Еуропаға тән шыны, темір бұйымдар мен ине-жіп елдің, опа-далап, сырғамоншақ қыздың зәру заты екенін білетін саудагерлер бағасын түсірмей тұрап алушы еді. Жәрмеңкеде көрікті қыз-келіншек білегін түріп сапырған сары қымызға бусанған қазақ қызына келе сұрағанын беріп, бұйырсын деп жүре беретін.

1890 жылы Ақмола уезіндегі жәрмеңкелерде 8 миллион 73123 рубльдің саудасы жасалған. Әкелінген мал әуелде 1 миллион 525129 рубльге бағаланса, сауда барысында 160 мың рубльге асып түсіпті.

Жыл өткен сайын жәрмеңкелерге қырдан айдалатын малдың саны кеми бергені байқалады. Оған жырынды саудагерлердің базарда малдың құны өсіп шыға келетінін біліп, елге өздері шығуы, алыстан арзанға әкетуі себеп.

Жәрмеңкелердің ішінде Ақмоладағы Константинов, Атбасардағы Петров, Петропавлдан 110 шақырым жердегі Тайынша жәрмеңкелерінің сауда айналымы ауқымды болды. Оларға көпестер мен дәулеттілер Сібір мен Ресейден, Түркістан мен Қоқаннан керуен жөнелтті.

Жәрмеңке комитеттері соны пайдаланып сауда аясын басынша кеңейткен, Қарқаралыдағы Қоянды секілді атақты талай жәрмеңкелермен байланыс жасап, сатылатын бұйымдарды өзара келісіп отырған.

Келе-келе мұндай сауда нүктелері көбейе бастады. Атбасарда – Знаменская, Көкшетауда – Қазан, Арық балық станциясында Александр – Невский, Петропавл уезінде Рождественско – Богородская, Михаловская, Никольская т.б. жәрмеңкелер аз ғана уақыттың ішінде аймаққа танылып үлгерді.

**Константинов жәрмеңкесі.** Салқын көктемде ашылатын болғандықтан әкелінген мал бұл кезде аз және арық болатын. Қазақтар қала тұрғындарының сұранысын ескеріп шама-лап жеткізіп жүрді. Мұндағы сауда негізінен Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесі тараған соң қызады. 10 – шілдеден бастап күн сайын жылқы мен сиырды қосып есептегенде тоқсан мың мал айдалып әкеледі. 1890 жылы осы кезде 3923 жылқы, 4133 сиыр, 88735 қой, 25 түйе бір күнде сатылған екен. Мұның сыртында 20550 жылқы терісі, 147 мың қой мен 3500 қозы терісі, 10948 түйе терісі өткізілген.

Елде малдың аз болмағанын мына мәліметтен көре аламыз. Тек қана Константинов жәрмеңкесі арқылы екі маусымда 1889 жылы 521059 бас жылқы мен сиыр сатылған.

**Петров жәрмеңкесі.** Арқадағы жол тораптарының бірі Атбасарда, қолайлы жерде орналасқан. Тобыл мен Орынбордан, Пермь губерниясынан, оңтүстікте Бұхардан түрлі тауарлар үсті-үстіне келіп жататын. 1890 жылы осында 287650 бас мал сатылып, қыр қазақтары 113 мың 745 рубльдің тұрмыстық бұйымдарын алыпты. Жәрмеңке сайын 500 мыңға жуық рубльдің малы өткізіліп тұрыпты. Ел

бір қатынағанда 3500 жылқыдан, 4700 ірі қарадан, 27000 қойдан кем әкелмеген.

**Тайыншакөл жәрменкесі.** 15 маусымнан 30 тамызға дейін созылатын сауда үшін жыл сайын 150 киіз үй тігіледі. Онда мал алатындар негізінен алыпсатарлар болған. Қазақтар әкелген төрт түлікті тік көтеріп сатып алып Ресей жаққа жөнелтіп отырған. Қыр малының еті дәмді екенін білетін орыс ақсүйектері оларға арнайы тапсырыс береді екен. Ал өз кезегінде қой мен марқа етін Петербургке патша сарайына жөнелткен. Француз Маркиз де –Кюстин «Николай Ресейі» атты еңбегінде сарайда болғанын, ерекше дәмді ет жеп, оның жай-жапсарын сұрағанда, қыр қазақтарынан алдырылған марқа еті және жылқының қазысы екенін айтқанын әжептәуір әңгіме етеді.

Қазақ малы сонымен патша дастарханына да жеткен. Жыл сайын Москва – 375 мың, Петербург – 345 мың пұт ет алдыртып отырыпты, қара халық үшін емес, ақсүйектерге.

Владимир губерниясына -450, одан әріде Еуропаға, мәселен Ревель мен Либаваға -405 мың дана тері жөнелтіледі екен. Берлин де сапалы тері бұйымдарына қажетті шикізатты қазақ даласынан іздеген, жылына 380 мың дана алдырып отырған.

Мұнымен қатар Петропавл арқылы Қазан мен Петербургке 180 мың пұт мал майы жіберіліп тұрған.

Осы барлық мал өнімдерінің тек Петропавлдан ғана әрі асырылған көлемін ақшаға шаққанда, 8 миллион рубль болады.

Жәрменкеге келсек, мұнда жыл сайын 1 миллион 356 мың 789 рубльдің саудасы жасалып келіпті. 1890 жылы ғана 405943 мал, 80 мың рубльдің түрлі бұйымдары өткізіліпті.

Малды әр түлікке бөлсек: жылқы -2104, ірі қара -13700, қой -205390. Бұлардың ішінде Қапалдан ұзын саны – 92750, Бішпектен -11050 бас мал айдалып әкеліпті. Соған қарағанда қазақ даласындағы жәрменкелер Алатау қырғыздары үшін де тиімсіз болмаған секілді.

Әр жәрмеңкеге жеке тоқтала бермей, олардың 1890 жылғы жалпы көрсеткішін қорытып берейік.

1890 жылы Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Петропавл жәрмеңкелерінде 10995 жылқы, 23383 ірі қара, 322675 қой тірідей сатылған. Ет пен терісін саудаға салу үшін 24466 жылқы мен сиыр, 308195 қой сойылған. Жылқының – 175937, сиырдың -161754, қойдың -1 миллион 185009, қозының -510459, түйенің -4712 терісі өткізіліпті. Дәл осындай көлемдегі мал мен мал өнімдері қазіргі Ақмола мен Солтүстік Қазақстан облыстарында бір жылдың ішінде сатылмайды. Осы өңірлерде бүгінде сонша жылқы мен сиыр, қой мен түйе болса, қуанар едік.

**Жер. Дәулет. Дәстүр.** Ақмола облысы ұланғайыр жерді алып жатты, жалпы көлемі 479200 шаршы километр ең өлке төрт құбылаға құлашын кең сермеп, емін-еркін шалқыды. Оның 75 мың шаршы километрі оңтүстікке қарай жазылып, бірте-бірте шөлейт аймақтарға ұласты. 1908 жылғы есеп бойынша осы шексіз далада 988 мың адам өмір сүрген. Оның 520 мың 398-і ер адамдар, 467 мың 607-сі әйелдер. 1868 жылмен салыстырғанда халық саны едәуір өскен. Әр жылға шақсаң, 1897 жылы -318 мың, 1907 жылы -293 мың жан қосылыпты.

«Памятная книжка. Адрес – календарь Акмолинской области на 1909 год» деп аталатын Ақмола статистикалық комитеті 1909 жылы әзірлеп жариялаған есеп-шолудан бұдан басқа да құнды деректер табылады. Статистикалық комитеттің мамандары облыстың жер көлемі мен халқын Еуропамен салыстырады.

Германияның Боден көлінің жарты жағалауымен қоса алғандағы жері 547 мың 808 шаршы километр. Онда 60 миллион 641 мың адам бар. Австро – Венгрияның Босниямен бірге есептегендегі жері 675 мың 879 шаршы километрден аспайды, халқының саны – 46 миллион 932 мың. Ұлыбритания мен Ирландия 315197 шаршы километр жерге ие. Соны 39 миллион 252 мың жан қанағат еткен. 33 миллион 440 мың италияндық

286862 шаршы километр алқапқа сыйып отыр. Турция, Швеция, Норвегия жерін бір сүйем кеңейте алмай, іргелес мемлекеттермен ұзақ жылдар жауласты. Ал Ақмола қазақтары көрші ауылға апта бойы ат сабылтып зорға жетеді.

Өңірдің жері топографиялық ерекшеліктері жағынан екі бөліктен тұрады. Солтүстік –батыс қапталы негізінен құнарлы, қара топырақты, өзен-көлді, тау-орманды болып келеді. Сондықтан бұл жаққа Ресейден ағылған жарлы-жалқыбай көбірек қоныстанған. Орманы отынға, өзен-көлі аң-құс пен балыққа бай, таулар алқаптары жазда егінге, қыста малға қолайлы.

Оңтүстікқапталысарытопырактанып, Бетпақдалаға қарай құмдауыт бола бастайды. Негізгі өзені Нұра бұл өңірдің аз ғана бөлігінде ағып өтеді. Момын таулардан жайлап ағатын дала өзендерінің бәрі дерлік жаз айларында қарасуларға бөлініп қалады. Әйтсе де малға ыңғайлы, көшіп қонатын шөпті, шүйгінді алқаптар аз емес. Таулы жерлерде көз жауын алатын талай көркем койнаулар бар. Жер асты байлығы бойынша Азия мен Еуропада теңдесі жоқ дерліктей. Соған орай Ресей зерттеушілері қазақ жерін саралағанда, Жетісу өңірін шекаралық маңызы бар, Сарыарқаны стратегиялық өмірлік маңызға ие деп жіктеген.

Осындай ғаламат мәні бар жерге патшалық Ресей неге қызықпасын. Сарыарқаға қарай сабылғандарға даланың құнарлы аймақтарын ерсілі-қарсылы үлестірді. Сібір әскерінің негізін құраған казактарға Ақмола облысының 2 миллион 55522 десятина жері кесіліп берілді. Ащы сызық (Горькая линия) бойын жағалай иемденіп, Омбыдан Қара Ертіске дейін ен жайлады. Петропавл, Көкшетау, Атбасар мен Сандықтау, Ақмола маңына сыналап енді. Осыған сәйкес қазақтар мен жаңа қонстанушылардың арасалмағы жыл өткен сайын өзгерді.

1908 жылғы дерек бойынша Ақмола уезінде отырықшы елдің (казактар мен крестьяндардың) саны 60555 адамға жеткен. Қазақтар осы жылы 85 мың 179 жан болыпты. Ал 1890

жылы олар 127992 адамды құраса, орыс қоныстанушыларының саны небәрі 8008 екен. Сонда жергілікті елдің тең жартысы қайда кеткеніне бірде бір дерек таба алмадық. Бұл айрықша зерттеуді қажет ететін тарихи мәселе.

Қалаларға келсек, халық саны мына мәліметтерден көрінеді. 1907 жылы Ақмолада 5989 ер адам, 5507 әйел болыпты. Көкшетауда бұл дерек 2656-2528, Атбасарда 1386-1321 түрінде сипатталады.

Ақмола статистикалық комитетінің зерттемеген саласы қалмапты. Осы жылы қалада тұратын әр мың ер адамға -888, крестьяндарға -937, казактарға -1000, қазақтарға -866 әйелден келген екен. 1903-1907 жылдар аралығында барлығы 14177 неке тіркеліпті. Оның ішінде қалаларда -9400. Осы мәліметтерді нақты жылдарға бөлсек мынандай көрсеткіштерге ие боламыз.

1907 жылы қалада -1772, казактар арасында -1219, крестьяндарда 3804, қазақтарда 2614 үйлену тойлары өткен.

Осы заңды некеге тұрғандардан туған балалардың да есебі бар.

Қала тұрғындары – 7636

Казактар – 4663

Крестьяндар – 16400

Қазақтар – 12608 сәбилі болған.

Сол жылы туған әр мың қыз балаға орта есеппен 1051 ер баладан келіпті.

Статистикалық комитет туғандармен дүниеден озғандардың есебін алуды да ұмытпапты. Сонымен бірге адамның қай жасының қатерлі екендігі де анықталған.

1) 0-5 жас аралығы аса қауіпті. Бұл аралықта әр мың баланың 608-і қаза болады. Оның ішінде ер балалар өмірден көбірек кетеді.

2) 5-10 жас аралығында қайтыс болатындардың саны азаяды. Әр мыңға шаққанда 40-52 жасөспірім көз жұмады.

3) 10-45 жас аралығында әлгі есеппен алғанда 20 ер адам, 22 әйел шетінейді екен.

4) 45-75 жас аралығында 1 мыңның 32-сі жарық дүниемен қоштасады.

Қазақ жерін, оның ішінде Алты Алаштың алтын бесігі болған Сарыарқа –Ақмоладағы ел жағдайы осындай. Бұл кез – жұрттың болыстарға бөлініп, сайлау сайын ру-ру болып арпалысып жатқан тұсы. Елдің басын біріктірмеу үшін табылған осы тәсіл исі қазақты жалған намысқа қайрап салып, қанжығада көрісетін заманға алып келді.

Тағы да статистикалық деректерге жүгінсек, сол жылдары Ақмола 20 болысқа бөлініпті.

1. Сілеті болысы – 147 ауыл
2. Қоржынкөл болысы – 137 ауыл
3. Қызылтопырақ болысы – 135 ауыл
4. Ереймен болысы – 147 ауыл
5. Спасская болысы – 33 ауыл
6. Қарағанды болысы – 60 ауыл
7. Тайлет болысы – 21 ауыл
8. Қарабұлақ болысы – 128 ауыл
9. Моншақты болысы – 81 ауыл
10. Ақмирақ болысы – 93 ауыл
11. Есіл болысы – 100 ауыл
12. Ақмола болысы – 153 ауыл
13. Нұра болысы – 58 ауыл
14. Аққұмнұра болысы – 93 ауыл
15. Құланөтпес болысы – 85 ауыл
16. Шерубай – Нұра болысы – 10 ауыл
17. Жыланды болысы – 66 ауыл
18. Амантай болысы – 36 ауыл
19. Құмкөл болысы – 9 ауыл
20. Бұғылы болысы – 25 ауыл

Осы ауылдар үшін ең маңызды оқиға болыс сайлауы болғаны даусыз. Ел солай итжығысып, ұран шақырысып жүргенде, өңір мен оның орталығы Ақмола қаласында қазақ халқының түсіне кірмеген өзгерістер болып жатты. Ел енді

мал дауы, жесір дауы, дағдыға айналған барымта үшін билерге жүгініп, айып төлеумен шектелмейтін болды, сот алдында жауап беретін зәрлі заң шықты. Оған 1864 жылғы 21 тамыздағы Орынбор қазақтары мен Сібір ведомстволарының арасында тұтанған дауға байланысты құрылған комиссия мүшелерінің Батыс Сібір генерал-губернаторына жолдаған рапорты себеп болды.

«Біз, төменде тамғамызды басып, қолымызды қойған, мөрімізбен бекіткен Орынбор ведомствосы мен Сібір ведомстволарының сұлтан-правительдері, дистация бастықтары, ру басылары, билер мен құрметті ордалықтар, болыс башылары, сот қызметкерлері 1864 жылғы 15 маусымда өткен жалпы съезде, мәртебелі парызымызды орындай келе Орынбор мен Сібір қазақтарының арасындағы мал ұрлау, барымта, тонау т.б. қылмыстардан туындаған дауды халық дәстүрімен шешуге тырыстық.

1. Орынбор қазақтары мен Сібір қазақтарының бір-біріне мәлімдеген осы күнге дейінгі барлық қылмыстары: малды айдап әкету, барымта, тонау, кісі өлтіру және басқа әрекеттер біржола ұмытылсын, екі арада өзара сыйластық қарым-қатынасы орнатылсын.

2. Бізге басқаруға берілген халқымызда алдағы уақытта қоғам мен жеке адамға жәбір көрсетілуін тоқтату үшін ондай қылмысқа барғандар бірден ауыздықталсын, ал ол мүмкін болмаған жағдайда әділ соттың қолына тапсырылсын.

3. Сібір қазақтарының болыстары, жергілікті қоғамдар өз араларында ұрылардың жасырын ұяларын ұстамауға, ру басыларының барымтаға қатысуын болдырмауға, қылмыскерлерді заң орындарына беруге және белгіленген тәртіптің сақталуына міндетті болсын.» (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках. «Наука» баспасы. 502-503 беттер)

Ыбырай Жайықбаев кеңесші ретінде қатысқан осы съезден соң қазақ арасында «Ит жеккен» деген суық сөз шықты. Орыс

соты қылмыскер атаулыны жазаға кескенде, алыс Сібірге айдайды екен деп есігендер енді сескенуге айналды. Ақмола уезі бойынша айыбын сол жақта өтеуге жіберлігендер шынымен төбе көрсете бастады. 1884 жылы 9 адам Сібірге қоныс аударылды. 11 адам каторгалық жұмысқа жегілген. Қала түрмесінде 504 қылмыскер қамауда жатты.

Қыбыр еткеннің бәрін тіркейтін статистикалық комитет мына мәліметті де жазып қалдырған.

– Қазақтар 1885 жылы 141 рет жылқы ұрлаған. Оларда әр 510-ыншы адам осындай әрекетке барады.

– Отырықшы елдің ішінде әр 152-інші адам қылмыс жасайды.

– 5 адам өзі сенбейтін дінді қорлаған.

– 114 қызметкер мемлекеттік және қоғамдық басқару тәртібін бұзған.

– 639 адам қазына мүлкіне қол сұққан.

– 100 рет отбасындағы жанжал тіркелген.

\* \* \*

Ел арасындағы мал ұрлығы мен барымтаның тоқтамауы жокшылықтың салдары ма десең, олай емес. Қыруар малдан даланың белі қайысқан. «Обзор Акмолинской области за 1890 год. Географическое положение, пространство и народонаселение» есебінде көрсетілген мал саны таң қалдырмаса да көңіл тоғайтады.

1890 жылғы санақ бойынша Ақмола облысында 2 миллион 242239 мал болыпты. Оның 221 мың 523-і ғана казактар мен крестьяндардікі. Егін еккен әр адамға -1,3, даладағы әр жанға – 5,6 бас малдан келіпті. Егер төрт түліктің әрқайсы кімде көп, кімде аз десек, ірі қараның 58 пайызы отырықшы елде, ұсақ малдың 60 пайызы қыр казактарында.

Статистикалық мәліметтерді әрі қарай қуа түссек, даладағы елдің дәулеті әр өңірде әркелкі екенін көреміз. Облыстың оңтүстік бөлігіндегі қазақтарға сол тұста 1 миллион 332232

мал бітсе (66 пайыз), солтүстік қапталдағылар барлық тұяқтың 34 пайызына қанағаттаныпты. Мұны солтүстікке казактар мен крестьяндардың қалың келуімен, жайылымдық жерлердің біразы солардың меншігіне айналғандығымен ғана түсіндіруге болады.

Қазақта «Бай – бір жұрттық, батыр – бір оқтық» деген мақал бар. Ақмола жерінде қыс ала-құла болады. Қақаған аяз алай-дүлей борандарға ұласып, елдің таяқ ұстап қалатын кездері аз кездеспеген.

1892 жылы осындай қаһарлы қыс қырдағы қалың елге жайсыз тиді. Ақмола уезінде ғана 19610 қой-ешкі қырылып қалды. Мұндай шығын Көкшетау мен Атбасар өңірлерінде де орын алды. Егер сол кезде бір жылқының құны -15 рубль 25 тиын, қой – 1 рубль 20 тиын, ірі кара – 12-28 рубль болса, малынан айырылғандардың оның орнын толтыруы, әрине оңай емес. Осыдан соң ұрлық пен барымта көбейеді.

## VIII

### АҚМОЛА: ЖЫЛДАР ЖАҢАЛЫҒЫ

Қала қызмет аясы мен шаруашылық жүргізу, мәдени өмірді түзеу салаларында баяу да болса кемелденіп келе жатты. Осы бағыттағы өзгерістердің жеделдеуі немесе шабандауы шаһар басшылығының оралымдылығына тікелей байланысты еді.

Сол кезде Ақмола қаласын өз заманының ірі көпесі Кубрин басқарды да, ол өзінің дәулетін еселей түсу үшін жаңа қызмет түрлерін, бүгінгі күннің тілімен айтқанда, шағын бизнесті дамытуға ынталы болды.

Кубрин қаладағы ірі дүкендердің бәрін иеленді, оның сауда нүктелері біріне бірі жалғасып, тұтас көшеге айналып кететін. Оларды Ресей мен Батыстың тауарларымен ұдайы толтырып отыру оңай емес. Соған орай шаһар қожасы ұсақ кәсіпорындар ашты, мұндай шаруа қолынан келетіндерге

де көмектесті. Сөйтіп XX ғасырдың бас кезінде осында сабын, май, сыра, тәтті тағам зауыттары кідіріссіз жұмыс істеп тұрды. Жел диірмендер мен ұстаханалар елдің қажетін толық қанағаттандыруға тырысты. Қазыналық шарап қоймасы бірде ортайып, бірде толып отырды.

Қаладағы кәсіпкерліктің дамуына қазақ іскерлері де елеулі үлес қосты. Шаһардың ерекшелігін, сауда мен өнеркәсіптің қыр-сырын зерделей білген азаматтар орыс, татар ептілерінен үйрене жүріп жеке бизнесін де дөңгелетіп әкетті. Солардың бірі Баймұхамбет Қосшығұлұлы еді.

XIX ғасырдың бас кезінде Сарысу бойынан (қазіргі Жаңаарқа) Ноғай көпесіне ілесіп, Баймұхамбет деген жетім бала Ақмолаға келеді. Әкесінің аты – Қосшығұл. Өзі зерек әрі ширақ болса керек. Іскерлігімен көпеске жағады да оң қолы болып алады. Түбінде осы бала адам болады деп тәрбиелейді, сауда жасауға үйретеді.

Баймұхамбет оның шаруасын реттей жүріп жеке іс ашуды ойынан шығармайды. Қаладағы шағын кәсіпорындарға жиі бас сұғып, жұмыс ерекшеліктеріне қанығады. Ақмолаға келіп-кетіп жүретін Ресей, Ташкент, Омбы көпестерімен танысып, сыртқы жерлердегі шаруашылық жайлы құлақдар болады. Ерте есейіп, нартәуекелмен жиған-тергенін іске жаратуға бекінеді.

Оның атын шығарған кәсіпорыны Ақмолада ашқан кондитер фабрикасы («Кондитерско-пряничное» фабрика) еді. Ол сол кезде қазіргі қызмет көрсету үйі мен «Абай» қонақ үйінің арасындағы жерге орналасқан. Бұл тұста дәл осындай кәсіпорын қазақ қалаларында жоқтың қасы еді. Фабрика түрлі тәтті тағамдарды шығарды. Ел ішінде емге табылмайтын конфет, шоколад, зефир, печенье жұрттың зәру асы болатын, сондықтан тез өтті, Баймұхамбеттің дәулеті дөңгеленіп жүре берді.

Өнімді өзің өндірген соң өзің сатсаң кірісі мол болады. Баймұхамбет Ақмоладан үш дүкен ашады. Оларға келушілер күн өткен сайын көбейеді. Қала тұрғындары өлшеп алса,

бақалшы саудагерлер арбалап алып қырға апарып сатады. Фабрика уақыт өткен сайын қуатын арттыра түседі.

Қосшығұлұлының тегі Арғын ішіндегі Алсай екен. Ата-бабалары жөнінде біздің қолымызда мәлімет жоқ. Әйелі Мәдина – татар қызы. Ерлі-зайыптылар алты ұл, бір қыз көрген. Ұлдары: Құрманғали, Мұхаметқали, Уәли, Нұрмұхамбет, Бекмұхамбет, Қадыркей, қызы – Райхан. Қадыркей ерте дүние салады.

Балаларының шешесі өз жұртына бұрып кеткен бе, ұлдың бәрі татар қыздарына үйленіпті. Олар да әкеге тартып шетінен пысық болады. Кәсіппен айналысқан, саудамен де шұғылданған. Солар тұрғызған үйлер заманында Ақмоладағы айтулы ғимараттардың қатарында салыныпты. Құрманғалидың үйі шаһардың көрнекті жерінде, бұрынғы облыстық соттың орынында тұрған. Ол жерде бүгінде № 3 орта мектеп орналасқан. Уәли де одан қалыспай, қазіргі «Қарлығаш» дүкені тұрған жерде әдемі үй көтеріпті. Ал Мұхаметқалидың еңселі үйін қызыл кәмпескеден кейін «Красный флаг» колхозына мектеп салуға бұзып әкетіпті.

Баймұхамбеттің балалары өздерімен бірге елдің қамын да ойлаған. Ақмоладағы жалғыз ағаш мешіт өртеніп кеткен соң Бекмұхамбет жеке қаржысына тастан қайтадан тұрғызады, оның жанынан мектеп-медресе ашады.

Қосшығұлұлы большевиктер әкелген тауқыметті көрмей кеткен. 1918 жылы оба ауруынан қайтыс болады. Денесі қаладағы ескі қазақ зиратында.

Фабрика енді Нұрмұхамбеттің қолына көшеді. Ол әкеден қалған дәулетті өсірмесе кемітпейді, кәсіпорын тоқтаусыз жұмыс істеп жатады. 1929 жылы қызылдар тартып алғанша Ақмола мен оның маңайындағы елді өзінің өнімімен толық қамтамасыз еткен.

Енді меншіктегі мүлікпен бірге Баймұхамбет балаларының жеке басына да қатер төнеді. Нұрмұхамбет бақылауда болып қаладан ұзай алмаған соң ағасы Құрманғали берекесі

кеткен фабриканың құрал-жабдығын ретін тауып буып-түйіп Жаңаарқаға алып кетеді. Онда да тұрақтай алмай, қолындағының бәрін сатып, Тәшкентке көшеді. Сол жақта 1950 жылы өмірден өткен.

Нұрмұхамбеттің тағдыры одан қиын болған еді. Әкенің де, өзінің де маңдай термен жинаған дәулетінен еріксіз айырылып, 1932 жылы аштан өледі.

Осы есіл әулеттен қалған Заида Оспанова Астанада тұрып жатыр. Ол – Уәлидің қызы, Баймұхамбеттің немересі.

Қаланың дамуына осы жерде тоғысып, осы жерден тарайтын керуен жолдары аз ықпал еткен жоқ. Оның бірі Ақмоладан шығып Сілеті өзенін кесіп өтетін де Керекуге бет алатын. Одан әрі Семей, Өскемен керіліп жатыр. Керекуден Омбыға тіке шыға аласың.

Екіншісі – Есілдің оң жағасын бойлап отырып, Қарқаралыға бет түзейді.

Үшіншісі – оңтүстікке қарай жөнкіліп, Рождественка (Қазіргі Қабанбай ауылы) арқылы Нұраны қуып кетеді. Содан Қоңырқұлжа сұлтанның бұрынғы кең өрісін шарлап барып Сарысуға қарай ағылады. Одан әріде Ақтау, Саңғыру, Қаратөбе, Айдаһарлы, Бәйбіше таулары күтіп алып, атақты Бетпақдалаға шығарып салады. Осы ұланғайыр шөлден аман-есен өтсең, Шумен сусырап табысасың. Әрі қарай Ақмешіт, Ташкент менмұндалайды.

Кубрин осы керуен жолында сауда бекеттерін ұстауды армандайтын. Ол арманы орындалар ма еді, кім білсін, заман күрт өзгермесе. Сар далаға қызыл дүрбелең жақын қалған.

Ал қала жаңалықтың қай-қайсын да жатсынбай, шама-шарқынша дамып келе жатты.

\* \* \*

Біз шаһар жайлы әңгіменің бір бөлігін мәресіне жеткізу мақсатымен оның осы кезден бертінге дейінгі архитектуралық, саяси-әлеуметтік және мәдени өзгерістерін деректер тілімен тізіп өтуді жөн көрдік.

**Көшкен жылдар сәулеті.** Іргесі қаланғанына 176, қала дәрежесі берілгеніне 146 жыл өткен шаһардың көне ғимараттары бізге түгел жеткен жоқ. Сәулет ескерткіштерінің қатарына жататын талай құрылыс бағзы атаулыға бүйідей тиген большевиктердің аласапыранында қиратылды.

Қалалық орталық базардың жанындағы мешіттің орнында бұрын да әсем дін шаңырағы болған. Қызыл кірпіштен өрілген, шығыс архитектурасының сән – салтанатына бөленген, еңселі мешіт бой түзепті. Ол 1920 жылы жұмбақ жағдайда өртке оранады. Ел мұны қызылдардың әрекеті деп білген.

Амалы таусылған жұрт өз қаржысына сол жылы ағаш мешітті әуірімдеп тұрғызыпты.

Архитектуралық кескінділігімен ерекшеленген ғимараттардың бірі – бізге фотокөрінісі ғана жеткен Александр–Невский соборы еді. Ол Александр үшінші мен отбасының есендігі үшін салынған екен. Патша бала–шағасымен 1888 жылы Курск–Харьков теміржолында апатқа ұшырайды.

Собордың сәулетшісі – тоболдық инженер – технолог Павел Голышев. Ғимарат 1881 жылғы 12 мамырда тұрғызылыпты.

Большевиктер оны бұзуды 1939 жылы бастап, 1940 жылы қиратып бітіреді.

1928 жылы тарихи – өлкетану мұражайы орналасқан Семеновтың үйі де бізге жеткен жоқ. Оның орнына тың игеру жылдары «Москва» қонақ үйі салынды. Танымастай өзгертілген, астаналық рең берілген бұл шаңырақта қазір Қазақ ақпарат агенттігі отыр.

Қаладағы орыс – татар әлділерімен дәулет жарыстырып, Ақмоланың ауқатты да сауатты азаматтарының көшін бастаған ағайынды Қосшығұловтар осы өңірде алғаш рет конфет фабрикасын іске қосқан. Қосшығұловтардың үлкені – Шәймерден Ресейдің екінші Мемлекеттік думасына Ақмола облысынан депутат болып сайланған. Жұмысын 1907 жылғы 20-шы ақпанда бастаған осы дума депутаттарының арасында қазақтан Мұхамеджан Тынышбайұлы, Әлихан Бөкейхан,

Алпысбай Қалменұлы, Ахмет Бірімжан, Бақтыгерей Құлман, Бақытжан Бейсалыұлы Қаратай, Молда Тайынұлы, Дәуіт Ноян-Түндүт, Сәлімгерей Жантөре, Темірғали Нүрекен, Тілеулі Аллабергенұлы бар еді.

Шаймерден Қосшығұлов думада батылдығымен, терең ойлылығымен көзге түсті. Ресейдің егіншілік пен жерге орналастыру ісінің бас басқарушысы князь Васильчиковтен қазақ даласына орыс шаруаларының ағылуын тоқтатуды талап етеді. Князь: «Қазақтардың көшпелі өмір салтын тоқтату үшін де жаңа қоныстанушылар керек» деп жауап берген.

Конфет фабрикасына төңкерістен соң түрлі мекемелер орналасты, Сәкен Сейфуллин ұйымдастырған «Тіршілік» газетінің редакциясы да осында болды.

Бұл ғимарат та бүгінде жоқ, «Абай» қонақ үйі салынғанда ысылып тасталды. Дәтке қуаты сол жерде Абай ескерткіші тұр.

Әркім бір тақымдаған уақыт, тарихты тәлкек еткен режим, зердесіздік сәулет өнерінің ескерткіштерін қаншалықты өгейсісе де түгелдей жойып жібере алмады.

Біздің есебімізде қала бойынша 36 тарихи – мәдени ескерткіштер бар. Олардың 16-сы жергілікті дәрежедегі, екеуі республикалық дәрежедегі ғимараттар. Соңғыларының бірі – әуелде Тың игерушілер, кейін Конгресс-холл аталған мәдениет сарайы, бірі – Отырар көшесіндегі № 31 үй. Бұл үйде кезінде Сәкен Сейфуллин қазақ балаларына сабақ берген.

Жергілікті дәрежеде деп есептелетін, салынғанына ғасыр өткен көне ғимараттар туралы сөз қозғасақ, бәрі де қаланың тарихынан сыр шерте бастайды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жалғас салынған үй де талай жайдан хабар бере алар еді. Ғимарат 1915 жылы тұрғызылған. Бастапқыда ауыр жарақаттанған солдаттарды емдеу орталығы болды. Большевиктер төңкерісінен соң Халық үйі атанды, кітапхана, тарихи – өлке тану мұражайы, драма театры орналасты. Олар біртіндеп басқа мекен – жайларға көшірілген соң

қалалық милиция басқармасы қоныстанды. Екі рет өртеніп, 1983 жылы толық қалпына келтірілді.

Қала мұражайының шежіресі осы шаңырақтан басталады. Ақмолалық жазушы, ғалым, еңбектері әлемнің көптеген тілдеріне аударылған Сергей Марковтың дерегіне сүйенсек, 1923 жылғы 1 маусымда тарихи – өлкетану мұражайы ғимараттың екінші қабатындағы шағын бөлмеде ашылыпты. Мұражайға тарихтан хабары бар Семенов деген көзіқарақты адам жетекшілік етеді.

Мұражайдың экспонаттары археологиялық, этнографиялық заттармен баяу толығады. Елдің қолындағы құнды бұйымдарды сатып алуға қаржы жетпейді. Мұражайдың жылдық бюджеті 7 сомнан аспаған. Сол тұста жұртқа көрсетілетін ең бағалы зат қала маңынан табылған жебе, темір дулыға мен қалқан еді.

Кейін олардың қатарына ескі қару-жарак, білтелі мылтық, зеңбірек, тапаншалар қосылды.

Ал ең құнды мүліктер ел ішінен 30-шы жылдары табылды. Соның ішінде сабына алтын жалатқан болат қылыш бар еді. Қылыштың семсерлігіне «Пожалована государем императором киргизскому султану Абдулмамбету Валиеву» деп жазылған екен.

Әбілмәмбет – Абылайханның үлкен ұлы Уәлидің баласы. Қылыш оған Екатерина екіншінің тұсында берілген болуы керек.

Мұражайдағы тағы бір құнды дүние 1853 жылы подполковник Тұрдыбек Көшеновке тапсырылған грамота болыпты. Алтын ілгекті, барқыт тысты қобдишаға салынған осы грамота оған дворян лауазымы берілгенін растаған.

Біздің заманымыздан бұрынғы дәуірдің тендессіз белгісі болып табылатын Онған (Ұнған) тәңіртегінің қола мүсіні де осы ғимаратта сақталыпты. Археологтар оны сақ заманына жатқызған. Бұл бізге осынау ұлан далада, Есіл – Нұра бойында тәңір діні тым ерте көктеген деуге мүмкіндік береді. Өкінішке орай бұл дүниелер бүгінде Ресейде.

Қала театрының да қилы тарихы бар. Қазіргі облыстық орыс драма театры орналасқан ғимарат әуелде бір қабатты қыздар семинариясы болатын.

Революциядан бұрын қалада әуесқойлар театры әредік өнер көрсетіп тұрғаны жайлы дерек сақталған. Ресми театр 1919 жылғы 3-ші желтоқсанда құрылыпты. Оның тұрақты сахнасы болмаған, 1923 жылы Халық үйіне орналасады. 30-шы жылы ғимарат өртенеді де Александр – Невский соборына көшіріледі.

1939-40 жылдары бұл собор да қиратылады. Театр 1943 жылға дейін жұмысын тоқтатады. 1942 жылы Ворошиловградтан коныс аударған театр да тұрақтамай, Махачкалаға кетеді. Қазіргі орыс драма театрының шаңырақ көтерген кезі – 1943 жыл. Осы жылы ол орыс – қазақ театры болып кереге керді. Қыздар семинариясының биіктетіліп қайта салынған қазіргі үйіне біржола жайғасты.

Сол тұста сахнаға Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек», Ғабит Мүсіреповтің «Қозы – Көрпеш» пьесалары шығарылыпты.

1948 жылы қала басшылары қазақ тобын өзін өзі ақтамады деген сылтаумен жабады. Ұлттық театр арада 42 жыл өткенде облыстық «Тіл және мәдениет» қоғамының табандылығымен Ақмолада қайта ашылды.

Өзінің бастапқы сәулет кескінін сақтап қалған ғимараттардың бірі – Константин – Еленинский шіркеуі. Шіркеу 50-ші жылдары әскери бекіністің жанында, қазіргі Қажымұқан стадионының орынына салынғанын біреу білсе, біреу білмес. Қаржыны Сібір казак әскері берген.

1876 жылы Ақмоланың әскери қамалындағы қарулы жасақ таратылады да, шіркеу қаржысыз қалады. Жиырма шақты жыл елдің садақасына ғана сүйенеді. 1900 жылы діндарлар қамқорлығына алып, қазіргі тұрған жеріне көшірген. Ағаш ғимаратты бұзып, қайта құрастыру оңайға соқпаған.

1930 жылы қызылдар шіркеуді жапты. Жез қоңырау мен ұшар басындағы крест мұражайға тапсырылды. Кешікпей дін орынының өзі музейге айналды. Ұлы Отан соғысының жыл-

дарында 29-ыншы атқыштар дивизиясын жасақтаған штаб орналасты.

Астанадағы тарихи ғимараттардың санатындағы бүгінгі ардагерлер емханасын көпес Моисеев тұрмысқа шыққан қызы үшін салдырған. Құрылыс біткенде қалада қызылдар төңкерісі болады да, көпестің дүние – мүлкі тәркіленіп, қызы Қарағандының жанындағы Долинка концлагеріне айдалады. Онымен бірге менің әкем Зейнолланың туған ағасы Арыстан да қамауда болған.

Қызыл кірпіші Оралдан түйемен тасылған сәнді үй осылай иесіне бұйырмаған.

Билікті қолға алған большевиктер басшылары ғимараттың кеңдігі мен салтанатына қызықса керек, уезд Совдепін орналастырған. Кейін Ресей коммунистік партиясының уездік комитетіне, одан соң облыстық кеңестің атқару комитетіне беріледі. Ұзақ жыл облыстық партия комитетінің емханасы болды.

Ірі меншік иесі болған алпауыт Кубриннің өзіне арнап салған үйі де оған құтты болған жоқ, қызығын қызылдар көрді. Отызыншы жылдары НКВД иеленді, одан милиция басқармасына айналды. Соңғы жылдарды өлкетану мұражайы қоныстанды. Бүгінде Украина елшілігіне бұйырған.

Астана қалалық әкімшілігінің қарауындағы тағы бір тарихи ескерткіштің сексенінші жылдардың соңында Сәкен Сейфуллиннің мұражайына айналғанша қалай бұзылмай келгені белгісіз. Ол 1846 жылы салыныпты. Салдырған – көпес Казанцев. Ал жапсарлас шаңырақта Благовецковский деген дәрігер тұрған. Бұл бүгінде мұражайдың әкімшілік кеңсесі.

1917 жылы тұңғыш қазақ газеті «Тіршілік» Сәкен Сейфуллиннің ұйымдастыруымен жарық көрді. Қазақ редакциясы «Абай» қонақ үйіне таяу салынған екі қабатты ғимаратта болған. Өкінішке орай ол да бұзылған.

Ақмоладағы алғашқы қазақ тіліндегі пьесаны да Сәкен жазғанды. Оны ақмолалықтар 1918 жылы 1 мамырда тамашалады. 1920 жылы 1 қазанда драма театры ашылды, ол халық үйіне орналасты. Бүгінде бұл ғимарат қалалық полицияға берілген. Құрылыс 1923 жылы өртенеді де театр Александр-Невский соборына көшеді. Кейін собор қиратылып, театр жұмысын тоқтатады.

1923 жылы Қазақ Автономиялық советтік социалистік республикасы халық комиссарлары Советінің председателі Сәкен Сейфуллиннің пәрменімен елде, оның ішінде Ақмолада іс-қағаздары қазақ тілінде жүргізіле бастады.

1928 жылы қуаты 18 квт. қалалық электр станциясы іске қосылды. Одан тартылған электр желісінің ұзындығы 8 шақырым ғана еді.

1930 жылы ақмолалықтар алғаш рет аэропланды көрді. Арада алты жыл өткенде телефон жүйесі тартылып, осы оқиғаға байланысты қалада мереке өткізіледі.

Осы тұңғыштардың қатарында 1958 жылы құрылған Ақмола ауыл шаруашылығы институты да бар. Ол қаладағы алғашқы жоғары оқу орыны.

## IX

### ЕСІА ЖЕРДІ АЛҒАНЫ, ЕРІККЕ ҚОЛДЫ САЛҒАНЫ

#### Қара шекпен тасқыны

Тарихшылар қазақ даласына орыс шаруаларының қопарыла көшуін Столыпин реакциясымен байланыстырады. Асылында қазақтар қара шекпен атап кеткен Ресей крестьяндарының Сарыарқаға бет бұруы одан ерте басталған. Петр бірінші мемлекеттің басты мақсаттарының біріне айналдырған империяны кеңейту идеясына сәйкес елдің тізгінін ұстаған

билеушілердің бәрі Қытаймен екі арада көсіліп жатқан ұлан далаға көз сүзумен болды. Екінші жағынан Ресейдің қара топырақсыз аймағындағы түрлі әлеуметтік кемтарлықтың салдарынан қалыпты өмір сүруге қабілетсіз тобырдан құтылудың жолдары ұдайы іздестірілді. Рухани-адами құндылықтар туралы ойламайтын, бөрі азығы жолда деп кез-келген уақытта кез-келген жаққа жөнкіліп жүре беретін мұндай ел қатерлі де болатын. Пугачев, Степан Разин бүліншіліктерінің жаңғырығы басылмаған. Өмір сүру дағдысы мен мақсат – мұраты әркелкі сословиелерге бөлінген, қайыршылықтан басқа жоғалтары жоқ тобырдың қолына айыр балтасын алып ереуілдеп шыға келуі әбден мүмкін-ді.

Осыны ойлаған және державалық араны ашылған империя іргедегі кенбайтақ жерді қарусыз отарлауға біржола бекінді. Көрші халықтың табиғи бітім-болмысын, дәстүр-салты мен күш-қуатын әбден зерттеп алған соң емін-еркін іске кірісті.

Тарихи деректерге табан тірей отырып біз бүгінде қазақ сахарасын «бейбіт» отарлау 1750-інші жылдары басталды дей аламыз. Сол тұста империяны Қытайдың шекарасына дейін созу үшін алғашқы нақты қадамдар жасалды. 1752 жылы Есіл өзенінің Ресейге таяу жерінде Петропавл қамалы салынды.

Ақмола статистикалық комитеті 1909 жылы әзірлеген Ақмола облысына қысқаша тарихи шолуда да дәл осы қамал бой көтерген кезең крестьяндық отарлаудың басталу кезеңі делінген. Бұған дейін де қазақ даласын оқ атпай жаулап алудың амалдары жасалғанын деректермен дәйектеп берген.

«Қазақтар мекенінің солтүстік-шығыс қапталында Петропавл қамалынан бұрын да бірқатар бекіністер, форпостар мен редуттер тұрғызылды, – делінеді аталған шолуда. – Олар Омбыға қарайғы жолдарды қарауылдады, 1718 жылы салынған Семей, 1716 жылы пайда болған Орынбор бекіністерімен бір жүйе құрды. Осыдан кейін қазақтарды отарлау үкіметтің бірінші кезектегі міндетіне айналды». («Астана. История столицы и края: XIV-XIX вв.» 177-бет.).

Әйтсе де әлі тиянақталатын шаруалар бар еді. Ең алдымен Ресейдің қай аймағының халқы қозғалуға тиіс, жат аймаққа қоныстанушылардың саны қанша болуы керек, көшіп барушыларға жерді кім дайындап, қандай тәртіппен бөліп береді деген сауалдарға жауап жоқ-ты. Сондықтан империяның бұл бағыттағы шешімі бұқараға жарияланбады. Қамалдардағы казактардың үй-ішін көшіріп, соларды орнықтыру шараларымен айналысты. Қазақ даласына жер іріктеу жөніндегі экспедициялар аттандырылды. Басқа да зерттеу қызметтері ашылды. Соның бірі статистикалық комитеттер еді.

Біз бұдан әрі жиі сілтеме жасайтын осы статистикалық комитеттің де өз тарихы бар.

1870-1890 жылдардың аралығында Қазақ елінде ғылыми деректемелік мақсаттағы бірнеше қоғамдар құрылады. 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы жұмыс істей бастады. Одан басқа өңірлерде географиялық қоғамның үш бөлімшесі, бес статистикалық комитет ұйымдастырылды.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, жері мен елін, дәстүр-салтын, патшалық Ресейге көзқарасын, би — сұлтандардың көптің алдындағы беделін, жоғарғы жақ не тапсырса соның бәрін аса ыждаһаттылықпен зерттеген осы қоғамдар уақыт өткен сайын кеңейіп отырған. Олар генерал-губернаторларға, патша үкіметінің тиісті құрылымдарына, ғылыми мекемелерге құнды мәліметтер берді, Ресей империясының казак жеріндегі саясатын ықпалды етуге өлшеусіз үлес қосты.

Осы статистикалық сараптама қызметінің деректерін сала-сала бойынша қорытып отыру үшін Омбыда «Батыс Сібір зерттеушілерінің қоғамы» ашылды. Оның жұмысына орыс ғалымдарымен бірге казак оқығандары да тартылды.

Арада көп уақыт өтпей-ақ бұл қоғамның шаруасы шаш-етектен болатындығына көз жеткен еді. Қорытатын, сұрыптап талдайтын және ғылыми пысықтайтын деректер тым көп-ті.

Осыған сәйкес 1887 жылы Ресей географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі құрылды.

Зерттеу-сараптау жүйесінің бұлай ұлғайуы негізгі деректер көзі болып табылатын статистикалық комитеттердің барлық өңірде жұмыс істеуін қажет етті. 70-ші жылдардың соңында Ақмола облыстық комитеті құрылды. Оның қызметіне ерекше мән берілгендігін Ақмола облысы вице-губернаторының зерттеуші И.Славцевке жазған мына хатынан да байқауға болады. Ол ғалымға: «Облыс губернаторы Сізді статистикалық комитетті басқаруға лайық санап отыр. Бұл жайында өзіңізге ілтифатпен хабарлауды тапсырған еді» – деп аса сыпайылықпен ізет көрсетеді.

Ресейдің бірқатар тіс қаққан ғалымдары жиналған бұл құрылымға қызметімен көмектесу жөнінде белгілі дала шонжары Мұса Шармановқа да өтініш жасалған. Ол келісіп, өзінің ертеден жинаған деректерін Г.Потанин мен Ш.Уәлихановқа, А.Гейнске тапсырады. Сол кезде шығып тұрған газеттерде «Қазақтардың қыстаулары мен қыста көшіп-қонуы», «Өмірден өткендерді еске алу», «Батыс Сібір қазақтарының мал шаруашылығы туралы» т.б. мазмұнды мақалалары жарияланады.

Жаңадан ашылған статистикалық комитет алғашқы қадамын ел тұрған жерлерді анықтаудан бастады. 1887 жылы «Памятная книжка Акмолинской области на 1887 год», «Обзор Акмолинской области за 1886 год» шолулары әзірленді. 1890 жылы солардың үлгісімен «Волости и населенные места Акмолинской области», «Обзоры Акмолинской области», «Военно-конная перепись» дерекнамалары жасалды.

Бұл ауқымды жұмысқа жегілген комитет қызметкерлері облыстың түкпір-түкпірін түгел аралады, мал санады, жер өлшеді, қай руда қанша адам бар екендігін анықтады, дәстүр-салтқа байланысты зерттеулер жүргізді. Соның нәтижесінде жиналған мол мәлімет «Памятная книжка» сериясын ұдайы шығарып тұруға мүмкіндік берді.

XX ғасырдың бас кезінде 1901-1912 және 1914 жылдардың статистикалық деректері дайындалды, мектептердің саны шығарылды. Ал 1911 жылы шоғырланған мәліметтер бір жинаққа топтастырылды.

Комитет осындай дерек жинаумен шектелген жоқ, ұлттық көрмелер ұйымдастырды. Соның күшімен Ақмола облысы казактарының киім-кешегі, зергерлік және тұрмыстық бұйымдары Петербург, Қазан, Нижний Новгород, Москва, Екатеринбург қалаларындағы көрмелерге қойылды. 1876 жылы Омбы, Ақмола және Петропавл қалаларында ауыл шаруашылығы көрмелері болып, ел ат жарыстырды, балуан күрестірді.

Статистикалық комитеттердің мәліметтері нақтылығымен және анықтығымен ерекшеленеді. Осы құрылымдар туралы ережеде міндеттелгендей олар әр губерния мен облыстың статистикалық деректерін барынша дұрыс жинап толтыруға, жер көлемін, халық санын мұқият анықтап, өндірісі мен шаруашылығын жауапкершілікпен зерттеуге тиіс болды. Сондықтан да казак тарихын зерделеуде бұл комитеттердің мұрасы ерекше құнды.

Қоңсы қонған елдегі тегін жер туралы хабар мен биліктің қам-қаракеті жайлы алып қашпа сөз ел ішінде қыдырып кетті. Онсыз да сабылып, бір жерден екінші жерге жөнкіліп жүрген тобыр елендей бастады. Қайсыбір өңірлерде крестьяндар араларынан шолғыншылар шығарып, белгісіз аймаққа аттандырып жатты. Қамал – бекіністердің төңірегінен шұрайлы жер алып, аузы аққа тиген казактар атажұртында қалған ағайындарына хабар салып, көшіріп алуға кірісті. Уақыт өте келе шалғыны теңіздей толқыған, көктемде қадаған қу шыбық күзде сүмбіл терекке айналған, балығы суға жылқы жаптырмаған ғажайып аймақ жайлы жұмақ әңгіме Ресейдің талай өңірінде гуледі. Жұрт жолға жиналды, алдымен Тобыл мен Қорған губернияларының крестьяндары атқа қонды. Олардың бір бөлігі қазіргі Қостанай, Торғай, Солтүстік Қазақстан және

Көкшетау облыстарына тоқтаса, 317 отбасы Ақмоланың Шортанды, Амантай жағына шашырай қоныстанды.

Енді тұс-тұстанандыздаған көпмұжықты тежеу мүмкін емес еді, патша үкіметінің оларды толқын – толқынымен жоспарлы қоныстандырмақ болған әрекеті жайына қалды. Аштықтан бұралған, алба-жұлба, түрлерінен кісі қорқатын сұрқай топ арып-ашып келе жатқанда кешегі ақтабан – шұбырынды көз алдыға елестейтін. Қажыған, сең соққан балықтай сенделген жұрттың соңына ере алмай қалып қойғандарға ешкім назар аудармайтын. Ондайлардың талайы айдалада көз жұмды.

Орыс крестьяндарының жаппай қоныс аудара бастаған осы кезеңі жайлы жазылған деректердің бірінде: «Қазақ даласы бостандығынан біржола айырылатын күндердің табалдырығында тұр» делінген. Ақиқатында солай еді. Сансыз қара тобыр ең шұрайлы жерлерге жан-жақтан құйылды да жатты және жолындағысының бәрін жапырып келе жатты. Аш-жалаңаштар ештеңені талғап-талғамайтын. Өзендегі балықтан бастап, арам-адал құс, даладағы борсық пен суырға дейін аулап, жүрген жерлеріндегі тіршілік атаулыны жанынан бездірді.

Ұлан дала: – О, тоба! – деп түршікті.

Ұлан ел: – Сақта құдай! –деп шошынды.

Тоз-тозы шыққан тобырдың дүлей нөпіріне ие бола алмаған патша үкіметі қазақ жерінің есігін ресми түрде ашуға мәжбүр болды. 1824 жылы Көкшетау, 1832 жылы Ақмола, 1838 жылы Атбасар округтеріне барып қоныстануға рұқсат берілді. Осыдан бастап көші-қонды реттеудің кейбір шаралары жүзеге асырылды, өз бетімен шұбыра көшуді тоқтату мақсатымен белгіленген ереже-тәртіппен қоныс аударғандарға көмек көрсетілетін болды. Әр уездің крестьян бастықтары қызметі тағайындалды. Ресейдің алғашқы кезекте қозғалатын губерниялары анықталды. 1846 жылғы ұйғарым бойынша Орынбор мен Саратов өңірлерінің жарлы-жалқыбайлары ат-көлігін сайлады.

Осы толқынмен Ақмола және Көкшетау уездеріне 3852 крестьян келген. Бұлардың арасында казактар да болды. Олардың хутарлары мен станицалары арнайы бөлінген жерлерде тұрғызылып, тез көтеріліп кетуі үшін ақшалай және заттай көмек көрсетілді, себетін тұқыммен қамтамасыз етілді.

Мұндай қамқорлық крестьяндарға жайлы тиді, олардың саны жыл санап емес, ай санап көбейді. 1850 жылғы есеп бойынша Ақмола уезінде барлығы 375370 адам болса, оның 101910-ы келімсектер еді.

Енді крестьян бастықтарының беделі өсті. Оларға орыс шаруалары жақсы жер бөліп бер деп жалынса, казактар «мына пәлелерінді қонысыма таяу орналастыра көрме» деп кішірейді.

Ақмола уезі сол тұста алты қоныс учаскесіне бөлініп, әрқайсына әлгіндей басшылар белгіленген. Өткен тарихтың әр сәті қымбат, кейінгілер іздесе бәрін осы еңбегімізден тапсын деген оймен осы учаскелер мәліметтерін де қамти кетейік.

«Список переселенческих участков, представленных ходокам Европейской России» деген сериямен талай анықтама кітапшалары әзірленген. «Ходокам» деп отырғаны Ресейдің әр губернияларынан көпшілік көшпес бұрын қазақ жеріне жіберілетін шолғыншылар. Олар ел мен жер кезіп, крестьян бастықтарына жолығып, болашақ қоныстанатын аудандарды көріп танысқан. Қайта оралып, көп тобырды бастап келген.

Әлгі «Список» Ақмола облысын бес уезге бөліпті. Олар: Омбы, Петропавл, Көкшетау, Атбасар және Ақмола.

*Ақмола уезі*

*Бірінші участок.* Крестьян бастығы – Плахов.

Сібір темір жолының Петропавл станциясынан түсу керек.

Ақмола қаласы бұл жерден почта жолымен 472 шақырым.

*Екінші участок.* Крестьян бастығы – Гриченко.

Сібір теміржолының Петропавл станциясы.

Ақмола қаласы почта жолымен 472 шақырым.

*Үшінші участок.* Көші-қон шенеунігі Бегичев.

Сібір теміржолының Петропавл станциясынан түсіп, Алексеев селосына бару керек.

Ақмола қаласына жүретін тіке почта жолының бойында. Станциядан 357 шақырым.

*Төртінші участок.* Көші-қон шенеунігі Плахов.

Сібір теміржолының Петропавл станциясы.

Тіке почта жолымен Ақмола қаласы 472 шақырым.

*Бесінші участок.* Крестьян бастығы Белкин.

Сібір теміржолының Петропавл станциясы.

Тіке почта жолымен Александров селосы 25, Вишнево село-сы 45 шақырым.

*Алтыншы участок.* Крестьян бастығы Водяников.

Мәлімет алатын жерлер ретінде Александров, Тұрпан, Жалғыз ағаш, Батпақ, Шокай көл, Нұра, Ас үй тас, Анаркөл елдімекендері көрсетілген. Оларға Ақмола қаласынан Қарқаралыға қарай өтетін тіке почта жолымен бара алатыны айтылған.

Көкшетау уезі – алты, Атбасар уезі – төрт учаскеге бөлініпті. Крестьяндар қоныстанатын жерлердің ішінде Зеренді, Сандықтау, Қима, Бурабай, Есіл өңірлері аталғанда еріксіз күрсінесіз. Ісі қазақтың небір көрікті, тарихы бай, ұлы тұлғалары туған аймақтар жат қолында жетімсіреді-ау деп қынжыласыз.

Сол кездегі көші-қонды барынша жеңілдету мақсатымен дала толып жатқан бөліктерге жіктелді. Әр бөліктің топырақ құрамы, шөбі, өзен-көлі – бәрі зерттеліп, ішіндегі жарамдылары крестьяндар мен казактарға үлестірілді. «Общий очерк Акмолинского уезда» зерттеуінде өлке осындай ерекшеліктері бойынша 47 учаскеге тарамдалған. Оларға баға берілгенде төрт белгі негізге алыныпты.

1. Шөпті жерлердің көлемі және шабындықтардың сапасы.
2. Су көздері, өзендер мен көлдердің ащы-тұщылығы.

3. Қысқы мал жайылымына жарамды – жарамсыздығы.

4. Егін егуге қолайлы – қолайсыздығы.

Қазіргі Астана маңы №35 аудан деп алынып, мынандай сипаттама берілген.

«Алқап түгелімен Есіл, Нұра және Ақмола болыстарының қыста жайлайтын жерлері. Есіл өзенінің орта ағысы мен Нұра өзенінің төменгі ағысындағы шөлейт. Бұл кең аймақ Арықтың жоны деп аталады, әлгі екі өзеннің бірін солтүстікке, бірін батысқа қарай бұрған дөнес түрінде көсіліп жатыр. Есілге қарай еңкейетін қапталы қуаң, Нұра жағындағы жазық шүйгінді, жаз жайлауға қолайлы.

Дөңестің кей жерлеріне ойдым-ойдым тобылғы, үйір-үйір шілік кездеседі. Көктемде сасыр қаптап өседі, көдесі селдір, жусан кең таралмаған.

23 ауданға енгізілген Ереймен болысына айрықша назар аударылғаны байқалып тұр. Осы жерден үш бірдей өзеннің бастау алатындығына байланысты мұқият зерттелсе керек.

Аудан жоталары оңтүстік-батыстан солтүстікке қарай созылып жатқан Ерейментаудың төңірегін толық қамтиды. Өлеңті, Сілеті және Есіл өзендерін әр бағытқа бұрған, осы өңір үшін өмірлік маңызы бар тау жергілікті ел үшін қасиетті саналады. Қатпарлы, жалаңаштасты шың-құздардың қойнаулары жанды-жансыз тіршілікке бай. Қадам басқан сайын сыңғырлап ағып жатқан бұлақ, ойдым-ойдым шүйгін, сіресе өскен үйір-үйір қайың-терек қыс қыстауға, жаз жайлауға таптырмайды. Көп бұлақ тау қойнауларынан өтіп, етекте тоғысады да жіңішке өзендерге айналады. Солардың ішіндегі үлкені – Сілеті. Ол Ерейментаудың батыс қабырғасынан басталып, ұлғая келе солтүстікке бұрылады. Өлеңті өзені таудың шығыс қапталынан қайнарланады. Есіл өзеніне құятын шағын өзендердің бәрі оңтүстік – батыс және оңтүстік өңірінен арналанып шығады.

Еңселі тау батысқа қарай сездірмей аласарып қоян-жонданады. Солтүстігінде Қоржынкөлдің жазығына ұласады, шығысында құба белдерге бөлініп барып үзіледі.

Ағаш тау қойнаулары мен бұлақтардың төнірегінде кездеседі. Биік жоталардың етек жағындағы тастақта қайың – терек араласа өседі, ылғалды тұстарын карағаш мекен еткен, төменгі ойпаттарда шілдік жиі ұшырасады.

Өмір елі ауыз суға негізінен бұлақтарды пайдаланады. Олардан құралған өзендердің де суы тұщы, көктемде қатты тасиды. Солардың бірі Жыланды Есілге, Нұралы Сілетіге құяды. Жарғас қарасуы, Көшер, Қызыл жар секілді бірқатар өзеншелер жаз ортасына жетпей тартылып, ойдым суларға бөлініп қалады.

Көлдер тек жазықта кездеседі, олардың кейбірі тұщы, мысалы Ақсайды.

Топырақ құрамы да әрікелікі. Жыланды өзені жағатында ашық қара топырақты жерлер бар, малшылық беткейлеріндегі алқаптар да құнарсыз емес. Шөптің барлығы түрі бар.

Қрестыян бастықтары осылай әбден зерітпестен қиындалысының бірден бір қоясына айналды. Оларға берілген биілік те шексіз еді. Қара шекпендерді қалай орнаттырармын десе еркінде. Қерек болса адам заманына құтты қоныс етіп келе жатқан жерінен қазықтарды қуып шығып алатын. Мұжықтар депі көбейген кезде мұндай жылдылар жиі болып тұрған. Келімсектер қалары көбейе келе елді өз беттерімен де ыныстырған көшті. Жаңға алған жерлері үшін ағы пәлемге әлесте айналды.

Дәуел үшін көлтірейіс. 1897 жылы қазық қоныстарының саны 169-ға жетсе, оларға 5 миллион десятина жер тәліп бөлініп берілді. Осы ұланғайыр аймақтың бийіртғы малшы күшпен көшіріліп, мыңға жайсыз қуандалған келуле мәжбүр болды.

III Бекмаханованың «Каниализм дәуіріндегі Қазақстан мен Қырғызстанның көп ұлтты малшы» деп аталатын зеріттеу әйбегінде мынандай дерзектер көлтіріледі. «1871–1896 жылдары аралығында Ақмола өңіріне 119,1 мың, 1897–1916 жылдары 731,5 мың, барлығы 850,6 мың қара шаруа Ресейде:

қоныс аударды. Қазақстанға қарай жөнкілген крестьяндардың 56,2 пайызы Ақмола облысына тұрақтады. Торғайда олардың үлесі – 15,3%, Семейде -10%, Жетісуда -9,1%, Оралда -6,3%, Сырдария жағында -3,1% болды.»

Осыған байланысты жер қожасы болып келген казактардың Ақмола облысындағы үлес салмағы 1897-1916 жылдарда 25,96 пайыз құрады. Бұл көрсеткіш Торғайда 31,04; Оралда -15; Семейде -15% еді.

Ақмола қайдасың деп қаптағандардың 172,8 мыңы Украинадан, 207,8 мыңы Ресейдің оңтүстігінен, қалғандары орыс империясының казак өлкесімен шекаралас губернияларынан келген.

Осы жер қайысқан аш-жаланап жұрт казактын бейғам, еділ-жайық өнірінен дәм бұйыртқан құдайларына күндіз-түні құлдық ұрумен болды. Олар атажұртында түсіне кірмеген жақсылыққа кенелді. Ақмола облысында келімсектердің әр жеке шаруашылығы үшін 61 десятина құнарлы жер тегін берілді. Сол кезде бекітілетін тәртіп бойынша бір казак ауылына 18 десятина жерден келген.

Өрісі тарылып, енесі езілген казак қалың орысқа шамасы жетпей, жайылымдық жерлер үшін өзара жауласты. Осыған дейін қанжығалылар жер аяғы кенігенде Сібірге дейін жетіп, қыста Ерейменге тоқтайтын. Енді тарихи қалыптасқан жол жабылып, тау етегінде ошарылып қалғанда, сулы-иулы алқаптарға талас күшейді. Төртуыл жағымен дауласып, соңы жанжалға айналады, қанжығалының жеті адамы өледі.

Осы қактығыс мұнымен тоқтамай өршіп бара жатқан соң керейдің билері мен әлділері ара ағайындық жасап, жылқылы байлар Мәті, Дәулен және кірісіп, қанжығалылар орынсыз киліккен Өленті өзенінің жағасындағы жеті қыстауды төртуылға қаратады. Сол жерді екі жаққа шекара етеді. Осымен дау-жанжал тоқтайлы.

Мұндай алақөздік өнірдің әр түсында болып тұрған.

\* \* \*

Патша үкіметі, әсіресе әсіре ұлтшыл генерал-губернаторлар крестьяндық отарлауды неғұрлым тезірек рухани отарлауға ұштастыруға асықты. Сондай жандаралдардың бірі, Батыс Сібір губернаторларының арасында саяси белсенділігімен дараланатын генерал Казнаков орыстардың қазақ арасында саны жай ғана артқанына қанағаттанбады. 1875 жылы Ресей патшасына берген есебінде былай деп жазды:

«Далалық облыстардың жағдайы айрықша назар аударуды қажет етеді. Қазақтар орыс бодандығын алғаннан бері жаңа елдің азаматы ретінде өзгергені шамалы. Егін шаруашылығымен мүлде айналыспайды. Олар ұланғайыр жерде орыс елдімекендерін алыстан айналып өтіп емін еркін көшіп жүре берсе, өздерін ресейлікпіз деп тек сөз жүзінде ғана сезінетін болады, іс жүзінде баяғы еркіндігін сақтайды. Қазақтарға жақын ірге тепкен казактар болса, оларға ешқандай ықпал ете алмай отыр, керісінше кейбірі олардың тілі мен әдет-ғұрпын үйренуде.

Аталған мәселелерді ескере келіп, қазақтардың арасына орыстарды байыппен сіңіре беру керек. Бұл орайда қазақтармен есептесудің қажеті жоқ.» («Астана. История столицы и края XVIII-XIX в.в.» «Фолиант» Астана 2006 . 246 бет).

Генерал бұдан әрі «жартылай тағы» қазақтардың әл-ауқатын жақсарту деген желеумен оларды орыс крестьяндары арқылы «тәрбиелеуді», яғни орыс дәстүрінің ықпалын күшейтуді ұсынады. Бұл ұсынысты Ресейдің мемлекеттік билігі қабыл алды. Жаңадан көші-қон ережесі жасалды. Ендігі кезекте крестьяндар почта жолдары мен сауда-керуен жолдарының бойына қоныстандырылатын болды. Қазақтар мұндай жерлерден орағытып өте алмайды, сауда жасау үшін қайтсе де келеді, орыстармен қалай да араласады, олардың салт-дәстүріне бірте-бірте үйренеді.

Бұл ұйғарым сөз жүзінде қалған жоқ, көші-қон жөніндегі Батыс Сібір бас басқармасының жанынан «Ерекше комиссия»

құрылды. Аталған комиссияға қазақ даласын отарлаудың жаңа тәртіптерін анықтап беру міндеті жүктелді.

Осы жерде назар аударма кетейік, сол кездегі көші-қон хақындағы ресми деректердің бәрінде орыс шаруаларының қоныс аударуын «Крестьяндық отарлау» деп ашық жазған.

Міне, енді осы отарлау жаңа мазмұн ала бастады. Генерал Казнаковтың ұсынысымен алғашқы тәжірибе – сынақ түрінде Көкшетау, Атбасар мен Ақмола уездерінің сауда жолдарында орыс селоларына жер бөлінді.

1879 жылы Көкшетау уезінде осы мақсат үшін 164 шаруаның, Атбасар уезінде 210 адамның, Ақмола уезінде 180 крестьянның әрқайсына 30 десятинадан қолайлы жер берілді. Оларға айтарлықтай жеңілдік жасалды. Атап айтқанда:

1. Жерді қалауынша таңдауға

2. Егер қоныстанушы екі жылдың ішінде жер жыртып, егін салып шаруашылығын жүргізіп әкетсе, салықтардан босатуға үкім шығарылды.

Мұнымен бірге:

1. 100 түп жеміс ағашының көшеті

2. Қайтарымсыз 20 рубль

3. Жер өңдеу құралдары мен мал сатып алу үшін тағы да өтеусіз 20 рубль берілді.

Патшалық Ресейдің бұл ұйымдастыру шаралары нәтижесіз болған жоқ.

Қоныс аударушылардың жаңа легі Ақмола, Көкшетау, Атбасар өңіріне қарай ағылды. Есіл өзенінің бойындағы керуен жолдарында орыс хуторлары бірінен соң бірі пайда болды. Олардың тұрғындары құнарлы аймақтар әуелден солар үшін жаралғандай мәре-сәре еді. Есігінен шықса, Есіл ағып жатса, Есілдің балығын көсіп алса, қырда киігі жортып, тауында арқары асыр салса, көктемде көкөрайы, күзде астығы жайқалса, құдайдың сүйген құлы менмін демей, не дейді.

Осыған дейін Сарыарқаға Самар, Воронеж, Харьков пен Дон жағынан келіп жайғасқан крестьяндардың тез көтеріліп кетуі патша үкіметіне отарлаудың қарқынын бұдан да

күшейтуге болады деген ой салды. 1889 жылы Ресей императорына Мемлекеттік кеңес осындай ұсыныспен шықты. Енді крестьяндарға Ақмола облысына арнаулы рұқсатсыз қалаған уақытында өз еркімен көшіп қонуға болатындығы туралы заң қабылданды. Бұл қадам нәтижесіз қалған жоқ. Сол жылдың алғашқы жартысында ғана облыста 8352 адамы бар 19 село пайда болды. Ал жыл соңында мұндай селолардың қатары 24-ке, тұрғындар саны 11740 жанға көбейді. Келесі жылы Орынбор жағынан -5326, Самардан -810, Ресейдің еуропалық бөлігінен -15 мың кедей-кепшік арып-ашып жетті.

Бұл дүниеде бәрі де шектеулі. Ұлан даланың ерке өзені Есіл де бірде тасиды, бірде тасығансиды. Жерді жерітсең – иесінің наласына, елді елемесең – киесінің жазасына қаласың. Мұны қазақтың атажұрты келімсектерге ұзамай-ақ ұқтырды.

1890-1893 жылдар судың да сұрауы бар дегізген жылдар. Үш жыл қатарынан қуаңшылық болды. Селдіреп шыққан шөп ерте қурап қалды. Егілген егіннен тұқымдық астықты жинап алудың өзі мұң болды. «Жұт жеті ағайынды» екенін дәлелдеп, қара шегіртке қаптады. Айыр –күрегің ұстап қалған крестьяндар әйел-балаларын жұтаған үйлерінде қалдырып, уезд орталықтарына сабылды. Бәрінің айтары біреу: – Ашпыз! Көмектесе көріңдер!

Крестьян бастықтары мен уезд шенеуніктері селоларды аралап, көз алдарындағы көріністерден шошынды. Жарты жапырақ нанды жағаласа жеген аш-арық жұрт, хутордан хуторға жылжып алақан жайған қайыршылар, иесіз қалған үйлер, шаңы шыққан егістіктер...

Суық хабар Москваға үсті-үстіне жетіп жатты. Қазақ жерін бейбіт отарлау саясаты жүзеге аспай қалуынан қорыққан және ашыққан тобырдың ереуілдеп бүлік шығаруы кәдік екенінен үріккен патша үкіметі қолдан келген көмегін аяған жоқ. Ақшалай да, азық-түлікпен де жәрдемдеспек болды. 1891 жылы Ақмола мен Семей облыстарына крестьяндардың жаңа толқынын жіберуге тиым салынды. Алайда бұл кезеңде Ресейдің өз ішін аштық жайлап алған болатын. Қайда жүрсең

де өлім деген, тұйыққа тірілген орыс мұжығы қазақ даласына қарай шұбыруын тоқтатқан жоқ, қайта өршіте түсті. 1891 жылы 82 мың, 1892 жылы 84 мың адам келіп жетті. Бұл апатпен бірдей еді.

Осы жылдарда қазақ жерінде қанша крестьянның көз жұмғаны туралы дерек жоқ. Бәлкім ол жайында ресми мәліметтерде көрсетпеу ұйғарылған шығар. Оның есесіне отарлаудың тәсілдері мен жолдары ұдайы жетілдіріліп отырғаны жөніндегі деректер жеткілікті.

1893 жылы 4 наурызда Ресей патшасы атамекенін тастап ел кезіп кеткендердің Сібір темір жолының бойына қоныстануына рұқсат беретін қаулыға қол қойды. Тағы да қауырт дайындық жұмыстары жүргізілді. Темір жолды қуалай шұбырындылардың жаңа легіне жер учаскелері белгіленді.

Осы жылдың 13 маусымында қоныс аудандарын таңдау мен оны дұрыс бөлуді мемлекеттік деңгейде ұйымдастыру үшін айрықша деген атқа ие уақытша жер партиясы құрылды. Оның мамандары қазақтардың иелігіндегі соңғы жарамды жерлерді тартып алуға кірісті. Бейбіт отарлау шырқау шыңына жетті.

Ақмола облысының статистикалық шолуларында осы өңірге қай жылы қанша крестьян келгені анық көрсетілген.

Жылдар	Селолар	Ерлер	Әйелдер
1894	54	20392	19218
1895	87	32180	29629
1896	132	52583	46816
1897	134	59607	53642
1898	138	64252	58059
1899	150	69857	64567
1900	200	83038	77057
1901	206	87848	81417
1902	217	90613	82434
1903	233	96317	90308
1904	248	105489	98282
1905	260	105938	99577
1906	299	122609	105435

Осы мәліметтен он үш жылдың ішінде елімізге 1 миллион 906492 адамның көшіп келгенін көреміз. 2 миллионға жуық жан қазақтың, оның ішінде Ақмола өңірінің ең шұрайлы жерлерін басып алды. Отарлау саясаты ойдағыдай жүзеге асты. Алты алаштың баласы өз жұртында кірменің күнін кешкен кемғабыл заман басталды.

\* \* \*

Өзінен әлдеқайда қуатты мемлекетпен іргелес болған елдің түбінде тірелер жері – тәуелсіздік. Ал тәуелсіздік атаулының бәрі бір текті емес. Еуропа елдері аяғы тиген жерлеріне ғылым мен білім ала келді. Ресей қара тобырдың қазақ халқы ұстанған дін мен ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлік мәдениетіне кереғар шала мас дағдыларынан өзге ештеңе бере алған жоқ. Қалаларда қара танытқан бірен-саран оқу орыны әуелде орыс балаларына арналып, қазақ жастары оларға кейініректе қабылданды. Оның өзінде берілген білім деңгейі мен түрлері қатан сұрыпталған-ды. Бастапқыда тілмаштар ғана даярланса, уақыт өте келе бірен-саран мамандықтар бойынша төменгі сатылы мектептер ашылды. Қолы ұзын дәулеттілер Омбыдағы 1813 жылы «Войсковое училище» деген атпен ашылған Кадет корпусына балаларын тамтұмдап жіберетін. Кеңбайтақ өңірде бұдан басқа жоғары оқу орыны жоқ еді.

Ашығын айтқанда, отарлаушылар қазақтың білім алуына құштар да болған емес.

\* \* \*

Крестьяндық отарлау хақында айтқан соң тек Ақмола өңірінің ауқымымен шектелмей, бүкіл ел көлеміндегі көрінісін ықшамдап баяндап берсек, артық болмас.

Сонау ХҮІ ғасырда басталған көшу үрдісі уақыт өткен сайын құлашын кеңейтіп, қазақ халқы үшін апатты сипатқа ие болды. 1861-1919 жылдар аралығында жерімізге 1 миллион 544049 адам қоныс аударған. Бұл тарих ғылымдарының докторы А. Құдайбергенованың дерегі.

Егер тарихшылар мен демографтардың әр кезде шығарған есебіне жүгінсек, орыс-қазақ қарым-қатынасы басталғаннан бері елімізге 7 миллионға жуық Ресейліктер мен украиндықтар, басқа да ұлт өкілдері көшіп келіпті. Бұл құбылыстың саяси себептеріне тоқталсақ, Столыпин реакциясы, Ленин төңкерісі, Сталиннің қуғын-сүргіні, Тың игеру болып жалғасады. Бір ғана Сталин қысымынан 2 миллион адам Қазақстанға табан тірепті. Тың игеру жылдарында да осынша жан келді.

Мұның бәрі дәлелденген деректер. Ал қазақ халқының патшалық Ресей кезіндегі саны әлі күнге дәл анықталмай отыр. Госдуманың Әлихан Бөкейханов сынайтын шешімінде 5 миллион деп көрсетіледі. Біздіңше бұл назарға алынатын деңгей. Ахмет Байтұрсыновтың төңкеріс алдында: «Иншалла, 6 миллион қазақпыз» дегенін еске алсақ, осы мәліметтің ақиқат екендігіне илана түсеміз.

Егер аталған сан мемлекеттік тұрғыда және ғылыми негізде бекітілсе, оның әлеуметтік-демографиялық маңызы өлшеусіз болар еді. Біз әр кезеңдегі ел санын сол деңгейде есептеп, жоғалтқанымызды дәл анықтай алар едік.

Қара шекпендер заманынан бері қарайғы кезеңдердің бәрінде келушілердің сүбелі бөлігі Ақмола топырағына ағылған. Аштық жылдары да солай болыпты. 1922 жылы Самар мен Челябині жағының 470 мың күйзеліске ұшырағандары Ақмола губерниясына қарай шұбырған.

## Х

### РЕСЕЙЛЕНДІРУ МЕН ШОҚЫНДЫРУ

Қазақстан тарихы жайлы ғылыми әдебиеттерді қадағалаған адам олардағы ақиқат уақыт озған сайын жұтаңдана беретінін аңғарады. Бұл құбылыс әсіресе мемлекеттік тапсырыспен әзірленген ресми еңбектерге тән.

1943 жылы «Казогиз» арқылы шыққан «История Казах-  
станской ССР» оқулығындағы ащы шындықтарды кеңес  
кезіндегі одан соңғы еңбектер түгілі тәуелсіз Қазақстанда  
дайындалған шығармалардан да таба алмайсың. Ақиқат керек  
болса, шаң басқан архивтерді қопарудан басқа амал қалмайды.  
Тоталитарлық заманда қолымыз кесілсе, бүгінде айналадан  
жағалай үркіп, өз төрімізде өзіміз еркін көсіле алмаймыз.

Жоғарыда атап көрсетілген ғылыми еңбекте «Патша  
үкіметінің орыстандыру саясаты» деген бөлім бар. Сонда  
келтірілген деректердің қорытындысы төмендегідей:

Ресей патшалығы жергілікті халықты күштеп орыстандыру  
саясатын ұстанды, оның ұлттық ерекшеліктерін, тіпті туған  
тілін жоймақ болды. Мұның төте әрі тиімді жолы орыстарды  
қазақ арасына көптеп орналастыру еді. Оны арнайы құрылған  
мықты аппарат арқылы жүзеге асырды.

Түркістан генерал-губернаторы 1898 жылғы 6 қарашадағы  
қаулысымен өңірлердегі губернаторларға нақты нұсқау берді.

1. Жергілікті қыр қазақтарымен жұмыс істейтін қоғамдық  
басқару орындарында мемлекеттік тілді шұғыл түрде енгізу  
қолға алынсын. Осы мақсатпен болыс хатшылары қазақ тілін  
білетін орыстармен алмастырылсын.

2. Тез арада болыстар аудармашылары, ақсақалдық төрелік  
айтушылар мен мирабтар, тәртіпті қадағалайтын жігіттер,  
барлық полицейлік қызметтегілер, уездік және облыстық  
мекемелердің штатындағылар орыстармен ауыстырылсын.

3. Болыс басқарушылары, қалалар старшиналары мен ауыл  
ағалары, олардың көмекшілері мен үміткерлер, халық сот-  
тары қызметіне сайланатындар мен тағайындалатындардың  
бәрі орыс-қазақ мектебін бітірмесе немесе ерекше бағдарлама  
бойынша емтихан тапсырмаса, бұл орындарға жіберілмейтіні  
туралы арнайы ценз енгізілсін.

Ресейлендіру, анығырақ айтқанда, орыстандыру мұндай  
шаралармен шектелген жоқ, крестьяндарды қазақ елін пра-  
вославие дініне жаппай енгізу үшін де кеңінен пайдалану  
көзделді.

\* \* \*

Қазақ халқын православие – христиан дініне көшіру мемлекеттің басты саясатына айналса, оның түпкі мақсатын түсіну қиын емес. Діни сана ұлттық сананың күдіретті негіздері, оны күйрету арқылы ұлттың тарихи тұғырын киратасың. Діни сенім арқылы қалыптасқан өмірлік салт-дәстүрді күл талқан етесің. Миллиондардың өзіне, өзін қоршаған ортаға, үлкен мен кішіге, бүгін мен болашағына деген көзқарасын түп-тамырымен өзгертесің. Мыңдаған жылдар бойы жасалған, кастерленген, елдіктің нысанына айналған ұлттың мәдениеті мен өнерін жатсынуына жетелейсің. Бұл айналып – үйіріліп келгенде халықтың өзін-өзі талақ етуіне әкеліп соғады.

Осыдан соң қазақтың этникалық тегінен жиреніп, орыс болуға асығуы ғана қалады. Бұл алып айдаһардың маңайындағының бәрін ысқырына жұтып жатқаны секілді үрейлі көрініс болар еді. Қазақ халқы сондай қауіп-қатердің алдында тұрған. Әлихан Бөкейхановтың синод пен үкімет шешіміне ашына қарсы шығуы содан еді.

«Речь» газетіне 1914 жылы жарияланған осы ресми құжатта тұнып тұрған орыстандыру шараларын Ресейдің бұдан ерте бастағанын айғақтайтын деректерді жоғарыда келтіргенбіз. Оған саяси-әкімшілік негіз болатын қадамдар туралы да ішінара сөз еткен едік. Соны тағы да қысқа қайырып өтсек, артық болмас.

«Далалық болыстарды басқару туралы уақытша ережеде» қазақ жері толығымен Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Сұлтандық билік пен округ приказы арқылы басқару жойылды. Сол арқылы генерал-губернатордың билігі бұрынғыдан да күшейтілді. Даланы ұсақ әкімшілік бөліктерге шашыратып жіберу ел ішінде өзара таластартыстың көбейуіне әкеліп соқты, болыс сайлауы әлеуметтік дертке айналды. Тізгін ұстағысы келген әлділер мен рудың намысын жыртқан әр атаның жұрты генерал-губернатор мен ояз не айтса, соған бас шұлғуға дайын еді. Мұны айқын

аңғарған орыс үкіметі қазақтарды саяси жеңумен бірге рухани – діни тізе бүктіру қиын емес деп шешті.

Өзара ынтымағы жоқ, көп ретте ортақ намысты бір-ер күндік ру намысының қанжығасына байлай салатын, онысына артынан өкініп, қолын мезгілінен кеш сермеп жататын қазақты екінші жағынан әскери биліктің ықпалын күшейту арқылы үнемі үрейде ұстап отыруды көздеді. 1808 жылдан бері қарай Сібір линиялық казак әскері нығайтылумен болды. Қарулы күш қатарындағы казактар ерекше мәртебе мен жеңілдіктерге ие еді.

1871 жылы әскери реформаға сәйкес қазақ даласындағы казак әскері үшке бөлінді. Соның саны жағынан Басымы Ақмола жерінде тұрды, қалған екі құрамы Семей мен Том губерниясын қарауылда ұстады.

Әскери казактар шынымен де құдайы сүйген ерекше пенделер секілді еді. Олар сырт қарағанда армиядағы қатал тәртіпті сезінген жоқ. Әскери бөлімдер шаруашылық және әкімшілік жағынан басқарылатын поселкелерден тұратын. Бұларға поселкелік басқарма мен атаман жетекшілік етті.

Ақмола мен Семей облысында осындай 173 поселке мен 35 станица шалқып жүріп жатты. Оларға 5 миллион десятина егістік және жайылымдық жер бөлініп берілді. Бұл ұланғайыр жер екі түрге жіктелді.

1. Поселкелер мен станицалар жері. Одан әр казак 25 десятина алқапты тегін алды.

2. Әулетінен әскери офицерлер мен шенеуніктердің жері. Жалпы көлемі  $\frac{1}{2}$  миллион десятина.

Әскердің өзіне ғана тиесілі тұрақты қаржысы болды. 1895 жылы ол 1 миллион 008536 рубльді құраған.

Казактардың мемлекет алдындағы негізгі міндеті ат шап десе тік көтеріліп тұра ұмтылу, бейбіт күндері 3150 жауынгерді сақадай сай ұстап отыру. Ал соғыс бола қалған жағдайда 9 мыңға дейін сарбаз беру, онда да ат-әбзелімен, қару-жарағымен.

Қазақтарды осы дүлей күшпен әлсін-әлсін ықтырып отыру үшін олардың «бейбіт» жорықтары өткізіліп тұрған. Жаз жайлауда отырған бейғам елдің ту сыртынан аттылы әскер шауып шыға келетін де үсті-үстіне мылтық атып, қылышын жарқ-жүрк жалаңдатып, қиқулап құйғытатын. Ен дала ұлардай шулап, азан-қазан дүрлігіп қала беретін.

Осындай айбарлы, өзінен басқаны көзге ілмейтін кесірлі көптің жанына қазақтарды қоныстандыру шаралары ерте қарастырылғанымен ешқандай нәтиже берген жоқ. Сырт қарағанда дінге селқос болып көрінетін ел шындығына келгенде өзге таным-сенімге илікпейтінін көрсетті. Дәстүрі, мінез-құлқы, тіпті ішіп-жеміне дейін бөлек ұлттың мәдениетін қабылдамақ түгілі оны төмен санады. Алайда жат дін мен әдет-ғұрыпқа тамтұмдап пейіл бергендер де кездесті.

Дәлелдер тілімен сөйлейік:

1864 жылғы 20 тамызда Сібір қазақтары облысының әскери губернаторы Батыс Сібір генерал-губернаторына қазақтарды христиан дініне тарту шараларының қорытындысы туралы ақпарат жазады. Оны құпия түрде жөнелткен.

«Жоғары мәртебелім, маған үстіміздегі жылдың 15 мамырында № 101 нұсқаумен қазақтарды православие дініне енгізу жөнінде қорытынды жасау тапсырылды. Осы тапсырманы орындай отырып, жоғары мәртебелі мырза, сізге мына жайларды мәлімдемекпін. Сібір қазақтары облысының жері шамамен 750 мың шаршы шақырымды алып жатыр. Осы ұланбайтақ өңірдің негізгі халқы Сібір қырғыздары делінетін ордалықтар. 1863 жылғы санақ бойынша олардың 140013-і ерлер, 123202-сі әйелдер.

Олардың арасында орыстардың аз болуы біздің тұрмыс салтымызбен танысуына мүмкіндік туғызбай отыр. Соған қарамастан даладағы православиялық бағыттағылардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді, әсіресе сауда жолдарының бойында. Орыс тұрғындарының көбейуі арқылы қазақтардың өркениетке жақындауы арта түсетіндігіне күмән жоқ.

Қазақтар, жалпы алғанда, мұсылманбыз дегенімен діндарлығы соншалықты айқын аңғарыла қоймайды, әсіресе солтүстік бөлігінде. Оңтүстік жағында, яғни Есіл өзенінің арғы бетінде және Қарқаралы округінде фанатикалық исламның ықпалы күшті, сондықтан бұл жерлерде миссионерлердің христиан дінін ашық уағыздауы қауіпсіз емес.

Солтүстік капталдағы, оның ішінде Ақмола, Көкшетау және Баянауыл округтерінің казак әскери желісіне жақын көшіп-қонып жүрген қазақтары орыс тұрмысымен аздықөпті танысып үлгерді. Олардың орыстармен және казактармен арада қарым-қатынасы бар. Осындай кейбір қазақтар, әсіресе кедейлері казактарда жалшылықта жүріп, православие дәстүрлеріне көз үйретуде. Алайда бұл аздық етеді және қазақтардың ішіндегі татар молдаларынан мұсылман дінінде тәрбие алған білімді әрі дәулетті казак әулеттері бұл мәселеде үлкен кедергі болып отыр.

Осының бәрін сараптай келгенде мынандай қорытынды шығаруға болады: орыс елді мекендері мен казактар станицаларының жанында көшіп-қонып жүрген қазақтардың арасында, атап айтқанда әскери желіден 10 шақырымдық шеңбердегілердің арасында христиан дінін байыппен ашық насихаттау ордалықтардың тарапынан фанатикалық қарсылық туғызбайды. Осындай қадамға бару үшін алдымен әкімшілік дайындық шараларын жүргізген дұрыс деп есептейміз. Христиан дінін қабылдаған қазақтарға жер бөлу кезінде, басқа да мәселелерде жеңілдіктер жасалып, сонымен бірге қаржылай көмек көрсету қарастырылса. Мұндай қадамдар, менің ойымша, қазақтардың арасында христиан дінін таратуды жеделдетеді және халықтың жоғары әрі ықпалды тобының бұл бағыттағы қарсылығын тойтарады, қоғамдағы тәртіптің сақталуына ықпал етеді». (Казахско-русские отношения в XIII-XIX веках (1771-1867 годы) Издательства «Наука» 501-502 беттер.)

Сібір қазақтары облысы әскери губернаторының бұл ақпаратынан қазақтарды христиан дініне енгізуге зор мән бергенін, бірақ бұл орайда айтарлықтай нәтиже жоқ екенін көреміз. Елдің көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары ислам дінін қорғаған, айнала жұртты ықпалында ұстаған.

Мұндай жағдайдың Ресей билігін де, православие дінінің басшыларын да қанағаттандырмайтыны анық. Олар енді әскери губернатор ұсынған шараларды жоспарлы жүзеге асыра отырып, мұсылман дінінің ықпалын төмендетуді де қарастырды. Оны сол діннің беделділері арқылы орындаудың жолдары іздестірілді. Генерал-губернаторлар мұсылман мешіттерінің указной молласы деген қызмет енгізіп, оған өздері ұсынған адамдардың сайлануын қадағалады. Мұндай дін жетекшілері исламды уағыздаған сияктанып, іс жүзінде оның күшеймеуіне қызмет етті.

Ақмола орталық мешітінің указной молласы Юсуповтың 1865 жылы губерния әкімшілігіне берген мәліметінен осының салқынын аңғара аласыз. Мәлімет «Ақмола округіндегі мектептер мен мешіттердің саны туралы ведомость» деп аталады. Сол мәліметтер арнайы бекітілген үлгі бойынша толтырылған.

№	Мешіт пен мектеп кімге қарайды?	Саны	Олардың моллалары мен дәріс берушілері
1	Ақмола қаласындағы орталық мешіт	1	Указной молла Ысқақ Юсупов
	Мешіт жанындағы мектеп	1	Қазақ молласы Қарабек Байбеков
2	Облыстық басқарманың советнигі сотник Нөгербек Көшеновтің мешіті	1	Меңгерушісі указной молла Қожахмет Хамзин
	Мешіт жанындағы мектеп	1	
3	Керей болысының бастығы Мәді Семеновтың мешіті	1	Меңгерушісі татар Ғайнатдин Фахритдинов

	Мектебі жоқ		
4	Төлөк – керей болысының би Мұса Қодасовтың мешіті	1	Указной молла Айып Ысмаилов
	Мектеп	1	
5	Төлөк – керей болысының би Сағынай Исаевтың мешіті	1	Меңгерушісі татар Хамидұлла Әбубақғұтов
	Мектеп	1	

Бұлармен қатар болыстарда мешіті жоқ указной моллалар бар:

1.	Айтқожа – қарпық болысында	Указной молла Мешітбай Бердіғожин
2.	Салал және Құлатай Қыпшақ болысында	Указной молла Қанапия Көнтөреев
3.	Құлан және Долаба Қыпшақ болысында	Бағауетдин Абдуланов ахун
4.	Құлатай Қыпшақ болысында	Указной молла Мәнке Мешелов
5.	Жетіру Қандағар болысында	Указной молла Мұхамедияр Мұхтаров

Ескерту:

1) болыстарда осы аталып көрсетілген моллалардан басқа балаларға дәріс беріп жүрген арнайы рұқсаты жоқ татар және қазақ моллалары көп.

2) Жоғарыда келтірілгеннен басқа мешіт мектептері жоқ. Оның есесіне қазақ байлары балаларын молла жалдап оқытады. Ақысын ақшалай төлейді немесе мал береді (Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы), 526-527 беттер).

Осы мәліметтерді қарап отырып, Ақмола қаласындағы мешіттің указной молласы Ысқақ Юсупов ел ішінде ислам дінінің қанат жаюына ынталы болса, болыстарда әлділердің

кісі жалдап балаларына рұқсатсыз мұсылманша білім беретінін хабарламас еді деп ойлайсың. Бәлкім дінімізге ие болғансып жүрген имамдардың христиан жансызына айналу кезеңі осы тұстан басталған шығар. Олар кеңес заманында да түгелдей осындай бітімде болды, қазіргі күнде де дін мұсылман деп ауыздығымен алысып тұрған жоқ.

Патша үкіметі генерал-губернаторлардың қолымен діни отарлау саясатын осылай бір демдеп алған соң миссионерлік насихатты еселеп күшейтуге бел шешіп кірісті. Бұған дәлел шашетектен.

Ақмолада 1907 жылы императрица Мария Федоровнаның бүкілресейлік миссионерлік қоғамының бөлімшесі ашылды. Бұл қоғам осыдан 39 жыл бұрын Москвада құрылған болатын. Оның түрлі қоғамдық әлеуметтік топтардың өкілдерінен іріктелген мүшелерінің саны 11 мыңнан асып түсіп, Ресей мен одан тысқары жерлерге ықпалы жүріп тұрған, дәуірлеген кезі еді.

Қоғамға айрықша мән берілгені соншалық, қызметін Москва және Владимир митрополитінің өзі реттеп отырды.

Осындай беделге ие ұйымның қолын ешкім қаға алмайтын, қоғамнан тапсырма алған миссионерлер Сібір мен Еуропалық Ресейдің орыс емес ұлттары арасында христиан дініне үгіттеуді уақыт өткен сайын күшейтті. Соңғы жылдары Солтүстік Америка мен Жапонияға да шыға бастады. Қоғам олардан қаржы аяған жоқ. 1907 жылы Сібір миссиясына 123428, Еуропалық Ресей миссиясына 73189, Жапония миссиясына 18120, Солтүстік Америка миссиясына 3600 рубль бөлді.

Күш-қуатын мемлекет пен императорлық дін орталығынан алған қоғам Ақмола жеріне табан тіресімен Қазақ миссиясын ашты. Оның жеті ұйымы Ақмола мен Семей облысын шарлап кетті. Бұлармен бір мезгілде әйелдер бөлімдері пайда бола бастады.

Миссияның орталығында арнайы дайындықтан өткен 20 адам жұмыс істеді. Басқару аппараты мына қызметтерден құралды:

1. Архимандрий
2. Үш иеромонах
3. Жеті священник
4. Төрт дьякон
5. Бес псаломшы

Осылардың жанын сала ұйымдастыруымен аз ғана уақыттың ішінде ел ішін аралайтын миссионерлердің саны 8528 адамға жетті, бұлардың 299-ы басқа ұлттардан.

Қазақ миссиясы осылай бұғанасын бекітіп алған соң мұсылмандарды шоқындыру үшін қажетті шаралардың бәрін жүзеге асырды. Облыстың әр тарапынан мектептер ашты. Оларда сол жылдың өзінде 149 ер бала мен 58 қыз оқыған. Бұлардың 17-сі жаңадан шоқындырылғандар.

Мұнымен қатар христиан дініне енгізілген төрт бала мен сегіз қыз қалалық училищелерге жіберілді. Олардың білімі де, күтімі де тегін болды. Миссия көмек сұраған өзге діндегілерге қайтарымсыз 800 рубль, қайтарыммен 200 рубль бере алатын. Мұндай көлемдегі қаржы үшін талайлардың христиандықтан каша қоймайтынын білетін.

Мен императрица Мария Федоровна құрған қоғамның кен ауқымдағы осындай христиандық іс-қызметімен танысқан соң ислам дінін арғы-бергі заманда дәл солай дәріптеп жүрген кім бар деп ойладым. Ислам барлық уақытта шабуылдың өтінде жүрді, алайда іргесі де, діңгегі де шайқалған жоқ. Ресей секілді алпауыт әрі қатыгез империяның бұғауында сан жылдар сарсылған қазақтардың бірен-сараны ғана христиандыққа өтті, елдің қалыңы өз дінінен айныған жоқ. Қазақ ұлты тек осының, дініне, рухына, ата-баба аманатына беріктігінің арқасында өзінің бітім-болмысын сақтап қалды.

Иә, өзге дінге жалғыз-жарымдар ғана пейіл берді. 1907-1910 жылдардағы әлгі миссионерлік қоғамның есебіне көз салсаңыз, олардың өздері белгілі мерзімдерден соң төл дініне қайтып оралған.

Жылдар бойы төккен тер мен жұмсалған қыруар қаржы күткендегідей нәтиже бермесе де патша үкіметі мен синод

алған бетінен қайтқан жоқ. Олардың кезекті мемлекеттік деңгейдегі ірі қадамына Әлихан Бөкейханов қарсы болып, Госдумаға ашық хат жазады. Ол хат «Речь» газетінің 1914 жылғы 22 қаңтардағы санында жарияланған. Сол тарихи құжатты түпнұсқа күйінде тәржімаламай ұсынуды жөн көрдік.

### ***Открытое письмо членом Госдумы***

*Переселенческое управление озабочено не одной раздачею казенной земли в Киргизской степи лицам всех сословий: малоземельным К.Н.Кочубеям, Касаткиным-Ростовским, гр. Медем др., а также подготовкою Киргизского (казахского) народа к «Восприятию православно-христианского вероучения».*

*Вот документ который руководствуется производитель работ, наделяя киргиз земледельческой нормою и исполняя точное указание центральной власти.*

*Святейший синод по определению от 5(26) апреля сего года за №3067, признал желательным, чтобы при землеустроительных работах на местах поселения киргиз, киргизы – магометане и киргизы православные были поселяемы вместе с русскими крестьянами с тем, чтобы при поселении их с русскими-крестьянами число киргиз – магометан не превосходило бы половины православного населения данной местности дабы православные люди при решении всех вопросов касающихся их хозяйственного быта и нужд, могли иметь преимущество перед инородцами.*

*Указанными мероприятиями, по мнению св. синода киргизское население степных областей и Туркестанского края может быть подвинуто к восприятию православно-христианского вероучения.*

*Главное управление землеустройства и земледелия сообщая об этом высказались за желательность совместного поселения киргиз с русским, как в целях распространения и укрепления*

*ния православие среди иноверцев, так и в виду возможности этим путем достигнуть скорейшего приобщения туземного населения степных областей к русской государственности и русской культуре и слияния его с русскими. Об этом сообщая Вашему высокоородию для зависящих распоряжений, подлинное за надлежащим подписом.*

*«Г.Г. заведывающим подрайонами и крестьянским начальникам.*

*Настоящая копия уведомления военного губернатора Уральской области от 12 июня сего года № 11400 о совместном устройстве православных и магометан, препровождается вашему высокоблагородию для руководства и исполнения.*

*Июня 27 дня 1912 года № 9373.*

*За заведывающего переселенческом делом Константинов.*

*И. об. секретаря П.Арсеньев.*

*Н.Арсеньев».*

*После высочайшего указа 17 апреля 1905 года св. синод находит возможным свое вмешательство в дело веры инославных в форме давления на хозяйственную жизнь 5-миллионного Киргизского народа, а главное управление землеустройства и земледелия, после Высочайшего указа 12 декабря 1904 года рекомендует местной администрации и чинам переселенческого управления исполнить не законное определение св. синода.*

*«Закон 3-го июня», благодаря стараниям охотников на киргизскую землю из князей и графов, лишил нас права защиты с трибуны Государственной Думы.*

*Надеюсь что г.г. депутаты обратят свое внимание на то, что в приведенном документе налицо вопиющее нарушение законов и что депутаты воспользуются 35 и 58 ст. ст. учреждения Гос. Думы.*

*Член 1-ой Гос.Думы Алихан Букей-Ханов.*

*Газета «Речь» 22 января 1914 г.*

Қазақтарды орыстармен араластыру, басқа мәдениетке жүгіндіріп, христиан дініне енгізу арқылы ұлт ретінде жоюға арналған патшалық Ресейдің кезекті әрекеті мен оған Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың азаматтық қарсылығы осындай.

\* \* \*

Генерал-губернаторлар өздерінің қарамағындағы елдің ұлттық және діни құрамын жіті бақылап отырған. Ақмола уезінің тұрғындары 1890-ыншы жылдары діни сенімдері бойынша былай жіктеліпті:

Проваславиялықтар –	52020
Баптистер –	408
Лютерандар –	3786
Старообрядтықтар –	712
Молокандар –	495
Сектанттар –	381

Бұлардың бәрі орыстар болды, олардың ішінде славяндардан басқа ұлт өкілдері кездеспеген.

\* \* \*

Ресей империясының қазақ халқын христиан дініне енгізу жөніндегі саясатына тағы да тоқталсақ, осы шаруаны алғаш Тобыл діни консистории қолға алыпты. Ол 1864 жылы Петропавл қаласында қазақтарды шоқындырумен айналысатын мекеме құруды ұсынып, Сібір қазақтары облыстық басқармасына хат жазады. Ақмола, Көкшетау, Атбасар уездері қазақтарының шоқынуды ниеті қандай екенін білуді сұрайды. Бұл хатқа «әзірге шоқына қоятын қазақ жоқ» деген жауап беріледі.

Бұдан былай қарай шоқындыру ісіне мемлекеттік мән беру үшін «Миссионерлік қоғам» құрылды. 1869 жылы Қазан қаласында осы қоғамның I-съезі өткен. Съезд жарғысында мынандай міндеттер қойылады: Ресей империясында тұратын христиан еместерді православиеге көшіру, шоқынғандар санасында христиан дағдысын сіңіре беру, оны алдымен қазақтардың арасында жүргізу. Осының алғашқы қадамы

ретінде Ішкі істер министрлігі мешіттердің жанындағы мектептерде орыс тілі сабағын енгізуге бұйрық берді.

1876 жылы Ақмола облыстық губернаторы шоқындырудың жайы туралы қатынас жазған. Одан мына жолдарды оқи аласыз: «Православие миссионерлік қоғамының дүниеге келуі Ресейдің басқа да христиандық ұйымдарының ісін құлшындыра түскені байқалады. Соның бірі Тобыл консисториясының преосвещенігі Абрам 1889 жылдың жазында Көкшетау, Атбасар уездерінде болған екен. Көкшетау оязы осы сапар жөнінде облысқа түсірген ақпарында былай дейді: Көкшетауда шаруасымен жүрген болыстармен және станица жатағы тұрғындарымен кездесіп, христиан дінінің дұрыстығы жөнінде әңгіме айтты. Кейбіріне қасиетті жазбалардың қазақшаға аударған кітапшаларын ұсынды. Бұл кездесу қазақтар арасында әр саққа жүгіртілді. Осыдан екі-үш жыл бұрын Меккеге барып қайтқан Қожахмет Саддин дереу болыстарды аралап кетіп, қазақтарды дініне берік болуға, жалпы дінге бекем болу үшін облыста мүфти қызметі болу керектігі жөнінде мәселе көтеріпті».

1893 жылдың қаңтарында Том және Семей епископы Макари Дала бас губернаторына қазақ арасында жүрген татар, бұхарлар мен түріктердің негізгі мақсаты ислам дінін күшейту екенін айтып, бұдан былай қарай мешіт салуға тиым салынуын, татарлар мен бұхарларды қазақ жерінен әскери күшпен қуып шығуды өтінеді.

Священник Иоан Никольский 1893 жылы Семей облысы губернаторына жазған хатында шоқынған қазақтарға арнайы жер бөліп, оларды елден жырақтатып тастауды ұсынады. Олар мұсылмандардың ықпалынан аулақ болуын, ислам дініне қайта кіріп кетпеуін ескертеді. «Қазақ миссионерлік қоғамы» осы губернаторға: «Қазақтарды православие мен отырықшылыққа неғұрлым көбірек тарту үшін орыстар мен жаңа шоқынған қазақтарды селоға аралас отырғызған жөн бола ма, қалай? Осындай жағдайда ғана жаңа шоқынғандар орыстың әдет-

ғұрпы, салт-сана, тілін, христиан дінінің міндеттерін, жер өңдеу тәсілдерін, жалпы ауыл шаруашылығын жүргізуді тез үйреніп алар еді. Ал шоқынған қазақтарды бірыңғай ауыл қылып қоныстандыру – оларды орыстандыру саясатына мүлде сай келмейді» – деп ой салады.

Торғай облысы губернаторы 1897 жылы Орынбор бас губернаторына: «Қазақтар арасында мұсылман діні сіңді дегенше, дала өлкесіндегі орыс ісі кері кетті деңіз де қойыңыз. Бұл өз кезегінде нағыз дұшпан ықпалының күшейе түскенін дәлелдейтін болса керек. Мұның бәрін қазақ арасында жасап жүрген татарлар» – деп жазады. Ал Ақмола облысының губернаторы оқыған татар, сарттарды рұқсат қағазы болса да елден қуып шығуды ұсынып үсті-үстіне байбалам салады. Осылардың негізінде Дала бас губернаторының 1905 жылы «Дала өлкесіндегі ислам жағдайы жөнінде» хаты әзірленді. Татарларды діни бөліп тастаудың жолдары ойластырылды. Оларды Орынбор діни жиынында қалдырып, қазақтарды жергілікті әкімшілікке тапсыру тәртібі дүниеге келді. Орыстандыру саясатына оқыған қазақ зиялылары қарсы шыға бастағандықтары, мешіт салушылар мен қажыға барушылар көбейгені, әзірге қан араластыру арқылы христиандандыруға ерте екендігі үсті-үстіне талқыланып жатты. Бұл саясат ел ішінде қарсылық туғызды. 1905 жылы Ақмола уезі Ереймен, Қоржынкөл болыстарындағы «Керей» тобы, одан кейін Семейдегі Мұқыр, Шыңғыстау, Бұғылы, Шаған, Қызыладыр қазақтары қабылдап, он үш мындай адам қол қойған Хұзырхат Министрлер кеңесінің төрағасына жөнелтілді. Онда қазақ даласында орыстандыру шаралары ашықтан-ашық жүргізіліп жатқаны, малдың өрісі тарылғаны, жерді қарашекпендер опырып ала бастағаны, адам құқыаяққа басылғаны, діни бостандық жоқтығы баяндалып, мынандай талаптар қойылған:

1. Ождан бостандығы, діни наным бостандығы болсын. Қазақ, татар, араб тіліндегі діни кітаптарға цензура тоқтатылсын. Метрикалық тіркеу дін басқармасына берілсін.

2. Ауыл мектептерінде қазақ әліппесі оқытылсын. Сабақ қазақ тілінде де жүргізілсін.

3. Қазақ тілінде газет шығарылсын, ол цензурасыз болып, баспахана ашылсын.

4. Қазақтар мекен етіп отырған жерлер солардың меншігі деп танылсын.

5. Облыстық басқармаларда қазақ тілінің тілмаштары болып, іс-қағазы қазақ тілінде жүргізілсін. Сот қызмет етіп отырған халықтың тілін білсін.

Бұл талаптардың ішінара орындалғанын тарихтан білеміз. Қазақ газеттері, баспахана ашылды, бірақ цензура қатаң болды. Губернатордың рұқсатынсыз мешіт салу заңсыз деп танылды. Қазақ тілмаштары пайда болды, алайда олар қатаң сұрыптаудан өткізіліп, Ресейге, соның саясатына берілгендер іріктелді. Қазақтарды христиан дініне тарту, ислам дініне қысым жалғаса берді. Мешіттер жанындағы мектептерге бақылау күшейіп, аралас мектептер көбейтілді.

Елде мектеп ашу Ресейдің отарлық саясатынан тыс қалған жоқ-ты. Даланы сауаттандырудың астары болды. Осы мектептерде оқыған қазақ жастары түбінде ресейшіл болып жетілуі тиіс еді. Бұған сол тұста бір бөгет кесел жасағандай болатын. Қазақ мұғалімдерінің тапшылығына байланысты мектептерде татар ұстаздары сабақ берді де олар қазақ балаларын татар жағына бейімдей бастады. Осыны сезген Ресей Білім беру министрлігі 1876 жылы патша ағзамға мынандай ұсыныстар түсірді.

– Іс қағаздарын жүргізуде татар тілінің орнына қазақ тілін қолдану.

– Осыған байланысты татар аудармашыларын қазақтармен алмастыру.

Бұған патша ағзам «келісуге болады» деп қол қояды. Білім министрлігі іске көшеді. «Торғай уезінде мынандай тәжірибе бар, – делінген оның бір есебінде, – онда орыс-қазақ мектебін бітіріп келген қазақ жастарына алдымен іс-қағаздарын жүргізу

тәсілдерін үйретіп алып, содан кейін олармен орыс хат-шот жүргізушілерін алмастырады екен. Осы тәжірибеге көшетін шығармыз».

Мұның екінші мақсаты да болды. Орыс-қазақ мектептерін көбейту арқылы мұсылман мектеп – медреселерінің тынысын тарылту қажет еді. Білім беру министрлігінің мына бір баянына зер салайық. «Бұл мақсатқа жетудің жолы бар, – делінген онда – ауылдағы мұсылман мектептері Қазақ татарлары мен Орта Азиядан шыққан мұғалімдер қолында. Қазақ балаларына мұсылман дінінің артықтығын айтып, бойларына фанатизм рухын сіңіріп жатқан солар. Алдымен дала өлкесінен осыларды аластау керек. Сонан соң біз ауылдардағы мұсылман мектеп, медреселерін сәтімен орналастырылған орыс-қазақ мектептері арқылы ғана өмірден ығыстыра алар едік». Бұл күрестің ондаған жылдар бойы үздіксіз жүргізілетініне Ақмола облысы губернаторының патша ағзамға 1910-1911 жылдары жолдаған есебі дәлел. Онда орыс-қазақ мектептерін ашу қымбатқа түссе де тоқтатылмайтыны айтылады. Ал осы губернатор 1898 жылдың өзінде Дала бас губернаторына былай деп жазған: «Мектеп ісі әр ұлттың өз ықтиярына берілген. Солардың басын қосуға аралас мектептер ашу арқылы ғана қол жетер еді. Мұндай мектептердің мақсаты тек білім беру ғана емес, сонымен бірге басқа дін адамдары арасында христиан діні мен орыс мәдениетін тарату болуға тиіс». Міне, атышулы аралас мектептер осылай дүниеге келген.

Осы орайда Ресейдің қазақ даласында қазақ қыздарының мектептерін ашуы да орыс саясатының жемісі екенін айтпақпыз. Ресей миссионерлері қазақ әйелінің отбасында беделге ие екенін, айтқанын өткізе алатынын жақсы білген. Соған сәйкес қыздары орысшыл болса, ертең шаңырақ көтеріп үйлі болғанда, балаларына ресейлік тәрбие береді. Мәселе, міне осында еді. Мұндай мектептер Ақмола облысы губернаторының атап көрсеткеніндей қазақ санасын діни ықпалдан тазартатын сенімді құрал еді. Ресейшіл болған қазақты одан әрі шоқындыруға жол ашылар еді.

Патшалық Ресейдің шоқындыру саясаты туралы деректі әңгімені одан әрі жалғастырсақ, большевиктер исламға қарсы шайқаста сол кездегі режимнен кем түскен жоқ.

*Ғасырымыздың 20-жылдарынан бастап, Ақмола губерниясында мұсылман дініне қарсы қозғалыс қыза түсті. Дін-апиын деген атпен барлық жерде молдаларға, діннен туындайтын дәстүрлер мен әдет гұрыптарға қатаң тыйым салынды. Осы солақай науқанның барысында қазақ халқының ислам уағыздарына қатысы жоқ тарихи салттары да құрбандыққа шалынып жатты. Бұған архивте сақталған мына деректер толық айғақ бола алады.*

*Ақмола губерниялық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің барлық аудандық комитеттерге исламға қарсы күресті күшейту жөнінде жолдаған хатынан (14 наурыз 1927 жыл).*

«Мұсылман дінінің қазақ, татар жұртшылығына ықпалы күшті. 1926 жылы мұсылмандардың Бүкілресейлік съезіне делегаттар жіберу үшін елден 2000 сом жиналды.

Діни мектептер, губернияда онша көп емес, үшеу. Оның екеуі Петропавл, біреуі Ақмола қаласында. Мұндағы мектепте 80 адам оқиды. Таяуда осындай тағы да 7 мектеп ашуға өтініш жасалды.

Діни адамдар ересектер үшін медресе ашуға ұмтылып жүр. Ақмоладағы бір имам өзінің үйінде 20 кісіні оқытуда. Бізде жасырын ұйымдастырылған мектептер де бар болып шықты. Губернияда олардың саны - 11. 109 адамды қамтиды.

Діни адамдар өмірге бейімделе бастаған. Ислам шариғатында төрт әйел бір еркекке тең. Ал Атбасар уезінде бір әйел махалла кеңесіне мүше болыпты. Олар осындай жолмен әйелдердің ықыласын өзіне қаратпак.

Байлардың қолпаштауымен діни қауым мешітке салық салмау, оларды тіркетпеу, совет мектептерін каралау секілді әрекеттерге көшті. Ал дінге қарсы күрес жүйесіз, науқандық сипатта ғана жүргізілуде. Діни насихат біздің үгітімізден

әлдеқайда ықпалды. Губернияда дінге қарсы насихатты өрістететін, жақсы дайындалған мамандар жоқтың қасы. Болжамды есепке жүгінсек, губернияда өз ісін жете білетін 153 имам, 78 муедзин, 2 ишан бар.

Дінге қарсы үгіттейтін әдебиет нашар жаздырып алынады. Мәселен, «ФЭН эм ден» (Наука и религия) журналы губерния бойынша 5-7 дана ғана тарайды. Ал отарлық діни басқарманың «Ислам» атты журналы 43 дана мөлшерінде қолға тиеді.

Ислам дініне қарсы насихатты күшейту үшін мұсылмандар арасында мына шараларды жүзеге асыру керек.

1. Ислам мәселесі жөніндегі дінге қарсы үйірмелер мен ұялардың жетекшілері даярлансын.

2. Исламға қарсы насихаттың мазмұны мен методикасы белгіленсін.

3. Мұсылмандар арасында жүргізілетін исламға қарсы маңызды шаралар анықталсын.

4. Құдайсыздар одағының органдарындағы жұмысқа жоғарылату үшін үйірмелердің неғұрлым білікті және қабілетті мүшелері анықталсын.

5. Даярлығы жақсы жолдастар исламға қарсы күрес мәселесі бойынша баспасөзде сөйлеуге дайындалсын.

6. Жергілікті діни ұйымдар туралы деректер жиналсын.

7. Совет аппаратының түрлі жолдармен діни мектептер ашуға көмектесетін, оларды таратумен айналысатын қызметкерлеріне қарсы аяусыз күрес жүргізілсін.

8. Совет, әкімшілік және сот органдарымен бірлесе отырып, Совет үкіметінің заңдарын бұзатын, Советке қарсы үгіт жүргізетін ислам дінінің адамдарына қарсы күрес жолдары белгіленсін.

9. Тұрғындардың арасында ауызша және баспасөз арқылы діни ұйымдарды қаржыландыруға акша беруді тоқтату жөнінде түсіндірме жұмысы жүргізілсін.

10. Пионерлер арасында ата-аналарының қостауымен діни мектепке баратындар байқалады, сондықтан ата-аналармен, пионерлермен жұмыс күшейтілсін.

11. Қазақ және татар мектептеріне саяси білім мен исламға қарсы насихат мәселелері енгізілсін.

12. Мұсылман әйелдерінің арасында оларды діннен қорғау жұмысы жүргізілсін.» (Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің партия архиві).

*Ақмола губерниялық партия комитеті мұсылман секциясының 1927 жылғы маусымдағы хабарынан:*

«1926 жылға дейін исламға қарсы үгіт сылбыр жүргізілді. Қазір мұсылман секциясы 6 айлық жоспар құрып отыр. Екі кеңейтілген кеңес өткізілді. Алғашқысына 60-70 қазақтар мен татарлар қатысты. Соңғысы 100 адамды қамтыды. Ораза мен құрбан айтына қарсы науқандық жұмыстар өрістетілді. Сегіз ауылда айт кезінде діннің зияндығы жөнінде лекциялар оқылып, 3,5 мың адаммен әңгіме өткізілді. (Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің архиві).»

*Ақмола губерниялық партия комитетінің өлкелік кеңеске жолдаған қарарларынан:*

«Ақмола губерниясында 417775 қазақ, 24230 татар дінге сенеді. Кейінгі кезде мұсылман мектептерінің беделі өсіп отыр. Олардың үш-төрті ашық жұмыс істейді, жасырын ашылғандары өте көп, біздің есебіміз бойынша – 23. Соның біреуі ғана жабылды. Бұл исламға қарсы күресе алмай отырғанымыздың көрінісі.

Мұсылмандардың Бүкілодақтық съезінен кейін дінге үгіттеу күшейді. Енді мына күрес тәсілдерін күшейту керек:

– Партия, комсомол ұйымдары бар жерлерде дінге қарсы «Дагриляр» ұйымдары құрылсын. Оған құдайсыз мұғалімдер тартылсын;

– Жаратылыс тану жүйесінде әңгіме өткізгенде діннің зияндығы баса айтылсын;

– Дінге қарсы спектакльдер көрсетілсін.» (Бұл да сол архивте).

*Ақмола округтік комитетінің шіркеулер мен мешіттерді жабу қозғалысын бақылауға алу жөніндегі қаулысынан:*

«Дінге қарсы қозғалыстың күшеюіне байланысты Промышленный ауданында 17 шіркеудің 12-сі жабылды. ГПУ бастығы Петров жолдасқа бұл қозғалысты зерттеу тапсырылсын. Жабылған мешіттер мен шіркеулерге тез арада материалдар толтырылып, жергілікті орындарға оларды ыдырату жөнінде қатаң нұсқау берілсін. Тиісті шара қолданбаған әкімшілік бөліміне сөгіс жариялансын.

Председатель Бычков

Секретарь Голяковский»

(Ақмола облыстық партия комитетінің архивінен).

Жылдар өтті, қазақ елінде ислам діні еркіндік алды. Соған қуанып үлгермей тағы бір қатерге тап келдік. Қазіргі Қазақстан әлемнің толып жатқан тұрпайы діндеріне кең жол ашып отыр. Демократияның тиімді жағы мен тиімсіз қырларын саралап екшемей, еуропалық өркениетке көзсіз ұмтылған билік ислам тәлімінен тағылым алмай жаңылысуда.

Осының бәрін көріп біліп жүріп қынжыласың. Бұл қазақ өзіне керегін өзі тандап, тарихи құндылықтарын өз еркімен қорғауға қашан қол жеткізер екен. Кешегі әсіре коммунистердің орнына бүгінде әсіре демократтар келді, олар қазақтың ұлттық қанын дүмбілездікпен сұйылта берсе, түбінде жаратқан иеміздің наразылығына душар да болар.

## XI

### МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ. ӨНЕРКӘСІП

Ақмола облысының ежелгі тұрғындары арғын, қыпшақ, керей елі отарлау қыспағының барлық кезеңдерінде салтын да, дінін де, ұлттық намысын да сақтай жүріп, заманның ыңғайымен жаңа шаруашылық қоныстарына бейімделе білді. Олар дәстүрлі кәсібін өркендетумен қатар жер қыртысын орыс крестьяндарынан кем игерген жоқ.

1899 жылы Ақмола өңірінің қазақтары 850 мың 699 пұт бидай, 237 мың 491 пұт арпа, 44 мың 382 пұт тары және 257 мың 322 пұт сұлы жинаған. Ал облыс бойынша барлық дәнді дақылдардан 13 миллион 068884 пұт өнім алыныпты.

Осы деректерді мұқият тіркеген Ақмола облыстық статистикалық комитеті қазақтар енді өздерін қажетті астықпен қамтамасыз ете бастады дейді. «Олар, – деп жазады комитет қызметкерлері, – егін шаруашылығымен крестьяндар секілді ала жаздай тұрақты айналыспайды, көктемде қара топырақты аймақтарға тұқым сеуіп, күзге қарай жайлаудан қайтқанда жинап алады. Ауа райының ерекшеліктеріне сәйкес егістік жерлерді өзгертіп отырады. Қуаң жылдары бұлақтардың маңына себеді. Бұл өнімді біркелкі жинауға мүмкіндік береді. Олар өздерінің астығын «Ақ бидай» деп атайды. Оның дәні ірі болады».

Тағы бір деректе қазақтың егін алқабын кеңейтіп келе жатқаны айтылған. 1875-1882 жылдар аралығында егістікті 17 мыңнан 44 мың десятинаға ұлғайтыпты.

\* \* \*

*Мал шаруашылығы* қазақ елі үшін дәстүрлі болғандықтан кейбір жұт жылдары болмаса, әр кез дамып отырды. Ақмола облысының 1909 жылғы Адрес-календарында ғасырлар бойы негізінен қой мен жылқы өсіруге көбірек көңіл бөлінді делінсе, оның Сарыарқаға тән табиғи себебі болған еді. Дала елі қысқа шөп жинаған жоқ, қолдағы мал қар кетіп көк шыққанша тебінде жүрді. Сиыр сүт пен май үшін өлшеп ұсталды.

Қазақтың төрт түлігі жайлы өткен жылдар баяндарының бәрінде қыр қойының артықшылығы міндетті түрде айтылады. Ол Ресей қойынан ірі, құйрықты және көнтері. Төлі ауа райына төзімді келетіндіктен шығынға көп ұшырамайды. Жүні киіз жасауға өте қолайлы.

Жылкының көптігі соншалық, 1 мың құлынды биесі бар қазақ жиі кездеседі. Мініске мығым, 100 шақырымды еркін желіп өтеді. Әсіресе Көкшетау уезі аттарының ұзақ шабысқа келгенде өңірде теңі жоқ.

Статистикалық комитет қазақтың қолындағы малды әр 7-10 жыл сайын есептеп отырған. Оның ресми дерегі төмендегідей:

Жылдар	Жыақы	Сиыр	Қой-ешкі	Түйе	Барлығы
1880	408570	159699	959395	82224	1.609888
1887	550585	204019	1.302165	91197	2.147766
1897	792072	420957	1.872588	102514	3.188131
1907	522230	366034	993296	76270	1.957810

Соңғы жылы мал басының азаюына жұт себеп болған. Ақмола облысында сол тұста 819 мың 775 мал қыстан шықпаған.

Енді статистикалық деректерге сүйеніп, осы кезеңде казак-тар мен крестьяндарға біткен малдың есебін берейік.

Жылдар	Жыақы	Сиыр	Шошқа	Қой-ешкі	Түйе	Барлығы
1887	55398	58867	3638	80157	27	198107
1897	72768	151927	15469	131112	20	359259
1907	102579	314503	42707	308311	553	749753

\* \* \*

**Аңшылық.** Ақмола облысының табиғаты аңшылар үшін жаратылғандай. Тек қана Ақмола уезінде 4 мыңнан астам көл бар, олардың бәрі аң-құсқа, балыққа бай.

Аңшылықпен көбіне қазақтар айналысқан, құс атқан, аңға қақпан құрған, бүркіт салған, ит қосқан. Осы өңірдегі атақты аңшыларда болған әйгілі «Ақ қасқа» тазысы туралы аңыз көп. Ит сырттаны атанған Ақ қасқа қуса – жетеді, алысса – жеңеді, жалғыз өзі үйірлі қасқырға қаймықпай шабады. Бір қыста осындай тазымен ондаған қасқыр алған аңшылар бар.

Ал аузымен құс тістеген құмайлар ше?! Қара жерде аң жүйрігі қоянды арқан бойы ұзатпай ұстайтын оларды иесі айғыр үйір жылқыға бермеген.

Арқа бүркіті де тегеурінді. Ерейментау, Моншақты және Домбыралы қырандары көкте құсты түйіп түсірген, жерде бөріні бүріп илеген.

Статистика қызметкерлері әр жылда қанша аң ауланғанын және жәрмеңкелерге сатуға әкелінгенін де есептепті.

1907 жылы Ақмоладағы Константинов жәрмеңкесінде 3450 қасқыр, 2300 түлкі, 1234 қарсақ, 65 мың суыр, 15 мың қоян, 2140 күзен, 3000 борсық терісі сатылған. Келесі жылы қарсақтың 15 мың, суырдың 111 мың, қоянның 35 мың, күзеннің 7000, борсықтың 11 мың терісі өткізіліпті. Барлық аң терісі 59 мың 325 рубльге бағаланды.

**Балық.** Қараөткел аймағының өзен-көлі балыққа әлімсақтан бай. Табан, сазан, шортан, қара балық, алабұға, ақ шабақ, май шабақ, жайын, көкжон ... бөріні тізіп шығу қиын.

Өзен-көл жағалап жүруге қазақтар әуес емес, оны еріккеннің ермегі санаған. Әредікте ау салып, шимен сүзіп, балықты жеңсік ас түрінде ғана ұстаған. Оны кәсіп еткендер Қорғалжын қазақтары.

1888 жылы облыс бойынша 75 мың пұт балық ауланса, бөрі дерлік қазақтар мен крестьяндардың үлесіне тиеді. Осынша көлемдегі балықтың 50 мың рубльге бағалануы бұл кәсіптің пайдасыз емес екеніне айғақ.

Кейінде арнаулы балықшылар ұжымдары құрыла бастайды. Олар тұрақты жұмыс істейтін 415 адамды біріктірген. Құрал-жабдықтан 300 қайық пен 5000 ауы болыпты.

Бұлар не тындырды десек, бір ғана жылдың ішінде 12118 пұт ақ балық ұстап, 142 пұт уылдырық 32 пұт балық майын сатыпты. Тапқан пайдасы – 8625 рубль.

**Фабрика-завод.** Өндірістің бұл саласы негізінен мал өнімдерін өңдеуге бағытталған. Оған Ақмола өңірі қазақтары себеп болды. Қыр елі жыл сайын жәрмеңкелерге отарлап қой,

үйірлеп жылқы әкелетін. Қолы ұзын саудагерлер елге шығып, жүздеп-мындап айдап қайтатын. Сол қыруар малдың үлкен бөлігі қалада сойылды.

Жәрменкеге әкелінетін тері мен жүн де аз емес-ті. Соның бәрін есебін тауып өндесең, киім-кешек, май мен сабынға айналдырсаң, ет жыл он екі айда бұзылмайтын шұжық болып дүкендерге түссе, үзілмейтін дәулет дегеніңіз осы.

Ақмола мен оған іргелес уездердегі мал өнімдерін өндейтін зауыт-фабрикалар шығынсыз жұмыс жасады. 1887 жылы олардың жылдық кірісі 1 миллион 145457 рубль болса, 1907 жылы 3 миллион 659579 рубльге жетті.

Сібір темір жолы Ақмола облысының Солтүстік уездерін кесіп өткен соң өнеркәсіп одан әрі дамыды. Мұны мына 1897 жылғы кестеден анық көруге болады:

Фабрика-завод	Саны	Өнім көлемі	Жұмысшы
Кірпіш	66	105365	446
Ұстахана	307	120495	562
Қыш ыдысы	7	1701	32
Сыра, бал айыру	4	62543	33
Арақ	4	76554	11
Ашытқы	2	4000	9
Темекі	1	28870	53
Май айыру	64	3854	105
Шошқа майын өңдеу	51	408997	246
Қой етін өңдеу	47	107869	161
Тері өңдеу	37	184280	303
Сабын жасау	6	5250	26
Жүн жуу	2	735000	420
Мал шегін жуу	4	34600	135
Ағаш кесу	2	6420	50

**Тау-кен өндірісі.** Патшалық Ресей ХҮІІІ ғасырда Сарыарқаға қайта-қайта аттандырған жартылай әскери экспедициялар елдің этникалық бітім-болмысын зерттей жүріп,

кен орындарын іздеумен болды. Ремезев, Рычков, Шангин, Набоков басқарған осындай «керуендердің» сапарнамалары мыс, алтын, күмісі бар жерлердің атауларына толы. Бір ғана «чудские копи» делінетін, байырғы халық сонау есте жоқ ескі заманнан бері кен қорытқан ежелгі өркениет орындарының өзі жиырмадан асады. Олар Жақсыкөң, Жаман көң өзендері мен Қорғалжын көлінің, Ақкөл, Моншакты, Жолымбет, Бестөбе, Шаңтөбе жота-беделдерінің, Нұра мен Есілдің маңынан мольнанан табылған. Сілеті – Ереймен төңірегі де бұл орайда құралақан емес.

Міне, осы көне кен орындары ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қайта игеріле бастады. Экспедициялардың мәліметтері тағы да сарапқа салынып, мұқият зерттелді. Кенді жерлердің тізімі жасалды. Сарыарканың тек шығыс қапталында ғана 560 жерден сирек бағалы металдар мен көмір өндіруге болатыны анықталды. Оның 460-сы Ақмола мен Семей өңірінде жатыр.

Қойнауында қазына –байлық тұнған құтты мекендер іздеген сайын табыла түсті. Бір ғана Қарқаралының өзінде 300 жерге қазық қағылды. Оның 70-інде мыс, 170-інде күміс пен қорғасын, алтын бар еді.

Ақмола уезінде 50 жерде кездесетін мыс пен 25 жерден табылған алтын-күмістің қоры көрші аймақтарға қарағанда мол болды.

Тарихи деректерде осы ен байлықты өндірістік мақсатпен игеру 1825 жылдан басталады деп көрсетілген. Алдымен қазылғаны алтын мен күміс. Оларды ұқсатпақ болып нартәуекелмен іске кіріскен алғашқы кәсіпкерлер Попов пен Рязанов еді. Кейін оларға Деров, Касаткин, Титов тәрізді тау-кен өндірісімен бұрыннан айналысып жүрген алпауыттар қосылды.

Осы кезден бастап Ресейде ғажайып кен орындары туралы әңгіме гүледі. Оларға күрек салған іскерлердің алғашқы жылдың өзінде пайдаға белшесінен батқаны талайларды

елеңдетті. Попов, Рязанов, Деровтарға империяға белгілі тау-кен басқармасы ақша салуға келісті. Империяның талай өңірін шарлап, ұрымтал жерлерде тау-кен өндірісін ойдағыдай өрістетіп жатқан завод-фабрика қожайындары қазақ даласына шұғыл түрде мамандарын аттандырды.

Алайда бұл екпін көп ұзамай басылды. Кен орындарының Ресейден шалғайда жатуы, инженер кадрлардың аздығы және игерілуге тиісті орындардағы сирек металдар қорының негізгі бөлігі тереңде жатуы жұмсалған қаржыны ақтаған жоқ. Мол кірістен дәмеленгендердің бәрі дерлік басталған істі тоқтатуға мәжбүр болды. Тіпті Орталық және Шығыс Қазақстанда көмір өндіруді біршама дұрыс жолға қойған Воскресенек тау-кен өндірістік қоғамы да 1902 жылы тоқырап барып тарады.

Статистикалық деректер бойынша 1882-1892 жылдар аралығында Ақмола облысында 310 жерде алтын өндірілмек болған. Оларда кей жылы 1 пұт, әрі кеткенде 7 пұт алтын алынған. Содан кейінгі кезеңдерде бұл көрсеткіш азая берген. Осы шағын өнімнің өзі «старатель» делінетін жалдамалы кен іздеушілердің әр жерді бір қазып жүріп тапқандары.

Жұмыс өндірістік-техникалық тәртіппен жүргізіле бастаған 1900 жыл да жарылқай алмады. 18 кен нүктесінде 1449 пұт алтын құмы жиналып, одан 20 фунт қана таза алтын айырылыпты. Оның құнынан осы іске жегілген 470 жұмысшыға 90 мың рубльді асыра төлеген кәсіпкерлер есін барда елінді тап деп тоқтапты.

Ақмола уезінде алтынды басқаларға беріп, мыс пен көмір іздегендердің еңбегі аз да болса ақталғандай. 1900 жылғы ресми мәлімет бойынша 7290 пұт таза мыс, 931 мың 491 пұт тас көмір өндіріліпті.

Өңірде тау-кен кәсіпорындарын құрып дамытуға ауайы да кедергі болды, жұмыс көктем мен күз аралығында жүргізіліп, алты ай қыста үзіліп қалатын. Алай-түлей борандар мен сақылдаған сары аязда жер қазу мүмкін емес-ті.

Кәсіпкерлердің қолын байлаған тағы бір қиындық өндірген өнімді өткізу туралы енгізілген тәртіп еді. Олар азын-аулақ

алтынды қалаған жеріне әкете алған жоқ, өндірген округінде ғана сатты. Соны пайдаланған жеке дәулеттілер мен қазыналық мекемелері өздері белгілеген бағадан артыққа бармай сіресіп тұрып алатын. Олар алтынның әр грамына 3 сом 80 тиыннан ғана берді.

Осындай жеңіл жолмен қолға тиген қымбат металды Петербург, Екатеринбург қалаларындағы зергерлікпен айналысатын жеке кәсіп иелеріне екі-үш есе бағаға өткізген. Күмісті Петербурдағы монетный дворға апарып саудалаған. Соған карағанда әлгі тәртіпті Ақмола дәулеткерлері жергілікті билікпен ауыз жаласып енгізген болуы керек.

Өңірде кен игеру осылай тоқырағанымен алтын –күміс іздеп жалғыз-жарым сенделгендер большевиктер төңкерісіне дейін болған. Жолымбет маңындағы елдің айтуынша солардың бірі баланың қос жұдырығындай саф алтын тауып, Ақмола қаласын басқарып тұрған бай көпес Кубринге сатыпты. Кубрин оны қызылдар қалаға кіргенде үйінің төбесіне ілінген шырақ шамның қуысына тыққан. Кейін осында жөндеу жұмыстары жүргізілгенде құрылысшылар көріп, Совдепке тапсырса керек.

Саф алтынның бұдан кейінгі тағдыры белгісіз.

Ақмола-Қараөткелде тау-кен кәсібімен қатар жүрген шаруаның бірі – тұз өндіру. Өңірдегі төрт мың көлдің біразы ащы, қазақтар солардың он бірінде осы кәсіпті біршама тәуір ұйымдастырған. Бұған облыс бойынша жылына 310 мың пұт тұз өндірілгені дәлел.

Қазақтар алайда бұл кәсібінен айтарлықтай пайда таппаған. Манайдағы казак станицалары оларды қалалардағы сауда орындары мен жәрменкелерге жеткізбей алдын орап, қолындағысын тік көтеріп сатып алатын. Әр пұт 5-10 тиын ғана беретін. Ал оның қала дүкендеріндегі құны бұдан 10-15 есе артық еді. Дегенмен бұл кәсіп тиімсіз болмаған шығар, қазақтар тұз өндіруді ұзақ уақыт жалғастырды.

\* \* \*

Ақмола облысының экономикалық әл-ауқатына жасалған шолулардың бәрінде өңірдің кен байлығы түбінде кең ауқымда игерілуге тиіс екендігі ұдайы айтылады. Империяның осы қапталын өнеркәсіп арқылы дамыту оған тағы да мыңдаған Ресей азаматтарын орналастыруға мүмкіндік беретіндігіне айрықша назар аударылады. Кен қазылып қана қоймай осында ұқсатылса, тұрмысқа қажетті бұйымдар шығаратын кәсіпорындар көбейсе, Шығыстан ағылып жатқан Бұхар, Қокан, Тәшкент саудагерлеріне кетіп жатқан елдің мол қаржысы Ресейдің қалтасында қалар еді деген ой өріледі.

Қалай десе де, Ақмолада тау-кен өндірісі патша заманында өрістей алған жоқ. Бұл Сарыарқаны қара тобырдың тасқынынан кейін орыс қалаларының тақыр пролетариатының ағылуынан сақтап қалды.

## ХІІ ЖАРАЛЫ ЖЫЛДАР

### Қанды қырғын

Ақмола жерінде патшалық Ресей мен большевиктердің зорлық-зомбылығына және коммунистік режимнің қысымына қарсы көтерілістер де, ереуілдер де әр кезде болып тұрған. Солардың бірі Ереймендегі қарулы қақтығыс. Қазақтан тылдағы қара жұмысқа адам алу туралы 1916 жылғы июнь жарлығы қанжығалы елін атқа қондырды. Текетірес қантөгіске апарып соқтырады. Осы оқиға жайлы жазған мақаласын журналист Ғ.Мұқатов 1958 жылғы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Ғабит Мүсіреповке жібереді. Сәлем хатында: «Ғабит жолдас! Қазақстан Жазушылар одағының адресіне – Сізге мына «Қанды қырғын» атты

естелік очеркімді жіберіп отырмын. Ғылым академиясының Тіл және Әдебит институтына жіберіп едім, 1916 жыл туралы VI том шығарады деп естіп, олар «бізде әзірлік жетімсіз» деп қайтарып жіберіпті. Осыны Жазушылар одағының президиумында талқылап, мүмкіндігі болса, газет, журналдардың біріне жариялауыңызды сұраймын» – делінген.

Бұл өтініш орындалды ма, жоқ па, белгісіз. Орталық архивтен алынған сол деректі очеркті ұзақ уақыт сақтап келіп, Ақмола-Астана тарихы жайлы осы еңбекке енгізіп отырмын. Мақаланы қаз-қалпында беруді жөн көрдім.

\* \* \*

Мен онда он жаста едім.

Ереймендегі қыстаулардан үдере көшкен ел сырттағы кең жайлауларға жаңа қонған кез. Бір күні қонаға Қарқаралы дуанындағы апа-жездем үй-ішімен келе қалды. Жарты айда әрең жетіпті. Біз оларды көрмегелі міне, үшінші жыл. Аңсаған балаларын әке-шешем, бүкіл ауыл елжірей құшаққа алысты.

Әкем зерек, сауатты, ғылымға ынтық, баспасөзшіл кісі еді. Аукаты болмағанымен еңбегінің жемісі тұрмысымызды тарылтпайтын. Ақылын азық, сөзін сусын ететін. Кешкі астан кейін Қали жездем ән салды. Камен апайдың да төңірегі думан еді. Жездем ел жайын сұрастырды.

– Айтпақшы бажа қайда?

– Жанмолданы айтамысың?

– Е, Өзі менімен қатты әзілдесеуші еді. Балдыздың дені сау шығар? Баласы нешеу?

Әкемнің өңі бұзыла бастады. Маңдайының әжімі жиырылып, қабағы нәсерлейтін бұлттай түйіліпті. Көз жанарында отты ұшқын тұр.

– Бажан бұл дүниеде жоқ! – деді қою мұртын шұғыл сипап, – халықтың қанын ғасыр бойы сорған Роман тұқымы, әсіресе, Николай патшаның 1916 жылғы июндегі жарлығы қазақтың кең сахарасын өртегендей дүрліктірді емес пе!

– Ия, ия. Біздің Қоянды жәрмеңкесінде Семейдің губернаторы, Крестьянский начальник, үйездер жұртқа насихатын тыңдата алмады. Жәрмеңкешілер Нарымбет болысты ат бауырында сүйретіп, өлтіруге айналғанда ұлықтар қашып кеткені. Сіздерде ше?

Әкем ойға шома шылым шегіп, ерекше рухты бір хикая шертті. Ереймен көтерілісінің жалыны бұрқ етіп, қайтып сөнгені туралы хикая еді. Жақсы кеңес – жарты рыс. Қонақтар мен үй толы адам құмарта тыңдап отыр.

– Баяғыда – деп бастады әкем әңгімесін, – Ақмола дуанының аға сұлтаны Тұрлыбек патшаны құттықтапты. Патша оған «қазақтан солдат алмаймын, менің балаларым да алмайтын болады» деп, осы уәдесін иттің терісіне жаздырып, мөр басып беріпті-мыс.

Ақмолаға Омбыдан губернатор келіп, қырық сегіз болыс елдің би, болыс, ақсақалдарына патшаның июнь жарлығын есіткенде көпшілік:

– Патшамыз сертінен неге тайды?

– Ер азаматымызға елін қорғатпай, жер қаздыруы қалай?

– Патша тағында отырып антын бұзса, бұқара оның басын алудан да тайынбайтын, – деп шу етті.

Бұл қаһарлы үн мал базарына жиналған қалың бұқараның үні еді. Үйез бен болыстар жұртты үндетпеуге жанталасты. Губернатор уытын бұрқырата әмір айтты. «Құдайға, патшаға бағынып, табынбағаның оңбайсың! Тезінен 19 бен 31 жастағыларыңның тізімін бер. Кімде-кім қазақтарды құтыртып, патша ағзамның жарлығын орындамаса, ол адамдарды табанында тұтқындаймыз, жер аударып жібереміз» деп тепсінді.

Қанжығалы үш болыс еді. Патшаның қара жұмысқа жігіт бер деген жарлығын орындаудан жұрт түгел бас тартты. Ереймен, Қоржынкөл, Сілеті өңірлерін мекендейтін қалың Әлдеуін, Шағалақ, Есіркеп, Нияз, Пышқантай, Қоскелді,

Қылшар, Киікбай, Малай руларының батагөй қарттары, ақылды азамат, ақын-жырау, жүректі жастары көтеріле аттанып, ту көтерді.

Көтерілісшілер бірнеше мыңға жетіп, тау сыртында өрттей дүрілдеді. Халықтан бөліне қашқан тек Қоржынкөлде Олжабай болысты жақтаушы Саққұлақ балалары, Ерейменде Әлкей болысты жақтаушы Бәймен балалары. Сарбаздар олардың барлық малын көтеріліс шебіне айдап әкеліп, қырып алды. Жандарын ешкайда бұлтартпады.

Тұңғыш кеңес өткіздік. Жеті рудың биі Зылқара ақсақал былай деп сөз бастады:

– Уа, халайық, ағайын, туыс!

Ел ренжісе, жер көтермейтін ауыры бар. Ел қозғалса, қарлы боран дауылы бар. Тымық даланы бүгін дауыл кернесе – бұл тегін емес. Халқымыз «Құдайға жазсаң да, көпке жазба» дейтін еді. Ит құтырса иесін қаппай тұрған ба? Николай патша уәдесін ұмытып, елдің азамат біткенін соғыс шебіне қоймақ. Бұған қайтіп төзерсің!

Бұрынғының ерлері буырқанып, бусанып, мұздай темір құрсанып, тұлпардан таңдап ат мініп, қатын-баланы жат біліп, жауды көрсе жайнапты, алмасын тасқа қайрапты, маңдайы жаудан таймапты, қарсыласқан дұшпанға, қасқия тізе бүккізіп, қанды көбік жұтқызып, халықтың қамын ойлапты, байтақ елін қорғапты.

Көп қорқытады, терең батырады. Арамзаның құйрығы бір-ақ тұтам. Бас-басымыз би болсақ мынау тауға симаймыз. Бас алқамыз бар болып, тәртібіміз қатайса, жанған отқа күймейміз. Ел билігін бір адамға ұстатайық. Мың қолдан бір жансыз қауыпті. Жайда жалтырап, жауды көргенде қалтырама! Ұйқы мен өлім тең. Сол көзінді оң көзіңе қарауыл қой. Найза түйреп, қылыш шаба білмейтін жігіт болмасын!

Зілекең сөзін жұрт іле қостады. Ел жүрегінің сырын білдірмеген адам аз. Жалынды жас Төлен ақын:

*Қайдасың бала Сыздық балуаным?  
Қорлатпа батыр бабаң аруағын.  
Жантайдай найза түйреп, садағың тарт,  
Баста да үйрет өзің қолды қалың.  
Қылшар мен Киікбайың зергерге бай,  
Дайындат азаматтың қаруын сай.  
Қанды қол, атқан оғы мүлт кетпейтін,  
Көбейткін мергенді тез Жанайдардай! –*

деп көпті бір ду еткізсе, саркідір ақын Жадай баласы Молдажан көңіл күйін одан да шабыттана суырып тастады.

*Адамның арыстаны Досай батыр.  
Жау десе ұрпағы оның босай ма бір,  
Ашулы жолбарыстай ұмтылғалы  
Жанымда жалаң семсер Жанмолда тұр.  
Ер сынар егер заман туса тағы,  
Оқтаулы перен мылтық қолымдағы,  
Құралайды көзге атқам жас күнімде  
Құртамын жау шоғырын өзімдағы.  
Шапсам мен Бөгембайлап буырқанып,  
Кім кетпес жау қамалын бұзып жарып,  
Қырандай бүргелі тұр өңшең сарбаз,  
Тек, тұзу бастай білгін, туыңды алып!*

Көтерілісшілер көп алдына көлденең тұрған көсем пікірлерді бірауыздан қуаттады. Сатпай қажыны хан сайлады. Сыздық бас қолбасшы болды. Жанмолда жүзбасы атанды. Молдажан мен Жанайдар мергендер тобын басқарды. Атақты зергерлер Қадір, Рахым, Аутәліп, Баһрамдар сом болаттан найза, шалғыдан қылыш, сіріден садақ жасап, асыл темірден айбалта, қанжар соғып бере бастады.

Ат жетер жердегі көтерілісшілердің бәрімен байланыс жасалды. Елші Мағаз бен Қайыр іргелес Керей, Уак, Сүйіндік елдерінен тіл әкелді. Ақсирақ елінің ханы Нүрпейіс дейтін:

«Біз Атығай, Керей азаматтары патшаға қарсы біріміз қалғанша соғысамыз, солдат бермейміз. Елден кетіп окоп қазғанша, туған жерде шаһит болған артық. Сіздер де осылай етіңіздер» депті хатында.

Жігерімізді тасытқан әсіресе, Торғай көтерілісшілерінің қолбасшысы Аманкелдінің сәлемі: «Дүниеде ең күшті – халық. Ал, халықтың нағыз қамқоры кемеңгер Ленин. Ресей топырағында кешікпей біздер үшін де таң атып, күн шығады. Күн нұрынан патша тұншығады, құриды. Сарбаздарыңа сәлем де! Ұл туғаны шын болса, қажымасын. Патшаның жендеттерін қыра берсін!» депті.

Азаматтарымыздың өнбойын қайрат кернеді. Халық жүрегі патшаға бас иемеуге бекінді. «Тәуекел! Қыстан аман шықсақ, жаз Жиделібайсынға ауармыз. Қытайға қосылып кетерміз. Оған дейін мал – жанымыздың садақасы, жан – арымыздың садақасы болсын» дестік. Жігіт беруді ұнатқан пенде жоқ.

Жауды бөгеудің қамына қызу кірістік. Ереймен тауларына енгізер биік асу, тар кезең, кең жолдардың бәріне тоғай ағаштарын кесіп үйдік. Ол арадан арбалы, шаналы түгіл жер танымайтын салт атты да өте алмайтын болды. Айналма жолдарға қарауыл тұрды. Барлаушылар іріктеліп жіберілді. Атымыз семіз, азық мол, қару мығым. Қар жастанып, мұз төсенсек те ренжімедік.

– Болыстарыңыз қорыққан-ау тегі!

– Қайдан қорқу! Октябрьде Олжабай мен Әлкейдің зұлымдық әрекетімен Звенигородкадан отыз көк арбалы солдат самсаған қару кезініп, сау етті. Таудың басына бұрын шығып алдық. Жазалаушы отрядтармен бірінші соғысамыз міне, осы Кеңасу кезеңінде басталды.

Ажалмен аяқасу онай ма? Бұған дейін ешкіммен соғыспаған, техниканы көрмеген қазақтар зеңбіректің гүрсілін, пулеметтің тарсылын тұңғыш есітігенде дір етпегені жоқ. Алайда, бойы үйренген соң «Әттең оғы! Әйтпегенде» деп кіжінді. Бұрынғылардың соғысындағыша қол қаруымен араласып кет-

сек, сүт пісірімде жайратар едік, бәлемді» десіп қозғалмастан қасқайып қарсы тұрды. Мергендер тасты тасалай бұғып атып, осы арада бес солдатты бәйтеректей құлатты. Жаудың етектен қардай боратқан оғы биікке бармай, тасқа тиіп жатыр. Бізден екі-ақ кісі жараланды.

Түсте жазалаушы отрядты қоршауға алып жойып жібермек болдық. Сарбаздар екі қанатқа жасырын өтіп, ту сыртынан орағытып келіп, жан-жағынан өрт қойды. Өрт тоғайды шалғанда төңіректі түтін басты. Бұдан қатты сескеніп абыржыған солдаттар жалт беріп қаша жөнелді. Дуылдаған жұрт: «Оғы таусылды», «жөк, түнде барып болыстардың үйін көтеріп әкетпек шығар», «өлгендерін жерлейтін болар» деп даурығып тұрғанда жау поселкеге еніп кетті.

– Қап! Торға ілінбей құтылып кетуін қарашы. Жау жалт бергенде өкшелей қуып неге бас салмады екен?!

– Несін айтасың қарағым, тасқа біткен соқыр ерлікпен қоян жүректік кімді ондырған? Звенигородканы Тайбай дейтінбіз. Поселка жұрты ыңғай орыс кулактары. Бір топ сарбаз ымыр-та баспалап барғанмен: «Солдаттар Ақмолаға бірақ тартты, бізден бойы түршіккен екен» деп қайтып келді.

Патшаның жазалаушы отрядымен екінші соғысымыз Жуанадырдың бөктерінде болды. Жау осы тұстағы Благодат поселкасында топтанып, бұрынғысынан көп күшпен тап берді. Біз тауға тағы да бұрын шықтық. Патша жендеттері пулеметтерін қаз қатар қойып атудан тыным таппады. Көтерілісшілер оқ нөсерлерінен тайынбай, сәл толастаса-ақ лап қоюға дайын тұрды. Мергендеріміз тасада тұрып нысанаға алғанда перденке оғының өзімен-ақ оннан аса солдатты жайратты.

Жазалаушы отряд көк арбаларын алқа қотан иіріп енді соған жасырына ататын болды. Көтерілісшілер оны қулықпен қолға түсіруге ұйғарды. Бірақ не пайда, осы арада тағы бір оқыстық істеп, елшілікке бұрын болыс болып жүретін Төкім мырзаны жібергеніміз! Қасқырдан туған бөлтірік, асыра бабын келтіріп,

тегіне тартпай тұра ма, опасыздық жасап, қайтып оралмады. Сол сұм талайымызды өлтірді.

Благодатты біз Олжабай поселкасы дейтінбіз. Жау жасағы күндіз түк өндіре алмай кешке таман соған қайтып кетті. Ерейменнің найза қиялы, қалың тоғайлы көп тауларының ішіне ене алмай дағдарған патша ұлықтары бұдан әрі шеттен орап өтуге ұйғарыпты. Олар енді оңтүстіктегі Жакей дейтін шағын селоға жасырын жиналған. Көтерілісшілер оны айсыз түнде қоршауға алып, осы арада үлкен атыс болып қалды.

– Міне, ерлік! Ұлықтардан қолға түскені бар ма?

– Ойымыз ең әуелі болысты ұстап алып бауыздау еді. Ол зылым дуанға кетіпті. Жау солдатты аз. Кейбіреуі бізді білісімен тайып берген. Көтерілісшілер оларды паналатқан үйлерді аяусыз өртеді. Малдарын айдап әкеттік. Жаудан біраз винтовка қолымызға түсті. Қарсыласқанның көбі кулактар екен. Олардың бір тобы айбалта, қылыштан жараланып, найзаға түйреліп, сойыл астында өлді. Бізден бес жігіт қаза тапты.

Патшаның жазалаушы отрядымен Қоржынкөл сыртында төртінші рет соғыстық. Солдаттар Тайбай жағынан қаптады. Бұрынғыдай арбалы, шаналы ғана емес. Ресейден бір өңкей атты казактар келіпті. Екі жақ табан тіресіп атыстық. Біздің екі жігіт оққа ұшты. Олардың жеті солдатты жараланды. Көтерілісшілер жаумен осылай шайқасып жатқанда Олжабай болыс солдаттардың қорғауымен семьясын, мүлкін шанаға тиіп алып, таң ата Тайбайға әкетті.

Көтерілісшілер: «Жау отряды шегінгенде оның жүрегі шайылды» деп қалды. Бірақ, жендеттердің шегінуі түлкі бұлаң екен. Ертеңіне қалың атты әскер Ерейменге қайта оралып, қапыда тау ішіне еніп кетті. Қойға шапқан аш бөрідей ыланап, Қоржынкөл болысынан Берлібай, Қаймазар, Арғынбай ауылдарына өрт салды, ондаған қатын-баланы, қарттарды атып тастады. Көтерілісшілер қанша қырысса да атты жау қырдан қағып, ойдан тосып, қуалай соғысу әдісімен қажыта бастады.

Жазалаушы отряд ертеңінде екіге бөлінді. Шаналы солдаттар жолшыбай Қасымбеттің Махамбетінің, Өтеубайдың Хамзесінің ағаш үйлерін өртеп, Ереймен болысының шекарасы – Жалғызтөбе қыстауына кеп тоқтады. Көтерілісшілер бұл күні біздің Жалдың басына шығып бекінді. Мергендеріміз етектегі үйдей тастардың түбінде жасырынып, Жалғызтөбедегі тау шоғырынан он бір солдатты сеспей қатырды.

Шыңдағы сарбаздар бас салуға айналғанда Қаратау, Қабылан жағынан қалың атты әскерлер орғыта келіп қоршай қалды. Жал – Ереймендегі ең бір биік және тік тау еді. Оның шыңдарына атпен қиялап онай шыққанмен түсерде тез кете алмайтын. Көтерілісшілер борандай екілене ұйытқаған оқ астында бар дәрменімен бытырай жөнелді. Қарсы ұмтылған біреу жоқ.

Патша жендеттері көтерілісшілердің нысанаға іліккенін бытырлата атып, қояндай қыра берді. Өлген жан, аққан қан көз тұндырады. Жендеттер Жалғыз төбедегілеріне ымыртта бірақ қайтты. Осы кезде аман қалғандарымыз қойматастың үнгірінен, күз жартастың, терең шаттың қуысынан сақтана ұшып тұрып, түн жамыла тайып бердік.

Жал тауының төңірегіндегі қалың алты ауыл осы аязды түнде бүкіл мал, жандарымен жөңкіле қашты. Шана жоқ. Қазақ арбаны сиырға жегіп, жазғы көштей шикылдата, босып барамыз. Біздің Сәлекеңдікі сияқты ауқатты үйлер соғым етінің, піскен асының өзін бір арбаға әзер сиғызған. Жөнекей шашылған ұзын сыңар қазы-карта, шектерді жаяу шұбырғандар таяқтай таяна ұстап келеді.

Алдынан ащы аяз, артынан сұмырай жау қысқанда кімде ес қалды дейсің. Жаугершілікке ұшырасымен-ақ жақсы бұйым, киім біткенді Жалпақ шіліктің қойнауына, зиратқа тыққан болдық. Босқан ел қашықтағы Жуантөбе, Дархан, Айғыржалға, тіпті Өлеңті бойына дейін жетіп жатыр. Үсінген, өлгеніне бөгелер емес. Кім екенін байыптай алмадым. Көп ішінде кесек денелі, ақсұр өнді бір кексе әйел, оң қолымен жас баласын ба-

уырына қыса, сол қолымен бүйірін таяна, дауыс қылып боздап барады. Оның сондағы:

Қайдасың ойбай қу құдай,  
 Не болар күнім ойпырмай.  
 Жан жолдасымнан айрылдым,  
 Қанатымнан қайрылдым.  
 Зарлат деп не ем осылай!  
 Әлди-әлди сәбиім,  
 Шырылдама, жоқ үйің.  
 Жан қырылды, мал ықты,  
 Кәрі, жас түгел қамықты,  
 Мұңымызды тыңдар кім?  
 Көгермегір ақпаша,  
 Көкіме бүйтіп асқанға.  
 Талқандалып таж-тағың,  
 Таланып қазынаң, бастарың.  
 Кездескін тек тосқыңға!  
 Қашсаң да қоймай тепкілеп,  
 Қандаладай езіліп,  
 Шырқыратып жаныңды,  
 Шашса жауыз қаныңды.  
 Қайтар еді мына кек.  
 Қақсатқан елді заң құрысын.  
 Түзеліп заман жаңғырсын.  
 Сенің де ертең біздей боп,  
 Ұрпағың түнде еңіреп  
 Қатының, балаң қаңғырсын! –

деген зілді қарғыс, шерлі үні құлағыма әлі естіліп тұрғандай.

– Залымдарды мұздай көз жасы бос жібере ме!

– Жаңағы әйел кім екенін кейін білген боларсыз?

– Жок, анықтауға мұршам келмеді. Басына қара түн туған шақта кеудесін кернеген қайғы-шерді кімдер ботасыз інгендей боздап айтпады дейсіз? Біреу оны осы соғыста оққа

ұшқан Айтбайдың Өсібінің келіншегі – Қошақай қызы Жамал десті. Жамалдың жүрегі отты, өлеңші екені рас, кескіні де осындай. Бірақ бойы шар, талдырмаш кісі еді. Тегі басқа ма деймін.

Босқын елге баспана тауып беріп, ертеңгі кеште көп адам Жал тауына жасырын қайта оралдық. Төңіректі барладық. Жазалаушылар біздің бес ауылдың төртеуінің үй-қораларын тып-типыл өртепті. Тыққан мүліктеріміздің барлығын қопаратиеп әкетіп, енді сонау Усамбай ауылына орнаған көрінеді. Онда да талау, тонаудың нелер сұмдығын көрсетіп, Мұсаның ағаш үйін өртеп жатыр деп естідік.

Қосқар ағаштағы ауылдар үсті әлі көктұман. Байлардың кең қора, биік маялары лаулап жанып, жалыны аспанда шалқиды. Сөндірер лаж жоқ. Таң атысымен таудың, қыстаудың маңын байқап, жоқ адамдардың өлі-тірісін қағыстырдық. Патша жендеттері тек біздің ағайын-туыстардың өзінен тоғыз адамды атып өлтіріпті.

Жалдың оңтүстік жақ тұмсығында екі көзі шарасынан шығып Бармен шалқалай құлаған. Оған таяу Әлібек жатыр. Жау оғы бірінің жауырынынан, біреуінің маңдайынан тиіпті. Жалдың шығысында бір қыратта қою мұртты, қоңырқай өнді Өсіп кездесті. Көздерін едірейте тістенген, екі қолында кесек тасы бар. Оқ әуелі санына, иығына тиіп, ақыры қарақұстан соққанда айбар шеге жан тапсырып, отыз қадамдай жерге домалаған. Бәрінің де қызыл қаны қар үстінде көлкіп қатыпты.

Өзіміздің қыстауға келгенде Тұрғымбайды азаптап өлтіргенін көріп, еңіредік. Жендет оны жалаңаштап түйреп, бұлшықеттерін жалбырата кескен. Өнебойы қасқырталағандай, қарыны ақтарыла түсіпті. Тірідей найзалағанда шапшыған қаны бүкіл қабырғаны бояған. Азаттық алу жолындағы күрес құрбандарында әсіресе осы Өсіп пен Тұрғымбайдың өлімі жанымызға батты. Өсіптің келіншегі Жамал, інісі Қасембай, балалары Теміржан, Қаратай, Тұрғымбайдың үш жетімегі

Гайса, Шұғайып, Қайныш өлікті құшақтай шырқырағанда қосыла жыламағанымыз жоқ.

Жоғалғандарда табылмаған Жақыптың Елубайы ғана еді. Панасыз босқындарды аман қалған ауылдарға орналастырып, басымызды қосқанымызда ол да табылды. Тау қойнауында Тұқпи қажы кездесіп артына мінгестіре тайып береді. Солдат оны байқап қалып атып салғанда оқ сарбас айғырдың омырау терісінен өткен. Жануар капелімде сүрініп, бірақ енгезердей екі кісіні омбы қарда ауырсынбай әкетіп құтқарған екен.

Ереймендегі соғыстарда патшаның жазалаушылары бізді осылай қырғынға ұшыратты. Жүзден аса адамымызды өлтірді, жаралады. Атта жал, түйеде ком, баста пана қалмай, шаруамыз орасан күйзелді. Ел мен ердің басына төнген қайғы-қасіреттің бұдан арғысын енді мына қайнаған Сәбиттен есті, – деп әкем көзіне жас іркіп, тоқтап қалды.

Сұңғақ бойлы, жұмыскер бітімді, орақ мұрт Сәбең сезімі сергек, ақын кісі еді. Домбыраның құлағын ашылата бұрап, перне бойлай желдірте тартып көрді де, туған жер туралы өлеңін күңіренге жөнелді. Ұмытпасам сол зарының басында Сәбең былай толғап еді:

*Жал тауы, Қосқарағаш туған жерім,  
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім,  
Ержетіп, өлім үшін ерлік іске  
Белімді тәуекел деп бұған жерім.  
Сарбет пен Қосқарағаш, Жалпақ шілік,  
Симаушы ед қойнауына мал дегенің.  
Жаз жайлау, қыс қыстауға жау енгізбей,  
Тарихта төккен қаным аз ба ед менің.  
Ертеде ел аузында болып аңыз,  
Сабанбай, Қырғызбайдай ер бабамыз,  
Қондырған Ерейменге жанын қиып,  
Біз соның ұрпақтары төрт атамыз.*

Жақсылық, Дәуекпенен Сүгірәлі,  
Тоғатаң, Қойсары, Өтей бір ата біз.  
Келгенде кемеліме жаңа гана  
Қайтейін, күйзелтті елді патша жауыз.  
Жайлауда таратушы ек думан – тойды,  
Жаңғыртып ел қызығы қыр мен ойды,  
Ат шабыс, балуан күрес, көкпар тарту  
Желпінтіп тұрушы еді ойды, бойды.  
Қыс болса бір-біріне сыбаға әкеп,  
Шаруаны шалқытушы ек түзеп қоңды.  
Қиғаш қас, оймақ ауыз, бал тамағын  
Құшқандай хош еді онда көптің көңілі.  
Патшаның жарлығы елді булықтырды,  
Сыздаған бітеу жарамды ушықтырды.  
Жендеті пулеметпен қойдай қырып,  
Озбыр күш міне, тағы тұншықтырды.  
Аңырап ақ шашты ана, сүйіскен жар,  
Айрылып жалғызынан шығарды үнді.  
Тыңдасаң тұла бойың түршігеді,  
Халықтың қайғы-шері қандай мұңды.  
Мал-мүлкің, ойын күлкің, жаның қайда,  
Көп құрбан мұздай қатып жатыр сайда,  
Қыстаулар қарақұрым күлге айналды,  
Аспанда күнім түгіл тұтылды ай да.  
Ұлық пен болыс бүгін жендетіне  
Тізімдеп «бонт басыны» дейді байла.  
Комбаймен әкетіпті боздақтарды,  
Көнбеске қорлыққа енді бар ма хайла!  
Кешегі атамекен Қосқарағаш,  
Дарига-ай, бүгін көрсем жап-жалаңаш,  
Қайран жұрт қамалғанда тұйыққа осы  
Паналар қоныс таппай айналды бас.  
Аға-іні қоштасқанда ой бауырымдап,

*Ауылдан кеткенде өңкей жігіт қимас,  
Жүрегім сыздағаннан жаным күйіп,  
Көзімнен ақты жасым қан аралас!*

– Приемға қанша жігіттеріңіз алынды?

– Біздің жеті рудың өзінен – деді әкем, – жеті мыңнан аса азамат қармаққа ілініп, алысқа сапар шекті. Жазалаушылар Ереймен көтерілісшілерін Усамбай ауылына түгел қарусыз келтіріп, бас игізген. Байменнің Әлкейі жайшылықта мысық тілеу, ой-өрісі тар, құлқыны кең болыстардың бірі еді. Оған енді не бөгет. Кедейдің жасы қырықтағысын отызда деп жөнелтті. Байдың баласын бес жүз сомнан алып, үйде қалдырды. Бонт басы деп тұтқындарының үйірлеп жылқы бергенін босаттырып жатты.

Қоржынкөлдің болысы Олжабай елін бұдан да сорақы сорлатты. Өз руы Әлдеуін жағының азаматын парамен қалдырып, Шағалақ. Өтеміс, Пұшқантай азаматтарын комиссияға ақсақ, соқыр, көксау, тазына дейін сап-сау деп айдатып жіберген. Жанмолда батырды Олжабай өз қолымен аяусыз дүрелеп өлтірді. Бунт басыларды түрмеде аштан қатырып, мал-мүліктерін тартып алыпты. Қысқасы елдің бәйге аты, қыран бүркіт, құмай тазысы, масаты кілем, пұшпақ ішігі болыстардың үйлеріне жинап әкелінді, ақша біткен ұлыстардың қалтасына құйылды.

– Бұлғана ма, солдатқа ілікпеген малшыларды мырзалардың орнына еріксіз өткізді ғой.

– Бунттың ауыртпалығы бұл жақта да күшті болған екен-ау!

– Бірақ, – деді әкем, әңгімесін көпке ой түсіре қорытып – патшаның соғыс өнеріне жетік, техникалы жендеттеріне көрсеткен ерлігіміз бен ел басына туған зор апаттың ауырлығы зілдей болғанымен біз ұтылғанымыз жоқ.

Тарихқа көз тастаңызшы. Қазақ халқы ішкі-сіртқы жаулармен ғасырлар бойы күресіп келеді емес пе? Азаттық алуды

көксеген сол күрестерде әсіресе 1916 жылғы көтеріліс биік шоктықтанып көрінеді.

Себебі, қазақ халқының бұл күресі тек 19 бен 31 жастың арасындағыларды солдатқа бермеу үшін ғана туған жоқ. Бұл бүкілхалық көтерілісі империалистік дәуірдің қанау, талауына еңбекші бұқараның шыдамы таусылғандықтан, көптенгі ыза, кек іштен қайнап сыртқа шыққандықтан патшалық құрылысты біржола қирату, құрту үшін туған көтеріліс еді.

Батыр Аманкелдінің патша тағдыры туралы айтқан сонау бір тамаша болжауы дәл келгенін, патшаны қарғыс атқанын кеше бәріміз көзімізбен көрдік. Халық ақырында ұтты!

Әкемнің Ереймендегі қанды қырғын туралы айтқан осы әңгімесі қазіргі күнде де достын жігерін тасытып, дұшпанның өзегін өртегендей. Елі үшін егіліп жылай білген адам халықтың бұл ерлігін қалай құшырланып сүймес, қайтып есіне түсірмес. Ести бергің келеді оны!

Ғ. Мұқатов  
1958 жыл январь  
Ақмола қаласы

## КарЛаг және АЛЖИР

Теңдік деген ұранмен Еуразияның ұланбайтақ өңірін атқа қондырған большевиктер осы шетсіз-шексіз аймақтың қалың еліне қанды қырғынын ала келді. В.И.Ленин құрған компартия билікті қолда ұстап тұрудың және халықты көзсіз бағындырудың небір қатал жолдарын ойлап тапты. Төңкерістің алғашқы жылдарында басталып ұзаққа созылған жаппай қуғын-сүргін қатыгездігі жағынан фашистік жауыздықтан асып түспесе кем емес еді. Патшалық Ресейді «Халықтар түрмесі» деген қызылдар КСРО секілді алып империяны миллиондардың тозағына айналдырды.

Сонау 1918-30 жылдардың бүгінде құпия болудан қалған құжаттарына көз салсақ, жау іздеу науқанын большевиктер тым ерте бастапты. В.И.Ленин Ресейдің барлық аудандарында бірінен соң бірі бұрқ ете түскен кулактар көтерілісін басып-жаншу мақсатымен 1918 жылғы 5-тамызда оларға қарсы күресті күшейту жөнінде шұғыл тапсырма береді. Алғаш рет концлагерлер туралы сөз қозғайды.

Концлагерлер түрме емес, мыңдар мен миллиондар ұсталатын жаппай жазалау орындары. Оның негізгі мақсаты РКП(б) орталық комитетінің 1919 жылғы ақпан айындағы «Қазақтарды жою» туралы директивасында атап көрсетілген. Онда ақтардың армиясында болған немесе сырттай жақтас болған қазақтарды атып тастамай, теміржол салуға, көмір мен кен өндіруге т.б. жұмыстарға жегу қажет екені айтылады, концлагерлер салуға уақыт оздырмай кірісу керек екендігіне мән береді. Осыдан соң қызыл империя шұғыл іске кіріседі. 20-30 жылдар аралығында Сібірде, Воркутада, Колымада, Магаданда, Урал мен Қазақстанда осындай лагерлер пайда болды. Олар ГУЛАГ деген атпен бір орталықтан басқарылды. Бұл жүйенің аса жоғары қарқынмен дамығаны соншалық, кеңейе келе ұзын саны 425 лагерге жетті. Оларды жұмсартып «Еңбекпен түзеу лагері» дейтін, жалпы алғанда 170 өнеркәсіптік, 830 ауыл

шаруашылық, 172 құрылыс бірлестіктерін қамтыды. Бұған қоса балалар мен жеткіншектердің 50 колониясы болды.

Кеңестер одағының бірқатар өңірлерін қамтыған осы лагерлер жүйесін тұтқындармен толтыру шаралары күні-түні ойластырылды. «Халық жауы», «Отанын сатқандар», «Контрреволюционерлер», «Тыңшылар», «Күдіктілер» секілді толып жатқан айыптар табылды. Олар аз болғандай, сотталғандардың үй-ішін түгел қамау туралы шешім шығарылды. Сот орынына «Үштік» деген жазалау құрылымы пайда болды. Енді әлдебір себеппен тергеуге алынған адамды үш кісі шұғыл соттап, концлагерлерге жіберіп жатты.

30-шы жылдары концлагерлерді кеңейтудің қажеттігі туралы сөз қозғала бастады. Бұған күштеп ұжымдастыруға қарсы болған шаруалардың көбейіп кеткені себеп болған еді. Сол кезеңдегі деректерге қарағанда жаппай қуғын-сүргін қанат жайғалы 10 миллионға жуық адам сотталған, 22 миллионы жер аударылған. Осыншама адамды тегін жұмыс күшіне айналдыру елді индустрияландыру мен электрлендіру жоспарларын мерзімінде жүзеге асырудың төте жолы еді. Енді ГУЛАГ «Еңбек лагерлері мен еңбек қоныстарының бас басқармасы» деп аталды. Оның өндірістік басқармаларының өзі одақтың көптеген жерлерін қамтыды, 1953 жылға дейін ұдай кеңейтілді. Берияның сол тұста жасаған баяндамасында өндірістік басқармалардың жүйесі былай таратылған:

1. Қиыр Шығыстағы бас құрылыс басқармасы
2. Красноярск өлкесіндегі кен орындарын барлау мен пайдалану және түсті металдар кәсіпорындары құрылысы жөніндегі бас басқарма
3. Новосибирскідегі түсті және сирек металдар комбинаты
4. Красноярск, Свердловск және Новосибирск қалаларындағы №169; 170; 171 аффинаж зауыттары
5. Вяртсильскідегі металлургия зауыты
6. Куйбышев гидроэлектростанциясының құрылыс басқармасы

7. Сталинград гидроэлектростанциясының құрылыс басқармасы

8. Гидротехникалық құрылыстардың жобалау және зерттеу басқармасы

9. Мұнай өндіру зауыттары мен табиғи емес сұйық отын кәсіпорындарының құрылысы жөніндегі бас басқарма

10. Ухтадағы мұнай өндіру және өңдеу комбинаты

11. Тас жолдар басқармасы

12. Темір жол құрылысының бас басқармасы

13. Түркімен каналы құрылысының басқармасы

14. Төмендегі Дондағы суландыру және гидротехникалық құрылыс басқармасы

15. Асбест өнеркәсібінің бас басқармасы

16. Слюда өнеркәсібінің бас басқармасы

17. Печора көмір бассейніне қарайтын «Воркутуголь», «Интауголь» комбинаттары

18. Апатит – нефелин концентраттарын өндіру жөніндегі өндірістік басқармасы

19. Киров химия зауытының бас басқармасы

20. Орман өнеркәсібінің бас басқармасы

21. Волга-Балтық су жолы құрылысының бас басқармасы

22. Калининград облысындағы жақұт өндіру және өңдеу жөніндегі өндірістік комбинат

Концлагерь жүйесіне енген осы ірі кәсіпорындарды жо-спарлаудан бастап барлық инженерлік-техникалық жұмысын халық жаулары атанған ғалымдар жасаса, оларды салу жаппай сотталған халықтың күшімен атқарылды. Лагерлердегі тұтқындардың ортағасырлық құлдан айырмасы жоқ еді. Оларға еңбекақы төленген жоқ, кез-келген уақытта ата салса, құнын ешкім сұрамайды.

Аталған өндірістік басқармаға тәркілеуге ұшыраған 115 мың кулактың отбасындағы 320 мың адам аздық етті. «Лагерь – айдаудағылар – минус» тәртібі енгізілді. Оның мәні мынандай еді. Саяси сезіктілер әуелі 2-3 жылға сотталады да еңбек

лагерлеріне жіберіледі, мерзімі біткенде сыныққа сылтау тауып, тағы да үш-төрт жылға қамалады. Бұл мерзім аяқталған соң «өз еркімен қалдырылды» деген құжат дайын болатын.

ГУЛАГ-та азап шеккендердің жалпы саны туралы түрлі дерек бар. Д.Шаймұханов пен С.Шаймұханованың «КарЛаг» атты еңбегінде 1930 жылдан 1953 жылға дейін контрреволюциялық қызметі үшін айыпталғандардың қатары 3 млн. 778254 адам деп көрсетіледі. Солардың бәрі қара жұмысқа жегілді, азаппен көз жұмды, 788 мыңы атылды.

\* \* \*

*КарЛаг, яғни Қарағандының еңбекпен түзеу лагері КСРО халық комиссарлары кеңесінің 1930 жылғы мамырдағы қаулысы бойынша құрылған.* Қазақ ССР-ында лагерлер басқармасы ұйымдастырылып, алғашқы кезекте 110 мың гектар жер мерзімсіз әрі тегін пайдалануға берілген. 1931 жылы лагерь басқармасы Қарағандының түбіндегі Долинка селосына орналастырылып, 120 мың гектар шабындық бөлінеді. КарЛагтың жер көлемі ұланғайыр өңірді алып жатты. Солтүстігінен оңтүстігіне қарай 300, шығысынан батысына дейін 200 километрге созылды. Шұғыл түрде Ақмола және Балқаш бөлімшелері ашылды.

Осы ұйымдастыру шаралары жүзеге асырылған соң жерді байырғы елден босату науқаны басталды. Қарағандының лагерь орналасуға тиіс өңіріндегі 80 мың қазақ жаз жайлау, қыс қыстауынан ығыстырылды. Басқа ұлт өкілдері де еріксіз көшуге мәжбүр болды. Дәулеттілердің мал-мүлкі тәркіленіп, лагерге берілді.

КарЛагтың негізгі міндеті дамытылуға тиісті Қарағанды көмір өндірісінің және Жезқазған, Балқаш мыс рудниктерінің халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету еді. Аталған өндіріс орындарындағы елдің қатары молайған сайын лагерь де қанатын кең жая түсті. 1941 жылы оның жалпы жер көлемі 1 млн. 780 650 гектарға жетті. Ал 1950 жылы 2 млн. 087646 гектар алқапты алып жатты, 75 мың адам қара жұмысқа жегілді.

1946-1947 жылдарда жасалған есеп бойынша 20 мың «отанын сатқандар», 11 мың кеңес одағына қарсы үгіт жүргізгендер, 2300 шетелдік, 30 мың соғыс тұтқындары болыпты.

*АЛЖИР (Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері) осы КарЛаг-тың дербес бөлімшесі еді. Ол 1938 жылы 6-қаңтарда «Р-17» еңбекпен түзеу лагерінің орынына құрылды. Бұл кезең жаппай қуғын-сүргін науқанының әбден өршіген шағы болатын. КСРО Компартиясының ХҮІ съезінде И.Сталин «Репрессия шабуылдың қажетті элементі болып табылады» деп жариялаған соң жазықты-жазықсыз қамауға алу ерекше қарқынмен жүргізілді. Аз ғана уақытта КарЛагтағы отанын сатқандардың әйелдері 12 мыңнан асып түсті. Олардың біразы АЛЖИР-де өлместің күнін кешті.*

Ресейде Сталин қаһарланса, Қазақстанда өлкелік партия комитетін басқарған Ф.И.Голощекин одан қалыспауға тырысты. Осы қанқұйлы алаяқтың Сталинге 1933 жылы жазған бір хаты Қазақстан тарихының орталық архивінен табылып, «Қараөткел» газетіне жарияланған еді. Хат «БК/б/п Орталық комитетінің хатшысы жолдас Сталинге» деп басталады.

### **БК/б/п орталық комитетінің хатшысы жолдас Сталинге**

ОК 8-ші желтоқсандағы хаттамасынан БОАК Қазақстанға мал шаруашылығын тексеретін комиссия жіберу туралы өтінішпен кіргені көрініп тұр. БОАК бұл мәселені қандай тұрғыда қойғаны маған белгісіз (тексте қате беріліп: белгілі болып жазылып кеткен – А.С.) Бірақ маған БОАК-тің Призидиумында Нұрмақов пен Мырзағалиевтің сөз алғандары, олардың өлке басшылығына қарсы Қазақстандағы мал шаруашылығының құлдырауына алып келгендер деген пиғылмен шабуылдағандары белгілі.

Осы мәселеде тоғысатын мал шаруашылығының жағдайы туралы басқа да орталық мекемелерде көптеген әңгімелердің орын алып отырғаны да маған белгілі. Дәл осы мәселені Қазақстанның өзіндегі ұлтшылдар көпіртіп айтуда және Өлкекомға қарсы сондай-ақ, дәлірек айтқанда, мал дайындауға

қарсы күресті жандандыруда. Өлкеком мұндаймен қатты күресуде.

Осылардың бәріне байланысты мен Қазақстандағы мал шаруашылығының шын мәніндегі жағдайы туралы Орталық Комитетке тағы да мәлімдеуді қажет деп санаймын.

Қазақстанда мал шаруашылығының дамуында екі түрлі қарама-қарсы процестер жүріп жатыр:

Алғашқысы – жағымсыз, мал басының апатты құлдырауынан көрінуде: егер соңғы үш жылды алар болсақ, мал басының кемуі төмендегідей болып шығады.

29 жылы – 36 млн. бас, 30 жылы – 20 млн. және 31 жылы 8,2/1 млн. бас мал. Бұл финхалкомның есебі бойынша. Егер мұнда есепке енбей қалғандарды, тығып қойғандарды және с.с. түзетіп толықтырсақ, бәрібір мал басының құлдырау динамикасы өзгермейді, оның үстіне ең үлкен кему өсімтал етті-сүтті малда және әсіресе қой отарларында байқалуда.

Мал басының мұндай апатты құлдырауының себептері неде?

Ұлтшылдар және оппортунистер бәрін мал дайындауға әкеліп тірейді. Бұл дұрыс емес. Рас, соңғы екі жылдың мал дайындау жоспары, қалыпты өсу қажеттілігін ескерместен аса үлкен. Рас, мал дайындау кезіндегі «Союзмясо» органдарының жүгенсіз әрекеттерінің және жергілікті органдардың асыра сілтеулерінің салдарынан мал басының белгілі бір бөлігін қырып-жою болып тұрады. Бірақ негізгі себептер мұнда емес. Негізгі себептер мынаған тіреледі:

а) Бүкіл Одақтағы мал шаруашылығының жағдайына ықпал еткен жалпы себептер, әсіресе 30 жылдың көктеміндегі коллективтендіру саласындағы асыра сілтеулер:

б) Қазақстан үшін ең маңыздысы, негізгісі, біріншіден, жекешелердің, кедейлердің және орташалардың, қазақ ауылының жартылай натуральды, кей жерлерде натуральды мал өсіретін қожалықтарының басқа қосалқы шаруашылық салалары жоқ жағдайда, артта қалған жем-шөп базасының болуы. Олар тауарлы шаруашылыққа өтерде – коллективті

шаруашылыққа өтудің ерекше қиын және күрделі жағдайында тіршілік етуге қабілетсіз. Бұл туралы мен төменде айтамын. Мұнан шығар жолды бұл қожалықтар отырықшыландыруға көшуден, совхоздарда күнкөріс табудан, өз ауылдарынан кетіп қалудан іздеп, өздерінің мал басын жойып, бір бөлігін мемлекеттік дайындауларға өткізіп, бір бөлігін жыртқыштықпен жоюда. Екіншіден дәл осы 3 жыл бойына қазақ ауылының капиталистік қатынастар қарсаңынан социалистікке өту процесі басталды, артта қалған жем-шөп базасы ескі мал шаруашылығының күйреуі, коллективті түрлерге өту және мал өсіруші шаруашылықтардың егіншілікпен үйлесу процесі басталды. Және бұл аса шиеленіскен тап күресінде көрінуде немесе көрініс беруде. Рулық қатынастар қалдықтары әлі сақталған. Біздің партия және кеңес кадрлары әлсіз қазақ ауылында тап күресін ескерген жоқ. Бай көбінесе бұқара басшысы болып табылады. Шиеленіскен тап күресінде бай шаруашылықта, руда өз үстемдігі үшін күресіп жатқанда бұл мемлекеттік дайындауларға, жем-шөп базасын қайта құруға, коллективтендіруге, қазақ қожалықтарын отырықшыландыруға жанталаса қарсыласу түрінде көрініс беруде және малды жыртқыштықпен қырып-жоюға, малды құмға айдап тастауға, сондай-ақ ауа көшулерге ықпал етуде. Осы негізде байқалған тап күресінің күші туралы ГПУ-дің мына анықтамасынан білуге болады: соңғы екі жылдың ішінде ірі бандылардың 15 көтерілісі болды. Оларға 34 000-ға жуық адам қатысты. Осы екі жылда 1350 контрреволюциялық топтар жойылды және олардың 7,5 мыңдай қатысушылары қолға түсті.

Ауа көшулер негізінде 30-31 жылдарда халықтың 12-15 процент азайғаны байқалды. Қоныстарынан ауа көшкен халық өздерімен бірге, қолдағы мәліметтер бойынша, кем дегенде 1,5-2 млн. бас малды айдап кетті. Оның үстіне екі түрлі сипаттағы ауа көшулерді көріп отырмыз. Төменгі және Орта Еділге, сондай-ақ, Сібірге, бұрынғы Орал, Ақтөбе және Қостанай округтері аудандарынан осы аудандардағы 3 жылға

созылған құрғақшылықты бастан кешуден, бұған қосымша таза контрреволюциялық сипаттағы «а» п. көрсетілген себептерден Бат. Қытайға және Орта Азияға көшу, Қытай өкіметінің көмегіне сүйенген Қытайдың Шыңжаң провинциясындағы арнаулы ұйымдар ауа көшулерді ұйымдастыруда, ауа көшулердің арнайы қарулы бандыларын өз қорғауларына алуда. Кейбір құжаттар Орта Азияда-Түркіменстанда басмашылықпен байланысты және Қазақстаннан ауа көшулерді ұйымдастырушы арнайы ұйымдар бар екенін көрсетіп отыр».

Осы хаттан соң Мәскеуден Ф.Голощекинге ауа көшуді тоқтату үшін қатаң шаралар қолдануды тапсырады. Оның күткені де сол еді. Қазақстандағы қуғындау мен тұтқындау ауылда да, қалада да қыза түсті. Қазақ зиялыларының бәрі НКВД-ның жергілікті бөлімдерінің қадағалауында болды, екіншісі бірі не жапон шпионы, не жасырын ұйымдардың мүшелері атанды, андушылар мен тыңшылар көбейді. Осы жау іздеу науқаны өрши келе республикадағы ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлерінің басым көпшілігі қамалды. 1937-38 жылдары 60 мыңнан астам адам ұсталып, талайы атылды. Олардың әйел-балалары АЛЖИР-ге айдалды. Солардың ішінде Сәкен Сейфуллиннің, Бейімбет Майлиннің, Тұрар Рысқұловтың, Жұмат Шаниннің әйелдері бар еді. Кейін бұлардың қатарына Т.Жүргеновтың, С.Мендешовтың, Ж.Тәтімовтің, Ж.Сәдуақасовтың, С.Есқараевтың, А.Аспандияровтың, Н.Нұрмақовтың, С.Сармолдаевтың әйелдері қосылды. Ал бұдан бұрын Ақмола лагеріне Бухарин, Тухачевский, Гамарник, Блюхер, Енукидзе секілді Ленин мен Сталиннің оң қолы болған партия және әскери қайраткерлердің әйелдері жеткізілген еді. АЛЖИР-дің қияметқайымын белгілі жазушы Галина Серебрякова мен әйгілі әнші Лидия Русланова, Адмирал Колчактың нақсүйері Анна Тимирова да бастан кешірген.

Қазақ зиялыларының әйелдері осы жазықсыз жазаланған сорлы аналармен бірге ауыр еңбектен тұралап жүріп,

не үшін сотталғандарын түсінбей қажитын. Күләндам Қожанова, Мәриям Тоғжанова, Әйіш Құлымбетова, Бибі-жамал Сырғабекова, Мағрипа Қазбекова, Айша Қабылова, Хадиша Мусина, Күнжамал Майлина, Әзиза Рысқұлова, Сұлухан Бағзыбаева, Шәкітай Тәтімова, Мәриям Есенгелдина, Зағфи Тінәлина, Сақыпжамал Назарова, Уәзипа Күленова, Сағадат Таштитова, Дәмеш Жүргенова, Майнұр Сармолдаева, Гүлбаһрам Сейфуллина елі мен жеріне адал қызмет еткен күйеулері әне-міне ақталады, бәрі артта қалады деген үмітпен сарғайды. Өздерінің де, ерлерінің де жазықсыз екенін Сталинге жеткізудің жолын іздеумен болды. Бір топ әйел ши тоқығанда оның суретін өріп шығарып, Мәскеуге хатпен бірге жібереді. Олар мына қапасқа Сталиннің емес, төңірегіндегілердің кесірінен қамалғандықтарына, Иосиф Виссарионович білсе, бәрін құтқаратындығына қылаусыз сенетін. Алайда жолданған хатқа жауап келген жоқ.

И.Сталин бұл кезде КарЛаг пен АЛЖИР-ді кеңейтуді, концлагерлерді қазақтың кең даласын игерудің ұтымды әрі арзан жүйесіне айналдыруды ойлауда еді. Орталық Қазақстанда тың игеру идеясы осы тұста пайда болған-ды.

## Тыңға 40 жыл ма, әлде...

Тыңды адал еңбегімен игеріп, маңдай терін төккен қарапайым адамдар үшін осы оқиғаның елеулі маңызы бар екені анық. Сонымен бірге оның тарихи құбылысқа айнала отырып, кереғар пікірлерді де тудырғаны, бір жақты бағалауға келмейтіні және шындық. Сонау еретеректегі ескі құжаттарға тыңның нақты ақиқатын білу мақсатымен көз салған адам бұл науқанның сыры әріде екенін, түпкі міндеті тек шаруашылық мәселесімен шектелмейтінін білер еді.

Өзім көзбен көріп, қолыммен ұстаған сондай деректің бірі В.В.Шульгиннің жазбалары болатын. Ресейдің соңғы патшасы тұсында ірі саяси қызметтер атқарған осы эмигрант қазақ даласын игеру жайлы бірде Столыпиннің сөз қозғағанын секе алады. Сол тұста орыс алпауыттары Қазақстанға қайыршыланған шаруаларды қаптата берумен іс бітпейтінін, ұлан өлкені мол астықтың ордасына айналдырудың қажет екенін ойластырған. Талай ғылыми зерттеулер жүргізген. Шығарылатын шығын мен алынатын пайда шотқа салынған. Тек Столыпиннің тежеуімен кейінге қалдырыла берген. Өйткені ауыл шаруашылығының осы білгірі қуаң далада астықтың қаулап шыға қоятынына сенбеген.

Бұдан кейінгі бір дерек Эдвард Каррдың «История Советской России» тарихи монографиясы. Осы ағылшын дипломаты В.И.Лениннің Қазақстанды егіннің қайнарына айналдыруды армандап тұрып, орыс пролетариатын да көптеп жіберуге болар еді деген сәтінен мысал келтіреді. Ұлан елді төңкерістің салдарынан болған аштықтан құтқарудың жолын жанұшыра іздеп, алыстағы Аралдың балығына алақанын жайған адамның қазақ жерінен мол астық алып тұруды ойламауы мүмкін емес. Бірақ бұл мақсатты жүзеге асыруға ол кезде шама жетпеді, ел қырғыннан көз ашпады. Ал кейін енді енді ес жинай бастағанда Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл сұрапыл Қазақстанда тың көтеру идеясын күрт тежеген қиын

кедергілердің бірі болды, одан бұрын, яғни жиырмасыншы жылдары қолға алына бастаған кейбір шараларды уақытша тоқтатты.

Енді бір кезеннен екіншісіне көше бермей, осы жерде сәл шегініс жасайық.

Кешегі КСРО-ның бетіне қатты таңба болған жаппай жазалау саясаты Лениннің тұсында басталғаны белгілі. Қазан революциясы басталмай тұрып-ақ: «Без смертной казни по отношению к эксплуататорам едва ли обойдется какое ни на есть революционное правительство» – деп қаһарлана жар салған көсем Ресейде алғашқы концентрациялық лагерлердің құрылуына ықпал еткен еді. Күн сайын тұтқындалып жатқан мыңдаған адам патшадан мұра болып қалған қаптаған түрмелерге сыймады, жаңа абақтылар үсті-үстіне керек болды. Осындай жойдасыз атып-асу кезінде «концлагерь» термині алғаш соның аузынан шықты. «Провести беспощадный массовый террор против кулаков, попов и белогвардейцев: сомнительных запереть в концентрационный лагерь вне города» – деген үкімі шұғыл орындалды. Ресей империясының Сібір, Қазақстан секілді кең аймақтарына жер аудару басталды.

Төңкеріс көсемдері іле-шала мұндай лагерлердің орасан зор экономикалық тиімділік беретінін де сезді. 1931 жылы И.В.Сталин Қазақстандағы осындай азап аймағына «Карагандинский совхоз-гигант ОГПУ» – деген ат берді. Оның негізгі міндеті «халық жауларын» оқшаулау және жою болса, екінші басты мақсатының бірі Қазақстанның кеңбайтақ орталық аймағын игеру еді. Журналист Виктор Диктің «История и судьбы» атты мақаласында бұл жайында ішінара баяндалады, сол тұста қамауда ұсталған ірі ғалымдардың сөздері келтіріледі. КарЛаг туралы, оның шаруашылық сипаты жайлы әңгімелей келіп: «Я напомнил об этих документах ныне здравствующему Дмитрию Александровичу Усову, работающему еще при Ленине в наркомземе, крупному специалисту-гидротехнику. Он подтвердил: хозяйственная деятельность КарЛага распро-

странялась на площадь, равную территории Франции» – деп жазады.

Совхоз-гигантты дамыту үшін Троцкий де, Дзержинский де белсене атсалысқан. Ал Сталин Қазақстанның тыңын еңбекақы сұрамайтын тегін адам күшінің есебінен тез көтеріп, астыққа аз уақыт ішінде қарық болуды көкседі. Бұған құлай сенді де. 1929 жылы: «Советский Союз через какие-нибудь три года станет одной из самых хлебных стран, если не самой хлебной страной в мире» – деп мәлімдеді. Сонда оның көңіл көгінде қазақ даласын жалпағынан басқан КарЛаг тұрмағанына кім кепіл.

Ал тұтқындар қолымен игерілетін жер көлемі жыл санап ұлғая берді. 40-жылдың басында Алтайдан – Бетпақдалаға, одан Іле Алатауына қарай қанат жайды. Осында көптеген тамаша ғалымдардың жер ауып келуі агротехникалық ғылыми станциялардың ашылуына, астықтың, бақша дақылдарының жаңа тұқымы алынуына себеп болды. Мал тұқымын асылдандыру да қолға алынды. КСРО-ның ішкі істер министрлігі КарЛагтың керемет жетістігін дәріптеуден жалықпады. Ондай жетістік шын мәнінде болды да. Мәселен, Мәскеуде сол тұста өткен бүкілодақтық ауылшарушылығы көрмесінде КарЛагтың Морошко деген сиыры елді таң қалдырған. Ол жылына 12 мың литр сүт берген.

Осының бәрі КарЛаг біздегі тынның бастауы екенін бұлтартпай дәлелдейді. Бұған күмәнданғысы келгендерге сондағы тәжірибе станциясының 1946 жылғы есебінен үзінді келтіре аламыз. Онда: «В конечном итоге всю хозяйственную деятельность Карагандинского совхоза МВД можно рассматривать как грандиозный производственный опыт успешного сельскохозяйственного освоения земель крайне сухих степей и полупустыни» – деп тайға таңба басқандай атап көрсетілген.

Сонымен, тың – 20 жылдарда жазықсыз сотталған адамдардың қанымен көтеріліп, кейін одан да жоғары қарқынмен жалғасты деуге негіз бар. Олай болса, тынның

көсемдері Хрущев те, Брежнев те емес, атышулы – Сталин. Ал оған бұл идеяны берген – В.И.Ленин. Бұлардың қайсысы болса да, тыңды игеріп Қазақстанды көркейте қоямын деп ойлады ма, жоқ па, ол жағы бізге жұмбақ. Ал осы науқан арқылы қазақтарды өз жерінде азшылық етіп, ұлан даланы ұзақ уақытқа құнарынан айырғаны, дәстүрлі мал шаруашылығының дамуын тежегені, тұтас бір халықтың тілінен айырылу қаупін төндіргені айқын.

\* \* \*

КарЛаг та, АЛЖИР де осындай кең ауқымдағы жоспарды аз шығынмен жүзеге асыруға тиіс еді. Оларға бөлінген жер көлемі жыл сайын ұлғайтылып отырылды. 1950 жылы 2 млн. 087646 гектарға жетті. Оның ішінде егістік жер 111886 гектарды, шабындық – 337670 гектарды, жайылымдық – 1 млн. 376999 гектарды құрады. Осынша алқапты ұдайы ұлғайтып, тың игеру науқанын жаппай бастауды тездету үшін сотталғандарды үсті-үстіне көбейту керек еді. Егер 1931 жылы олардың саны – 21329 болса, одан кейінгі әр жылда 10 мыңнан қосылып отырған. Осынша тегін жұмыс күші тың игерушілер қаптап жеткенде азық-түліктің барлық түрімен және жеңіл өнеркәсіп өнімдерімен қамтамасыз етуге тиіс. Осы мақсатпен аталған екі сала дамытылды. Тұтқындалғандардың мандай терімен АЛЖИР-де Ақмола мен Петропавлдағы ет комбинаттары үшін мал өсірілді, фермалар ұйымдастырылды. Әр әйелге 100-ден астам бұзау бекітіліп берілді. Төлдің біреуі өлсе, бағушы атылатын. Қару қолдану үшін сылтау табылып бағатын. Осы тар қапаста болғандардың естеліктерін оқысаң тұла бойың мұздайды. Кира Нұрмағанбетова деген нашар еститін әйел барақтан шығып бара жатып күзетшінің «Кері қайт» дегенін аңдамай жүре береді. Қарулы жендет ту сыртынан атып құлатады. Ауырып қалып жұмысқа шықпаған Анна Констанова деген әйелдің бұл қылығы «контрреволюциялық бүлік» деп есептеліп, өлім жазасына кесіледі. Осындай түрлі

«қылмыстары» үшін 1938 жылы -5, 1941 жылы -21, 1942 жылы - 2 әйел оққа ұшқан. Ал шамадан тыс қара жұмыстан әбден тұралаған байғұс аналар басқа жерде дәл өздеріндей қамауда ұсталған балаларының қайғысына шыдай алмай есінен ада-сып жатты. Оларды КарЛагтың Құрым және Мақатайдағы бөлімшелеріне жөнелтетін. Бұлардың бәрі дерлік қаза болды. 1942-1944 жылдары 840 әйел дүние салды.

Тірі жетімге айналған балалардың жағдайы тұтқындағы ата-аналарынан артық болған жоқ. Олар аштықтан, түрлі жұқпалы дерттен қынадай қырылды. 1940 жылы КарЛаг-та 16-19 жастағы 132; 1942 жылы - 256; 1947 жылы - 814 бала ұсталса, 1950 жылы 209-ы тірі қалған. Ал төрт жастағы сәбилер Осакаровкадағы «Балалар үйі» деп аталатын түрмеде телмірді. Осында әкелінген 451 балдырғанның аман қалғаны бірлі -жарым ғана.

Коммунистік режим, атап айтқанда Сталин құрған фашистік режим ана мен баланың, миллиондаған азаматтың адам төзгісіз азабымен тыңды игеруді көздеді. Сол мақсатына қолайлы негіз де жасады. Оның тікелей нұсқауымен алғашқы тәжірибе шаруашылықтары құрыла бастады. 1930 жылы ашылған «Гигант» совхозы тың игеріліген жағдайда үлгі болуға тиіс еді.

Совхоз Тельман атындағы ауданда ірге тепті. Оған әуелі темір жол тартылды. Бір жылдың ішінде байлардан тәркіленген малдың есебінен ірі қара 25 мыңға, қой 19 мыңға жеткізілді де КарЛаг-қа бағындырылды. Кеңейтіле келе бірнеше бөлімшелерге толықты. Енді астық шаруашылығын дамыту қауырт қолға алынды, егістік 168831 гектарға ұлғайтылды. 1941 жылы күздік бидай себудің агротехника-сы игерілді. Картоп өндіру 15900-ден 40384 тоннаға артты, 21 мың тоннадан астам бидай жиналды.

Мал шаруашылығы да өркендеді, 70 қой, 45 ірі қара, 1 жылқы, 2 шошқа фермасы құрылды. Совхоздың өндірісін ғылыми-тәжірибе жүргізуге кеңінен пайдалануға да баса на-

зар аударылды. КарЛаг-қа осы мақсат үшін тұтқындалып жіберілген ауыл шаруашылығы ғалымдары НКВД-ның бақылауымен жұмыс істеді. Олар, әсіресе, суармалы егін жүйесін жасау бағытында елеулі табысқа жетті. Орталық Қазақстанда көкөністен, қант қызылшасынан, бидай мен басқа да дәнді-дақылдардан ауа райы құбылмалы өңірде тұрақты өнім алудың тиімді жолдарын тапты. «Гигант» совхозындағы ғылыми-зерттеу лабораториясында жұмыс істеген кезінде ботаник, ғылым докторы Л.Пельцыхтың бір өзі ғана тоғыз ғылыми еңбек жазыпты. Олар: «ОГПУ-дың «Гигант» совхозы өсімдік дүниесінің қысқаша очеркі», «ОГПУ-дың «Гигант» совхозын геоботаникалық аудандастыру», «ОГПУ-дың «Гигант» совхозы территориясының ботаникалық картасы», «ОГПУ-дың «Гигант» совхозындағы топырақтану-ботаникалық экспедициясының материалдары бойынша геоботаникалық зерттеу тәсілдемесі» т.б.

Дәл осындай іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын басқа да ғалымдар жарыса жүргізіп жатты. Соған сәйкес Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы құрылды. Оның шағын бөлімшесі АЛЖИР-де де ашылды. Станция мына салаларды тандап алды: селекция, тұқым шаруашылығы, егіншілік, жем-шөп өндіру, бау-бақша, жеміс-жидек, көкөніс шаруашылығы, өсімдік қорғау, агрохимия, агрометеорология, мал шаруашылығы, механикаландыру, тұқым тексерудің ғылыми жолдары, орманды алқапты суландыру.

Бұл ғылыми зерттеулер жеміссіз болған жоқ. 1941 жылдың өзінде 48 жаңа тұқым сынаққа жіберіліпті. Оның 33-і бидай тұқымдары.

Астықтың шығымдылығы да артты, суармалы егістіктің өнімділігі әр гектарда 55 центнерге жетті, қызылшадан гектар сайын 824 центнер тәтті түбір жиналды. Картоптың көрсеткіші 450 центнерден асты.

Осының бәрі 1954 жылғы тың игеру науқанының алғашқы кезеңдерінде егіннен мол өнім жинап, бір миллиард пұт бидай алуды қамтамасыз етті. Сол көл-көсір дәннің әр түйірінде

АЛЖИРде азап шеккен аналардың, дүниеден ерте көшкен бейкүнә сәбилердің, құлға айналған азаматтардың көз жасы бар еді.

Ақмоладағы отанын сатқандар әйелдерінің лагерінде қамауда болған Зағыпи Тінәлинадан көзі тірісінде жазып алынған мына естелік әңгіме осы сөзімізді растай түседі.

*Зағыпи Тінәлина – комсомол жұмысына 1930 жылдан бастап араласқан. 1928 жылы Петропавлдағы қазақ педагогикалық техникумының оқушыларымен бірге сол кезде оқу-ағарту халық комиссарының орынбасары қызметін атқарған Надежда Константиновна Крупскаяның қабылдауында болған. 1937 жылы Қазақ өлкелік комсомол комитеті шаруа жастары бөлімінің меңгерушісі.*

Өткен күндердің ыстығы да, суығы да ұмытылмайды, шуағына жаның жадыраса, қыспағына жаси көрме. Тізгініңнен айырылған күні тағдырдың тәлкегіне айналған мәнгүрт шағың басталады. Ақылынан адасқанның арашашысы жоқ. Бұл дүниеде бәрі өлшеулі дегеніңмен, қайратты жанның сабыры қашан да сарқылмақ емес.

Бүгінде жетпістің қырқасына шыққан Зағыпи апамыздың сөз басында айтқан алғашқы лебізі осы еді. Салмақпен саралап айтып еді.

Ел ішін күдік пен сезік жайлап бара жатты. Москвада Кремльдің өзінде басталған қуғын-сүргін жекелеген ардақтыларды ғана емес, талайларды торғайдай тоздыратыны белгілі бола бастады. Ойға оралмайтыны жоқ, Ұлы Октябрь революциясынан кейін, В.И. Лениннің дене топырағы суымай жатып, ұлы елдің ұлардай шулап қалатындығын қай кемеңгер болжай алған.

Осы науқанға айналған дүрбелең өзін де шарпыды. Май айының аяқ кезінде күйеуі Абатты қамауға алды. Ташкент қаласындағы Орта Азия мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін бітірген ол сол кезде баспа жұмысына қызу араласқан болатын. Қазақ мемлекеттік баспасы бастығының орынбасары, оқу-педагогикалық мемлекеттік ба-

спасында сектор меңгерушісі қызметін атқарды. Қазақ АССР-ының алғашқы Конституциясын дайындайтын комиссияның мүшесі болды. Тіл маманы ретінде қалыптасып келе жатқан көңілі ояу, ойы сергек азаматтардың бірі еді.

– Үйде көп еңбектенетін, жазу-сызудан бас көтермейтін, – деп еске алады бүгінде Зағыпи. – Туған жері Қызылорда болған соң ба, Әбділдә Тәжібаевпен жақсы араласатын. Сәкен мен Бейімбетті ардақ тұтып, аузынан тастамайтын.

Қаралы күн мен шуақты шағыңның арасы көзді ашып-жұмғанша ғана екен. Үйге үш адам сау етіп кіріп келді. Өздері де, сөздері де суық.

Ерлі-зайыпты жарытып тілдесе де алмады, не істеп, не қойғандарын білмейді. Абат үнсіз күйбеңдеп жүр, киініп алған. Бір кезде столға отыра қалып әлденені асығыс жаза бастады.

– Мынау тілхат, – деді Зағыпиға. – Баспаға дайындап жүрген кітабымның қолжазбасын тапсырғанмын. Соған енді өзің ие бол.

Осыдан кейінгісі өн мен түстің арасындағы бірдеме – Абат қайта-қайта асықтырған, ақырып-жекiрген үшеудің жетегінде үйден шығып жүре бергенде, орындыққа сылқ етіп құлай кетті. Аңырап отыр, жападан жалғыз құлазып отыр.

Зобалаңосылай басталды. Иесінен айырылған шаңыраққара жамылды, қайда барса да өгейсіген, салқын тартқан өңкей бір сұрқай көзқарас. Халық жауының әйелі деп қашқақтайтындар табылды. Бірі қаракан басының қамы үшін сырт берсе, бірі көзге шұқыды, табалағаны қарс жабылған қабағынан танылады. Бұдан аз-ақ бұрын базарлатып жататын, кісі үзілмейтін үй аз ғана күнде құлазып сала берді. Абат көпшіл еді, жолдастары да жыртылып айырылатын. Солардың ішінен қиналған шақта Әбділдә Тәжібаев қана хабарласты. Онда да іздеп келген жоқ, телефон шалған.

– Зағыш, бәрін естідім. Қайғына ортақпын, – деді. – Қолымнан келетіні тілеулестігім ғана. Басқаға шама жоқ, айып етпе.

Оған сонда не айтқаны есінде жоқ. Бәлкім бірдеме деген шығар. Бәлкім телефон тұтқасын ұстап мәңгіріп тұра берген болар. Әйтеуір Әбділдәнің қамқор үнін аз да болса сүйеу көргені анық. Көп жолдастан адал біреуі қалса да дәтке қуат екен. Енді ширығу керек, алысу керек, әділетке жүгіну керек.

Ашпаған есік, сығаламаған саңылауы қалған жоқ. Жоғары орындағылардың көбіне жолықты, кіре алмағандарына телефон соқты. Өлдім-талдым дегенде Абатпен кездесуге рұқсат алды.

\* \* \*

Арада төрт-бес күн өткенде Абатқа шешесі барып қайтты. Есіктен кіре сала аңырай жығылды:

– Қарағым-ай, қажытқан екен ғой. Ұрады екен ғой, – деп еңіреді.

– Не айттыңыз? Ұрғаны несі? – деп түршікті бұл. Қария естігенін көз жасына булығып отырып зорға жеткізді.

– Мен көре сала бас салдым емес пе, күзетшінің айғайына қараған жоқпын. Сонда құлағыма сыбырлады. Ұрып-соғады деді. Аяуды, рахымды білмейді деді. Тұла бойы тұлып болып ісіп кетіпті.

Зағыпидың жүрегі аузына тығылды. Жер-көк шыр айналып бара жатты.

Тағы да кеңседен кеңсе қоймай зыр жүгірді. Әрең дегенде Абатқа екінші рет жолықты. Ол айналасы жарты айдың ішінде қатып-семіп қалыпты. Тірі аруак дерсің.

– Не кінә тағады? – деп шырқырады Зағыпи.

– Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың кітаптарын басып шығарғанымыз үшін жазғырады, – деді Абат. – Халық жауларымен солай ниеттес болыппын. Оларды елге, партияға қастық ойлайды деу ақылға сия ма. Тексерер, ақ-қарасын айырар.

Жанарында болымсыз үміт сәулесі бар. Зағыпи да түбі бір жақсылық болатындығына сенуге тырысты. Бірақ жүректі жайлап алған үрейлі күдік сая таптырмайды. «Осы келуім

Абатты соңғы рет көруім болып жүрмесе нетті» деген қорқыныш тұла бойын қалтыратты.

### Түрмедегі тірі жесірлер

Қазақ АССР-і Орталық Атқару Комитеті аппаратындағы бастауыш партия ұйымының жабық жиналысы жүріп жатыр. Секретарь Колодинаның сөзі түйеден түскендей.

– Коммунист жолдастар, өздеріңіз жақсы білесіздер, Зағыпи күйеуі Абат Әділбаев «халық жауы» екені дәлелденіп, тиісті жазасын алған соң, Қазақ өлкелік комсомол комитетіндегі қызметінен шығарылып, КазЦИК-ке референт етіп жіберілген болатын. Ол осындай аса күрделі жағдайда, күйеуінің қателігінен тиісті қорытынды шығарудың орнына, Орталық Комитетке қайта-қайта барып, жолдасын ақтамақ болды. Саяси қырағылық танытпады. Таяуда «Казправда» газетінде оның осы әрекеті әшкереленді. Меніңше мұндай соқылдақ коммунистің қателігі қатаң айыпталуға тиіс.

Айтқандары сүйектен өтіп барады. «Казахстанская правда» газетінде шыққан мақаланы бетке ұстап, тұқыртып жатыр. Зағыпи ақталудың қиын екенін білсе де, аяғына дейін күресуге бекініп, іштей тынған. Ұйымда есепте тұратын Әліби Жанкелдин, Сейітқали Меңдешев, Елтай Ерназаровтың біреуі араша түсер, қорғар деп те үміттенеді. Қайдағы біреудің баспасөз бетінде мұны дәлелсіз қаралағаны оларды иландырмауға тиіс қой.

Бірақ ешкім тіс жаратын емес. Колодинаны үнсіз тыңдайды, қарсы уәж айтуға батпайтын сыңайда төмен қарап, қыбырсыз отыр. Ал секретарь үдеп барады.

– Зағыпи біздің ұйымда есепте тұрғаны үшін кінәлі емеспіз. Алайда оның кім екенін осы күнге дейін білмей келгеніміз дұрыс болмаған. Қырағылық таныта алмадық. Ол болса, ештеңені мойындайтын емес. Халық жауы екені анықталған күйеуін әлі қорғайды. Оған жолығу үшін КазЦИК-тің теле-

фонын, беделін пайдаланған. Ал мұндай адам қалайша коммунист бола алады. Шешім біреу – партия қатарынан шығару керек.

– Өзі не айтар екен, – деді біреу.

Зағыпи орнынан тұрды, барынша сабырлы сөйлеуге тырысты. Партияның алдында ешқандай кінәсі жоқ екенін, осы уақытқа дейін ақ ниетімен адал еңбек еткенін мүмкіндігінше дәлелдеп бақты.

Бұл жолы да өзін костаушы табылған жоқ. Асқар таудай ағаларына жаны қыстыға қараса, олар көзін алып қашады.

Енді күдері үзілейін деді. Шынымен-ақ бүгін, дәл осы жерде партия билетінен айрылғаны ма?

Секретарьдың даусы бөлме ішін жаңғырықтырғандай. Әр сөзі тікендей қадалады.

– Дауысқа саламын. Партия қатарынан шығарылсын дегендеріңіз...

Жалт етіп Әліби ағасына қарады. Ол қырын бұрылған күйі қолын көтерді. Сейітқали, Елтай – екі арыс та солай.

– Бітті! – деді көкірегі қарс айрылып. Әрі жасып, әрі ашынып айтты.

\* \* \*

Бұл октябрьдің 5-і күні болған оқиға еді. Келесі жылдың сәуір айында наркомсовхозда техникалық секретарь болып жүрген Зағыпи қамауға алынды. Бұл Абаттың атылғандығының белгісі еді. Өлім жазасына кесілгендердің әйелдері тегіс түрмеге жабылатынын білетін. «Бақыл бол»- арысым деп егілді абақтыда отырып.

Мұнда жатқандардың біразы таныс. «Лениншіл жас» газетінің редакторы Зарап Темірбековтың әйелі Сақыпкәмәл, Қайсар Тәштитовтың жұбайы Сағадат, Бейімбеттің Нұржамалы көзіне оттай басылды. Бәрі ерлерінен айырылғанын біледі. Олардан күдер үзген, ендігі сарыуайымы -балалары. Үш әйел үш жақтан күндіз-түні зарлайды.

Жазықсыз жетімдер қай жерде, не күйде жүргенін білмей көз жастарына тұншығады.

Зағыпидан кейін бір қарасұр әйел келген. Есіктен кіре еңіреді. Ұсталған күйеуін жазғырады. «Түбі осылай боларын білгенде, күні бұрын елсіз қу далаға неге апарып тастамадың. Балаларыңды шөп жұлып берсем де өлтірмейтін едім ғой» – деп аңырады. Басын тауға да, тасқа да соғады.

Оны жұбататын тірі пенде жоқ. Нұржамалдар қосыла боздайды, түрменің іші көп әйелдің төбе құйқаны шымырлатқан, қабырғаны қайыстырған азалы үнімен күңіреніп, жарық дүниеден бездіреді, қайран ана қайғымен қажиды.

Бір күннен кейін көрге де үйренесің деген ғой. Қарасұр әйел есін жиған сәтте бұл таныспақ болды. Есімі Раушан екен. Күйеуі жеңіл өнеркәсіпте ірі қызмет істеген, ұсталғаннан бері хабары жоқтығын айтты.

Түрменің тәртібі қатал. Тағам, күтім туралы ойлаудың өзі күнә. Үш мезгіл – таңертең, түсте және кешке бір күрешке су береді. Ас дегеннен ұсынатыны бір тәрелке жуынды. Ішсең еркін, ішпесең мейлін.

Ағайын-туыстан күдерүздірген, ешкіммен жолықтырмайды, сәлем-сауқат та алғызбайды.

Түрмеге түскелі үшінші айға қарағанда әйелдердің тісі түсе бастады. Аш адам ісінгенде тістің түбі босап қалады екен. Өңшең ардақты азаматтардың аяулы жары болған Нұржамал, Сақыпкәмәл, Сағадаттар адам аяйтын халде. Шүңірейген көздердің тереңінен азаптын табы білінеді. Сорлылар сонда да «Балаларым-ай, балапандарым-ай!» – деп аһ ұрады. Өлімнен қорықпайды, перзентінің тағдыры үрейлендіреді, сәби үшін арпалысады.

Зағыпи да титықтаған. Нұржамалдарға қарап отырып, өз ойынан өзі шошиды. Бұлар балаларын жоқтап жүріп жынданып кетпесе жарар еді. Тек содан сақтасын.

Бәрі ертелі-кеш толып жатқан орындарға, Алматыдан бастап Москваға дейін хат жазады. Айтатындары, өтінетіндері, бір-

ақ нәрсе. Балаларының хабарын айтуды сұрайды. Камераның есігі ашылса, жығыла-сүріне ұмтылады. Кіріп келген күзетші ақырып кері қуады. Оған құлақ асатын бұлар жоқ.

– Жауап бар ма?

– Неге хабарын айтпайды?

– Балаларды бізбен бірге қамасын! Бөле көрмесін! – деп шулайды.

– Молчать! – деп тепсінеді күзетші.

– Молчать! – деп күркірейді тас түрме.

Осындай сор татыған жылымшы күндер еңсені езіп сылбыр жалғасып жатты. Бір күні Шабал Бейсекова мен сіңілісі Дариға келді. Шабал Сәкен Сейфуллиннің інісі Мәжиттің үйінде жүретін, кейін Әбділдә Тәжібаевтің қолында тұрды. Сірә, сол кісінің бір көмегі болған шығар. Оны сұрап жататын күй қайда, тілдесуге берген қас қағым уақытта қант пен чеснок жеткізуін, қалайда қолға тигізуін айтып үлгерді. Тісі түсе бастаған адамға қант, чеснок бірден бір ем екенін түрмедегі орыс әйелдерінен естіген.

Одан кейін Нұржамалдардың көп хатына жауап келді. Үш адам (біреуі әйел) келіп хабарлады.

– Майлина! – деді біреуі.

– Мен, – деп орнынан тұрды ол.

– Төрт балаң төрт жақта. Олар бір жерде болмауы керек. Нұсқау сондай.

Нұржамал сілейіп тұр, өні қуарып барады.

– Қанағаттандың ба? – деп сұрады әлгі. – Балалар үйінде олар өлмейді, жетісе де қоймайды. Керегі сол болса, енді елді мазалауды доғар.

Нұржамал жан даусы шығып шыңғырып жіберді де, тас еденге гүрс етіп құлап түсті.

– Әкет! – деп ақырды жаңағы жендет. – Карцерге қамандар!

Біреуі серейіп талып жатқан әйелге қарай жүрді. Қазір дырылдатып сүйрей жөнеледі.

– Токта! – деп ұмтылды Зағыпи. – Тарт қолыңды! Нұржамалды бауырымен қорғап құшақтай жығылды.

– Бермеймін! Әкете алмайсыңдар! Басқа әйелдер де өре тұра келді.

– Жарайды. Осылай сілейіп жата берсін, – деді балалардың хабарын айтқан жендет. – Қатындармен төбелесетін жайым жоқ.

\* \* \*

Арада тағы біраз уақыт өтті. Әйелдер балаларының тірі екенін естіп, соған шүкіршілік еткен сияқты еді, бірақ бұл алдамшы сабыр екен. Ұзамай-ақ олар гөй-гөйге қайта басты. Жетімдер үйінде қандай күтім болсын, әрі «халық жауының» үрім-бұтағын әркім бір көзтүрткі қылады ғой. Бәрі соны ойлап күрсінеді, алда-жалда көздері ұйқыға кетсе, түсінде ылғи балаларын көретін болуы керек, аттарын атап, түнімен аласұрып шығады.

Өредікте өздерінің ендігі күні не боларын сөз етиседі. Ондай кезде үміттен гөрі сарыуайым басым түсіп жатады. Күйеулері сияқты бұларды да бір күні атып тастауы әбден мүмкін ғой. Түрмеге түскендеріне, міне 4-5 ай болды, тірі жан жауап алмайды, тергеуші шақырған да, келген де емес.

Сөйтіп мәнгүрт хал кешкен жетім-жесір күндердің бірінде камераның есігі ашылды, үш адамның төбесі көрінді.

– Бәрің де орындарыңнан тұрыңдар! – деген дауыс естілді. «Қиямет қайымнан құтылатын күн жеткен шығар,- деп ойлады Зағыпи.

– Мыналар дәу де болса, үкімді естіртуге келді, не айтар екен, бұйырғаны өлім бе, өмір ме?».

– Дұрыстап тыңдандар, – деп ер адам алға аттап түсті. – Майлина Нұржамал сегіз жылға кесілді. Тәштитова Сағадат, – оған да сегіз жыл. Зағыпи Тінәлина – үш жыл...

## АЛЖИР

Талай ауыртпалықты бастан кешіріп, Ақмола топырағына да аяқ басты. Туған жеріне азаматтық азаттығынан айырылып, қарулы күзеттің айдауында оралса да, қайран Есілдің кәусәр ауасымен кеуде кере еркін бір тыныстағанға не жетсін. Лагерь де қаладан алыс болмай шықты. Қараөткелден 30 шақырымдай жердегі Жалаңаш көлінің түбінде екен. Ұзыннан салынған аласа барақтар, әр жерде зорайған қарауыл мұнаралары, сидан жазық дала, ала бұлттанған өңсіз аспан, – мұның ендігі мекені осы болмақ.

– Жеттім-ау, – деді жанары жасаурап.

– Бұған да шүкіршілік, – деп күрсінді Дәмеш.

Мұнда да кілең тірі жесірлер. «Отанын сатқандар» әйелдерінің Ақмола лагеріне (Акмолинский лагерь жен из-менников Родины), немесе қысқаша АЛЖИР деп аталатын жаза өтеу орнына еліміздің түкпір-түкпірінен айдап әкеле берген. Грузия, Армения, Украина, Қиыр Шығыстан жеткізілген тұтқындар не үшін осындай қасірет шеккендерін білмей сандалды.

Солармен араласа келе лагерде 1918 жылдан партия мүшесі, азамат соғысы кезінде армия, фронт қолбасшысы болған, кейін ВКП (б) Орталық Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі, 1937 жылғы 11 майға дейін СССР Қорғаныс халық комиссарының бірінші орынбасары Михаил Николаевич Тухачевскийдің әйелі бар екенін естіді. Грузия Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі ретінде кезінде Сталиннің «соғыс коммунизмі» тәртібіне ашық қарсы шығып, бұл саясаттың Закавказье халқына түрпідей тигенін РКП(б) Орталық Комитетіне екі рет хабарлаған, оны батыл айыптаған Филипп Махарадзенің қызы Тамарамен, атақты әнші Людмила Руслановамен танысты. Осында Сейітқали Мендешевтің әйелі Рәзияны жолықтырды.

Бұлар келгенде лагердегі тәртіп қатайған кез екен. Оған «арнаулы» (спец) деген ат тағыпты. Ұзынқұлақтан мұндай әйелдер лагері Совет Одағында екі жерде ғана бар екенін, бірі осы «АЛ-ЖИР» болса, екіншісі Горький қаласынан қырық шақырымдай қашықтықтағы Темниковский мекенінде құрылғанын естіді. Тұтқындардың саны алты мыңға жуықтайды. Кейін үш жарым мыңдайы қалды. Москвадан комиссия келіп, лагердегі жағдайды көрген соң, әйелдерге жұмыс істеуге рұқсат берген. Олардың қандай мамандығы бар екені анықталып, қайсыбірін сыртқа жұмысқа алып кетіп жатты. Тұтқындардың арасынан арнаулы білімі бар 125 дәрігер, 400 медсестра, 350 пианистка табылды. Басқа да кәсіп иелері жетерлік.

Осы шаралар лагердегі өмірді едәуір өзгерткен. Жұмыс істей бастаған соң, уақыт сағыздай созылып тұрып алмайды. Ауыр болса да еңбектің аты еңбек, килы-килы ойлардан, қайғы-уайымнан, жанды жеген күдік пен үрейден арашалайды. Екінші жағынан өзінді өзің асырағаның, масыл болмағаның дәтке қуат. Ал лагерь қарауылдары бұларды қорлағанда «сатқындар», «халық жаулары», «опасыздар» тәрізді мірдің оғындай шаншу сөздерге «арамтамақтар» деген айыпты қосып қорлайтын. Енді одан құтылатын кез туды.

Әуелі ірі қара мал әкелінді, ұмытпаса 250-дей сиыр болды. Ал жазға қарай 5 мың гектар жерге бидай септі, тігін цехы құрылды. Жұмыс барлық салада шаруашылық есеп жүйесі бойынша ұйымдастырылды. Норманы орындасаң, күнделікті 500 грамм наныңды аласың, белгіленген межеге жетпесең, үлесің не азаяды, не құр қол қаласың. Еңбекке жарамдылар лагердегі ырысынан айырыла қоймайды, әлсіздерге қиын. Сол кезде жасы елуден асқан Рәзия Меңдешева, егер сәті түсіп асханада істемегенде, қара жұмысқа шыдай алмай, тамақтан тарығып өлер ме еді, кім білсін. Ол бұларға қарағанда егде әрі қауқарсыз болатын.

Осы бір жаны жайсаң, шамадан тыс көңілшек, екі дүниеде алдау мен қулық дегенінді білмей кеткен жасамыс әйел Зағыпиды қызындай көріп, қолдан келген жақсылығын аяған жоқ. Бұл даладағы шаруадан қажып келіп, сабан төсекке құлағанда, жамбасының астынан бір түйір нан әруақытта табылатын. Оны алдын ала Рәзия апай жасырып қояды. Соны ұрлана алып, түн баласында талғажу етеді. Ал ол кісі жанында отырып үнсіз егіледі.

Осындай бойкүйез шақта әйелдерді сағымға айналған естелік желеп- жебейді. Күйеулерінің есімдері бұған дейін бүкіл елдің аузында болып келген, Сталинді көру «бақыты» бұйырған кейбір сорлылар Кремльде кімдермен кездескенін, Ворошилов, Буденный, тағы басқа жайсандармен қалай тілдескенін, оларға туған күндерінде нендей сый тартқанын елтіп отырып әңгімелейді. Сонда мұның көз алдына Левон Исаевич Мирзоян, Қайсар Тәштитов, Сәкен мен Бейімбет, әрі Абат келеді. Бүгінде олар жоқ шығар бұл өмірде, атылған болар. Рәзия апай да Сейітқалиды енді ешқашан көре алмас. Дәмештің Темірбегі де тірі деймісін?

Ал АЛЖИР-де жағдай мәз емес. Балалы әйелдерге тіпті қиын. Алғашқы кезде олар екі-үш жастағы сәбилерін бауырында ұстады. Нәрестең құшағында жүргенде, қайғың да орта. Бірақ бұл «кеңшіліктің» шегі бар екен. Бала төрт жасқа толса, қарауылға басы бүтін беруге міндеттісің. Ол тірі жетімді Осакаровкадағы балалар үйіне жөнелтеді. Жаман хабар жата ма, онда «сатқындардың» үрім-бұтағына жаны ашитын пенде жоқ, көбі өліп қалады.

Сол жылы Арканың күзі ерекше зәрлі болды. «Жұт жеті ағайынды» деген сөз тәрізі рас шығар. Киімі жұқа, жарты құрсақ тұтқындар суық желдің өтінде дірдек қағады. Мал жайлай жүріп, арасында отын дайындауға барғанда, тісің-тісіне тимей безектейсің. Ал пешке жағатының, – Жалаңаш көлінің қамысы. Лагерь басшылары әредік әйелдерді сапка тұрғызып, солай қарай айдайды. Алды-артың қарулы күзет, қарғыбауын

үзердей болып, жұлынған арс-арс аласұрған қабаған ит. Алда-жалда босанып кетсе қасқырдай талайтыны анық.

Көлге жеткен соң әйелдер қамыс оруға кіріседі. Әлі қатып үлгермеген жұқа мұз гүрс-гүрс ойылып, ызғарлы суға жалп-жалп құлап жатады. Әуелі қол-аяғың мұздайды, өне бойың тікен қадалғандай тітіркенеді, бара-бара жансызданып, сүйектен өткен салқынды сезінуден қалады. Тырнақтың көбесіне дейін көгеріп, көл жалдап жүріп қалтырайсың.

Сол кезде әйелдер үшін бұдан өткен азап болған емес. Жалаңаш көлінің күзгі мұзды суы талайлардың ғұмырын қысқартты. Қазірде Целиноград құс өсіру жөніндегі бірлестікте тұратын, қарғыс атқан сол жылдары АЛЖИР-дің дени-тәрбие жұмысы жөніндегі инспекторы болған, әкесі репрессияға ұшырап, өзі де «халық жауының» бөлтірігі атанған, ал шешесі осы лагерде тұтқында ұсталған Константин Владимирович Шубриковтың сөзімен айтсақ, қазіргі Малиновка селосы (АЛЖИР орналасқан жер) жүздеген мүрденің үстінде тұр. Оның асты самсаған қабір, жазықсыз жапа шеккен, тұралап өлген әйелдердің қабірі.

– Әр таңда лагерде өз еркімен жалданған шал жерге брезент палатканы жайып, оған өлі денелерді үйетін де, арбаға тиейтін, – деп еске алады ол. – Жерлегенде марқұмның сол қолына номері жазылған тактайшаны байлайды. Одан кейін басына әлгі сан көшірілген қада қағады. Мәңгі тыныштыққа аттанған жанның кім екенін содан білесің.

– Саяси тұтқындарға ешқандай кешірім болған емес. Олардың барақтарындағы старосталар өңшең баскесерлерден тағайындалатын. Бұлар 20 не одан көп мерзімге сотталған, адамшылық рухын біржола жоғалтқан, өздеріне де, өзгелерге де жексұрын ұрықарлар еді, – дейді К.В. Шубриков. – Соларды саяси айып тағылғандарға қасақана айдап салатын. Енді бәрін де ашық айта алатын болдық қой. Неге жасырайын, ұрып-соғу да болды, ар-намысын қорғаушылар табылса, пұшайман күйге түсіретін, әдейі жасалған азап көйлегін кигізу жазасы

да қолданылды, суық карцер де пайдаланылды, қолға кісен де салынды.

Міне, АЛЖИР-дің ақиқаты осындай еді. Зағыпи мен Дәмеш, Рәзия куә болған ащы шындық-ты. Оны қалай ұмытсын. Сол мехнат пен бейнет, сүйектен өткен зәбір, еттен өткен қорлық еске түскен сайын 1937 жылы құрбан болған ардақтылардың бейнесін көңілде қайта жаңғыртады. Қатпар-қатпар тарихтың көз жасы сіңген, сораңытқан бір парағы болып аударылып түседі. Ал тарихта үшті-күйлі жоғалатын, айтылмай кететін ақиқат жоқ.

Осындай шықпа жаным шықпа дегізген сұрқай күндер талмаурап барып қырқыншы жылға ілікті. Сотталған мерзімі басқаларға қарағанда аз, жастау әйелдерді, лагердің басқа бөлімшелеріне жөнелте бастады. Зағыпи солардың бірі болып Қарағанды қаласының жанындағы Долинкаға келді. Бұл Қазақстандағы барлық лагердің орталығы еді. Осы арада қыстап шыққан соң, жазда Майөзекте шөп шапты. Қосшоқыдағы тоғанды салуға қатысты. Экспедитор да болды. Содан 1941 жылдың 10 апрелінде үш жылдық жазасын өтеп, Ақмола қаласына келгенге дейін ауыртпалықтың қандайына болса да төтеп берді.

\*\*\*

АЛЖИР мен КарЛаг жайында ұзақ айтуға болады. Осы екі азап лагері арғы идеологиясы Карл Маркстен басталып, Валадимир Ленин жүзеге асырған коммунистік диктаторлық режимнің тарихындағы жан түршігерлік қаралы жылдардың белгісі. Отанын сатқандар әйелдерінің Ақмола лагері атанған жазалау жүйесі бұрын-соңды әлемнің ешбір елінде, тіпті сонау қатыгез инквизация заманында да болған емес. Жауыздық пен айуандықтың кез-келген түріне рұхсат етілген, ана мен баланың азабынан рахат тапқан режимнің кескін-келбетін танығың келсе, осы АЛЖИР-дің тарихымен таныс.

КарЛаг-та 1933 жылы – 20976, 1934 жылы – 19293, 1936 жылы – 11062, 1938 жылы – 10776, 1939 жылы – 12079, 1940

жылы – 13085 әйел болған екен. Егер олардың саны біртіндеп кемісе, босап шыққандардың есебінен азаймаған, атылған, өлген.

АЛЖИР-де нақты қанша әйел жапа шеккені туралы деректер әртүрлі. Осы тамұқта болған, лагерден Никита Хрущевтің тұсында босаған әйелдердің және сонда қызмет еткен кейбір әскерилердің айтуы бойынша 7 мың адам ұсталыпты. Бұлардың бәрі И.Сталин ерекше қауіптенген саяси қараткерлер мен өнер, ғылым иелерінің әйелдері еді. Оларды тұтқындарды ұстау тәртібі жеңілдеу болған басқа лагерлерде көпке араластырып жіберуден сескенген. Ал ерекше қауіптілердің әйелдеріне жаза да ерекше болуға тиіс. Олар сақылдаған сары аязда қамыс орды, жер қазды, мал бақты, сәл қателігі үшін соққыға жығылды. Өңділері зорланды, тастай қараңғы қарцерде суықтан, аштықтан әбден азып-тозды.

Осындай жан төзгісіз қорлықтан құтылудың жолын іздегендер соғысқа сұранды, өздеріне өздері қол салды. Мұндайлар Украинадан келген әйелдердің арасында жиі кездескен. Олардың көбі Ақмоланың үскірігіне шыдай алмай көз жұмды.

Қайғыдан ақылынан адасқан аналардың ішінде Мирзоянның әйелі, Хадиша Мусина, Шолпан Юсуповалар болған. Сәкен Сейфуллиннің жары Гүлбаһрам жас баласы Аянның өлі денесін жендеттерге бермей үш күн бауырына басып отырғанда өліп тірілген.

\* \* \*

Ақмола лагеріне этаппен көптеген атақты орыс ғалымдарының да әйелдері әкелген. Оларды мұнда көп тұрақтатпай бөлек ұстайды да алып кетеді. Сол ғалымдардың арасында есімі әлемге әйгілі Андрей Николаевич Туполев те бар еді. 15 жылға сотталған ол профессорлар К.И. Страхович, П.И. Орлов, П. Жуковпен бірге турбореактивті двигательдің теориялық негіздемесін жасайды. Майқұдықтағы құс фабрикасында экономист болады.

30-жылдарда бүкіл одақ білген көрнекті биофизик, Нобель сыйлығы жөніндегі комиссияның мүшесі А.Л.Чижевский КарЛагтағы шағын лабораторияда шахтерлерді тозаңнан қорғайтын маска ойлап тапты. Теріс зарядты ионның кеншілердің денсаулығына оң ықпал ететінін анықтайды.

Осындай беделді ғалымдармен бірге КарЛагта қазақтың ғалым инженері Жармұхамед Төленов те тұтқында болды. 1942 жылы Москвадағы кен академиясының түсті металдар факультетін бітірген соң М.Калинин атындағы алтын институтын тауысқан ол 1940 жылға дейін лагердің барлық қиындықтарын бастан өткеріпті.

Аталған көрнекті ғалымдардың талайы өздерімен бірге ұсталған әйел-балаларымен қайта қауышқан жоқ. КарЛаг пен АЛЖИР олардың мына жарық дүниедегі қиямет қайымына айналды. Сан мыңдаған ананың, бейкүнә сәбидің көз жасына суарылған сол келмеске кеткір жылдар ақиқаты әлі де ашылар. Біздер естіген, жазған дүниелер Сталин режимі қатыгездігінің бір парасы ғана.

## **79-дың ҚАЙСАР МАУСЫМЫ. ЕРЛІК ОСЫЛАЙ ЖАСАЛДЫ**

1979 жылғы 16 және 19 маусым күні Целиноград қаласының Ленин атындағы орталық алаңына мыңдаған адам жиналып, қазақ жерінің бөлінбейтінін, ешқандай автономияға жол жоқ екенін батыл мәлімдеді. КПСС орталық комитеті саяси бюросының Қарағанды, Ақмола, Павлодар, Көкшетау облыстары түйісетін Ерейментау өңірінде неміс автономиясын құру жөніндегі шешімін бұзғызды. Бұл Кеңес одағы дәурен сүрген ұзақ жылдарда коммунистік партия көсемдерінің алған бетінен алғаш рет қайтуы еді. Осындай ұлы ерлікті жергілікті тұрғындарының үлесі 17 пайыздан аспайтын Целиноград қаласының қазақ жастары жасады. Киелі Ақмола

– Қараөткел топырағында Алаш рухы тұңғыш жеңіске жетті. Халықтың ұлттық намысы оянды, ел тарихи қаһармандығын қайта тапты.

Ерлік, оның ішінде халықтың көкөрім өрендері жасаған ерлік ұлт тарихында ерекше орын алуға, мақтан етілуге тиіс. Алайда, салыстырмалы түрде алғанда, күні кеше болды деуге саятын осы қаһармандық бүгінде айтылмайды. Оның қазақ тәуелсіздігіндегі ықпалы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына әсері жайлы не тарихшылар, не саясаттанушылар тиісінше мән бермей келеді.

Ұлт қаһармандығының шежіресіне алтын әріппен жазылуға лайық осы ерлік қалай жасалып еді?

Бұл сауалға алғаш академик Манаш Қозыбаев 1993 жылы жарық көрген «Қазақстан тарихы» атты жинақта жауап беруге тырысты. Оқиға қысқа баяндалып, мәселенің саяси-тарихи астарлары терең қамтылмады. Ереуілдің мән-жайы 1998 жылы жарық көрген «Познание себя» деген еңбекте алғаш рет жан-жақты ашылды. Нақты деректерге толы осы туындының авторлары Амантай Кәкен мен Мұқаш Омаров кезінде мемлекеттік қауіпсіздік органында қызмет істегендіктен, көптеген құнды мәліметтерді пайдалана алған. Сол дәйектерге және өз тарапымыздан іздестірген деректерге сүйене отырып, Ақмола жастарының ерлігі жайлы әңгімелеуді 79-жылдың өрендері алдындағы парыз санадық.

\* \* \*

Волга бойындағы неміс республикасының Ұлы Отан соғысы басталған тұста таратылғаны белгілі. 1941 жылғы 28 тамызда КСРО Жоғарғы кеңесі президиумының жарлығымен Еділ бойындағы немістер Қазақстанға жер аударылды. Мұндай шешімнің неге қабылданғаны түсінікті еді, ал соғыс жеңіспен аяқталған соң олардың байырғы қонысына қайта оралуына рұқсат бермеу іштей де, сырттай да қарсылық туғызды. Неміс ұлты өкілдерінің өтініштері мен наразылығына партияның

орталық комитеті назар аударған жоқ. Бұрынғы автономия орналасқан жерге ел тығыз қоныстанғандықтан, оны қалпына келтіру мүмкін емес деген сырғытпа жауап берумен болды. Неміс тілінде «Фройдшафт» газетін ашып, басқа да мәдени шараларды жүзеге асырып, іс осымен тындыға санады.

Бір емес, екі бірдей мемлекеті бар неміс жұрты енді мәселені төтесінен қойды. 1972 жылы «Шет елге кететін немістер бірлестігі» деген жасырын ұйым құрылды. Аталған ұйымға Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан мен Балтық жағалауы елдерінде тұратын диаспора өкілдері басшылық жасады.

Немістердің осы батыл қадамы жайлы А.Кәкен «Ақмоладағы ереуіл қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалды» атты мақаласында былай әңгімелейді: «Совет елінің солақай саясаты немістердің жаппай шет елге қоныс аудару қозғалысын туғызды. Бірақ билік әртүрлі сылтау тауып, оларды мүмкіндігінше жібермеуге тырысты. Мұндай текетірес көпке созылмай, бір тоқтамға келуі қажет еді. Солай бола тұрса да бірде бір мемлекеттік орган мәселені кешенді түрде шешуге кіріспеген соң партияның орталық комитеті мұндай «құрметті» КГБ-ге тапсырды. Бірақ оның құрамындағы барлық басқармалар әртүрлі сылтау айтып, ат-тонын ала қашты. Ақыры осы проблеманы зерттеу сол кезде жаңадан құрылған Ф.Бобков басқаратын 5-басқармаға тапсырылды.

Мәселе КГБ-ға неге тапсырылды екен?

1956 жылы КСРО Ішкі істер министрі Қазақстанда шешен-ұңғыш автономиялық республикасын құру қажет деген ұсыныс жасапты. Бірақ сол кезде оны жоғары жақ қолдамап еді. Партия көсемдерінің есіне сол түсті ме, кім білсін?

Нәтижесінде партияның орталық комитеті саяси бюросының 1976 жылдың 6 тамызындағы тапсырмасына сәйкес, арада екі жыл өткен соң, 1978 жылдың тамызында неміс мәселесін шешу мақсатымен Ю.Андропов бас болып бір топ ЦК мүшелері Целиноград, Көкшетау, Қарағанды, Павлодар облыстарының

бес ауданы есебінен Қазақстанда неміс автономиялық облысын құрайық (орталығы Целиноград облысының Ерейментау қаласы), ал мұның өзі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға елеулі ықпал жасайды деп партияның орталық комитетіне хат жолдайды».

Осы жолдарды оқығанда, егер 1956 жылы Қазақстанда шешен-ұнғыш автономиялық республикасын құру туралы шешім қабылданса, жергілікті ел қарсы шыға алар ма еді деген ой келеді. Дәл сол кезде, жұрт соғыстан соң оңала қоймаған тұста мұндай қадамға тойтарыс берілуі екіталай еді. Сталин қаһарының заһарынан айығып үлгермеген халық іштен тынуы мүмкін еді.

Аталған хатты партияның орталық комитеті мақұлдады. Қазақ Социалистік республикасының басшыларымен кеңеспестен 1979 жылы 31 мамырда Саяси бюро Қазақстанда неміс автономиясын құру туралы қаулы қабылдады. Д.Қонаев бұл қаулыны дайын күйінде алды. Цилиноград облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Е. Морозовқа бұл құжат Алматы арқылы емес, Мәскеуден тіке жетті. Осыдан-ақ республика жетекшілерінің КСРО көсемдеріне қаншалықты «кадірлі» болғанын көру қиын емес.

«Мәскеу неге Орталық Қазақстанды таңдады?» – деген сауал сол тұста жиі айтылып жүрді. Біріншіден, бұл өңірде орыс жұрты қалың, олар неміс автономиясына қарсы шықпайды. Екіншіден, аймақта немістер аз емес. Үшіншіден, өз жерінде азшылыққа айналған қазақтар бас көтеруге батпайды. Одақ шонжарлары осылай ойлады, сондықтан да алаңсыз болды.

Автономияның тез арада құрыла қоятындығына Қазақстанның бас көтерерлері де онша сенбесе керек. Қаулы қолына тиген Н.Морозов жалғасқан С Имашев те (республика компартиясы орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы), А.Коркин де (екінші хатшы) мұндай шаруадан бейхабар секілді жарытып ештеңе айтпайды. Олар шыныменен құлақтанбады ма, әлде сақтық жасап, үнсіз қалуды ойлады ма, ол жағы анық

емес. Ал Д.Қонаев қаулы КСРО Жоғары кеңесінің жарлығымен бекітілмегенін алға тартып, аптықпауды, сабыр сақтауды жөн көреді.

Шындығында бұл кезде автономия құру жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылып жатқан болатын. Маусым айының ортасында А. Коркин бастаған топ Целиноград қаласына жетеді. Топ мүшелері әр саланың министрлері еді. Мақсат – автономияның әкімшілік-ұйымдастыру жұмысын тиянақтап, басшы кадрларына дейін іріктеу.

Бұлар да жергілікті елдің қас-қабағына қарауды, ертең автономия жарияланғанда ахуал қалай құбылатынын ойлауды артық деп санаған. А.Коркинмен сол кезде жүздескен, онымен бірге Ерейментауды аралаған адамдардың бәрі топ мүшелері өздерін еркін ұстағанын, неміс автономиясы аймақтың ауыл шаруашылығын дамытатынын ғана айтумен болғанын еске алады.

Сонымен маусымда Ерейментау қаласының көшелерінде қара «Волгалар» қаптайды. Ел бұлар кім деп алаңдап, аудандық партия комитетінің үйіне құлақ түреді. Осында өткен бас қосуда бұл жортуылдың мәні ашылады. А.Коркин автономияның қай кеңсесі қай жерде орналасатынын талқыға салады. Аудан мекемелерін Еркіншілік селосына көшіріп, орынды босата бастау туралы нұсқау береді. Неміс автономиялық партия комитетінің бірінші хатшылығына сол кезде Краснознамен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Г.Браун лайық деп шешілгеніне дейін айтады.

Қазақстан үшін ғаламат шаруа тындырып жүргендей екіпіндеген топ осыдан соң ауданның басқа жерлерін аралап, Целиноград қаласында ат шалдырады да Алматыға қайтады. Жай қайтпай, Ереймен жері немістерге беріледі екен деген, желдей ескен суық хабарды таратып кетеді. Қазақтың көкірегі ояу, намысы бар азаматтары: «Бұл қалай? – деп елендейді. «Автономияға жер бермейміз. Қарсы тұрамыз! – деген жігіттер ауданның орталық алаңын төңіректейді.

Қайсыбірі жедел облыс орталығына аттанып, мәселені сол жерде анықтамақ болады. Қарбалас басталады.

Бұл кезде Целиноград қаласы да қам-қаракетсіз емес еді. Мен осы оқиға туралы алғаш инженерлік-құрылыс институтында оқитын балдызым Мұрат Жүндібаевтан 15-маусым күні кешке естідім.

– Ертең орталық алаңға шығамыз. Ерейментауда неміс автономиясын құруға қарсы боламыз, – деді ол.

Төбеден жай түскендей болды.

– Не айтып тұрсың? Қайдағы автономия? – дедім аңтарылып.

– Біздің жігіттерге сондай хабар жетіпті. Алматыдан ЦК-ның хатшысы бастап келген комиссия Ерейментауда болыпты, – деді ол. – Енді автономияның құрылғанын ресми жариялау ғана қалған. Соның алдын алып, ереуілге шығуға барлық студенттер бел буып отыр.

Ой сан-саққа жүйткіді, не істерімді білмей дағдардым. Мұндайда кіммен ақылдасып, кімге сенесің. Егер араласып жүрген азаматтарға хабарласып, мынандай қысылтаяң жағдайда қандай әрекет жасау керек екенін кеңеспек болсаң, олардың обкомға жүгірмесіне кім кепіл?!.

Әрі толғанып, бері толғанып, бір подъезде көрші тұратын қалалық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Қуаныш Ахметбековке бардым. Менімен түйдей жасты, ақжарқын, ер көңілді азамат еді, жақсы араласатынбыз. Бірдеңе білсе, жасырмас деп үміттендім.

Ол шетжағалатқан сауалдарымды түсінбеді. «Қалаға ЦК-ның хатшысы келіпті ғой, Ерейментауға да барған сияқты. Жай жүр ме екен?» – деген сұрағыма да мардымды жауап ала алмадым.

– Аудандарды аралап жүрген шығар, – деді де қойды.

Балдызымнан естігенімді ашып айта алмадым. Бір-ер оңтайландым да, егер Ереймен неміс автономиясына шынымен берілетін болса, жастардың қарсылығы арқылы сес

көрсетілгені дұрыс. Тападай тал түсте жерінді барымталап жатса, тұяқ серппей қалғаның сүйекке таңба. Естігенімді ішімде сақтайын. Кедергі келтіріп алып жүрермін деген байламмен кері қайттым.

Үйге келсем Мұрат кетуге оңтайланып жатыр екен.

– Жезде, ертең алаңға шыққандарды топырлатып қуып, шетінен ұстап жатса, іздеушіміз боларсыз, – деді. – Біз бүгін түнімен әзірленеміз. Осыны сізге әдейі айтуға келгем. Мен жеткізген хабар туралы ешкімге тіс жармаңыз.

– Тоқтай тұр. Ақылдасайық, – дедім. – Мына шешімдерің қатерсіз емес. Барынша ойластырылған әзірлік керек. Сенімен бірге барайын.

– Жоқ, – деді ол. – Сізбен ешкім сөйлеспейді. Енді оларды ешқандай үгіт тоқтата алмайды.

\* \* \*

Ертесіне жұмысқа ерте келдім. Қызмет істейтін жерім облыстық «Коммунизм нұры» газетінің редакциясы «Советтер үйі» аталып кеткен, облыстық партия және атқару комитеттері, басқа да мекемелер орналасқан орталық алаңдағы ғимаратта еді.

Бөлмеге енгелі терезенің алдындамын. Жетінші қабаттан алаң алақанға салғандай айқын көрінеді. Ленин ескерткішінің алдында үрмелі аспаптар оркестрі жайғасқан. Бүгін кәсіптік-техникалық училищелер күні болатын, қолдарына шоқ-шоқ гүл ұстаған жастар байқалады. Мойындарына қызыл галстук байлаған пионерлер жүгіріп жүр.

Сағат 10-ға таялғанда Москва қонақ үйі жағынан қалың колонна көрінді. Төрт, әлде бес қатар құраған ел үнсіз сап түзеп келеді. Міне, алды алаңға ілікті. Тастай түйілген өрендер қолдарына транспаранттар ұстаған.

– Неміс автономиясына жол жоқ!

– Қазақстан бөлінбейді!

– Қазақстандағы совет халқы ішкі шекарасыз өмір сүреді!

– Одақтас республиканың территориясы оның келісімінсіз өзгертілмейді!

– Халықтар достастығы жасасын!

Орталық аланды ел мен жердің намысы көріктей қыздырғандай. Не болса да көппен бірге көру керек. Жүгіріп төменге түстім. Октябрь (қазіргі Еуропа палас) кинотеатры жағындағы есік жабық, алдында қарауыл тұр. Сыртқа асхана арқылы шығатын есік те тас бекітілген. Оған да күзет қойылыпты. Бас қақпа жақта бір топ милиция қазықтай қағылған. Мен секілді ереуілдеген елге қосылмақ болған бірен-саран жігіттер олай ұмтылып, бұлай ұмтылып, салымыз суға кетіп кері қайттық.

Жұмыс бөлмеге жетіп, қайтадан терезеге үңілдім. Сырттағы дыбыс күшейткіш арқылы айтылып жатқан сөз айқын естіледі.

Жиналған жұртқа шыққан обком басшыларының бірі:

– Венадағы Л.И.Брежнев пен АҚШ президенті Картердің кездесуіне арналған митингіні ашық деп жариялаймын, – деді. (Оның облыстық партия комитетінің сол кездегі екінші хатшысы З.Шайдаров екенін кейін білдік).

Алаң құйын үйірген құрақтай толқыды.

– Ондай митингіні білмейміз! Неміс автономиясы бола ма, жоқ па, соны айтындар! – деген дауыс өктем естілді.

– Бұл әңгімені далада емес, ішке кіріп талқылайық, – деген сөзге көпшілік иліккен жоқ.

– Осы жерде, қалың елге шындықты жариялаңыздар! – деп тапжылмады.

Колоннаның алдыңғы жағынан екі адам суырылып шығып, обкомның хатшысына өздерінің талабын табыстады.

Бұдан әрі ереуілшілер мен облыс басшылығы өкілінің арасында қандай сөз қозғалғанын біле алмадық. Колонна сағат жарымнан соң сап түзеген күйі кері қайтты.

Советтер үйінің есіктері содан кейін де бірден ашылған жоқ. Ел аяғы суыған соң ғана сыртқа шыға алған біздер өрендерден

көз жазып қалдық. Түс ауа олардың сол беттерінде темір жол вокзалына, базар жаққа соғып, орталық көшелермен жүріп өткенін естідік. Құқық қорғау органдары тарапынан қысым болмапты деген хабар да жетіп жатты.

Неміс автономиясы туралы суыт хабар осылай әшкере болған соң гу-гу әңгіме көбейді. Л.И.Брежнев Венада 16-маусым күні АҚШ президенті Картерге КСРО-дағы демократияның жарқын жеңісі ретінде немістерге автономия берілгенін мақтанышпен мәлімдемек болыпты деген сөз шықты. Одақ басшыларын осындай қадамға Америка мен Батыс еріксіз көндіріпті дегендер де табылды. Ыза-кек кернегендер де аз болған жоқ. Егер автономия туралы шешім күшін жоймаса, басты бәйгеге тігеміз деп білек сыбанғандар көп еді.

Осындай толқымалы, толғақты күнде автономия жайлы бүкіл қазақ даласы естіп, барлық өңірлерден ел Целиноградқа аттанған екен, жолда тоқтатылыпты деген хабар да қыдырып жүрді. Ал қаланың ішін күдікті, сесті сезік шарлап кетті. Ежелгі Ақмола-Қараөткел өңіріндегі Хан Кененің ұлт-азаттық соғысы, кеңес қырғындары, қазақ халқына қай жағынан да ауыр тиген саяси және экономикалық науқандардың салқыны елдің жадында қайта жаңғырғандай еді. Халық жастардың ерлігі арқылы тарихи қайратын тапты. Ал жер де, жұрт та, бәрі де менікі деп келгендер сол жердің тарихи иесі кім екені туралы ойлануға мәжбүр болды. Қазақ халқы жайлы сөз қозғала бастады. КСРО секілді коммунистік қатал режимге құрылған қаһарлы империяның шешіміне ашық қарсы шыққан қаһармандық асып-тасып болғандардың мысын басып, одақ тарихында алғаш рет ұлттық намыс дегеннің не екенін паш етті. Бұл қазақ жастарының Ақмола топырағында жасалған ұлы ерлігі еді.

Өрендер 19-шы маусымда қаланың орталық алаңына қайта оралғанда, ұлттық сезімнің бәріне шүйліге кететін тың өлкесіндегі шамшыл шаһар тым-тырыс тынды. Бұл жолы

жиналған елдің алдына облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Н.Е. Морозовтың өзі шықты.

Колоннаның алдында Ұлы Отан соғысының ардагерлері тұр, кеуделері орден-медалдарға толған. Бірі ағаш аяқ, қолында Лениннің портреті, одан кейінгі қатарда емшектегі сәбиін кеудесіне қысқан жас ана, ақ жаулықты аналар.

Халық бұл жолы мәселені төтесінен қойды.

– Неміс автономиясы болмайтынын айт! Оған бәрібір жол бермейміз!

Н.Морозов күмілжіп, не дерін білмеді. Содан-ақ орталықтың автономия құрудан әлі бас тартпағаны белгілі еді.

– Ашығын айт! – деп қысты ел.

– Мәскеумен сөйлесіп жатырмын. Хабар тосып отырмын, – деп сырғақтады бірінші хатшы.

– Қазақстанның басшылары қайда? Олар не бітіріп жатыр? – деп шаншылды көпшілік.

– Олармен де байланыстамын, – деді Морозов, – сабыр сақтаңыздар, бір жауабы кешікпей белгілі болып қалар.

Соны айтып, жоғарыдағылармен сөйлесіп қайтуға рұқсат сұрады. Жиналған елге араға 15-20 минут салып оралды.

– Әлгінде ғана Қонаевпен хабарластым, – деді. – Автономия болмайды.

Алаң толы өрендер қуаныштан жарыла жаздады. «Уралаған», шаттанған, көл-көсір жадыраған жұрт теңіздей толқыды.

Ел тыншығып, сабасына түскен сәтте ортаға жас жігіт шықты. Халыққа алдын ала дайындалған үндеуді оқыды. Оның қысқаша мазмұны мынандай еді: «Егер одақ басшылығы халықты алдап, автономияны араға уақыт салып барып құруды ойласа, қарсылық бұдан да қатты болады. Біздер ұлтарактай жер үшін жанын пида еткен ата-бабаларымыздан ардақты емеспіз. Бәріне әзірміз!»

\* \* \*

Жастардың күдігі орынсыз емес-ті. КПСС орталық комитеті Саяси бюроның шешімі орындалмауына жеңіл-желпі қарай алмайтын еді. 19-шы маусымнан соң Целиноград қаласына компартия орталық комитеті ұйымдастыру бөлімінің сектор менгерушісі Ф.Мищенко мен КГБ генерал-полковнигі Ф.Бобков келеді. Олардың міндеті – автономияға қалайша қарсылық жасалды, оны кімдер ұйымдастырды, бұған неге жол берілді деген сауалдарға жауап табу болатын. Егер қарсылық халықтық сипатқа ие болмай, жеке-леген ұлтшылдар көтерген жастардың наразылығы екені анықталса, автономия мәселесін қайта қозғаудың жаңа жолдарын қарастыру да ойда бар еді.

Партия шабармандары әдеттегідей осы оқиғадан ұлт зиялыларының шовинистік пиғылын іздеп табуға ұмтылды. Ақмола топырағының тумалары, одаққа есімдері белгілі қайраткерлер Ж.Тәшенов пен С.Ниязбековтың есімдері аталды. Олар маусым дүрбелені қарсаңында Целиноградқа жасырын келіп, студенттермен жұмыс жүргізіпті деген сөздің анық-қанығы зерттелді.

Орайы келгенде айта кетейік, С.Ниязбеков қалада сол кезде болмаса да, жастардың автономияға қарсы бір емес, екі рет ереуілге шығуына Алматыда отырып басшылық жасапты, арнайы жіберген адамдары бәрін аса сақтықпен ұйымдастырыпты деген әңгімені біз де естігенбіз. Осы сөзді жетпісінші жылдары республиканың басшы қызметтерінде болған кісілер қазіргі күнге дейін айтады. Соған қарағанда бұл әшейін қауесет емес, ақиқат болуы әбден мүмкін. Шындығында да, Целиноград секілді тұйық қалада дәл сол тұста студенттердің ереуілді біз көзімізбен көргендей барынша тәртіпті, мейлінше жинақы әрі саяси сауатты өткізуінен бір беделді топтың ықпалы аңғарылатын еді.

Осының бәрін сарапқа салғанда, Қазақстан компартиясының орталық комитетін 1979 жылы кімдер басқарғаны

көз алдына келеді. Бірінші хатшы Д.Қонаев та, оның төңірегіндегі қазақ ұлтының өкілдері де республиканың дәл ортасынан неміс автономиясының ашылуын құптамайтыны анық. Димекеннің Жұмабай Тәшенов пен Сабыр Ниязбековке қарсылықты құпия ұйымдастыруды тапсыруы ғажап емес. Керісінше Ж.Тәшенов пен С.Ниязбеков Қонаевқа осындай өтінішпен шыққан да болар.

Мәскеудің атарман-шабармандары бұл орайда тыңғылықты жұмыс жүргізіп, қанша әрекеттенсе де республика жетекшілерінің қарсылыққа қатыстылығын анықтай алмаған. Обкомның бірінші хатшысы Н.Морозовпен, Краснознамен аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы А.Браунмен, Ерейментаудағы совхоз директорлары Д.Бурбах, А.Риммермен, Целиноград қаласындағы жоғарғы оқу орындарының ректорларымен сөйлеседі. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті жергілікті органының қызметкерлерін тыңдайды. Ақыр соңында автономияға қарсылықтың туындауына республика мен облыс басшыларының осы мәселеге жеңіл-желпі қарауы, оған тиісті саяси мән бермеуі себеп болды деген қорытынды жасайды.

Бұған тексеру жүргізгендерге Целиноградтағы ереуілге қатысқан студенттердің: «Бізді ешкім үгіттеген жоқ, өзіміз көтерілдік. Қазақтың жерін бөлшектеуге қай кезде де жол бермейміз. Қажет болса тағы да шығамыз. Ендігі қарсылық бұдан да ауқымды болады» – деген кесімді сөзі де әсер еткен. Автономияға наразылық бүкілхалықтық сипат алуы әбден мүмкін екендігіне мәскеуліктердің көзі жеткен. Дәл осындай тұжырым билікке тапсырылады. КПСС орталық комитеті енді асықпау керек, Д.Қонаев ұсынып отырғандай, қайта дайындық жұмыстарын жүргізіп, автономияның қажет екендігін халыққа түсіндіру үшін кең көлемді, жан-жақты әзірлік жасалсын деген байламға тоқталады. Неміс мәселесі осылай сиырқұйымшақтанып барып, 1980 жылдың 19-ақпанында саяси айналымнан аланып тасталады. Бұған Қазақстандағы

дер кезінде жасалған қарсылықпен бірге сол жылдары Герман демократиялық республикасында ФРГ-ға қосылу туралы қозғалыстың өрши түсуі де себеп болғанға ұқсайды.

\* \* \*

Целиноградтағы 1979 жылғы маусым оқиғасы туралы әңгімені осымен аяқтауға болар еді. Алайда ереуілге байланысты биліктің тарапынан жасалған әрекеттерге қатысты жазылған және айтылып жүрген жорамалдар жайлы шындықсыз сөзіміз жеріне жеткізілмес еді.

Мәскеуден және Алматыдан келген құқық қорғау орындарының жетекшілері алаңға шыққан жастарға оқ атуға дейін барыпты деушілер бұрын да болды, қазір де бар. Сол кезде обкомдағы түрлі кеңестер мен мәжілістерге қатысып, ереуіл жасағандардың бұл ісі қылмыс па, әлде саяси саяздық па деген сауалдар төңірегінде бас қатырғандардың арасында өрендерді соттауға асыққандар табылды дейтін сөзі де жоқ емес. Бұлардың бәрі анықтауды қажет етеді. Мен 2002 жылы қаңтарда осы мақсатпен және 1979 жылғы оқиғаны есте сақтаудың, оған саяси баға берудің жолдарын талқылауға арналған жиналыс өткіздім. Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының төрағасы ретінде бұған толық құқым бар еді. Осы бас қосуға ұзақ жылдар Ақмола облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасында қызмет еткен полковник Қамилаш Қабышұлы қатысты. Ол кісі өтінішім бойынша көзбен көріп білгендерін кейін жазып берген еді.

*«Қазақстан Жазушылар одағының  
Астаналық филиалының басқарушы секретары  
Алдан Смайылұлы мырзаға  
Астана қаласы*

*Қазақстан Республикасы жазушылар одағының өзі-  
ңіз басқарып отырған жаңадан құрылған Астаналық  
филиалының 2002 жылғы 12-қаңтардағы бірінші отыры-  
сының 1979 жылғы маусымдағы неміс автономиясын құру*

әрекетіне қарсылық білдірген халық қозғалысы туралы мәселені тыңдаудан басталуы орынды болды-ау деймін. Шынында, ол ел жүрегінен орын алар тарихи маңызы өте зор уақиға екені даусыз.

Мен 38 жылдан астам уақыт Мемлекет қауіпсіздігі орындарында қызмет атқардым. 1987 жылғы наурызда жасым байланысты зейнеткерлікке шықтым. Қызмет бабыма байланысты неміс халқының автономиясын қайтарып алудағы әрекеттері Мәскеу тарапынан шешімін таппай жүргенінен хабардар болатынмын. 1979 жылы автономия мәселесіне көңіл көбірек аударылып, немістердің басым көпшілігі Қазақстанда тұруына байланысты автономия Қазақ жерінен берілуі мүмкін деген лақап бізге де жетіп жүрді. Айтушылар, неміс автономиясы 20-шы облыс болады да, Қазақстан Компартиясының саяси бюросы құрылып, көптеген мәселелерді өзі шешуге ерік алады деп бұл шешімнің саяси маңыздылығына мән беріліп жүрді. 1979 жылы маусым айының басында Ерейментау қаласына Алматыдан Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы Коркин бастаған делегация келіп, облыстың бірінші секретарлығына ұлты неміс, сол уақыттағы Целиноград облысы Краснознамен аудпарткомының I секретары Браун ұйғарылыпты, жаңа облыстың басқару мекемелерінің орналасатын орындары дайындалыпты, 18 маусым күні Ерейментауда ұйымдастыру пленумын Д.А.Қонаев өткізеді дегенді естідік.

Кенеттен, маусымның 16-сы күні таңертеңгі сағат 10-да Целиноград қаласының Ленин атындағы орталық алаңына күтпеген жағдайда халық жиналып, плакаттар, транспаранттар көтеріліп, автономияға қарсылық көрсетілді. Шыққандар негізінен студенттер мен жастар. Бұл қозғалыс жергілікті әкімшілік орындарының үрейлерін ұшырып, Алматы мен Мәскеудің басшы партия және Совет орындарына хабарланып, дереу топ-тобымен жасапты қызметкерлер сау ете түсті.

Алматылықтарды 16-маусымда Қазақ ССР Мемлекет Қауіпсіздігі Комитетінің төрағасы генерал-лейтенант В.Т.Шевченко мен Ішкі Істер Министрінің бірінші орынбасары генерал-майор Тұмарбеков басқарып келді, ал мәскеуліктерді алып 18-маусымда Одақтың Мемлекет қауіпсіздігі комитеті төрағасының орынбасары генерал-полковник Ф.Д.Бобков жетті. Келушілер автономияның құрылатынына күмән келтірген жоқ, бар мақсат қарсыластардан көшеге ешкімді шығармау, шыға қалса орталық алаңға жолатпау, қоғамдық тәртіпті бұзушылыққа жол бермеу болды.

Жергілікті ұлттың адамдарын көшеге шығармау керек деген жоғарыдан келгендердің бұйрықтарын тап-жылтпай орындауға чекистермен қатар партия және Совет орындарының басшы да қосшы қызметкерлері әдеттегісіндей жабыла, жұмыла кірісіп-ақ кетті. Жоғарғы және орта оқу орындарында, жұмысшы жастар арасында, жатақханаларда жаппай үгіт-насихат жұмысы жүргізілді. 19 маусымда орталық алаңға тірі жан шығармау қалалық әкімшілікке аса жауапты міндет ретінде жүктелді де, алаңға тақау көшелер адам өтпестей етіп автобус және жүк машиналарымен бекітілді. Бірақ, бұл тарапында жүргізілген сақтық іске асқан жоқ. 19 маусым күні сағат таңертеңгі 10-да 5-6 мың адам еркін сиятын орталық алаң елге лық толды.

Оқиганың осылай асқынатыны билікке белгілі болатын. Оған әзірлік те жасалған еді. Маусымның 17-сі күні В.Т.Шевченко КГБ мен МВД-нің Целиноградқа шақырылған бір топ басшы қызметкерлерін жинап, ереуілшілердің 19-маусымда алаңға қайта шығатынын хабарлап, жағдайды өте қауіпті деп санап, жауапты міндеттемелер жүктеді. Оның ең бастысы – жергілікті әскери бөлімдер мен КГБ және МВД қызметкерлері жаппай қаруланып, керек бола қалғанда мылтық жұмсауға да дайын болуы. Ол өте сұстанып: «Жоғарғы жер бізге сенеді, қолдайды. Бұзақшылықты тек

қарулы күшпен ғана ауыздықтауға болады, қорықпаңдар» – деп жігерлендіріп, оқ атуға шейін баратын қатыгездікті көрсеткені әлі күнге тап бүгінгідей есімнен шығар емес.

Ф.Д.Бобков жергілікті КГБ облыстық басқармасының жауапты қызметкерлерін жинап, неміс автономиясын құрудағы СОКП Орталық Комитетінің шешімі бойынша түсінік берді. Ол кісі Еділ жағалауының асқан құнарлылығын, сол себепті халық өте тығыз қоныстанған жер екендігін мәлімдей келіп, бұл мәселенің СОКП Орталық Комитетінің саяси бюросында егжей-тегжейлі талқыланғанын айтты. «Заң жүзімен қарағанда – деді, – мәселе екі миллион немістерге автономиясын қайтарып беріп, әділеттікті орнына келтіру, ал нақты қай жерден берілуі үкімет пен партияның шешімінде. Оған ешқандай ереуіл әсер ете алмайды. Заңды партияның ұйғаруымен жоғарғы үкімет орындары қабылдайтынын түсінерлік уақыт жетті. Осы сөзді ана елеуреген тобырға жеткізіп, енді жиналмайтындай етіп таратып жіберу керек, – деп жиналғандарды зілді көзімен бір-бір тесіп өтті де, сөзін одан әрі жалғады: – «Көшеге кімдер шықты? Ұлтшылдар шықты. Кімдер шықты? Интеллигентсымақтар шықты. Кімдер шықты? Жастар шықты. Мәселе кімдер туралы? Немістер туралы. Осылардың барлығы біздің бақылауымыздағы контингенттер, – деді нығарлап. – Қысқасы, мына ел жоқ құлазыған қу мекенді, суыр жайлаған жапан даланы немістердің күшімен, мамандығын, іскерлігін пайдаланып Отанымыздың астық қоймасына айналдыру қажет екенін түсініп, саяси бюроньың шешімін орындау керек. Автономия берілмеген жағдайда немістердің басым көпшілігінің Германияға қоныс аудару қаупі бар. Онымен санаспай болмайды. Жастарды партия саясатына қарсы қойып ірткі салушыларды тауып, ұлтшылдардың қастанды әрекетіне іс қозғап, басшыларын жауапқа тарту үшін күн-түн демей еңбек сіңіру керек. Көшеге, ереуілге шығуды жастардың есіне салушы үлкендер,

оларды жоғары қызмет орындарынан әртүрлі себептермен түсіп қалған және ірі қызметтен үміткер жергілікті ұлттың аға буындарының арасынан іздестіру жөн. Жер мемлекет меншігінде. Сол себепті жалпыға ортақ. Қай жерді кімнің күшімен игеріп пайдаға асыру тек қана партияның шешіміндегі мәселе. Бұл жағдайды басқаша түсіну болуға тиісті емес» – деген сөзін Л.И.Брежневтің ерекше нұсқауы деп тұжырымдап баса-баса айтты.

Әрине неміс автономиясының Қазақстанда құрылуын құптамаушылық жергілікті орыс, қазақ, басқа да ұлттардың чекистерінің арасында сезіліп-ақ тұрды. Ал өз пікірін ашып, шешіліп айтар адам болған жоқ. Бұл күн көріп, жан сақтау адамға ақиқаттан басымырақ әсер етуінің дәлелі болар. Осылардың арасында менің де болғанымды айтпау шындыққа жатпас. Рас, өзім сенетін кей қызметтері жоғарырақтардан: «Бұл қалай, мына лауазымды адамдардың сөздері неткен өрескел. Д.А.Қонаевқа не болған?» – дегенімде: «Не сөйлеп тұрсың, есің дұрыс па» деген, жүре жауап қатқан адамдарды кездестірдім.

Осы көшеге ереуілге шығушылар өзіміздей Совет азаматтары ғой. Олардың арасында біздің дегуған-туысқандарымыз бар, қалай қолымыз көтеріліп қару жұмсай аламыз деп айтар адам табылмады. Қызметі төмендер үлкендерге, олар жерге қараудан басқа іс-әрекет жасаған жоқ.

Студенттердің мәселеге мән беріп алаңға шығуының себебіне тоқталсақ, жоғарыдағы айтылған Ерейментауда өткен автономияға дайындықты Целиноград облыстық партия комитетінің лекторы Шапров өзінің ауылшаруашылық институты студенттерінің алдындағы кезекті лекциясында игі өзгеріс ретінде қуанышпен хабарлайды. Бұл маусымның 13-14 жұлдыздарында болған.

Институттың жатақханасында қазақ студенттері Қазақстан жерінде неміс автономиясының құрылуын заңсыз шешім деп тауып, қайткен күнде де болдырмауға әрекет жасауға келісімге келеді.

Сөйтін 13-15 маусым күндері Целиноград қаласындағы басқа да жоғары оқу орындарының студенттерімен хабарласып, 16-маусым күні ұрандар мен транспаранттар ұстап орталық Ленин алаңына шығады, неміс автономиясының Қазақстанда құрылуына қарсылығын қазақ халқы атынан партия және Совет орындарының басшылығына жазба түрінде ұсынады. Ал 16-маусымда талаптарына қанағаттанарлық жауап берілмеген соң 19-маусым күні ұйымдасқан түрде алаңға қайта шығады да, неміс автономиясы болмайды деген тұжырымды жауапты облыстық партия комитетінің бірінші секретарының өз аузынан естіп тарқайды.

Студенттер қозғалысын аға буыннан басқарушылар болған емес, қоғамдық тәртіптің студенттер және басқа да қатысушылар тарапынан бұзылмағандығы жұртшылыққа кеңінен мәлім.

1979 жылы Целиноградтағы маусым қозғалысына байланысты іс-шаралардың ақиқатына жүзгінер болсақ, МҚК облыстық басқармасының бастығы Ж.Сейтқазиев те, басқалары да халық арасында қақтығыс болдырмау жолында елеулі еңбек жасады. Осыған дәлел ретінде өзім куә болған бір ғана жағдайды баяндайын. Маусымның 19 күні күндізгі сағат 10-дар шамасында В.Шевченко ВЧ телефон арқылы Целиноградтағы жағдайды Д.А.Қонаевқа баяндады. Сөзінде, Целиноград қаласының орталық алаңына халықтың өте көп жиналғанын, олардың бірауыздан Қазақстан жерінде не неміс, не басқа да автономия құрылуына қарсы екендігін, қаладағы жағдайдың қауіптілігін бұлжытпай сендіре баяндады. Меніңше, бұл сол күнгі Д.А. Қонаевқа Целиноградтан жасалған ең бірінші хабар. Осы жағдайды анық білуіме келер болсақ, В.Шевченко мені МҚК облыстық басқармасы бастығының кабинетіне шақырып алып, шапшаң Мәскеу мен Алматыға (МҚК-не) Целиноградтағы жағдай жайында жабық телеграмма берейік деді. Жазуға отыра бергенімде, жүк автомашиналары және автобустарды сырып тастап

халық орталық алаңға өтіп жатыр деген хабар келді де, дереу алаңдағы Кеңестер үйіне жүгірдік. Василий Тарасович маған қағаздарыңды алып бірге жүр, телеграмманы сол арадан (обкомнан) береміз деді. Ол кісі облыстық партия комитетінің бірінші секретарының кабинетіне кірді де, іле қайта шығып, маған кеттік, телеграмманы өзімізден береміз деді.

Мен сондағы көріп-білгенімді күні бүгінге дейін жадымда мүлтіксіз сақтадым. Өйткені мұндай тарихи мәні зор уақиғаны ұмытуға да, бұрмалауға да хақымның жоқтығын бар жан-дүниеммен түсінетін халдемін.

Мәскеудің Қазақстанда неміс автономиясын құру әрекеті іске аса қалған күнде мұның қазақ халқына тағы да бір кезекті қайғы-қасірет әкелерін жастар жүрегімен сезініп «қалың елі, қазағы, қайран жұрты» үшін жанын шүберекке түйіп, орталық алаңға бір емес екі рет шығып қарсылық білдіруге мәжбүр болды. Ал біздің лауазымды деп үміт артқан азаматтарымыз керісінше, өз басын, қызмет орнын қорғыштап баяғы жандайшап белсенділіктің құрсауынан шыға алмай, мәскеуліктердің көлеңкесінен қорқып жортақтауда болды. Нақты шындық міне осы».

Қамилаш Қапышұлы ақсақалдың осы ақиқаты 1979 жылғы ереуіл жайлы жазылған мақалаларға енеді. Бұл мемлекеттік қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасына сол тұста жетекшілік еткен Ж.Сейітқазиевке ұнамаса керек. 1999 жылғы 12 қаңтарда оған Алматыдан хат жазады. Хаттың мазмұны мынандай.

Қамилаш Қапышевич!

Сәләмат, жақсысыз ба? Алтынай, бала-немерелеріңіз аман ба?

Біздерде аманшылық, көп өзгерісіміз жоқ. Сол өздерің сияқты бала-немерелеріміз қоғамда өздерінің дұрыс орнын тапса екен деп, бар мүмкіншілігімізді ұсынудамыз. Елдің тыныштығын, халқымыздың болашағын тілейміз.

Жаңа 1999 жыл сәтті болғай деп сенеміз.

Бытырғы жылдан бастап Мұқаш Омаров Амантай Какеновпен бірігіп, 1979 жылғы неміс автономиясына қарсылық білдірген Целиноград жастары туралы жазамыз. Бізге керек ақпарлар мен фотоиллюстрациялар берсеңіз деген сұрағына – ия дегенмін. Мен бар білген шындығымды, қолымда қалған документтер мен фотоларды бергенмін. Болған жағдайларды шындық негізінде айтқанмын. Бірақ Мұқаш шындық жолынан қашықтай берді. Бір рет көптеген өрескел жазбаларын түзетуге мәжбүр еткенмін. Бірақ қазір жарық көрген кітабында тағы да адам ұялатын, негізсіз мәселелер бар. Кітаптың кіріспе сөзінде информацияны Сейтқазиевтен алдым деп, мені «тілсіз куә» етпек қой. Оған келіскім келмейді, себебі кітапта жазылған қателіктерге менің қатысым жоқ.

Бірінші оқылған вариантта Морозов, Исмағамбетова, мен туралы біздердің осы оқиғадағы іс-қимылдарымыз туралы өсек дәрежесінде алынған эпизоттарды алдырғанмын. Ал енді екінші редакциядан шыққан, жарық көрген кітапта тағы да өрескел жағдайлар жазылыпты. Оның бірсыпырасын өзіңнен, Марат Байтасовтан алдым дейді.

Мысалға, 16 маусым күні жастардың көшеге шыққан күні кеште Целиноградқа Шевченко мен Тұмарбеков келді ғой. Кешінде осы кісілердің қатысуымен бізді управленияның малый залында оперсоставты жинап, мен болған жағдай туралы істелген, істелмекші амалдар турасында баяндама жасадым. Соңынан Шевченко мен Тұмарбеков те өз ойларын ортаға салды – шындық осы. Ал кітапта сен айтты деп «Баяндаманы Шевченко жасады, қарулану керек» деген нұсқау берді дейді. Бұл қате ақпар, «отқа май құю» деген осы. Василий Тарасович бұған ренжиді, мен де ренжідім, бұл қайдан шыққан әңгіме.

Сенің атыңнан келесі бір эпизодты авторлар былай деп жазады: Обкомның лекторы Шапров 13-14 маусымның бірінде сельхозинститутқа лекция оқып, автономия турасындағы барлық ақпарды айтыпты-мыс. Шындығында бұл уақиға

керісінше. Шапровка сұрақ қойылды. Студенттерге ол бұндай ақпарды білмеймін дейді. Осы қателікпен Управление бұл жағдайға дұрыс баға бермеді делінеді. Солайша қате ақпардан қате ұғым шығарылады.

Қамилаш сен жазды деп, авторлар тағы мынадай мәліметтер береді: Бобков: «Кто вышел на улицы», – националисты», «казахстанская степь, обитаемая сурками», «надо возбудить уголовные дела», «искать виновников среди отстраненных от высоких должностей казахов старшего поколения», при этом «кинул колючий взгляд на руководителя местного органа полковника Ж.Г.Сейтказиева» и так далее. Откуда взяты эти небывилицы. Бобков был объективен, зачем лить на него грязь?

Осы сөздер үшін мен мықты ұяламын, не себептен өз бетімізбен шындықтан кетіп қалдық?

Кітаптың тағы бір жерінде Марат Байтасовтың атынан былай деп жазылады: 16 июнь күні болған уақиға турасында осы уақиға болайын деп даярланғанда деген хабарды Байтасов 14 немесе 15 июнь күндері алыпты-мыс. Ол туралы справка жазып бастықтарға баяндалыпты-мыс. Оған мән бермепті-мыс делінген. Бұл да жалған сөз. Шындығында жастар алаңға шығайын деп жиналып жатыр деген ақпарды Марат 15-інен 16-июньге қараған түнде алды. Сол бойда Жидков пен Маринкинге хабарлады, одан әрі амал қолданылмады. Тек 4-5 сағат өткеннен кейін жастар көшеге листовкалар ілді, ертеңімен алаңға шықты. Бұл арада справка жазылатын, оны баяндайтын уақыт болмады – шындығы осы.

Осы және Шапровкамен байланысты екі эпизодтан авторлар управление бірнеше күн біле тұрып, амал қолданбады деген әңгіме қозғайды. Бұл өтіріктен шыққан өтірік.

Мына кітапты оқып мен ренжідім, неліктен Қамилаш пен Марат қате ақпармен авторларды теріс жолға сілтеді деп. Оқып шығып Шевченко мені кіналайды – неге жіберілді бұндай қателіктер деп. Кейіннен Бобковтың да, Морозовтың да, Есмағамбетованың да ренжитін себептері мол. Мұқаш

Омаровқа: «бұл қалай болды» деп сұрасам, Қамилаш пен Мараттан ауызша немесе солар жазған статьядан алынды дейді. Айналғанда ұятының бәрі маған тіреледі, «кінәлісіз кінәлі» деген осылай болады.

Қамилаш, Марат екеуіңізден сұрайтыным: осындай қате ақпарларды Мұқаш пен Амантай сіздерден алғаны рас па? – мен соны білгім келеді. Қиын болмаса, хабарын берерсіздер. Адрес бұрынғы:

гор. Алматы, 480091,  
ул. Чайковского, 129. кв. 104  
Сәлеммен Жахия  
12.01.1999 ж.

**Жақия Серғазиевке Қамилаш Қапышұлы жауап берген.**

*Ассалаумағалейкум, Жаха!*

*12.01.99 хатыңыздан амандықтарыңызды біліп қуанып қалдық, рахмет. Розаға, бала –немерелеріңізге бізден сәлем, амандықтарыңызға тілектеспіз.*

*1979 жылғы Қазақстанда неміс автономиясын құруға байланысты Мәскеудің іс-әрекетін Сізден артық ешкім де білмейтініне мен күмән келтірмеймін. Ол туралы кітаптың авторы Сіз болуыңыз керек еді.*

*Жаха, мен Омаров пен Какеновтың кітабын әлі оқығаным жоқ. Олардың кім турасында не жазғанын, болған жағдайды жұртшылыққа, өздері басы-қасында болмай қалай жеткізгенін білмеймін. Менің сізге деген көзқарасымды жақсы білесіз, қанша жыл қызметтес болып «әй – сен» десіп көргеміз жоқ. Қандай да болмасын жағдайда Сіздің тек ақиқат жағында болатыныңызға өте сенемін. 1979 жылғы Ақмолада болған сол жағдайды мен түгелдей біліп тұрмын деп айта алмаймын, өйткені қызмет бабым оған тікелей байланысты болған жоқ. Ал, сондағы жоғарғы басшылар тарапынан жіберілген кейбір қолайсыз сөздер туралы өз құлағыммен естігенімді ешкімнің ықпалынсыз, ешбір қоспасыз 1993 жылы Ақмолада шығатын «Сарыарқа» журналының 6-санына*

жазғанмын. Бұл тарихи мәні бар мәселені болашақ ұрпаққа айтып кетуді борышым деп санадым.

Мен жазған Шевченко және Тұмарбековтың басшы қызметкерлермен кездесуі 17 маусымда кешке Сіздің кабинетіңізде өтті, бірақ, Сіз қызмет бабында кіріп-шығып жүрдіңіз де, Шевченконың сөзін естімедіңіз, ол менің әлі есімде. Ал, малый залда Сіз баяндама жасаған жалпы кездесуде мен болғаным жоқ.

Бобков тек КГБ-ның басшы қызметкерлерімен Сіздің кабинетіңізде кездесті, онда Сіз басынан аяғына дейін қатысып отырдыңыз. Мен өз әдетімше және қызметіме байланысты Шевченконың да, Бобковтың да сөздерін шетінетпей жазып алдым. Соңынан соларды журнал бетінде халыққа жеткізуді жөн деп таптым.

Жазғанымның сол уақыттағы билік басындағы адамдарға ұнамауы сөзсіз. Олардың өз айтқандарынан бүгін де бұлтақтауын түсінуге болады. Мен қай жерде, кімнің алдында болса да жазғанымды анықтаймын. Бұдан жеке басыма пайда іздеп отырмағаным кімге де боса түсінікті.

Жаха, жазғанымның оларға ұнай қоймайтынын іштей сезін едім, бірақ шындықтың ешкімнің бет-жүзіне қаратпайтыны анық. Төрімнен көрім жақын тұрғанда халқыма деген борышымды шамам келгенше толығынан беріп кеткенімді бәрінен жоғары санаймын.

Мен көріп-білгенімді туралай айтып берерлік жағдайдамын, ештеме ойымнан әлі тыс қалған жоқ. Тап айтылмышты күндерде Сіздің қызметіңіз генералдық дәрежеге көтеріліп оны 1983 жылдың желтоқсанына дейін Мәскеудің бермей келгенін қалай ұмытуға болады? Мен біреуге жала жауып «отқа май құятын» адам емеспін. Ауыздан шыққан сөз – атылған оқ, ал аты аталған лауазымды адамдардың бүгін де оны мойындамауы, әрине, пендешілік және басын қорғаштау.

Сәлеммен, Қамилаш

19.01.99

\*\*\*

1979 жылғы маусым оқиғасы бізден кейін де әлі талай зерттелетіні анық. Өйткені бұл қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы тарихи күресінің бірі, коммунистік режимнің тұсындағы жастар арқылы жасалған ұлттық ерлік. Сондықтан да осы ереуілге қатысты әрбір дерек қымбат. Оны көрген, қатысқан адамдардың болымсыз делінетін естелік, деректерінің өзі құнды.

Мен ереуілдің екі күніне де куәмін, дүрбелең басыла бере қауіпсіздік комитеті облыстық басқармасының бастығы Ж.Сейтқазиевтің де қабылдауында бодым. Қараторы, кескінді кісі екен. Сөзді әріден бастап, жазушы екенімді білетінін аңғартты, қазір не жазып жүргенімді сұрады, тек неге шақырғанын айтқан жоқ. Екі жақты кең әңгімеден соң ғана студент-жастардың автономияға қарсы қимылы жайлы суыртпақтап сыр тартты. Мен бұл оқиғаға көзқарасымды бүгіп, түлкібұланға салғам жоқ. Тың игеру науқанының Ақмола еліне қандай рухани қысымын ала келгенін, егер Ерейменде неміс автономиясы құрылғанда, қазақтың ұлттық ар-намысына ауыр соққы болатынын сөз еттім. Жастар теңдесі жоқ қаһармандыққа барғанын, барлық жағынан қолдағанамызды сездірдім.

Кездесу осымен аяқталды, басқа әңгіме өрбіген жоқ. Кейін, 1990–шы жылы облыстық «Тіл және мәдениет» қоғамын басқарып, қазақ мектептері мен балабақшаларын ашу, Ақмоланың тарихи атын қайтару т.б. ұлттық мұрат-мүдделердің қамымен күресіп жүргенде ол кісі тағы да шақырды. Бұл жолы да екеуара сөйлестік. Қоғамның қызметіне қолдау білдіретінін аңғарта отырып, «Қараөткел» газетінде Ресей мен славян атаулыға дәлелсіз айып тағатын мақалалар берілмегені дұрыс болар еді деген тілек айтты.

Бүгінде өткенді ой таразысына сала отырып, сол кезде қауіпсіздік саласын басқарған осы адамның қаладағы ұлт зиялыларына оң көзбен қарағанын, сақтандырып отыруды парыз

санағанын аңғарасың. Осындай жанашырлықты аталмыш басқармаға Ж.Сейтқазиевтен кейін жетекшілік еткен Ержан Исақұловтан да көрдім. Сондай көшелі азаматтардың 1979 жылғы маусым дүрбеленінде жастарға қатаң шара қолдануға шақырған жоғары шенділердің жетегінде кетпеуі Целиноградта қан төгістің болмауына әсер еткені анық. Олар Қазақ ССР Мемлекетқауіпсіздігі комитетінің төрағасы, генерал-лейтенант В.Т.Шевченконың: «КГБ мен МВД-ның қызметкерлері жаппай қаруланып, керек бола қалғанда мылтық жұмсауға дайын болуы қажет» – деген нұсқауын жалаулата жөнелсе, жағдай ушығып шыға келер еді.

Сол азаматтар Шевченконың бейбіт елге оқ ату туралы шешімге өз бетімен бара алмайтынын білді. Мәскеумен, орайы келсе осындай қатыгездікке дайын тұру жөнінде кеңескені, қолдау тапқаны көрініп тұр еді. Бұған: «Жоғарғы жер бізге сенеді, қолдайды, бұзақылықты тек қарулы күшпен ғана ауыздықтауға болады, қорықпаңдар» – деген сөзі дәлел.

Жергілікті партия, құқық қорғау орындары кейін КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ю.Андроповтың бірінші орынбасарлығына дейін көтерілген Ф.Д.Бобковтың үкімін орындауға да асыққан жоқ. Оның еркіне салынса, ереуілге қатысқан жастар да, басқалары да жаппай қуғын-сүргінге ұшырайтын еді. Бобков үшін қазақ даласы «суыр жайлаған, құлазыған қу мекен», сол қу мекенді қорғаушылардың бәрі ұлтшылдар.

1979 жылғы маусым оқиғасының шиеленіспеуіне қатысты ойымызды осылай жинақтаған тұста тағы бір сауал кесекөлденендейді. Қазақ мәселесіне бас қатырмайтын, 1956 жылы Тбилисиде Грузияны Одақ құрамынан шығаруды талап еткендерді қан-жоса еткен, 1966 жылы Қырым татарларының ереуілін аяусыз басып-жанышқан, осындай талай бас көтерулерде қатыгездікпен қару қолданған Мәскеу бұл жолы неге босаңсыды деген сұрақ туады. Оған, біріншіден Л.И. Брежнев пен Д.Қонаевтың арасындағы жақындық се-

беп болғандай. Димекен 16-шы маусымнан бастап Леонид Ильичпен ұдайы байланыста болып, Целиноградтағы толқу бейбіт шеру екенін, артында зілі жоқ, саяси талаптардан таза бір мезеттік наразылық екенін түсіндіре білген. Екіншіден, Л.И.Брежневтің өзі де Қазақстанда неміс автономиясын ашуға аса ынталы бола қоймаған секілді. АҚШ пен Батыстың үсті-үстіне талап етуіне байланысты әуелде босандық танытып, кейін ойланып-толғанғандай. Тоталитарлық КСРО-ға, оның большевиктік қатал ұлттық саясатын мұра етіп алған Брежневке уақыт өте келе қалай құбылатыны белгісіз автономия құру қай жағынан да қолайсыз еді. Осындай әрі-сәріде Целиноградтағы ереуіл тұйықтан шығаратын онтайлы жол болып көрінуі әбден мүмкін. Қалада жастардың 16-сынан соң 19-маусымда тағы да алаңға шығуына жол берілуін тек осымен ғана түсіндіруге болады. Егер КПСС орталық комитеті неміс автономиясын ашуға шыныменен бекінсе, 16-маусымнан кейін іске білек сыбанып кірісетін еді. Студенттердің әр қадамы қарауылға алынып, оларға дем берушілер жедел ұсталатын еді. Жоғары оқу орындарына күндіз-түні бақылау орнатылып, алаңға тірі жан жіберілмес еді.

Бұл топшылаудан Целиноградтағы жастар ереуілін орталықтың өзі ұйымдастырды деген ой түйіндеуге болмайды. Осы оқиға жайлы қазіргі күнге дейін анықталған деректердің бірде біреуінде мұндай байлам жасауға тұрарлық дәйек жоқ. Студенттер неміс автономиясы жөнінде А.Коркиннің Ерейменге сапарынан біліп, ұлттық намыспен басын бәйгеге тіккені анық. Ал Мәскеу Алматы арқылы осы қарсылықты ұтымды пайдаланды. Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы Д.Қонаев пен Одақ көсемі Л.Брежнев орайлы сәтте тіл табысты. Қазақ жастарының тарихи қаһармандығы арқылы ұлт намысы қорғалды, атамекен тағы бір жер бөлінісінен аман қалды, неміс жұртының жыртысын жыртқан АҚШ та тынышталды.

Мұның бәрі ақиқат. Қазақ өрендері сын сағатта сүрінген

жоқ. Сол ержүрек жастардың қаһармандығын бүгінде көмескілендіріп алған біз кібіртіктеп қалғандаймыз. Тарихта тәуелсіздік аңсаған қазақтың талай ұлы ерлігі болды. Ұлттық деңгейде көтерілген сол ұранды қадамдардың ұсақ-түйегі жоқ. Олардың бәрі ұлттық рух құдіретімен мәңгі байланысқан, бірін бірі толықтырған, сондықтан да үзілмеген, тағдырлы кезеңдерде жаңа күш-қуатпен жаңғырып отырған. Бұған Ақмола сілкінісінен соң кезек алған Желтоқсан көтерілісі дәлел. 1979 жылғы маусым ереуілі мәңгілік делінген Одақтың іргесін шайқалтқан алапат дауылға ұласқанын сол кезде КПСС орталық комитетінің өзі мойындады. 1987 жылғы 16-шілдедегі «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалистік және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында: « ...1979 жылы Целиноград қаласында орын алған ұлтшылдық бой көрсетулерге Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті өткір саяси баға бермеді. Өткен жылғы декабрьде Алматы қаласында болған тәртіпсіздіктер де қазақ ұлтшылдығының көрінісі болды» – делінген, Ақмола ерлерін қанға бояй алмағанына солай кектенген.

\* \* \*

Тарихты түгендесек, келешекті бүгіндейміз. Өткен күндердің қаһармандығын құрметтесек, бүгінгі ұрпақтың ұлтына сүйіспеншілігін оятамыз. 1979 жылғы маусым ерлігі – қазіргі өрендердің қолынан түспейтін оқулықтарда дәріптелетін ерлік. Қазақ елінің ешқандай күш мұқалта алмаған қайсар рухының дүмпуі.

## ЕЛОРДА – ДӘУІР ТАҢДАУЫ

*Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өміршең маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғуда. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады.*

*Н. Назарбаев*

## АСТАНАНЫ КӨШІРУ – ПІСП ЖЕТІЛГЕН ҚАЖЕТТІЛІК

*Президент Назарбаевтың 1994 жылғы 6 шілдеде  
Жоғарғы Кеңестің таңертеңгі пленарлық  
мәжілісінде сөйлеген сөзінен*

...Халқының саны бір жарым миллион шекке жетіп қалған Алматы тәуелсіз мемлекеттің астанасына қойылатын талаптарға сай келмейді. Ол аумақтық тепе-теңдік пен кеңістікте орналасуы жағынан да көп үміт күттіретіндей емес. Мұндағы үйлердің биіктігі мен бос алаңдардағы тығыздық та тым жоғары. Оны кеңейтуге деген мұқтаждық жағадан алып тұр, бірақ бұған қажетті жер жоқ. Оның үстіне, Қазақстанның басқа қалаларымен салыстырғанда Алматыда жаңа құрылыс салу тым қымбатқа түседі. Ал егемен ел ретінде біз бұрын қажет болмаған жаңа әкімшілік үйлерін салуға мәжбүр боламыз. Олардың арасында Парламентке, Сыртқы істер министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, банктерге және басқа, соның ішінде шетелдіктерге де арналған үйлер кешені бар.

Қазіргі астанадағы экологиялық жағдай жыл санап шиеленісіп барады. Атмосфераның ластануы жағынан, әсіресе қысқы кезде ол Қазақстан қалаларының ішінде бірінші орын алады. Қазір оның көшелері мен ауасы 150 мыңға жуық әртүрлі көліктің түтінінен зардап шегуде. Астана әуежайы іс жүзінде қаланың ішінде орналасқан және әуе қатынасына кедергі келтіретін тұманға жиі тап болады. Бұл қала шегінен тыс жерден халықаралық маңызы бар жаңа ірі әуежай салудың қажеттігін туғызады.

Оңтүстік облыстармен салыстырғанда Солтүстік аймақтағы халықтың тығыздығы едәуір төмен. Халықтың көші-қонын Қазақстанның басқа аймақтарына ауыстыру экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тиімдірек. Жаңа астана болашағы

зор ірі өнеркәсіп орталықтарына жақын болуға және мүмкіндігінше шектелмеуге тиіс.

Менің тапсырмам бойынша мемлекеттің жана астанасын орналастыруға оңтайлы жерді анықтау мақсатымен республиканың бүкіл аумағы егжей-тегжейлі зерттелген. 32-тұрғыдан жүргізілген талдау барлық нұсқалардың ішінен ең дұрысы Ақмола қаласы екендігін көрсетті.

Қаланың жағдайы, оның аумағы сәулет тұрғысынан кезкелген жобаны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ақмола Қазақстанның географиялық орталығында және маңызды шаруашылық аймақтарына таяу, ірі көлік жолдарының торабында орналасқан. Онда қазір 300 мың адам тұрады және қазіргі бас жоспарға сәйкес халықтың санын 400 мыңға дейін көтеру көзделіп отыр.

Қаланың өмірін қамтамасыз етудің негізгі жүйелерінің жағдайы да ешқандай мәселе туғызбайды. Мұнда жылумен және газбен қамтамасыз ету жақсы жолға қойылған, сумен жабдықтаудың барлық мәселелерін Ертіс – Қарағанды – Есіл каналының қысқа ғана үзігін салуы шешіп береді. Осының бәрін қоса алғанда, Ақмолада көлік инфрақұрылымы жақсы дамыған, экологиялық жағдай да жақсы және ол болашақта да сол күйінде сақтала алады.

Астананы көшіру процесі бір күндік іс емес және ол негізінен шамамен 2000-шы жылға қарай аяқталуға тиіс. Қажетті дайындық жұмыстарын жүргізгеннен кейін Ақмолаға бірінші кезекте ең басты мемлекеттік органдар, сондай-ақ бірқатар аса маңызды министрліктер мен ведомстволар көшеді. Сәулетшілердің шамалауы бойынша астаналық әкімшілік орталығын 300-400 гектар жерге қаланың оңтүстік шетіне жеке тұрғызған дұрыс. Дипломатиялық корпус қала шегінен тыс жерге орналасатын болады.

Жекелеген министрліктер мен ведомстволарды республиканың жаңа астанасына көрші жатқан қалаларға көшіру дұрыс тәрізді, бірақ бұл уақытша шара болмақ. Алай-

да, басқару құрылымдарын басқарылатын объектілердің неғұрлым ірілеріне барынша жақындатуы керек болған кезде бұл тұрақты сипат алуы мүмкін. Мысалы, Ғылым академиясын, шығармашылық одақтарды, кейбір министрліктерді Алматыда қалдырған дұрыс.

Халықтың және өндіргіш күштердің республика аумағы бойынша біржақты орналасуын біртіндеп жеңіп шығу да нақты жүзеге аспақ.

Астананы көшіру солтүстік аймақтарда инновациялық және ғылымға негізделген өндіріс орындарын, прогресшіл ауыл шаруашылық машиналарын жасауды және ауыл шаруашылық өнімдерін ұқсату индустриясының кең жүйесін жедел дамытуға жағдай жасайтын болады. Кезі келгенде, Ақмола арқылы біз тек жаңа қоғамдық-саяси ғана емес, сонымен қатар маңызы жағынан Алматыдан кейінгі Қазақстанның екінші ғылыми, мәдени және іскер орталығына қол жеткізетін боламыз.

Астананы көшіруге жұмсалатын шығындардың ішінде басы бүтін жұмсалатыны – таза көшіруге кететін қаржы. Қалғандары – күрделі қаржы есебінен жүргізіледі. Олардың есебінен тұрғызылған мүліктердің бәрі мемлекеттің ұлттық байлығын көбейтеді. Мамандардың бағалауы бойынша Ақмолада бір шаршы метр тұрғын үй және қызмет үйлерін салу Алматымен салыстырғанда едәуір арзанға түседі, бұл шығынды қысқартуға мүмкіндік береді.

Республика Алматы арқылы бұрынғысынша мемлекеттегі қоғамдық-саяси өмірде елеулі түрде әсер ететін өзіндегі іскер, қаржылық, ғылыми және мәдени орталықты сақтап қала беретін болады.

Елдің ауқымды мүдделері туралы ойласақ, әлдебір тұрмыстық тұрғыдан қолайлылықты емес, астананы көшіру пісіп-жетілген және объективті қажеттілік, маңызы зор саяси және экономикалық қадам.

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА АСТАНАСЫ

*Қазақстан Республикасы*

*Президентінің «Ақмола қаласын*

*Қазақстан Республикасының астанасы деп*

*жариялау туралы» Жарлығы*

*1997 жылғы қазанның 20-сы*

«Қазақстан Республикасының астанасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 15 қыркүйектегі Заң күші бар Жарлығына, «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 6 шілдедегі № 106 қаулысына сәйкес қаулы етемін:

1. Ақмола қаласы 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының астанасы болып жариялансын.

2. Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы ретінде ресми тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өткізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы, Жоғарғы және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына орналастыру жөніндегі мемлекеттік комиссия осы Жарлықтың орындалуын қамтамасыз ететін болсын.

4. Осы Жарлық жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының Президенті**

**Н. НАЗАРБАЕВ**

**АҚМОЛАНЫҢ ЖҮЛДЫЗДЫ САҒАТЫ ТУДЫ**

*Президент Н. Ә. Назарбаевтың Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін жеткізген салтанатта сөйлеген сөзінен*

*1997 жыл, қарашаның 8-і*

...Бүгін жаңа Астанаға Көгілдір туымыз, Елтаңбамыз, басқа да белгілеріміз жеткізілді. Ол – біздің мемлекеттігіміздің, тәуелсіздігіміздің рәміздері. Қазірдің өзінде Ақмолада мемлекеттік басқару органдары өз жұмысын бастап кетті. Бір сөзбен айтқанда, Ақмола еліміздің басты қаласына айналды, енді ең жауапты шешімдердің бәрі осы жерде қабылданады.

Иә, Ақмоланың жұлдызды сағаты туды. Тарихтың ұлы көші бойында бұл қаланың басынан өткергені де аз емес. Сарыарқаның төсінде, ұлы керуен жолының үстінде тұрғандықтан халықтардың бір-бірімен бауырласуының, рухани байланыста болуының орталығына айналды. Ол көптеген халықтардың өкілдері үшін туған ошаққа, аталы шаңыраққа айналды. Осы бір бауырластық, өзгені жатсынбау сезімі ХХ ғасырда бүкіл бұрынғы одақтағы қалың оқиғалардың ортасынан көрінуі себеп болды. Ал үшінші мың жыл табалдырық аттар қарсаңда астана болу мәртебесі оның маңдайына жазылды. Бұл тамаша жетістік, ол ерік-жігерді, табандылықты, бірлік пен келісімді талап етеді. Сондықтан да бірінші кезекте, ақмолалықтар, қала берді бүкіл қазақстандықтар осы бір таңдау мен талаптың жолынан шығар деген көңілдегі сенім орнығып отыр.

...Енді астаналық тұрғындар болып саналасыздар, ал бұл, маған сеніңіздер, жоғары мәртебе, ол әрбір адамға үлкен жауапкершілік жүктейді. Бүкіл дүниежүзінде астана тұрғындары, бейнелеп айтқанда, сол елдің ажары мен келбеті болып табылады. Сіздердің барлықтарыңызды жақсы білгендіктен: ақмолалықтар

өзінің беделін жоғары ұстайды, астаналық тұрғындар атағына сай болады деп білемін.

...Өмір – асау өзен. Оның да өз арнасы, жаңару ағысы болады. Астананың көшірілуі – соның жарқын айғағы, ол еліміздің түрлі салалары мен аймақтарына қуатты серпін, жаңа мүмкіндіктер беретіндігі сөзсіз. Бұл оқиға нарықты экономикаға бетбұрысты кезеңде жетекші, қуатты қозғаушы күшке айналуға, ұлттық мақтаныш сезімді, қазақстандық патриоттық саналықты оятуға тиіс...

## БҰЛ ЖЕРДЕ ЕНДІ ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІ СОҒУДА

*Президент Н. Назарбаевтың Қазақстан  
халқына үндеуі*

*1997 жылғы желтоқсанның 10-ы*

Бүгін біз, Қазақстан Республикасының жоғары өкімет органдары, Ақмола қаласының 1997 жылғы желтоқсанның 10-ынан бастап мемлекетіміздің астанасы болып табылатыны жөнінде салтанатты түрде мәлімдейміз.

Бұдан былай және ғасырдан ғасырға, осында ұлан-байтақ елдің кіндігінде халық тағдыры үшін өміршең маңызы бар шешімдер қабылданатын болады. Бұл жерде Отанымыздың жүрегі соғуда. Осы жерден Қазақстан үшінші мыңжылдықтың табалдырығында өзінің тарихи тағдырын айқындайтын болады.

Біз өз мақсаттарымыз бен негізгі принциптеріміздің сабақтастылығын қуаттаймыз. Ежелгі қазақ жеріндегі барлық ұлттық топтардың мәдени және тарихи өзектестігінің терең тамырлары Қазақстанның көпұлтты халқының азаматтық және мәдени бірлігі арна тартар бастау бұлақ болып табылады. Аумақтық тұтастық дегеніміз – тек құқықтық норма ғана

емес. Мұның өзі әрбір қазақстандық үшін киелі қағида. Оны сақтау біз үшін жоғары басымдық болып қала береді, өйткені бабаларымыз ғасырлар бедерінде білектің күшімен, найзаның ұшымен жан сала қорғап қалған Орталық Азияның Каспийден Алтайға дейін құлаш кере жазылып жатқан орасан зор кеңістігі, бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтың да игілігі.

Қазақстан еуразиялық ел болып табылады. Ақмола – Еуразия құрлығының географиялық кіндіктерінің бірі. Біздің тандауымыз уақыт өте келе бұл қаланың осынау ұлан-ғайыр алып құрлықтың қуатты коммуникациялық орталықтарының біріне айналатындығымен де айқындалады. Ілгерілеп даму үстіндегі еуразиялық кеңістіктің экономикалық, технологиялық және ақпарат ағындары ХХІ ғасырда біздің жаңа астанамыз арқылы да көктеп өтетін болады. Астананы Ақмолаға көшіру біздің бейбіт әрі сан бағдарлы сыртқы саясатымызға кері әсер етпейді. Ол біздің Шығысқа да, Батысқа да, сол сияқты Оңтүстікке де, Солтүстікке де ашықтығымыздың нышанды көрінісі де болып табылады.

Қазақстан өз тарихында тұңғыш рет бірегей маңызы бар құжатқа – елдің 2030 жылға дейінгі даму стратегиясына ие болады. Біздің өз болашағымыз туралы бұрынғыдай қиял-елестер нысанында емес, байсалды әрі дәл тұжырымдалған болжам нысанындағы топшылауымыз бар. Қазақстан өзінің барлық азаматтары азат қана емес, аukatты да болып, ертеңгі күніне сенімділікпен қарай алған жағдайда ғана өркениетті мемлекетке айналады. «Қазақстан-2030» стратегиясы экономикалық құжат қана емес, бұл – Қазақстанның барша халқының мүдделерін ұштастырып-үйлестіру жолы. Біздің баршамыздың ортақ игілігіміз оның іске асырылуына тікелей байланысты.

Өтпелі уақыттың қиындықтарына көзжұмбайлық жасауға болмайды. Бүгінгі таңда, ұлттық тарихымыздың бетбұрыстық кезеңінде, отандастарымыздың елеулі бөлігі мұқтаждық пен жоқшылыққа душар болып отырған сәтте, әрбір

Қазақстандық ағайынның күйзелісінен тыс қала алмайды. Кедейлік жеке азаматтың да, тұтас елдің де еңсесін түсіреді. Осы бір шапағатты күні біз тұрмысы төмен азаматтарға қолдау жасау жөнінде Жалпыұлттық қор құру туралы шешім қабылдадық. Ал Президенттің, Парламент депутаттарының, Үкімет мүшелерінің жеке жарналары осыған қосылған алғашқы үлес болсын. Осы залда қатысып отырған баршамызды, барлық билік құрылымдарын, Қазақстанның күллі бизнесмендерін, ірі шетел компаниялары мен бірлескен кәсіпорындардың, елдің өнеркәсіп алыптарының өкілдерін осы ізгі өрнекті қолдап, атсалысуға шақырамыз. Біздің туған Қазақстанымыз байлар мен кедейлердің арасын өткел бермес шынырау бөлген әлемнің көптеген елдерінің нарыққа ену тарихының неғұрлым қасіретті беттерін қайталамауға тиіс. Біз әлеуметтік әріптестікке ғана емес, әлеуметтік өзара көмекке де шақырамыз. Мұндай өзара қолдау біздің халқымыздың салт-дәстүрінде әрқашан орын алып келді.

Жиырмамыншы ғасыр Қазақстан үшін қатыгездігі мен ұлттық геноцид жөнінен аты-шулы ғасыр болды. Біздің демократиялық таңдауға деген бейілділігіміз либералдық қисынға жасалған тағзым емес, бүкіл халқымыз ой тезінен өткізген, тайғақ кешулер сынында шындалған таңдау.

Адамдар еңсесін тіктеді, енді ешқандай да саяси бұралаң-бұрылыс оларды тоталитаризм торына кері қайтуға мәжбүр ете алмайды. Біз мейлінше қырағы болып, ұлттық және әлеуметтік араздыққа, бір партияның немесе жеке тұлғаның шексіз билікті иеленуіне шақырушыларға сөзімізбен де, ісімізбен де қатаң тыйым салуға тиіспіз. XX ғасырдың шиеленісті тарихында біз тұңғыш рет өз мемлекетіміздің астанасы туралы дербес шешім қабылдадық, қайда өмір сүріп, кіммен достасып, кіммен араздасарымызды біз үшін әлдебіреулер айқындаған уақыт келмеске кетті. Бәлкім, ұлттық тарихымызда біз өз балаларымыздың болашағына алаңдамай азаттық самалымен тұңғыш рет тыныстап отырған шығармыз

және де ХХІ ғасыр табалдырығында біз өз таңдауымыз – көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа астанамыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайықты болайық!

## ТАРИХТЫҢ ТАЛАБЫ ОСЫНДАЙ

*Президент Н.Ә. Назарбаевтың шығармашылық,  
ғылыми зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде  
жасаған баяндамасынан*

*1998 жылғы наурыздың 17-сі*

...Өткен жылы тынған үлкен бір шаруа – астананың Ақмолаға қоныс аударуы. Мен мұның халық өміріндегі аса ірі тарихи оқиға боларына сенгенмін. Солай болып шықты да. Халықаралық қауымдастық та бұл қадамымызды құп алып отыр. Бізге жақын екі мемлекеттің басшылары – Ислам Каримов пен Асқар Ақаев Ақмолаға арнайы келіп, астанамызға құтты болсын айтып кетті. Оларына рахмет. Маусым айында болатын астана тұсаукесеріне көптеген елдердің делегациялары қатысады деп күтіп отырмыз.

Ашығын айтайын, бұл шешімнің біздің ұлттық қауіпсіздігімізге тікелей қатысы бар. Мыңдаған «жылдар» бойы ата-балаларымыз мекен еткен қасиетті қазақ жерінің бір бөлігін – аяулы Сарыарқаны саяси саудаға салып, дархан даламызды дау-дамайға айналдырғысы келетіндер бар кезде, солтүстіктегі

шұрайлы өңірге суық көзінің сұғын қадайтындар бар кезде біз мына жылы жерде, әсем қала – Алматыда тыныш отыра алмас едік.

Біз Алатаудың бауырына сыймай кеткен жоқпыз, қайта жер жәннаты Жетісуды қимай-қимай кеттік. Тарихтың қатал талабы осындай.

Енді жағдай басқаша. Астананы даулау тұрмақ, астанаға көрші облыстардың жерін даулау дегеніңіз де бүкіл әлем жұрты күлкіге айналдыратын далбаса болады да шығады.

Ақмоланың халқымыз мақтаныш ететін қала боларына, жиырма бірінші ғасыр архитектурасымен тұрғызылатын жаңа ордамыз боларына күмән жоқ. Жақында мен қаланың бұрын ойластырылған бас жоспарының жобасын қабылдамай тастадым. Шетел сәулетшілері қатысатын халықаралық конкурс ұйымдастырамыз. Ең жақсысын іріктеп аламыз.

Осы мәселені созбұйдаға сала бермей, бас-аяғы үш-төрт жылда шешіп тастағанымызға сіздердің сөз көмектеріңіз көп болды. Зиялы қауым бұл идеяны бірден қолдап, жұртшылық пікірін дұрыс қалыптастыра білді.

Ал Алматы қашанда Алматы болып қала беретініне шәк келтірмеңіздер. Алматы – ғылыми, мәдени орталық ретінде бар қазақтың жүрегіне жақын, аяулы қала. Бұл қаланың дамуын да ұдайы назарда ұстап отырамыз.

## СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ ЖАУҒАРЫ

XX ғасырдың аяғында, қоғамдар ауысқан тұстағы өткір әлеуметтік және шаруашылық қиындықтар кезеңінде Республика Президенті батыл шешім қабылдады. Елбасы тәуекел еткен бұл қадамның саяси-экономикалық маңызы терең еді. Астананы қиырдағы Алматыдан жер кіндігіндегі Ақмолаға көшіру арқылы қазақ тәуелсіздігін нығайтудың жаңа мүмкіндіктері ашылатын. Мұны сол шақта біреу түсінсе, біреу пайымдай қойған

жоқ. Президент тәуекелінің астарындағы көрегендікті жылжып өткен жылдар айқындап жатты, Астана бас-аяғы жеті-сегіз жылдың ішінде ел экономикасының қозғаушы күшіне, рухани қуатқа, халық мақтанышына айналды. Елорда арқылы өңірлер бой түзеді, республика көлемінде бұрын-соңды болмаған алып құрылыс тоқырай бастаған өндірісті қайта жандандырды, жана кәсіпорындар бой көтеріп, ел экономикасына миллиардтаған доллар инвестиция құйылды, мыңдаған жұмыс орыны ашылды. Республика тоқырау кезеңін артқа тастады. Ежелгі Есілдің жағасында көрікті шаһар қанат жайды, қазақ елі үшінші мыңжылдыққа сай кесек қимылдай алатын, әлемдік өркениетке үлес қосуға қабілетті ел екенін паш етті.

Әрине, саяси-экономикалық маңызы ерекше жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Астаналық талап тым қатаң еді, Президент құрылыстың бұрынғы, әбден сартап болған әдістерінен бас тартуды, осы заманғы технологияны игеруді, архитектуралық үздік шешімдерді талап етті. Қала XXI ғасырдың деңгейінде салынуы керек-ті. Онда бой көтеретін әр ғимарат біздерден кейінгі сан ұрпақтың талғамынан шығуға тиіс болатын. Бір сөзбен айтқанда, Астана әлемдік сынға жауап бере алатын, барлық жағынан мінсіз шаһарға айналуы қажет еді.

Мұндай күрделі міндет дүниежүзілік архитектуралық және құрылыс мәдениетін меңгергенде ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да Астананың Бас жоспарын айқындауға әлемге танымал дарынды сәулетшілер жұмылдырылды, Еуропаның үздік құрылыс компаниялары тартылды. Олардың тың идеялары мен өндірістік мүмкіндіктері байқаулар арқылы сыннан өткізіліп, зор жауапкершілікпен сұрыпталды.

Мәселеге алғашқы сәттен нақ осылай, әлемдік деңгейде қарау Қазақстан астанасын ірі сәулет лабораториясына айналдырды, небір ғажап идеялар қазақ топырағында туып, әлемдік архитектура өнерін жаңалықтарымен байытып жатты, түрлі елдерде игерілетін сәулет стильдері қорытылып зерттелді.

Қаланың архитектуралық келбетін айқындап, сапалық көрсеткіштерін белгілейтін негізгі шығармашылық еңбек – Астананың Бас жоспары. Соған орай оны әзірлеуге айрықша көңіл бөлінді. Жоспардың эскиз-идеясы қызу талқыланған екі байқаудан соң бекітілді. Алғашқы байқауда Қазақстан сәулетшілерінің ой-ұсыныстары қаралып, бірқатар ұтымды идеялар іріктеліп алынды, солардың ішінде КСРО халық архитекторы Қалдыбай Монтахаев басқарған шығармашылық топтың жоспары қай жағынан да салмақты еді. Алайда бұл жоспардың қала құрылысының осы заманғы жетістіктеріне қаншалықты сай келетінін анықтай түсу қажет болды. Осы мақсатпен әлемдік архитектура шеберлерінің халықаралық байқауы өткізілді. Оған Еуропа, Азия, Америка, Австралия секілді дамыған елдермен бірге Қазақстанның және ТМД республикаларының сәулетшілері қатысты. Беделді халықаралық қазылар алқасы көрнекті архитектор, әлем таныған дарын Кишо Курокава жетекшілік еткен топтың жобалық ұсынысын үздік деп таныды.

Кишо Курокава Астана архитектурасының бүгіні мен болашағын Симбиоз, Метаболизм және Абстракті символизми-деялары негізінде айқындап берді. Бұл жаңа философиялық доктринаның мәні – қала мен қоршаған экожүйенің өзара үйлесімділігінде. Кишо Курокава қаланы табиғатпен барлық жағынан сіңісетін, оған ешқандай залал келтірмейтін, архитектуралық келбеті дара әрі белгілі бір маңызға ие, қазіргі заманғы тұрмысқа барлық жағынан жауап беретін урбаникалық тірі организм ретінде қарастырған. Аталған принципті эксперттер бүгінгі қала құрылысындағы жаңа қадам деп бағалады. Шындығында да, симбиоз принципі Астана мен оның жалғыз су көзі – Есіл өзені үшін, қуаң даланың әлсіз экожүйесі үшін ең ұтымды тандау еді. Тек осындай жолмен, қала және табиғат үйлесімділігін сақтау жолымен экологиялық талаптар әлемдік мәселеге айналған ХХІ ғасырға лайықты шаһар тұрғызуға болатын еді.

Ұтымды идея анықталған соң Кишо Курокаваға Астана Бас жоспарының жобасын әзірлеу тапсырылды. Қазақстан жағынан жапон сәулетшілеріне «Ақ орда» жобалау фирмасы көмек көрсетеді деп шешілді. Фирмаға Республиканың еңбек сіңірген архитекторы С.Рүстембеков жетекшілік етті.

Әрине, Астана сәулетіне қатысты шаралар мұнымен шектелмейтін еді, жоспар қаланың территориялық-жобалық даму жүйесінің тұжырымдарын ғана айқындайды. Сол тұжырымдарды нақты жүзеге асыру үшін әр орам мен ықшам аудандардың жобалары жасалуы керек. Басталып кеткен жұмыстың бас айналдыратын қарқыны қала құрылысын бір орталықтан реттеуді қамтамасыз ететін орасан зор шығармашылық қызметті, архитекторлар мен инженер-техник мамандарының біліктілігі мен оралымдылығын талап етті. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей тапсыруымен аталған міндеттерді шешумен және қала құрылысына араласқан түрлі бағыттағы фирмалардың жұмысын үйлестірумен шұғылданатын «Астанабасжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны құрылып, 2000 жылғы қазан айында іске кірісті. Кәсіпорынның шығармашылық қызметіне тиісті жағдай жасалды, кең макет, көрме және жобалау залдары бар бес қабатты тамаша ғимарат салынды. Жобалау институты аталған бұл шаңырақ осы заманғы техникалық құралдармен толық жабдықталды. Мұның бәрі жапон архитекторының идеяларын жүзеге асыруға тиісті сәулетшілер мен қаладағы ұйымдастыру – басшылық қызметтерінің жемісті еңбек етуіне игі ықпал жасады.

Жұмыс қарқыны ерекше еді, аз ғана уақыттың ішінде қаланың қаржы жағдайына сәйкестендірілген құрылыс стратегиясы мен бағдарламасы әзір болды.

Сол кезде тындырылған ұйымдастыру жұмыстарын қорыта келе үш бағдарламалық кезенді атап көрсете алар едік.

Бірінші кезең 1998-2001 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңнің алға қойған мақсаты көріксіз облыс орталығын әсем астанаға

айналдыру болатын. Соған сәйкес ең алдымен бұрыннан бар әкімшілік үйлерін министрліктер мен түрлі мекемелердің сәулетті кеңселеріне айналдыру қолға алынды, ескі қаладағы бос алаңдарға көп қабатты тұрғын жайлар салынып, оларға қызмет бабымен жаңа астанаға ағылған ел қоныстанды. Қала көшелерін көркейту, мәдени-көпшілік орындарын көбейту шаралары атқарылды.

Аталған кезеңнің сапалық көрсеткіші қандай болғандығын Астанаға Юнесконың «Әлем қаласы» атағы беріліп, Мәскеуде өткен «Сәулет-2001» халықаралық фестивалінде «Астана-басжоспар» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны ұсынған жобаның Халықаралық архитекторлар одағы мен Халықаралық архитекторлар академиясының үлкен алтын дипломымен марапатталғандығынан көре аламыз.

Екінші кезең 2001-2005 жылдарды қамтиды. Бұл кезеңде Есілдің сол жағалауында орын тебуге тиісті Жаңа қаланың орталықошағынқалыптастырып, Республика Үкіметі 2001 жылғы тамыз айында бекіткен, Кишо Курокаваның шығармашылық тобы әзірлеген ескі қаланы қайта салу жоспарын орындау керек еді. Аса ауқымды бұл шаралар зор көлемдегі қаржыны қажет етті. 2002 жылғы қаңтар айында Елбасы заң күші бар – «Астана – жаңа қала» еркін экономикалық аймағы ережесін енгізу туралы» Жарлыққа қол қойды. Астана құрылысының бұрынғыдан да қарқынды дамуына ерекше ықпал еткен бұл құжат қолайлы инвестициялық ахуал орнықтырып, шетелдер мен отандық компаниялардың қаржысын көптеп тартуға бағытталған болатын.

Осыдан соң Астана құрылысын қаржыландыруға ынта білдіргендердің қатары көбейді, олар алыстан да, жақыннан да табылды. Біз қазіргі күнде мынаны айқын айта аламыз – қалада бой көтерген құрылыстардың бәрі, әлеуметтік және жалпы қалалық бағыттағыларын қоспағанда, жеке капиталдың есебінен іске қосылды. Соған орай қала бюджетінің басым бөлігі мектептер мен балалар бақшаларын, әлеуметтік құрылыстар

мен жолдар тараптарын, магистралді инженерлік жүйелерді салуға жұмсалды.

Қала құрылысына отандық инвесторлардың қосқан үлесі қомақты. «BI GROUP», «ҚУАТ», «Базис-А» компаниялары алғашқы күннен қазірге дейін кең құлашты жұмыс атқарып келеді. Шетелдік фирмаларға тоқталсақ, «HIGH WILL» корей, «Джейлан», «Сембол», «Окан», «Аксель» түрік фирмаларының Астана сәулетіне қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қыруар қаржы жұмсай отырып, осы заманғы көрікті де ыңғайлы тұрғын үйлерді, архитектуралық жағынан мінсіз көптеген ресми ғимараттар мен мәдени-көпшілік орнындарын жоғары талапқа сай салып шықты, қала сәулетінде өздерінің қайталанбас қолтаңбаларын қалдырды.

Егер қала ең озық деген архитектуралық идеяларды жүзеге асыру кезінде жана дәуірдің талаптарына сай әсем ғимараттарды тұрғыза алса, ХХІ ғасырдың талаптарына жауап бере алады. Ал әлемдік архитектураның озық үлгілеріне барлық сапалық көрсеткіштермен сәйкес келетін құрылыстарды жобалау аса дарынды сәулет шеберлерінің ғана қолынан келеді. Осыған орай Астана сәулетіне алыс және таяу шетелдердің ең таңдаулы архитекторлары тартылды.

Нарық өмірдің барлық саласына кеулеп енген кезеңде шетелдермен, әсіресе дамыған елдермен байланыстың қандай түрін болса да орнату оңай емес. Капиталистік көзқарас бойынша, біздер ойлайтындай, ақша емес, бір кезектік пайда да емес, идеялар жақындығы мен түпкі нәтиже қымбат. Өркениетті елдер сәулетшілері Астанамен жан-жақты танысқан соң, қала құрылысының болашағы зор екенін, қазақ ордасына үздік шығармашылық табыстарын әкелу арқылы өздерінің әлемдік беделге ие болатынын білді. Мұны ең алдымен Халықаралық архитекторлар одағының президенті (бүгінде экс-президент) Василис Сгутас пен Халықаралық архитекторлар академиясының президенті Георгий Стоилов түсінді. Солардың тікелей көмегімен Астанадағы бірқатар ғимараттар көрнекті

сәулетшілердің жобалары бойынша салынды. Мәселен есімі дүниежүзіне мәшһүр архитектор Норман Фостер – елордада бой көтерген Бейбітшілік пен келісім сарайының жоба авторы. Сауда және ойын-сауық орталығы да осы сәулетшінің идеясы.

Италияның белгілі архитекторы Манфреди Николеттидің жобасымен 3500 орындық киноконцертзалы салынды. Аталған құрылыстар жоба кезінің өзінде әлем архитекторларының қызығушылығын туғызған еді.

Астана жаңа қала ретінде біршама қалыптасып үлгерді. Енді қала дамуының үшінші кезеңі басталды. Бұл кезеңде тұрғындар қатарының қауырт өсуі және елдің өскелең экономикасымен бірге нығайған Астананың қаржы мүмкіндіктері негізге алынды. Қазақстанның әл-қуаты күтпеген қарқынмен дамиды деп шетел сарапшылары да, бізбен жұмыс істеген көрнекті архитекторлар да ойлаған жоқ. Кишо Курокава да Астананың бас жоспарын жасаған кезде құлашын кеңге сілтей алмады. Аталған жоспарда қарастырылған қала құрылысының ауқымы 2010 жылы игеріледі деп есептелсе, ол көлемге 2002 жылдың өзінде қол жеткізілді. Сондықтан Бас жоспарға жаңа мүмкіндіктерге сәйкес өзгерістер енгізуге тура келді. Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институтының зерттеу тобы қала тұрғындарының 2030 жылға дейінгі өсу көрсеткішін мұғдарлады. Институт көрсеткіштеріне сүйенсек 2030 жылы Астана тұрғындарының саны 1 миллион 200 мың адамға жетеді.

Осы мәліметтерді зерделей келе 2005 жылғы қазан айында қаланы одан әрі дамытудың эскиз идеясына байқау жарияланды. Төрелер алқасы архитектор Н.Тоқаев жетекшілік еткен шығармашылық топтың тұжырымдамасын үздік деп тапты. Осы топ жаңа идеялармен байытқан Бас жоспарда қала құрылысының К.Курокава жасаған философиялық-теориялық негіздері тереңдетілді. Табиғат симбиозы мәселелері барынша нақты қарастырылды, көлік тасқынын жол айрықтары арқылы жеңілдетіп, қала іші мен төңірегіндегі жерлерді ұтымды пайдаланудың жолдары көрсетілді. Атап айтарлығы сол, жол

айрықтары арқылы тұрғын жай аудандарын жоғары технологиялы инновациялық өндіріс төңіректерінен қашықтатудың мүмкіндіктері айқындалып берілді. Ал алғашқы Бас жоспарда қала құрылысын ғылымға негізделген өндіріс пен зерттеу кластерлерін, технобақтарды құру арқылы дамытуға көңіл бөлінбеген болатын. Тың ойлармен толықтырылған жоспарда өндірістік және ғылыми ошақтарға арналған жерлер нақты белгіленген.

Осы жерде назар аударма кетейік, сөз болып отырған жоспарда Астананың рухани-мәдени талаптары да жете ескерілген. Мәселен, «Мыңжылдық аллеясы» туралы кең баяндалды. Оның мәні мынада: көне Бозоқ қаласының орнынан Жаңа қалаға қарай тарих даңғылы тартылып, университет қалашығына барып тіреледі. Даңғыл эспланада түрінде тарихи кезендерді бейнелейтін көріністерге толы болады. Нақтырақ айтсақ, Қазақстанның өткенінен, бүгінгі мен келешегінен сыр тартып тұрады.

Астана идеялары, сәулет тұжырымдамалары, міне осындай. Қала қазірдің өзінде ХХІ ғасыр архитектурасының алып алаңына айналған. Қария Сарыарқаның төсінде көкке талпынған шаһар жайлы сондықтан да, білгісі келетіндер алыста да, шалғайда да жетерлік. Олар үшін Елорда туралы жасалған телефильмдер де, жазылған зерттеу мақалалар да, айтылып жатқан әңгімелер де қымбат.

Иә, Астана туралы айту парыз, әңгіме етуге, мақтанышпен мәлімдеуге болатын жетістіктер аз емес. Қала сәулеті әлемдік архитектураның тарихына енетіні даусыз. Осы жерде ХХІ ғасыр сәулет өнерінің ең үздік жетістіктері сыннан өтті, тың идеялар дүниеге келді. Қазіргі заман сұңғылаларымен бірге қазақ архитекторлары да уақыт биігінен табылды. Олардың еңбегі жайлы кеңінен айтылып, ілтифатпен жазылуы керек.

Қала салыну, даму үстінде, жылжып өткен әр жыл жаңа табыстарымен қуантуда. Ендеше, Елорда жайлы баянға сірә де нүкте қойылмайды.

## АҚОРДА

Ақорда деген айшықты атауымен қазақ тарихын бүгінгі заманмен ұштастырып тұрған осынау алтын шаңырақ ел архитектурасының шыңы десе болғандай. Ресми тілде Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы делінетін әсем де салтанатты ғимарат – сәулетшілердің тілімен айтқанда жаңа әкімшілік орталықтың жинақтаушы тұғыры. Ол осындағы барлық құрылыстардың ансамблін ортақ идеяға бағындырады, мемлекеттік маңыз береді, салтанатын асырады. Композициялық кеңдігі мен сыр-сыйпатының әмбебаптығы (шығыс пен батыс архитектураларының озық үлгілерін бойына мол сіңіруі) өзінен өзге ғимараттардан барынша асқақтатып тұрады, сонымен бірге оларды мазмұн жағынан толықтырады. Дәл осы тұрғыдан алғанда Ақорда Бәйтерек мұнарасымен ұлттық дәстүрлі нақышпен әдемі үйлесім тапқан. Бірі халықтың ұшқыр қиялындай, бірі-сабырлы, салқын ақылындай.

Ақордамен осындай үйлесімдікке алаңның сол қанатын көмкеріп тұрған Жоғары сот үйі мен Бәйтеректің тұсындағы Сыртқы істер министрлігінің үйі де ие. Бұлардың бәрін тұтастандыратын ортақ қасиет – шығыстың сәулет сарыны. Арқа кешінің жаймашуағында, дүние-ғалам ұлы сабырын тапқан шақта осы бір ғажайып ғимараттардан көне әуеннің қоңыр сазы ескендей болады.

Ақорда осындай жылылығымен, ұлттық дәстүрлі кеңдігімен бірге мемлекеттік айбын мен қуатқа ие. Оның кескін-келбетіне сәулет өнерінің тілімен Ұлы Даланың тегеуріні мен даналығы, мәңгілігінің нышандары жазылған. Өткенге көз салсақ, айшықты құрылыстар арқылы халықтың ішкі бұлқынысын, ерік-жігерін аңғарту қазақ жерінде көнеден бар дәстүр. Белгілі бір наным-сенімдерді білдіретін тәңірлік сипаттағы құрылыстар көшпенділер ат басын тіреген өңірлердің бәрінде тұрғызылған. Ал Шыңғысханға дейінгі қалалардың төрінен айбынды сарайлар асқақтайтын. Байырғы сәулетшілер мағынаны ауқым арқылы

емес, жинақылық арқылы білдіруге тырысқан және соған қол жеткізген.

Ақорда сәулеті қарастырылғанда осының бәрі көңілде тұрды, ғасырларды дәстүрлер арқылы жалғастыру ойластырылды. Ол байырғы әрі барынша осы заманғы ғимарат болуға тиіс делінді.

Резиденция өзіне ең таяу деген құрылыстардан 300 метр жерде биіктігі 6 метр жасанды жотаның үстінде окшау тұр. Негізгі кескін ретінде классикалық кубикалық форма таңдалып алынған. Ғимарат қабырғаларға сіңірілген колонналар арқылы салтанатты ренге ие болады, сырт қарағанда әрі салмақты, әрі жеңіл.

Ақорданың аумақты да еңселі күмбезі көксеңгірленіп Арқа аспанымен астасып жатыр. Көк күмбез ата-бабалардың ежелден санаға сіңген қасиетті құдірет күші – ғарыштың символы. Жалпы аспан идеясы, заңғарлық пен мәңгілікке құштарлық идеясы ғимараттың бүкіл болмысына тән. Нақтырақ айтқанда, қазақ мемлекеттігі мәңгілігінің белгісіндей баурайды.

Күмбездің ұшар биігінде жер шары мүсінделген, одан жоғарыда қанатын жайып жіберген қыран. Жер шарын сұр жебе көтеріп тұр. Жебе тарихтың талай тар жол, тайғақ кешуін бастан кешірген халықтың қаһармандығын, айбаты мен сұңқар сестілігін, мұқалмас жігерін білдірсе, жұмыр жер адамзаттың алтын ұясы ұғымын ұқтырады. Жер-ана ардағын да, қасиетін де, кастерлің де, ол сондықтан да бәрінен биік қойылған. Ал кеңістікте қалқыған қыран-тәуелсіз елдің, еңсесін тіктеген қазақ ұлысының кең әлемге еркін құлаш ұрған шағы.

Көк күмбезден аңғарылатын сыр да терең, ол әлгінде айтылған баянмен шектелмейді. Асылында күмбез жебе арқылы «Алтын адамның» дулығасын көз алдына әкеледі. Дулыға – үзілмей келе жатқан ерліктің қуатты нышаны, ол әрі қорғаның, әрі айбының, қаһармандық мұрасы.

Осының бәрін жинақтасак, Ақорда ғасырлардан үн қатып, ғасырлардың ұлағатын баян етіп, дәуірлерді тоғыстырып, тарихты бүгінгі күнмен ерекше жарастырып тұр. Ғимараттың

бүкіл болмыс –бітімінен көкірегі ояу қазіргі толқын тың стильді – еуразиялық архитектуралық қолтаңбаны тани алар еді. Шығыстың сәулет үлгісімен фасадтар арқылы жарасымдылық тапқан бұл стильді басқаша атау мүмкін емес. Осы жағынан келгенде Ақорда Қазақстанда жаңа сәулет бағытын тудыра алатын аса құнды архитектуралық туынды.

Ғимараттың ішкі нақыштары туралы ұзақ баяндауға болады, біз кейбір ерекшеліктерімен шектелейік. Бірінші қабаттағы орталық холл 3000 шаршы метрді алып жатыр. Осы бөлікте 400 орындық банкет залы мен қысқы бақ орналасқан. Еденге түрлі түсті гранит төселген, одан қазақ ою – өрнегінің ғажайыптарын танысың. Ал қысқы бақ мәрмәрмен көмкеріліп көз жауын алады, осы сұлулықты әсем фонтан одан әрі аруландырып, шығыстың ертегі әлеміне жетелейді.

Үшінші қабаттағы Шығыс залында да нақ осындай нәзік те салтанатты көркемдік бар. Түрлі гүлдермен өрнектелген кеңістік киіз үй түрінде сомдалған. Қымбат ағаштан жазылған еден түркі шеберінің қолынан шыққан қалы кілемдей айшықты. Ортадағы дөңгелек үстел алтын жалатқан қоламен жиектеліп өз алдына салтанат құрады. Мәрмәр қабырғалар да ұлттық өрнекке толы.

Жинақтап айтсақ, Ақорданың ішкі сәулеті де ұлттық өнер мен дәстүрге мол.

Сөз соңында ғимараттың құрылысы 2001 жылдың маусым айында басталғанын айта кетейік. Құрылысты жүргізу құқын отандық және шетелдік компаниялар қатысқан тендерде Германияның «Kruger ErdBau GmbN» фирмасы жеңіп алған еді. Ақорданың сәулет жобасын жасаған да осы компанияның архитекторлары.

«Біздер Қазақстанда, оның елордасы – Астанада Президент резиденциясын жобалап салғанымызды әрдайым мақтан етеміз. Ел астанасы көркейе берсін!»-дейді компания сәулетшілері.

## АСТАНА-БӘЙТЕРЕК СӘУЛЕТ КЕШЕНІ

Астанада Қазақстанның көне дәстүрден тамырланатын символын тұрғызу жөніндегі идеяны Республика Президенті 1999 жылы көтерген еді. Елбасы оның қандай болу керек екенін де эскиз түрінде көрсетіп берді. Алыс-жақын елдер архитекторларының көп жобасының ішінен нақ осы нұсқа-«Бәйтерек» идеясы таңдалып алынды.

Осы жерде ашып айтып өтейік, Бәйтерек заңғары қазақ сәулетшілері мен инженер-конструкторларының Астанада алғаш жүзеге асырған тамаша еңбегі, шығармашылық жеңісі болды. Олар осылайша ұлттық сәулет өнерінің даму үстінде екендігін дәлелдеді, ой тереңдігімен әлемдік архитектураның талабына сай бола алатындығын паш етті.

Бәйтеректің идеялық желісі халық мифологиясында бағзыда өрілген. Аңызға сенсек, алып мұхиттың үстінде әсем Көк-Төбе заңғарланады. Соның ұшар биігіне зәулім Бәйтерек тамыр жайған. Бәйтеректің басында Самұрықтың ұясы бар. Қасиетті құс жылына бір рет алтын жұмыртқа салады. Ол күн болып сәуле шашып, жер бетін нұрға бөлейді. Жұмыртқаны айдаһар келіп жұтқанда дүниені түнек басады.

Аңыз осылай дейді. Самұрық, алтын жұмыртқа, айдаһар, күн мен түннің, түнек пен нұрдың, жақсылық пен жамандықтың символдары. Қазақ халқы өзінің ұзақ дәуірлерінде талай түнекті көрді, бірақ әулие Самұрық сияқты сол түнекті сейілтуден болды. Бүгінде ол өзінің нұрлы шағын бастан кешіруде.

Бәйтерек аңызды ақиқатпен осылай астастырады. Ол Астана төрінде көк тіреп тұр. Биіктігі 97 метр, XX ғасырда дәл осы жылы қазақтың елордасы Ақмолада шаңырақ көтерді.

Бәйтеректің архитектуралық шешімі үш буыннан тұрады:

– Бірінші бөлік – жер асты бөлігі, ол 4-5 метр тереңге кеткен. Аңыз тілімен айтсақ, Көк-Төбенің астындағы мұхитты бейнелейді. Шындығында да осы бөлікте балықтар жүзіп жүр, 7 метрлік аквариум су патшалығының кіші моделіндей.

Жұрт заңғарға осы бөлік арқылы енеді, жер асты тіршілігін тамашалап, біраз аялдайды. Содан соң лифтке бет алады.

– Екінші бөлік – Бәйтеректің дінгегі, металл конструкциялары. Соны бойлап «MITSUBISHI» фирмасының екі ұшқыр лифтісі ерсілі-қарсылы заулайды. Оған мінген ел жер астынан нұрлы дүниеге, Бәйтеректің басындағы алтын жұмыртқаға асығады. Бәлкім өз қиялының шыңына талпынып, ғарышқа құлшынар, әйтеуір бір ертегі шақты басынан кешіреті анық.

– Үшінші бөлік – диаметрі 22 метр алып шар – Самұрықтың алтын жұмыртқасы. Ол үш деңгейден тұрады. Алғашқысы ұя іспетті, жарты шар десе де болғандай, «Sun Glass» фирмасының алтын ренді шыныларынан жасалған, күн көзінде мың құбылады, тәуліктің әр сәтінде түрлі шапаққа боялады.

Осы жарты шар арқылы жоғарыға, Бәйтеректің ұшар басына көтерілесіз. Әуелі 93 метр биіктегі қаланы тамашалау алаңына аялдайсыз. Бұл жерден жаңа әкімшілік орталығы алақанға салғандай анық көрінеді. Ақорда, Үкімет үйі, фонтандар аллеясы, Қазақойл, – бәрі жанарыңның алдында құлпырады.

Заңғардан сайын дала да сиқырланып шалынады, қала шетінен жазылған байтақ көкжиекке сіңіп жоғалғанша қарайсың.

Бәйтеректің ең биік тұсы – 97 метрдегі «Аялы алақан» композициясына асықпайтын жан кем де кем, осында келгендердің бәрі оны көргенше құмартады. Онда Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің алақаны таңбаланған. Соған саусағың тисе «Менің елім» әуені шалқи жөнеледі, бүкіл Қазақстан ән салып жатқандай...

Қаланы тамашалайтын бөліктің еденіне зер салсаңыз – үш бұрышты 1x1x1 метр көлеміндегі айналы бедерлерді көресіз. Олар төртеу, яғни дүниенің төрт бағдарын айқындап тұр. Мына жағыңыз-Шығыс, ана тұс- Батыс, былай қарасаңыз – Оңтүстік, қарсы бет- Солтүстік. Солар арқылы Қазақстанның орталығы – Астана қаласының Еуразияның қай нүктесінде екенін айыра аласыз.

Осы ғажайыптардың Сізді таң қалдыратыны анық. Алайда бұлар Бәйтерек тылсымының бәрі емес, Заңғарды түнде тамашалағанға не жетсін! Арнайы жасалып орнатылған түнгі жарық Бәйтеректі күн астында бар шұғыланың бәріне бояйды, компьютер арқылы 500 ренде нұрландырады.

«Астана-Бәйтерек» бүгінде қала мен Республика халқының ғана емес, алыс-жақын елдердің көз қуанышына айналып үлгерді. 2002 жылы өткен ТМД елдері мен Мәскеу, Санкт-Петербург қалалары архитекторларының X халықаралық байқау-конкурсында Гран-Приге және Алтын медальге ие болды. Халықаралық сәулетшілер академиясының арнаулы дипломын да алды. 2003 жылы Болгарияның София қаласында архитекторлардың бүкіл әлемдік триенналында Астана-Жаңа қала сәулетімен бірге күміс медальді олжалады. Осы жылы Бішкекте сәулетшілер фестивалінде Гран-При мен Алтын медаль бірауыздан берілді.

Бәйтерек осылай әлемде Самұрықша қалқып барады.

\*\*\*

Заңғардың авторлары: А.И. Рүстембеков-жобалау ұжымының жетекшісі, Б.И. Торғаев, С.О. Базарбаев, конструкторы М.М. Вайнштейн, инженері М.М. Резунов, құрылысын жүргізген ОАО «Имсталькон».

## ӘДІЛЕТТІҢ АҚ ОТАУЫ

*Президент әкімшілігі – Ақорданың оң жақ қанатынан орын тепкен Жоғарғы Соттың жаңа ғимараты – алыстан көз тартатын, жаңа астанаға ерекше көрік беріп тұрған сәулет құрылысы. Үкімет, Сенат және Мәжіліс ғимараттарымен бір ансамбльдік кешенде өзіндік сәні мен салтанаты жарасымдылық тапқан әділдіктің ақ отауы.*

Жалпы аумағы 18853, 6 шаршы метр, төрт қабаттан тұратын бұл ғимараттың құрылысы 2003 жылы сәуір айында басталып, өткен жылдың желтоқсан айының басында барлық жасау-жабдығымен дайын болды. 16 желтоқсандағы Тәуелсіздік мерекесі күні Ел Президенті Н.Ә.Назарбаев келіп, салтанатты түрде ашып берді. Бүгінгі заман үлгісімен жабдықталған бұл ғимарат көркемдігі мен сәулет құрылысы жағынан әлемдік талаптарға сай. ТМД елдері мемлекеттеріндегі сот жүйесінің әлі ешқайсысының қолы жетпеген құтты қоныс.

Онда сот өндірісін заман талабына сай жүргізуге арналған кабинеттер барлық ұйымдастыру техникаларымен толық жабдықталған. Кең де, жарық бөлмелерге жарасымды қойылған құрал-жабдықтар, жиһаздар Жоғарғы Соттың судьялары мен оларға қызмет көрсететін аппарат мамандары еркін отырып жұмыс жасауға жақсы мүмкіндік туғызары сөзсіз. Түрлі салада қызмет көрсетуге арналған 300 орынды конференция залы, алқа мәжілістеріне арналған төрт зал және бар.

Босағасы берік бағаналармен бекіген, кіреберістері табалдырығы текшелене барып көтерілген баспалдақтар ақ отаудай шеңберлене бой түзеген дәлізге ұласады. Дәліздің қақ ортасында дөңгелене салынған, бірнеше шүмегінен мөлдір су аққан «Ақиқат» композициясының монументі орналасқан. Бұл композиция – бірнеше компонентті бір идеяға жинақтаған құрылымы ерекше өнер туындысы. Негізгінен ақ пен сары түстен құралған металл қоспалары халқымыздың «Алтындай ардақты, күмістей салмақты» бол деген ұғымын береді. Композицияның қарсы бетіндегі асқар тау, оған бедерлеп, шекіп салынған барыс, күн бейнелі адам қазақ елінің мыңдаған жылғы тарихын, рух биіктігін, дәстүр-салты мен өнерін бейнелейді. Тізбектелген түйе керуені қазақ ұлысының осы әлетке табандылықпен жеткен төзімділігі мен кеменгерлігін паш етеді. Түйе өркешіндегі шудаланған қанат тәрізді бедерлер «Алысқа самға, қанатың

талмасын!» деген ұғым береді. Асқар таудың ұшар басынан тік түскен үш жолақ, аспан мен жерді жалғаған комета ізі шаңырағымызды шырқау биікке көтерген уық іспетті. Шаңырақтағы шар үстінде көкке талпынған жас нәресте күнәдан мұнтаздай таза періштедей пәктіктің, адалдықтың бейнесі. Әрі халқымыздың «Асқар таудай биік бол!» деген бата-тілегін білдіреді. Осы нәресте «Ақиқат» композициясын жинақтап тұрған әділет идеясы- әділдіктің ақ отауына бірден жарасым беретін символ ретінде таңдап алынған.

«Ақиқат» композициясын шебер қиюластырып жасауға жетекшілік еткен белгілі көркемсурет шебері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Ерболат Төлепбаев, композицияны орындаған мүсінші Қайрат Сұраншы, дизайнер Арыстанбек Шалбаев, қалыптасушылар: Б.Әлбосынов, С.Қонарбаев, Б. Валиев, И.Нәдіров.

Жоғарғы Сот ғимаратының дөңгеленген әр қабатында көз тартатын өнер туындылары аз емес. Ақшаңқан түсті қабырғаларға сән беріп тұрған көркем суреттердің ішінде «Менің Отаным – Қазақстан» панно-гобелені қазіргі замандағы ұлттық колөнеріміз бен еуропалық қолдан тоқу дәстүрлі өнерін ұштастыра қолдану арқылы дүниеге келген туынды, көлемі жағынан Қазақстандағы ең үлкені. Оның ұзындығы 12, ені 2 метр полотноны құрайды. Автор ойлаған мақсатын көркем тілмен келістіре жеткізген, өте сәтті шыққан шығарма. Гобелен бетінде қазақ халқының бай тарихы мен дәстүр-салты тартымды суреттелген. Мыңдаған жылдарға созылып жатқан еліміздің тарихында өзінің ұлттық қадір-қасиетімен есте қалған оқиғалар, тұрмыс-салтын бейнелеген суреттер мен көне ескерткіштердің көшірмелері мазмұн жағынан бірін-бірі толықтырып тұр.

Жоғарғы Сот ғимаратындағы тағы да бір атап айтар жаңалық – «Қазақстан Республикасының құқық тарихы музейінің» ашылуы. Музейге 160 шаршы метр кең бөлме бөлінген. Оның іші музей ережесіне сай жабдықталып, безендірілген.

Еліміздің құқық тарихын қамтитын төрт бөлімнен тұрады. Яғни, көне Түркі дәуірінен бастау алатын «Ежелгі замандағы дәстүрлі құқық және билер соты», «Ресей патшасының заңдары және дәстүрлі құқық», «Кенестік дәуір», «Тәуелсіз Қазақстан» бөліміндегі экспонаттар құқық тарихынан мол мағлұмат береді.

Халқымыздың «Би болсын, би түсетін үй болсын» деген қанатты сөздерінің астарында ата-бабамыздың шындық үшін ақыл-парасатын сарқа жұмсаған, сот ісін әділдікпен атқарған азаматтардың кіршіксіз еңбегіне деген зор құрметтің белгісі жатыр емес пе. Ендеше бұл ғимарат шындық іздеген көпшіліктің мұң-мұқтажын шынайы шешіп беретін әділдіктің ақ отауы болмақ.

## ПРЕЗИДЕНТТІК МӘДЕНИЕТ ОРТАЛЫҒЫ

Астананың архитектуралық ескерткішіне айналып отырған Президенттік мәдениет орталығы елордада Шығыс үлгісімен салынған алғашқы ғимарат. Оның сәулет жобасын сызып берген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев еді. «Окан-Холдинг» компаниясының жобалау тобы сол үлгі бойынша жұмыс істеді. Құрылыс 1998 жылдың маусым айында басталды да 2000 жылғы маусымда аяқталды. Салтанатты ашылу сәті елорда күнінде, сол жылдың 10 маусымында өткізіліп, оған Елбасының өзі қатысты.

Мәдениет орталығы көп қырлы кешен, онда 570 мың шығармалар қоры бар кітапхана, 400 орындық концерт залы мен Ұлттық мұражай орналасқан. Ғимараттың жалпы аумағы – 19500 шаршы метр.

Көк күмбезді, көне ғасырлардан тылсым сыр тартып тұратын салтанатты шаңырақ Астанаға келген алыс-жақын елдің көзіне бірден түседі. Қалаға енетін барлық жолдардың торабында тұр, байырғы шаһарға сол арқылы өтесің. Осы ара-

дан сол жағалауға бастайтын көпір қашық емес, ал қол созым жерде Есіл ағып жатыр.

Орталықтың осындай ұрымтал жерге орналасуы архитектуралық кескінін анықтауға ықпал етті. Жол торабындағы, ұдайы көптің назарындағы құрылыс әдеттегідей төрт қырлы бола алмас еді. Ол Есілден ескен самал айнала қыдыратын шаңырақ реңде бой көтеруге тиіс-ті. Нақтырақ айтсақ, қазақтың қасиетті киіз үйін еске түсіріп тұрса дұрыс-ты. Мемлекет басшысының идеясы да осыны көздейтін және төрт қанатын еркін жайып жіберуі керек еді.

Құрылысты нақты жобалағанда бұл ой-тұжырым қатаң ескерілді, шаңырақ-күмбез көкке талпынып, төрт канат қазақ халқының төрт тарапты нұсқаған көне символындай сәтті шешімін тапты. Бүгінде сол қанаттың бірі – кітапхана, бірі-концерт залы, бірі – мұражай, бірі-қызмет жайы. Ал күмбез асты кеңістік-шалқар атриум түрінде асқақтап, төрт канатты өзара астастырады. Сол кеңістікке көтерілген ел аспан астын қызықтағандай әсерге бөленеді. Көз алдындағы киіз үй, төңкерілген зеңгір көк бейнесінен халықтың көне ғарыштық танымымен – тәңгірлік әлеммен қауышқандай боласыз. Адам, оның рухы, ой-сана, жанды-жансыз, – бәрі қасиетті көктен нәр алатынын аңғарасыз.

Ғимарат үш бірдей талапты орындап тұр. Біріншіден, шығыс сәулет өнерін Астана архитектурасына сәтті енгізді. Екіншіден, қаланың рухани-мәдени қажетін жан-жақты өтей алатын шаңырақ ретінде қалыптасты. Үшіншіден- елордаға кіретін және одан шығатын жол тарамдарын үйлестіретін жүйе түрінде маңызды.

Бүгінде орталық – Республикадағы Ұлттық мұражайлардың бірегейі. Онда көне заманғы археологиялық және колөнер бұйымдарының бай қоры сақтаулы. Мұнда 300 мыңға жуық экспонаттар қойылған, олардың әрқайсы өзінше бағалы. Мұражай астаналықтардың ғана емес, шетелдерден келген меймандардың міндетті түрде аялдайтын орыны. Елордада

іс-сапармен болған мемлекеттер басшыларының барлығы дерлік осы шаңыраққа соғып, қазақ халқының байырғы бай мәдениетімен танысады.

Мұражайдағы әсем киіз үй шаңырақ астындағы шаңырақ іспетті. Ол да, сәулетті күмбез де бүгін мен көнені ерекше үйлесімде жалғастырып тұрғандай.

## ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Құрылыс өлшемімен алғанда аз ғана мерзім ішінде, нақтырақ айтсақ, 2001-2003 жылдары Ақбұлақ арнасының сол жағалауында осы заманғы білім беру орталығы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті бой көтерді, кеңес кезінде салынған мұғалімдер институтының оқу орындары түгелдей жаңа жоғары талаптарға сай көркейтілді.

Университет ауқымы жағынан алғанда бір жүйеге бағындырылған тұтас қалашық болып табылады. Оқу-лабораториялық, ғылыми-зерттеу, әкімшілік-басқару, жатақханалар корпустары, кітапханалар – бәрі бір шаңырақтың астына біріктірілген. Олардың әрқайсы, жекелей алғанда дара архитектуралық шешімдер.

Сәтті аяқталған құрылым ретінде бағаланатын бұл кешен алдағы уақытта аясын кеңейте бермек. Осында, жоба бойынша республика ядролық орталығының ядерлық физика институты салынып, онда ауыр иондарды зерттеу жүйесі құрылады. Аталған мақсатқа 8,5 млн. АҚШ доллары бөлініп отыр.

Жоба жүзеге асырылғанда университеттің ғалымдары мен студенттері ғылым мен техниканың беделді салалары бойынша зерттеулер жүргізе алады және өндірістік мақсаттағы ядерлық мембран шығаруға мүмкіндік туғызады. Сол арқылы білім ошағы осы өнімді өндіре алатын әлемдегі төртінші ғылыми орталыққа айналады.

### Негізгі оқу ғимараты

Ғимарат ұзындығы – 1709 метр, ені – 54 метр. Жалпы аумағы – 19000 шаршы метрді алып жатыр.

Архитектуралық идеяға ғимараттың Арқа ауа райына бейімділігі және тың сәулет шешімдеріне негізделуі, әкімшілік, оқу жүйелерінің барынша тиімді үйлестірілуі қатаң ескерілген. Бұл жерден күңгірт дәліздер мен тар баспалдақтарды, ішкі интерьердегі қарадүрсіндікті кездестіре алмайсыз. Кеңдік барлық бөліктерге бірдей төгілетін күн сәулесі, байсалды салтанат аңғарылады. Әр атриум гранит және мәрмәрмен көмкерілген, дәліздерді жалғастыратын шұғылалы алаңшаларды сәнді колонналар ажарландырып тұр. Доғалана биіктейтін мәрмәр баспалдақтар айшықты сарайдың мәртебесін еске салады.

Атриум-алаңшалар түрлі мақсатта пайдалануға қолайлы. Олар әрі демалыс орыны, әрі көрмелер ұйымдастыратын еңселі кеңістіктер. Бас ғимараттағы осындай алаңның бірінде көне жазбалар мұражайы орналасқан. Тағы бірінен қазақтың байырғы киіз үйлерін көре аласыз. Енді бірі ықшам фонтанмен ерекшеленеді.

Ғимарат маңдай тұсындағы фасадымен еңселі көрінеді. Осы заманғы қуатты пластикалық белдеулер, күміс түстес алюкобонд пен күн өтпейтін тұйық эйнектер көрген көзге ажарлы. Осынау сәнді де байсалды кескін екі биік колоннаға әсем үйлескен. Стильдік жағынан бұл шешімді классикалық үлгінің осы заманғы авангардпен батыл ұштасуы дей аламыз.

Қос бүйірдің фасады бұдан өзгешелеу, сырт қарағанда қарапайым, алайда анық бедерлер оларға қырлы сипат береді.

Оңтүстік қапталдағы кең қақпаның интерьері бұдан өзгеше, мөлдір поликарбонаттан жасалған күмбезді күнқағарымен ерекшеленеді. Белгілі бір қашықтықтан қарағанда күн шұғыласында құбылған тау хрусталі секілденеді.

Шығыс қаптал спорт залымен тұйықталған. Осындағы екі су бассейнінің бірі – 25, екіншісі – 10 метр жүзу жолына арналса, жарыс думанын көрермендер арнаулы балкондардан тамашалайды.

15-25 орындық дәстүрлі аудиториялар, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолайлы кабинеттер, лабораториялар мен жүз адамға дейін еркін отыра алатын лекция залдары – бәрі қазіргі заманғы білім ордаларының талабына сай. Ал биік әрі мейлінше кең акт залын бұдан басқа жоғары оқу орындарынан кездестіре алмайсыз. Ол жаңа үлгідегі телеаудио техникасымен жабдықталған.

### **Жаңа оқу-лабораториялық ғимарат**

Ғимарат екі негізгі бөліктен тұрады. Оның бірі 9 қабатты оқу корпусы, екіншісі 4 қабатты әмбебап оқу – лабораториялық қапталы. Бұлар сегіз қырлы аралық құрылыспен біріктірілген, ол коммуникациялық қызмет атқарады. Анығырақ айтсақ, жинақтаушы маңызға ие. Ғимараттың барлық бөлігіне осы жердегі лифтілер арқылы қатынайды. 1200 орындық әмбебап конференц-залы мен Отырар кітапханасының әдебиет қоры да осында.

Конференц-зал технологиялық және акустикалық жағынан мақтан етуге тұрарлық. Онда ғылыми мәжілістерден бастап салтанатты рәсімдерді, ойын-сауық шараларын еркін өткізе аласыз. Сол ерекшеліктеріне қарап залды өз алдына дара мәдениет ошағы деуге болар еді.

Әр қабат деканаттар мен кафедралардың иелігіне берілген. Аудиториялар жоспарлануына сәйкес әрқелкі, бірінде лекциялар оқылса, екіншілері ғылыми практикалық шаралар өткізуге қолайлы. Бұл университетте арнаулы дәрісханалар ашуға мүмкіндік туғызып отыр. Қазіргі күнде Абай, Ахмет Байтұрсынов т.б. дәрісханалары ашылған. Оларда тақырыптық лекциялар оқылады, Астананың белгілі қаламгерлерімен шығармашылық жүздесулер өткізіледі.

Сегізінші қабат – білім шаңырағының ғылыми-зерттеу орталығы. Ол 9-қабат іскерлік кездесулер мен мәжілістер өткізуге арналған.

Жаңа ғимарат та бас корпус секілді кеңістіктердің еркін пайдалануымен ерекшеленеді. Фойелер түріндегі кең дәліздер коммуникациялық міндетпен бірге демалыс орындары қызметін де атқарады. Әр қабатты кең баспалдақтар жалғастырып жатыр. Олардың мәрмәр реңі салқын сабырға шақырып тұрады.

Сәулет өнерінде құрылыстың психологиялық әсері деген ұғым бар. Осы әсерді ескеру және жүзеге асыру арқылы әр ғимараттың қызмет мәнін ашып бере аласың. Мұражайларға – тарихи салмақтылық, салтанат сарайларына асқақтық, ойын-сауық орындарына – шаттық реңін дарытасың. Ал мына жерде, білім ордасында ойлылық пен ғылыми табандылық лебі есетіндей. Бұл – ғимарат сәулетшілері мен құрылысшыларының шығармашылық жеңісі деуге тұрарлық табыс.

Кеңістік. Дархандық. Ауқымдылық. Бұлардың бәрі архитектуралық мәнді түсініктер. Солар арқылы құрылыстар кең құлашты сипатқа ие болады. Еуразия Ұлттық университетін жобалағанда осы сәулет түсініктері басты назарда болғанын аңғару қиын емес. Қос корпусстың арасын архитектуралық нақтылы шешімге бағындырылған кеңістік шалқарландырып тұр. Ол бір-бірімен баспалдақтар арқылы жалғасатын екі алаңға бөлінген. Бұлардың әрқайсын дәстүрлі мерекелер өткізуге молынан пайдалана аласың. Іс жүзінде де солай болып келеді. Университет оқытушылары мен студенттері осы кеңістікте жыл сайын Наурыз мейрамын тойлайды. Жаз күндері серуен орнына айналады. Ал бас ғимараттан қол созым жердегі көпір үстінен Ақбұлақтың айдынын тамашалайсың.

Университеттің болашағы күн санап қанатын кеңге жайып келе жатқан Астананың асқақ рухын елестеткендей. Оқу орнының екінші кезегіне 110 гектар жер бөлінген. Ол

толық игерілгенде Ақбұлақтың осынау қапталы сәулетті ғылыми қалашыққа айналады. Қалашықтың құрамында осы заманғы архитектураның жетістіктеріне негізделген оқу-лабораториялық, ғылыми-зерттеу корпустары, оқытушы-ғалымдардың элиталық тұрғын үйлері, спорт сарайы болады. Бұл мақсатқа 260 миллиард теңге жұмсалмақ.

Келешегі осындай жарқын білім шаңырағының қазіргі ғимараттарын жобалаған сәулетші – Сервет Клыч, қосалқы авторы және кеңесшісі – архитектура профессоры А.Ш. Чиканав. Жұмыс сызбаларын жасаған – «Джейлан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылыс фирмасы. Құрылыс жұмыстары 2001 жылы басталып, 2003 жылы аяқталды.

## **«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ЖӘНЕ «ҚАЗТРАНСОЙЛ» КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҮЙІ**

Астана сәулетшілері мен құрылысшыларының алдында екі күрделі мұрат бар: елорданың бас жоспарын дер кезінде және дәйекті орындау, қаланы ХХІ ғасырдағы көрікті шаһарлардың біріне айналдыру.

Осы мақсаттардың ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын нақты дәлелдейтін, көңіл көншітетін нәтижелер туралы қазір де ауыз толтырып айтуға болады. Акорда, Бәйтерек, Думан, Нұр-Астана мешіті... санай берсек, отызға тарта еңселі әсем құрылыстар бой көтеріп үлгеріпті. Солардың қатарында «Қазмұнайгаз» және «Қазтрансойлдың» әкімшілік үйі бар.

Ғимарат керегесін кеңінен керген, 56000 шаршы метрді алып жатыр. Жаңа орталықтың батыс қапталын көрікті көмкеріп, өз алдына бір қалашыққа айналған. Дөңгелек алаңды кемерлей доғалданып, Көлік және коммуникация министрлігімен ортақ ансамбль құраған. Бәйтерекке қарайғы беткейінен таудан құлаған сарқырама секілденіп етекке қарай ағынды су жамырай құлайды, көл-көсірленіп, Дөңгелек алаңға асығып,

сол жердегі қуатты фонтанға жетсем деп тағатсызданады. Айнала жүрген бала, ағынды қызықтаған ел көз тойдырып: – Бергеніңе шүкір! – деседі.

Фонтаннан былайғы қыратта бір үйір жылқы жан-жағын барлап елеңдейді. Есілден соққан самалға жал-құйрығын таратып, беткейден төгілген айдынның сыңғырына құлаған қайшылып құр айғыр жер тарпығандай.

Су сағалап қонған көкқұтан сар сазанды тайдай тулатып, эне-міне толғағалы тұр. Дөңкиген тарғыл тастардың маңы көк орай, шалғыннан ескен жұпар көкіректі шайдай ашады.

Әкімшілік ғимаратының маңы дәл осылай құлпырғанын бұрын соңды кім көрген. Астана сәулетінің өзіне ғана тән ерекшелігі осы ғой, әр шаңырақ табиғатқа үндесіп, жасыл желек жамыла сіңісетіні тамаша дәстүрге айналып үлгерді.

Доғалдана иілген ғимараттың ортасында таспаланатын аспалы жол да осынау сәулет ансамблінің ажырамас бөлігіндей. Ол Жаңа қаланы Есілдің оң жағымен және халықаралық әуежайға бастайтын даңғылмен жалғастырады, сырттай қарағанда ғимараттың әсем алқасындай көрінетін Дөңгелек алаңның шатыры іспетті. Төменінде біріне-бірі жалғасқан сауда орындары мен мейрамханалар.

Құрылыстың негізгі корпусы – 14 қабат, жаңа ортылықты батыстан соғатын Арқа желінен қорғап тұр. Сыртқы көрінісі осынау кең далада бағзы замандарда түркі жұрты соққан айбынды қамалдарға ұқсайды. Енді бір сәт Алматыны орай заңғарланған ақ бас Алатаудың сәулет өнерінде кескінделген, қиялда жаңғырығатын бейнесіндей сезіледі. Енді бірде қазақ жұртына тән кеңдік пен жомарттықтың, дархандықтың белгісіндей сүйіндіреді.

Мұндай ғимарат, дәл осындай архитектуралық шешім әзірге республикада да, ТМД елдерінде де жоқ.

Құрылысты салу кезінде Батыс Еуропа, Канада мен Оңтүстік Кореяда сынақтан өткен, беріктігі мен ренділігі әбден айқындалған материалдар пайдаланылды. Ішкі

технологиялық-инженерлік жүйесі де осы заманғы озық шешімдерге негізделген. Кіреберіс холлдың кеңдігі және әсемдігі, фонтан арқылы кескіндеп, шағын бақпен әрлендіру секілді ерекшеліктер құрылыс өркениетінің сәтті меңгерілгендігін дәлелдейді. Ғимаратты зер сала қарап шықсаңыз, оның сәулетінен Шығыс пен Батыстың, сондай-ақ Скандинавияның архитектуралық жетістіктері шебер үйлестірілгенін аңғара аласыз.

Ғимаратты «Базис-А» құрылыс корпорациясы 2001-2002 жылдар аралығында салып шықты. Бас архитекторы – Вячеслав Николаев.

## **КӨЛІК ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ**

Жаңа қаланы Көлік және коммуникация министрлігінің үйінсіз елестету қиын. 155 метрлік зәулім Дөңгелек алаңның жанында зеңгір көкпен таласып тұр, елорданың ғарышқа талпынған арман-қуатындай қиялға қанат қақтырады, шалғайдан менмұндалып көз жауын алады. Астана талғамы жоғары екенін, осында, еліміздің жаңа орталығында ғажайыптар дүниеге келіп жатқанын аңғартады.

Қай жағынан алсаңыз да ұқсасы жоқ, дара кескіндегі ғимаратты, сәулетшілер тілімен айтсақ, республика көлемінде бұрын болмаған батыл да ауқымды идеяны дәйекті жүзеге асырған – отандық «Базис-А» корпорациясы. Жобаның бас архитекторы – В.Чистяков. Құрылыс 2001-2003 жылдар аралығында жүргізілді.

Сүмбіл талдай көрікті, барынша еңселі, күн көзінде жүз құбылған заңғар айрықша әсерге бөлейді. Ол бірде жерден ғаламат қуатпен көтерілгелі тұрған ғарыш кемесіне, бірде жер атты құдірет шірене тартқан садақтың сұр жебесіне ұқсайды, фантастикалық кескінде тылсымданады.

Дәл осындай ғимарат Қазақстанда әзірге жоқ. Астанада алғаш рет осы құрылысқа Канадада жасалған күн өтпейтін шыны молынан пайдаланылады. Ғимарат күн сәулесінде сәт сайын түрлі реңге боялады, алтын жалқынданып, қас қағымда көк-жасыл ажар тауып, іле қоңырқай түске өзгеріп, мың құбылады. Бұл оған жеңілдік сипат береді, 155 метрлік алыптың мысқалдай да салмағы сезілмейді.

Заңғарды салу кезінде «Базис-А» корпорациясының мамандары қиындыққа да тап болған, ірге тасты төсеу үстінде жер қабатының босандығы байқалды. Есілдің суы көктем сайын жайылатын төңірек терең қазған сайын суси берген.

Тығырықтан жаңа құрылыс технологиясы шығарды. Диаметрі 600 мм бұрғы 12 метр тереңдіктегі тас табанға дейін үнгіп, берік бетен тұғырлар қағылды. Зәулім құрылыс осылайша мызғымас тірек тапты.

Бұл шешімнің дұрыстығына уақыт көз жеткізіп отыр, пайдалануға берілгеніне 6 жылдан асқан заңғар осы мерзімде 1 миллиметр де шөкпеген.

Әкімшілік ғимараттың жалпы көлемі – 32800 шаршы метр. Қазіргі кезде мұнда 1 мың адам еңбек етеді, күн сайын жүздеген адам жұмыс бабымен келіп жатады. Солардың бәрі ғимараттың жоғары эстетикалық талғаммен салынғанын, ішкі көріністерді нәзік шығармашылық туынды деуге болатынын айтады.

Шындығында да солай. Ғимаратқа кірген бетте жазыла жөнелетін кең холл мәрмәр тастармен көркейтілген. Сылдыр қакканфонтансергітіпсалабереді. Төменненжүйткжөнелетін шынылы лифт осынау әсемдіктің сәтті жалғасындай, қараған жанның көңіліне қанат бітіреді. Осындай салтанат әсерін сіз ғимараттың барлық қабаттарынан табасыз.

Ыңғайлы да жарық жұмыс бөлмелері, түрлі кеңдіктегі мәжіліс залдары қызметіңізге әзір. Ал арнайы технологиямен жасалған жылу және ауа алмастыратын жүйелерді басқа құрылыстардан кездестірмейсіз.

«Базис-А» корпорациясы аталған ғимаратты құрылыс пен архитектураның барлық талаптарына сай салу арқылы қазақстандық сәулетшілердің әлемдік деңгейге көтеріле алатынын дәлелдеп берді.

Ғимарат Жаңа қаладағы заңғарлардың көшбасшысы. Алдағы уақытта осы жерде 60 қабаттық зәулімдер көкпен таласатын болады.

## **БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМ САРАЙЫ (ПИРАМИДА)**

2006 жылы қыркүйек айында шаңырақ көтерген бұл сарайды халық салына бастаған кезден «Пирамида» деп атап кетті. Ол шындығында да Египеттің даңқты пирамидаларына ұқсайды. Президент резиденциясының ту сыртында, Есілдің арғы жағасында тұрған ғимарат жасанды төбешіктің үстінде заңғарланып, қария Нілдің бойында көктеген көне өркениетті Ұлы Даланың дәл сондай бағзы мәдениетімен табыстырып жатқандай. Уақыттан да мәңгілік делінетін ғажайып пирамида Сарыарқаға әлдебір ізгі мақсатпен ат басын бұрып, осында ұзаққа аялдап қалды ма!

Ғимараттың биіктігі 62 метр. Ашық сұр гранитпен көмкерілген көлбеу қабырғалар – көгілдір шыны қаптырмалармен табиғи астасып, тәуліктің әр сәтінде алуан түске боялады. Кеш әулетінде Есілге ойлы көз салған Ніл алқабының мың жасаған данасындай тұлғаланып, айналаны дамылға шақырады.

Ашығын айтайық, Астананың бас жоспары жасалғанда, дәл осы жерде, күндердің бір күнінде Пирамида бітімді зәулім салынатынын ешкім білген жоқ, ол жайында ойлаған да жоқ. Бұл құрылыстың ықшам тарихы мынандай.

2003 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің қалауымен Астанада әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің

дүниежүзілік форумы шақырылды. Жиын күткендегідей әсерлі өтті. Оған қатысушылар мұндай басқосуларды ұдайы өткізіп тұруға келісті. Әлем ұлы сабырын әлі таппаған дүрбелеңді кезеңде бейбітшілік пен келісімге шақыру, соған қол жеткізу адамзаттық өзекті міндет екені қайта-қайта айтылды. Діндарлар жиыны тұрақтылық пен үйлесімге қол жеткізе алған елдің жаңа астанасында өтіп тұрсын деп келісілді. Міне, дәл осы тұста республика Президенті Астана үшін де, бейбіт өмір мен татулықты аңсаған миллиондар үшін де қуанышты шешім жасады, келесі форумға дейін елордада сәулеті мен келбеті осындай айтулы жиынға сай келетін арнайы сарай салынатынын атап айтты.

Көп ұзамай сарайдың архитектуралық жобасына халықаралық байқау жарияланды. Байқауға мейлінше қатаң талап қойылды, соған сәйкес ұсынылған жобалардың талайы талғамнан шықпай қалды. Төрт турдан соң ғана жеңімпаз анықталды. Есімдері әлемге танылған көптеген сәулет шеберлерінің арасынан ағылшын Норман Фостер үздік шықты.

Британия архитекторы ұсынған идея әрі тосын, әрі таныс еді, ол пирамида үлгісін таңдаған. Бұл идеяны қостағандар «мәңгілік» ұғымына мән берді. Египет пирамидаларының мәңгілік символына айналғанын әлем мойындайды. Ал адамзаттың санасына сіңген, дәуірлердің сүзгісінен өткен бағзы діндер де – мәңгілік. Ендеше осы күдіретті тоғыстыру ұтқырлық та, көрегендік те.

Фостерді қостамағандар пирамидалардың табытхана болып та табылатындығын еске алды. «Осы жағын алғанда, көне ғимараттар үлгісі Астанаға жарасымды бола қояр ма екен?» – десті олар.

Есімі төрткүл дүниеге мәшһүр сәулетші бұл уәждің дәйексіз екенін дәлелдей алды. Оның ойда жоқ күрт қадамдарға баруы жалғыз бұл емес-ті. «Әлемде бірінші» деген атқа тегіннен тегін ие болмаған архитектордың Астана сәулетінде қалдыратын

қолтанбасы жалғыз осы сарай емес екенін ескере отырып, Фостердің шығармашылығы жайлы аз-кем айта кетсек орынды болар деп ойлаймыз. Оның жобасы бойынша елордада биіктігі 200 метр мәдени ойын-сауық кешені де салынды. Кешен «Хан шатыры» аталды.

Сонымен Фостер дегеніміз кім? Сәулетші шын мәнінде әлемдік ауқымдағы дарын. Жұмысшының отбасында өмірге келген, туған жері Мончестердің түбіндегі шағын қалашық. Әскер қатарына ұшқыш ретінде алынады. Елге оралған соң үш адам енбек еткен фирмасымақ құрған, негізгі кәсіптері – сәулет. Бүгінде бұл фирма – «Фостер және оның әріптестері» деп аталады, әлемнің 22 мемлекетінде ірі тапсырыстарды орындап келеді.

Фостер дүниежүзілік ауқымдағы 300 марапатқа ие. 1994 жылы архитектура саласы бойынша Нобель сыйлығы болып есептелетін Притцеров сыйлығы берілді. Сол жылы Ұлыбританияның королевасы Темза жағалауы лорды лауазымымен және өле-өлгенше иеленетін сэр атағымен құрметтеді.

Фостердің архитектуралық шешімдері кілең тосын болып келетінін айттық. Оған дәлеліміз жеткілікті. Сәулетшінің талантына тәнті болу үшін Берлиндегі қайта тұрғызылған Рейхстагтың, атақты «Уэмбли» стадионының, Гонгконг заңғарларының, Лондондағы Миллениум көпірінің, Пекиндегі ұланғайыр әуежайдың авторы Норман екенін білсек те жеткілікті.

Сәулетші үшін құрылыстың техникалық жағы басты өлшем емес. Фостерді осы заманғы архитектуралық-құрылыс индустриясын эстетикалық безендірудің соны тәсілі – хайтектің негізін қалаушы деп санайды. Оның табиғатына әдетте философиялық астар тән. Астанадағы пирамидаға қарап тұрып та талантты архитектор осы ғимаратқа қандай мән-мазмұн өрді екен деп ойлайсың.

Ежелгі египеттіктер үшін, жеңіл қарағанда пирамида даңқты адамдардың мәңгілік дамыл табатын орны. Тереңірек зер салсақ ол әулиелік символы, тәңір текті фараондар мәңгілігінің айғағы. Осындай құдіретті мән сіңірілген ғимарат бәрінен өзгеше әрі жаратылыстың өзіндей жасампаз болуы керек. Пирамида мәңгілік болса, фараондардың есімі де, соларды ардақтаған египеттіктер де мәңгілік. Көне Нілдің бағзы ұлдары бұл ойды ғаламаттықпен жүзеге асырды. «Бәрі уақыттан қорқады, уақыт пирамидалардан жасқанады» – деген қанатты сөз туды.

Арада мындаған жылдар өтті, идеалдар да, танымдар да өзгерді. XX-XXI ғасырларда мәңгілік ұғымы талай рет тасталқан болды, жүрекжарды көп құндылықтардың ішінен тыныштық пен өзара келісім құндылығы ерекшелене берді. Асылында мәңгілік дегеніміздің өзі бейбіт өмір, адамзаттық үйлесім арқылы орнығады ғой. Адам баласы дәуірлер бойы ойлап тапқан идеялардың ең өзектісі және шынайысы – ынтымақ идеясы. Әлемдік діндердің ұстанғаны да сол – хақтағала сыйлаған өмір атты пенделік әлемнің мәңгілік тыныштығы. Олай болса, Бейбітшілік пен келісім сарайы мәңгілікті уағыздаған пирамидалар кескінінде сомдалса ғанибет.

Фостердің пирамидасы осындай терең астарлы бола отырып, қазіргі заманғы кескінін табуға тиіс-ті. Сәулетші мұны жете ескерген.

Пирамиданың керегесі берік, салмақ түскенде майыспайтын, жуан металл трубаларынан керілген. Олар биіктей келе тот баспайтын бұрандалармен бекітілген де алдын ала ойластырылған жоба бойынша кескінді өрнектер құраған. Сол айшықты заңғар ғарыштық тылсым сыр беріп жатқандай. Хайтек дегеніміз осы, XXI ғасырдың архитектуралық – техникалық, эстетикалық шешімі, Норман Фостер туғызған жаңалық.

Зәулімнің ұшар шыңы шынымен көмкерілген, сол жерден төгілетін күн сәулесі пирамиданың барлық кеңістігін

нұрландырады. Жарық төменгі техникалық қабатқа да түседі. Жоғарыдан құйылатын сәуленің өткірлігі соншалық, төменнен қарағанда ғимараттың ішінен шұғыла серпіле өрілгендей әсерде қаласың. Осынау нұр, жанарынды жадырататын әрі әлдебір ізгі сезімге бөлейтін арай ғарыштағы күдіреттің имандылық шапағатындай жаныңды жылытады. Сол шапақтың Сенім мен Сана, Тазалық пен Рух шапағы екеніне сенгендей елтисің.

Сарайдың ішкі жоспарлау стилі де өзгеше. Ғимарат төменнен жоғарыда қарай бес қабатқа бөлінген. Бірінші қабатта көп қырлы, 1500 орындық зал орныққан. Мұнда алуан түрлі басқосулар: халықаралық деңгейдегі съездер мен конференциялар шақыруға, ойын-сауық, сахналық думандар, опера-балет қойылымдарын ұйымдастыруға болады. Залдың акустикасы айрықша, осында отырып көне грек амфитеатрларында тұрғандай сезінесің.

Залдың төбесінде, дәл ортада қалың сары шыныдан жасалған күн дидарлы шар бар. Соған түскен айнала кеңістікте алуан түрде малына тарап, дүние жалғанның құбылмалы екенін еске салғандай жалқынданады.

Екінші, үшінші және төртінші қабаттар қызмет орындарына арналған. Осы жерден Қазақстан халықтары ассамблеясын, жастар ұйымдарын, шығармашық студияларды, ұлттық мейрамханаларды табасың. Туристер мен былайғы елді көптеп тарту мақсатымен кинозалдар мен музейлер, этнографиялық дүкендер орналастырылған.

Бесінші қабатта, пирамиданың биігіндегі ақшаңқан дөңгелек күмбезшенің астында 200 орындық көркем зал көз тартады. Әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшіліерінің екінші форумы осы жерде Республика Президентінің қатысуымен өтті.

Астана тағы да адамзатқа ағынан жарылды, дүниені бейбітшілік пен келісімге шақырды.

## ДУМАН ДАРХАН ДАЛАДАҒЫ МҰХИТ ТАМШЫСЫ

Астана елордалары ауысуының батыл қадамы ғана емес, тың архитектуралық идеялар мен нақты шаралардың қаласы. Шаһар бүгінде небір өткір ойлар мен таңқаларлық нәтижелердің шаңырағына айналған. Мұның жарқын дәлелдерінің бірі ретінде «Думан» ойын-сауық кешенін айтуға болады. Ол шын мәнінде Ұлы Даладағы мұхит тамшысы, жаһандық айдынның Астанаға жеткен толқыны. Пайдалануға берілген күннен елордалықтар мен Астана меймандарының мақтанышына, халық барынша көп келетін демалыс орынына айналған аквариум – океанариумның жобасын Қазақстан және Ұлыбритания архитекторлары жасады, құрылысын жүргізген «Негіз-Ақмола» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. 2003 жылы көптің игілігіне берілді.

Аквариумның жалпы аумағы – 13252 шаршы метр. Негізгі бассейн тропикалық теңіз бен сонда өніп-өскен балық түрлеріне лайықталған. Тұщы су мен көлдер, Каспий теңізі, коралл әлемі түрінде жасалған жабық айдындар да бар. Бұлардың негізгісі- акрилді туннель болып табылады, ұзындығы – 50, диаметрі – 2,4 метр. Алты демонстративті, орта ауқымдағы аквариумдардың жүйесі де күрделі.

Осынау таңғажайып әлемде мұхит өмірі қыз-қыз қайнап жатыр. Үнді және Тынық мұхитта кездесетін акула (акуланянька) үйірімен жүзіп жүр. Ең үлкенінің ұзындығы 4,3 метр, теңіз жайлы әдебиеттер мен кинофильмдер арқылы ғана білетін, әдетте қандыазу, қорқау түрінде суреттелетін жыртқыш бұл жерде сескендірмейді, Сарыарканың шалғайдан келген тілектес мейманындай жылышырайланады. Солардың тасасынан сұсты жылан балық қара танытады. Ұзындығы 3 метрге дейін жететін группер (теңіз алабұғасы) мен 2,5 метрлік губан напалеон балығы да сырт көзге сесті. Соңғысы Атлант, Тынық және Үнді мұхиттарына кең тараған.

Тропикалық суларда кездесетін алып мурена табиғи айдыным қалай тарылған дегендей аквариумның қалың шыны қапталын әредік сүйкеп өтеді. Еркіндікте ол 2,5 метрге дейін өседі. Осы кілең нояндардың арасында бітімі 90 сантиметрден аспайтын гомномурена- зебраның қорғансыз көрінері хақ. Алайда жаратылыс дарытқан ептілігі жабық айдында еркін жүзуге мүмкіндік береді. Тынық мұхиттың тумасы – мына бір кішкене балықтың аты – сары хирург, сірә өзінен ірілердің денесіне жабысып алып ұсақ қансорғыштардан тазартатына орай осылай аталса керек.

Біздер үшін, мұхиттардан сан мың шақырым шалғайда жатқан елордалықтар үшін барынша таңсық осы су асты әлемінде балықтар мен теңіз жәндіктерінің 2500-дей түрі бар. Таяуда Қытайдан, сол ел жағалауларында өсіп-өнген теңіз желбезектілері де алынды.

Аквариум-океанариумның күнделікті тіршілігін арнайы қондырғы реттеп отырады, ол орталық тазарту, суды белгілі құрамға келтіру, насостар т.б. жүйелерден тұрады.

## ӘМБЕБАП ОЙЫН-САУЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Аталған кеңістік өзінің негізгі мақсатымен бірге «Думанның» барлық бөліктерін жалғастырып, тұтас жүйеге айналдырып тұр. Сіз осы жерде бір күннің ішінде жарты әлемге сапар шегесіз, Қытай, Греция, Американы көктей өтіп, сол елдердің тарихымен, ежелгі мәдениетімен танысасыз. Зәулім күмбездің астында әсем көпірлермен жалғасқан ғалам ғажайыптары жетелеп ала жөнеледі. Сол ғажайыптар қазақ өлкесіндегі көне ескерткіштерден басталады. Міне, мынау адамзат ақыл-ойының үздігі – ғарыш кемесі. Ол жетіқат көкке талпынған, от тасқыны лап етіп тұтанатындай, зымыран жойқын екпінмен күркіреп көтерілетіндей. Байқоңыр ғарыш айлағы Қазақстанды аспан әлемімен қауыштырған құдірет тылсымы іспетті көңілге қанат бітіреді.

Осынау ғажайыпқа асқақ қарап Алтын адам тұр. Ол көненің көзі, ежелгі өркениеттің бүгінге жеткен сөзі, еркін елдің киесі, қазақ қасиетінің иесі. Төңірегі ұлттық кол өнерінің інжу-маржандарына толы, ал сыңар арықтардан сылдырап су ағып жатыр, бәрі шағын айдындарға қарай асығады. Айдындар аясы – табиғи өмір: мамырлап жүзген қара балық, жебедей жинақы шортан, үйір-үйір майшабақ. Көз алдында сардаланың қоғалы арналары, саптыаяқ көлдері жамырайды.

Айналаны әсерлене қыдырған жанарың Қытай қорғанына іркіліп, осы жерде ат шалдырып аласың. Көкірегіңде тарлан тарих күмбірлейді. Аспан асты елі алып қорғанды айбынды ата-бабаларымыз – Ғұндардан сескеніп салғанын еске аласың. Хотей тас құдайы сол қаһарлы заманнан қалған тылсымдай құпиялана, сырын бермей сыздана қарайды. Қызыл-күрең шамдардың жарығы төңірегін батып бара жатқан күннің талмау шапағымен көмкерген. Қытай пәлсапасына сенсек, Хотей ғарыштық қасиетке ие, даналық пен ізгілік, мейірімділік тәңірі.

Қайран да қайран заман-ай десейші, бір кездері Америка құрлығын жойқын өркениеттің мекеніне айналдырған үндістер садақ асынып түнеріп тұр. Жаһанды әлі күнге таң қалдырып келе жатқан Ацтек мәдениетін жасаған ұлы елдің мұңлы тұяғы. Есте жоқ ескі дәуірде, құрлықтар мұхит арқылы бөлінбей тұрғанда, сайын даламыздан үдере көшкен бауырымыз ол. XVIII-XIX ғасырларда Еуропа отаршылары қырып салған боздақ ұлыстың кекті ұрпағы.

Осы қапталда Азаттық мүсіні асқақтайды, қолына алау ұстаған Ана Америка әлемінің мандылыққа шақырып тұр. АҚШ-қа француздар сыйға тартқан еңселі ескерткішке сіңірілген ой-тендік, еркіндік идеялары осы мүсін тұрғызылғаннан бері қанша рет мансұқ етілді екен?!

Оның ту сыртында екі заңғар зораяды, Американың құдіретін, байлығы мен ерік-жігерін көрсету үшін салынған зәулімдер мәңгілік болудан дәмелі.

Әлемді теңдесі жоқ өркениетпен кенелткен Грек елінің таңдай қақтырған кереметтеріне ұзақ аяладайсыз. Мынау атақты Парфенон-грек архитектурасының шыңы, әр заман сәулетшілерінің қол жетпес арманы. Афинаның құдай-анасы Парфеностың мүсінінен танылатын көркемдік те теңдессіз. Одан мейірім шуағымен бірге тәңірлік ұлылық лебі еседі. Мирон есімді мүсіншінің қолынан шыққан Дискобол статуясына ғасырлар таңданудан жалықпай-ақ келеді. Ал қайтпас-қайсар сарбаз Дорифор нояндықтың құдіретті тұлғасындай. Гладияторлар мен акындардың аренасына айналған Олимпті көрген де арманда, көрмеген де арманда.

Жер атты ғаламның осынау ғажайыптарынан соң сізді жасыл әлем күтіп тұрады. 500 шаршы метр жасыл желек жамылып, гүлге оранып құлпырады. Қазақ даласына таңсық цикломен мен сакура ажарлана жайқалады. Шай ағашы мен пальма да бүр жарыпты.

Ал фонтандар ше... Шығыстың осынау сәулет өнеріне тең келер әсемдік бар десе, сірә да сенерсіз бе?! Сыңғыр-сыңғыр күміс әуез еліктіреді де, еркелетеді де.

Екінші қабаттың өз қызығы өзінде. Ауқымды телеэкраннан ән үзілмейді, түрлі ойын-сауық нүктелерінен ел арылып көрген емес. Төбенде төңкерілген шыны күмбез. Күмбез бойы түрлі рендегі белдеулер, соларды қуалай таралған алуан бояулы шұғыла.

Кейінде Ғажайыптар әлеміне тропикалық джунгли алаңы қосылды.

«Жобада бұл бөліктің де астаналықтардың көз қуанышына айналатындай барынша көрікті болуы ескерілген, – дейді «Негіз -Ақмола» құрылыс компаниясының мамандары. -Онда джунглидің барлық флорасы мен фаунасы жинақталады».

Думанның қызығын осылай шексіз тарката беруге болады. Біз тек негізгілеріне ғана тоқталдық. Солардың бірі- 3082 шаршы метрді алып жатқан ЗД иммитация кинотеатры.

Дархан даладағы мұхит тамшысының бас мердігері және құрылысын жүргізген ЖШС ҚК «Негіз-Ақмола». Сәулет жобасы ұжымының жетекшісі А.А. Кочетов, концепциясын анықтағандар Амин Аззам, Норманн Волис.

Аквариум технологиясын үйлестірген «Mazinescape» және «BFAW» компаниялары.

ЗД театрын жасаған «Wescom» компаниясы.

Жобаның бас архитекторы – К. Басалко.

## ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНА

Кез келген халықтың әлемдік өркениеттегі орны оның экономикалық деңгейімен емес, адамзат мәдениетіне қосқан үлесімен айқындалып келеді. Әлі де солай. Бүгінде планетада мәдениеттер бәсекесі жүріп жатыр, ұлт беделі ғылымға, ақпараттық-технологиялық прогреске қаншалықты жетік екендігімен өлшенеді. Осыған орай өркениеттің дәуірлер сынынан өткен алтын бесігі – ғылым ордалары мен мәдениет ошақтарының рухани ықпалы қазіргі таңда арта түспесе, бәсеңдеген емес.

Астана, қазақтың жаңа қара шаңырағы, рухани саланы өркендетуге өзінің алғашқы күнінен айрықша мән берсе, ол уақыт талабын жете ескергендіктің белгісі.

2004 жылы Елордада Ұлттық республикалық кітапхана бой көтерді. Осы заманғы сәулетімен ерекшеленген әсем ғимараттың тұсауын ел Президентінің өзі кесті. Салтанатқа Мәскеу мэрі Юрий Лужков қатысты.

Бес қабаттан тұратын көрікті шаңырақ Жаңа қаланың архитектуралық ансамбліне әдемі үйлесті. Ауқымды алаңдағы Бәйтерек заңғарының сән-салтанатына малынып, дәстүрлі сәулет нақышымен қуантты, іргеден созыла жөнелетін фонтандар желісіне рухани сипат ала келді.

Кітапхананың құрылысы осы рендегі мәдениет ор-

талықтарына тән архитектуралық стильдер қатаң ескеріліп жүргізілген, екінші сөзбен айтқанда ХХІ ғасырдағы үлгілерге сай болуына айрықша мән берілді. Рухани ошақты бастан-аяқ салып шыққан «Мотив – Ақмола» фирмасының архитекторлары мен инженерлері құрылысқа жан-жақты дайындықпен келді.

Архитектуралық тұжырым бойынша мына негізгі мақсаттар жүзеге асырылуға тиіс еді:

– қала құрылысына үйлесімділік, яғни бой көтеретін орны, аумағы, биіктігі осы жерде бұрыннан бар ғимараттардың көркіне нұсқан келтірмеуі, қайта оларды жаңа мазмұнмен байытуы;

– кітапхана қызметінің қазіргі түрлерін еркін өрістетуге мүмкіндіктің туғызылуы;

– кітапхана технологиясы ескерілуі, кітап қорын сапалы сақтауға лайықталуы, компьютерлік қызметке сай болуы және оқырмандарға қолайлылығы;

– электронды білім қорларын жасауға ыңғайлы құрылымдық жүйелерді қалыптастыруға оңтайлығы;

– ғимараттың бюджеттік шығынының мейлінше аз болуы.

«Мотив-Ақмола» фирмасы осы талаптарды бес қабатты үйдің архитектуралық-инженерлік ерекшеліктері түрінде қарап, жүзеге асыруға күш салды және аталған мақсатты дәйекті орындап шықты.

Сырттай қарағанда бес қабат бір-бірімен геометриялық дәлдікпен өрілген фасад арқылы жинақы үйлестірілген әрі оларда атқарылатын қызмет түрлеріне барынша лайықталынған.

Бірінші және бесінші қабатта кітап қоры сақталса, осында ғылыми-зерттеу жұмыстары да жүргізіледі. Екінші, үшінші, төртінші қабаттарда оқырмандарға қызмет көрсетіледі. Келушілердің бірі кітаппен тікелей жұмыс жүргізсе, енді бірі электронды қорды пайдаланады, интернеттен керегін іздейді.

Биік те ауқымды шыны пирамида қабаттар аралық кеңістікті біріктіріп, күн сәулесін төгіп тұр, ғимарат ашық аспанмен еркін астасып кеткендей, айналадан табиғи шуақ сезіледі. Оқу залдарынан да дәл осындай жылылықты аңғарасыз, күн сәулесі оларға да еркін құйылады. Рекрециялық-қалпына келтіру бөліктері ауаны үздіксіз тазартады. Мамандардың дәлелдеуінше мұндай жүйе психологиялық қолайлы ахуал туғызады, кітаппен немесе электронды қормен ұзақ жұмыс істеу кезінде шаршамайсың, алған ақпаратты әдеттегіден жеңіл қабылдайсың.

Ішкі түрлі-түсті атриумның интерьеріне мәрмәрдан өрілген кең баспалдақтар, тот баспайтын таза болаттан сомдалған кұрсаулар мен тұғырлар, әр рендегі шыны маңдайшалар мен сабырлы да сәнді жарық көздері ерекше көрік берген. Осы салтанатты айнадай жалтыраған гранит едендер мен сұңғақ бағаналар одан әрі айшықтандыра түседі.

Ғимараттың ішкі кеңістігін дәл есептеу арқылы кітапхананың барлық бөлігіне ауқымдылық сипат дарытылған, кеңістік бұл шаңырақтың негізгі ерекшелігі. Әр қабатқа көтерілер тұстардағы фасадтар бір-біріне ұқсамайтындығымен тартымды.

Анығында осындай кең құлаштылық сыртқы негізгі қақпаның салтанатынан бастап сезіледі, ол заңғарлана көтерілген, бес қабатты тұтас қамтыған маңдай алды фасадпен көз тартып тұр. Айқара ашылған кітап пішініндегі бұл фасад әрқайсы өзінше мәнге ие өрнек-белгілермен айшықталған: мемлекеттік нышандар, ұлттық өрнек дарытылып жоғары талғаммен бедерленген.

Ғимарат инженерлік-технологиялық жағынан да қазіргі заманның талаптарына сай, қызметтің негізгі түрлері компьютерлендірілген.

Кітапхананың 1,65 млн. том кітап сақтауға мүмкіндігі бар, 560 оқырман орынына арналған. Жалпы аумағы 14500 шаршы метр.

## ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ ҒИМАРАТЫ

Аумағы – 24700 шаршы метр, биіктігі – 7 қабат.

Құрылысын жүргізген – отандық «Мотив-Ақмола» фирмасы.

Жобасын дайындаған – «Казвоенпроект» – мемлекеттік кәсіпорны.

Ғимарат қандай болу керек дегенде, оның орналасқан жері алдымен есепке алынды. Қол созым жерде «Бәйтерек» заңғары тұр, қарсы бетте Сыртқы істер министрлігінің, ал қапталда Ұлттық кітапхананың үйлері бар. Құрылыс олардың ұлттық ансамбліне үндесуі, архитектуралық жағынан толықтыруы қажет. Аталған шаңырақтар сырт қарағанда әртүрлі стильде салынғанымен, оларды осы күнгі сәулет өнерінің классикалық үлгісі біріктіретін. Сыртқы істер министрлігі колонналар арқылы көне грек мәдениетінен хабар берсе, кітапханаға білім ордаларына тән сабырлылық пен ойлылық кескіні дарытылған. Сонда жаңа құрылыс қандай пішінде бой түзеуі керек?

Жобалаушылар бірден АҚШ-тағы Пентагон үлгісінде салынбайды деп шешті, түнеріңкі, жабық, сесті кескін қай жағынан да жарамсыз болатын. Қазақстан әлемге ашық ел, ежелден меймандос, кең пейілді халық бүгінде сол дәстүрін сақтап отыр. Бой көтеретін ғимарат әскери нышан болып есептелгенімен, осы ұлттық дәстүрді негізге алуға тиіс.

Мақсат айқындалып алынған соң алғашқы архитектуралық шешім де табылды, құрылыстың маңдай беті жеңіл колонналар көтеріп тұратын әсем фасадпен көркейтілуі керек, ал тұтастай алғанда осы заманғы әскер іспетті ықшам да оңтайлы келуі қажет. Ғимаратқа интеллектуалдық ажар дарытылса, тіптен де жақсы.

Құрылыстың негізгі ерекшеліктерін осы талғамнан өріп алуға болады. Кіреберістегі фасад жоғары өрлеген сайын ырғақты бағандармен, маңдайшалық жеңіл бедерлермен әрлене түседі. Қабаттан қабатқа жоғарылаған сайын

пластикалық оңтайлылық реңі айқын бола береді және әр қабат өзіне ғана тән түске ие. Осынау құрылым ғимаратқа ресмилік әрі қарапайымдылық сипат береді. «Бәйтерек» жақтан қарағанда алаңның ұлттық, астаналық реңіне үйлесіп тұрғанын аңғарасың.

Астанада бой көтерген кеңсе ғимараттарына ортақ бір ерекшелік бар, ол әсіре ресмиліктен адалығы, айқынырақ айтсақ, мемлекеттік мекемелер кеңестік кезеңдегі біртектіліктен арылып, архитектуралық әркелкілігімен дараланады, ішкі құрылымында да өзгерістер аз емес. Қорғаныс министрлігі үйі туралы да осыны айтар едік.

Ғимаратқа кіріп келгенде алдыңнан кең де әсем кеңістік ашылады, бұрынғы тар дәліздерді ауқымды холлдар айырбастаған. Кең мәжіліс залына сабырлылық реңі берілген. Жоғарғы қабаттағы салтанат залын еңселі күмбез көмкеріп тұр.

Осының бәрі қазіргі заманғы құрылыс мәдениеті Астанада айрықша ескерілетіндігін және жете меңгерілгенін аңғартады. Өрлеу жұмыстарының шеберлікпен орындалуы, құрылыс материалдарының жоғары талғаммен таңдалуы ғимараттың негізгі артықшылықтары. Бөлмелер мен залдардың аспалы төбелері мен маңдайшалар конструкциялары Еуропада жасалған заттардан құрастырылған. Электр жабдықтары мен түрлі-түсті шамдар, санитарлық-техникалық, жылу құралдары да шетелдерден арнайы тапсырыспен алынды. Мәрмәр, гранит, тот баспайтын болат пен өрнек салуға қолайлы гипспен отандық кәсіпорындар қамтамасыз етті.

Кәдімгі тасты өңдей алсаң, көз қуантып шыға келетініне осы жерде куә боласың. Құрылысшылар экологиялық таза сол тастарды керамогранит, алюкобонд, алюминий секілді материалдармен әдемі астастыра білген.

Ғимараттың тағы бір ерекшелігі – әскери парад плацы мен тікұшаққа арналған қону орыны. Содан кейін – кеңістік. Бәйтерек жағынан да, қос қапталынан да гүлге оранған алаңдар көсіле жөнеледі.

## СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ ҒИМАРАТЫ

Жаңа қаланың геометриялық орталығында, фонтандар мен гүлзарлар таспасының бойында «Астана-Бәйтерек» заңғарланады. Осы тұс елорданың кіндігі, жасыл желек жамылған әулие алаңы, астаналықтар мен қазақ елінің әлемге жайдары жүзбен көз салған шуақты шағы, жерұйығы. Ол жаңа қала жоспарының маңызды екі белдігін: әкімшілік орталық пен гүлзарлар жүйесін әсем тоғыстырады да шығысында Президент резиденциясы – Ақордамен көмкеріледі. Ал батысын Дөңгелек алаң мен күн сайын кеңейіп келе жатқан саябақ, солтүстігін Сыртқы істер министрлігінің көрікті ғимараты, оңтүстігін Қорғаныс министрлігі үйі абағандырып тұр.

Қала құрылысы бұл жерде алаңның ажарына сәйкестендіріліп, негізгі жобада айқындалған ғимараттар заңғарлығы қатаң ескерілген. Сыртқы істер министрлігі мен Қорғаныс министрлігі үйлерінің архитектуралық кескіні де сол ауқымды сәулет ансамбліне лайықталынды. Сәулетшілер осы шеңберде бой көтеретін құрылыс нышандарының Бәйтеректі мазмұн жағынан байыта түсуін айрықша назарда ұстады.

Сыртқы істер министрлігі ғимаратын алып қарайық. Ол кеңселер стилінің салқын реңінен арылған, керісінше салтанатты шырай басым, сөйте тұра ресми сабырлықтан да ада емес. Симметриялық дәлдікпен жасалған фасад сырт көзге сындарлы да салмақты. Сол арқылы және ғимараттың бүкіл болмысынан салқын ақыл, тазалық пен үйлесімділік, ауқымдылық есіп тұрады. Бұл- көркем образдылықтың белгісі, шығармашылық сәтті шешім. Шығыс пен Батысты тең таныған елдің ажары, оның сыртқы саясатының келбеті осындай жылы жүзді болуға, сенім ұялатуға, мемлекеттік ашықтық пен ұстанымдардың тұрақтылығын баян етуге тиіс.

Ғимарат авторлары осы талаптарды толық орындай отырып, қарапайым тік бұрыштар арқылы құрылысқа кеңдік дарыта

алған. Тұтас көрінісі бойынша классикалық сәулет өнерінің «Бәйтерекке» сәйкестендірілген жаңа үлгісі секілденеді, анығында да солай.

Министрлік үйі өзінің осындай дара ажарымен бірге осы заманғы инженерлік тың шешімімен, ерекше дизайнымен таңдандырады. Ғимараттың телекоммуникациялық жүйесі барынша жаңа қондырғылардан жасақталған. Орталықтандырылған кондиционерлік желілер, автоматтандырылған өрт сөндіру құрылғылары мен ұшқыр лифтілер туралы да ұзақ әңгімелеуге болады.

Ішкі әрлендіру жұмыстарына таңдалып алынған құрылыс материалдарының бәрі еуропалық және әлемдік талапқа сай келеді. Осы тұста айта кетейік, жалпы жаңа қала көлемінде құрылыс заттарының экологиялық тазалығына жете мән берілген. Оның үстіне әр ғимарат ауа алмасуының тиімді жүйелерімен ерекшеленеді.

Министрлік үйінің төңірегі де «Бәйтерек» заңғарынан тарайтын гүлзарлар мен фонтандар жүйесімен үндес. Ғимаратқа барар алаңшадағы гүлдер аллеялары көктем-жаз айларында мың құбылады. Шығыс және қазақ өнерінің ұлттық дәстүрінде сомдалған фонтан төңірегі де барынша шырайлы. Осы тартымдылық жаяу жүргіншілер жолы мен негізгі қақпаға қарай өтетін соқпақтардан да байқалады. Ал биік те кең баспалдақ қай заманда да салтанатты ғимараттардың құрамдас бөлігі, ажарландырушы тұсы болып саналған.

Ғимараттың бірінші қабатына кіргенде кең құлашты кеңістікке тап боласыз. Онда сан алуан тақырыптағы мол әдебиет қоры бар кітапхана мен мәжіліс залы орналасқан.

Қазіргі заманғы кеңсе үйлеріне қойылатын талаптардың бірі – барлық жағынан қолайлы болуы. Қызметкерлер уақытының көбін осы жерде өткізеді, сондықтан да бір уақ дем алып, тыныстайтын орындар болуға тиіс. Министрліктің

барлық бөлігінде бұл толық ескерілген. Үшінші, төртінші, бесінші қабаттарда 30-150 орындық мәжіліс залдары бар.

Сәулетшілердің қызмет үйі аясында ықшам табиғат мүйісін жасау жөнінде шешімге келіп, оны сәтті жүзеге асырғанына да ризалық білдіресіз. Осындағы қысқы бақ өзінше бір шағын әлем.

Кіреберіс кеңістік пен жоғарғы қабаттардың едені ұлттық өрнекпен безендірілген мәрмәр төсеніштерімен көз тартады. Жұмыс бөлмелерінің қабырғалары да талғаммен әрлендірілген, төменгі бөліктері бағалы ағаш қаптырмаларымен қапталса, жоғарғы жағына декоративті мата ұсталған, алтын түстес рең берілген жиекше өңін аша түседі. Жиһаздар түгелге дерлік арнайы үлгімен жасалған.

Мұнда кәдімгі стандартты дейтін қарадүрсінділікті көре алмайсыз, төбелерге дейін қыл қаламның ізі бар, оларға акустикалық гипстен өрнек салынған, қабырғалармен жалғасатын тұстары әсем дәйекшелермен астасып жатыр. Люстралардан да төбе өрнектеріне ұқсас нақыш табасыз. Жеңіл жібек перделер бір-бірін толықтырған осы жарасымдылық ансамблінің соңғы сұлу сәтіндей.

Сыртқы істер министрлігі ғимаратына сіңірілген сәулет идеясы бойынша қайталанбайтын архитектуралық пішін жасалуы керек еді. Ол осында бұрынырақ салынған құрылыстармен сыртқы көркі жағынан үндесе кетуге тиіс болатын, әрі өзінің мән-мағынасын ашып тұруы да қажетті. Іс жүзінде аталған мақсаттарға қол жеткізілді. Мамандар мен былайғы елдің пікірлеріне сүйенсек, ғимарат «Бәйтерек» алаңының ажарын аша түскен сәтті архитектуралық туынды.

Құрылысты жобалаған және салып шыққан «Мабитекс» фирмасы.

**«ИНТЕРКОНТИНЕНТАЛЬ – АСТАНА»**

«Интерконтиненталь-Астана» қонақ үйі Қазақстанның жаңа елордасында бой көтерген алғашқы зәулім ғимараттардың бірі. Ол Турция мен АҚШ банктерінің және «Окан-Холдинг» компаниясының қаражатына салынды. Жобаны «Окан-Холдингтің» жобалау тобы мен «Окан-Холдинг /исот» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі әзірледі. Құрылыс 1996 жылғы 10 қазанда басталып, 1998 жылғы 10 маусымда пайдалануға берілді. Осы заманғы сәулет өнеріне сай бой көтерген әсем ғимараттың салтанатты ашылуына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Турция Президенті Сулейман Демирель қатысты. Сол күні қазақ елінің жаңа астанасының тұсаукесер тойы да өтті.

Қонақ үй бес жұлдызды отельдер санатына енеді. Ашып айту керек, мұндай деңгейдегі мейманхана сол күнге дейін елімізде салынған жоқ еді. Сондай-ақ ғимарат түрлі халықаралық шаруашылық байланыстарында алғашқы қадамдарға жол ашты. Айшықты сәулетімен көз қуантқан шаңырақ тұңғыш рет шетел инвестициясына салынды. Бұған дейін Астанада дәл осындай заңғар құрылыс та болмағанды. «Интерконтиненталь-Астананың» биіктігі 80 метр.

Қонақ үйді салу кезінде зәулім құрылыстың төс табаны су шайған босаң жер қабатына қондырылды. Бұл да құрылыс-инженерлік тәжірибеде сирек кездесетін құбылыс. Осында алғаш рет көп қабатты ғимараттарға арналған автоматтандырылған өрт сөндіру жүйесі енгізілді.

«Тұңғыш» сөзін, аталған мейманханаға байланысты, осылай жалғастыра беруге болады. Біз үшін бәрінен де бұрынғы облыс орталығы тұрғындарының таңданысы мен қуанышы қымбат еді. Олар әсем отельге қарап, Ақмоланың енді аз күнде нағыз астанаға айналатындығына кәміл сенді. «Интерконтиненталь» сәулетті келешекті көз алдына елестетті. Міне, осылай Астана атты қуатты симфонияның алғашқы әуені Есіл үстінде қалқыды. Сол әуен Ұлы Дала думанына ұласып,

уақыт өткен сайын асқақтап келеді. Әр жыл, елорда келбетін аша түскен әр кезең Қазақстан атты ақжарқын да айбынды елдің көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Астана-XXI ғасырдың қаласы болады!» деген үміт-сенімін үсті-үстіне қуаттауда.

«Интерконтиненталь-Астананың» архитектуралық кескіні өзіне ғана тән айшықпен ерекшеленеді. Ол Сарыарқаның кең байтақ даласында заңғарланған тәкәппар шыңға ұқсас. Сол шың сұрғылт-жасыл асыл тастармен көмкерілгендей. Ал сәулет техникасы жағынан қазіргі талаптарға толық үндес: қарапайым геометриялық таза үйлесім, зәулім бола тұра қараған көзге жеңіл келуі, барлық тұсынан бірдей көріктілігі-архитектура талғамында жоғары бағаланады. Сондықтан да ғимарат салынғанына бірнеше жыл өтсе де бүгінгі құрылыстардың арасында әсемдігін жоғалтпай отыр. Ол Есілдің сол жағалауындағы сәнді шаңырақтармен бірге асқақтайды.

«Интерконтиненталь-Астананың» ішкі интерьері ең жоғары халықаралық талаптар мен стандарттарға сай. Оны мейманханаға кірген сәттен аңғарасыз. Бірінші қабаттың дәлізін қою сарғыш мәрмәрдің сиқырлы реңі безендірген. Сол реңнен көкжиекке еңкейген күннің жалыны мен жылуы еседі.

Бұдан соң атриумның кеңістігіне тап боласыз, төбеден ай сәулесіне ұқсас нұр құйылады, оған фонтан суының сылдыры қосылып дамылға шақырады. Қабырғалар мен едендегі, төбелер мен жақтаулардағы айшықтар шығыстың сырлы сазын сызылтып тұрғандай.

Ғимараттың жалпы көлемі-47000 шаршы метр. Қонақ орыны- 228 де-люкс. Оның екеуі «корольдік нұсқада» жасалған, 2 бизнес-люкс пен 26 джуниор-люкс және бар.

«Интерконтиненталь-Астана» көп қырлы ғимарат, бұл жағынан да халықаралық талапқа сай. 65 офисте түрлі бизнес және іскерлік топтар қызметін жүргізеді. Үш ресторан мен

кафе келушілерді осы заманғы сервис үлгісінде қабылдай алады. Түнгі клуб, фитнес-клуб, дискотека, 600 орындық кербез би залы еуропалық мәнерде әрлендірілген. Бұлардың бәрі астаналықтардың елорда мәдениетіне сай дем алып, бос уақыттарын мазмұнды өткізуіне себеп болуда.

Халықаралық талап бойынша бес жұлдызды мейманханалар мемлекеттік ірі басқосуларды өткізуге де қолайлы болуы керек. «Интерконтиненталь-Астана» бұл орайда да көңілден шығып келеді. Бой көтергелі бері осында ондаған халықаралық кездесулер мен семинарлар, конференциялар ұйымдастырылды. Талай елдің басшылары болды, түрлі іскерлік топтар өкілдері ат шалдырды. Олардың пікірі біреу-«Интерконтиненталь-Астана» – ХХІ ғасырдың құрылысы.

Қала күннен күнге көркейіп, қанат жайып келеді. Күн санап, ай санап асқақтай түсуде, көрікті ғимараттар бірінен соң бірі бой түзеп жатыр. Осы қарқынды да баянды құрылыс салтанатында «Интерконтиненталь-Астана» алғашқы сәтті қадам ретінде тарихта қалмақ.

## «ҚАЗАҚСТАН» СПОРТ САРАЙЫ

Спорт сарайын, оның ішінде қазіргі заманға сай, спорттың бірнеше түрінен жарыстар өткізуге қолайлы әрі архитектуралық жағынан айшықты ғимарат тұрғызу идеясын алғаш республика Президенті көтерген болатын. Ол кезде Астанада ондай арнаулы спорт шаңырағы жоқ-ты.

Осы идеяны жүзеге асыру кезінде екі бірдей мақсатты қатар шешу көзделді: жаңа сарай арқылы Астана спорттық халықаралық жарыстар өткізе алатын болуы керек және бұл ғимарат елордада тағы бір мәдени-көпшілік орталығының бой көтеруіне ықпал етуге тиіс.

Әлем астаналарының құрылымына қарасақ, олардың бәрі дерлік бірнеше орталықтардан тұрады. Тым алысқа ұзамай

Мәскеуді алайық: Кремль алаңы – саяси-тарихи, опера және балет театры маңы – мәдени, Лужников аумағы – көпшілік-спорт ошақтарына бейімделген. Жеке аудандар түріндегі сауда, демалыс орталықтары ондап саналады.

Қазақстан спорт сарайы Астанадағы осындай айтулы кіндіктердің бірі бола отырып, сол ауданда сәулетті ғимараттардың өркендеуіне негіз қалауға тиіс еді. Бұған мүмкіндік мол болатын. Осы төңіректегі Еуразия ұлттық университетінің кешендері, Отан-Ана мемориалы бірігіп тұтас ансамбль құрай алатын. Ақбұлақтың сулы арнасы болса, іргеде тиіп тұр.

Мақсатосылай айқындалған сонидеяны жүзеге асырушылар анықталды. Бас мердігері болып «Алматы мәдени-құрылыс» акционерлік қоғамы белгіленді. Соның тапсырысымен «В.Л.» жауапкершілігі шектеулі бірлестігі спорт сарайын жобалауға кірісті.

Алда абыройлы да күрделі міндеттер тұрды. Спорт сарайы елде бұрыннан бар осы сарындас құрылыстарға ұқсамауы керек. Екіншіден, барлық халықаралық жоғары талаптарға сай болуға тиіс. Осында, қазақ астанасында әлемнің спорт жұлдыздары өнер көрсетіп, түрлі мемелкеттердің энұрандары шырқалуы үшін ғимарат спорттық техниканың ең озық түрлерін кеңінен пайдалануға лайықталуы қажет.

Жобалаушылар негізгі шарттарды осылай белгілеп алған соң, спорт кешенінің сәулетін ашатын, өзіндік ерекшелігіне айналатын үш стильдік бағытты айқындады. Олар:

1. Сарайдың бүкіл архитектуралық бітімі жарыс жолына шыққан спортшыдай шиыршық атып тұруы.

2. Негізгі сайыс алаңы – мұз айдыны мен жүзу бассейнінің бірін-бірі толықтыра жарасымдылық табуы.

3. Ұлттық сәулет накыштары болуы.

Мұның алғашқы екеуі спорт сарайының қазіргі архитектуралық бейнесінен айқын көрінеді, ал ұлттық накышты көңіл көзімен аңғара аласың. Тегінде қазақтың

ұлттық сәулеті күмбездер мен шаңырақ, киіз үй түрінде ғана кездеспейді, халық архитектурасының ерекшелігі ой еркіндігінде. Нақтырақ айтсақ, қазақтың байырғы құрылыстары кеңдік пен далалық дархандығымен, сонымен бірге даралығымен белгілі.

Спорт сарайында осындай ауқымдылық бар, ол қай жағынан қарасаң да кең құлашты және бірегей. Дәл осындай кешен ТМД елдерінің ешқайсысында жоқ.

Ғимараттың сыртқы сипатын әркім әр түрлі қабылдап жүр. Ол біреуге ауыр салмақты жұлқа көтеруге ыңғайланған штангист секілді елестейді. Енді біреулер жекпе-жекке ұмтылған дулығалы батырға ұқсатады. Журналистердің бірі ұлан далаға жаңа ғана қонған ғарыш кемесіне теңеп жазды. Мұның бәрі де орынды, неге десеңіз, сарай өзінің бүкіл кескін-келбетімен серпінділікті, бұлқынған күш-қайратты, шамырқанған намыс пен жеңіске күштарлықты білдіреді.

Кешеннің мақтанышы – тамаша мұз айдыны. Ол санаулы сағаттардың ішінде футбол немесе гимнастика алаңына айналады.

Сарайды одан әрі араласаныз акробаттар мен дене шынықтыру, суда жүзушілер мен хореография залдарына тап боласыз. Шалғайдан келгендер осындағы 75 орындық қонақ үйге жайғасады. Ғимараттың аумағында теннис корты мен кіші футбол алаңы және бар.

Осының бәрін көз алдыңыздан өткізіп отырып, спорт сарайы тым қымбатқа түскен шығар деп ойлауыңыз мүмкін. Бірақ іс жүзінде олай емес. Жобалаушылар құрылысты аса қымбат күрделі жабдықтарға есептемеген, керісінше тексеруден өткен, салыстырмалы түрде арзан металл құрылымдарына лайықтаған.

Сарай технологиялық жағынан өте күрделі, ауқымды мұз айдынында температураны ұзақ уақыт бір қалыпта ұстап тұру, ат шаптырым жүзу бассейніндегі суды жаңалап отыру, кең ғимараттың әр бөлігінде ауа алмасуын реттеу оңай шаруа

емес. Осының бәрі сәтті инженерлік шешімін тапқан. Атап көрсетерлігі сол – бұл үрдістердің барынша тиімді болуына қол жеткізілді. «Қазақстан» спорт кешені Батыста салынған осы жобадағы ғимараттармен салыстырғанда құрылысы және пайдалануы жағынан екі есе арзан.

Сәулет өнерінде айрықша ескерілетін бір шарт бар, ол – архитектуралық идеяға құрылыс заттарының сай келуі. Ғимаратты салу кезінде бұл да қатаң ескерілді. Фасадты әрлендіруге кейінгі кезде кең қолданылып жүрген алюкобонд таңдалып алынды. Қабырғалар жылу ұстайтын әмбебап материалдармен қапталған. Төбе люксалон мен армстронг тұтыну арқылы көмкерілді.

Спорт жарыстарын тамашалауға келгендердің көпшілік залында болуы міндет емес. Сайыс алаңдарын дәмханада отырып-ақ алақанға салғандай көре алады. Олардың назарынан ештеңе де қағыс қалмайды.

Жобалаушылар осының бәрін ескерумен бірге сарайдың ішкі жабдықтарын да өздері таңдады, жиһаз бен есіктерге дейін үлгісін сызып берді.

Көркімен көңіл қуантып отырған астаналық тамаша сарай-отандық сәулетшілердің шағармашылық табысы. Оны жобалағандар қазақстандық архитекторлар – В. Лаптев, В. Гладких, конструкторлар – М. Ванштейн, В. Поздняков, Н. Иванова. Темір конструкцияларын айқындаған «Эмоп» фирмасы, дайындап құрастырған «Инстальком» акционерлік қоғамы. «Алкон», «Әйгерім», «Эверест» және «Астана жаңа құрылыс индустриясы» фирмалары да өз қолтаңбаларын қалдырды. Фасадын әрлендірген «Вектор» және «Серік» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері. Сарай төңірегі шамдарын орнатқан «Элмо» фирмасы.

«Қазақстан» кешені бүгінде республикаға ғана емес, алыс-жақын шетелдер спортшыларына да жақсы таныс. Осында бірнеше рет бокстан халықаралық жарыстар өткізілді. Мұндай әлемдік деңгейдегі додалар жалғасын тауып жатыр. Осылай Астана спорт шаһарына айналды.

## ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ҮЙІ

Кейінгі кезде Қаржы министрлігі аталып кеткен бұл ғимарат осыдан алты жыл бұрын пайдалануға берілді. Ол Астанадағы алғашқы мемлекеттік орталықтың көркін аша түскен сәулетті ғимарат ретінде жұрттың ықыласын бірден баурап алған-ды. Орналасқан жері оңтайлы, Президенттің бұрынғы резиденциясы мен республика Парламентіне жақын жерге кереге керген.

Ғимарат – Астанада отандық архитекторлар мен құрылысшылар алғаш салған ауқымды нышан. Тегінде шетелдіктер елордада бой көтерген үйлердің бәрі Батыс мамандарының жемісі деп білетін болуы керек, олардан: – «Ғимарат Еуропаның қай компаниясының қолынан шыққан?» – деген сауалдарды жиі естисің.

– «Бұл шаңыраққа Батыстың қатысы жоқ, Астана сәулетшілері тұрғызған», – дейсің.

– «Солай ма, – дейді олар, – сыртқы пішініне қарағанда сәтті архитектуралық туындылардың бірі секілді көрінген сон, жобалаушыларын білгіміз келген».

Министрліктер үйі архитекторларының бәрі елордалықтар. Жобасын әзірлегендер В.Лаптев, В.Гладких, В.Поздняков, конструкторлары – Сүлейменов пен Кудрявцев. Құрылысын бастан-аяқ жүргізген «Базис-А» құрылыс компаниясы. Осы шығармашылық және іскерлік топ Астананың небір күрделі құрылыстарды өз күшімен сәтті жүзеге асыра алатынын, отандық сәулет өнері ХХІ ғасырдың талап деңгейінен табылатынын дәлелдеп берді.

Ғимаратпен алғаш танысқандар арасында аталған сәулетшілердің қандай стиль мен талғамды ұстанғандары жайлы сұрақтар туып жатады. Мұндай сауал қала тұрғындарының көкейінде де сан оянған шығар.

Асылында архитекторлардың талғам-таразысын көп жағдайда қаланың бас жоспары, негізгі сәулет идеясы

айқындайды. Сонымен бірге жобалайтын құрылыстың шаһардың нақ қай жерінде бой көтеретінін ескересің. Мұның сыртында қаланың құрылыс мүмкіндігі мен технологиясы туралы да ойлануға тиіссің.

Қазіргі архитектурада таза стиль деген ұғым айтыла бермейді. Кез келген сәулет жобасы, қайткен күнде де, бірнеше ағымдардың жетістігін пайдаланады. Сондықтан сәулетші «мен мына үйді модерн немесе шығыс стилінде жоспарлаймын» деп кесіп-пішпейді, ол мүмкін емес. Автор жобалау сәтінде өзі барынша анық таныған образ бен идеяны басшылыққа алады. Осындай нақты да айқын идея мен бейне жүрегінде ашылған сайын оны кескіндеу стилі де айқындала түседі.

Министрліктер үйін жобалау кезінде оянған образ – Қазақстан Республикасының мемлекеттік туы. Бұл образ ғимараттың ірге тебетін орнына қарай көкейге ұялады. Классикалық стильдегі төрт қырлы Парламент пен Президент резиденциясының жанына солар кескіндес тағы бір көп қабатты үйді тұрғызудан не ұтар едің?! Бұл жерде шеңбер түріндегі құрылыс та үйлеспейді.

Ал Ту үлгісіндегі ғимарат қай мағынада алсаң да келіп тұр. Біріншіден, мемлекеттік ту ресми заңғар құрылыс түрінде Астана орталығында өрнектелсе, ұлттық рәмізімізге жасалған құрмет. Екіншіден, Парламент, Резиденция секілді мәртебелі шаңырақтарға сол мәндегі үй ғана сәйкес келеді. Сәтті образ бен идеяға, міне осылай ғұмыр берілді.

Осы орайда Министрліктер үйі «В.Л.» фирмасының Астанадағы алғашқы туындысы екенін айта кетейік. Фирма осы қадамы арқылы Республиканың құрылыс нарығында отандық сәулетшілердің шындалып келе жатқандығын көрсетті. Әрине, қиындық та болмай қалған жоқ, өйткені ол кезде мұндай көп қабатты, халықаралық талапты қанағаттандыра алатын құрылыс тәжірибесі аз-ды. Бәрін, конструкциялық, инженерлік – технологиялық шешімдерді алғаш дербес

шешуге тура келді. Осындай тәуекелі мол сәттерді ғимаратты тұрғызған «Базис-А» корпорациясы да бастан кешірді.

Жобалаушылар мен корпорация тығыз байланыста жұмыс істеді. Түсіністік сәулетшілердің ең батыл ой-идеяларын қобалжымай жүзеге асыруға жол ашты.

Дегенмен, шетелдіктердің көмегі қажет болмай қалған жоқ. Фасадтың шынылы өрнегін канадалық фирма әзірледі. Дәл осындай құрылыс әйнектері Астанада бұдан бұрын пайдаланылған емес. Министрліктер үйінде қолданылған әйнектердің көзге бірден ғажайып болып көрінуі де осыдан. Олар Қазақстан туы түсті көгілдір әрі өте мөлдір. Сәулет тілінде алюкобад деп аталады, жасаған фирма шетелдерде беделге ие.

Әйнектерді қолдану тағы бір тың шешімдерді көлденең тартты, олар ашылып-жабылмайтындықтан күрделі кондиционерлік-инженерлік жүйе орнатылып, ауамен жылыту әдісі игерілді.

Ғимараттың ішкі жобасы да көп ойландырып толғандырды. Әуелде мұнда 1200 адам еңбек етеді делінді, артынша олардың саны 1400-ден кем болмайтыны ескерілді. Қазіргі күнде осында 2000 қызметкер бар деседі. Соншалық адамның қозғалысын қиындық тудырмайтын етіп реттеу онай шаруа емес. Егер осы қалың елге күн сайын сырттан жүздеген адам келіп қосылатынын ескерсеңіз, мәселе күрделене түседі.

Кеңес кезіндегі құрылыстардың карадүрсін дәліздері, бір сызықтың бойында тізілген кабинеттер аса дұрыс шешім емес-ті, әрі бұл жүйе ғимараттарға бір сарындылық береді, жалықтырады. Сондықтан жаңа бағыт іздестірілді, үйдің ту тәрізді иіліп тұратындығы есепке алынды. Соның артықшылығын пайдалансаң, дәліздердің ұзындығын байқатпай жіберуге болады. Әрқайсы әртүрлі реңдегі вестибюльдер мен ішіне кірген адам төңірегін ашық көретін лифтілер де дәлізді бірнеше бөлікке бөліп тастады. Мұның бәрі елдің ғимарат ішінде бұрынғыдай бір бағытта ерсілі-қарсылы

ағылуынан арылтты. Осында алғаш рет қызмет бөлмелері мен мәжіліс залдары бір-бірінен оқшауландырылды. Ғимаратта дәмханалар, шаштараздар мен авиакассалар да барынша ыңғайлы орналастырылған, оларға үйдің кез- келген бөлігінен тез жетесің.

Бәлкім осында алғаш кірген қызметкерлер кабинеттердің жалпыға бірдей екенін көріп ойланып қалған шығар, алайда еуропалық үлгі осындай, кісі басына бір бөлме заманы енді жоқ, ал шыны қабырғаның арғы жағынан бөлім бастығы бәрін көріп отырады.

Ғимараттың ішкі әрлендіруіне қажетті құрылыс заттары шетелдерден таңдалды. Бұл жерден бір-біріне ұқсайтын едендерді кездестіре алмайсың. 12 кабаттың әрқайсы өз ажарымен дараланады.

Көгілдір әйнекті құрылыс екі көшені жалғап тұр. Ол Астана аспанын өзінде сәулелендіріп, жан-жағын нұрландырады. Қарсыбеттегі шағын саябақ, сушолпысы сыңғырланған фонтан ғимаратпен үндестік тауып, қала орталығын шырайландыра түседі. Елордада Қазақстан туы осылай асқақтайды.

## ЦИРК

Цирк десе көз алдына әдеттен тыс, ерекше көріністер келеді, ғажайып өнерімен төрткүл дүниеге әйгілі болған клоундардың бейнесі, бұлшық еттері бұлт-бұлт еткен күш иелері мен қыл арқанның бойында зыр жүгірген акробаттар елестейді. Цирк – естен кетпес мереке, кереметтер мекені.

Міне, осындай айрықша шаңырақты жобалау және оның бүкіл ерекшеліктеріне сай салып шығу оңай шаруа емес. Цирк ғимаратында бала қолындағы шар секілді жеңілдік те, аренада қыз-қыз қайнайтын ойын-сауық тәрізді думан да, небір күрделі қойылымдарды еркін орындайтын акробаттарға тән ептілік те аңғарылып тұруға тиіс.

Әрине, цирктің сонау ерте заманнан қалыптасқан, уақыт сынына төтеп берген архитектуралық бітімі бар. Алыс планеталардан келген тылсым ғарыш кемесі секілді дөңгеленген құрылыс осы күнге дейін өзгеріссіз сақталуда деуге болады. Мұндай сәулет туындысы қалалардың ажарын ашып, айналасына мейрам шуағын таратып тұрады.

Қазақстан Республикасының астанасында салынатын цирк үйі туралы сөз болғанда, оны жобалаушылардың көз алдына нақ осындай ғимараттың сұлбасы елестегені анық.

Осы жерде мынаны ашып айта кетейік, цирк үлгісі көнеден сақталып келе жатқанымен, оны жобалау жеңіл емес. Әр қаланың өз талғамы, қалыптасқан архитектуралық ерекшелігі бар. Салынатын цирк ғимараты соларға сәйкес болуы керек.

Астана циркінің сәулетшісі Төлеген Әбділда ең алдымен осыған жете мән беруге міндетті еді.

Шығармашылық мейлінше қуаныштың қандай болатынын өнер иелері ғана біледі. Төлегеннің іске кіріскен сәттен сан толқығаны, талай түнді ұйқысыз өткергені анық. Көптеген жобалар жасалды, талайы лақтырылды, талайы қайта-қайта өңделді, ең соңында біреуіне таңдау түсті.

Мемлекет басшысы мен Қала құрылысы кеңесі қабылдап алған сол жобаның сәтті шыққандығына бүгіндері ел куә. Елорданың орта тұсында, қаланың жаңа орталыққа ұласатын жерінде, жол торабында әсем құрылыс менмұндалап тұр. Қазақ астанасының көркіне елтіп, көкпен күн аралатып келіп қонақтаған ғарыш кемесінің дәл өзі дерсің. Эфирлер мен баспасөзде дәл осылай айтылып, солай жазылып та жатты.

Астана циркі өзіне ғана тән ерекшеліктерге толы. Динамикалық форма, көрер көзге жеңіл, көктемгі жауыннан соң көтерілген ұшпа бұлттай әне-міне көкке

талпына жөнелетіндей. Жалпы архитектуроникасына қарасақ классикалық сәулет үлгілерін сақтай отырып, техникалық-эстетикалық дизайнға көбірек икемделгенін аңғарамыз. Серпінді күміс металдан өрілген әсем дискіден сомдалған сыртқы мүсіні ғарыш кескіндес ертегі әлеміне жетелейді. Содан алған әсері төс табанынан сәл жоғарыдағы ромбик түріндегі пирамида пішіндес жарық көздерін көргенде күшейе түседі. Иллюминатор бейнесіндегі терезелер желісі де ғимаратқа айрықша сән беріп тұр. Ал түн әлемінде цирктен жамырайтын түрлі-түсті шұғыла айналасын ерекше шаттыққа бөлейді. Сәулетшінің айтуынша цирк үйінің ғарыш кемесіне ұқсас жобалануы «Хай-тек» стиліне жалаң еліктеу емес, елдің осы заманғы талғамынан шығуға ұмтылудан, көк пен жер ұғымын өзара астастырудан туған шешім.

Осы тәсіл интерьер кеңістігінде одан әрі жалғасады. Бұл кеңістіктен де жұлдыздар әлемінің тылсымын танисыз, цирк аясы жоғарылаған сайын құпия сыр бүгетіндей болады. Сол сырын әне-міне жайып салатындай.

Сәулет тілімен мұндай сезім тудыру қиынның қиыны. Төлеген соған қол жеткізе алған. «Шынымды айтайын, дейді ол, – әуелде бұл орындалмайтын қиял секілді көрінді. Мен шалқар даланың тұңғыық көгіне қараумен болдым».

Ғимарат оңтүстік-батыс бөктерінде жарты шеңбермен белдеуленген, бұл тұс техникалық қызметке арналып салынды. Ал циркпен үйретілген жануарлар тұратын жай арнаулы жабық галлерей арқылы жалғасады. Сол жерден манежге арғымақты ауыздықтаған шабандоздар шауып шығады, ат үстінде жүз құбылып, жиналған жұрттың айызын қандырады. Маң-маң басқан аю мен шудалары желп-желп еткен түйелерді көргенде бала біткен жамыраса шулайды. Клоундар ше, олар мүлде басқа әңгіме.

Цирктің негізгі ғимаратынан бөлек жүйе құраған, бірақ онымен сәтті жалғастырылған әкімшілік және мейманхана кешенінің сәулеті де жоғары талғамға сай. Қонақ үй

әуелде өнер сапарымен Астанаға келетін цирк артистеріне арналған.

Елорда циркін көргендердің бәрі: қала тұрғындары да, қала меймандары да, ғимараттың айтулы сәулет туындысы екенін айтады. Ол шындығында да солай.

Ғарыш – Жер-Ана – Астана, міне, елорда циркінің архитектурасына біріктірілген ұғымдар.

Цирктің жалпы аумағы – 26 658 шаршы метр.

Ғимарат 2005 жылғы желтоқсанда пайдалануға берілді.

Бас мердігері – «Найза құрылыс» фирмасы.

Жоба авторы – сәулетші – Төлеген Әбділдә.

## «RIXOS»

### ПРЕЗИДЕНТТІК ҚОНАҚ ҮЙІ

Мейрамхана жайлы әңгімені тарихтан бастасақ дұрыс болар еді.

Түркиядағы Анталия қаласына таяу жерде біздің дәуірімізден бір мың жыл бұрын Перге деп аталатын көне қала болған. Сол шаһарды жобалаған сәулетшілердің бірі Риксос деген білгір екен. Сірә, заманында шеберлігімен талай-талай таңдай қақтырған шығар, оның есімі осы күнге дейін ұмытылмапты.

Түркияның біздер айрықша ескеретін бір жақсы дәстүрі бар, бұл елде бұрынғы дәуірлердегі көрнекті тұлғалар жүректе сақталады, ұлттық деңгейде ардақталады, есімдері түрлі жолдармен мәңгілік етіледі. Риксос сол игі дәстүр арқылы осы күнге дейін «ғұмыр кешіп» келеді. Сәулетшінің есімі берілген қонақ үйлер жүйесі Түркияның шеңберінен шығып, әлемге кең жайылған. Осы елдің мейрамханалар салу және құрылыс жұмыстарын өрістету қызметтерімен түбегейлі айналысатын «Файн групп» компаниясы өзінің негізгі міндетін «RIXOS» қонақ үйлерінің аясын ұдайы кеңейту деп біледі.

«Файн групп» түркиялық «Сембол иншаат» құрылыс компаниясымен жемісті іскерлік байланыс орнатқан. Өз елінде «Премиум Белек», «Бодрум», «Текирова», «Белдби», «Лабада» секілді сәнді мейрамханалар салып, беделге ие болған осы компания енді міне, Астанада қолтаңбасын қалдырып отыр. Компания Президенттік қонақ үйін небәрі сегіз айда салып бітті.

Ғимараттың архитектуралық стилінен көне грек және түрік сәулетшілерінің қолтаңбасын аңғара аласыз. Қарсы беттің салтанатты болуы, бас қақпаның кеңдігі, колонналар сол ежелден бар архитектуралық дәстүр. Ал қабаттар терезелерінің ұзын болып келуі, сырт қарағандағы жеңілдік Еуропа сәулетінің белгісі. Төменгі бөліктің әйнектерді пайдалану арқылы мөлдір рең алуы, жобасы жағынан ғимараттың жоғарғы қабаттарынан мүлде өзгеше болуы да кәрі құрлық архитектурасының осы заманғы талаптарын ескергендік. Оған сыртқы күмбезді кіреберіс арқылы шығыстық және далалық кескін берілген. Дәл осындай шығыс көрінісі кең қоршаудың кірер ауызда түйіскен тұсына да еркін дарытылған. Ол үш күмбезшемен еңселене түседі.

Қонақ үй сырт қарағанда мейлінше қарапайым. Асылында классикалық, ғұмыры ұзақ, баянды идеялардың бәрі әуелде жұпыны көрінеді, өзінің тереңін там-тұмдап ашады. Осы жағынан алғанда «RIXOS» орналасқан қапталындағы Сыртқы істер, Қорғаныс министрліктері ғимараттарымен сәулет үндестігін тауып, бағзы және бүгінгі архитектуралық стильдерді сәтті жинақтап тұрғандай. Осы ансамбльге Ұлттық кітапхана үйі де кіреді.

Қонақ үйге кіріп келгенде, алғашқы әсермен таңсық та алыс әлеммен тілдескендей боласыз. Мұнда грек-римдік сәулет дәстүрі де, мейманханаларға тән осы заманғы салтанат та мол. Белдеулі, рим мәнеріндегі бағаналар орта ғасырдағы қайта өрлеу кезеңінің асқақ рухын еске салады. Үстіңгі жағы шығынқы терезе-ойықтардың келбетінен де сол тұстағы

өркениеттің лебі есетіндей. Алтын белдеулі колонналардың сәні келіп-ақ тұр. Осының бәрі мәрмәр баспалдақпен әдемі үйлесім табады.

Кіреберіс кеңістік тағы бір әлемімен ерекше. Оңтүстіктің папоротниктері мен пальма ағашы желдеткіштердің самалымен баяу тербеледі, қарсы алдыңнан Семирамиданың аспалы бағы ашына кеткендей. Қонақ үйдің директоры Енгин Евенің айтуынша олар Голландиядағы жылы-жайлардан әкелінген. Ауадан саумал сауатын еуропалық іскерлер осы өсімдіктерді көбейтіп таратуды тәп-тәуір табыс көзіне айналдырыпты.

Мейманханада 168 қонақ бөлмесі бар. Оның он екісі екі орындық, 107-сі бір кісілік. Жалғыз төсектік 12 жартылай люкстің жасандырылуы айрықша. Биік бөлмелердің терезесінен жаңа қаланың көрінісі айқара ашылады. Мынау Көлік және коммуникация министрлігінің зәулім ғимараты, анау «Қазақойлдың» ауқымды құрылысы, соның алдындағы дөңгелек алаңда қуатты фонтан көкке талпынады.

Бөлмеде бәрі автоматтандырылған, желдеткіш, люстралар, телерадио, – түгел бір жерден басқарылады. Телефон байланысы әлемнің кез-келген түкпірімен қас-қағымда жалғастыра алатындай деңгейде. Қонақ шақыра қалсаңыз, кіші бардың ішінен қажетіңіздің бәрі табылады. Шағын сейф те игілігіңізде.

Президенттік люкс аталатын 12 бөлменің жиһазы мен сән-салтанаты тіптен ерекше. Қоңыр, жасыл т.б. рендегі мәрмәр және гранит тастардан жасалған камин пештері, қымбат жиһаз, жұмыс істеуге толық мүмкіндік беретін қызметтік құрал-аспаптар, үкіметтік жетілдірілген телефон байланысы, арнаулы қабылдау бөлмесі, – бәрі әлемдік талапқа сай. Ішкі интерьерден мемлекеттік жоғары лауазымға сәйкестік, нақтырақ айтқанда салмақтылық пен маңыздылық, орнықтылық нышаны аңғарылады. Дәл осындай бөлмелер Астанада алғаш шаңырақ көтерген жұлдызды қонақ үйі-«Интерконтинентальда» екеу ғана.

Халықаралық талғам бойынша Президенттік делінетін мейманханалар құрылымы жағынан іскерлік орталықтары да болуға тиіс. Риксос жүйесінде бұл жете ескерілген. 175 орындық мәжіліс залы дәл осындай мақсатқа арналған. Қалалық деңгейден бастап халықаралық дәрежедегі форумдарға дейін өткізе алатын осы залда, қонақ үйі пайдалануға берілгеннен бері, талай басқосулар ұйымдастырылды. Соның ішінде Еуропа және ТМД елдері архитекторларының форумы бар.

Дәл осындай мақсатқа есептелген 50 және 100 орындық екі зал да әдетте бос болмайды. Бұлардың біріне «Шаңырақ» деген ат беріліп, қазақтың киіз үйі түрінде жасалған, ұлттық кескіні басым. Аспан асты бейнесінде күмбездене көтерілген кеңістікте түн баласында жұлдыз жамырайтындай. Сар даланың сайын өмірі осында, Астана аясында бағзы келбетін сақтап қалғандай.

Еуропалық үрдіс бойынша қонақ үйлерде мәдени демалыс орыны да болуы керек. Оларды мейрамханалар мен ойын-сауық шаңырағы түрінде кеңейту кәрі құрылықта ертеден бар дәстүр. Риксос бұл ретте де қандай да болсын жоғары талғамға жауап бере алады. 500 адамдық би залы кең де әсем. Мәрмәр еденде классикалық бекзада бидің шеберлері айдында жүзген аққудай калқып бара жатады. Музыканың тазалығын, әуезділігі мен шалқарлығын қамтамасыз ететін сандық жүйедегі аспаптар, түрлі түсті жарық декорациясын жүз құбылтатын қазіргі заманғы құралдар қонақ үй басшыларының мақтанышы.

Мейманхана қонақтары әдетте әр ұлттың өкілдері болып келеді. Елордаға атбасын бұрған түрлі елдер делегациясының осында жайылатын дастарханға талғаммен қарайтыны анық. Екі ресторан аспаздары олар қай дәмді қаласа да сол сәт қанағаттандыруға дайын.

«RIXOS» қонақ үйлер жүйесі – қазіргі таңда әлемге құлашын кең жайып келеді. «Файн групп» және «Сембол» компаниялары

осындай құрылыстарды Хорватияда, Австрияның астанасы Венада, Украинаның бас қаласы Киевте салмақ. Астанадағы мейманхана аталған компаниялар Түркиядан сыртқары жерде көтерген екінші шаңырақ. Бұл да қазақ мемлекеті мен оның елордасының халықаралық кеңістікте беделі жоғары екенін көрсетсе керек.

## АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘУЕЖАЙЫ

Елордамызда қазақ жұртының әлем алдындағы абыройын асқақтата түсетін ғимараттың бірі – Астана халықаралық әуежайы. Ғимараттың ашылу салтанатындағы құттықтау сөзінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың атап көрсеткеніндей, ендігі жерде бұл әуежай Еуропаны Қиыр Шығыспен, Оңтүстік-Шығысты Кіші Азиямен жалғастырып жататын әуедегі «Жібек жолы» болмақ.

Президент 1998 жылы Жапонияға сапары кезінде Халықаралық ынтымақтастық банкімен (JBIC) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту» жобасын іске асыру үшін несие бөлуге келісімге келген еді. Қазақстан Республикасы мен JBIC арасындағы заем туралы сол келісімге Токио қаласында 1998 жылғы 24 желтоқсанда қол қойылды.

Заем сомасы 22 млрд. 122 млн. жапон иенасын (шамамен 176,5 млн АҚШ доллары) құрады. «Астана халықаралық әуежайы» жабық акционерлік қоғамы – жобаның атқарушы агенттігі, яғни қарыз алушысы, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі – қадағалау агенттігі болып белгіленді. Заемның 20 пайызы қарыз алушыға несие ретінде, 80 пайызы республикалық бюджеттен өтеусіз негізде ұсынылды. Өтеу кезеңі: құрылыс бөлігіне – жылына 2,2 пайыз мөлшерлеменен 30 жыл, ал консалтингтік шығындарға – жылына 0,75 пайыз мөлшерлеменен 40 жыл

мерзім белгіленді. Екі жағдайда да мерзімдер 10 жылдық жеңілдік кезеңнен тұрады.

Жобаның кеңесшісі болып Pacific Consultants International жапон консорциумы және Kisho Kurakawa Architect & Associates, бас мердігері болып құрамына Германияның «Siemens», «Marubeni corp», Ұлыбританияның «John Laing», Түркияның «Alarko», Жапонияның SMLA консорциумы белгіленді. Жаңа әуежайдың үлгісін Астана қаласы құрылысы бас жоспарының авторы жапон сәулетшісі Кишо Курокава әзірледі.

Жобаны іске асыру кезеңі 32 айға есептелді. Жұмыс 2002 жылғы 17 қыркүйекте басталды.

Басмердігердің құрамына кіретін Түркияның «Алсим Алатон» компаниясы басқармасының төрағасы Исхак Аларкомның айтуына қарағанда, әуежай құрылысында жұмыстың қауырт шағында бір мезгілде 2,5 мың адамға дейін жұмыс істеген. Олардың басым көпшілігі қазақстандықтар. Астананың халықаралық әуежайын қайта жаңарту жөніндегі дирекцияның директоры Аржан Бұғыбаев мынандай деректерді алға тартады: жаз күндері құрылыста 1500-ге дейін жергілікті маман жұмыс істеді. Олардың монтаждау жұмыстарындағы шеберліктеріне шетелдіктер өте жоғары баға берді. Ғимарат шаңырағын монтаждаған Павлодар қаласының «Высотник» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің альпинист-монтажшылары желтоқсан айының қақаған аязына қарамастан қажырлылықпен еңбек етті. Бұлармен бірге қосымша мердігер ретінде жұмыс атқарған «Имстальком» акционерлік қоғамы, «Мехколонна-56» акционерлік қоғамы, «Пожцентр ТОР», «Контрактстрой А», «Стройдом», «Вилена», «Эйр Сервис Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және басқа да отандық құрылысшылар ғимараттың халықаралық стандарттарға сай болуына қол жеткізді.

Терминалдың ашылу салтанаты рәсімінен кейін Елбасы жаңа әуежайдың ішін аралап көрді. Мемлекет басшысына терминалдың алғашқы жолаушысы деген құрмет белгі табыс етілді.

Қайта жаңарту бойынша пайдалануға берілген терминалдың жалпы аумағы 20 мың шаршы метр. Ол бес деңгейде орналасқан. Төменгі екі қабат жолаушыларға арналған. Бірінші қабатқа кірген бойда өзіңізді қазақтың киіз үйі үлгісіндегі еңселі ордаға енгендей сезінесіз. Оның биіктігі 34 метр, диаметрі 45 метр. Жоғары қарасаңыз – бес деңгейдің ұшар басындағы алып шаңырақ асқақ көрінеді. Екінші қабатта жолаушыларды ішкі және халықаралық рейстерге тіркеу алаңдары, ұшаққа шығушылардың күту залдары орналасқан.

Үшінші қабаттың жобасы ресми тұлғаларға қызмет көрсетуге арналған. Төртінші қабатта терминалдың бақылау-диспетчерлік пункттері бүгінгі заман талаптарына сай жабдықталған.

Бесінші қабат – ұшақтардың ұшуы мен қонуын тамашалауға, әуежайдан әрі жалғасатын қазақтың кең байтақ даласына зер салуға арналған шолу алаңы.

Жаңа терминал алты телескоптық траптармен жабдықталған. Әуежайдың өткізу қабілеті тәулігіне 750 жолаушы, ал жүк терминалының қуаты тәулігіне 600 тонна. Жобалаушылар көрсетілетін қызметтің жоғары деңгейде болуын жан-жақты ескерген. Жаңа терминалда халықаралық телефон байланысы тәулік бойы жұмыс істейді. Интернет қызметі, қала қонақ үйлеріне алдын ала тапсырыс беру, такси шақыру сияқты қызметтер ұсынылады. Әрқайсысы 35 орынды 11 бар, 80 орынды мейрамхана, тауарлар үстеме баға қосылмай сатылатын екі дүкен, валюта айырбастау пункті, ұлттық сувенирлер сататын дүкендер қызмет көрсетеді. Бұларға қоса жолаушылардың жүктерін қаттап беру орны, дәрігерлік пункт, ана мен балаға арналған екі бөлме, діни рәсімдер өткізетін екі бөлме бар.

«Астана халықаралық әуежайын қайта жаңарту» жобасына сәйкес жалпы алғанда 33 нысан қайта жаңартылады және

салынады. Солардың ішінде жаңа жолаушы және жүк терминалдары, мұнарасы бар әуе қозғалысын басқару орталығы, перрон, әуе кемесіне жанармай құятын орталықтандырылған жүйе, авиация қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйелері, әуежай энергия жүйесінің орталық-тарату шағын станциясы, қазандық, ЖЖМ қоймасы, апаттық құтқару станциялары, техникалық бригадалар ғимараттары бар. Бұлардың бәрі заман талабына сай жабдықталған.

Әуе кемелеріне жер бетінде қызмет көрсетуге арналған арнайы техника паркі да қазіргі заманғы жабдықпен толықтырылды, оның шеңберінде 55 жаңа техника бірлігі бар.

Қазіргі уақытта Астана халықаралық әуежайы АН-124, В-400 F және В-747 кемелерін қоса алғанда барлық үлгідегі әуе кемелеріне, олардың ұшу салмағына шектеу қоймай қызмет көрсетеді. Рейстердің басым көпшілігін «Эйр-Астана» авиакомпаниясы жүзеге асырады. 2004 жылғы наурыздан бастап жүк авиакомпаниялары Астана қаласында аралық техникалық қону тәртібі бойынша Азиядан Еуропаға В747-400F ұшақтарымен тұрақты транзиттік рейстер ашты. 2005 жылғы 5 мамырда әуежайдың мүмкіндіктерін көрсету рәсімі өткізілді, оған Қазақстан Республикасындағы ірі авиакомпаниялар мен шет елдердің дипломатиялық миссиялары өкілдері қатысты. Олар жаңа әуежайдың мүмкіндіктерін жоғары бағалады.

Әуежай көрсететін қызметтердің жалпы еуропалық деңгейде болуы үшін халықаралық стандарттарының талаптарына сай келетін ИСО 9001:2000 сериясы сапа менеджменті жүйесі енгізілуде. Жаңа әуежай болашақта тек Қазақстандағы ғана емес, сондай-ақ бүкіл Орталық Азиядағы авиатасымалдардың негізгі орталықтарының біріне айналады.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

Ғимарат-шетел және отандық сәулетшілердің ортақ шығармашылық табысы. Кувейтте өткен, әлемнің белді де беделді талай құрылыс алпауыттары қатысқан халықаралық байқауда Астананың «В.Л.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «Pan Arab Concalting Engineers» компаниясы ұсынған жоба үздік деп танылды.

Жоба бойынша басталған құрылыс 2005 жылы аяқталып, Астана қаласы әкімдігінің үйі деген атпен шаңырақ көтерді. Ғимарат бұрынғы Үкімет алаңы мен Конгресс-холл сарайының ансамблін жаңа мазмұнда толықтырып, байырғы қаланың орталық бөлігін көркейте түсті.

Сәулет өнерінен хабары бар адам құрылыс көлбеу және тік бағыттарды оңтайлы үйлестірген сәтті сәулет шешімімен ерекшеленетінін аңғара алады, ол үш қырлы призма түрінде көкке талпынған. Осы төңіректегі биік үйлердің бірі, 15 қабаттан тұрады. Өзінің сыртқы және ішкі пішіні жағынан да дара, қалада бұған дейін дәл осындай жобадағы немесе ұқсас құрылыстар болған емес.

Ғимарат алғашқы әсерде қарапайым секілденгенімен, көз тоқтатып қарасаңыз, әр қырынан тани бастайсыз. Бірде жұмыр күмбезге, бірде зыр айналған ұршыққа, енді бірде дөңгеленген дүниеге ұқсайтын шығыс мәнерлі мұнара имандылық белгісіндей ұйытады да құрылыстың қоңыржай реңі арқылы салиқалылық пен сабырға ұласады. Осы сындарлылық ғимараттың негізгі болмысын анықтайды, билік нышаны екенін ұқтырады. Ауқымдылық және декоративтік байсалды нақыштар, тік призма үлгісіне сай табылған әрлендіру материалдары, алтын өнді шыны жапсырмалар өзара жарасымдылықпен әсем астасып жатыр.

Сәулет өнерінде құрылысты безендіру қай кезеңде де нәзік талғамды талапеткен. Бұл ретте архитектор талантты қылқалам

шеберіндей толғануы керек. Суретші ойын бояулар арқылы тарқатса, сәулетші өзі таңдап алған құрылыс заттары арқылы сырласады. Бар мәселе осы таңдаудың дұрыстығында.

Өзіміз суреттеп отырған ғимарат жобасының авторлары бұл орайда да зор жауапкершілік танытқан. Безендіру-әрлеу үшін жасыл және ашық қоңыр түсті кермогранит, алтын мен қола реңдес әйнектер таңдалып алынған. Олар күн сәулесінде ажарлана құбылады, үш қырлы призманың бойымен ақша бұлттар көшіп бара жатады.

Құрылысты Кувейт қоры қаржыландырған. Осы қордың өтінішімен Эль-Кувейт қаласының ислам мәдениетін айғақтайтын белгісі – ықшам мұнара ғимараттың ансамбліне қоса өрілді. Әлемдік архитектураның еуропалық дәстүрлері негізге алынған құрылысқа ислам айшығы осылай үйлестірілді. Бұл, екінші жағынан Астана дәстүрлі өркениетті мәдениеттерді жатсынбайтындығын аңғартқандай.

Құрылысқа бөлінген жер айтарлықтай ауқымды емес, үш көшенің қиылысында. Батыс қапталында Конгресс-холл сарайының жасыл алаңы тиіп тұр. Бұл белгіленген кеңістікті барынша тиімді пайдалануды қажет етті, жобалаушылар 15 қабатты биік ғимараттың өлшеулі жерде қысылып-қымтырылмай еркін тұруына айрықша назар аударды. Бұған негізгі болып саналатын бірінші қабатты дұрыс жоспарлау арқылы қол жеткізе алар ең. Анығында солай жасалды да.

Төменгі, яғни алғашқы қабат әуелден ойластырылғандай транзитті маңыз атқарып тұр, ол қала әкімдігі қызметінің орталығы іспетті. Осында 300 орындық мәжіліс залы және түрлі көрмелер мен тұсаукесер рәсімдерін өткізуге қолайлы әмбебап зал орналасқан.

Қабаттың ортасындағы атриум кеңістігі ғимаратты барынша кеңейтіп тұр. Сол кеңістік арқылы құрылыстың салмағы сезілмейді, жеңілдік пен ыңғайлылық аңғарылады. Архитекторлар осылайша кеңес кезіндегі кеңсе үйлерінің

бәріне тән болып келген түнеріңкілік пен зілділіктен арыла алған. Екінші жағынан, олар қазіргі заманғы қызмет ғимараттарының да, қалауын тапса, айшықты да сәулетті бола алатындығын дәлелдеп берді.

Тың шешімдер жұмыс қабаттарында да жоқ емес, бұл жерден ұзын, күңгірт дәліздерді көре алмайсыз, олардың орынына орталық кеңістіктер жасалған. Лифтіден шыққан сәтте сол кеңістік арқылы қызмет бөлмесіне тез жетесіз. Мұндай бөлмелер саны әр қабаттағы қызмет саласына есептеліп қойылған, ыңғайлы да ықшам.

Қала әкімінің қызмет орны ең жоғарғы он бесінші қабатта. Мұнда жедел кеңестер өткізуге арналған шағын залдар бар. Ал қабылдау бөлмесі лифтіден түскен бетте басталады, бұл шаһар басшылығының жұртқа ашықтығын білдіргендей әсер береді. Ас та төк салтанаттың ізі де жоқ, бәрі қарапайым әрі сындарлы, еркіндік пен кеңдік басым.

Барлық қабатта қаланы биіктен тамашалауға мүмкіндік туғызатын шығаберістер бар. Ғимараттың маңдай тұсы жағынан байырғы қаланы, ал теріскей тұсынан Есіл мен жаңа орталықты алақанға салғандай көресің.

Қала әкімдігінің осы жаңа кеңсесі – «В.Л.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Астанада жүзеге асырған үшінші ірі жоба. Алғашқысы министрлік үйі болса, екіншісі- «Қазақстан» спорт сарайы. Бұлардың әрқайсы өз алдына бөлек шығармашылық шешімдер. Ортақ қасиеті – ел Президентінің Астана құрылысына қойған талаптарына жауап бере алатындығы. Ол талаптар-жоғарғы сапа, даралық, көркемдік.

Ғимарат жобасының шығармашылық тобы бес адамнан тұрады: архитекторлары – В. Лаптев, В. Гладких, Е. Журавлева, инженері – В. Поздняков, конструкторлары – М. Ванштейн, Н. Французова.

## ИСЛАМ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

1999 жылдың сәуірінде тәуелсіз елімізге Катар мемлекетінің Әмірі шейх Хамад бин Халифа ресми сапармен келген болатын. Әмірдің Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен жоғары деңгейдегі кездесуі кезінде Астанада Ислам мәдени орталығын салу жөнінде өзара уағдаластық жасалған. Соның негізінде Катар мемлекетінің басшысы Бас мешітті салу үшін 6 840 000 АҚШ доллары көлемінде қайтарымызсыз қаржыны Қазақстанға сый ретінде беруге уәде еткен.

Бас мешітке Астана әкімдігі Есілдің сол жағалауындағы жаңа қала аумағынан 6,225 гектар жер бөлді. Мұнан кейін бас мердігер Түркияның «Пасинер Эндустриель Тэсислер Санай Ве Тиджарет АШ» компаниясының Қазақстандағы филиалы болып белгіленді де, құрылыс 2002 жылдың тамызында басталды. «Астана – Жаңа қала» АЭА мен инвесторлардың, құрылысшылардың ынтымақты еңбегінің нәтижесінде арада екі жыл жеті ай өткенде алып мешіт пайдалануға берілді.

2005 жылғы наурыз мерекесі күні ғимаратты Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ашты. Жиналған жамағат алдында сөз сөйлеген Елбасы Мешіт тек қана Ислам дініне ғана емес, рухқа сенген, жүрегі таза, адамгершілікке ұмтылған бүкіл елдің басын қосатын қасиетті орын болатынын атап айтты.

– Иmandылыққа іңкәр жүректің жылумен бой көтерген бұл мешіт қалаға кіріп келе жатқан жолаушыға біздің мұсылман елі екенімізді білдіріп тұрады, – деді Президент. – Ол Алла жолына адал екі елдің – Катар мен Қазақстан ынтымағының жемісі, Астана қаласы әкімдігі жүзеге асырған игі істің нәтижесі. Бәріміздің көңілімізді көркейткен қасиетті шаңырақ бізді кендікке, бауырмалдық пен ізгілікке шақырады. Мұхаммед Пайғамбарымызға түскен Құранда дін мұсылман баласына бүкіл әлемге қызмет ет деген. Бұл – бір дінге, бір

ұлтқа ғана емес, дүниежүзінде тұратын халықтарға бірдей бол деген сөз.

Елбасы 1994 жылы Сауд Арабиясына барған ресми сапарында Король Фаһд бин Әбдел Әзиз ерекше құрметінің белгісі ретінде сыйға тартқан қасиетті Қағбаның жабуы – Кисуаның бір бөлігін және Меккеде басылған Құран Кәрімді мешітке тапсырды.

«Нұр-Астана» мешітінің жобасын ливандық сәулетші Чарльз Хазифа жасады. Жоба бойынша мұнда бір мезгілде 5000 адам намазға тұра алады. Алып ғибадатхананың архитектуралық ерекшеліктері де мақтаныш сезімін тудырады. Бас күмбезінің биіктігі – 43 метр, аспанға тік шаншылған төрт мұнарасының әрқайсының биіктігі – 63 метр. Бұдан басқа 25 кіші күмбездері және бар. Ал мешіт орналасқан жер көлемі – 6,7 гектарды құрайды. Ғибадатхананың жалпы алаңы 3930 шаршы метр. Бөлек жабдықталған ерлер мен әйелдердің намаз оқитын залдарының аумағы 2 мың шаршы метрдей.

Осы уақытта Мешіттің маңы абаттандырыла түсті. Аумағы 1800 шаршы метр екі фонтан, автокөлік үшін екі автотұрақ, демалыс алаңдары жасалған. Гүлге оранған алаңдар көз жауын алады.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шешімімен ғибадатханаға «Нұр – Астана орталық мешіті» деген ат берілді. Астана әуежайынан қалаға, шаһардан әуежайға қатынайтын жұрт міндетті түрде Бас мешіттің батыс жағындағы даңғыл арқылы өтеді. Келген мейман, сапарға шыққан жолаушы жүрегіне ізгілік ұялатады. Бұл Астана шапағатының нұрлы көрінісі. «Халқымыздың жақсылыққа бастап, мұсылман қауымының алғысына бөленген Елбасымыздың ел игілігі жолындағы ерен еңбегі дәйім жемісті болғай», – деп тілейді иманға ұйыған жұрт...

## ЕСІЛ ЖАҒАЛАУЫ

Қала шеңберіндегі өзен қай кезде де шаһардың архитектуралық келбетіне ықпал етеді және оның сәулет реңін анықтайды. Ақмола астанаға айналған шақта біз мұны айқын аңғардық, Есілге деген көзқарас түбірімен өзгерді, ежелгі айдын елорданың мақтанышына айналуға, ажарын ашатын табиғи құндылық ретінде қарастырылуға тиіс болды. 1997 жылы республика басшылығы өзеннің жағасын көркейту жөнінде шешім қабылдап, 1998 жылдың жазында оның алғашқы кезегін безендіру жұмыстары сәтті аяқталды. Есілдің қала орталығына иіліп келетін тұсы халықтың демалыс орнына айналды, түрлі салтанаттар мен ойын-сауық өткізуге барынша лайықталынды.

Есіл осындай қолайлығымен бірге барлық табиғи арналар секілді сескендіре де алатын-ды. Ақмола-Қараөткелдің тарихында өзеннің екі жағалауын шайып кеткен шағы кездесіп тұрған. Ол әсіресе жаңа қала орналасқан жазыққа қарай көктемгі су тасқынында үдере көшетін. Осыны ескере келіп, архитекторлар мен арнаның жағасын бекітетін қызмет қаланы ағынды судан инженерлік қорғау шараларын мұқият ойластырды. Сәулетшілердің, гидрокұрылысшылар мен гидротехниктердің, «ОРТА» жобалау компаниясы инженерлерінің күшімен тиімді шешім жасалды. Онда мына мақсаттар қатаң ескерілді:

- қаланы көктемгі мол судан қорғау;
- Есіл жағасының табиғи көркін сақтай отырып, өзен мен қаланың үндестігіне қол жеткізу;
- өзеннің ұзына бойында саябақ жүйесін құру;
- жағаны көгалдандыру және су айдынын кеңейту арқылы әсем табиғи орта жасау;
- өзеннің экологиялық тазалығын сақтау;
- қос жағалауды бекіту, айдын табанын тереңдетіп, арнаны кеңейту, соның есебінен өзен ағынын жақсарту;

– жағалауды безендіру жұмыстарының өзіне ғана тән сән-салтанатын табу;

– келешекте жолаушылар кемелерінің жүзуіне мүмкіндік туғызу.

Аталған кең көлемді шаралар бүгінгі күнде толыққа жуық жүзеге асырылған. Жаңартылып көркейтілген жағалау қазіргі таңда астаналықтардың ең көп келетін жері.

Айта кетейік, Есілді безендіру жұмыстары түгелдей қала сәулетіне лайықталды, Астананың Есілдің екі жағынан қарағандағы көркі көз жауын алатындай болуы қатаң ескерілді. Өзен кемерінде асқақтаған хан Кене ескерткіші, мығым да ажарлы тас қабырғалар мен суға бастап апаратын тамаша баспалдақтар, ротонд жүйелері кімді болса да бейжай қалдырмайды. Ал желсіз шақта айдында жағадағы биік ғимараттар мен еңселі тал-терек баяу жүзіп бара жатады. Көрген көңілде көктем гүлдейді, айнала рахат дамылына шақырады, табиғатпен еркін сіңісіп, астасып кетесің.

Түнгі Есіл ше?! Жағадағы жүздеген шырақ жарыса жанғанда, арнаға таяу үйлерге әр беретін жарық белдеулері нұр шашқанда өзен тұңғиықтана, сонымен бірге шалқарлана баурайды. Салқын ауа тынысыңды кеңейтіп, Есіл сәулесіне шомылған қала ертегідей түрленеді.

Осы салтанат қыста да сұйылмайды, арна шаңғышылардың серуен жолына айналады, топ-топ қыдырған жұрт, өз қызығы өзінде болған балықшылар... бәрі жаратылыстың Есілді берген, Есіл есілген ұлан даланы берген мырзалығына тәубә деседі.

Арнаны ажарландыруда табылған шешімдерге дара тоқталсақ, оң жағалауды қуалай қондырылған, формасы жағынан ерекше ротондтарды алдымен айтар едік. Олар үш түрге бөлінеді, бәрі ұлттық нақышта өрілген. Бұлар телеарналардың белгі-айдарларына айналып, эфирлер арқылы республиканы шарлап кеткелі қашан?!

Ақордаға таяу жағалаудың көркі бөлек әңгіме. Президент резиденциясын доға түрінде айнала көмкеретін осы

арнаға айрықша көңіл бөлінді. Алдымен Ақорда белдеуіне орайластырылып әр тұстан көрініп тұратын дамыл алаңы жасалды. Алаңның ауқымдылығы және кең дөңгелек баспалдақ өз алдына салтанатты. Бұған кілемдей жазылған көгалмен үйлесім тапқан, айнадай жарқыраған, түрлі-түсті гранит нақыштарын қосыңыз. Осы жерден ел Бейбітшілік пен Келісім сарайымен астасатын Президент бағын, қала көркін тамашалайтын күн алыс емес.

Бұл маңның ертеңгі ажары қазіргіден де көрікті болатындығына осы бастан көз жеткізе аласыз. Президент резиденциясының солтүстігінде автокөлік көпірін салу барысында арна кеңейтілді де екі арал пайда болды. Алдағы уақытта олар халықтың демалыс орнына айналдырылады, атап айтқанда жағажай, қайық тұрақтары мен эллингтер жасалып, дәмханалар, басқа да нысандар тұрғызылады.

Тельман ауылының тұсы да астаналық ажарға ие болмақ. Есілдің осы тұсында салынатын, жалпы ұзындығы 22 шақырым су көлемін реттейтін тоспа іске қосылғанда өзен кеме жүретін тереңдікке жеткізіледі. Жоспар бойынша бұл мүйісте туристік және жолаушылар кемелері жүзеді. Сөйтіп, Есілдің қала төңірегіндегі бөлігінде саябақтар, оның ішінде болашақта жайқалатын «Арай» және президенттік бақтар, көпшілік орындары мен тұрғын жайлар алмакезектенеді. Кеме тоқтайтын қойнаулар арнаның екі жағында да салынады, бұл елдің межелі жеріне су жолымен де баруына мүмкіндік туғызады. Ел Президентінің тапсырмасымен аталған жұмыстар қазірдің өзінде қолға алынған. 2008 жылы туристік және жолаушылар кемелері «Сарыарқа» көпірі мен президенттік саябақтың аралығында қатынай бастады.

Дәстүр бойынша жыл сайын Есіл жағасының белгілі бір бөлігі жөнделіп, көркейтілуде. Өткен жеті жылдың ішінде өзеннің 9 шақырым арнасы мен жағалаудың 18 шақырымы әрлендірілді. Осы сәулеттендіру шаралары Есілдің үстінде керілген көпірледің құрылысына ұласқанда арна келбеті тіптен де құлпыра түсті.

Есіл осылай өзінің жаңа ғасырымен әсем табысып жатыр. Ол әрлеу жұмыстары кезінде табиғи кескін-келбетін жоғалтқан жоқ, қайта жағасы жасыл желектеніп, көрікті шаһармен егіздің сыңарындай жарасты. Қазір оның шаһар аумағындағы терең жері 3 метр, табан ені 80 метр. Осы тереңдік пен кеңдік көктемгі су ағынын қауіпсіз өткізуге мүмкіндік береді.

Экологиялық талаптар тұрғысынан алғанда жағаны бекіткен құрылыс материалдарының кері әсері жоқ, қайта белгілі дәрежеде реттегіш түрінде пайдалы. Қатты ағынның жағаны шайып кетуін болдырмайды, судың Есілге қажет мөлшерде жіберілуін, арнаның тазартылып тұруын қамтамасыз етеді.

Ерке Есіл, міне, енді елді еркелетуде, айдынында аялап, жағасында самалымен сергітіп, мезгілдің әр кезеңінде құбыла құлпырады. Дүние сол сұлулықтан жамыраған көркем үміттердей есіле жөнеледі.

## ЖАҢА ҚАЛАНЫҢ ҒАЖАЙЫПТАРЫ

Астананың жаңа әкімшілік орталығы кеңінен ойластырылған, қазіргі заманғы сәулет өнерінің озық үлгілеріне негізделген шығармашылық ізденістің ұтымды шешімі екенін көресіз. Сеңгір көкпен таласқан заңғарлар мен еуразиялық стильдегі көрікті ғимараттар, күретамырланған кең даңғылдар мен көз жауын алған гүлзарлар, әр тамшысы шолпыдай сыңғырлаған фонтандар қиялға қанат бітіреді. Осынау ғажайыптар дүниесі ай санап, жыл санап жаңа зәулімдермен құлпыратынын ойлайсың, Алаш астанасының бүгіні таңдандырады, ертеңі-шаттандырады.

Тыңнан бой көтерген жаңа қала шашырамай, тұтас архитектуралық ансамбль құрайды. Сол ансамбльдің әсем үнді сыбызғысындай болып гүлзарлар мен фонтандар сазды әуенін сызылтып жатады. Олар әкімшілік орталықтың батыс жағындағы Дөңгелек алаңнан басталып, Бәйтерекке, одан Ақордаға қарай соза тартады.

**Дөңгелек алаң.** Алаң атына сай дөңгеленіп жатыр, «Қазмұнайгаздың» кеңсе ғимараты мен тұрғын жайлары, Коммуникация және көлік министрлігінің 36 қабатты заңғары айнала қоршаған. Ал үстінде халықаралық әуежайға өтетін жолдың көпірі таспаланған, ол алаңды екіге бөліп тастайды. Кіндік тұсында көп режимді әсем фонтан, гидроинженерлік ерекшелігі бойынша күрделі жүйе болып есептеледі. Су шашақтары көкке бірден құлаш ұрмайды, талшыбықтанып өріліп барып, толқын-толқын биіктейді, шырқау шегінде 15-20 метрге көтеріледі.

Фонтанның түнгі көрінісі мүлде ерекше, су бұрымдары алуан түске құбылады. Соған қызыға қарап тұрып, Дөңгелек алаңнан алуан шапаққа боялған шұғыла ғажайыптана өрілгендей ерекше сезімге толқисың. Ал су тамшылары бір-бірімен сыңғыр-сыңғыр табысқанда жамырап қоя беретін әуен ше?! Дамыл кеште, жайлы түнде фонтан әлемінен қазақтың әсем сазы шалқиды, жұлдызды аспан, сайын дала сол әуенге елітіп, ұлы сабырмен рахат күй кешеді.

Енді бір сәт әуен бояуын өзгертіп, Батыстың классикалық музыкасын күмбірлете жөнеледі, Еуразия кіндігінде төрткүл дүние тоғысқандай болады.

Фонтан алаңын мейрамханалар-дәмханалар мен сауда жүйелері көмкерген, келген елге қызық көп. Осы ғажайыптар өлкесіне көлікпен жетсеңіз, ыңғайлы автотұрақ және бар.

**Гүлзарлар. Фонтандар.** Ғажайыптар әлемі мұнымен шектелмейді, гүлзарлар мен фонтандар жүйесі Бәйтерекке қарай құлаш жаяды. Жаңа әкімшілік орталықты қос қанатқа бөліп тастайтын бұл жүйе инженерлік-техникалық ерекшелігі жағынан алғанда аса күрделі, басқаша айтсақ, осы заманғы фонтандар технологиясының үздік үлгілеріне негізделген сан қырлы кешен. Жобалық құрылысы бойынша үш бөліктен тұрады.

Жерасты бөлігі – су құбырлары жүйесі. Бұдан жоғарғы бөлік соның инженерлік жалғасы іспеттес, оны фонтандар алаңы десе де болғандай. Бәйтерекке дейін екі су бұрқақтың аясында

дамылдайсыз. Сол сәт самалды шақта салқын ауа саумал сезімде тербетеді. Су тамшылары сырт-сырт тамған мәрмәр сыбыр-сыбыр тілдескендей, дүние шіркіннің өз жұмағы өзінде дегендей, күйбең-күйбең тірліктің сабыр тауып мамыражай тыныстайтын кезі бар екеніне сендіргендей аршылып сала бересің. Жанарың өрнектеле жайқалған гүлзарларды жалдайды. Гүлзарға жарасқан гүл қанатты көбелек көңіліңнен құлпырып ұшқан тәтті үмітің секілденеді.

Үшінші бөлік- серуен сүрлеулері. Қос ернеуін мәрмәр көмкерген жаяу жолдар Бәйтерекке қарай бастайды. Дөңгелек алаңнан осы заңғарға дейін 800 метр. Одан әрі Президент Резиденциясына беттейсің, арақашықтық жарты шақырымға жуық.

Осы кеңістікті гүлзарлар мен фонтандар жүйесінің екінші кезегі десе де болады. Оның ажарын көп режимді биші фонтан алаңы ашып тұр. Дәл мұндай әсем де ауқымды су бұрқак әлемде саусақпен санарлықтай. Басты ерекшеліктерінің бірі-су бұрымдарының түрлі сипатта өрілетіндігі және әр түрлі жарық бояуында жүз құбылатындығы.

Президент Резиденциясына қарайғы бұл бөлік әлі көркейтілу үстінде. Гүлзарлар мен фонтандар жүйесі таяу болашақта 90 гектар жерді алып жататын Президент бағына ұласады. Одан әріде Есілдің талды арнасы. Суы тереңдетіліп, жағасы кеңейтілген өзенде туристік және жолаушылар кемелері жүзіп жүретін күн де алыс емес.

Сол кезде, жаңа әкімшілік орталық бас жоспардағы сәулетін толық тапқан шақта, гүлзарлар мен фонтандар жүйесі дала мен қаланы жасыл белдеу болып жалғап, Есілдің байырғы арнасына тоғысады. Астана табиғатпен осылай үндеседі. Сарыарқаның төсінде жауһар шаһар ғажайыптанады.

Дөңгелек алаң мен гүлзарлар жүйесінің құрылысын жүргізген «Базис-А» және «Негіз – Ақмола» компаниялары.

## АСТАНА ЗАҢҒАРЫ

Қала сәулетінде архитектуралық жалпы көріністің қараған көзге бейнелі болуы елеулі маңызға ие. Жобалаушылар құрылыстың техникалық-инженерлік және әлеуметтік мәселелерін дұрыс шеше отырып, шаһардың өзіне ғана тән көркем образын сомдауы керек. Ал қаланың жиынтық бейнесі орамдар мен аудандардың архитектурасы әрқелкі бола отырып, ортақ идеяға бағынуы арқылы жасалады.

Кейде: «Тұрғын үйлердің биік болуы қажет пе?» – деген сауал-пікірлер айтылып жатады.

Рас, тұрғын жайдың заңғарлануы қолайсыздық әкелуі мүмкін. Бір жерге жүздеген, мыңдаған адамды шоғырландыру оңай емес.... қаптаған көлік, сапырылысқан ел, ерсілі-қарсылы жөнкілген лифтілер көз алдына келеді.

Алайда ХХІ ғасыр «кондоминимум» ұғымын ала келді. Қала тұрғындары заңғар үйлер арқылы тұрмыстық және әлеуметтік мәселелерін оңтайлы шеше алады екен. Мұндай шаңырақтар әмбебап кешендерге ұқсайды. Бала бақшасы, дүкендері, көлік тұрақтары, мейрамханалар мен саябақтары, спорт жүйелері бар ғимараттар шындығында да қолайлы емес пе?! Керегінің бәрі жаныңнан табылса, уақытың үнемделеді. Ал уақыт қазіргі заманда тым қымбат.

Екінші жағынан, кондоминимумдар архитектуралық тұрғыдан аса көрікті, олар заңғарлығымен де, сәулет өнерінің жетістіктерін молынан пайдалану мүмкіндігімен де ерекшеленеді.

Астана заңғары-тұрғын кешені елордадағы осындай алғашқы қадам.

Сыртқы бейнесімен ол Мәскеуде 50-інші жылдары салынған зәулімдерге ұқсайды. Мұндай заңғарлар Ресей астанасында Ұлы Отан соғысындағы жеңіске арналған еді.

Осынау ұқсастық бекер емес-ті, Астана заңғары екі ел арасындағы мәңгілік достық пен ынтымақты бейнелейді.

Заңғар 39 қабаттан тұрады, оның 36 қабатына ел қоныстанған. 12 орам бар, жетеуі мекенжай болса, қалғандары

тұрғындарға қызмет көрсететін арнаулы орындар: жоғары талғаммен салынған түрік, фин, орыс моншалары, мұз айдыны мен бассейн, сауда орталығы, дәрігерлік пункт, жер асты көлік тұрақтары, қоймалар.

Пәтерлер саны – 433, көлемі жағынан әралуан, қалауыңызға және қаражатыңызға орай екі-үш деңгейдегі пәтерлерге дейін алуыңызға болады.

Алғашқы қабат коммуникациялық маңызға ие, осы жерден далаға шықпай-ақ кешеннің барлық орамдарына өте аласыз.

Заңғарда арнайы күзет қызметі бар, айналадағы қаракет тележүйе бойынша бақыланады.

Жоғарғы қабат қаланы тамашалауға арналған, көтеріліңіз де күн сайын құлпырып келе жатқан Астананы қызықтаңыз.

Заңғар қаланың барлық тұсынан менмұндалап тұрады.

Тұрғын кешені жобасының архитекторы – Скукушева И.С., құрылысын жүргізген – «Базис-А» корпорациясы.

## АСТАНАНЫҢ БАС КӨПІРІ

Ұзақ уақыт Целиноград, кейін Ақмола атанған қалаға Есілдің тайыз тұсынан салынған көпір жеткілікті еді. Шаһар атанған соң оның аздық ететіні бірден аңғарылды. Бас жоспар бойынша жаңа орталық өзеннің сол жағынан салына бастады, халықаралық әуежай мен елорданың арасындағы қатынас жиіледі. Байырғы көпір төрт таспаға кеңейтілгеніне қарамастан көлік қозғалысы реттеле қойған жоқ. Бұл қиындықты Сарыарқа көшесінің бойымен салынған алты жолды жаңа көпір де айтарлықтай жеңілдете алмады. Сол жағалауда қызған құрылыс жұмыстары, әкімшілік басқару орындарының осы тараптан орын тебуі, тұрғын үйлердің бой көтеруі көлік тасқынын күшейте түсті.

Астанадағы бас алаңға жақын жерден, Есілдің үстін көктей өтетін сегіз таспалы кең көпір салу туралы ой күн өткен сайын өзекті бола берді. Өзеннің бұл тұстағы арнасы

150 метрге жетеді. Таяу айларда осы жерде Есілмен катерлер ағылатынын ескерсек, соншалықты ұзын көпір тіреусіз тұрғызылуы керек. Бұл көлік ағынына төтеп беретін аркалық конструкцияларының қалыңдығы кемінде 10 метр болады деген сөз. Ал мұндай ауыр құрылыстың сырт қарағанда кескінсіз көрінетіні белгілі, әрі осы маңдағы қазіргі заманғы әсем ғимараттарға қай жағынан да үйлеспес еді.

Жаңа көпірдің осындай архитектуралық күрделілігіне байланысты оның эскиздік жобасына халықаралық байқау жариялау туралы шешім қабылданды. Байқаудың басты талабы – Есілдің қос жағасын табыстыратын көпір жаңа қаланың негізгі алаңында өрілген сәулет салтанатын аша түсетін, барынша айшықты, көз тоятын архитектура туындысына айналуы шарт.

Байқауға Ресей мен Қазақстанның, Турция мен Венгрияның архитекторлары мен жобалаушылары, көпір құрылысымен айналысатын фирмалары қатысты. Таңдау Джейлан түрік фирмасы ұсынған, соның тапсыруымен Қазақстан сәулетшілері әзірлеген жобаға түсті.

Көпір құрылысының инженерлік өнердің қиын түріне жататыны ежелден белгілі. Көпірлер қоғамның техникалық және конструкциялық зердесінің қаншалықты дамығандығын айқындайды. Нақ осы күрделі құрылыстар арқылы уақыттың ғылыми-техникалық мүмкіндігін тани аласың. Стамбул мен Лос-Анжелестің ұзын аспалы көпірлері аталған қалалардың сән-салтанатын асырып қана қойған жоқ, адамзаттың ХХ ғасырдағы техникалық символына да айналды. Көпірлер архитектуралық техникалық жағынан күрделі, жауапкершілігі зор инженерлік құрылымдар бола отырып, уақыттың сынына ұзақ төтеп беретін беріктіктің кепілі болуға тиіс. Мұндай аспалы жолдардың эстетикасы пропорциялардың барынша жетілгендігімен, техникалық жаңашылдықпен, формалардың тектоникалық қанықтығымен, конструкциялық идеяның сонылығымен және инженерлік шешімді көркем пайымдай алумен анықталады.

Осының бәрін ескере келіп, жобалаушылар жаңа көпір аспалы-шығырлы болуы қажет деп тапты. Бұл шешім осы заманғы талаптарға да, көпір салынатын жердің нақтылы жағдайына да сай келетін еді. Аркалар бұл көпірдің беріктігі мен ұзына бойындағы ұстамдылығын қамтамасыз етеді, көлденең арқалықтар арқалы жалғасып, біртұтас бітімге ие болады. Мұндай конструкциялық құрылым 6 жолды көпірге қолдануға өте қолайлы. Ал 8 жолды көпірге қолданылғанда арқалықтар 40 метр ұзындыққа дейін, қиылысқан жерлерінде ені 2 метрге дейін жетіп, көпірге қосымша салмақ түсіреді әрі оның сыртқы көрінісіне нұқсан келтіреді.

Қазақстандық архитекторлар тың шешім тапты. Олар көпірдің әр тұсынан тіреу емес, арқалық салуды, олардың тұғыр табанын 8 метр алшақтықта орналастыруды, ұшар бастарын бір-біріне мықтап бекітуді ұсынды. Сөйтіп, қосарландырылған және жоғарғы жағы доғалдана бекітілген арқалықтар үшбұрышты жаңа конструкцияны құрады. Мұндай соны әдіс төрт бірдей міндетті шешуге мүмкіндік туғызды:

– Көпірдің ұзына бойынан көлік жүретін жердің бойымен қатқыл көлденең арқалық тартпай-ақ салмақ көтеретін арқалықтардың беріктігін күшейтуге;

– Көпірдің архитектуралық кескінін әрлендіре түсуге;

– Көпірге түсетін салмақты оның барлық бөлігіне тең бөліп жіберу арқылы құрылыс материалдарын үнемдеуге;

– Жаяу жүргіншілерге көлік қозғалысынан бөлек, екі жағынан 30 метр биіктікте зәулімденген, күн көзінде жалтыраған болат өзекшелермен әрленген арқалықтармен көмкерілген жол тартуға қол жетті;

Көпірден қарағанда ашылып сала беретін Есілдің айдыны, Жаңа орталықтағы Бас алаңның ғажайып көрінісі өз алдына салтанат құрайды. Дәл осы жердің көпшілік жиі келетін, көңілінді көркейтетін, Астанаға деген мақтаныш сезімінді туғызатын орынға айналары даусыз, ол қазірде де солай болып отыр.

Джейлан фирмасы аса күрделі жобалау шешімдерін орындауға Ресейдің тәжірибелі, халықаралық деңгейде танылған конструкторларын жұмылдырды.

2006 жылғы 6 шілдеде Қазақстан Астанасында жаңа көпір салтанатты түрде іске қосылды. Қазақтан, Турция, Ресей мамандарының еңбегі жоғары бағаға ие болды.

Ені 40 метр көпірдің барынша қысқа мерзімде пайдалануға берілуі Есілдің екі қапталындағы жол қатынасын күрт жеңілдетті. Бұрынғы қос көпірдің үстінде кептеліп тұратын көліктер керуені жоғалды.

Бас көпір қай жағынан алсаң да маңызды. Ол, біріншіден, Республика сәулетшілері мен инженер-конструкторларының көпір құрылысы секілді күрделі архитектуралық шешімдерге батыл бара алатынын, Астанада әлемдік деңгейдегі межелер игеріліп жатқандығын көрсетті. Сонымен қатар қала көпірлер сәулетімен көркейе алатынын, соның алғашқы сәтті қадамы жасалғанын айғақтайды. Кең де ауқымды, берік те жеңіл және көз тойғандай әсем көпір шаһардың ажарын аша түскені анық.

Елорда өсіп-өркендеп келеді, Есілдің екі жағасын жалғайтын көпірлердің мұнымен шектелмейтіні белгілі. Қазірдің өзінде маңызы мен көлемі жағынан екінші деп танылған тағы бір көпір салынып жатыр. Үшіншісінің жобасы жасалуда.

Бүгінде бір нәрсенің басы ашық. Жаңа қаладан тартылған айдын үстінде 150 метрге қанат жайған жаңа көпір қай жағынан да үстем бола береді.

Көпір 2004-2006 жылдары салынды.

Бас мердігері – «Джейлан» құрылыс фирмасы.

Қосымша мердігері, Омбы қаласының «Мостовик» жобалау-құрылыс фирмасы.

Жоба авторлары – А.Тортаев, А.Чиканаев, Б.Тортаев.

## ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҒИМАРАТЫ

Қазақстан Республикасындағы қазіргі күнгі осы ең биік зәулім, салыстырмалы түрде алғанда, қысқа мерзімде салынды. Құрылыс жұмысы 2009 жылғы шілде айында аяқталды. Архитектуралық стилі бойынша Көлік және коммуникация министрлігінің қызмет үйімен сабақтас. Мұнда да Еуропа мен Азияның, сондай-ақ Скандинавия елдерінің осы заманғы сәулет өнерінің жетістіктері ескерілген, республиканың, оның ішінде Астананың ауа райына, жер жағдайына сәйкестендірілген. Классикалық үлгі хайтек мәнерімен сәтті ұштастырылғаны айқын аңғарылады. Заңғарлығымен және сыртқы көрінісімен жаңа қаладағы бойшаң ғимараттармен жарасымдылық тапқан, іскерлік орталығына жаңаша мазмұн беріп тұрғандай.

Ғимаратты шаһар ішіндегі ықшам қала деуге де болады. Жер табанынан алғандағы биіктігі 175 метр. 37 және 40 қабатты қос заңғар егіз алыптар секілді осы мандағы барлық құрылыстардың үстінен қарап тұр. Маңдай алды қақпадан кіріп келгенде өзгеше бітімді құрылыс орамына тап болғандай әсерде қаласың. Қарсы бетте және қос қапталда көп қабатты, негізінде өзара тұтас, қараған көзге дербес ғимараттар жарыса еңселенеді. Осында, өзгеше бітімді қызмет үйінде темір жолдың қас қағым сәтке де толастамайтын жүздеген, мыңдаған операциялары үздіксіз жүріп жатқанын аңғару оңай емес. Өйткені сапырылысып, қарбаласып жатқан жұрт жоқ, бәрі сабырлы да салмақты. Ал шын мәнінде бұл жерде республиканың шартарапына жайылған темір жол тораптарымен тығыз байланыс орнатылған. Ғимаратта жол кестесін реттейтін автоматтандырылған басқару орталығы орналасқан (АкУП). Сол арқылы жүк және жолаушылар тасымалы үйлестіріледі. Мамандар негізгі бағыттарда жөнкіліп жатқан темір жол составтарының қозғалысын реттейді, вагондар мен

локомотивтердің дұрыс бөлінуін және оңтайлы пайдаланылуын бақылайды. Жолдың сапасын да тәулік бойы анықтай алады. Мұны аз десеңіз, дәл осы жерде республиканың темір жол қызметі ТМД елдерімен, сондай-ақ Балтық жағалауы мемлекеттерімен үйлестіріледі. Қазіргі кезеңгі компьютерлік-техникалық, инженерлік мұндай басқару жүйесі бізбен қанаттас жұрттардың көбінде жоқ.

Қазақ темір жолы ұлттық компаниясының осы орайдағы технологиялық табыстарының бірі – бағдарлама-техникалық кешен де осында орналасқан. Ол ақпараттық – аналитикалық режимде темір жол диспетчерлеріне кез келген уақытта технологиялық міндеттерді шешуге көмек береді. Бас есептеу орталығында қазақ темір жолы, жер-жердегі станциялар мен тораптардың қызметі мен мүмкіндігі жөнінде барлық мәлімет сақталған. Бұл сұрыптау бекеттерінің жұмыс өнімділігін арттырып, жүк поездарының тиімділігіне қол жеткізеді.

Ғимарат барлық жағынан талғаммен жабдықталған. Қызмет ерекшеліктеріне сәйкес салынған ішкі орамдар бір-бір бөлек кеңсе үйі тәріздес. Баяғы тар дәліздер мен күңгірт кіре берістер, қызмет үйлеріне тән болып келген сұрқайлық атымен жоқ. Зәулімнің қай бөлігіне барсаңыз да келушілер біруақ дамылдайтын, сәнді жиһазды кеңістіктер тынысыңды кеңейтеді. Жоғары талғаммен іріктелген, мән-мазмұнына орай ілінген бейнелеу өнерінің туындылары теміржолшылардың эстетикалық деңгейі биіктігін аңғартатындай. Мұны ішкі әрлеу материалдарынан да анық көресің.

Ғимаратты қызмет пен тұрмыстық талаптар қатар ойластырылған тұтас жүйе деуге толық негіз бар. Осында кафелер мен ресторан, спорт комплексі, түрлі сауда орындары орналасқан. Жерасты қабатында автотұрақ бар.

Ұлттық компания осынау еңселі құрылыс арқылы Астанаға ерекше кескіндегі архитектура ғажабын сыйға тартты.

Құрылыс жұмысын жүргізген «Құлагер» компаниясы.





























## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз немесе Астана ғасырларының бүгінгі тәлімі .....	5
1. Елбасының тарихи ерлігі.....	6
2. Елорданың даму философиясы .....	18
I Ғұн қорғаны және король шолғыншысы.....	34
II Алты арыстың ата қонысы .....	74
III Жоңғар шапқыншылығы .....	86
IV Отарлау саясатының жылнамасы.....	107
V Ақмола өңірінің сұлтандары.....	117
VI Алғашқы азаттық көтерілісі .....	133
VII Ақмола округ орталығы .....	151
VIII Ақмола: жылдар жаңалығы.....	186
IX Есіл жерді алғаны, ерікке қолды салғаны .....	195
X Ресейлендіру мен шоқындыру .....	211
Открытое письмо членом Госдумы .....	221
XI Мал шаруашылығы. Өнеркәсіп.....	231
XII Жаралы жылдар.....	239
КарЛаг және АЛЖИР.....	254
Тыңға 40 жыл ма, әлде.....	263
Түрмедегі тірі жесірлер.....	272
АЛЖИР .....	277
79-дың қайсар маусымы. Ерлік осылай жасалды .....	283
Елорда – дәуір таңдауы .....	310
Астананы көшіру – пісіп жетілген қажеттілік .....	311
Қазақстанның жаңа астанасы.....	314
Ақмоланың жұлдызды сағаты туды .....	315
Бұл жерде енді отанымыздың жүрегі соғуда.....	316
Тарихтың талабы осындай.....	319
Сәулет өнерінің жауһары .....	320
Ақорда.....	328
Астана-Бәйтерек сәулет кешені .....	331
Әділеттің ақ отауы .....	333
Президенттік мәдениет орталығы .....	336
Еуразия Ұлттық университеті.....	338
Негізгі оқу ғимараты .....	339
Жаңа оқу-лабораториялық ғимарат.....	340
«Қазмұнайгаз» және «Қазтрансойл» компанияларының әкімшілік үйі .....	342
Көлік және коммуникация министрлігі .....	344
Бейбітшілік пен келісім сарайы.....	346
Думан. Дархан даладағы мұхит тамшысы.....	351

Әмбебап ойын-сауық орталығы .....	352
Ұлттық Академиялық кітапхана .....	356
Қорғаныс министрлігі ғимараты .....	358
Сыртқы істер министрлігі ғимараты .....	360
«Интерконтиненталь – Астана» .....	363
«Қазақстан» спорт сарайы .....	365
Қаржы министрлігі үйі .....	369
Цирк .....	372
«RIXOS» Президенттік қонақ үйі .....	375
Астана халықаралық әуежайы .....	379
Ауыл шаруашылығы министрлігі .....	383
Ислам мәдени орталығы .....	386
Есіл жағалауы .....	388
Жаңа қаланың ғажайыптары .....	391
Астана заңғары .....	394
Астананың бас көпірі .....	395
Қазақстан темір жолы ұлттық компаниясының ғимараты .....	399

ISBN 978-601-7208-31-8



**Алдан Смайыл**  
**Астана ғасырлары**  
 Тарихи танымдық әдебиет  
 (қазақ тілінде)

*Редакторлары* Бейсембайұлы Ж., Сыздық А.  
*Көркемдеуші редакторы* Жапаров Б.  
*Техникалық редакторы* Жапарова С.  
*Фотосуретшілер* Жапаров Ә.  
*Дизайнері* Таупиық Е.  
*Корректоры* Мәжен Ә.  
*Теруші* Мәжен І.

*Кітапқа автордың жеке қорындағы суреттер пайдаланылды*

**ИБ – № 010**

Басуға 12.10.2010 жылы қол қойылды. Қалыбы 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қағазы офсеттік.

Қаріп түрі «Таймс». Баспа табағы 26,0. Шартты баспа табағы 26,0.

Шартты бояуы беттаңбасы 31,45. Есептік баспа табағы 25,8.

Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 4732.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

*Негасовика*  
ПРЕСС